

ISSN 1563-0269
Индекс 75871; 25871

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ҚазҰУ ХАБАРШЫСЫ

Тарих сериясы

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ВЕСТНИК КазНУ

Серия историческая

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

KazNU BULLETIN

History series

№2 (81)

Алматы
«Қазақ университеті»
2016



ХАБАРШЫ

ТАРИХ СЕРИЯСЫ № 2 (81)

ISSN 1563-0269
Индекс 75871; 25871



25.11.1999 ж. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркелген

Қуәлік №956-Ж.

Журнал жылына 4 рет жарыққа шығады

ЖАУАПТЫ ХАТШЫ

Кәрібаев Б.Б., т.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Телефон: +727-377 33 38 (1288)

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Жұмаділ А.Қ., ғылыми редактор (Қазақстан)

Омарбеков Т.О., ғылыми редактордың

орынбасары (Қазақстан)

Таймағамбетов Ж.Қ. (Қазақстан)

Жұмағұлов Қ.Т. (Қазақстан)

Миша Майер (Германия)

Әбдуқап Қара (Түркия)

Мұхатова О.Х. (Қазақстан)

Сұлтанғалиева Г.С. (Қазақстан)

Қалыш А.Б. (Қазақстан)

Ахмет Ташағыл (Түркия)

Юлай Шамиль Оғлы (АҚШ)

Уяма Томохико (Жапония)



ҚАЗАҚ
УНИВЕРСИТЕТІ
Б А С П А У Й І

Ғылыми басылымдар бөлімінің басшысы

Гүлмира Шаккозова

Телефон: +77017242911

E-mail: Gulmira.Shakkozova@kaznu.kz

Редакторлары:

Гүлмира Бекбердиева, Агила Хасанқызы

Компьютерде беттеген

Айгүл Алдашева

Жазылу мен таратуды үйлестіруші

Мәлдір Өміртайқызы

Телефон: +7(727) 377-3411

E-mail: Moldir.Omirtaikyzy@kaznu.kz

ИБ № 9833

Басуға 16.06.2016 жылы қол қойылды.

Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 35,8 б.т. Оффсетті қағаз.

Сандық басылыс. Тапсырыс №2636. Таралымы 500 дана.

Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйінің баспаханасында басылды.

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2016

1-бөлім
**ДЕРЕКТАНУ
ЖӘНЕ ТАРИХНАМА**

Раздел 1
**ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ
И ИСТОРИОГРАФИЯ**

Section 1
**HISTORICAL SOURCES STUDY AND
HISTORIOGRAPHY**

Мұхатова О.Х.

**Қазақстандағы
тарихи ойдың дамуы
(XIX ғ. екінші жартысы –
XX ғ. бас кезі)**

Мақалада XIX ғасырдың екінші жартысы XX ғасырдың бас кезіндегі Қазақстандағы тарихи ойдың дамуы қарастырылады. Автор Ш. Уәлихановтың, Ы. Алтынсариннің, А. Құнанбаевтың, С. Бабажановтың, Ж. Шуақовтың, Б. Дауылбаевтың тарихи еңбектерін талдап, олардың пікірлері мен тұжырымдарын көрсетеді. Қазақ жерлерінің патшалық Ресейдің боданына айналған тұстағы басқару, заң және сот, білім беру салаларында орын алған өзгерістерге байланысты зиялылар өкілдерінің көзқарастарын ашады. А. Құнанбаевтың қазақ халқының шығу тегі туралы ауызша тарих айту деректеріне сүйенген пайымдауларына тоқталады. С. Бабажановтың зерттеуі арқылы Жәңгір хандығындағы прогрессивті әрі халыққа тиімді жаңа үдерістерді баяндайды. Б. Дауылбаевтың еңбегіндегі қазақтардың шаруашылығы және әлеуметтік құрылымы, киім-кешегі мен тағамы, жиһазы, ыдыс-аяғы, наным-сенімі, жыл санауы, күнтізбесі, құқықтық нормалары және т.б. туралы мәліметтерді келтіреді.

Түйін сөздер: тарихи ой, сот, әкімшілік реформасы, отарлау саясаты, жаңа басқару ережелері, шынайы көзқарас, Торғай даласы, қазақтың түбі, Жәңгір хан, қазақтардың өмірі.

Mukhatova O.H.

**The development of historical
thought in Kazakhstan**

The article discusses the development of historical thought in Kazakhstan in the second half of the nineteenth and early twentieth centuries. The author analyzes the historical works Ch. Valikhanov, I. Altynsarin, A. Kunanbaev, S. Babadjanov, J. Shuakov, B. Dauylbaev showing their opinions and conclusions. Reveals the views of intellectuals on the changes in the areas of management, law, court, education, the period after the adoption of Kazakh lands allegiance of tsarist Russia. It stops at the arguments A. Kunanbayev relatively ethnogenesis of the Kazakh people on the basis of oral history sources. It communicates through research S. Babadzhanova narada effective for new and innovative processes in the Khanate Zhangir. Causes of work B. Daulbaev information about the economy and social order, clothes and food, furniture, utensils, belief, chronology, calendar, and other legal provisions.

Key words: historical thought, judicial and administrative reform, colonial policy, new management rules, objective view, Turgai steppe, Kazakhs basis, Zhangir Khan, the life of the Kazakhs.

Мұхатова О.Х.

**Развитие исторической мысли
в Казахстане**

В статье рассматривается развитие исторической мысли в Казахстане во второй половине XIX – начале XX веков. Автор анализирует исторические труды Ч. Валиханова, И. Алтынсарина, А. Кунанбаева, С. Бабаджанова, Ж. Шуакова, Б. Дауылбаева, показывает их мнения и выводы. Раскрывает взгляды представителей интеллигенции по поводу изменений в сферах управления, законодательства, суда, образования в период после принятия казахских земель подданства царской России. Останавливается на рассуждении А. Кунанбаева относительно этногенеза казахского народа на основе устных исторических источников. Излагает через исследование С. Бабаджанова эффективные для народа и прогрессивные новые процессы в ханстве Жангира. Приводит сведения из работы Б. Дауылбаева о хозяйстве и социальном устройстве, одежде и питании, мебели, посуды, верованиях, летоисчислении, календаре, правовых нормах и др.

Ключевые слова: историческая мысль, судебно-административная реформа, колониальная политика, новые правила управления, объективный взгляд, Тургайская степь, основа казахов, хан Жангир, жизнь казахов.

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
ТАРИХИ ОЙДЫҢ
ДАМУЫ
(XIX ғ. екінші жартысы –
XX ғ. бас кезі)**

Жаңа заманда Қазақстан тарихын көбінесе орыс зерттеушілері мен ғалымдары зерттеп келгендігі жасырын емес. Алайда қазақ елінің өткені сырт көздің көзқарастары арқылы сыңаржақ зерделеніп, түсіндіріліп келді. Ұлы Даланың мәдениеті мен салт-дәстүрінен, тілі мен ділінен, шаруашылық өмірінен, әлеуметтік құрылымының ерекшеліктерінен алшақ тарихшылардың тарихты тұтастай, шынайы қарастыруы да екіталай еді. Қазақ елінің тарихы арнайы тапсырмалар, ұйымдастырылған экспедициялар, ғылыми қоғамдар қызметі ауқымында зерттелгендігі баршаға мәлім. Орыс және еуропа ғылымдарындағы зерттеу методологиясы қазақ тарихын жазуға ешбір өзгеріссіз қолданылып, соларға сәйкес тұжырымдар жасалды. Төл тарихын зерттеуге үлес қосып, ұлттық мүдде тұрғысында пікір танытқан халық өкілдерінің есімдері ұзақ уақыттар бойы аталмады, еңбектері белгісіз болып келді. Тәуелсіздіктің арқасында тарихи ойды дамытуға септескен дара тұлғалар туралы сөз қозғап, еңбектерін талдауға мүмкіндік туды.

Өзінің тарихи көзқарастарымен де дараланған ғалым, саяхатшы – *Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов*. Ресей императорлық географиялық қоғамының мүшесі «Сот реформасы жайында хат» [1] деп аталатын еңбегінде қазақ даласында жүргізілетін сот, әкімшілік реформасы Ресей империясы аумағында өмір сүрген орыс емес халықтардың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын ескере отырып жүзеге асырылуы қажеттілігін баса көрсеткен. «... христиандарға, отырықшы орыс тұрғындарына арналып жобаланған әкімшілік өзгеріс, егер Россиялық Европалық, Азиялық бөлігінде көшіп-қонып жүрген бұратана халықты басқаруға бүтіндей қолданылса, онда мұндай өзгерістен ешқандай да пайда келуі былай тұрсын, нағыз тұрпайылық болар еді» [1, 260 б.] – деген тұжырымы осының дәлелі. Белгілі бір ауқымды түбегейлі өзгерісті ендірмес бұрын оның барлық қырларын тереңнен ойлап, ұтымды тұстарына назар аудару қажеттілігі туралы пікір таныта отырып, Шоқан Қазақ хандығын жою жөніндегі патша өкіметінің жарғыларын сынады. «1822 жылы Сперанский Сібір заңдарының жинағын құрастырады, 1824 жылы бұл заң қазақ даласында да қолданылды. Өзіндік әдет-ғұрпы, ой-тірлігі бар көшпелі сауатсыз халық аты-жөні, күтпеген жерден толып жатқан сатылы басшылығы,

олардың көп бөлшекті бағынышты тармақтары, түрлі атаулы сатысы бар бюрократтық орталыққа бағынды. Бұл әкімшілік жүйесі осыған дейін қазақ былай тұрсын, орысқа да түсініксіз еді» [1, 263 б.]. Ежелгі халықтық үлгідегі билер сотының, билердің қазақ қоғамындағы орны мен рөлін ашып көрсеткен. «Қазақтарда би атағы мұрагерлік жолмен беріледі екен деп те ойлауға болмайды. Шорман би Қаржас руынан шыққан атақты әрі бай қазақтың баласы, бидің баласы емес. Ата-бабасында би болмаған Шорман он үш жасында жиын топта топ жарып, дау шешеді де, өле-өлгенше бала би атанып кетті. Әкесі атақты би болса да, балаларының ол атаққа қолы жетпеген талай қазақты білеміз» [1, 269 б.]. Бодан болған далада қазақы салт-дәстүр мен осы билер кеңесін сақтап қалудың себептері мен маңызын Шоқан былай көрсеткен: «Қазақты орыс заңымен соттауға болмайды. Оның себебі мынада: біріншіден, өзге тайпалық құрамдағы, өскен ортасы, тіршілігі бөлек қазақтардың қылмыс пен жат қылыққа көзқарасына, түсінігіне орыстармен, өзге еуропалықтармен қатар қарауға болмайды; ақыры қазақтар тергеу кезінде қатар заңды білмейтіндігінен бас тарта алмағанымен, олар орыс заңдарын білмейді, біле де алмайды. Орысша бірауыз сөз түсінбейтін қазақ орыс заңын білмеймін деп, аузын аша алмайды!» [1, 276 б.]. Аталған еңбегінен басқа Шоқан «Сахарадағы мұсылмандық туралы», «Шона батыр ХУІІІ ғасырдың авантюрисі», «А.И. Левшиннің қырғыз-қазақ ордаларын сипаттауының үшінші бөліміне ескертулер» деген зерттеулері отандық тарихнамадан орын алады. Әсіресе, соңғы еңбегінің заманауи ғылым үшін маңызы зор, өйткені Шоқан А.И. Левшин жіберген бірқатар кемшіліктерді көрсетіп, түзеткен. Мұның өзі – жоғарыда айтқандай, сырт көздің дәстүрлі қоғамның ерекшеліктерін, тарихты жете білмеуден туындаған кемшіліктер.

Қазақтың белгілі ағартушысы *Ыбырай Алтынсарин* де ХІХ ғасырдағы тарихи ойдың дамуына өзіндік үлес қосқан. 1868 жыл «Дала облыстарын басқару жөнінде уақытша ереже туралы» [2] деген еңбегінде патшалық Ресейдің отарлау саясатын күшейтіп, бірқатар жаңа басқару тәртібін енгізгендігі және олардың зардаптары жайында жазған. «...1869 жылы Қырғыз даласында дала облыстарын басқару жөнінде «Уақытша Ереже» Орынбор қырғыздарын басқарудың бұрынғы тәртібін мүлдем өзгертіп жібергені белгілі. Орынбор өлкесінің барлық қырғыздарын басқаратын бір облыс басқармасының орнына үш облыс басқармалары

– Орал, Торғай, Сырдария бекітілген. Орданың үш жүзіндегі қырғыз хандарының ұрпақтары сұлтан билердің орнына – шығыс, орта, батыста – уезд басқармалары бекітіліп, оның әрбірінде 4-6 бастықтан сайланған. Бұл жаңа облыстардың құрамында қызмет ететін бастықтардың бәрі орыс офицерлерінен тұрады, ал қырғыздарға берілген қызмет – уезд басқармасының көмекшісі» [2, 311 б.] – деген сипаттамалық тұрғыдағы тұжырымдары айтылғанның дәлелі.

Өлкедегі казак отарлауы турасындағы көзқарастары ұлтжанды зиялының ұстанымдарын анық көрсетеді. «Орынбор қырғыздарының ең жақсы жерлеріне, қырғыздарды «жабайы номадтар» деп есептеп жүрген кездері де болған, Орынбор мен Орал казактары қоныс тепкен. Тіпті қазірдің өзінде де казактар жер өңдеуге жарамды қалған недәуір жердің өзіне де көздерін тігіп жүр. Осындай жерлерге қатысты мәселе осы күнге дейін қырғыздар үшін өзекті болып, әлі де болса олардың казактарға ашық соққыға бара алатын жағдайлары бар» [2, 312 б.], – деген жолдар қазақ-казак қатынастарының сипатынан хабар береді. Уақытша ереженің қазақ даласы мен халқының тарихи, әлеуметтік, мәдени дәстүрін ескермей іске қосылғандығына налыған Ыбырай өз ой-пікірін ұлттық ерекшеліктерді көрсете отырып білдірген. «Жұт туралы» деген шағын еңбегінде [3] Торғай жеріндегі қайғылы құбылысты сипаттап жазған. Қазақтардың басына түскен қасіретті билік басындағылар білсін деген ниетпен жазылған шығарманың мазмұны оқуға ауыр, алайда ащы шындық көрсетілген. «Бұл киіз үйлердің жан-жағынан жел гулеп, ашып тастайды, оның жан-жағынан ұстап тұратын ну қамысты өрт жандырып кеткен, от жағатын ағашқа да тапшылық болып отыр. Көз алдыңызға мыңдаған малды елестетіңізші, шөптің тапшылығынан олар өздеріне қоректі мұз болып қатып қалған қардың астынан тұяқтарымен іздеп жүреді, ал жан-жағынан қар бұрқасындатып, аяз ысқырып тұрады. Осындай қатыгез боран даладағы тірі мен өлінің де бәрін сындырып, құртатын. Қырғыздардың жаздан көтерем шыққан малдарының жағдайын толық бейнелеу мүмкін емес» [3, 316 б.]. «Қырғыз даласындағы ашаршылық туралы» мақаласында [4] Торғай қазақтарының тыныс-тіршілігіндегі қасіреттің бетін ашқан. Ашаршылықтың отарлау саясатының өрескел қателіктерінің нәтижесінде орын алғандығын дәлелдеген. Оған Ыбырайдың мына сөздері дәлел: «Торғай қырғыздарының қазіргі ауыртпашылығы қырғыз даласында өсіп-өркендеудің нақты тұрақты әдісі

болмай қалған мал шаруашылығын тұрақты, сенімді әдіске айналдыру, жер өңдеу және соған байланысты осы халықтың көшпенді тұрмысын отырықшылыққа айналдыру керектігін, тіпті болмаса зорлап шара қолдану керек екенін нақтылы дәлелдейтін мәлімет болып табылды» [4, 318 б.]. Отырықшы мал шаруашылығы және соған сәйкес тұрмыс салтына көше бастаған үдерісті отарлау саясатымен тығыз байланыста көрсете отырып, былай деп жазған: «15 жыл бұрын қырғыз облыстарының уездерінде бірде-бір (землянка) жер үй болған емес. Ал біздің көз алдымызда қырғыздар өздеріне қысқа жылы киіз үйлер, киіз үйдің ішіне шойын немесе темір пештер орнатып, содан кейін жер үйлер немесе ағаш үйлер, ал қазір бірнеше бөлмеде тұратын там үйлер сала бастады. Қазіргі кезде жер үйі немесе ағаш үйі жоқ қырғызды сирек кездестіресіз, ал кейбір жерлерде олар қыстауға кішкене-кішкене тұтас ауылдар құраған. Тұрақты орын сала бастағаннан кейін, үйлерге қоса мал қоралар салып, шөп шауып, оны біршама мөлшерге жеткізіп, қысқа сақтайтын болды» [4, 318-319 бб.].

XIX ғасырдағы далалық тарихнама туралы айтқанда, *Абай Құнанбайұлының* «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққандығы туралы» еңбегіне [5] тоқталмай кету мүмкін емес. Дана Абай өз заманында қазақ халқының түп-тамыры жайында ой толғап, өз пайымын хатқа түсіріп кеткен. Қазақ халқының шығу тегін татар тайпаларымен байланыстырған. «Есте жоқ ескі мезгілде, маңғұлдан бір татар аталған халық бөлінген екен. Қытайлар «татан» деп жазды. Асыл түбі қазақтың – сол татар. Осы күнде де қазақтың төре нәсілдері өзін-өзі біз татармыз деп айтысады. Онысы біз келімсек емес, таза тұқымбыз деген орынға айтылады, татардың кім екендігін білгендігімен айтқаны емес» [5, 333-334 бб.]. Сол татарлардан тараған ұрпақтардың, яғни қазақтардың Алатау бөктерлеріне қоныс аударуын тарихи аңыз бойынша көрсеткен. Аңыздың қысқаша мазмұны мынадай: «Ол татарлар ұрысшыл, аңшыл, не болса соны киіп, не табылса, соны ішіп-жеп жүрген бір тұрпайы халық екен. Олардың орны Енесей, Аңқара суының бас жағында болыпты. Солардан аңшылар жыл жүріп, екі жыл жүріп қайтатұғын әдеттері бар екен. Сол аңшылардың естіген, көрген хабарыменен бұрын көрмеген жерге болмаған мақтау айтылатұғын әдетіменен қысы аз, жазы көп дегенге әуелде өздері жер шаруасын қылмай, мал сақтаушы халық болған соң, «мал сақтауға жақсы жерге барамыз» деп, бұл жаққа қарай неше мәртебе халық шығыпты. Соның бірі біздің

қазақ екен. Қай-қай жерменен келгендігі мағлұм емес. Әйтеуір, Алатаудың бөктеріне келіп, мекендеп тоқтапты» [5, 334 б.].

Қазақ этимологиясын да аңызбен байланыстырып, былай деп жазған: «Сол арабтар көшпелі халықтарды «хибаи» деп, «хұзағи» деп атапты. «Хибаи» дегені киіз шатырмен жүруші дегені екен. «Хұзағи» дегені өз жұртында және хұзағи деген көшпелі халқы бар екен, соған ұқсатып айтқан екен. Сол уақытының бір ханы көшіп келе жатқанда бұлардың тіркеулі түйесін көріп, «міне, мыналар шынымен қаз-ақ екен» депті, әдейі қайтқан қазға ұқсайды-ақ екен деп. Сонымен, бұлар өзін-өзі де, өзге жұрттар да қазақ атап кетіпті, бұрын өздерін «ұлыс» дейді екен де, жүре береді екен» [5, 335 б.]. Ал қазақтың үш жүзге бөлінуін және Алаш атауының пайда болуын Ахмет хан және Алаша хандардың әрекеттерінің ықпалы деп санаған. «Әмір Темір нәсілінен Құмар Шаих баласы, белгілі Бабыр патшаның шешесіменен бір туысқан екі бауыры болған. Үлкені Ташкентке хан болып, кішісі қазақты билеген. Бұлар Шағатай нәсілінен Жүніс ханның балалары болған. Сол қазақты билегенінің аты Ахмет екен. Сол өз уақытында аттанысқа жарарлық қазақтан үш жүз әскер шығыпты, үш жүз басыға билетіпті. Әр жүздің халқы өз ынтымағымен бір туысқанға есеп болыпты. Қазақтың «Үш жүздің баласы» дейтұғыны – сол» [5, 336 б.]. Абайдың еңбегінің мазмұны оның көптеген ауызша тарих айту деректерін айналымға түсіргендігін және тарихи жазба деректерді оқығандығын байқатады. «Ахмет хан қалмақты көп шауыпты, көп қырыпты. Қалмақ рақымсыздығына қарай «мынау бір алашы болды ғой» депті, жан алушы болды дегеннің орнына. Сондықтан ол кісі Алаша хан атаныпты. «Бабыр нәмада» солай жазылған», – дегені осының айғағы [5, 337 б.]. Алаш атауы мен ұранының түбін де аңыз әңгімелерге сүйеніп көрсеткен. Абайша ол мынадай: «Сонан соң хан бұл атты қалмақ қорыққанынан қойды ғой, енді сіздер шапқан уақытта «алашы-алашы» деп ұран-сүрен салыңыз деп бұйырып, бұларға айғай салғанда көп жанның айғайымен «алаш-алаш» деп кетіпті. Сондықтан «алаш-алаш болғанда», Алаша хан болғанда, қалмаққа не қылмап едің деп, алаш ұранды қазақ атанған себебі сол екен» [5, 337 б.].

Қожжа Мұхаммед – Салық Бабажановтың 1860 жылдың 2 желтоқсанында жазылған «Қырғыздардың қырғыздар туралы жазбалары» атты мақаласы [6] XIX ғасырдың екінші жартысындағы тарихнамадан өзіндік орынды иеленеді.

Мақалада Кіші жүзде Жәңгірдің хан болып билік басына келгеннен кейінгі уақыттағы бірқатар мәдени, шаруашылық өзгерістердің орын алғандығы баяндалады. Автор қазақ қоғамындағы білім беру сипатының және мазмұнының өзгергендігіне назар аударған. «Соңғы уақытта, хан тағына Жәңгір Бөкейұлы тағайындалғаннан кейін біздің біліміміз кеңейіп, тезірек алдыға баса бастады. Осы ханның әрекеті мен көмегі арқасында және басқа жағдайларға байланысты ордада сауаттылықтың қажет екенін түсіне бастады. Оқушылар мен мұғалімдерді ынталандыру үшін марқұм хан еш ақшаны да, ордалықтарға білімнің пайдасын түсіндіру үшін күшін де аянбады. Өз ордасында мектеп ашып, онда алпыс адам Мұхаммед діні шарифаттарын, орысша жазу мен орыс тіліне оқытылды. Бұл мектеп әлі де ордада «Жәңгір мектебі» деген атпен жұмыс істеп, онда отыз ұл бала орданың шаруашылық ақшасына оқытылады» [6, 358-359 бб.] дегені Жәңгір ханның ағартушылық қызметімен қоса қазақ балаларының заман ағымына сәйкес білім ала бастағандығын дәйектейді.

Салық Бабажанов Жәңгір ханның заман талаптарына үн қосып, қазақтар арасында жаңа үдерістерді енгізуге ұмтылғандығы жайында жазған. Онда былай делінген: «Хан (Жәңгір хан) өте тамаша өмір кешті, өзінің қол астындағыларының талғамын дамытып, өркениетті адамдардың жасаған бұйымдарын үнемі сатып алып, оларды қырғыздарға көрсетіп, оларды барлық жақсы, пайдалы нәрсеге үйретіп, ордадан да басқа өте жақсы өмір мен өндіріс, қалалар бар екенін түсіндіріп отырды. Жылына екі-үш рет Петербор, Орынбор, Москва, Астрахан мен Саратовқа барып, өзімен бірге маңайындағыларын ертіп, ондағы тұрмыстың жақсы екенін көздерімен көрулеріне мүмкіндік жасады. Олардың көңілін киімдердің сапасы мен артықшылығына, үйлерінің тазалығына аударуға тырысып, оларды слесарлық, столярлық, алтын мен күміс жасайтын шеберханаларға кіргізіп, олардың оқушылары қырғыздар екенін көрсетті; қырғыздарды егін егуге үйретуге тырысты. Осы мақсатта кедей қырғыздарға керекті құрал-саймандар берді...» [6, 364-365 бб.]. Айтылғандардан өзге Жәңгір хан Бөкей Ордасында іс қағаздарын жүргізетін арнайы кеңсе құрған. Кеңседе ресми іс қағаздарына жауапты қызмет адамы болды. Оның қол астында іс жүргізуге тікелей қатысты бірнеше қызметкер еңбек етті. Баса айтатын жайт, кеңседе іскерлік хаттарға ерекше назар аударылды. Хаттар кіріс және шығыс деп екіге бөлініп, арнайы журналда тіркеліп отырылды. Сот, сауда, несие, т.б. істеріне

байланысты қалыптастырылған құжаттар хан ордасында құрылған мұрағатта сақталды. Егер Ресейде осы кезде атқарушы, яғни министрлік іс жүргізу қалыптасып, дамып алғашқы толыққанды сипатқа ие болса, Бөкей Ордасында бүкіл қазақ даласында байқалмаған іс жүргізу орын алды.

Салық Бабажанов сонымен қатар ордада саудаға қатысты қалыптасқан жағдайдың өзгергендігі туралы да жазған. Сауданы ұйымдастыруда Жәңгір ханның рөлін көрсете алған. «Осылардан басқа тағы да бір даму үшін әсерін қатты тигізетін күш бар – ол сауда. Алғашында оның аумағы өте шамалы болған, қырғыздар тек қана мал сатып, үн, қатты қағаз бұйымдары мен орыс былғарысын, бұқар, хиуа шапандарын, жібек маталар ғана алған. Оны сатып алуға біраз адам ғана жіберілген, көбінесе ауылдықтар «базаршылардан» өздеріне керектерін әкеліп беруді сұраған. Егер ауылға бір саудагер келе қалса, ол ойына келгенін істеп, қырғыздарды жеп кетуге тырысқан. Ал қырғыздардың өздеріне қалалар мен қыстақтағы базарларға бару өте қиын жұмыс болып көрінген» [6, 366 б.]. Автордың Жәңгір ханның халқына тиімді әрі көршілес елдермен қарым-қатынасты жақсарту үшін жәрмеңкелерді ұйымдастырғандығынан мәлімет беруі қазақ даласындағы тауар-ақша қатынастарының орын алғандығын көрсетеді. Мұндай деректің қазіргі кезеңдегі нарықтық қатынастар тарихын зерттеудегі маңызы зор. Сол кездегі С. Бабажановтың өз көзімен көргендеріне сүйенсек, онда мынадай үрдісті байқаймыз. «Хан саудагерлердің тауарларымен далада қаңғырып жүріп, көптеген қырғыздарды алдап-арбап кететінін сезіп немесе қырғыздардың отырықшылық жерлерге жете алмай, әр түрлі кедергілерге душар болатынын біліп, өзінің ықпалы арқылы қырғыз қажеттіліктері мен сауданың табысты болуы үшін өзінің ордасында жылына екі рет жәрмеңке болсын деп ұйғарды. Жәрмеңкелер: біреуі көктемде, майда; екінші күзде, қыркүйектің аяғында, он күннен отыз күнге дейін созылған. Біріншісінде жазға керекті заттарды толық алса, екіншісінде, қыстық азықты алған. Бұл жерде қырғыздар орыс, татар, армян және басқа саудагерлерді кездестіріп, олар қаладағы сияқты көп болса да, далада болғандықтан, тауарларды мұқият таңдап алған. Зат алмасу мүлдем тоқтаған, малды тек ақшаға ғана сатқан, содан кейін сол ақшаға зат сатып алған» [6, 367 б.].

Заң кандидаты деген атақты алу үшін студент сұлтан *Жан-Сұлтан Шуақовтың* «Дала сахарасын басқару жөніндегі күшіне еніп

отырған ереже» [7] атты еңбегі қазақ тарихының кейбір тұстарын терең түсінуге мүмкіндік берді. Автор басқару ережелерін талдамас бұрын қазақ тарихына тоқталып, шолу жасаған. Осы турасында Жансұлтан Шуақовтың өзі «Қырғыз даласындағы нақты заңдарды талдау үшін, ең алдымен, мен осы халықпен таныстыруды қажетті деп санаймын» [7, 369 б.], – деп жазған. Автор қазақ халқының шығу тегі жөнінде өз ұстанымын көрсеткен. «Бұл халықтың шығу тегі жайлы анық мәлімет болмағандықтан, оның мемлекеттік түрге қашан енгендігі туралы бірнеше ғана дәлелдерге тоқталып өтемін. Яғни Левшин «Қырғыз-Қайсақ Ордалары мен Даласының сипаттамасы» деген шығармасының екінші бөлімінде Алаша хан туралы, оның ең бірінші болып қырғыз халқын жүздерге бөлгендігі туралы бірнеше аңызды келтіреді» [7, 369 б.]. А.И. Левшиннің тұжырымын қолдайтындығын білдірген. «Менің ойымша, бірінші мәліметтің дұрысырақ екенін айтқым келеді, себебі қазірдің өзінде де алаш сөзі – халықтың әскери ұраны» [7, 369 б.]. Қазақ жүздерінің орыс империясының құрамына енгеннен кейінгі уақыттағы әлеуметтік-саяси ахуалды сипаттаған. Ж. Шуақов өз кезегінде қазіргі отандық тарихнамада «отарлау саясаты XIX ғасырдың бірінші ширегінен басталады» деген тұжырымның дұрыстығына көз жеткізген. «Қосылудың» алғашқы кезеңдерінде отарлаудың да, жаулап алудың да орын алмағандығына жас зерттеуші еңбегінен алынған мына бір үзінді арқылы көз жеткізуге болады. «Қырғыздарды Ресей бодандығына қабылдағаннан кейін үкімет олардың ішкі өміріне еш араласпады, негізгісі орыс шекарасына тыныштық орнатып, Орта Азиямен және қырғыздармен сауда-саттықты өрбіту еді. Бодандық алғанмен қырғыздардың саяси-әкімшілік өмірінде еш өзгеріс болмады. Онымен қоса олар: 1) орыс шекарасының қауіпсіздігін қадағалау; 2) қырғыз даласы арқылы өтетін көпес керуендерін қорғау; 3) керек кезінде көмекке әскер беру; 4) жасақ төлеуге міндетті болды. Қырғыздар өздерінің хандары мен рубасылары арқылы дәстүрлеріне, салттарына байланысты басқарылды. Бодандық тек сөз жүзінде болды. Орыс үкіметі тек сұлтандарды хан атағына бекітетін кезде ғана ықпал етті. Осындай түрде бекітілген хандар тәуелсіз билеушілер ретінде әрекет етті. Бірақ мұндай жағдай көпке созылмады. Ордалардағы толассыз болып жатқан бүлікшіліктер мен қақтығыстар олардың орыс үкіметіне берген міндеттерін орындауға, хандарға қырғыздарды тыныш басқаруға мүмкіндік бермеді» [7, 371 б.].

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезіндегі тарихи ой білдірген *Б. Дауылбаевтың* есімі жиі және толық атала бермейді. Ол бірнеше тарихи мақалалар жариялаған. Солардың бірі – «Торғай облысы николаев уезіндегі қырғыздардың өмірі туралы әңгімесі» [8]. Еңбегі этнография ғылымы үшін аса маңызды. Әңгімесінен қазақтардың шаруашылығы және әлеуметтік құрылымы, киім-кешегі мен тағамы, жиһазы, ыдыс-аяғы, наным-сенімі, жыл санауы, күнтізбесі, құқықтық нормалары және т.б. жөнінде қайталанбас фактілер орын алған. «Құртты шай орнына пайдаланған, оны көжеге немесе суға араластырып ішкен. Ең тәтті тағам жент болған, оны ірімшіктен істеген, сиыр не қой сүтінен кептірілген ірімшікті талқанға түйіп, ерітілген маймен араластырып, бал немесе мейіз қосқан. Ал жаз айларында байлары қымызбен, кедейлері айранмен тамақтанған, айранды не сиыр, не қой сүтінен жасаған. Етті күнде жемеген, алысқа, жолға шыққанда қырғыздар құртпен торсық алып шыққан. Бір пұт құрт бір адамға бір айлық азық болған. Тері торсыққа бір кесе су құйып, оған бір уыс қатқан құртты тастаған, ол құрт езіліп сумен араласады да, одан қышқыл дәмді сусын істеледі, соны жолда ішіп жүрген. Бір уыс құрттан 4-5 тостақ сусын жасалған, күніне 3-4 тостақ ішкен, келесі күні тағы да осылай істеген» [8, 399 б.]. Қазақ халқының тамақтану мәдениеті турасындағы мына бір фактілері жиі айтыла бермейді: «Жабайы өсімдіктерден азық ретінде тамаққа мыналарды қолданған: тау-жуа, қырлы-жуа, құс-жуа, қой-жуа, айғыр-жуа, ит-жуа, су-жуа, сарымсақ-жуа. Жидектен тек қана үш түрін: ағаш-шие, желек және қойбүлдірген. Жемістен: бөтпаншақ, бұл төбе аралығындағы сазда өседі, аттық ормандарда өсетіні сәбізге ұқсайды; бие-емшекті, құғы қамыстың түбірі, оның әр түрлі қыры болады, борық, қамыстың түбірі; мия түлкі шөбі; қымыздық-қышқыл шөп, балдырғанның сабағы мен жемісі» [8, 402-403 бб.]. *Б. Дауылбаев* қазақтарда есепші дегендердің қызмет еткендігін, олардың өзіндік күнтізбесі, ауа-райы болжамдарын жасауға, аспан әлемін, ғарышты тануға байланысты түсініктерінің қалыптасқандығын дәйекті жеткізген. «Қыстың алдында қырғыздар есепшілерге барған, ол қыста болатын ауа райын, жаздағы ауа райын бақылауды, ай санауға қарап немесе әр түрлі нанымдар бойынша айтқан, халық оларға сенген» [8, 404 б.], – дегені айтылғанның дәлелі. Балдамалар жөнінде көпшілік біле де қоймайды, ендеше сол турасында *Б. Дауылбаев* қызықты факті келтірген. Онда былай делінеді: «Осы

жылдардың бәріне аталған күнтізбекте ауа райы, шөптің өсуі, тыныштық пен тынышсыз өмір туралы болжамдар жазылған. Бұл болжамдар немесе балдамалар өте ұзын, адам бойымен бірдей, көлемі бір қарыс қағазда жазылған, әр түрлі бояулармен сырланып, адамдарды қызықтыратын әртүрлі шақпақтармен толықтырылған. Балдама шиыршықталып оралған. Наурыз жақындап қалғанда, жаңа жыл туғанда қожа бү-

кіл халыққа жар салып, мына күні балдаманың салтанатты оқылуы болады деген, бұлар халыққа бақыт әкелуші сияқты болған» [8, 405 б.].

Осылайша қазақ халқы өкілдерінің отандық тарихи ойды дамытудағы рөлінің ерекше, қосқан үлестерінің қомақты екендігіне көз жеткізілді. Болашақта аталған еңбектерді терең зерттеу Қазақстан тарихын жаңа форматта және шынайы әрі жан-жақты жазуға мүмкіндік тудырады.

Әдебиеттер

- 1 Уәлиханов Ш. Сот реформасы жайында хат// Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы. Он томдық. Жаңа замандағы тарихи ой. – Астана, 2005. – 4 т. – 260-286 бб.
- 2 Алтынсарин Ы. 1868 жыл Дала облыстарын басқару жөнінде уақытша ереже туралы // Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы. Он томдық. Жаңа замандағы тарихи ой. – Астана, 2005. – 4 т. – 311-315 бб.
- 3 Алтынсарин Ы. Жұт туралы // Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы. Он томдық. Жаңа замандағы тарихи ой. – Астана, 2005. – 4 т. – 315-318 бб.
- 4 Алтынсарин Ы. Қырғыз даласындағы ашаршылық туралы // Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы. Он томдық. Жаңа замандағы тарихи ой. – Астана, 2005. – 4 т. – 318-322 бб.
- 5 Құнанбаев А. Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққандығы туралы // Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы. Он томдық. Жаңа замандағы тарихи ой. – Астана, 2005. – 4 т. – 333-337 бб.
- 6 Қожа Мұхаммед – Салық Бабажанов. Қырғыздардың қырғыздар туралы жазбалары// Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы. Он томдық. Жаңа замандағы тарихи ой. – Астана, 2005. – 4 т. – 355-368 бб.
- 7 Шуақов Ж. Дала сахарасын басқару жөніндегі күшіне еніп отырған ереже //Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы. Он томдық. Жаңа замандағы тарихи ой. – Астана, 2005. – 4 т. – 369-375 бб.
- 8 Дауылбаев Б. Торғай облысы николаев уездіндегі қырғыздардың өмірі туралы әңгімесі //Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы. Он томдық. Жаңа замандағы тарихи ой. – Астана, 2005. – 4 т. – 397-409 бб.

References

- 1 Ualihanov Sh. Sot reformasy zhajynda hat// Tarih – adamzat akyl-ojynyn kazynasy. On tomдық. Zhana zamandagy tarihi oj. – Astana, 2005. – 4 t. – 260-286 bb.
- 2 Altynsarin Y. 1868 zhyl Dala oblystaryn baskaru zheninde uakytsha erezhe turaly // Tarih – adamzat akyl-ojynyn kazynasy. On tomдық. Zhana zamandagy tarihi oj. – Astana, 2005. – 4 t. – 311-315 bb.
- 3 Altynsarin Y. Zhut turaly // Tarih – adamzat akyl-ojynyn kazynasy. On tomдық. Zhana zamandagy tarihi oj. – Astana, 2005. – 4 t. – 315-318 bb.
- 4 Altynsarin Y. Kyrgyz dalasyndagy asharsheulyk turaly // Tarih – adamzat akyl-ojynyn kazynasy. On tomдық. Zhana zamandagy tarihi oj. – Astana, 2005. – 4 t. – 318-322 bb.
- 5 Kunanbaev A. Biraz söz kazaktyn tybi kajdan shykkandygy turaly // Tarih – adamzat akyl-ojynyn kazynasy. On tomдық. Zhana zamandagy tarihi oj. – Astana, 2005. – 4 t. – 333-337 bb.
- 6 Kozha Muhammed – Salyk Babazhanov. Kyrgyzdardyn kyrgyzdar turaly zhazbalary// Tarih – adamzat akyl-ojynyn kazynasy. On tomдық. Zhana zamandagy tarihi oj. – Astana, 2005. – 4 t. – 355-368 bb.
- 7 Shuakov Zh. Dala saharасыn baskaru zhenindegi kyshine enip otyrgan erezhe //Tarih – adamzat akyl-ojynyn kazynasy. On tomдық. Zhana zamandagy tarihi oj. – Astana, 2005. – 4 t. – 369-375 bb.
- 8 Dauylbaev B. Torgaj oblysy nikolaev uezdindegi kyrgyzdardyn өmiri turaly angimesi //Tarih – adamzat akyl-ojynyn kazynasy. On tomдық. Zhana zamandagy tarihi oj. – Astana, 2005. – 4 t. – 397-409 bb.

Көкебаева Г.К.

1916 жылғы көтеріліс: XXI ғасыр тұрғысынан көзқарас

Кеңестен кейінгі кеңістікте байқалып отырған тарих ғылымының дағдарысы объективтік және субъективтік факторлардан туып отыр. Объективтік себептер кеңестік-марксистік формациялық теориядан бас тартып, жаңа методологиялық тұғырлар іздеумен байланысты. Субъективтік факторлар ретінде кейбір тарихшылардың Ресей империясының Орта Азия, Қазақстан, Кавказ және басқа отарлық аймақтарын өркениет жүйесіне тарту саясаты туралы идеядан бастартпай, осы аймақтар халықтарының тарихын бұрмалауды табанды түрде жалғастыруын атауға болады. Жыл сайын белгілі тарихи оқиғаларды еске түсіру кезінде кеңестен кейінгі кеңістік республикалары тарихшыларының арасында пікірталас басталады. Бұрын кең түрде зерттелген оқиға – Қазақстан мен Орта Азиядағы 1916 жылғы көтеріліс те сондай жағдайға ұшырап отыр. Мақалада Зайсан уезіндегі 1916 жылғы толқуларды зерттеу негізінде кеңестік кезеңдегі 1916 жылғы көтерілістің әлеуметтік сипаты бар деген пікірдің дәлелсіздігін көрсетуге әрекет жасалған. Мақала авторының пікірі бойынша, 1916 жылғы көтеріліс ұлт-азаттық сипатта болды. Көтеріліс Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалысы тарихының бірінші кезеңін – стихиялық күрес кезеңін аяқтаған оқиға болды.

Түйін сөздер: ұлт-азаттық қозғалыс, көтеріліс, әлеуметтік қозғалыс, бүлік.

Kokebayeva G.K.

The uprising of 1916: a view from XXI century

There is a crisis in the development of historical science in post-soviet area that is related to objective and subjective factors. The objective reasons are connected with the withdrawal from Soviet-Marxist formational theory and the search for new methodological approaches. The subjective reasons include a continuous refusal of some historians to abandon idea of Russia's civilizing mission policy in Central Asia, Kazakhstan, the Caucasus and other colonial outskirts of the Russian Empire, the deliberate distortion of history of people living in those regions. Debates begin every year among historians of post-Soviet republics due to anniversaries of historical events. The exception was not even a widely studied event as the uprising of 1916 in Kazakhstan and Central Asia. In the article an attempt on the basis of analysis of unrest in 1916 in Zaisan district is made to show groundlessness of assertions of the Soviet period about social character of the uprising of 1916. According to the author, the uprising of 1916 holds a character of national liberation. The uprising completed the first stage – the stage of spontaneous struggle – in the history of national liberation movement in Kazakhstan.

Key words: national liberation movement, an uprising, a social movement, a rebellion.

Кокебаева Г.К.

Восстание 1916 года: взгляд с XXI века

В развитии исторической науки в постсоветском пространстве наблюдается кризис, связанный с объективными и субъективными факторами. Объективные причины связаны с отходом от советско-марксистской формационной теории и поиском новых методологических подходов. К субъективным факторам относятся упорное нежелание некоторых историков отказаться от идей цивилизаторской миссии политики России в Средней Азии, Казахстане, Кавказе и других колониальных окраинах Российской империи, сознательное искажение истории народов этих регионов. Каждый год в связи с памятными датами исторических событий начинаются дискуссии между историками постсоветских республик. Исключением не стало даже и такое широкоизученное событие, как восстание 1916 года в Казахстане и Средней Азии. В статье на основе анализа волнений 1916 года в Зайсанском уезде сделана попытка показать необоснованность утверждений советского периода о социальном характере восстания 1916 года. По мнению автора статьи, восстание 1916 года носит национально-освободительный характер. Восстание завершило первый этап – этап стихийной борьбы – в истории национально-освободительного движения в Казахстане.

Ключевые слова: национально-освободительное движение, восстание, социальное движение, мятеж.

**1916 ЖЫЛҒЫ
КӨТЕРІЛІС:
XXI ҒАСЫР
ТҰРҒЫСЫНАН
КӨЗҚАРАС**

Еліміздің тарихындағы халықтың жадында айрықша сақталған және бүгінгі ұрпаққа тікелей қатысы бар оқиғалардың бірі – 1916 жылғы көтеріліс. Бір ғасыр бұрын болғандығына қарамастан, бұл оқиға күні бүгінге дейін тарих ғылымындағы жиі зерттелетін тақырыптардың біріне айналып отыр. Тарихнамалық зерттеулерге көз салсақ, белгілі бір тарихи оқиғаларға баға беру, оның тарихи маңызын анықтау әртүрлі тарихи кезеңдерде өзгеріп отырғанын байқаймыз. Бұл – 1916 жылғы көтеріліс тарихына да тән құбылыс. 1916 жылғы көтеріліс тарихына арналған алғашқы еңбектерде көтерілістің себептері патша өкіметінің отарлық саясатының күшеюі деп көрсетілді. Бұл кезде көтерілістің отаршылдыққа қарсы сипаты айрықша бедерленді. Кейіннен, кеңес өкіметі әбден орнығып, қоғамдық ғылымдарды кеңестік идеологияға бағындыру басталған кезде зерттеушілер көтерілісті әлеуметтік күрес ретінде бейнелеуге ұмтылды. Соның нәтижесінде майданның қара жұмысына кедейлерді жіберіп, өз туыстарын аман алып қалған, біреулерді тізімге іліктірмеу үшін пара алған, өз халқын сатқан «жауыз бай-болыстардың» стереотиптік бейнесі қалыптастырылды. Көтеріліс кедейлердің әлеуметтік күресі сипатында бағаланды. Көтерілістің осы баға шегінен шығып кеткен оқиғалары, соның ішінде осы көтеріліс кезіндегі елдің байлары мен болыс-билерінің қарсылық әрекеттері зерттелмей қала берді. Осындай оқиғалардың бірі – Зайсан уезінде 1916 жылы 10 шілдеде басталған көтеріліс.

1916 жылдың 25 маусымында Ресей императоры II Николайдың империяның бұратана халықтарының 19-43 жастағы ер адамдарын майдандағы қара жұмысқа шақыру туралы жарлығы шықты [1, 25-26-б.]. Жарлық бойынша Ақмола, Семей, Жетісу, Орал, Торғай, Сыр-Дария, Ферғана, Самарқанд, Закавказье, Астрахан облыстарының бұратана халықтарының өкілдері бекіністер салуға, майданға жақын жерлердегі жолдарды жөндеуге, майданға қажетті малды бағуға, мал азығын дайындауға, тағы сол сияқты жұмыстарды атқаруға тиісті болды. Бұрын осы жұмыстарды төменгі шендегі әскери адамдар мен жұмысшылар атқарған еді, енді соғыстың созылып кетуіне байланысты бұл топтарды қара жұмыстан толық босатып, майдандағы шайқастарға жіберу, олардың ор-

нына «бұратаналарды» пайдалану қажет болды. Жарлық бойынша, қара жұмысқа шақырылатындардың нақты санын және шақырудың ретін Ішкі істер министрлігі мен Соғыс министрлігі бірлесе отырып белгілеуге тиісті болды. 1916 жылы 30 маусымда Дала өлкесінің генерал-губернаторы Н.А. Сухомлиновтың қазақтарды майданның қара жұмысына шақыру туралы хабарламасы шықты, онда 1885-1897 жылдары туған, яғни 19-31 жастағы жігіттердің шақырылатыны айтылды. 2 шілдеде Дала генерал-губернаторлығының басшылығының кеңесінде 19-31 жастағы 80 000 қазақты майданның қара жұмысына жіберу туралы шешім қабылданды [1, 27 б.]. Мемлекеттік мекемелерде қызмет істейтін, жоғары және орта оқу орындарында оқитын қазақтар, болыстар, молдалар мен мұғалімдер шақырылмайды, сондай-ақ майданға қажетті қару-жарақ шығаратын кәсіпорындардың, жүк таситын кемелердің жұмысшыларын шақыруды кейінге қалдыратын болды. Маусым жарлығы жеткеннен кейін халық арасында қазақтарды майдандағы тікелей соғыс қимылдары жүріп жатқан жерлерге окоп қазуға жіберетіні туралы әңгімелер тарады. Соған орай Н.А. Сухомлинов 12 шілдеде осындай әңгімелерді таратқан адамдар тұтқындалып, қатаң жаза алады, ал қазақтар майданның қауіпсіз жерлерінде, әскерлердің тылында жұмыс істейді деген хабарлама жасады [1, 32-33-б.]. Алайда генерал-губернаторлықтар басшыларына жіберілген хабарламада бұратаналардың бекіністер салу, жолдар салу және жөндеу, тағы басқа жұмыстарды тікелей соғыс қимылдары жүріп жатқан жерлерде жасайтыны туралы айтылған-ды [2]. Ал Ресей империясының 1874 жылғы Әскери жарлығы бойынша, Ресейдің бұратана халықтары, соның ішінде Торғай, Орал, Ақмола, Семей, Жетісу облыстарының қазақтары әскери қызметтен босатылған болатын, әскери қызметтің өтеуі ретінде олар алым-салық төлейтін еді.

1916 жылы маусымның аяғы – шілденің басында Дала генерал-губернаторлығының барлық уездерінің болыстары мен елдің сөзін ұстайтын ақсақалдарын әрбір уездің учестоктары бойынша жеке жинап, патша жарлығын және генерал-губернатордың бұйрығын хабарлаған. Ол кезде Семей облысының жері Зайсан, Семей, Өскемен, Павлодар, Қарқаралы деп аталған бес уезге бөлінген еді. Омбы облыстық мемлекеттік мұрағатында сақталған Омбы прокуроры кеңсесінің материалдары бойынша, 1916 жылдың 10 шілдесінде Зайсан уезінің 2-бөліміне кіретін бес болыстың басшылары

(орысша – *волостной управитель*, қазақша – *болыс*) мен елдің сөзін ұстайтын құрметті ақсақалдарын шаруа бастығы (орысша – *крестьянский начальник*) Кистьяковский Көкпектіге жинаған. Бұл жиналысқа бес болыспен бірге елге сөзі өтетін құрметті ақсақалдар шақырылған, солардың қатарында Мүрсәлім Бектенұлы, Зікірия Есенәліұлы, Дондағұл Жұмағұлұлы қатысқан. Жиналысқа қатысқан болыстардың қатарында Қарғыбаның жас болысы Заманбек Мүрсәлімұлы, Базар-Баспан болысы Ыдырышұлы болған. Сол жиналыста жоғарыда аталған құрметті ақсақалдар Кистьяковскийге майданға адам бермейтіндерін айтқан және барлық болыстардан адам беруге келіспеуді талап еткен. Семей округтық сотының Омбы облыстық соты прокурорына жіберген анықтамалық хатында бұл жағдай былайша суреттелген: «Мүрсәлім Бектенов қырғыздардың жанына жүгіріп келіп, оларды өкіметке бағынбауға шақырды, болыс Заманбек Мүрсәлімовті жағасынан алып, аулаға алып шықты. Осип Чернов Закария Есеналиннің шаруа басшысының кеңсесіне қол қоюға кіріп бара жатқан болыс Идрышевты жұлқып далаға алып шығып, қамшымен екі рет салып жібергенін көрген; Черновтың айтуынша, Есеналин, Бектенов және Дандағұл Жұмағұлов қарсылық көрсетуге шақырған; куәгер Иван Одинцов Есеналин, Бектенов және Жұмағұловтың қырғыздарды жұмысқа шақыру туралы жарлыққа бағынбауға табандылықпен үндегенін естіген, содан кейін жиналған қырғыздар тарап кеткен. Аталған Бектенов, Есеналин және Жұмағұловты қылмыстық жазалау заңының 264-бабы бойынша жауапқа тарту жөнінде 9 тамызда іс қозғалды» [3]. Бұл құжатта аталып отырған болыс Заманбек – Мүрсәлімнің баласы, 1914 жылы болыстыққа сайланғанда 25 жаста [4], ол Семей облысындағы ең жас болыс болған, демек 1916 жылғы оқиғалар кезінде ол өзінен үлкен болыстар мен ақсақалдардың ыңғайына қарап тыныш отырған болуы керек, соған ашуланған Мүрсәлім өз баласын жұлқып, сыртқа алып шыққан ғой. Құжатта аталған Идрышев – Базар болысының болысы, ол да 1914 жылы сайланған [5]. Сол жерде Дондағұл Жұмағұловты ұстап, түрмеге жапқан, бірақ айыбын мойнына қоя алмай 1916 жылдың 5 желтоқсанында оны босатуға мәжбүр болған. Омбы әскери прокуратурасы Дондағұл Жұмағұлов және басқаларға (Мүрсәлім Бектенұлы мен Закария Есеналин) қатысты айыптау заңының 13-ші және 264-баптары бойынша қозғалған істі тоқтатқан [3]. Ресей империясының «Қылмыстық және түзету жазалары ереже-

лерінің» 13-бабы өздері қылмыс жасауға ниеттеніп, сол әрекетке басқаларды қатысуға үгіттеген адамдарды жазалау туралы болса, 264-бабы бойынша, өкіметке, билікке, патша жарлықтарын орындауға қарсы болған, қарусыз қарсылық жасаған, қарсылық көрсетуге шақырған адамдарға 12 жылдан 15 жылға дейін каторгалық жұмысқа жіберу жазасы кесілетіні бекітілген [6]. Осы құжаттардағы «Дандағұл» деп отырған адам – Дандағұл Жұмағұлұлы, оның баласы Қалимұса Дандағұлұлы 1915 жылы Базар-Баспан болысы болған [7]. (1937 жылы сталиндік жаппай жазалау науқаны кезінде Қалимұса Дандағұлұлын ұстап алып кетіп, атып тастаған, 1956 жылы жанұясына ақтаған құжат келген). 11 шілдеде Семей облысы әскери губернаторының орынбасары Г.А.Савримович Дала өлкесінің генерал-губернаторы Н.А.Сухомлиновқа Зайсан уезінің шаруа бастығы бес болыстан келген ақсақалдар мен болыстарға майдандағы қара жұмысқа қазақ жігіттерін алу туралы хабарлағанын және болыстар мен ақсақалдар хабарламаға қол қоюдан бас тартып, кетіп қалғанын, сондай-ақ кейбір кеткісі келмеген болыстарды күштеп алып кеткенін хабарлайды [1, 548-б.].

Петроградтағы Полиция департаментіне Семей облысының әскери губернаторы Ф.Ф.Чернцовтың жіберген жеделхатында 14 шілдеде Зайсан және Өскемен уездерінде наразылық толқыны етек алғаны туралы хабарланған [8]. Мүрсәлім Бектенұлы шілде айының 11-14 жұлдызы арасында халықты майданның қара жұмысына адам бермеуге шақырып, жасақ құра бастаған. Көкпектіден әскерді жылдам алып келуіне бөгет жасау үшін көтерілісшілер Көкпектіден Базарқаға дейінгі жолдағы телеграф бағаналарын құлатып, байланысты үзіп тастады. Семей округтық басшысының Дала өлкесінің генерал-губернаторына салған хабарламасында бұл оқиғаны былайша сипаттаған: Қараөткел стансасынан Базарқаға дейін жүргізілген телеграф сымдары бүлдірілген, бағанадағы ажыратқышты мылтықпен атып бүлдірген сияқты, ал сымдар созылған да, өткір қарумен кесілген және сымның ұзындығы 28 сажень бөлігін алып кеткен» [9]. Мүрсәлім Бектенұлының жасағына Зайсан уезінің Қарғыба болысы, Базар-Баспан болысы және басқа болыстарының жігіттері келіп жатты. Семей облысының әскери губернаторы Ф.Ф.Чернцов Дала өлкесінің генерал-губернаторы Н.А.Сухомлиновқа жіберген жеделхатында: «Зайсан уезі бастығының хабарлауынша, көтеріліске шыққан қазақтар ең басты жетекшісі Бектенеппен тауға жиналып

жатыр» [10], – деп хабарлады. Мүрсәлім Бектенұлын ұстауға жіберілген жазалаушы әскер бөлімі ауылдарды аралап, ауыл адамдарын ұрып-соғып, 13 адамды тұтқындаған және олардан мылтық, найза, айбалта сияқты қаруларын тартып алған. 6 тамызда Мүрсәлім жасағының бір тобы мен жазалаушы әскер бөлімінің арасында шайқас болған, ол күні жазалаушы әскер кері қайтқан.

17 шілдеде Зайсан уезінің зиялы азаматтары мен ақсақалдары халықтың атынан патшаға қазақ жігіттерін майдан жұмысына шақыруды кейінге қалдыру туралы өтініш жазған. Бұл өтінішке жауап жедел келген де, жігіттерді майданға жіберу ісі кейіндетілген. 1916 жылдың 24 шілдесінде генерал-губернатор Н.А.Сухомлинов Семей облысының әскери губернаторы Ф.Ф.Чернцовқа Зайсан уезінен майданға адам жіберу ісі кейіндетілгені туралы хабарлап, егер осы уезден қырғыздар (қазақтар) жиналған болса, оларды үйлеріне таратуды бұйырған. Бұйрықта: «Жоғары жақтан келген осы мейірімділікті Зайсан уезінің қырғыздарына жедел хабарлау және орындау үшін мәлімдеп отырмын. Сонымен қатар осындай кейінге қалдыру мүмкіншілігін өлкенің басқа уездеріне де беру туралы өтініш бермекшімін» [1, 38-б.], – деген жолдар бар. Бұл құжат патшаға майданның қара жұмысына адам алуды кейіндету туралы өтінішті бүкіл Дала генерал-губернаторлығынан бірінші болып Зайсан уезінің зиялы азаматтары жазғанын көрсетеді. Зайсан уезінің өкілдері патшаға тағы да хат жазған, бұл жолы жігіттерді майданның қара жұмысынан толық босатуды сұраған [1, 509-б.]. Алайда бұл мүмкін емес-тін. Зайсан уезіне берілген жеңілдіктен кейін Дала өлкесінің генерал-губернаторы патшаға ауыл шаруашылығындағы маусымдық жұмыс аяқталғанша жігіттерді шақыру жұмысын тоқтата тұру туралы өтініш жіберген. 31 шілде күні Дала өлкесінің генерал-губернаторы Н.А.Сухомлинов «патша 30 шілдеде патшазада Алексей Николаевичтің туған күніне орай бүкіл бұратаналарды майданға жіберуді 15 қыркүйекке дейін кейіндетуге рұқсат берді» [1, 43-б.], – деп хабарлады.

Дала өлкесі мен Семей облысы басшыларының Зайсан уезінің қазақтарын майданға жіберу ісін кейіндетуді сұрауы тек маусымдық жұмыстарға байланысты ғана емес, осы уездегі көтерілістерге байланысты болуы да мүмкін, өйткені Зайсан уезіндегі қазақтар негізінен мал шаруашылығымен айналысқан, егіске қатысты маусымдық жұмыстар мұнда көп болмаған [11, 31-35-б.]. 19 шілдеде Семей облысының әске-

ри губернаторы Дала генерал-губернаторына Зайсан уезінде көтеріліс күшейіп келе жатқанын хабарлап, оларды бағындыру үшін қарулы орыс-казак бөлімдерін жіберуді өтінеді [12]. 21 шілдеде губернатор Ф.Ф. Чернцов Петроградқа Ішкі істер министрлігіне облыс жерінде қазақтардың толқулары күшейіп тұрғандықтан, майданға қанша адам жіберетінін айта алмайтындығын хабарлады [13]. Омбы әскери округының штаб бастығы А.А. Таубенің 1916 жылдың 7 шілдесі мен 6 қыркүйегі арасындағы Семей және Ақмола облыстарында болған көтерілістер туралы анықтамалық жазбасында әуелі 25 шілдеде Зайсан уезіне, одан кейін 31 шілдеде барлық қазақтарға берілген қара жұмысқа шақыруды кейіндету туралы жеңілдік олардың патша жарлығын орындауға табанды қарсылық көрсетуіне әкелді деп көрсетілген [14]. 21 шілдеде генерал-губернатор Н.А. Сухомлинов Семей облысына орыс-казак бөлімдерін және сол жерде көтерілісті басып-жаншу әрекетін басқаруға генерал Ягодкинді жіберді. 24 шілдеде Көкпектіге орыс-казак бөлімі мен қару-жарақ жіберілді [15].

7 тамызда жақсы қаруланған орыс-казак бөлімі Мүрсәлім Бектенұлын іздеп, тауға беттеп келе жатып, Мүрсәлімнің негізгі жасағына қосылуға беталған мың адамдық жасақпен кездескен. Қазақ жасағының қоршап алуына жол бермей, орыс-казак жүздігі қаруы нашар қазақтарды үздіксіз оқтың астына алған. Шайқаста көтерілісшілер жағынан 20-ға жуық адам қаза тапқан. Семей облысының әскери губернаторы Ф.Ф. Чернцов бұл топтың да тауға Бектенұлына қосылуға бара жатқанын хабарлайды [10]. 13 тамызда толқулар Семей облысының бүкіл 5 уезін қамтып, күшейе түседі. 14 тамызда Мүрсәлім жасағы мен жазалаушы әскер бөлімі арасында шайқас болған. Көтеріліске қатысқан Көкжыра ауылының тұрғынының айтуынша, шайқас кезінде Мүрсәлім өз жігіттеріне «орыс әскерінің аттарын ғана атып, өздерін өлтірмеңдер, егер олар өлсе, ауылды қырып кетеді» деп бұйрық берген. Жақсы қаруланған және жаттықтырылған әскер тықсыра бастаған кезде, қаруы аз қазақ жасағы кеш қараңғысын пайдаланып, тауды беткейлеп, шегініп кеткен. Тау арасында түн ішінде жасақты қууға батылы бармай, казак бөлімі кері қайтқан.

Петроградтағы Полиция департаментінің Дала өлкесінің генерал-губернаторынан және Семей облысының әскери губернаторынан алған мәлімдемелері бойынша жинақтаған баяндамасында Зайсан уезінде толқулар айрықша қуатты болғаны атап көрсетілген. По-

лиция департаментінің мәліметі бойынша, 18 тамызда Көкпекті ауданындағы толқу басылып, 6 болыстың басшылары майданға қара жұмысқа жігіттерді беретінін хабарлаған, ал Базар-Баспан болысының халқы бағынудан бас тартып, жігіттердің көпшілігі Хабар-Асуда шоғырланған жасаққа кеткен [16]. 23 тамызда Ф.Ф. Чернцов Дала өлкесінің генерал-губернаторына Базар-Баспан болысының қазақтарының көтерілісі әлі де басылмай жатқанын хабарлаған [17]. 26 тамызда Н.А. Сухомлинов Петроградқа Ішкі істер министрлігіне Зайсан уезінің Базар-Баспан болысының (құжатта «Баспанбазар болысы» деп жазылған. – Г.К.) қазақтары бағынудан табанды түрде бас тартып, Қытайға көшіп жатқаны туралы жеделхат жіберді [1, 558-б.]. Осылайша Зайсан уезінен майданға қара жұмысқа жіберілетін жігіттерді жинаудың өзі көтеріліске байланысты ұзақ уақыт іске аспаған. Ақмола, Семей және Орал облыстарындағы ретсіз жағдайларды тексеру жөнінде тапсырма алған Ішкі істер министрлігі Кеңесінің мүшесі В.Г. Кондоидидің баяндамасында 6 қарашаға дейін Зайсан уезінен тізімге іліктірілген жігіттердің 10376-сы әлі келмегені, қара жұмысқа бар-жоғы 4 адам ғана алынғаны туралы мәлімет берілген [1, 503-б.].

- 14 Ryskulov T. Sovremennij Kazahstan // Sm. Izbrannye trudy. – Alma-Ata: Kazahstan, 1984. – S. 154-169.
- 15 Ryskulov T. O «formirovanii kazahskoj nacii» i kazahskom proletariate (Po povodu stat'i «Kazahskij proletariat» tov. Brudnogo) // Izbrannye trudy. – Alma-Ata: Kazahstan, 1984. – S. 119-126.
- 16 Tolybekov S.E. Obshestvenno-jekonomicheskij stroj kazahov v XVIII-XIX vekah. – Alma-Ata, 1959. – 448 s.; Ego zhe. Kochevoe obshhestvo kazahov v XVII-nachale XX veka. Politiko-jekonomicheskij analiz. – Alma-Ata, 1971. – 632s.
- 17 Tolybekov S.E. Kochevoe obshhestvo kazahov v XVII – nachale XX veka. Politiko-jekonomicheskij analiz. – Alma-Ata, 1971. – 632 s.
- 18 Erenov A.E. Ocherki po istorii feodal'nyh zemel'nyh odnoszenij u kazahov. – Alma-Ata, 1960. – 158 s.
- 19 Bichurin N.Ja. Sbranie svedenij o narodah, obitavshih v Srednej Azii v drevnie vremena. – T.1. – Almaty, 1998. – 389s.
- 20 Igibaev S.K. Gornaja promyshlennost' i zemel'nyj vopros // Izvestija AN KazSSR. Serija obshhestvennyh nauk. – 1990. – № 3. – S. 26-33.
- 21 Sedel'nikov T. Bor'ba za zemlju v Kirgizskoj stepi (Kirgizskij zemel'nyj vopros i kolonizacionnaja politika pravitel'stva). – SPb., 1907. – Pereizd. – Alma-Ata, 1991. – 125 s.

Кожобекова Ж.Б.

Түрік қағанаты мемлекеттілік мәселесінің ХХ ғасырдың 30-60 жылдарындағы зерттелуі

Мақала ортағасыр түрік халықтарындағы мемлекеттік мәселесі жайлы сөз қозғаған ғалымдардың пікірлерін талдауға арналған. ХХ ғасырдың 30-60 жылдары зерттеу жұмыстарын жүргізген С.В. Киселевтің, С.П. Толстовтың, Н.Н. Козьминің, А.Н. Бернштамның, М.И. Артамоновтың түрік тарихына арналған еңбектеріндегі түрік мемлекеттілігі мәселесі салыстырыла қарастырылады. Сонымен қатар, ХХ ғасырдың ортасында түрік мемлекеттілігі жайлы ой қозғаған шет ел ғалымдары А. Тойнбидің, О. Латтимордың, Р. Груссеңің пікірлері талданады. Осы уақыттағы кеңестік зерттеушілердің негізгі тұжырымдары көшпелі қоғамдағы мемлекеттілік таптардың пайда болуы нәтижесінде орын алған деген ойға келіп саяды.

Түйін сөздер: Түрік мемлекеттілігі, Кеңестік тарихшылар, Шетел тарихшылары, Таптық көзқарас.

Kozhabekova Z.B.

Problems of Turkic statehood in the works of Soviet historians

The article provides a brief overview of the historiography of medieval Turkic statehood. The chronological framework of the study is 30-60 years of the twentieth century. Are given the conclusion of Soviet historians-turkologist about statehood of Turkic peoples. We try to make comparative analysis of the works of Soviet scholars like S.V. Kiselev, S.P. Tolstov, N.N. Kozmin, A.N. Bernshtam, M.I. Artamonov. And also considered the work of foreign historians such as Arnold Toynbee, O.Lattimor, R.Grusse, who in turn tried to solve the problem of the emergence of Turkish statehood.

Key words: Turkic statehood, Soviet scholars, foreign historians.

Кожобекова Ж.Б.

Вопросы тюркской государственности в работах советских историков 30-60-х годов ХХ века

В статье дается краткий историографический обзор средневековой тюркской государственности, хронологические рамки исследования – 30-60 годы ХХ века. Приведены заключения советских историков, занимавшихся тюркологией о государственности тюркских народов. Дается сравнительный анализ работ таких советских исследователей, как С.В. Киселев, С.П. Толстов, Н.Н. Козьмин, А.Н. Бернштам, М.И. Артамонов. А также рассматриваются работы зарубежных исследователей, таких как А. Тойнби, О. Латтимор, Р. Груссе, которые, в свою очередь, попытались решить проблему возникновения тюркской государственности.

Ключевые слова: тюркская государственность, советские ученые, зарубежные историки, классовая идеология.

**ТҮРІК ҚАҒАНАТЫ
МЕМЛЕКЕТТІЛІК
МӘСЕЛЕСІНІҢ
XX ҒАСЫРДЫҢ
30-60 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ
ЗЕРТТЕЛУІ**

Жалпы Сталиндік жүйе орнағанға дейінгі кезеңдегі Орталық Азиядағы ежелгі және орта ғасырлардағы көшпелі халықтардың тарихын зерттеуде біршама болсын эволюционистік теория байқалып, ғалымдар көшпелілерде мемлекет қалыптасуы барысында қандай әлеуметтік құрылым алдыңғы қатарда жүрді, қалыптасушы биліктің сипаты қандай және көшпелі мемлекеттердің құрылу себептері тәрізді сұрақтардың шешімін табуға тырысқандығы байқалады. Зерттеушілер көшпелі мемлекеттің қалыптасуы ретінде ру-тайпалық құрылымның, олардың ішіндегі ақсүйектер мен қарапайым халықтың арасындағы күрестің және жеке тұлғалардың, яғни ру көсемдерінің ықпалын басты назарда қарастырған.

Ал осы кезең Еуропада жеке шығыстанушылық бағыттың қалыптасуымен тұспа-тұс келеді. Шығыс халықтарының тарихын, географиясын, тілін және т.б. зерттеуге бағытталған арнайы орталықтар құрылады. Бірақ олардың көпшілігінде көшпелілікті зерттеу шектеулі түрде болып, көшпелі қоғам артта қалған, ру-тайпалық сипаттағы ұйым ретінде суреттелді.

Зерделеніп отырған мәселені қарастырушы ғалымдардың ізденістері, әсіресе кеңестік мектеп өкілдерінің негізінен сол кездегі саяси биліктің шырғауы аясында жүргізілді деп тұжырым жасауға болатындай. К.Г. Ахсановтың сөзімен айтсақ, осы кезеңдегі зерттеулер Сталиннің көзқарастарымен өлшеніп, түркология саласында тарихи материализм жорамалдарына сүйенген ғалымдар жетекші орынға шығады [1, с. 43]. Егер XX ғ. 20-жылдарына дейінгі зерттеулердің басты мақсаты сол кездегі Ресейдің Азиялық бөлігіндегі халықтар жөнінде деректер мен мәліметтер жинақтау болса, ендігі кезеңде идеологиялық сипаттағы міндеттер мен таптық күрестің мәселелері алдыңғы орынға шығады. С.П. Толстовтың пікіріне сүйенер болсақ, ендігі жерде тарихи зерттеудің сәттілігіне кеңестік Шығыстың көшпелі және жартылай көшпелі ауылдарының әлеуметтік жаңғыртпасы мен еңбекшілер бұқарасының империализмге қарсы жемісті күресі байланысты болды [2].

Осы бағыттағы алғашқы еңбектер қатарына С.В. Кисилевтің Минусин қазаншұңқырында жүргізген археологиялық зерттеулері нәтижесінде жарияланған «Разложение рода и феодализм на Енисее» атты мақаласын жатқызамыз [3]. Ол археоло-

гиялық мәліметтерді талдай келе, сол мәдениетті қалдырушы қоғамның феодалдық құрылыста болғандығын жазады [3, с. 27-29]. Ал, көшпелілердегі мемлекеттілікті қарастыру барысында С.В. Киселевтің өзіндік ұстанымы болды. Оның пікірінше, ғұндардан басталған рулық ыдырау ежелгі түрік қоғамында жалғасын тауып, құлдарды пайдалану қоғамдық құрылыста өзгеріс әкелген. Мұнда ақсүйектер қатардағы көшпелілерден қарсылық көріп, соның нәтижесінде ежелгі түрік ақсүйектерінің бірігуі, яғни түрік мемлекеті «мәңгілік ел» қалыптасқан. Зерттеушінің пайымдауына, «түрік елі» дегеніміз – бір шақтағы мемлекеттік құрылым және ақсүйектер ұйымы. Сонымен қатар ол түріктердің жаулап алу соғыстары қатардағы көшпелілерді өздеріне бағындырғысы келетін ақсүйектер мен оларға қарсы топтың арасындағы белгілі бір мәміле болған. Жорықтардың сәтті аяқталуы қоғам ішіндегі күресті уақытша тоқтатып, оған қатысушы ақсүйектер мен қатардағы жауынгерлерге үлкен олжа әкелген [4, с. 505].

Қарастырылып отырған мәселе бойынша пікірталасқа толы тұжырымдар қатарына С.П. Толстовтың көшпелілердегі жер заңды түрде қауым меншігінде болғанымен, шындығына келгенде жерді малы көп адам пайдаланды деген пікірін жатқызуға болады [5]. Ғалым өзінің негізгі ұстанымында таза көшпелілер болған емес, оларда отырықшылық пен егіншіліктің белгілері кездесетіндігін алдыға тартады. Сонымен бірге оның пікірінше, кез келген қоғам өзінің даму сатысында құлиеленушілік формациядан өткен. Осыған қатысты былай дейді: «Қолдағы материал бойынша Орталық Азия көшпелілерінің тарихында екі құлиеленушілік саты болған: ерте кезеңіне – ғұндар, соңғы кезеңіне – VIII-IX ғғ. феодализмге өту нышандары байқалған үдеріс моңғол жаулап алушылығымен толық аяқталды» [5, с. 179]. С.П. Толстовтың ойынша, таптық қоғам – тайпалық территорияда құрылуы мүмкін емес. Ол кеңеюді қажет етеді, соның нәтижесінде жаулап алу соғыстары жүрген. Ал жаулап алу соғыстарының өзі, оның пікірінше, екі этностың қақтығысы емес, керісінше этногенез үдерісінің жарқын көрінісі екендігін К.Г. Ахсанов атап өтеді [1]. Ал түрік қағанатындағы мемлекеттік құрылым он екі көшпелі тайпадан құралған одақ түрінде болып, олар өздерінің әкімшілік құрылысын толық сақтаған, тек салық төлеумен шектелген тайпалар мен қала-мемлекеттердің үстінен қараған [2, с. 193]. Түрік қағанатының өзі көшпелі тайпалардың одағын құраған ірі әрі күрделі саяси бірлестік. «Ел» – ұғымын С.П. Тол-

тов ежелгі саяси түсінік бойынша мемлекет деп аударып, оның аумақтық ұғымға қатыссыз екендігін айта келіп, ежелгі гректік «полис» терминімен байланыстырады. Одан әрі ол ежелгі түрік қоғамының әлеуметтік жағынан біртекті еместігін сипаттай отырып, олардағы ру-тайпалық ақсүйектер тобын жіктейді: бірлестіктің әскери көсемі – қаған, қағанаттың жоғарғы билік өкілдері – шад және ябғу, тайпа басшылары – бектер, ру көсемдері – тархан [6]. Сонымен қатар зерттеуші ежелгі түрік қағанатында әлеуметтік теңсіздіктің болғандығын Абрүй жөніндегі аңыздың негізінде дәлелдеуге тырысады. Оның көзқарасы бойынша, Абрүй бастаған қозғалыс төменгі таптың ежелгі түрік ақсүйектерінің оларды кіріптар етуіне қарсы бағытталған күрес белгісі [7]. Жалпы С.П. Толстовтың қай еңбегін алсақ та, оның пікірінше, ортағасырлық көшпелі халықтарда рулық жүйе, құлиеленушілік және феодалдық қатынастардың түрлі формалары қатар жүрген.

Осындай бағытта зерттеу жүргізген ғалымдардың бірі Н.Н. Козьмин болды. Оның «Классовое лицо «Атысы» Йоллыг-Тегина, автора орхонских памятников» атты мақаласында түріктердің қоғамдық қатынастарына анықтама береді. Онда ол В.В. Бартольдтың түрік қоғамы демократиялы болды деген пікіріне қарсы шыға отырып: «Бүкіл түрік жері әлеуметтік жағынан біртекті топты құрайтын, шаруашылығы мен саяси күші жағынан әртүрлі бектер арасында бөліске түсті. Қаған дегеніміз – задында бәрінен күшті әрі қуатты бек, ал қалғандары өздерінің иеліктерінде кіші бектер болды. Оның маңайына оғландары мен оғұштар және құлдар мен шаруалар топтасқан. Рулық қатынастар жөнінде айту мүмкін емес. Бектер мен қара халық бір-біріне қарама-қайшы қойылған...», – деген қорытынды жасап, ежелгі түрік қоғамы феодалдық-ақсүйектік сипатта болғандығын алдыға тартады [8]. Сонымен бірге осы мақаласының соңында ежелгі түрік мемлекетінің қалыптасуын Батыс Еуропадағы франктер мемлекетімен қатар жүргендігін салыстыра отырып, ортада жатқан қашықтыққа қарамастан екі мемлекетте де бірқатар ұқсастықтар бар екендігін тамсана жазады [8, с. 276].

Осы автор өзінің «К вопросу о турецко-монгольском феодализме» деген кітабында түріктерде демократия болды деген зерттеушілерді одан ары сынға алады. Ежелгі түріктер, тіпті олардан бұрынғы ғұндардың өзі ескі рулық қатынаста өмір сүрмегендігін атап өте отырып Н.Н. Козьмин ойын төмендегіше жалғайды: «Түрік мемле-

кеті жеке адамдардың, жекелеген отбасылардың бірлестігі емес. Бұл иерархиялық саты бойынша жоғары өрлеп келе жатқан қоғамдық ұйымдардың бірлестігі болды. Мемлекеттік құрылым ыдыраған кезде оның ұсақ немесе ірі бөлшектері жаңа бір құрылымға бірігетін. Бірақ олар Бартольд пен Владимирцов есептегендей қандас немесе тілі мен дәстүрі жағынан ортақ бірлестіктер болған жоқ» [9]. Зерттеушінің тағы бір пікірі бойынша түріктердің билік жүйесі сауда жолдарының торабында орналасқан қалаларда орныққан. Яғни олар гурхан, илик-хан, ван-хан және т.б. титулдарды иеленген тұлғалар болған [9, с. 36]. Қазақстан жеріндегі қала мәдениетін зерттеген К.М. Байпаков археологиялық мәліметтер негізінде осы кезеңде түріктерде мемлекеттік институттардың қалыптасуы ірі қала орталықтарының дамуымен қатар жүрді деген пікірі Н.Н. Козьминнің тұжырымдамасымен үйлесіп тұрса керек [10].

Кеңестік кезеңде түрік мемлекетігіне қатысты көптеген еңбектер жазған зерттеушілердің бірі А.Н. Бернштам. Ол «Происхождение турок» атты мақаласында ғұндар мен түріктер арасындағы сабақтастықты қарастыра отырып төмендегідей ой білдіреді: «Ғұндар бізге варварлық қоғам ретінде көрінеді. Оларда құлдық кеңінен жайылған. Олармен салыстырғанда түріктерде феодалдық құрылым белгілері болған» [11]. Түріктердің шығу тегі үдерісін зерттеуші феодализм үдерісімен сәйкес келетін этногенездің ерекше түріне жатқызады. Оның ерекше белгілері ретінде, бір жағынан, феодализм жабайылардың жемісі, екінші жағынан, бұл үдеріс шаруашылық қарым-қатынастың айрықша түрі көшпелі мал шаруашылығымен байланыстырылады. Соның нәтижесінде ежелгі түрік мемлекеті «жабайы» тайпалардың ортасында өзіндік бір феодалдық арал болып табылды [11, с. 49-50]. Осылай дей отырып зерттеуші түріктердің мемлекеттілігіне қатысты «аспан елі» деген терминді қолданып өзіндік тұжырымын жасайды. Оның көзқарасын толыққанды жеткізу үшін еңбегінен үзіндіні сол қалыпында беруді жөн көріп отырмыз: «Турецким назывался ал (ел – Ж.Қ.) – союз родовой аристократии и бегства. Названием «турк» господствующий класс «окрестил» то многоплеменное образование, которое известно нам как турецкое государство VI-VIII вв. нашей эры, как «небесный эль». Таким образом, мы считаем, что название «турк», как племенное название, получило своё значение позднее и в первую очередь было названием этого объединения, которое являло собой консо-

лидацию возникающего класса эксплуататоров, выделявшихся из отдельных родов и племен.... После включения в состав турецкого государства тех или иных племён... их беги величаются уже турецкими бегами» [11, с. 47].

Көріп отырғанымыздай, А.Н. Бернштам еңбегінде қалыптасқан формациялық көзқарасты басты назарда ұстаса да, Түрік қағанаты туралы айтқанда мемлекет деген сөзді қолданады.

Ал оның «Социально-экономический строй орхоно-енисейских тюрок. VI-VIII вв.» атты еңбегінде түрік мемлекетінің қалыптасуына қатысты келесі жолдар кездеседі: «VI ғ. бастап орын алған таптық қатынас үдерістері VII ғ. соңына қарай халықтың және орхон-енисей түріктері мемлекетінің қалыптасуымен аяқталады» [12, с. 82]. Зерттеушінің ежелгі түрік мемлекетінің қалыптасуына қатысты да өзіндік тұжырымдамасы бар. Мәселен, Түрік қағанатының құрылған уақыты 552 ж. болғандығы белгілі болса да, ол толық мағынадағы мемлекет тек VII ғ. соңында, яғни осы кезде ғана ежелгі түрік халқы туралы айтуға болатындығын алдыға тартады [12, с. 86].

Ең соңында жоғарыда аталған монографиясында ежелгі түрік мемлекетінің сипатына қатысты пікірін толықтыра түседі: «Мемлекеттік бірлестікке енген тайпалар жиынтық ретінде – «ел» тайпалар одағын құрады. Бұл алғашқы қауымдық құрылыс типіндегі бірлестік емес, мемлекеттік құрылымның жабайы түрі болды», деп қорытынды жасайды [12, с. 100].

Л.Н. Гумилевтің ұстазы, тарихи көзқарастарын қалыптастырушы М.И. Артамоновтың еңбектерінде түрлі көшпелі бірлестіктердің тарихы қарастырылып, ерте ортағасырлық көшпелілердегі мемлекеттіліктің қалыптасуы талданған. Зерттеуші негізінен Хазар қағанатын басшылыққа ала отырып, көшпелілерде ерте ортағасырлық кезеңде феодалдық қатынастар қалыптасқандығын жазады [13].

XX ғ. 30 ж. батыс еуропалық және америкалық әдебиетте көшпелілер тарихын зерттеуде ерекше құлшыныс байқалады. Ол зерттеулер түрлі теориялық тұрғылар мен талдау әдістерімен ерекшеленді. Көшпелілер тарихын түсіндіруге бағытталған сондай теориялық-методологиялық тұрғылардың бірі көшпелілер қоғамын қоршаған ортамен байланыстыратын географиялық детерминизм болды. Көшпелілердегі саяси-әлеуметтік қатынастарды осы тұрғы шеңберінде түсіндіруге тырысқан Р. Груссе болды. Оның пікірінше, көшпелілердің миграциясы мен отырқышы елдерді жаулауы табиғи өзгерістерге

байланысты. Жалпы ғалымның тұжырымдамасы бойынша көшпелі империялардың гүлденуі мен күйреуі табиғат катаклизмдерімен ұштасып жатқан [14].

Шет елдік және отандық тарихнамада ерекше пікір-талас тудырған тұжырымды А.Тойнби жасады. Ол көшпелілер қоғамын тарихи дамуға мүмкіндігі жоқ, тарихы жоқ қоғам ретінде түсіндіреді. Оның схемасы бойынша көшпелі-жаулап алушылар құрған империялар, тек отырықшы елдер әлсіреген тұста ғана құрылып, тұрақсыз болған [15].

А. Тойнбидің пікірін сынға алған замандастарының бірі О. Латтимор отырықшылармен салыстырғанда көшпелі қоғамдар даму мүмкіндіктер жағынан шектеулі, бірақ ішкі және сыртқы үрдістер тұрғысынан алғанда оларда тарихи даму байқалады деп жазды. Көшпелі бақташылық жағдайында көшпелі қоғамдардың кейбірі ғана ұйымдасуы жағынан мемлекеттік деңгейге жеткен. Сонымен бірге О. Латтимор олардың өміршеңдігі отырықшы қоғаммен арақатынасы мен ықпалына байланысты болғандығын жазады [16]. Аталған зерттеушінің көзқарасы бойынша көшпелі мемлекеттер өзінің дамуында бірнеше этаптан өткен. Мемлекеттіліктің алғашқы кезеңінде көшпелілер қоғамы толығымен солардан тұрған. Келесі кезеңде орын алған сыртқы жаулап алу соғыстарының негізінде көшпелілер мемлекеті ірі державаға дейін көтеріліп, халқы отырықшылар мен көшпелілерден тұратын күрделі саяси құрылымға айналған. Көшпелілер осы

құрылымның негізін құрап, саяси элита болған. Ал үшінші кезеңде отырықшылыққа ауысқан, жер шаруашылығы мен қала тұрғындарынан салық алып тұрған басқару билік өкілдері біртіндеп өздерінің дәстүрлі шаруашылық пен билікті сақтаған руластарынан ажырай бастайды. Көшпелі басқарудың соңғы кезеңінде аталған үдерістер құрама мемлекеттің күйреуіне әкелген [16, с. 79].

О. Латтимор көшпелілерде ірі мемлекеттік бірлестіктердің қалыптасуын, көшпелі империялардың отырықшы елдерге қарсылығының нәтижесі деп көрсетеді. Сондай ірі империялық құрылым ретінде автор хұндарды атайды [16, с. 81].

Жоғарыда айтылғандардың негізінде көшпелі қоғамның саяси-әлеуметтік даму мәселесі осы кезеңдегі тарихнамада өзекті тақырыптар қатарында болғандығы туралы қорытынды жасауға болады. Осы уақыттағы кеңестік зерттеушілердің негізгі тұжырымдары бойынша көшпелі қоғамдағы мемлекеттілік таптардың пайда болуы нәтижесінде орын алған. Басты пікірталас ерте ортағасырлық көшпелі мемлекеттер құлиеленушілік немесе феодалдық формацияға жатты ма деген мәселеде жүрді.

Ал осы кезеңдегі шет елдік ғалымдар көшпелілерді отырықшылармен салыстыру тұрғысында жүрді. Олардың ойынша, көшпелілердің саяси-мемлекеттілік жүйесі өздерінің шектеулі арнайы шаруашылығын бір қалыпта ұстау үшін жүргізген соғыстары мемлекеттің тұрақтылығын қамтамасыз еткен.

Әдебиеттер

- 1 Ахсанов К.Г. Проблема становления государственности тюрков-кочевников в домонгольский период в отечественной историографии: дисс.... канд. ист. наук. – Казань, 1998. – 157 с.
- 2 Толстов С. П. Основные вопросы древней истории Средней Азии // Вестник древней истории. – 1938. – №1. – С. 176-203.
- 3 Киселев С.В. Разложение рода и феодализм на Енисее // Известия Государственной академии истории материальной культуры. – 1933. Вып. 65.
- 4 Киселев С.В. Древняя история Южной Сибири. – М.: Изд-во АН СССР, 1951. – 642 с.
- 5 Толстов С.П. Генезис феодализма в кочевых скотоводческих обществах // Известия Государственной академии истории материальной культуры. – М.-Л., 1934. – Вып.103. – С.171-199.
- 6 Толстов С.П. Древний Хорезм. – М., 1948. – 352 с.
- 7 Толстов С.П. Тирания Аброя (Из истории классовой борьбы в Согдиане и тюркском каганате во второй половине VI в. н.э.) // Исторические записки. – М.: Изд-во АН СССР, 1938. – Т.3. – С. 3-53.
- 8 Козьмин Н.Н. Классовое лицо «Атысы» Йоллыг-Тегина, автора орхонских памятников // Сергею Федоровичу Ольденбургу. Пятидесятилетие научно-общественной деятельности 1882-1932: сборник статей. – Л., 1934. – С. 262-276.
- 9 Козьмин Н.Н. К вопросу о турецко-монгольском феодализме. – Иркутск, 1934. – 148 с.
- 10 Байпаков К.М. Город и степь в эпоху средневековья (по материалам Южного Казахстана и Семиречья) // Взаимодействие кочевых культур и древних цивилизаций. – Алма-Ата: Наука, 1989. – С. 336-345.
- 11 Бернштам А.Н. Происхождение тюрков // Проблема истории докапиталистических обществ. – М., 1935. – № 5-6. – С.43-54.
- 12 Бернштам А.Н. Социально-экономический строй орхон-енисейских тюрков VI – VIII вв. – М.: – Л.: Изд-во АН СССР, 1946. – 207 с.

- 13 Артамонов М.И. Саркел и некоторые другие укрепления северо-западной Хазарии // Советская археология. – 1940. – Т.6. – С. 130-167.
- 14 Груссе Р. Империя степей. История Центральной Азии / пер. В. Мирзаянова. – Казань: Слово, 2012. – 528 с.
- 15 Тойнби, А.Дж. Постигание истории / пер. с англ. – М.: Прогресс, 1991. – 736 с.
- 16 Шаисламов А.Р. Социальная история номадизма. Проблемы изучения и оценки исторического развития кочевых обществ: дисс. канд. ист. наук. – Казань, 2009. – 182 с.

References

- 1 Ahsanov K.G. Problema stanovenija gosudarstvennosti tjurok-kochevnikov v domongol'skij period v otechestvennoj istoriografii. diss.... kand. ist. nauk. – Kazan', 1998. – 157 s.
- 2 Tolstov S. P. Osnovnye voprosy drevnej istorii Srednej Azii // Vestnik drevnej istorii. – 1938. – №1. – S. 176-203.
- 3 Kiselev S.V. Razlozhenie roda i feodalizm na Enisee // Izvestija Gosudarstvennoj akademii istorii material'noj kul'tury. – 1933. Vyp. 65.
- 4 Kisilev S.V. Drevnjaja istorija Juzhnoj Sibiri. – M.: Izd-vo AN SSSR, 1951. – 642 s.
- 5 Tolstov S.P. Genezis feodalizma v kochevyh skotovodcheskih obshhestvah // Izvestija Gosudarstvennoj akademii istorii material'noj kul'tury. – M.-L., 1934. – Vyp.103. – S.171-199.
- 6 Tolstov S.P. Drevnij Horezm. – M., 1948. – 352 s.
- 7 Tolstov S.P. Tiranija Abruja (Iz istorii klassovoj bor'by v Sogdiane i tjurkskom kaganate vo vtoroj polovine VI v. n.je.) // Istoricheskie zapiski. – M.: Izd-vo AN SSSR, 1938. – T.3. – S. 3-53.
- 8 Koz'min N.N. Klassovoe lico «Atysy» Jollyg-Tegina, avtora orhonskih pamjatnikov // Sergeju Fedorovichu Ol'denburgu. Pjatidesjateletiju nauchno-obshhestvennoj dejatel'nosti 1882-1932: sbornik statej. – L., 1934. – S. 262-276.
- 9 Koz'min N.N. K voprosu o turecko-mongol'skom feodalizme. – Irkutsk, 1934. – 148 s.
- 10 Bajpakov K.M. Gorod i step' v jepohu srednevekov'ja (po materialam Juzhnogo Kazahstana i Semirech'ja) // Vzaimodejstvie kochevyh kul'tur i drevnih civilizacij. – Alma-Ata: Nauka, 1989. – S. 336-345.
- 11 Bernshtam A.N. Proishozhdenie turok // Problema istorii dokapitalisticheskikh obshhestv. – M., 1935. – № 5-6. – S. 43-54.
- 12 Bernshtam A.N. Social'no-jekonomicheskij stroj orhono-enisejskih tjurok VI – VIII vv. – M.; – L.: Izd-vo AN SSSR, 1946. – 207 s.
- 13 Artamonov M.I. Sarkel i nekotorye drugie ukreplenija severo-zapadnoj Hazarii // Sovetskaja arheologija. – 1940. – Т.6. – S. 130-167.
- 14 Grusse R. Imperija stepej. Istoriya Central'noj Azii / per. V. Mirzajanova. – Kazan': Slovo, 2012. – 528 s.
- 15 Tojnbi, A.Dzh. Postizhenie istorii / per. s angl. – M.: Progress, 1991. – 736 s.
- 16 Shaislamov A.R. Social'naja istorija nomadizma. Problemy izuchenija i ocenki istoricheskogo razvitija kochevyh obshhestv: diss. kand. ist. nauk. – Kazan', 2009. – 182 s.

Байгараев Н.А.

XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың бас кезіндегі Қазақ даласындағы мұсылмандық білім беру тарихынан

Мақалада ресейлік отаршылдық саясаттың күшейген кезеңі, яғни XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың бас кезіндегі Қазақ даласындағы мұсылмандық білім беру жүйесінің тарихы қарастырылады. Автор дәстүрлі оқу орындарының қызметін, мектептер мен медреселердің қарқынды дамуын, зерттеліп отырған кезеңдегі мұсылмандық білім берудегі модернизациялық үдерістерді ашып көрсетеді. Сонымен қатар, мақалада «Мухаммадия» және «Хусаиния» медреселерінде қазақ даласынан келіп оқыған оқушылар туралы архив мәліметтері беріледі. Сондай-ақ Қ. Жұбанов өмірбаянына қатысты, оның расында «Хусаиния» медресесінде оқығанын растайтын архив құжаты жарияланып отыр.

Түйін сөздер: жәдидшілдік, ағартушылық, зайырлы білім, мектеп, медресе.

Baigarayev N.A.

Fragments from a history of Muslim education in the Kazakh steppe at the end of XIX – early XX centuries

The article highlights the history of Muslim education in the Kazakh steppe at the end of XIX – early XX century, in the period of strengthening of the Russian colonial policy. The author examines the activities of traditional schools, showed growth of maktabe and madrasa, are disclosed processes of modernization in the Muslim education in the study period. Also, the article provides archival data for studying in madrassas «Muhammadiyah» and «Husain» from the Kazakh steppe. Published archival document on the biography of K. Zhubanov that he actually studied in madrassas «Husain».

Key words: jadidism, enlightenment, secular education, maktaba, madrasa.

Байгараев Н.А.

Из истории мусульманского образования в Казахской степи в конце XIX – начале XX вв.

В статье освещается история мусульманского образования в Казахской степи в конце XIX – начале XX века, в период усиления российской колониальной политики. Автор рассматривает деятельность традиционных учебных заведений, рост мектебе и медресе, процессы модернизации в мусульманском образовании в изучаемый период. В статье приводятся архивные данные по обучавшимся в медресе «Мухаммадия» и «Хусаиния» из Казахской степи. Опубликован архивный документ, касающийся биографии К. Жубанова о том, что он действительно обучался в медресе «Хусаиния».

Ключевые слова: джадидизм, просветительство, светское образование, мектебе, медресе.

**ХІХ ҒАСЫРДЫҢ
СОҢЫ – ХХ ҒАСЫРДЫҢ
БАС КЕЗІНДЕГІ ҚАЗАҚ
ДАЛАСЫНДАҒЫ
МҰСЫЛМАНДЫҚ БІЛІМ
БЕРУ ТАРИХЫНАН**

ХІХ ғасырдың аяғы – ХХ ғасырдың басында қазақ даласындағы ағартушылық жұмысының бір бағыты мұсылмандық мектептер мен медреселер желісімен жүзеге асырылды. Мәдениет өскелең ұрпақты қоғамда өзін ұстауға, танытуға және орнын табуға үйрететін негізгі фактор болғандықтан, мұсылмандық білім беру жүйесі рухани мәдениеттің бір бөлшегі ретінде қазақ халқының ұлттық танымының қалыптасуына үлкен ықпал етті.

ХІХ ғасырда мектеп пен медреседе білім беру ісі ескі әдісте жүзеге асырылды. Мектеп – бұл бастауыш үлгідегі оқу орны, мұнда балалардың сауатын ашып, құранды жатқа оқытатын болған. Оны аяқтағаннан кейін ауқатты қазақ балалары медреселерге оқуын жалғастыруға аттанған. Медресе – бұл мұсылмандық құқықтың білгірі, рухани дамыған, діни-адамгершілік негізде тәрбиеленген тұлғаны даярлайтын орта және жоғары оқу орны болып есептелінді. Сонымен қатар, медресе оқытушыларды дайындайтын «жоғары оқу орны» қызметін де атқарды. «Қазақтарда басқа исламды қабылдаған халықтар сияқты діни мектептің екі түрі болды: бастауыш-мектеп (араб. мактаб) және жоғары-медресе (араб. мадраса). Мектептің міндеті Құран және басқа да діни кітаптар мәтінін жазуға (сауат ашуға) және оқуға үйрету болып табылды. Медресе исламның білгірлері, мұсылмандық дінді және мұсылмандық құқықтың мәселелерін түсіндірушілердің дәріс (дарс) оқитын орыны болды» [1, 24 б.].

ХІХ ғасырда патшалық Ресей империясы кейде мектептердің орнына медресе атауын да қолданғаны белгілі. Дәстүрлі мектептердің қырғыз (қазақ), татар, башқұрттардағы аталуы жөнінде белгілі түркітанушы, Қазан округіндегі татар, башқұрт және қырғыз мектептерінің инспекторы В.В. Радлов өз еңбектерінде мектеп атауының Ресейдің кейбір аймақтарында медресе деп те алғанын айтады [2, 15 б.].

Мектептердегі оқу мерзімі әр түрлі болды, оқушының ынтасына байланысты 3 жылдан 5 жылға дейінгі аралықта. Оқудың алғашқы жылында араб графикасын, «Аптиек» (Хафтийек) игерген, екінші жылы – оқу, Құран мәтіндерін жаттау. Күніне 2-3 әріпті және мәтіннің бірнеше жолдарын жаттаған. Сонымен қатар, «Иман шарт», «Чар-Китаб», татар тіліндегі «Бадауам»,

«Кырык фарыс» және т.б. дұға, шарифат, парыз мәтіндерін қамтыған оқу құралдарын пайдаланған [1, 25-26 бб.]. Мектепте оқытылған оқу құралдарының қатарында, Құранды түсіндіріп аударған Шәкәрім Құдайбердіұлының редакциялауындағы балаларға үзінділер түсіндіріп жазған кітабы және бірінші қазақ кириллицалық сөздігінің авторы Ы.Алтынсариннің кітаптары да болды [3].

Оқытушы қызметіне есейіп кемелденген, медресені тәмамдағаны туралы дипломы бар адамды алған. Патшалық билік мұсылмандық оқу орындарының қызметін бақылауда ұстауға тырысты. 1867-1868 жылғы әкімшілік реформалар бойынша мектеп пен медресе ашу үшін үйез басшысынан рұқсат алу керек болды.

XX ғасырдың бас кезінде дәстүрлі мектептер мен медреселер заман талабына сай қоғамды қанағаттандыра алмады. Сондықтан да көзі ашық ұлт зиялылары, жәдидтер мұсылмандық оқу орындарын жандандыру қозғалысын бастады. Олардың тікелей басшылығымен жаңа әдіспен оқытатын мектептер ашыла бастады. XIX – XX ғасырлар шегінде қазақ қоғамында беделді оқу орындарында, медреселерде білім алған жастар көбейіп, олар жаңаша білім алып, еуропалық ғылым мен қоғамдық-саяси өмір жетістіктерімен танысып, қазақ даласына ағартушылықтың жаңа лебін әкелу қазақ қоғамын, мәдениетін қалыптастырудың алғышарты болады деп есептеді. Шынында да, білім берудегі реформа XX ғасырдың бас кезіндегі қазақтардың рухани мәдениетінің негізгі өзегі болды. Заман ағымынан қалып қоймай, жан-жақты түрлі ғылым салаларын игеруді көздеген олардың іс-әрекеті мерзімді басылымдарда жарық көрді [4, 138-139 бб.].

Жәдидтер өздері оқыған медреселердегі білім, тәлім, тәрбиені ұштастырып, жергілікті халықтың талабына сай оңтайландыруды ұсынды, олардың қатарында оқу барысын дұрыс ұйымдастыру үшін мектепке қажет оқу құралдарын жазғандары да болды. Жәдидтер өз халқын білімді, құлдықтан, рухани дағдарыстан еркін халық ретінде көргісі келді. «Алдыңғы қатардағы ұлттық интеллигенция орыс және еуропалық білім жүйесінің әсер етуімен діни қағидаттарды жаттату мен оларды түсіндіруді оқытудың негізі етіп алған ортағасырлық мектептерге қарсы шықты. Жәдидтер оқытудың жаңа, дыбыстық әдісін ұсынды, сонымен қатар, мектепте діннен басқа, ана тілі мен әдебиетін, математиканы, тарихты, жағрафияны және басқа да дүниаяу ғылымдарды оқытуды талап етті» [2,

45 б.]. Жаңа әдісте оқыту жүйесінің ерекшелігі, бұрынғы әріптеп, буынға бөліп оқыту әдісінің орнына дыбыстап оқытуды енгізу арқылы оқу мерзімін екі есеге қысқартты.

Қазақ даласындағы зайырлы білім беру ісі жергілікті халықтың талап мүддесіне сай қызмет атқарды. Тіпті қазақ халқының көшпелі өмір сүру жағдайы да сауат ашуға кедергі келтірмеді. Өйткені көшпелілік тұрмысына лайықталған мұсылмандық оқу орындары «көшпелі гимназиялар» жұмыс жасады. Сондықтан да ауылдық жерлердің бәрінде дерлік мектептер жұмыс жасады. Ал ауыл молдасынан білім алған жастар оқуын ары қарай медреседе жалғастырды. Медреседе білім алған кейбір жастар жазғы демалыстарында ауылда бала оқытумен айналысқан. Мәселен, Орынбор облыстық Мемлекеттік архивіндегі құжаттарда қазақ, татар жастары – мударристер жазғы демалыс кезінде қазақ даласында білім беру мақсатында жылжымалы киіз үй-мектептерін ұйымдастырып, жұмыс жасағаны туралы мәліметтер кездеседі. Ондағы білім берудің дыбыстап оқыту әдісімен жүргізілгені, тіпті оқу ақысының жоғары болуына қарамастан, білім алушылардың санының көп болғаны айтылады. «В Сыр-Даринскую и другие области туркестанского Края в течений нескольких последних лет на летнее вакационное время выезжают молодые татары мударисы из татарского мадраса «Галие» в гор. Уфе и открывают летучие юрты-школы для местного киргизского населения... Влияние пришлых учителей на местных киргиз настолько велико, что некоторые из киргиз отправляются на зиму в Уфу и принимаются татарами в тоже мадраса «Галие» на обучение» [6, 21 п.]. Яғни жаз бойы осындай жолмен сауат ашқан қазақ жастары жәдидшілдіктің ірі орталықтары болған Орынбор, Қазан және Уфа сияқты қалаларға білімін медреседе жалғастыруға аттанатын болған.

Сондай медреселерде оқыған қазақ жастарының тізімін келтірер болсақ, мысалы, 1913-1914 оқу жылы «Мұхаммадия» медресесінде білім алғандар Абдуллин К. (Ақтөбе үйезі) [7, 7 п.], 1914-1915 оқу жылында Дауылбаев С.А. (Ақмола үйезі) [8, 357-п.с.], Ирғалиев Б. (Тереңқұдық ауылы), Шығыров Н. (Тереңқұдық ауылы) [8, 358 п.], Аюпов А. (Тұмаш ауылы), Аралов Л. (Кемесай ауылы) [8, 359-п.с.], Жүсіпов С. (№2 болыс, Астрахан губ.), Мұрселеев М. (№4 болыс, Астрахан губ.), Айталиев Н. (№4 болыс, Астрахан губ.). [8, 360-п.], 1916-1917 оқу жылы «Мұхаммадия» медресесінде білім алған Теміралиев З. [9, 237-п.], (Астрахан губ.), осы жылы жоғарыда

аты аталған Л. Аралов, С.А. Дауылбаев, А. Аюповтар келесі сыныпта оқыған [9, 239-240-пп.], Шабакөв Н. (Тереңқұдық ауылы Астрахан губ.). [9, 241-п.]. Бұл «Мұхаммадия» медресесінде 1913-1917 жылдар аралығында білім алған қазақ жастары, негізінен басым көпшілігі Астрахан губерниясының тұрғындары. Бұдан басқа архив құжаттарының ішінен Ахунов медресесінде 1913-1914 оқу жылында Сұнали болыстығының тұрғындары Ғ. Суннятов пен Ғ. Бисанғалиевтер сияқты қазақ жастарының оқығаны туралы дерек кездестіреміз. [10] Сонымен қатар осы аралықта, яғни 1914-1917 жылдарда Хусаиния медресесінде оқыған қазақ жастарының саны – 45. Мәселен, 1916-1917 оқу жылында Ішкі Қырғыз Ордасынан Х.Ж. Басымов [11, 226 п.], Ырғыз үйезінен А.Д. Имашев, [11, 217-п.], Ақтөбе үйезінен Х.Ж. Өтемісов [11, 180-п.] және т.б. қазақ жастарының оқығаны жөнінде Орынбор облыстық мемлекеттік архивінің 213 қорының 1-ші тізімдемесінде сақталған. Сонымен қатар, архивтен табылған құжаттардың ішінде ең маңыздысы Қ. Жұбановтың өміріне қатысты дерек. Қазақ халқының біртуар азаматы, тіл білімі саласындағы алғашқы қазақ профессоры (1932), түркітанушы, педагог Құдайберген Жұбановтың өмірбаянында Хусаиния медресесінде оқыған деген дерек бар, бірақ оны растайтын құжат зерттеушілердің еңбектерінен кездестірмедік. Оның себебі медреседе оқыған қазақ жастары туралы тізім толық емес, кей жылдардыкі тіпті сақталмаған, сондықтан да зерттеушілер нақты оқығаны туралы құжатқа сілтеме жасай алмаған. Дегенмен біз Қ. Жұбановтың осы оқу орнында оқығанын растайтын құжатты таптық, оны зерттеушілердің көзден таса етіп алғаны бұл құжат араб графикасы негізінде татар тілінде жазылған, мұнда оқушы Қ. Жұбановтың медресе кітапханасынан алған оқулықтары тіркелген, ал бұл өз кезегінде Қ. Жұбановтың 1914-1915 оқу жылында Хусаиния медресесінде оқығанын дәлелдейтін дерек болып табылады [12].

Қазақ даласында отаршылдық биліктің жоғарыдан нұсқауымен ашылған училищелерінен, халық арасында мұсылмандық негізде кең етек жайған мектептер мен медреселердің беделі жоғары болды. XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың бас кезінде Қазақстан территориясында білім алуға ұмтылушылар санының күн сайын артуына байланысты жаңа мектептер мен медреселер ашылып, көбейе түсті. Қазақ жерінде жұмыс жасаған медреселердің барлығын дерлік атау мүмкін емес, өйткені бірі ресми рұқсат қағазымен жұмыс жасаса, бірі жасырын бала

оқыту ісімен айналысты. Дегенмен, баспасөз беттерінде жарияланған мақалалар бойынша жекеленген аудандарда ашылған мектептер жөніндегі ақпараттар негізінде қазақ жерінің барлық түкпірінде оқу орындары болғанына көз жеткізуге болады. Мысалы, татар газеті «Тәржіман» беттерінде қазақ жерінде жаңадан ашылып, жұмыс жасап жатқан медреселер туралы ақпараттар беріліп отырған, онда: «Жетісу облысының Сергиополь қаласында мұсылман балалары діни сауат ашатын медресе осы уақытқа дейін болмады. Жақында шақырылған имам Хабибулла Махзум Казыев жақсы медресе ашып, 70-ке жуық оқушы қабылдады. Бұл медреседе бастауыш білім Ховадже-и-субьян оқулығы негізінде жаңа әдіс бойынша оқытылады. Мударрис Троицк қаласындағы Ахмед-қажы медресесінде мұсылмандық ғылымдар курсы тәмамдағаны», – айтылады [13, 22]. Осы ақпарат негізінде бір емес екі жерде жұмыс жасап тұрған медресе туралы, ондағы білім беру бағыты туралы және оқуға деген қазақ халқының ынтасын анықтауымызға болады. Мұндай мәліметтер баршылық, оның барлығын жинақтап, бір жүйеге келтіру алда кезегін күтіп тұрған мәселелердің бірі. Қазақ халқының ынтасы дегенде, оның жаңашылдыққа құмарлығы, білуге, тануға деген құштарлығы туралы кезінде, 1886 жылы Бөкей Ордасы халықтық училищесіне инспектор қызметіне тағайындалған А.Е. Алехтров өзінің қазақ халқымен алғаш кездесуі туралы «народ этот умный,... любопытство – одна из главных его особенностей», – дей келе – «Киргиз (қазақ) интересуется положительно всем, что только может совершаться подлунном мире, близко принимая к сердцу совсем даже не относящаяся к степи явления современной жизни», – деп жазып кетеді [14, 47 б.]. А.Е. Алехтровтың қазақ халқының танымы мен қызығушылығының жоғары екенін атап өткені біздің жоғарыда айтқан қазақ жастары алғыр, білімге құштар болған деген сөзімізді растай түсетіндей.

XIX ғасырдың өн бойында қазақ жерінде Созақ («Баб ата»), Қызылорда («Қалжан ахун», «Мырзабай ахун»), Талдықорған («Мамания»), Алматы («Қорам»), Тараз («Әбдіқадыр»), Сырымбет (Айғаным медресесі), Бөкей ордасы («Орда»), Семей («Ахмет Риза», «Аякөз», «Сары Хисмат»), Орал («Мутыгия», «Рахибия», «Бузуов»), Жезқазған («Дулығалы»), Торғай («Тұз»), Орда («Аққойлы»), Шаян («Аппақ ишан»), Түркістан, Қарнак («Халфе», «Шамухамед ишан», «Молда Хашыр дамолла», «Әбілхайыр қазы»), Ақтөбе, Ырғыз, Лепсі, Мерке, Қостанай өңірлерінде мед-

реселер көптеп бой көтерді. Бұл медреселердің кейбірі жәдидшілік ағымы негізінде жаңашыл жүйеде қалыптасқан татар-башқұрт медреселері әсерімен салынды. [15, 170 б.]

XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында қазақ даласының батыс, солтүстік-батыс аудандарында жаңа ағымдағы зайырлы білім беру ісі өрістеп жатқан уақытта, оңтүстік, оңтүстік-шығыстағы оқу орындары Бұқара, Самарқанд және Орта Азияның басқа қалаларындағы оқу орындарына қарап бет түзеді.

Діни мектептер, негізінен, қазақ халқы мен ауқатты байлардың қаражаты есебінен жұмыс жасады.

Сонымен қатар, жәдидтік қозғалысты қазақ даласында жүзеге асыруда татар халқының да өзіндік үлес қосқанын да айта кетуіміз керек. Қазақ жеріне тілмаш болған және сауда жасауға келген татар көпестері бұл елде оқудың маңыздылығын көздерімен көргендіктен, мешіт пен медресе салып, Қазаннан арнайы оқыған молдаларды шақыртқан. XIX ғасырдың ортасында Қазақстан территориясында мұсылман мектептері мен медреселерде оқытушылардың басым бөлігі татар молдалары

болды. Мәселен, қазақтың тұңғыш ағартушыларының бірі Ш.Ш. Уәлиханов алғаш рет ауыл молдаларынан, татар мүдәрістерінен білім алып, мұсылмандық оқу-жазуды меңгерген. Келешекте ол татар ағартушысы Ш. Маржанимен танысады, оған ағартушылық еңбегі үшін татарлардың алдыңғы қатарлы зиялылары жоғары баға береді [16, 14 б.].

Сонымен, XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында қазақ даласында мектептер мен медреселердің көптеп ашылуы халықтың басым көпшілігін сауаттандырып қана қойған жоқ, сонымен қатар ұлттық танымын да жоғарылатты. Нәтижесінде, XX ғ. бас кезінде қазақ даласында болған саяси оқиғалар, 1905-1907 жылдардағы революцияға, Патшаның 1916 жылғы майданның қара жұмысына алу туралы жарлығына қарсы ұлт-азаттық қозғалысына, одан қала берді, 1917 жылғы Ақпан және Қазан революциясына қатысуға дайын болғандығы, тіпті ұлттық автономия құру мәселесін ту етіп көтеруі, қазақ жастарының XX ғасырдың бас кезінде өте білімді, саяси көзқарастары пісіп жетілген, өз ұлтын азат ел қатарында көргісі келетін жаңашыл саяси элита ретінде қалыптасқандығын көрсетеді.

Әдебиеттер

- 1 Мустафина Р.М. Представления, культы, обряды у казахов. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 176 с.
- 2 Медресе Казанской губернии второй трети XIX – начала XX в.: Сборник документов и материалов. – Казань: Главное архивное управление при Кабинете Министров Республики Татарстан, 2012. – 288 с.
- 3 Сактаганова З.Г., Майкенова А.Р. Распространение ислама в казахском обществе в конце XIX века // Вестник КарГУ. – №1. – Караганда, 2008. <http://e-islam.kz/ru/maqalalar/item/325-eIslam>
- 4 Ибрагим Т.К., Султанов Ф.М., Юзеев А.Н. Татарская религиозно-философская мысль в общемусульманском контексте. – Казань: Татар.кн.изд-во, 2002. – 239 с.
- 5 Тұмабаев С.Т. Кеңестік кезеңнен кейінгі Орталық Азиядағы тарих ғылымы жәдидшілдік туралы // Отан тарихы. – 2005. – №3.
- 6 ООМА. 21-к., 2-т., 618-іс. 21-п.
- 7 ТРҰА. 199-к., 2-т., 1422-іс. 7-п.
- 8 ТРҰА. 199-к., 2-т., 1498-іс. 358-п.
- 9 ТРҰА. 199-к., 2-т., 1560-іс. 237-п.
- 10 ТРҰА. 199-к., 2-т., 1422-іс. 13-п.с.
- 11 ООМА. 213-к., 1-т., 57-іс. 226-п.
- 12 ООМА. 213-к., 1-т., 40-іс. 97-п.с.
- 13 Терджиман-переводчик. 2.04.1891. №11. – 22 с.
- 14 Алектров А.Е. Указатель книг, журнальных и газетных статей и заметок о киргизах. – Казань: Тип. Императорского Университета, 1900. – 969 с.
- 15 Әбдірәсілқызы А. Қазақстандағы діни білім жүйесі: тарихы, қазіргі жай-күйі және өзекті мәселелері: «Діни білім беру және ағарту діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу факторы ретінде» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. – Астана, 2013 жыл 26 маусым. – Астана, 2013. – 170 б.
- 16 Жораева Г.Т. XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ-татар зиялыларының өзара қарым-қатынасы: тарихи талдау: т.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2007. – 26 б.

References

- 1 Mustafina R.M. Predstavlenija, kul'ty, obrjady u kazahov. – Almaty: Kazak universiteti, 1992. – 176 s.
- 2 Medrese Kazanskoj gubernii vtoroj treti HH – nachala HH v.: Sbornik dokumentov i materialov. – Kazan': Glavnoe arhivnoe upravlenie pri Kabinete Ministrov Respubliki tatarstan, 2012. – 288 s.
- 3 Saktaganova Z.G., Majkenova A.R. Rasprostranenie islama v kazahskom obshhestve v konce XIX veka // Vestnik KarGU. №1. – Karaganda, 2008. <http://e-islam.kz/ru/maqalalar/item/325-eIslam>
- 4 Ibragim T.K., Sultanov F.M., Juzeev A.N. Tatarskaja religiozno-filosofskaja mysl' v obshhemusul'manskom kontekste. – Kazan': Tatar.kn.izd-vo, 2002. – 239 s.
- 5 Тұмбабаев С.Т. Kenestik kezennen kejingi Ortalyk Azijadagy tarih gylmy zhadidshildik turaly // Otan tarihy. – 2005. – №3.
- 6 OOMA. 21-k., 2-t., 618-is. 21-p.
- 7 TRYA. 199-k., 2-t., 1422-is. 7-p.
- 8 TRYA. 199-k., 2-t., 1498-is. 358-p.
- 9 TRYA. 199-k., 2-t., 1560-is. 237-p.
- 10 TRYA. 199-k., 2-t., 1422-is. 13-p.s.
- 11 OOMA. 213-k., 1-t., 57-is. 226-p.
- 12 OOMA. 213-k., 1-t., 40-is. 97-p.s.
- 13 Terdzhiman-perevodchik. 2.04.1891. №11. – 22 s.
- 14 Alektrov A.E. Ukazatel' knig, zhurnal'nyh i gazetnyh statej i zametok o kirgizah. – Kazan': Tip. Imperatorskago Universiteta, 1900. – 969 s.
- 15 Abdirasilkyzy A. Kazakstandagy dini bilim zhyjesi: tarihy, kazirgi zhaj-kyji zhane uezkti maseleleri: «Dini bilim beru zhane agartu dini jekstremizm men terrorizmnin aldyn alu faktory retinde» atty respublikalyk gylmy-tazhiribelik konferencijasynyn materialdary. – Astana, 2013 zhyl 26 mausym. – Astana, 2013. – 170 b.
- 16 Zhoraeva G.T. XIX gasyrdyn sony – XX gasyrdyn bas kezindegi kazak-tatar ziyalylarynyn ozara karym-katynasy: tarihi taldau: t.g.k. gylmy darezhesin alu yshin dajyndalghan dissertacijany avtoreferaty. – Almaty, 2007. – 26 b.

Жаппасов Ж.Е., Тасилова Н.А.,
Ибрагимова М.Н.

**Қазақстан тарихы бойынша
ортағасырлық жазба
деректерді классификациялау**

Бүгінгі таңда Қазақстанның тарих ғылымында деректану мен тарихи зерттеу әдістері мәселесіне ерекше көңіл аударылуда. Қазақ халқының толыққанды іргелі тарихын жазу үшін, ең алдымен, сол тарихтың негізін құрайтын деректермен жұмыс істей білу қажет. Үлкен теориялық және методологиялық дайындықты қажет ететін деректану ғылымы – ұлттық тарихты тың, дәйекті мағлұматтармен байытып, толықтыру үстінде. Ортағасырлық Қазақстан тарихында XV ғ. соңы мен XVI ғ. аяғына дейінгі аралық ерекше орын алды. Өйткені бір ғасырға созылған осы бір тарихи кезең ішінде Қазақ хандығында тарихи маңызы зор күрделі өзгерістер болып өтті. Қазақстан тарихын зерттеу үшін өткен ғасырлардың аса бай жазба мұраларын шығармашылық тұрғыдан меңгеру өте маңызды болып табылады. Бұл мақалада Орталық Азияда жазылған қазақ халқының тарихы мен мәдениеті туралы толық және құнды мәліметтер беретін XV-XVII ғасырлардағы парсы тіліндегі жазба ескерткіштер қарастырылады. Өткеннің тарихын қайта жаңғыртып, қайта қалпына келтіру үшін түрлі жазба деректерді пайдаланып, ол деректердің ерекшелігі мен сабақтастығын, беретін мағлұматтарының әралуандылығын талдап, объективті ақпараттарды алу жолдарын қарастыруымыз қажет. XV-XVII ғасырларда Орталық Азияда жазылған деректердің мәліметтері Қазақ хандығының тарихынан анағұрлым толық және жан-жақты мағлұматтар береді.

Түйін сөздер: дерек, деректану, теория, классификация, принцип, әдіс.

Zhappasov Zh.E., Tasilova N.A.,
Ibragimova M.N.

**The problem of classifications of
written sources on the history of
Kazakhstan**

The modern historical science of Kazakhstan pays special attention to the development problems of sources and methods of historical research, since without the involvement of the scientific revolution in the new historical sources, it is impossible to improve the quality and efficiency of historical research. To research the history of Kazakh Khanate is relevant today and is determined, firstly, increasing interest of the history of the origins of Kazakh statehood in connection with the acquisition of independence by Kazakhstan, which created this historical basis. The relevance of the study is determined by practical necessity in historical science introduction to the scientific revolution of original sources containing valuable factual material on the history of Kazakh Khanate. To restore the historic picture of the past is necessary to attract the many, often contradictory, and diverse sources of facts and data that we receive from various sources, first and foremost – written records. This article discusses the written monuments XV-XVII centuries, started in Central Asia and contain the most complete and valuable information on the history and culture of the Kazakh people.

Key words: source, theory, classification, principle, method.

Жаппасов Ж.Е., Тасилова Н.А.,
Ибрагимова М.Н.

**Вопросы классификации
средневековых письменных
источников по истории
Казахстана**

Современная историческая наука Казахстана с особым вниманием относится к разработке проблем источниковедения и методов исторических исследований, так как без вовлечения в научный оборот новых исторических источников невозможно повышение качества и эффективности исторических исследований. Исследования истории казахского ханства является актуальным сегодня и определяется, во-первых, интересом, возросшим к истории истокам казахской государственности в связи с обретением Казахстаном независимости, которая создала для этого историческую основу. Актуальность исследования определяется практической в исторической науке потребностью введения в научный оборот оригинальных источников, содержащих ценный фактический материал по истории Казахского ханства. Для восстановления исторической картины прошлого необходимо привлечение многочисленных, часто противоречивых и разноплановых источников, фактов и данных, которые мы получаем из различных источников, и в первую очередь – письменных памятников. В данной статье рассматриваются письменные памятники XV-XVII вв., созданные в Центральной Азии и содержащие наиболее полные и ценные сведения по истории и культуре казахов.

Ключевые слова: источник, источниковедение, теория, классификация, принцип, метод.

**ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ
БОЙЫНША
ОРТАҒАСЫРЛЫҚ
ЖАЗБА ДЕРЕКТЕРДІ
КЛАССИФИКАЦИЯЛАУ**

Деректану теориясы үшін принципті сәттің бірі – тарихи деректің адамдардың мақсатты іс-әрекетінің жемісі ретінде қарап, оның әлеуметтік табиғатын ашу болып табылады. Деректанудың негізгі мәселесі – тарихи деректің табиғатын ашу, оның объективті қасиеттері мен олардың қалыптасу заңдылықтарын зерттеу. Адамдардың мақсаты іс-әрекеттерінің қорытындысында пайда болған деректерді талдау, олардың пайда болу себептерін ашу – олардың тарихи процестердің барысында атқарған функцияларын айқындау арқылы ғана мүмкін болады. Әлеуметтік процестердің дамуы барысында пайда болып, кейіннен тарихи зерттеу объектісіне айналған деректер, өзінде тарихи процесс ретіндегі методологиялық бірлігі мен ғылыми тарихи танымды біріктіреді [1].

Деректану ғылымының қағидасы бойынша кез келген тарихи дерек өзінің пайда болуы жағынан объективті. Бұл ретте деректанушы О.М. Медушевская: «Исследовать источник, являющийся результатом целенаправленной человеческой деятельности, возможно лишь исходя из того, какими причинами было вызвано появление этого источника, какое место он занимал в ходе исторического процесса. Без понимания объективных закономерностей, вызвавших к жизни данный источник и соответственно отразившихся в его содержании, понять и истолковать содержание источника невозможно. Из этого следует, что возникая в ходе исторического процесса и в то же время являясь объектом изучения, исторический источник воплощает в себе неразрывное единство истории как процесса и научного исторического познания» [2] деген болатын.

Қазіргі деректану деректі өткеннің тарихи шындығымен байланысты қарастырады, сонымен қатар оны тарихи білім жүйесінде зерттейді.

Деректанушы Қ.М. Атабаев өз еңбегінде: «Жазба деректерді түрге бөлу кезінде, әсіресе ескеретін нәрсе олардың әлеуметтік функциялары, олардың жасалу кезіндегі арналған мақсаты. Дәл осы жағдай деректердің ішкі құрылымына көп ықпал етеді. Сонымен, түрлер деп жазба деректердің ішкі құрылымының бірлігіне негізделген үлкен де тұрақты топтарын айтамыз, олардың тұрақтылығы, ең алдымен әлеуметтік функцияларының ортақтығымен айқындалады. Түр тарихи реальды-

лықтың жемісі және деректанудың танымдық категориясы ретінде қаралады», – деп көрсеткен болатын [3].

Деректермен жүйелі түрде жұмыс жасап, құнды ақпараттарды тиімді әдістермен алу үшін оларды классификациялаудың маңызы зор. Жазба деректердің аса көп мөлшерде кездесетіндігінен, олармен жүйелі жұмыс істеуге мүмкіндік алу үшін зерттеушілер оларды әр түрге және типке бөледі. Мұндағы негізгі принцип жазба деректердің пайда болуының, формасы мен мазмұнының және арналған мақсатының бірлігі. Осыған сай зерттеуші Л.Н. Пушкарев жазба деректерді екі жікке бөле отырып, оның бірнеше түрлерін көрсетті. Ол бойынша жазба деректер құжаттық (картографиялық, статистикалық, актілік, іс қағаздар) және баяндаушы (жеке адамның хаттары, күнделіктер, естеліктер, заманхаттар, жылнамалар) болып екі үлкен топқа бөлінеді. Ортағасырларда жазба деректер көбінесе баяндаушы, мемуарлық сипатта, жылнама іспеттес болғандықтан, ол деректерді екінші топқа жатқызуға болады.

Ортағасырлық деректерді зерттеген ғалым Б.А. Ахмедов деректерді түрлері мен типіне қарай классификациялаудың маңызы зор екендігін атап өткен болатын [4]. Ал қазақстандық шығыстанушы В.П. Юдин ортағасырлық парсы тіліндегі деректерді бірнеше топқа бөледі. Оның тұжырымдауы бойынша, деректер көбінесе саяси бағытына сай бөлінеді. Классификациялауда саяси бағыты негізге алынады. Бұл белгілері бойынша ортағасырлардағы саяси биліктің басына қайсыбір әулеттің қолында болғандықтан, сол әулеттердің саяси позициясы деректерде көрініс табатындықтан, әулеттік принцип бойынша классификациялау тиімді екенін атап өтеді. Бұл белгілер бойынша деректер Темірлік, Шайбанилық, Шағатайлық (қашғарлық), Сефевидтік және т.б. бөлінетіндігін шығыстанушы атап көрсеткен [5].

Бұл мәселемен айналысатын зерттеуші Ж.М. Тулибаева көптеген деректерді қарастырып, XIII-XIX ғғ. деректердің көпшілігінің саяси бағыты бар, атап айтқанда, билеуші әулеттердің позициясын жақтап жазылғанымен, ол әулеттерге қарсы жазылған шығармалар мен саясатқа мүлдем негізделмеген еңбектердің болатындығын ескеріп, деректерді жүйелеуде хронологиялық-аумақтық, типтік және тақырыптық сипатына қарай ыңғайлы түрде бөліп, классификациялауға болатынын негіздеді [6].

Шын мәнінде, кез келген дерек белгілі бір тарихи оқиғаның, құбылыстың немесе қоғамдық

процестің салдарынан пайда болады. Дәлірек айтсақ, нақты тарихи оқиға, құбылыс немесе қоғамдық процесс нақты тарихи деректерде бейнеленіп, ол туралы мәліметті бойында сақтайды. Сондықтан да кез келген деректі белгілі бір тарихи оқиғаның дерек көзі ретінде зерттеуде оның пайда болуының объективтілігін, алғышартын, яғни нақты қандай оқиғаның салдарынан пайда болғандығын анықтаудың маңызы өте зор [3, 35 б.]. Сондай-ақ дерекке деректанулық талдау жүргізгенде тарихилық принципті басшылыққа алып, деректі өзінің пайда болған уақыты контекстінде зерттеу қажет. Өйткені деректің жасалған уақыты, оның ерекшелігі, нақты айтқанда, сол кезеңде қалыптасқан тарихи жағдай, үстемдік еткен саяси құрылыс, т.б. деректің пайда болуына, ішкі мазмұны мен бағытына, мақсаты мен міндетіне әсер ететіні анық.

Қазақ хандығының тарихы өте күрделі әрі қызықты дәуірлерді басынан кешірді. Әсіресе XV ғ. соңы мен XVI ғасыр көп зерттелмеген әрі түрлі қиындықтар туындаған кезең болғандықтан, бұл кезеңді тарихи жазба деректер арқылы қалпына келтіру қажеттілігі туындап отыр. Ал бұл уақытта пайда болған деректердің өзін деректанулық талдаудан өткізіп, шынайылық деңгейін анықтау қажет. Онсыз таза тарихты қалпына келтіру мүмкін емес. Бұл деректерді тиімді пайдалану үшін классификациялаудың маңызы зор. Бүгінгі таңға дейін деректерді классификациялаудың ортақ және нақты жүйесі қалыптаспағанын да атап айту қажет. Тек қана белгілі бір авторлардың зерттеу кезеңі мен аумағына, деректерде сақталған ақпараттардың бірегейлігі мен ерекшелігіне қарай бөліп қарастыру принципі ғана негізге алынады.

Ортағасырлық парсы деректерін жүйелі түрде талдап, зерттеп жүрген ғалым Ж.М. Тулибаева өзінің 2003 жылы қорғаған «Персоязычные источники по истории казахов и Казахстана XIII-XIX вв.» деп аталатын докторлық диссертациясында жүзден аса алуан түрлі шығармаларға деректанулық талдау жасаған. Автор «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында деректерді табу, зерттеу және ғылыми айналымға енгізу мәселесімен айналысып, көптеген деректерді алғаш рет ғылыми айналымға қосты. Атап айтсақ, Ұлықбек мырзаның «Тарихи арба улус», Хафиз Абрудың «Тарихи Хафиз Абру», Хамдаллах ибн Наср Мустауфи Казвинидің «Нузхатат-кулуб», Мұхаммед ал-Хавафидің «Муджмал Фасихи», Мұхаммед Салимнің «Силсилат ас-салатин» және т.б. оннан аса шығармаларды тауып зерттеді. Әсіресе, Орталық Азия халықтарының рухани

мәдениетіне қатысты неғұрлым қызықты, бұрын белгісіз болып келген еңбектерді анықтады. Деректанулық еңбектерінде Ж. Тулибаева деректерді классификациялаудың маңыздылығын негіздеп, парсы деректерді сипаттап, олардың ерекшелігін, бағытын, зерттелу деңгейін, Қазақстан тарихына қатысты маңыздылығын айқындап берген. Деректерді түрлік және типтік жағынан классификациялауда зерттеуші бірнеше ғалымдардың көзқарасын талдап, классификациялаудың шартты түрде тиімді әдістемесін ұсынған. Зерттеуші жүзден аса парсы тіліндегі ортағасырлық деректерді классификациялаудың өзіне ғана тән жаңа әдістерін қарастырып, ұсынған. Зерттеуші хронологиялық-аумақтық принцип бойынша деректерді Хулагуидтік, Темірлік, Шайбандық, Бабырлық, Сефевидтік, Аштарханилық, Мыңғыттық және Қоқандық деп қарастыруға болатынын атап өтті. Бұл классификациялау принципі XIII-XIX ғғ. хронологиялық шегі жағынан үлкен кезең болғандықтан хронологиялық-аумақтық принциптің тиімділігі жоғары [16].

Сонымен қатар Ж. Тулибаева Қазақстан тарихына қатысты мәліметтерді сақтаған парсы деректерін құжаттық және нарративті деп аталатын негізгі типтерге бөлуге болатынын негіздеді. Құжаттық деректерге барлық үкімдер, билеушілердің грамоталары, акт, үкіметтік және ведомстваралық мекемелердің ресми құжаттарын жатқызса, ал нарративті деректерге анналар, тарихи хроникаларды, мемуарлар, өмірбаян, трактаттарды жатқызған. Материалдарды баяндауы бойынша барлық тарихи нарративті шығармаларды екі топқа бөлуге болады. Олар: жалпы тарих және әулеттер тарихы деп зерттеуші жіктеп көрсетті. Сонымен қатар, парсы деректеріне тән ерекшеліктерді, ол тілдегі шығармалардың көпшілігі кіріспе, негізгі мәтіннен және қорытындыдан тұратындығы және бірнеше томдардан құралатындығы, арасында билеуші әулеттерге арналған дастандардың болатындығын атап көрсеткен.

Қазақ хандығының құрылу тарихын зерттеп, өзінің докторлық диссертациясын осы тақырып бойынша қорғаған зерттеуші Б.Б. Кәрібаев жазба деректерді үш принципке сай классификациялаған. Зерттеуші жазба деректерді әр түрлі тілдерде, аумақтарда және әулеттер билігі тұсында жазылуына байланысты тілдік, аумақтық және әулеттік принциптер бойынша топтастырып, олардың әрқайсысына сипаттамалар беріп, тақырып үшін маңыздылығына назар аударған [7]. Б.Б. Кәрібаевтың топтастыруы бойынша деректер:

Тілдік принцип бойынша жазба деректер араб, армян, орыс, монғол және түрік тілдеріндегі деректер деп топтастырылды.

2. Аумақтық деректер тобына Марко Поло, Пано Карпини, Вильгельм Рубрук, Матвей Меховский секілді европалық авторлардың еңбектеріндегі материалдар жатады.

3. Әулеттік деректер тобына XIII-XVIII ғғ. Орталық Азия, Иран, Ауғанстан, Үнді, Шығыс Түркістан аумақтарындағы билеуші әулеттердің тұсында жазылған тарихи шығармалар жатады.

Зерттеуші Б.Б. Кәрібаевтың докторлық диссертациясында Қазақ хандығының құрылу мәселесін, оның алғышарттары, атап айтсақ, саяси, этникалық, рухани, бұл процесті сонау Шыңғыс ханның жаулап алуынан бастау алады. Хронологиялық жағынан бұл өте үлкен кезең, бірақ та қазақ халқының қалыптасу үрдісін, Қазақ хандығының құрылуының заңдылығын ашып көрсетуде деректерді өзінің тақырыбына сай классификациялаған.

Зерттеушінің докторлық диссертациясының «Қазақ хандығының құрылу тарихының деректері» деп аталатын екінші бөлімінде Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты жазба дерек мәліметтері топтастырылып, жүйеленген және олардың маңызы көрсетілген.

Жазба дерек мәліметтері әр топтағы деректерге жеке сипаттамалар беріледі, ондағы мәліметтердің біздің тақырыбымыз үшін маңыздылығы айқындалады. Сондай-ақ әрбір дерек мәліметінің тақырыпқа қатыстылығына назар аударылады. Зерттеушінің тұжырымы бойынша Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты жазба деректердің ең басты, ең негізгі тобын әулеттік деректер тобы құрайды. Бұл топтағы жазба деректердің өзі өз ішінде хұлагулық, делилік, жалайырлық, темірлік, шайбанилық, бабырлық, аштраханилық және Хиуадағы қоңыраттық деректер деп жіктеледі делінген [8].

Берекет Кәрібаевтың деректерді топтастыру ерекшелігі, ол делилік, жалайырлық, Хиуадағы қоңыраттық деректер деп, қалыптасып қалған В.П. Юдиннің, Ж.М. Тулибаеваның классификациялауында кездеспейтін топтарға бөлген. Әрине, деректің әулеттік принципке негізделгенін басшылыққа ала отырып, автор монографиясында бұл топтардың ерекшелігі мен маңыздылығына тоқталып өткен. Онда төмендегідей сипаттаулары да берілген: Делилік дерекке – Жузжанидың «Табақат-и Насири», ал Жалайырлық дерекке – әл-Ахаридың «Тарих-и шайх-Уайыс» атты еңбектері жатады. Бұл деректерде XIII ғасыр басындағы монғолдардың

жаулап алуы, Жошы хан туралы, Берке хан туралы, 1342-1357 жж. Алтын Ордада болған оқиғалар туралы, Жәнібек ханның билігі тұсындағы жағдайлар туралы мәліметтер кездеседі. Хиуадағы қоңыраттық әулет билігі тұсында дүниеге келген «Фирдаус әл-иқбал» атты тарихи шығармада бізге қажетті деректер өте аз болса да, кездесіп қалады. Ондай дерек мәліметтері біздің қарастырып отырған тақырыпты ашуымызға үлкен көмегін тигізеді деп атап көрсеткен.

Жоғарыда атап өткендей, зерттеушілер өздерінің тақырыптарына, оның хронологиялық шегіне, аумағына қарай өздеріне тиімді жұмыс жасай білуі үшін ортағасырлық деректерді белгілі бір принциптерге негіздеп, жүйелеп алған. Бұл принцип қатып қалған дүние емес, тек шартты түрде, зерттеушілерге дұрыс бағыт-бағдар беріп, жүйелі де тиімді, жемісті жұмыс істеуі үшін қажет.

XV ғ. соңы мен XVI ғасырдағы Қазақ хандығының құрылуы, күшейіп және нығаюы мен уақытша әлсіреуі, қайта өрлеу кезеңдеріне қатысты деректерді әулеттік принципке сай классификациялаудың тиімділігі зор. Бұл кезеңде ортағасырлық шығармаларды Темірлік, Шайбанилық, Аштарханилық, Бабырлық, Сефевидтік деп билеген әулеттердің тапсырмасымен жазылғандықтан осылайша жіктеуге болады. Өйткені деректер тікелей сол әулеттің тапсырысы бойынша жазылып, көбінесе әулеттің билеушілерін тізбектеп, олардың бірін екіншісінен керемет етіп сипаттау орын алған.

Ортағасырлық тарихи жазба деректер өзінің саны, көлемі жағынан аса көп, мазмұны, түрі жағынан әр алуан. Оның бәрін қамту аса қиын. Сондықтан тарихи деректер теңізінде дұрыс жол табу, тарихи зерттеулерде оларды тиімді және пайдалы етіп қолдана білу қажеттілігі оларды классификациялау проблемасын туғызады. Басқаша айтқанда, деректерді ортақ қасиеттері бар, бірақ бір-бірінен ерекше белгілерімен айырылатын категорияларға бөлу [3, 31 б.].

Ортағасырлық Қазақстан тарихына қатысты жазба деректерді шартты түрде мынандай принциптерге негіздеп бөлуге болады: әулеттік, тілдік, аймақтық.

Көптеген ғалымдар ортағасырлық деректерді бөлгенде әулеттік принципті басшылыққа алады. Аймақтық немесе территориялық принципті басшылыққа алу да маңызды. Яғни деректің пайда болған жері, оның ерекшеліктері мен табиғи болмысының деректе көрініс табуы өте маңызды. Алайда тілдік, стильдік, жанрлық ерекшелігі деректің объективтілігі мен субъек-

тивтілігіне қатты әсер ететінін де ұмытпауымыз қажет.

Әсіресе, ортағасырлық деректер көбінесе парсы, араб, түркі тілінде жазылған. Көбінесе мұсылман ренесансы кезінде пайда болған, дамыған араб тілінде жазылған шығармалардың кемелденген, жетілдірілген формалық ерекшелігі бар, әсіресе, діни тақырыптардағы әдебиетке жақын болса. Парсы тіліндегі деректер ойдың тереңдігімен ерекшеленіп, уақыт өте парсы тілі тарихнама мен поэзияның, мәдениет пен іс жүргізудің (канцелярия), әдеби шығармалардың тіліне айналды. Ал түркі тілі (шағатай тілі) қарапайымдылығымен, өмірге жақындығымен, әсірелеудің шамадан тыс болмауымен де ерекшеленді. XVI ғ. бастап поэзияда кең түрде түркі тілі қолданыла бастады. Сондықтан да ортағасырлардағы деректерді тілдік принципте классификациялаудың да маңызы зор. Өйткені әр тілдің мәліметтерді беру ерекшелігі, әсірелеуі мен нақтылығы, толықтығы, тарихи кезеңді жан-жақты зерттеуге, бағалауға, толыққанды тұжырымдар жасауға өзіндік септігін тигізеді анық. Зерттеуші М.Х. Әбусейтова өзінің «Қазақстан и Центральная Азия в XV–XVII вв.» атты зерттеу еңбегінің бірінші тарауын деректерге арнап, онда Шығыс деректерін парсы және түркі деп бөліп, онда негізгі шығармалардың стилін, зерттелуін, мәлімет беру ерекшелігін көрсеткен [9].

М.Х. Әбусейтова мен Ю.Г. Барановамен бірлесіп шығарған «Письменные источники по истории и культуре Казахстана и Центральной Азии в XIII-XVIII вв.» [10] деп аталатын деректерді топтастырған жинағы бүгінгі күнде өте маңызды деген [34 парсы және түркі тіліндегі деректерді жинақта]. Онда авторлар бұрын белгілі және белгісіз деректерді жариялаған. Кіріспе бөлімінде М.Х. Әбусейтова ортағасырлық деректерді классификациялаудың ортақ үлгісі ретінде темірлік, шайбанилық, шағатайлық, сефевидтік және османдық тарихнама деп қарастыруға болатынын атап өтеді. Осы деректердің ішінде мазмұны жағынан бай және маңызды деректер тобын Шайбанилық әулеттің шығармалары құрайды.

XV ғ. соңы мен XVI ғасырда пайда болған көптеген деректердің ішінде Шайбани әулетінің деректері ерекше құнды болып табылады. Өйткені:

– біріншіден, бұл әулет Қазақ хандығының оңтүстіктегі Орта Азиядағы мықты қарсыласы әрі көршісі болды. Яғни екі ел арасында үнемі қарым-қатынас үзілмеді;

– екіншіден, бұл Шайбанилық деректерде көршілері қазақтар туралы сан қырлы: олардың

тұрмыс-тіршілігі, шаруашылығы, саудасы, діні, мәдениеті, салт-дәстүрі туралы мәліметтер өте көп. Сонымен қатар, қазақ хандары туралы, олардың саясаты, дипломатиясы, Шайбани әулетімен қарым-қатынасы туралы да көп жазылған;

– үшіншіден, бұл Шайбанилық деректер сол кезеңде пайда болды. Яғни тарихи оқиғадан онша алшақтамай, көп уақыт өтпей жазылған.

Бұл деректерді неліктен Шайбани әулетінің деректері деп атаймыз? Өйткені Шайбани әулеті – өзбек билеушілерінің әулеті (1500-1598/99 жж.). Шайбани әулеті Шыңғыс хан тұқымынан тараған, Жошының кіші, бесінші ұлы – Шайбанидің ұрпақтары. Әулеттің негізін салушы – Әбілхайыр ханның немересі, Шаһ Будақ сұлтанның баласы Мұхаммед Шайбани хан (1451-1510 жж.).

Шайбани хан Жошының бесінші ұлы Шибанның ұрпағы. Атасы Әбілхайыр көшпелі өзбек мемлекетінің негізін қалаған тұлға.

Шайбани хан Орта Азияда Шайбани мемлекетінің негізін қалады. Бұл мемлекет 1500-1598/99 жылдар аралығында өмір сүрді. Оның орталығы Самарқанд, ал 1560 ж. бері Бұхара қаласына көшті. Бұл мемлекеттің территориясы Каспий теңізінен Тянь-Шаньға, Сырдариядан Орталық Ауғанстанға дейінгі жерді қамтыды [11].

Шайбани хан 1500 жылдары өзінің саяси және әскери күресінің арқасында Темір әулетінің ұрпақтарын Орта Азиядан ығыстырып, Мауреннахр мен Хорасанда өз билігін орнатты. Ол 1510 жылға дейін осы өңірлерді иеленді және көрші жатқан Қазақ хандығымен Сыр бойындағы саяси-экономикалық, мәдени-рухани маңызы зор қалаларды иелену үшін үнемі соғыстар жүргізді. 1510 ж. Иран шаһы Сефеви әулетінен шыққан Исмайл I шаһ Шайбани ханды талқандап, өлтіргеннен кейін, Шайбани мемлекетінің жерінде екі өзбек мемлекеті құрылды. Бірі – Мауреннахрдағы Шайбани мемлекеті, ал екіншісі – оған тәуелді емес Хиуа хандығы (орталығы Үргеніш, кейіннен Хиуа) пайда болды. Әмір Темір әулетінің бұрынғы хорасандық иелігі Иранға қарады. Шайбани мемлекетінің мұрагері Ұбайдолла хан 1539 ж. дейін билік құрады. Одан кейін Шайбани мемлекеті үшке бөлініп, бір-бірімен тақ үшін күреседі. Тек 1583 жылы Абдолла II кезеңінде Шайбани мемлекеті қайта гүлденеді. Оның өзі 1598/99 жж. дейін ғана өмір сүреді.

Осы 1500-1598/99 жж. кезеңде пайда болған деректер Мұхаммед Шайбани ханның, Ұбайдолла ханның, Абдолла II ханның және т.б.

шайбанилық сұлтандардың тікелей басшылығымен немесе олардың тапсырысымен жазылған дүниелер болатын. Сонымен қатар Шайбаниден кейін хандық билікті мұраланған туыстары да болатын. Сондықтан да осы әулет 1 ғасыр өмір сүріп, өзінің артынан қалдырған өшпес мұрасы – жазба деректерді Шайбани әулетінің деректері деп тарихшылар бөліп қарастырады [5, 33 б.].

Бұл деректер саны жағынан біршама көп. Жазылған уақыты мен мәліметтер беру сипаты, мазмұны жағынан әралуан. Шайбанилік деректерде негізінен саяси тарих өте жақсы көрініс тапқан, алайда оларға сын көзбен қарау қажет. Өйткені кез келген әулет өз мемлекетінің тарихын, күресін келешек ұрпаққа үлгі-өнеге ету үшін оны барынша күшті, жеңілмейтін, билеушілерін батыр етіп жазуға тырысады. Сондай-ақ деректен Қазақ хандығының ішкі және сыртқы саясатын, хандарының қасиеттерін, халқының экономикалық-әлеуметтік жағдайын, салт-дәстүрі мен діні, қалалары мен қыстаулары туралы құнды-құнды мәліметтер алуға болады.

Шайбани әулетінің деректерінің барлығына дерлік тән қасиет, олардағы мәліметтер Шайбани хан мен оның атасы Әбілхайыр ханнан бастау алады.

Ортағасырлық авторлардың еңбектеріндегі тағы бір ерекшелік оларда көбінесе өзіне дейінгі жазылған шығармаларды пайдалану басымырақ болатын. Олар пайдаланған шығармалардың атын да, авторын да келтірмей жаза беретін. Сонымен қатар парсы (тәжік), түркі тіліндегі деректерде әсірелеу, өлеңдетіп жазу стилі айқын байқалады.

Дерек Қазақ хандығының Сыр өңірі үшін күрескен қарсыласы, көршісі әрі туысқаны Шайбанилік әулеттің тапсырысымен жазылғандықтан, ол өз бойында субъективті мәліметтерді сақтайды. Алайда деректану ғылымының заңдылықтарына сүйене отырып, біз бұл әулеттік шығармаларда өз тарихымыздың көмескі тұстарын ашатын, айтылмаған, зерттелмеген мәселелерін анықтайтын мағлұматтар ала аламыз.

Біз әулеттік деректерге жататын Шайбанилық деректерді шартты түрде төрт топқа бөлеміз. Ол деректің пайда болған уақытына, мазмұнына байланысты бөлініс. Мәселен, Шайбани әулетінің 1-тобының шығармаларына 1500-1511 жж. аралығында жазылған деректер жатқызылады. Оған:

1. Михман наме Бұхара;
2. Тауарихи гузидаий нусрат наме;
3. Шайбани наме;
4. Фатх наме жатады.

Шайбани әулеті деректерінің біршамасы «Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков» деп аталатын 1969 жылы жарыққа шыққан, парсы және түркі тілінен аударылған жинақта шоғырланған. Бұл жинақты кезінде тарихшы-шығыстанушы ғалымдар: С.К. Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, К.А. Пищулина, В.П. Юдин аударып, зерттеп, түсініктемесін беріп, жариялаған болатын. Бүгінгі таңда «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының аясында қайта жарияланған [12].

Шайбанилық деректердің 2-тобына төмендегі деректерді жатқызамыз:

- Зубдат ал-асар;
- Тарихи Абулхайыр-хани;
- Бадай ал-Вакай деректері кіреді;

Шайбани әулетінің 3-топ деректеріне Хафиз Таныш мир Мұхаммед әл Бұхаридің «Шараф наме шахи» немесе «Абдолла наме» немесе «Книга шахской славы» деп те аталатын деректі жатқызамыз [13]. Деректің қазақ тарихы үшін маңызы өте жоғары.

Оның авторы Орта Азияның танымал ақыны әрі тарихшысы Хафиз Таныш мир Мұхаммед әл Бұхари. Ол Шайбанилық Ұбайдолла, Абдолла II хандардың қарамағында қызмет жасап, кейін Абдолла II арнап осы шығарманы жазған ғұлама.

Бұл топқа жататын тағы бір деректі Шайбанилер әулетінің соңғы жылдары жазылған «Маджму ат тауарих» құрайды. Оның авторы Ферғана өңірінің молдасы Сайф ад дин Ахсикенди бастап, оның баласы Нұрмұхаммед (Наурыз Мұхаммед) 1591/1592 жж. аяқтаған. Алғаш бұл еңбекті таныстырған зерттеуші академик В.В. Бартольд болатын. Ол деректің мәліметтерін кейіннен А.Б. Тагирджанов, Т.И. Сұлтанов өз еңбектерінде пайдаланады. Онда этникалық тарихқа қатысты құнды мағлұматтар баршылық [14].

4-топқа Шайбанилық Хиуа хандығының билеушісі Әбілғазының «Түрік шежіресі» жатады [15].

Шайбани әулеті деректері бір жағынан құнды мағлұматтар берсе, екінші бір жағынан кейбір мәселе бойынша шынайы оқиғаларды бұрмалап, шатастыруға да алып келетінін ескеруіміз керек. Қалай дегенмен, қазақ билеушілері Орталық Азия мен Мауреннахрда билікті қолда ұстаған Шайбанилердің қарсыласы, Сыр бойындағы қалалар үшін соғысқан бәсекелесі болған. В.П. Юдиннің зерттеген Өтеміс Қажының «Шыңғыс наме» дерегі Шыңғысханға арналғанмен, XVI ғасырдың бірінші жартысында жазылған. Онда Жошы хан

қайтыс болғаннан кейін атасы Шыңғыс хан Жошының балаларын жинап, ұлыс бөліп бергендігі баяндалады. Онда алтын босағалы ақ орданы Батыйға, күміс босағалы көк орда Орда Еженге, болат босағалы боз орданы Жошының бесінші ұлы Шибанға бөліп бергендігі айтылады. Ал соңғы баласы Тұқай Темірге сынық арба да берілмегендігін айтып, Шибан ұрпақтары осы бір оқиғаны мақтан етіп, Жошының басқа ұрпақтарының арасында беделінің жоғары екендігін дәріптеп жүрген дейді. Егер Шайбанилық деректер тобындағы «Тауарихи гузидаи нусрат намеде» Қазақ хандарының шығу тегі Тұқай Темірден таратқанын ескеретін болсақ, қазақ билеушілерінің аталары Тұқай Темірге сынық арба да берілмеген, жер үлесі тиесілі болмады дегенге саяды. Бұл халық арасында Қазақ хандарының Дешті Қыпшақ территориясында заңды түрде билік жүргізуге құқықтары жоқ дегені. Идеологиялық тұрғыда халықты осыған сендіру арқылы Қазақ хандарының билігін әлсіретіп, беделін төмендету мақсатында дерек көзінде бұрмаланған мәліметтер берілген. Шындығында бүгінде көптеген зерттеушілер қазақ билеушілерінің шығу тегі Орда Еженнен бастау алатынын дәлелдеп отыр. Ортағасырлық билеушілер болашақта бұл деректі пайдаланғандар өздерінің еңбектерінде осы бір бұрмаланған мәліметтерді міндетті түрде оқып, қайталап отыратынын білген. Сондықтан да саяси-идеологиялық немесе белгілі бір мақсаттарда бұрмаланған дерек көздерін міндетті түрде деректанулық талдаудан өткізу қажет.

Қорыта келгенде, Шайбанилық деректер ортағасырлардағы Қазақ хандығының тарихына, олардың әлеуметтік-саяси, әскери-дипломатиялық, сауда-экономикалық, діни-мәдени, идеологиялық, генеологиялық, салт-дәстүр мен әдет-ғұрпынан өте көп құнды әрі тың материалдар беретінін атап өту қажет. Оларды әлі де деректанулық талдаудан өткізіп, зерттеу қажет. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасының аясында Шығыс деректері, оның ішінде Кеңес өкіметі тұсында жарияланған «Материалы по истории казахских ханств» деген атпен танымал жинақтағы деректер де қайта басылып жарыққа шықты. Бұл деректер «Дайк-Пресс» баспасынан Шығыс деректері сериясымен жарияланды. Бұл Қазақ хандығын зерттеу барысында қажетті бірден-бір деректер тобы болғандықтан, алдағы уақытта оларды тереңірек зерттеуді қажет етеді.

Әдебиеттер

- 1 Атабаев Қ. Қазақстан тарихының деректанулық негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 35 б.
- 2 Медушевская О.М. Теоретические проблемы источниковедения: уч. пособие. – М., 1977. – 66 с.
- 3 Атабаев Қ.М., Қадыртаева М.А. Деректанудың теориялық мәселелері. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 44 б.
- 4 Ахмедов Б.А. Историко-географическая литература Средней Азии XVI-XVIII вв. Письменные памятники. – Ташкент: Фан, 1985. – 262 с.
- 5 Юдин В.П. Центральная Азия в XIV-XVIII веках глазами востоковеда. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 27-35 сс.
- 6 Тулибаева Ж.М. Письменные памятники по истории Казахстана XIII-XIX вв. – Астана: Издательство Национального центра археологии и источниковедения, 2009. – 237 с.
- 7 Кәрібаев Б.Б. Қазақ хандығының құрылу тарихы: т.ғ.д. дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. авторефераты. – Алматы, 2010.
- 8 Кәрібаев Б.Б. Қазақ хандығының құрылу тарихы: монография. – Алматы: Сардар, 2014. – 520 б.
- 9 Абусейтова М.Х. Казахстан и Центральная Азия в XV–XVII вв. – Алматы: Дайк-Пресс, 1998. – 268 с.
- 10 Абусейтова М.Х., Баранова Ю.Г. Письменные источники по истории и культуре Казахстана и Центральной Азии в XIII-XVIII вв. (библиографические обзоры). – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 426 с.
- 11 Телеуова Э. Шайбани әулеті. Шайбани мемлекеті // Түркістан. Халықаралық энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2000. – 634-635 бб.
- 12 Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков. (Одан әрі МИКХ) /Извлечения из персидских и тюркских сочинений / Сост.: С.К. Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, К.А. Пищулина, В.П. Юдин. – Алма-Ата: Наука, 1969. – 652 с.
- 13 Фазлаллах ибн Рузбихан Исфхани. Михман наме Бухара / пер., пред. и прим. Р.П. Джалиловой / под ред. А.К. Арендса. – М.: Наука, 1976. – 196 с.
- 14 Сұлтанов Т.И. Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз-хана. – Алматы, 2001. – 276 с.
- 15 Әбілғазы. Түрік шежіресі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 22 б.
- 16 Тулибаева Ж.М. Письменные памятники по истории казахов и Казахстана XIII-XIX вв: автореферат дисс. на соиск. уч. степ. д.и.н. – Алматы, 2003. – 13 с.

References

- 1 Atabaev K. Kazakstan tarihyynyn derektanulyk negizderi. – Almaty: Kazak universiteti, 2003. – 35 b.
- 2 Medushevskaja O.M. Teoreticheskie problemy istochnikovedenija: uch. posobie. – M., 1977. – 66 s.
- 3 Atabaev K.M., Kadyrtaeva M.A. Derektanudyn teorijalyk meseleleri. – Almaty: Kazak universiteti, 1999. – 44 b.
- 4 Ahmedov B.A. Istoriko-geograficheskaja literatura Srednej Azii XVI-XVIII vv. Pis'mennye pamjatniki. – Tashkent: Fan, 1985. – 262 s.
- 5 Judin V.P. Central'naja Azija v XIV-XVIII vekah glazami vostokoveda. – Almaty: Dajk-Press, 2001. – 27-35 cc.
- 6 Tulibaeva Zh.M. Pis'mennye pamjatniki po istorii Kazahstana XIII-XIX vv. – Astana: Izdatel'stvo Nacional'nogo centra arheografii i istochnikovedenija, 2009. – 237 s.
- 7 Kәribaev B.B. Kazak handygynyn kurylu tarihy: t.g.d. dәrezhesin alu yshin dajyndalghan diss. avtoreferaty. – Almaty, 2010.
- 8 Kәribaev B.B. Kazak handygynyn kurylu tarihy: monografija. – Almaty: Sardar, 2014. – 520 b.
- 9 Abusejtova M.H. Kazahstan i Central'naja Azija v XV–XVII vv. – Almaty: Dajk-Press, 1998. – 268 s.
- 10 Abusejtova M.H., Baranova Ju.G. Pis'mennye istochniki po istorii i kul'ture Kazahstana i Central'noj Azii v XIII-XVIII vv. (biobibliograficheskie obzory). – Almaty: Dajk-Press, 2001. – 426 c.
- 11 Teleuova Je. Shajbani әuleti. Shajbani memleketi // Tyrkistan. Halykaralyk jenciklopedija. – Almaty: «Kazak jenciklopedijasy», 2000. – 634-635 bb.
- 12 Materialy po istorii kazahskih hanstv XV-XVIII vekov. (Odan әri MIKH) /Izvlechenija iz persidskih i tjurkskih sochinenij / Sost.: S.K. Ibragimov, N.N. Mingulov, K.A. Pishhulina, V.P. Judin. – Alma-Ata: Nauka, 1969. – 652 s.
- 13 Fazlallah ibn Ruzbihan Isfahani. Mihman name Buhara / per., pred. i prim. R.P. Dzhaliilovoj / pod red. A.K. Arends. – M.: Nauka, 1976. – 196 s.
- 14 Sultanov T.I. Podnjaty na belo koshme. Potomki Chingiz-hana. – Almaty, 2001. – 276 s.
- 15 Әbilgazy. Tүrik shezhiresi. – Almaty: Ana tili, 1991. – 22 b.
- 16 Tulibaeva Zh.M. Pis'mennye pamjatniki po istorii kazahov i Kazahstana XIII-XIX vv: avtoreferat diss. na soisk. uch. step. d.i.n. – Almaty, 2003. – 13 s.

Бисенбаев П., Кәрібозов Е.

**Ағыбай батыр жайындағы
жыр-аңыздардың тарихи негізі**

Мақала авторы, негізінен, Кенесары бастаған ұлт-азаттық қозғалысының мән-маңызына тоқтала отырып, сол көтеріліске қатысып, ел намысының жоқшысы болған Ақжолтай Ағыбай батырдың тарихи тұлғасы жайында сөз етеді. Және осының өзі ауыз әдебиетінің асыл үлгілерін: тарихи жыр, аңыз, толғау-терме, шежіре-әңгіме секілді XIX ғасырда орын алған оқиғалардың айғағындай болған халықтық қазынамызды кеңінен қамтып талдау арқылы беріледі. Мақалада ел мүддесі үшін Ресей, Қоқан үкіметімен алысып өткен Шұбыртпалы Ағыбай батырдың ерлік ісі, заманы, оған деген жұрт бағасы, оның ауыз әдебиетіндегі көрінісі сияқты көптеген күрделі мәселелер көтерілген. Сөз жоқ, мұндай жұмыстар тарихи-фольклорлық үлгілердің табиғатын кеңірек түсінуге, ғылыми ізденіс өрісін арттыруға септігін тигізеді.

Түйін сөздер: жыр, аңыз, шежіре, сюжет, нұсқа, бейне, фольклор, тарихи шындық, мотив.

Bissenbayev P., Karbozov E.

**The historical basis of epic tales
about Agybay Batyr**

The author, stopping mostly on the importance and significance of the national liberation movement led Kenesary reveals historical figure Akzholtaya Agybaya Batyr, who participated in the uprising and killed in the name of the people. Also, through the analysis of valuable samples of oral literature: historical songs, legends, tolgau and terme, historical chronicles explores the historical basis, the national heritage, preserving evidence about the historical facts of the XIX century The article raised the diverse and complex topics such as Agybaya circulation for the needs of the people in Russia and Kokand khanate, his heroic actions, described his era, his concern for the people encountered in the oral samples. Of course, such work is widely disclose the nature of historical and folklore samples will encourage the further development of scientific research.

Key words: epic tale, legend, chronicle, story, vavriant, image, folklore, historical truth, the motive. еская правда, мотив.

Бисенбаев П., Карбозов Е.

**Историческая основа
эпических сказаний
об Агыбай батыре**

Автор статьи, останавливаясь в основном на важности и значении национально-освободительного движения под руководством Кенесары, раскрывает историческую личность батыра Ақжолтая Агыбая, участвовавшего в этом восстании и погибшего во имя народа. Также посредством анализа ценнейших образцов устной литературы: исторических песен, легенд, толғау и терме, исторических летописей исследует историческую основу, народное наследие, сохранившее свидетельства об исторических событиях XIX века. В статье подняты многообразные и сложные темы, такие как хождение Агыбая для нужд народа в Россию и Кокандское ханство, его героические действия, описывается его эпоха, его забота о народе, встречающихся в устных образцах. Безусловно, такая работа широко раскроет природу историко-фольклорных образцов, подвигнет к дальнейшему развитию научного поиска.

Ключевые слова: эпическое сказание, легенда, летопись, сюжет, вариант, изображение, фольклор, историческая правда, мотив.

АҒЫБАЙ БАТЫР ЖАЙЫНДАҒЫ ЖЫР-АҢЫЗДАРДЫҢ ТАРИХИ НЕГІЗІ

Кенесары-Наурызбай бастаған ұлт-азаттық көтерілісіне үш жүздің аты әйгілі батырлары қатысқаны мәлім. Солардың ішінде тарихи жыр, әңгімелердің басты кейіпкері ретінде жиірек көрінетіні – шұбыртпалы руынан шыққан Ағыбай батыр.

Ағыбай батыр туралы жыр, аңыздарға қатысты зерттеу мақала жазған ғалымдар аз болған жоқ. Е. Ысмайлов 1948 жылы жарық көрген «Қазақ әдебиетінің тарихында» халық жыры атанған «Ағыбай батыр» туындысына жеке тоқталады. Ағыбай жайындағы фольклорлық мұралар хақында С. Қирабаев, З. Ахметов, Р. Бердібаев, Б. Адамбаев, Ж. Дәдебаев, А. Әлтаев, т.б. ғалымдар арнайы мақала жазды.

«Ағыбай батыр» атты халық жыры мен «Ағыбай батырдың» Тәукен Айнатасов нұсқасы оқушы қауымға көптен таныс. Бұл нұсқалар 1992 жылы Жезқазған қаласында, 2002 жылы Алматы қаласында басылып шыққан «Ақжолтай Ағыбай батыр» кітабына енді. «Ағыбай батырдың үш өтініші» (Х. Шаманұлы нұсқасы) «Қазақ әдебиеті» газетінің 1992 жылдың 10 шілдесіндегі санында жарияланды. «Бабалар сөзінің» 29-томында Қытайдағы Алтай аймағының қазағы Қайса Қауданұлы жинаған нұсқа бар.

Ал енді «Ағыбай батыр» жырының С. Қармысов, Қ. Қожыбеков нұсқалары ҚР ҒА ОҒК мен М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында сақтаулы тұр.

1935 жылы жазылып алынған «Ағыбай батыр» оқырман қауым жырдың қысқаша мазмұнымен ілгеріде аталған «Ақжолтай Ағыбай батыр» кітабынан таныса алады. Онда Ағыбай Қоңырбайұлы Кенесарының үзеңгілес серігі әрі халық ұғымындағы хас батыр ретінде сипатталады.

Атақты ер Ағыбай шұбыртпалы,
Екеу ме сол күндегі елдің жаны.
Ағыбай, Қошқарбай мен ер Бұхарбай –
Атақты батыры сол Кене ханның
Мал үшін бұл сайран құрған емес,
Салғаны жанды ортаға – елдің қамы [1, 2].

«Ат – ердің қанаты» деген нақыл сөзде халықтың ғасырлар қойнауында қалыптасқан ұғым-түсінігі жатыр. Соғыстың, жеңістің тағдырын атты әскер шешетін қым-қуыт заманда жүй-

рік аттың қандайының да қадірі болғанын түсіну қиынға соқпайды. Сондықтан Кенесары көтерілісіне қатысы бар тарихи-фольклорлық үлгілердің түйіні жүйрік аттардың қасиетін айтумен шешіліп отырады. Мәселен, «Саржан батыр» жырының алғашқы бөлігінде топжарғанның тарихы баяндалса, «Ағыбай батыр» жырында Ағыбай батыр Күншығысқа тұлпар ат іздеп аттанады. Оны:

Жігітін жаман атқа мінгізбеген,
Кенекең алты алаштан ат іздеген.
Аттанып бір жорыққа Ағыбайы
Ат іздеп жасақ үшін, күн-түн кезген.

Сұйық жал, қамыс мойын, күміс құйрық,
Кең танау, омыраулы, тіп-тік иық,
Бір ел бар, – деп естіді, – күншығыста,
Жылқысы аса сұлу, мінсіз жүйрік, –

[1,2] деп келетін жыр жолдарынан анық аңғаруға болады.

Ағыбай батыр «Қызыл қайнар», «Тектұрмас» бұлағының басында кезіккен ақсұр атты жас жігіттің соңына еріп, оның бар малын, құдай қосқан жарын күшпен тартып алған жиен ағасынан кек алуына қолдау көрсетеді. Бұл жырда Ағыбай ешкіммен соғыспайды, мұнда өзге тарихи жырлардағыдай жекпе-жек көрінісі де жоқ. Бірақ оның аруағы басым, намысшыл, өзінің күш-қайратына сенгендіктен жұмбақ батырға ілесіп жүре береді.

Ағыбай айтты: Мынау не қылған жан,
Мен мұның мінезіне қаламын таң.
Мынаның жайын білмей үйге барсам,
Өлімнен артық маған үлкен арман! –

дейді [1, 4]

Жыршы шығарма оқиғасына қатысатын кейіпкерлерді бірінен-бірін асыра суреттейді, шендестіру амалдарын қолданады. Жас батырдың сұрапыл күші болса да, Ағыбайдың көмегінсіз қас жауы жиенінен кек ала алмайды. Оның басты себебі – Ағыбайдың ақжолды, аруақты батыр болуында. Мұнда жас жігітке жол көрсетіп, бағыт сілтейтін адам зорлықшыл жиенінен зәбір көрген батырдың дүниеден ертерек қайтып кеткен әкесі. Ол жігіттің түсіне еніп: «Ей, балам, Ағыбай Тектұрмасқа келіп жатыр. Ақжолтай, жолы құтты батыр еді, онымен жолдас бол. Екеуің жолдас болсаң, оның екі жүзді қанжарын қару қылсаң дұшпанның басын аласың», – деп өсиет айтады.

Сөйтіп, жас батыр бір тайпа елді уысында ұстаған жиенін Ағыбайды өзіне жолдас

қылғандықтан жеңеді. Сондағы жақын туыстарына «жауымнан кегімді алып берген Ағыбай батыр» деп таныстырады.

«Жасауыл қырғанда» Ағыбайсыз барып, Наурызбай жігіттері қырғынға ұшырайды. Мәшһүр Жүсіп Ағыбайдың тілін алмай барып, Кенені құтқарамын деп Наурызбайдың қамауында қалғанын жазады.

Мұның өзі Ағыбай Қоңырбайұлын халықтың ерекше құрмет тұтқандығының, үлкен істің сәтіне жолығатын, жақсылыққа бастайтын аруақты батыр санағандығының белгісі.

Ағыбай мен Кенесары, Наурызбай туралы аңыздар олардың тарихи тұлғасын толықтыра түсетіні анық. Әр жылдарда хатқа түскен фольклорлық үлгілердің мазмұны мен айтар ойы бірімен-бірі ұштасып жатады. Бір аңызда Ағыбай мен Наурызбайдың келешегін болжап білген сәуегей абыз былай дейді: «Ағыбайым, сенің ұраның артыңда қалады. Өз ұраныңды өзің өсіресің. Бағыңның табы желкенде екен. Наурызбай, менің жасым 120-ға келіп отыр, осы жастың ішінде сенен артық ер көрмедім. Үш нәрсенің сырттаны бар еді: иттің, қасқырдың, жігіттің. Сен жігіттің сырттаны екенсің, бірақ адам баласына мейірімің жоқ екен, бағың мандайыңда ғана екен, ғұмырың қысқа, 20-25-тен аспассың, дүниеден арманда қалма!» Енді өз түсін өзі жорыған Кенесарының сөзі де осыған мазмұндас. «Түсімде: «Көсе, сен екеуіміз арқаласайық, қайсымыздың бағымыз жеңер екен» деймін. Әуелі кім арқалайды десем, «Сіз ел ағасы хансыз, Сіз арқалаңыз», – дейсің. Мен сені арқаламай алдыммен көтерем. Кезек саған келгенде, мені сен қаптағы тезекше иіріп, арқаңа салып алдың, мен үш жүзге хан болмасам да, орта жүзге хан атым бар ғой. Сенің атың артыңда қалады. Сен мыңбасы адамсың, алдыммен көтердім – біздің бағымыз мандайымызда, артымызда қалатын бақ жоқ, өзімізбен бірге болмаса, сені де мен арқама салып алмас па едім», – деген екен Кенесары [2,38]

«Ағыбай батыр» жырында «киелі», «жолы болғыш», «аруақты» батыр атанған Ағыбай, мына аңыздарда ел ұранына айналған бақытты адам. Қалай дегенмен, Кенесары-Наурызбай, Ағыбай, Бұхарбай жайындағы туындылардың қандайы болмасын Кенесары бастаған ұлт-азаттық қозғалысының шындығын айқын елестетіп отырады. Сондықтан Ағыбай турасындағы жырларды Кенесары жайындағы тарихи жырлар топтамасына кіргізген жөн.

Атақты «Абылай-Кенесары» жырының авторы Көкбай ақынның Абай туралы естелігінде:

«Осы өлеңнің желісінде Наурызбайға Меркінің бегі берген Ақауыз аттың тұлғасын сипаттап едім. Ол менің сөзімді ұнатпады да: «Мұның шыға шауып жайылып қалатын ат болса керек», – деп сол күндерде Ақауыз атты жазамын деп «Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ» деген белгілі ат сынын айтқан өлеңі шығады. Басында мұны Ақауыз аттың сипаты деп айтқан соң, мен «Абылай» жырына кіргізейін бе?» деп сұрап едім. «Бұл шіркіннің өзі де мес болып кетті ғой» деп жақтырмай кіргізбеді», – деген жолдар бар [3, 4]. «Ағыбай батыр» жырының соңында да батырдың Наурызбайға сыйлайтын Ақауыз атының сипаты беріледі:

Сол кезде бұл тұлпардың төрт-бес жасы,
Дәл бір кез қырым ет жоқ кесер басы
Қақпақ бел, қамыс құлақ, белдемелі,
Ағаштың бөлігіндей қабырғасы.
Төрт елі қабырғасы, ені жалпақ,
Шіреген шақпақ етті, бұты талтақ.
Үстіне кісі мінсе, қоразданып,
Қарайды жан-жағына жалтақ-жалтақ, – [1, 25]

дейді.

Бұл, әрине, қаһармандық эпоста үнемі қайталанып отыратын тұлпар бейнесіне қатысы бар тұрақты қалыптарға ұқсамайды. Керісінше, Абай өлеңінің ықпал-әсерімен жазылған жүйрік аттың сипаты десе болғандай.

Әдебиеттер

- 1 ОГК., 1060- бума.
- 2 Ақжолтай Ағыбай батыр. – Жезқазған, 1992. – 232 б.
- 3 Жанатаев К. Абай туралы естелік // Абай институтының хабаршысы. – 2011. – №1. – 100 б.

References

- 1 ОГК., 1060-buma
- 2 Akgoltai Agibai batir.- Gezkazgan, 1992.-232 s.
- 3 Ganataev.k. Abai turali estelik // Abai institutinin zhabarshysy.-2011,№1.-100s.

Мурат Келеш,
Зұлпыхарова Э.Ө.

**Низам әл-Мүліктің шығармасы
«Сиясет-наме»-нің жазылу әдісі
мен мақсаты**

Бұл мақалада Салжұқ мемлекетінің гүлденген кезеңінде билік еткен Тұғрыл бей, Алып Арслан және Мелик Шах сұлтандар тұсында бас уәзір қызметін атқарған Низам әл-Мүліктің әйгілі шығармасы «Сиясет-наме»-нің жазылу әдісі мен мақсаты қарастырылған. Мемлекетті басқару мен көрегендік саясат жүргізе алу қасиетімен Салжұқ мемлекеті тарихында аса маңызды орынға ие болған – Низам әл-Мүлік әлеуметтік-экономикалық салада икта жүйесінің құрылуына, білім беру ісінде медреселердің қоғамдағы рөлін жоғары сатыға көтерілуіне үлкен үлес қосқан тұлға болғандығы анық. «Сиясет-наме» – деп аталатын шығармасы мемлекетті басқару, әлеуметтік өмір, діни басқаруда ел билеушілерге бағыт-бағдар беретін еңбек ретінде үлкен маңызға ие. Сиясет-наме шығармасы ұзақ уақыт аралығында уәзірлік еткен, ел басқару ісінде үлкен тәжірибе жинаған мемлекет қайраткерінің қаламынан туған туынды болып саналады. Сиясет-наме шығармасы Ислам мәдениеті, түрлі ислам мемлекеттері және олардың ерекшеліктері Ұлы Селжұқ мемлекетінің құрылуы туралы мағлұматтар беретін еңбек болып саналады. Сиясет-наме шығармасында Түрік – ислам мемлекеттерінің басқару, саяси, қаржы, әскери, мәдени жақтарын талқылайды.

Түйін сөздер: Низам әл-Мүлік, Сиясет-наме, жазылу әдісі, мақсат.

Murat Keles,
Zulpykharova E.U.

**Method and purpose of writing
«Siaset-name» by Nizami al Mulk**

This article describes the method and purpose of writing «Siaset-name» by Nizami al Mulk, who was the chief vizier at Tugrul Bey, Aлып Arslan and Malik Shah in a period of prosperity of the Seljuk state. Nizam al-Mulk occupied a special place in the history of the state of the Seljuk and was the person who made a contribution to the formation of ictus in the socio-economic sphere and development among madrasa education. His work «Siaset-name» is used as a guide to governance in social life and for the rulers in religious governance. The Work «Siaset-name» is the work of the author who served during a long period as an advisor and had a great experience in government. The Work «Siaset-name» is a literary source that provides information Islamic culture, especially the Islamic state. That provides information to Islamic culture or that provides Islamic culture with the information In his work «Siaset-name» were summarized management features of Turkish and Islamic countries, as well as their social, military, financial and cultural aspects.

Key words: Nizam al'-Mul'k, Siaset-name, writing method, the goal.

Мурат Келеш,
Зұлпыхарова Э.Ө.

**Метод и цель написания
произведения Низами
аль Мулька «Сиасет-наме»**

В этой статье раскрываются метод и цель написания «Сиасет-наме» Низами аль Мулька, который был главным визирем при Тугрул бей, Алып Арслан и Малик Шахсултан в период процветания сельджукского государства. Заняв особое место в истории государства сельджуков Низам аль Мульк стал личностью который внес вклад в формирование системы икта в социально-экономической сфере и развитие медресе среди сфере образования. Его произведения «Сиасет-наме» применяется в качестве руководства для управления государством в социальной жизни и для правителей в религиозном управлении. Произведение «Сиасет-наме» является трудом автор которого в течении длительного периода служил советником и имел огромный опыт в управлении государством. Произведение «Сиасет-наме» является литературным источником, который дает информацию исламской культуре, и особенностях исламского государства. В произведении «Сиасет-наме» обобщаются в особенности управления тюркскими и исламскими странами, а также их социальные, военные, финансовые и культурные аспекты.

Ключевые слова: Низам аль-Мульк, Сиясет-наме, метод написания, цель.

**НИЗАМ ӘЛ-МҮЛІКТІҢ
ШЫҒАРМАСЫ
«СИЯСЕТ-НАМЕ»-НІҢ
ЖАЗЫЛУ ӘДІСІ МЕН
МАҚСАТЫ**

Низам әл-Мүлік атымен тарихта қалған мемлекет қайраткерінің шын есімі Хасан Али Исхак болғандығы бізге деректерден мәлім [1]. Х ғасырдың орта тұсында Иран және Месопотамияны бағындырып сол жерлерге орналасқан Салжұқ мемлекетіне уәзірлік жасаған саясаткер адам болғаны белгілі. Низам әл-Мүлік лақабымен танымал болған Исхакұлы Аббас 10 сәуір 1018 жылы Хорасанның Тус қаласына қарасты Радқан ауылында дүниеге келген [1]. Әкесі Алиұлы Исхак Радқан ауылының бай диқаншыларының бірі болған деген мәлімет бар. Анасы Низам әл-Мүліктің балалық шағында қайтыс болған. Низам әл-Мүліктің тәрбиесімен әкесі шұғылданған. Низамұлмулік бауыры Әбул Қасым Абдуллахпен бірге білім алады. Низам әл-Мүлік алғаш сауатын әкесінен алады, әкесі оған Құран Кәрімді жаттатады. Халепте Әбул Фетх Абдуллах Исмаил әл-Халебиден, Исфаханда Мухаммед Али Мухамметтен, нишапурда Абдулкерім Хевазин әл-Кузеиден, Бағдатта Әбул Хаттаб Батырдан хадистер оқып үйренеді.

Хадис, Құран сүрелері, сөйлеу мәнері, әдебиет, жаратылыстану ілімдерін жақсы оқып үйренеді. Мемлекет ісіне араласуды әкесімен бірге Газне мемлекетінің Хорасан әкімі Әбул Фазл Эссуриге қызмет етуден бастаған. 1040 жылы Данданакан соғысынан кейін Газне мемлекетінің сұлтаны Месуддың қолында жұмыс істейді. Хорасан бүтіндей Селжұқтардың қолына өткеннен кейін, Низамұлмулік селжұқтарға қызмет етеді.

«Сиясет-наме» немесе «Сират ал-мулук» [2,195] деп аталатын шығарма Низам әл-Мүліктің ұлы Селжұқ мемлекеті дәуірінде жазған ең негізгі шығармаларының бірі болып табылады. Низам әл-Мүліктің «Сиясет-наме» атты шығармасы әлемге кең тараған әрі мазмұны жағынан ауқымды шығарма болып табылады. Низам әл-Мүлік өзінің өте қарапайым әрі жеңіл тілмен жазылған бұл шығармасында тек насихат сөздермен ғана шектелмеген, сонымен бірге өз заманындағы кейбір жағдайларды да тілге тиек еткен. Мазмұны жағынан алғанда оның бұл еңбегінде Селжұқ мемлекетінің құрылымы, басқару жүйесі кемшіліктер және осы кемшіліктерге қатысты сақтық шаралары, саяси ұйымдар мен атақ-мансаптар, басшылар мен халық арасындағы байланыстар, сондай-ақ басшылыққа қарсы наразылық білдірген қозғалыстар жайлы мәселелер қамтылған.

Ол аталмыш шығарманы 1092 жылы жазып бітіреді. Осы кезде Меликшах мемлекет істеріне қатысты кітап жазу жарысын ұйымдастырған болатын. Низам әл-Мүліктің «Сиясет-наме» еңбегі осы тартыста үздік деп танылып, жеңімпаз атанады [3].

Низам әл-Мүліктің бұл әйгілі шығармасы парсы тілінде жазылған және 51 тараудан құралған. Кейбір мәліметтер бойынша бұл шығарма 30 тараудан құралған. Ал кейінірек оған 15 тарау тағы қосылған [4, 25]. Бұл шығарманы зерттеп қарағанымызда кейбір тараулардың өте қысқа, ал кейбір тараулардың ұзақ екендігін көреміз. Сондай-ақ, автор бұл еңбегінің оқырман қауымға ауыр болмасын жеңіл оқылсын деп, кітабында әртүрлі хикаялар мен Құран аяттарын да жазып кеткен. Оның бұл шығармасын зерттеп қарағанымызда, Низам әл-Мүлік өзінің бұл еңбегінің құнды шығарма екендігін атап көрсеткен. Оның пікірі бойынша, «Ешбір падишах және әміршінің бұл кітапқа ие болуынан және оның ішіндегілерді білуінен басқа амалы жоқ. Әсіресе, өмір сүріп жатқан осы замандағы адамдар бұл кітапты міндетті түрде оқуы керек. Оны шын ықыласпен зейін қойып оқып шықса, олардың діни және дүниелік істер туралы білімі арта түсіп, дос пен дұшпанның жағдайын жақсы ажырататын болады. Өйткені бұл жерде жазылған мағлұматтар арқылы үкімет, мәжіліс, кеңес, мал-мүлік, салық, сондай-ақ халық және әскердің жағдайы туралы мәселелерді біледі» [5].

«Сиясет-наме» шығармасы мен оның авторы кейінгі дәуірлерде көптеген мақтауларға ие болғанымен, кейбір жазушылар тарапынан сынға алынған. Низам әл-Мүлік діни білімі мен ғылыми ойлары басым болған мемлекеттік қайраткер болғандықтан, оған көбінесе осы жағынан сын айтқан. Өйткені оның «Сиясет-наме» шығармасының 30-тарауы түгел дерлік Исламға қайшы келетін «шарап кеңесінің құрылуы мен оның шарттарына» арналған [6]. Яғни көріп отырғанымыздай ұлы уәзір бұл мәселеде Исламның ереже-заңдарын еш білмейтін адам сияқты әрекет етіп, шарап кеңесін әдеттегі «рәсми кеңеске» ұқсатып жазған. Ислам заңдары тұрғысынан сынға алынған бұл тарау, негізінде селжұқтықтардың патша сарайындағы өмірі мен сарай мәдениетінің ішкі жағын суреттеген қызықты да маңызды тарау болып саналады. Бұл жерден сарай мәдениетінде өткен дәуірлерге тән ерекшелік ретінде ескі түрік әдет-ғұрыптарының да сақталғандығын көре аламыз.

Низам әл-Мүлік өзінің «Сиясет-наме» шығармасында мемлекетті қалай құру, мемлекет

басшысының қалай болуы және қандай міндеттерді атқару керектігіне тоқталып өтеді. Мемлекет басшысы мемлекеттің ішкі-сыртқы жағдайы, халықтың өмірі, елді жаудан қорғау, басқа елдермен қарым-қатынас орнату, өз қамын ойламай елінің, халқының жағдайын ойлайтын, әділетті, батыл, жомарт болуы керек. Сұлтанға тиесілі болған немесе бір басшының қарамағындағы халық өз сұлтанын құрмет тұтып, бағынулары керек. Басшы өз елін көркейту, елін басқа елдерге таныту, жер көлемін кеңейту, құрылыстар салу жұмыстарын жүзеге асыруға басшылық жасайды.

Низам әл-Мүлік өзінің Сиясет-наме шығармасында мемлекет және саясат ұғымдарын пирамида сияқты үш қатпарға бөліп түсіндіреді. Пирамиданың ең жоғарғы қатпарында сұлтан орын алған, орта қатпарында бюрократтар, ең төменгі сатысында қарапайым халық орын алған.

Сұлтан қабілетті бойында түрлі ерекшеліктері бар «Алла» тарапынан халық ішінен таңдалады. Низам әл-Мүлік өзінің шығармасында сұлтанға былайша анықтама береді: «Сұлтан бүкіл дүниенің иесі болғандығы үшін оның күшіне басқа патшалар қызғана қарайды», – дейді. Басқаша айтатын болсақ: «Бүгін әлемде біздің мырзамыздан ұлы патша жоқ. Ешкімнің өлкесі, оның топырағынан үлкен емес. Аллаға мында бір шүкір. Бұл өлкеде оқ дәрі, қару-жарақ, топырақ, адамгершілік, салтанат құру үшін керек болған нәрсенің бәрі бар».

Патша «Дін және мемлекеттің сұлтаны» селжұқтарда патша тек қана мемлекет емес, дінді де басқаратын. Дін мемлекеттің заңдылықтарын қорғайтын ең маңызды идеологиялық негіз болып саналады [7].

Ол ең жоғары білімді, қабілетті патша қалай болуы керектігін былай түсіндіреді:

Патша үшін ең жақсы қасиет діндар болуы керек. Себебі дін және патшалық ету екеуі егіз сияқты.

Патша ілімді және ілім адамдарымен дос болуы керек.

Патша ақылды, батыл және зерек болуы керек.

Патша өз ісін жүргізу барысында оған дейін патшалық еткендердің әдеп-ғұрпы және рәсімдерін құрметтеуі керек.

Патша әрқашан жарқын жүзді, жұмсақ мінезді болуы керек.

Патша маңызды істерді ешкімге сеніп тапсырмауы керек.

Патша халықтың өмір жағдайынан хабардар болуы керек.

Патша аптаның екі күнінде әділеттік жиналысын шақырып отыруы керек.

Патша залымдар мен қылмыс жасағандарды лайықты жазалауы керек.

Патша ісін дұрыс атқармаған, халыққа зұлымдық жасаған лауазымды адамдарды орындарынан алып тастауы керек.

Патша әр істе дұрыс қадам жасап, жақсы мінез-құлықты адамдарды таңдауы керек.

Патша ғалымдармен жиналыстар ұйымдастырып, олардың ұсыныстарын тыңдауы керек.

Патша мемлекет және өлкеге қатысты істерде ойланып шешім қабылдауы керек.

Патша әрбір адамға күші және кәсібіне байланысты жұмыс беруі керек. Осы айтылған ережелерге бойсұнған билеуші ғана ең жоғары билік еткен патша атана алады [7].

Осы айтылған ережелерге бойсұнған билеуші ғана ең жоғары билік еткен патша атана алады деп түсінді ол. Шығарманы белгілі бір тақырыптарға бөліп қарастырсақ, билеуші мен үкіметке қатысты тарауларды түсіну жеңіл болады.

1 тарау: Сұлтанды (патша) мақтау-мадақтау, халықтың және дүниенің жағдайы туралы

12 тарау: Падишах және әміршілердің Аллах Тағаланың нығметін мойындауы туралы

2 тарау: Падишахтың өз заманындағы әділетсіздікті жойып, әділдікті орнатуы туралы

8 тарау: Дін және діни заңдарды зерттеп, бақылау туралы

11 тарау: Падишахтың жазған жарлықтарына және айтқан мәселелеріне құрмет көрсету туралы

17 тарау: Падишахтың туыстарының жұмыстарының қалай атқарылатындығы туралы

18 тарау: Падишахтардың мемлекеттің жұмыстары үшін ғалымдармен кеңесуі туралы

20 тарау: Падишахтың бөлмесінің дайындалуы, безендірілуі және әртүрлі қарулардың жасалуы туралы

30 тарау: Шарап кеңесінің құрылуы және оның шарттары (ереже) туралы

31 тарау: Падишахтың алдында құлдар мен қызметшілердің тұратын жері туралы

35 тарау: Сарай күзетшілері, қарауылдар мен сақшылар туралы

36 тарау: Құлдар мен қызметшілердің құқығын қорғау туралы

37 тарау: Падишахтың дастарқанының қалай әзірленуі, қызметшілерінің кімдер болуы керектігі туралы

39 тарау: Падишах міндетін атқарғанда ойланып шешім қабылдау туралы

40 тарау: Жазаны орындау әмірлері мен жазаға тарту құралдары туралы

41 тарау: Падишахтың Алланың құлдарына мейірімді болуы, сый-құрмет көрсетуі/атақ-дәрежелері туралы

42 тарау: Екі жұмысты бір адамға тапсырмау, жұмыссыздарға жұмыс беру және оларды жұмыссыз қалдырмау, жұмысты діндар және қабілетті адамдарға беру, дінсіздерге жұмыс бермей оларды айналасынан қуу туралы

43 тарау: Әскер қолбасшыларының атақ-даңқтарының қорғалуы және өнерпаздар туралы

44 тарау: Мемлекеттің және діннің дұшпандарын, дінсіздер мен Харижиттердің іс-әрекеттерін қадағалау туралы

49 тарау: Падишахтың қазынаға ие болуы және оны ретке келтіру туралы

50 тарау: Әділдікті талап еткендердің санын азайту, оларға тез жауап беру, ақысын беру туралы

51 тарау: Аудандардан есеп алу және мұны бір жүйеге қою туралы [8].

Низам әл-Мүлік дін және мемлекет қатынастарында бұл екі ұғымды айыруды емес, бірлестіруді көздейді. Патшаны бекерге «Дін және мемлекет сұлтаны» деп атамағандығы белгілі. Патша аптада бір немесе екі рет сарайға дінмен айналысатын адамдарды шақырып, олармен сұхбаттасып Алланың әмірлері, Құран Кәрім түсіндірулерін, хадистер және пайғамбарлардың хикаяларын тыңдауы керек. Егер сұлтан ислам заңдарын, Құран түсініктерін, пайғамбар хадистерін оқып, үйреніп, жаттайтын болса, ешбір дінсіз сұлтанды жолдан тайдыра алмайды. Ежелгі түрік әдет-ғұрыптарында мемлекет отбасының ортақ дүниесі. Мемлекет басшылығында тек басшы емес, отбасыға қатысты да пікірлер қарастырылған еді. Отбасында басшыдан кейін ең маңызды орынды әйел иеленеді.

Низам әл-Мүліктің айтуына қарағанда: «Патша әйелдерінің тіліне кіріп шешім қабылдаған кездерде өлкеде тек қана жамандықтар мен масқаралықтар орын алған еді». Мемлекетке білімді, іскер адамдар қаншалықты қажет болса, мемлекетте билік үшін әйелдер ең керексіз және қауіпті деп санаған. Низам әл-Мүлік әйелдердің саясатқа қатысуына қарсы болған. Әйелдер тек қана ұрпақ жалғастыруға жаратылған. Сол себепті де олар ерекше құрметке ие. Егер әйел бұл істермен шұғылданбай, басқа істермен айналысатын болса, өзінің негізгі қызметін ұмытады [9]. «Патша әйелдері сыртқы дүниені көрмегендіктен, қате шешім қабылдайды. Осы себепті дау-дамай туындайды, патша құрметіне көлеңке түседі, халық шарасыздыққа душар болады, өлкеге және дінге зиян келеді [9]. Сол

себепті әйелдердің саясатқа араласуына қарсы болған.

«Саясатнама» Ислам елдерінің мемлекеттік басқаруы мен құқықтық жүйесінен кеңінен мәлімет береді. Әсіресе, мемлекеттік қызметтің философиялық астарына көбірек маңыз аударды. Мәліметтер сараптама түрінде жазылған. Осылай Низам әл-Мүлік өз көзқарасын тарихи деректерге сүйене отырып суреттеген. Бұл жалаң сөз, қиял, сөзбұйда емес. Ғылыми негізі бар еңбек. Соның салдарынан ол он ғасырдан бері өзінің құндылығын жойған жоқ. Ойы терең, астары мазмұнды, тілі әсем, ортағасырлық парсы әдебиетіне тән пәрменді шығарма. Шығармада мемлекеттік басқару ісіндегі ғалымдардың рөліне көбірек тоқталған. Жалпы, ғылым иелерін құрметтеу керектігі көп айтылады. «Нағыз ғалым патшаға шақырумен барады, жалған ғалым өзі сұранып барады», – деп жазады «Саясатнама» [10].

Қорыта айтқанда, Мемлекетті басқару мен

көрегендік саясат жүргізе алу қасиетімен Салжұқ мемлекеті тарихында аса маңызды орынға ие болған – Низам әл-Мүлік әлеуметтік-экономикалық салада икта жүйесінің құрылуына, білім беру ісінде медреселердің қоғамдағы рөлін жоғары сатыға көтерілуіне үлкен үлес қосқан тұлға болғандығы анық. «Сиясет-наме» деп аталатын шығармасы мемлекетті басқару, әлеуметтік өмір, діни басқаруда ел билеушілерге бағыт-бағдар беретін еңбек ретінде үлкен маңызға ие. Сиясет-наме шығармасы ұзақ уақыт аралығында уәзірлік еткен, ел басқару ісінде үлкен тәжірибе жинаған мемлекет қайраткерінің қаламынан туған туынды болып саналады. Сиясет-наме шығармасы Ислам мәдениеті, түрлі ислам мемлекеттері және олардың ерекшеліктері Ұлы Селжұқ мемлекетінің құрылуы туралы мағлұматтар беретін еңбек болып саналады. Сиясет-наме шығармасында Түрік – ислам мемлекеттерінің басқару, саяси, қаржы, әскери, мәдени жақтарын талқылайды.

Әдебиеттер

- 1 Abdullah Necip, «Nizamülmülk», Sızıntı Dergisi, Ağustos 1981, sayı:31.
- 2 İslâm Ansiklopedisi, « Nizâmülmülk» maddesi, DİA, İstanbul 2007, cilt: 33
- 3 KÖYMEN, M.A., ' Büyük Selçuklu Veziri Nizamü'l-Mülk ve Tarihi Rolü', Türkler, cilt 5, Yeni Türkiye Yayınları, ANKARA 2002
- 4 NİZAMÜLMÜLK, Siyasetname, Çeviri: Nurettin Bayburtlugil, Dergâh Yayınları, İstanbul.
- 5 Əbu Əli Həsən ibn Əli Xacə Nizamülmülk 'siyasətnamə 'Bakı, «Çıraq» 2007
- 6 NİZAMÜLMÜLK, Siyasetname- Farsça Aslından Çeviren: Mehmet Taha Ayar Hasan Ali Yücel Klasikler Dizisi Türkiye İş Bankası Kültür Yayınları 1799 s.3 Başlangıç faslı.
- 7 Ali Ertuğrul ' ' Bir Kaynak Olarak Nizâmü'l-Mülk'ün Siyâsetnâmesi' ' Türkler, cilt 5, Yeni Türkiye Yayınları, ANKARA 2002
- 8 <http://sakligezen.blogcu.com/siyasetname-nizamulmulk/3272863> 15.03.2015 21:04
- 9 CANATAN Kadir Geleneksel Siyaset ve Devlet Felsefesinin Bir Yorumu Olarak «Siyasetname» -Büyük Devlet Adamı Nizamülmülk'ün Devlet ve Siyaset Anlayışı Üzerine- Turkish Studies Dergisi 2009, sayı:7.
- 10 <http://archive.turkystan.kz/kz/articles/view/49904>

Сатов Е.Ж., Жолсейтова М.А.

**«Мәдени мұра» бағдарламасы
және ортағасырлық Қазақстан
тарихының деректері**

Аталмыш мақалада «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында Қазақстан тарихына қатысты жарық көрген ортағасырлық құжаттарға деректанулық талдау жасалған. Әсіресе Түркия және Қытай елдерінің мұрағаттарынан алып келінген құжаттарға ерекше көңіл бөлінген. Деректанудың ішкі және сыртқы сыни талдау әдістерін кеңінен пайдаланып отырып, аталмыш мәселені жан-жақты қарастыру негізге алынды. Мәселен, сыртқы сыни талдау арқылы аталмыш бағдарламаның төралқа мүшелері жайында қысқаша мәлімет келтірілді. Сондай-ақ төл тарихымызға қатысты жат жерлік құжаттар том-томға бөлініп, жүйелі түрде қысқаша талданды. Ал ішкі сын негізінде орта ғасырлық кезеңнің ірілі-ұсақты тарихи оқиғалары жайында тілдік, контенттік, факсимилелік талдаулар жасалынды.

Түйін сөздер: «Мәдени мұра», құжат, түрік, қытай, сыртқы сын, ішкі сын, деректану, талдау, жинақтау, ортағасыр.

Satov E.Zh., Zhohseytova M.A.

**The program «Cultural heritage»
and the sources of medieval
history of Kazakhstan**

This article was made source analysis medieval sources on the history of Kazakhstan, which are published under the state program «Cultural Heritage». Particular emphasis was placed on the documents brought from China and Turkey archives. With the help of heuristic and theoretical methods discussed this issue in detail. For example, an overview of the founders of the program was made by the heuristic analysis. Also, foreign documents about the country's history on a specific criteria for volumes and systematically brief stated. A theoretical approach major and minor historical events Medieval Kazakhstan deeply analyzed by the language, content, and methods of facsimile.

Key words: «Cultural Heritage», documents, Turkish, Chinese, heuristic, theoretical, source, analyze, summarize, the Middle Ages.

Сатов Е.Ж., Жолсейтова М.А.

**Программа «Культурное
наследие» и источники
истории средневекового
Казахстана**

В данной статье был сделан источниковедческий анализ средневековых источников по истории Казахстана, которые были опубликованы по государственной программе «Культурное Наследие». Особенно был сделан акцент на документы, привезенные из архивов Китая и Турции. С помощью эвристических и теоретических методов данная проблема детально рассмотрена. Например, по эвристическому анализу был сделан краткий обзор об учредителях программы. Также иностранные документы об отечественной истории по определенной критерии по томам систематизированы и вкратце изложены. А по теоретическому подходу главные и мелкие исторические события Средневекового Казахстана глубже проанализированы по языковому, контентному методам и факсимиле.

Ключевые слова: «Культурное Наследие», документы, тюркский, китайский, эвристика, теоретический, источниковедение, анализ, резюмировать, средневековье.

**«МӘДЕНИ МҰРА»
БАҒДАРЛАМАСЫ ЖӘНЕ
ОРТАҒАСЫРЛЫҚ
ҚАЗАҚСТАН
ТАРИХЫНЫҢ
ДЕРЕКТЕРІ**

Тәуелсіздік алғаннан бергі уақытта қазақ елінде өзінің төл тарихын зерделеп, өркениетке қосқан үлесін салмақтап, жетпегенін іздеп, кемел ұрпаққа мұра етіп қалдыру өзекті мәселелердің біріне айналды. Осындай игі міндетті іске асыру мақсатында «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы дүниеге келді. «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында қыруар шаруа атқарылды. Алыс және жақын шетелдердің мұрағаттарында, кітапханаларында бұрын-соңды құпия болып келген құжаттар, кітаптар мен қолжазбалар жария етілді. Олардың айтарлықтай бөлігі жарыққа шықты. Сондай еңбектердің тобын Қазақстан тарихына қатысты араб, парсы, түрік, моңғол, қытай, орыс тілдеріндегі деректер топтамасы құрайды. Алайда бұл деректерге күні бүгінге дейін деректанулық талдау жасалмаған. Деректерді деректанулық талдаудан өткізу арқылы ғана тарихты шынайы жазуға мүмкіндік туады.

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында төл тарихымызға қатысты көптеген шетел деректері жинақталып, кітап болып жарыққа шықты. Дереккөздерінің жарыққа шығуына, яғни ғылыми айналымға қосылуына «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының кітап сериялары бас редакциясының алқасы мұрындық болды. Олардың құрамы төмендегідей: М.А. Құл-Мұхаммед (бас редактор), М.М. Тәжин (бас редактордың орынбасары), Н.М. Нұрғазин (жауапты хатшы), Ж.М. Әбділдин, М.Қ. Әбдусейітова, М.М. Әуезов, К.М. Байпақов, К.Н. Бұрханов, Е.Қ. Ертісбаев, С.З. Зиманов, Ә. Кекілбаев, С.А. Қасқабасов, М.М. Мағауин, С.А. Мәмбеев, Ә.К. Нұрпейісов, Ә.Н. Нысанбаев, Е.Р. Рахмадиев, Қ.С. Сұлтанов, О.О. Сүлейменов, И.Н. Тасмағамбетов, К.Ш. Хұсайынов. Еліміздің осындай саяси және аксиологиялық элиталары мәдени құндылықтарымыздың қайта жандануына өзіндік үлестерін қосуда. Осындай қарымды қаламгерлердің қолынан туындаған еңбектердің бірі – Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. Бұл кітап бес том болып жарық көрген. Аталған еңбек алаш жұртының ортағасырлық кезеңі бойынша бірден бір құнды дереккөздерінің бірі. Әсіресе, деректердің құндылығы жағынан екінші томның маңызы орасан зор. Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері 250-300 беттік + 140-150 беттік жапсырма түрінде баспадан шықты. Таралымы арнайы тапсырыспен 3000

дана болып жарық көрді. Бұл кітап бес том болып жарық көрген.

Бірінші том – Өтеміс қажы. «Шыңғыс-наме» (факсимиле, транскрипциясы, мәтіннамалық ескертулер, зерттеу мақалалары, түсіндірмелері мен көрсеткіштері.)

Екінші том – Ежелгі түрік жазбаша ескерткіштерінің жинағы: Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері. Бұл том бойынша Ресейде (Новосибирск, Абакан, Минусинск, Қызыл), Монғолияда, Қырғызстанда, Шығыстану археологиялық экспедициялары жүргізілді.

Үшінші том – Өтеміс қажының «Шыңғыс-намесі» тілінің индекс-сөздігі.

Төртінші том – Мұхаммед Садық Қашқари «Тазкира-и азизан» (факсимиле, аударма, түсіндірмелер, көрсеткіштер).

Бесінші том – XV-XX ғасырдың басы аралығындағы түркі тілдес деректемелерден «үзінділер жинағы». Бұл тақырып бойынша Шығыстану археологиялық экспедициясы, Ыстанбұл, Қазан қалаларына іссапарлар өткізілді [1].

Бұл аталмыш томның мазмұнына үңілу арқылы еңбектің экстраваганттылығын көрсетуге болады:

Біріншіден, түрік елінің жазба мәдениетіне байланысты, оның тәріптік, фонологиялық жүйесіне байланысты толықтай мағлұматтар келтірілген. Сол Бітіктас жазбасы негізінде Орхон түрік, Енисей түрік, Талас түрік тарихи ескерткіштеріне түсініктер берілген.

Екіншіден, 252+144 жапсырмалық парақтардан тұратын кітапта кестелер кездеседі. Түрік бітік тіліндегі таңба әріптердің фонологиялық құрамының кестесі берілген: дауысты және дауыссыз дыбыстардың буындық айтылымы.

Үшіншіден, сонымен қоса еңбекте көне түркі тіліндегі сөздердің қазақ тіліндегі сөздермен салыстыратын салыстырмалы кесте де көрініс тапқан.

Төртіншіден, сондай-ақ әрбір тарихи ескерткіштерге жалпылама сипаттама берілген.

Бесіншіден, иллюстрациялық белгілерді және оларда бейнеленген сөздерді, мәтіндерді айтуға болады.

Дегенмен осы томның олқылығы ретіндегі бірқатар элементтерді көрсеткен жөн. Біріншіден, барлық Қазақстан тарихы бойынша деректерді ғылыми рәсімдеу мен техникалық безендіруде бірқатар кемшіліктер жіберілген. Мәселен, кітаптардың сыртқы және бірінші мұқабасында деректемелері, дәлірек айтсақ, Қазақстан тарихы бойынша түрік деректемелері деп көрсетілген. Деректеме деген сөздің ғылыми ұғымын, мәнін

ашатын болсақ және оны орыс тіліне аударып көз жеткізсек, реквизи́т деген мағынаны береді. Ендеше, бұл басылымдар деректер емес, Қазақстан тарихы бойынша деректемелер болып шығады. Алайда, кітаптардың ішкі мазмұнын талдасақ, ол деректеме емес белгілі бір дәуірлер мен кезеңдерге арналған жазба дерек болып табылады. Сөзімізді дәйектей отырып, профессор Қ.М. Атабаевтың: «Соңғы жылдары деректеме деген термин орыс тіліндегі источник деген терминнің баламасы ретінде қолданылып жүр. Деректеме деген термин орыс тіліндегі источник емес, реквизи́т деген терминнің мағынасын білдіреді», – деп айтқаны осының айғағы [2]. Ал халықаралық терминге жүгінетін болсақ, деректеме (реквизи́т) дегеніміз анықтамалық құжат, құжаттық мәлімет мағынасына ие. Деректемеде мөр, мөртабан, субъектінің қолтаңбасы және т.б. ресми белгілердің көрініс табуы тиіс. Сол себепті «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында жарық көрген еңбектердің атауы «Қазақстан тарихы бойынша... дереккөздері» деп өзгертілгені дұрыс. Екіншіден, кей ұғымдарға байланысты түсіндірме сөздік толық берілмеген немесе түсініксіз берілген. Мәселен, Қазақстан тарихы бойынша түрік деректемелері атты еңбекте «Түрік Елі әлсіреген кезден бастап, әуелі көне түрік тілінің, одан кейін моңғол тілдерінің негізгі трансформациялық әліпбиі болып қолданыла бастады» деген сөйлемде «трансформациялық» деген ұғымды – белгіленімдік деп аударған [3.1].

Аталмыш ұғымының өзге де альтернативті нұсқалары берілмеген. Ал халықаралық терминологиялық сөздікте «трансформация» – белгілі бір құбылыстың, үдерістің, жүйенің ішкі немесе сыртқы факторларға байланысты өзгеріске ұшырауы деп анықтама берілген. Үшіншіден, оқырман қауымға деректі оқитудың әдіс-тәсілдері көрсетілмеген. Мәселен, «Дж. Клоусон: «Қапаған, Білге қағандар заманындағы Ел етміш йабғұнның үлкен ұлы Ышбара тамған тархан мен кіші ұлы Алып Ел етміш Білге Ышбараға арналып, 1731 жылы орнатылған деген тұжырым жасайды». Ал А.А. Раджабов болса Елтеріс қағанның нөкерлерінің бірі Ышбара тамған тарханға арнап, 692-689 жылдары туысқандары Елетміш йабғұ мен ағасы Чұр йоға екеуі орнатқан дейді. В.Е. Войтовтың пікірінше, қытай деректерінде кездесетін Елтеріс қағанның ортаншы інісі Дусифу мен Ел етміш йабғұ бір адам деп пайымдайды. Ел етміш йабғұның бірнеше ұлдарынан оған арнап, үлкен ұлы Ышбара тамған чұр йабғұ мен ортаншы ұлы Алып Ел

етміш Білге Ышбара тамған тархан тарапынан 719-720 жылдары орнатылған деп көрсетіледі» [3.2] деген мәтінді ұғыну тек қалың оқырманға ғана емес, тіпті, кәсіби мамандар үшін де қиындық туғызады. Төртіншіден, деректер көбінесе орыс тілінен қазақ тіліне сөзбе-сөз аударылған. Мысалы, Хуан Тингуй, Ярхасан қатарлылары деп рядовой сөзін аударған [3.3]. Рядовой ол қатарлы емес, қатардағы жауынгер немесе жауынгер деп аударылғаны дұрыс. Болашақта мұндай олқылықтар орын алмас үшін орыс тілінен немесе өзге тілдерден қазақ тіліне сөйлемдерді, мәтіндерді аудару барысында негізінен оның мән-мағынасына көңіл аударған жөн.

Көшпелі тұрмыс кешкен халықтың өркениеттілікке жеткендігінің басты нышаны жазба ескерткіштерінің болуымен сипатталады. Бұл жөнінде Көне түркі жазбаларын зерттеуші ғалым Қаржаубай Сартқожаұлы: «Ғылым әлемінде түркі жұртының жәдігері ретінде танылған жазулар 2500 жылдан бері бар деп есептеледі. Өзірге мәлім болған есеп бойынша, көне түркі жазуымен тас бетінде 240-тай, қағаз бен теріге 310 беттей мәтін түсіпті. Манихей әрпімен 544 бетке жуық мұралар, ұйғыр әрпімен 1000-ға тарта мәтіндер, 10-ға жуық кітаптар жасалыпты. Араб қарпімен жазылған орта ғасырлық дүниелер қаншама!». Міне, осыларды дереккөзі ретінде тиімді пайдалана білу түбі бір түркі халықтарының тарихын терең білуге көмектесері сөзсіз. Бұлардың қатарында «Күлтегін», «Білге қаған», «Тоныкөк» тарихи ескерткіштердің орны ерекше», – деп атап көрсеткен болатын [4.1].

Осындай іргелі еңбектерді жазуда тың деректердің қажеттілігі сөзсіз. «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша жарияланған деректерді ұлттың шынайы тарихын жазуда пайдалану ғылымды сапалы деңгейге көтеріп қана қоймай, Отан тарихындағы бұрын-соңды зерттелмеген мәселелерге қажетті тарихи жемді көбейтуге жол ашады. Шынайы тарихты жазу ұлттың өзін-өзі тануға көмектесіп, өткеннен шынайы мәліметтерді бере алатын, тарихтан сабақ алуға мүмкіндік беретін бірден бір жол. «Мәдени мұра» бағдарламасы осындай жолдың бірінші кезеңі. Ал екінші кезеңі сол жазба деректерге деректанулық талдау жасау.

«Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жинақталған деректердің зерттеу нәтижелерін талдап, зерделеп ғылыми айналымға енгізу жолдары қазіргі Отандық тарих ғылымында жаңадан дамып келе жатқан сала. Осы орайда «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы тари-

хи-мәдени дәстүрлерді қайта жаңғыртып, дамытып, еліміздің мәдени мұрасын насихаттап, қолданысқа енгізіп, сақтау және зерделеу сияқты негізгі аспектілерді анықтайды.

Сонымен төл тарихымызға қатысты деректердің екінші томына тоқталып өткен жөн. Бұл кітап бес том болып жарық көрген. Бірінші том – Өтеміс қажы. «Шыңғыс-наме» (факсимиле, транскрипциясы, мәтіннамалық ескертулер, зерттеу мақалалары, түсіндірмелері мен көрсеткіштері). Екінші том – Ежелгі түрік жазбаша ескерткіштерінің жинағы: Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері. Бұл том бойынша Ресейде (Новосибирск, Абакан, Минусинск, Қызыл), Моңғолияда, Қырғызстанда, Шығыстану археографиялық экспедициялары жүргізілді. Үшінші том – Өтеміс қажының «Шыңғыс наместі» тілінің индекс-сөздігі. Төртінші том – Мұхаммед Садық Қашғари «Тазкира-и азизан» (факсимиле, аударма, түсіндірмелер, көрсеткіштер). Бесінші том – XV-XX ғғ. басы аралығындағы түркі тілдес деректемелерден «үзінділер жинағы» [1]. Аталмыш томның ерекшелігі: Біріншіден, түрік елінің жазба мәдениетіне байланысты, оның әріптік, фонологиялық жүйесіне байланысты толықтай мағлұматтар келтірілген. Сол Бітіктас жазбасы негізінде Орхон түрік, Енисей түрік, Талас түрік тарихи ескерткіштеріне түсініктер берілген. Екіншіден, 252+144 жапсырмалық парақтардан тұратын кітапта кестелер кездеседі. Түрік бітік тіліндегі таңба әріптердің фонологиялық құрамының кестесі берілген. Лингвистикалық тұрғыдан алғанда бұл кестенің маңызы зор. Үшіншіден, қолданыс аясынан шығып қалған көне түркі сөзінің мәні мен мағынасын ұғынуға жағдай жасалған анықтаманы айтуға болады. Мәселен, «будун» сөзіне – «бүгін, бой, толық, жалпы» деген анықтамалар берілген. Төртіншіден, сондай-ақ әрбір тарихи ескерткіштерге жалпылама сипаттама берілген. Мысалы, Көжелік-Қобы (Е-45) Бітіктасына төмендегідей элементтер бойынша мағлұматтар берілген:

- тарихи-хронология;
- тарихи-деректанулық анықтама;
- географиялық аумақ;
- сәулеттік өлшем;
- зерттелу тарихы.

Яғни осы жоғарыдағы көрсетілген шарттар арқылы ескерткіштің ғылыми сипаттауының ерекшелігін анықтауға болады [2].

Ал енді оның тікелей мазмұнына тоқталсақ, Қазақстан тарихы туралы түрік деректемелерінің екінші томында ортағасырлық тарихқа байланысты түрік көшпенділерінің өркениет

туралы мәліметтер кездеседі. Дәлірек айтқанда, Ежелгі замандардағы сақтар, хұндар, үйсіндер, қаңлылар, сяньбилер, тобалар, жужандар секілді этносаяси одақтар мен бірлестіктердің ізімен құрылған V-VII ғасырлардағы түрік империясының жазба мәдениеті және ескерткіштері туралы біршама мағлұматтар көрініс тапқан. Ал келесі бөлімде Енисей түрік бітіктастары мен ескерткіштері [2, 167 б.] туралы баяндалса, соңғы үшінші бөлімде Талас түрік бітіктастары мен ескерткіштері жайына мағлұмат берілген [2, 216 б.]. Талас ескерткіштерін бірінші, екінші, үшінші тас ескерткіштер деп сандық ретпен атау қалыптасқан. Бұл тарихи тұрғыдан Түрік елі, Түргеш, Қарлұқ мемлекеттері дәуіріне қатысты. Сондықтан Талас бітіктастары мен ескерткіштерінің мәтіндік тұрғыдан зерттелуі археография ғылымы үшін маңызы зор.

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы негізінде «Қазақстан тарихы бойынша түркі деректемелерімен» қатар қытай, моңғол, орыс деректемелері де жинақталып, кітап болып, жарық көрді. Солардың бірі «Қазақстан тарихы бойынша қытай деректемелері». «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының аясында «Аспан асты елінің» деректерін зерттеп, зерделеуге мемлекетіміз қызығушылық танытты. Нәтижесінде Қытай деректерінен Қазақ елінің жаңа замандық кезеңіне байланысты құнды мәліметтер табылды [5]. Бұл деректерді Қазақстан-Қытай тарапы бірлесіп, бірнеше томдық еңбек ретінде бір жүйеге келтіріп, басылымға шығарды. Бұған мысал ретінде Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері атты бірнеше томдық кітаптарды айтуға болады. Бұл кітап бес том болып жарық көрген. Аталған еңбек қазақ елінің кейінгі ортағасырлық және жаңа замандық кезеңі бойынша бірден бір құнды дереккөздерінің бірі. Әсіресе деректердің құндылығы жағынан үшінші томның маңызы орасан зор. Әсіресе, «Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелерінің» үшінші томы алаш жұртының жаңа замандық кезеңіне тікелей немесе жанама байланысты тарихи мағлұматтарға бай құжаттардан тұрады. Аталмыш томға қысқаша шолу ретінде қытай және маньчжур тілдерінде, тотон-моңғолдық және шағатай тілдері бойынша құрастырылған мәтіндерден және ғылыми комментарийлер, факсимилелерден тұратындығын атап өтуге болады. Осы томға енген құжаттардың көбі «Қазақстан Қытай арасындағы қарым-қатынасқа байланысты Цинь дәуіріндегі мұрағат құжаттарының жинағы» атты кітаптан алынған. Бұл томда қытайдың бірінші тарихи мұрағатының «Цзюнь цзи чу

шан юй дан» («Әскери басқармада сақталған патша жарлықтары»), Гун Чжун чжу пи зоу чжэ» («Сарайда сақталған патша мәлімдемелері»), «Цзюнь цзи чу лу фу зоу чжэ» («Әскери басқармада сақталған ұлықтардың мәлімдемелерінің көшірмелері») және «Нэй гэ ци цзюй чжу» («Патшаның күнделікті мұрағат тіршілігіне жауапты мекеме жазып қалдырған патша туралы естеліктер») қатарлы қорларынан табылған қытай, маньчжур, тогон-моңғол және шағатай тілдерінде жазылған құжаттардың қазақша аудармасы мен оларға берілген ғылыми түсіндірмелер, сонымен қоса сол құжаттардың көшірмелері (факсимиле) енгізілген. Құжаттар 1755 жыл мен 1774 жыл аралығында хатталған. Бұл құжаттар төмендегідей мазмұнды қамтиды:

1. Жоңғар билеушілерін қудалаумен байланысты қазақтармен қарым-қатынас жасаған Цинь әскери қолбасшыларының өз патшаларына жіберген мәлімдемелері;
2. Қазақ елшілерінің Бейжінге және Цинь патшасының жаздық сарайы орналасқан Чэндэ жеріне баруына байланысты құжаттар;
3. Цинь патшасы Цяньлунның осы жылдар аралығында қазақ елшілерін қабылдағаны туралы және оның қазақ елшілеріне берген сый-сыяпаттары туралы құжаттар;
4. Цинь патшалық ұлықтарының қазақтардың Үрімжі секілді жерлерге барып сауда жүргізгендігі жөніндегі өз патшаларына жіберген мәлімдемелері және сол мәлімдемелермен бірге жіберілген қосымша құжаттар;
5. Цинь патшалық дәуіріндегі Оңтүстік Қытайдағы үш жібек өндірісі орталығының қазақтарға арнап өндіріліп жатқан торғын-торқалар туралы өз патшаларына жазып жіберген мәлімдеме кітапшасы;
6. Қазақ хандарының генеологиясы туралы құжаттар;
7. Қазақ отбасы сандары туралы бір құжат;
8. Қазақ билеушілерінің бірі Әбілпайыздың Цинь ұлықтарына шағатай тілінде жазған екі дана хаты;
9. Абылай хан мен Әбілпайыздың Цинь патшалық ордасы мен ұлықтарына тотон-моңғол тілінде жазған үш дана хаттары.

Құжаттық модельдегі кітап кіріспе, 26 құжаттан, пайдаланылған әдебиеттерден, есімдер көрсеткішінен, этнонимдер көрсеткішінен, географиялық көрсеткіштерден және факсимиледен тұрады.

Аталмыш томның кіріспе бөлімі үш тараушадан тұрады:

1. Цинь патшалық мұрағаты және ондағы Орталық Азия тарихына қатысты құжаттар.

2. Қазақ хандығы мен Цинь патшалығы арасындағы саяси және экономикалық қарым-қатынастар.

3. Еңбекте қолданылған техникалық әдістер. Ал негізгі бөлімнің рөлін 26 тарихи құжат кұрайды.

№1 Құжатта Солтүстікті тыныштандыру әскерінің қолбасшысы Бандидің құпия мәлімдемесі; онда қазақ жеріне жіберілген елшілер жеткізген Абылайдың бітімге келу туралы өтініші және Әмірсананың істеген бұзақылықтары айтылған [5, 25 б.]; №2 құжатта Динбэй цяньцзюнь Бандидің Батыс Қазақ қатарлы жерлерден келген елшілердің Ташкент қаласының басқарылу жағдайы туралы хабарлағандығы жөнінде және ол жерге бұрынғыдай «әкім» сынды лауазымдарды тағайындау керек екендігі жөнінде жолдаған мәлімдемесі [5, 29 б.]; №3 құжатта шекара аймақтарды тыныштандыру армиясы қолбасшысының оң қол орынбасары Чжаохуэйдің патша бұйрығы атқарылып, Үрімжі қатарлы жерлерде тың игеру ісі жүргізіліп жатқандығы және орынбасар дутун Шуньдэнаның қазақтармен жылқы саудасын жасағандығы туралы мәлімдемесі [5, 33 б.]; №4 құжатта авторы белгісіз қытайлықтың адам таңдап, қазақтарға елшілікке баруы жөніндегі мәлімдемесі [5, 36 б.]; №5 құжатта маньчжур тілінде жазылған қазақ отбасыларының саны туралы мәлімдеме [5, 39 б.]; №6 құжатта Қытай тілінде жазылған Шэньси-Ганьсу жеріндегі генерал-губернатор Хуан Тингуйдың өзінің қазақтармен сауда жөнінде Нұсаннан ақыл сұрағандығы туралы мәлімдемесі [5, 43 б.]; №7 құжатта Динбянь цяньцзюнь Чжаохэйдің ойрат Букучағанды тұтқындауға көмек сұрап, Қазақ ханы Абылайға жолдаған хаты [5, 46 б.]; №8 құжатта Баркөл Амбаны Алигунның «патша орда қорғаушы жасағының бөлім бастығы Нұсан қатарлылар патшаның жарлығы бойынша жауынгерлерді бастап қазақтармен сауда жүргізуге аттанып кетті» деген мазмұндағы мәлімдемесі [5, 49 б.]; №9 құжатта Амбан Ағұйдың қазақтар Хэшоциді қалай әкеліп тапсырғаны және Хэшоцидің Бежінге жіберілгендігі жөнінде мәлімдемесі [5, 51 б.]; №10 құжатта Амбан Фудэнің өзінің әскер бастап қазақ жеріне барып Қасақшираны тұтқындау ісін орындай алмағандығы және патшамен дидарласпақ болған қазақ және хуэйци елшілерін қоршап әкеле жатқандығы туралы мәлімдемесі [5, 53 б.]; №11 құжатта Патшаның қорғаушы жасағының қолбасшысы Нұсанның қазақ Қабанбайдың ұлымен жылқы саудасын жасағандығы туралы мәлімдемесі [5, 65 б.]; №12 құжатта Қазақтардың шығу тегі және оларға қатысты карта туралы мәлімет [5, 67 б.]; №13 құжатта Жалан-жәңгі Наванның қазақ жеріне елші болып барып Абылай қатарлы көсем-

дерімен кездескендігі туралы цяньцзюнь мен амбандарға жазған мәлімдемесі [5, 70 б.]; №14 құжатта Пішан амбаны Динчанның мәлімдемесі, онда «қазақтар Үрімжі қатарлы жерлерге сауда жүргізгелі келді және Абылайдың Нұсанға жазған хатын әкелді» деген мазмұн жазылған [5, 79 б.]; №15 құжатта Патшаның қорғаушы жасағының қолбасшысы Нұсанның «қазақ елшілері келе жатыр, патшаның тапсырмасы бар екен» деген мазмұндағы жолдаған мәлімдемесі баяндалады [5, 82 б.]; №16 құжатта Қалқадан шыққан орынбасар цяньцзюнь Цеденжабтың «қазақтар махачиндар тарабынан тоналыпты» және «қазақтар Үрімжіге келіп сауда жасады» деген мазмұнда жазған мәлімдемесі бейнеленеді [5, 83 б.]; №17 құжатта Үрімжідегі үшінші дәрежелі қорғаушы Юндэнің қазақтармен жылқы саудасы кезіндегі жұмсалған күміс ақшаның шамасы туралы жолдаған мәлімдемесі жазылған [5, 87 б.]; №18 құжатта Қазақ ханы қатарлы адамдарға берілген сыйлықтардың тізімі [5, 93 б.]; №19 құжатта Ганьсу провинциясының әкімі Ву Дашаньнің қазақ елшілерінің Сучжоу жерінен Бежінге аттанғаны туралы жазылады [5, 96 б.]; №20 құжатта Сучжоу жеріндегі тоқыма істерінің басқарушысы Аньниннің қатарлылардың жолдаған тізбе дәптері; онда қазақтармен арадағы саудаға арнап Янцзынцзян өзенінің оңтүстігіндегі үш жерде тоқылып жатқан торқа, торғын және шайылардың түрі мен бағалары көрсетілген [5, 98 б.]; №21 құжатта Іле амбаны Айлуңғаның Іле жерінде қазақтармен жүргізілген саудада алынған жылқының саны туралы мәлімдеме көрініс тапқан [5, 100 б.]; 22 құжатта Қазақ елшісі Дәулеткерейдің өтініш хаттамасы. Онда Абылайдың Қоқан Ерданаға жорық жасау үшін бізден көмек ретінде зеңбірек пен әскер жіберсеңдер деген өтініш жайында жазылған [5, 104 б.]; №23 құжатта Қашқар амбаны Ильтудың қазақ ханы Абылайдың өзімен амандасуы үшін сауда жүргізу туралы өтінішін жеткізу үшін Қашқарға елші жібергендігі туралы мәлімдемесі аясында жазылған [5, 107 б.]; №24 құжатта Тарбағатай амбаны Ильтудың қазақ ханы Әбілпайыздың өз ұлы Жошыны Бежінге елшілікке жіберу жөнінде хат жазғандығы туралы мәлімдемесі баяндалады [5, 114 б.]; №25 құжатта Іле цяньцзюні Ильтудың «қазақтардың ханы Абылай Ілеге адам жіберіп, маған сәлем беріп, ат сыйлады» деген мазмұндағы мәлімдеме [3, 119 б.]; №26 құжатта Тарбағатай амбаны Шухэдэнің қазақ ханы Абылайдың хат жазып дәрі-дәрмек сұрағандығы туралы мәлімдеме [5, 122 б.].

Бұл деректер Қазақстан тарихының ортағасырлық кезеңіндегі этникалық, саяси, дипломатиялық мәселелерін зерттеуде тарихи маңызы ерекше.

«Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша шығарылған бұл томдар, біріншіден, Қазақстанның тарихын қайта жүйелеп, бүгінге дейін беймәлім болып келген көптеген фактілермен толтыруға мүмкіндік береді. Екінші-

ден, қазіргі уақытта әлемнің бәсекеге қабілетті елу елінің қатарына қосылу міндеті қойылып отырған кезде дүние жүзінде Қазақстанның іргелі мемлекет ретіндегі беделін көтере түседі. Халқымыздың рухын асқақтатып, жастарға отаншылдық, ұлтжандылық тәрбие беру ісін іргелі бастырады. Ең соңында Қазақстанның ұлттық идеясын қалыптастыруға ғылыми тұрғыдағы үлес болып қосылады.

Әдебиеттер

- 1 Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – I том. – 400 б.
- 2 Атабаев Қ.М. Деректану. – Алматы: Қазақ тарихы, 2007, – 261-б.
- 3 Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – II том. – 397 б.
- 4 Сартқожа Қ. Орхон мұралары. – Астана: Күлтегін, 2003, – 392-б.
- 5 Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. – Алматы: Дайк-Пресс, 2006. – III том. – 296 б.

References

- 1 Kazakstan tarihy turaly tyrki derektemeleri. – Almaty: Dajk-Press, 2005. – I tom. – 400 b.
- 2 Atabaev K.M. Derektanu. – Almaty: Kazak tarihy, 2007, – 261-b.
- 3 Kazakstan tarihy turaly tyrki derektemeleri. – Almaty: Dajk-Press, 2005. – II tom. – 397 b.
- 4 Sartkozha K. Orhon muralary. – Astana: Kulteegin, 2003, – 392-b.
- 5 Kazakstan tarihy turaly kytaj derektemeleri. – Almaty: Dajk-Press, 2006. – III tom. – 296 b.

2-бөлім
**ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ**

Раздел 2
**ДРЕВНЯЯ И СРЕДНЕВЕКОВАЯ
ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА**

Section 2
**ANCIENT AND MEDIEVAL
HISTORY OF KAZAKHSTAN**

Habizhanova G.B.
**Kipchaks role in Kazakh Tribes
Formation**

In the article the role of kipchak tribes in formation of the Protokazakh breeding formations in the period of the early Middle Ages reveals. Being guided by substantive provisions of such known researchers as N.Aristov, V.Bartold, S.Ahinzhanov, etc., the author defines the basic ways and directions of migrations of the Turkic tribes which have entered later in structure of kipchak confederation. Despite the extensive literature on Kipchak tribal formation, tamga signs analysis, sources about the Kipchaks as a part of the Uzbek, Karakalpak, Turkmen, Bashkir, as well as the other above-mentioned data allow to supplement the knowledge of the possible historical contacts with other ethnic groups and come to conclusion of their possible common origin. This conclusion is based on the theoretical statement of the Turkic nomads tribal structure mobility, their genealogical continuity and communication. Thus, the origins of many Turkic tribes, whose history since the beginning of the second millennium BC roots in medieval Qypchaq Union are closely connected with the territory of modern Kazakhstan.

Key words: kipchak, migration processes, tamgas, turkic tribes, ethnic composition.

Хабижанова Г.Б.
**Қыпшақтар және олардың
қазақ халқының
қалыптасуындағы ролі**

Мақалада ерте ортағасырлық қыпшақ тайпалық одағының этникалық құрамын талдау негізінде, ерте қыпшақтардың қазақ руларының этногенезіне қатыстылығы мәселелері қарастырылады. Автор Н.Аристов, В.Бартольд, С.Ақынжанов, Р.Кузеев және т.б. белгілі ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, ортағасырлық қазақ жерінде жүрген көші-қон үдерістеріне талдау жасай келе, арғын руының мысалында қыпшақ бірлестігіне көптеген қазақ руларының қыпшақ конфедерациясы құрамына енгенін негіздейді. Қыпшақ тайпалық бірлестігінің құрылуына байланысты көптеген әдебиеттердің болуына қарамастан, таңбалық белгілері, өзбек, каракалпак, түркмен, башқұрт халықтарының құрамындағы қыпшақтар туралы дерек мәліметтері, сондай-ақ жоғарыда аталған мәліметтер, басқа да этникалық топтармен тарихи байланысқа түскендігі туралы білімімізді толықтырып және шығу төркіні бір деген қорытынды жасауға әкеледі. Бұл қорытынды түркі көшпелілерінің ру-тайпалық құрылымының жылжымалылығы, сабақтастығы, генеологиялық байланысы туралы теориялық ережемен негізделеді. Демек, тарихы б.э. екінші мыңжылдығында ортағасырлық қыпшақ одағынан бастау алатын көптеген түркі тайпаларының шығу тегі бүгінгі Қазақстан территориясымен тығыз байланысты.

Түйін сөздер: қыпшақтар, көші-қон үдерісі, таңбалар, түркі тайпалары, этникалық құрамы.

Хабижанова Г.Б.
**Кипчаки и их роль
в формировании казахских
племен**

В статье на основе анализа раннесредневекового этнического состава кыпчакского союза племен рассматриваются проблемы участия ранних кыпчаков в этногенезе казахских родов. Опираясь на труды Н. Аристова, В. Бартольда, С. Ахинжанова, Р. Кузеева и других известных ученых, автор на основе анализа миграционных процессов, шедших на территории средневекового Казахстана, обосновывает на примере казахского племени аргын вхождение многих казахских племен в состав кыпчакской конфедерации. Несмотря на имеющуюся обширную литературу по кыпчакскому племенному образованию, анализ тамговых знаков, сведения источников о кыпчаках в составе узбекского, каракалпакского, туркменского, башкирского народов, а также других вышеуказанных данных позволяют дополнить знания о возможных исторических контактах их с другими этническими группами и прийти к выводу об их возможном общем происхождении. Данное заключение основывается на теоретическом положении о подвижности родоплеменной структуры тюркских кочевников, их преемственности и генеалогической связи. Таким образом, истоки многих тюркских племен, история которых с начала второго тысячелетия н.э. уходит корнями в кыпчакский средневековый союз, тесно связаны с территорией современного Казахстана.

Ключевые слова: кипчаки, миграционные процессы, тамги, тюркские племена, этнический состав.

**KIPCHAKS ROLE
IN KAZAKH TRIBES
FORMATION**

Kazakh ethno genesis for long time was object of scholarly interest. Thus not surprisingly scientific literature contains a lot of evidences of academic interest to such problems as Kipchaks participation in Kazakh tribes' formation. This fact is particularly proved by existing scientific conglomerate name for all Kazakh tribes. However, in order to study historical interconnections we need systematization of accumulated knowledge. This work is particularly important because needed information is sometimes scattered on particles in historical works. Referring to pre-Mongol period, we can make assumption that Argyns as many Turkic tribes were part of the Kipchak tribal confederation. Famous Russian researcher Aristov provided significant data to justify his theory concerning mixed composition of Argyn tribes. Uzbekistan researcher K. Shaniyazov moved further after his colleagues to prove data on Kipchak's participation in the ethno genesis processes related to the Kazakhs as well as Turkic peoples of Central Asia. History of VII-VIII centuries evidences about contacts of Basmil tribe with Qarluqs. Mahmud Kashgar also describes these tribes as Turkmens. According S. Ahinzhanov, Kipchaks changed their winter migrations places and moved from Zhetysu (Semirechye) to the lower reaches of the Syr Darya, exactly since the migration of Turkic tribes. According to the scientist's assumption, Karluks were locating in the Zhetysu (Semirechye) since the VIII century. Then the contacts between Turk tribes and Kipchaks were inevitable. The Mongol conquest entailed not only the migration of tribes, but also the unification of some tribes to protect their territories and the formation of new tribal alliances and «the emergence of new ethnonyms.» In this sense, as noted by the famous ethnographer M.Mukanov, «the carrier of the new ethnonym, which were Argyns in this case, was undoubtedly a new ethnic community and new tribal alliance. «... A new tribal alliance was very «numerous», and very «may» and the neighboring tribes might respectively give it name «..argun».

Argyns and their relations with other tribes

One of the examples of widely spread mutual ties can be long lasting relations of Argyns with some other tribes of Middle Zhuz.

Some of the existing data prove as confirmation of these relationship types. This assumption will help to examine a case of Argyn's stay in larger tribal confederation due to information found in some sources. The first argument to prove this assumption is identical for some Argyn dynasties and Kipchak tribes tamga. For instance, it is known that tamga of the Kipchak tribe is looking as one or two oblique lines (/, //). The other Turkic tribe who's destiny is close to Kipchak people is Kanzhygaly dynasty of Argyn. The latter had the same // sign. Uzbek researcher K. Shaniyazov suggested detailed explanation of such link existence between different tribes. «Each tribe or ancient dynasty, which belongs to certain tribal confederation, had their tribal or dynastical tamga» [1, 1974]. Apparently, as a basis for common tribal tamga or tamga, was taken tribe that had been dominated in the tribal confederation. Kipchaks belonged to one of such tribes in Dasht-I Kipchak, the lands they had been inhabited from middle Xth – till 30-40 XIII c.c. and from XV till middle XVII c.c.

Therefore, the basis of tamga signs, were Kipchak tamga /. These tribes were part of the Kipchak tribal confederations. Tribes that segregated from Kipchak tribal confederation, or newly appeared tribal alliances usually used to take old tamga as the basic, while making some changes in it's image. [1, p.152]. Referring to pre-Mongol period, we can make assumption that Argyns as many Turkic tribes were part of the Kipchak tribal confederation. Famous Russian researcher Aristov provided the following data to justify his assumption concerning mixed composition of Argyn tribes. Thus, examining the generic composition of the Naiman, Kirey, Kipchak, he put the following parallels between these tribes and Argyn: each of the abovementioned tribes had in its composition certain clans with the same name. For instance, this ties can be observed between such clans as Tertaul of Argyns and Naimans. In this regard, as Aristov pointed out: «clan Tertaul is, as we shall see later, part of the tribe Argyn.

Since Tertaul tamga in Turgay region has two circles (Eki kuz, two eyes) which is tamga of Argyns, thus, with a reasonable safety we may suppose that Tarbagatai Tertouly could be stragglers from the main mass of the Argyn tribe. The latter as a results of certain migration had moved far west when the Tertaul joined them. Captain Andreev in his «Description of the Middle Horde» (1785), mentioned Tertaul clan. He met them on the Chinese borders, «County Akbarak Akbulat Dertaul, who was formerly a sergeant Karabash Imetyubyt, and at his death Zhoshanby; Nadezhda subservient to

600 tents». Afore mentioned manuscript reports of Semipalatinsk of 1866 year. Tertauls' considered themselves being distinct clan from Baydjigits. Tertaul's were divided into sections of Tokan (1.000 kib.), Togus (800 kib.), and Tuzakchi (600 kib.), totally 2400 kib.

A. Ivanovsky, being engaged in anthropological research in Zaisan district and Tarbagatai County, leads the «Tertoul» a fourth branch of the Janybek's sub-section and sub-division of all four. His proposed information considers Tertouls belonging to Zaisan Naiman, who were considered to have three more divisions of Ak-Naiman, Jal and Mambed («Ethnographic Review», book 26, 1895, p.60). [2, p.83-84] N. Aristov compares Kipchaks, Kerey and Argyn tamgas' with separate subgenus, which allowed the researchers to determine the ethnic closeness of Russian Argyns to the major tribes of the Middle Juz. However, while studying the relationships of the tribes in Middle Juz, Aristov came to the idea that both information are to prove the existence of historical ties with each other and also with other Turkic tribes. After N. Aristov followed with «the information provided (unfortunately is not enough full) the species composition of the Akmola county townships (Akmola region), reported to me by A.I. Troitskiy, was based on the census of 1895. This information shows that Temesh genus Tertoul originally placed in the district Nura had common Argyn tamga (two circles); in the sections of the parish same information should be concerned to Bopy and Kyrgyz. Later, in the Spassky district (Kuvandyk, clan Murat) we could see separating Salia (ref. to the sa-li-ya, elder Nien-ba-en, which is «Gin-shi» in 1160-1190 yr. was seeking for assistance of Jurchen Emperor against Kara-Khitans, together with Bo-gu elders of the clan Kangly...) and bayau (reference to the Bo-ya-wu, from Kangly clan, on biographies, placed in the «Yuan Shi»...).

Momun clan Kandzhigaly in Korzhunkulskoy Eremenskoy townships were of distinctive special type of face and had tamga of Kipchaks □□. Sections koskeldy, kyldigar, oyum, kama and Dzhapar populated Eremenskoy township.

From Momunsk clan ula-Kipchaks (Ishim town) and boshtun-kipchak (Akmola county) tamga have common Kipchak and clan Kirei (munchaktinsk district branch ak-sary, kur-Sary and kozy, and Kyzyl-Tarask town sections buras, kurman, kur Saray, Biscara, in dzhebik and talk) preserves common kireev cross. In cherubay-Nura district (clan of Kuvandyk Kareke) is a branch of the current tok-bura, ak-bura, chuchak, Bargan, kendzhigary and agys-Nurbay. Generally tribe of Argyn justifies

the prestige of its name, being really a mixture of Kirey, Naiman, Kipchak, and etc. components. «[2, p.92-93] Presenting the list of the Arab tribes, Aristov continued with Kipchaks, and here he identified some of clans with Argyns. Therefore, Kipchak tribe burzholy – is, according to the researcher, Argyn's clan Bershs, durut – is clan of A'srgyn tertoul (dyurt-ogul or Ogul according to N.Artistov), andzholy – Argyn's clan of kandzhigaly. [2, p.93] The researcher of ethnic history from Uzbekistan K. Shaniyazov is quite solid with this opinion. He also provides interesting information concerns to Kipchak's participation in the ethno genesis processes related to the Kazakhs as well as Turkic peoples of Central Asia. Thus, he calls the tribal federation Sary-Kipchak – alty- ata kanzhygaly... «tribal unions «yigirma tort ota» Nurata Turkmen divided into four tribes, each of which is called the Alta-Ata: Alta-Ata kanzhigaly».

In XIII-XIV centuries Kanzhygaly genus had already joined Kipchak union. «...The descendants of the Kipchaks lived on the territory of Khorezm. According to K.L. Zadyhina, Khorezm's Kipchaks united under the name «Segiz Urug Kipchak» (Kipchak's 8 genera): Kangly – kanzhigaly... names of a number of tribal divisions of Khorezm's Kipchaks (kanzhigaly,...) match with the names of the Kipchaks of Zarafshan Valley, what testifies their common origin. «[1, c.127, 132] Karakalpak Kipchaks also have tribe Alta-Ata, which includes kanzhigaly genus. There is almost no doubt that kanzhygaly's argyn genus has Kipchak roots. Kanzhygaly branches are also presented almost in all Kipchak tribal groups of Uzbek and Karakalpak people. Based on K. Shaniyazov writings «Zarafshan valley... at the end of XIX – early XX centuries., were habitad by following groups of Kipchak Uzbeks: Parcha-Kipchak (kanzhigaly), Sara-Kipchak (kanzhigaly), Kipchak-Saray (kanzhigaly) → Turi (Zhasha, Ruda, Kirtmysh). Parcha-Kipchak tribal group settled in the villages... Karakesek; Saray-Kipchak... in the villages... Kanzhigaly. «[1, c.123-124, 125] N.Aristov also pointed out:» Kanzhigaly genus is also presented in the Uzbek tribe Kytai-Kipchak of Kytai branch (According to V. Radlov they lived in the Zarafshan valley) «. Settled Turkmens of Uzbekista that live in the north; in the mountainous of Nurota region, which also contain Kanzhygaly genera consider themselves as a part of the Great Horde's Yusun tribe... «.[2, c.149, 432, 150] Kanzhygaly branch is also presented at Uzbeks of Khojent county of Jizzakh region and Kurama union. Famous researcher S. Tolstov, was identifying ethnic interdependence of

Nuratin Turkmens with Karakalpak and Uzbeks by concentrating his attention on presence of the large kanzhigaly genus in the generic composition of ethnic groups mentioned above. [3, c.97] Only thing we can add in this case is that it seems that Nuratin Turkmens also have ethnic relationships with Kazakhs.

History of VII-VIII centuries evidences about contacts of the Basmil tribe with Qarluqs. Mahmud Kashgar also describes these tribes as Turkmens. According S.Ahinzhanova, Kipchaks changed their winter migrations places and moved from Zhetysu (Semirechye) to the lower reaches of the Syr Darya, exactly since the migration of Turkic tribes. According to the scientist's assumption, Karluks were locating in the Zhetysu (Semirechye) since the VIII century. Then the contacts between Turk tribes and Kipchaks were inevitable. In this regard, from V. Bartold's work we can read the next: «From the writings of the Persian historian Beyhaki we know that long before the writings of Mahmud Kashgar Kipchaks already reached south till the boundaries of Islam and were neighbors of Khorezm. By the words about the movement of Kipchaks to the south, Mahmoud apparently meant some Turkish peoples like Elk Bulak or Bulak, which were captured and taken away by Kipchaks, but then, with God's help, released from this bondage... «[4, c.98] With the change of the ethnic situation in the XI century steppe that was formerly called «Oguz's» was renamed to Kipchak's steppe.

Karluk in early medieval period

According to S.Ahinzhanova, a reflection of the existence of the Karluk ethnic component among Kipchaks is the name of the Polovtsian tribe Ulashevichi, «which is one option of ethnonim Bulak, part of Karluk tribes.» [5, c.188] As for the Karluk and Basmils it is known that together with the 9 Hoihu tribes they became «the people of the eleven tribes.» Moreover, as it is indicated in Chinese sources, these « extraneous generations – basimi and gelolu» (i.e. Karluks) always walked first in all military campaigns. [6, c.315] This integration had the character of a political union. Thus evidences that the early history of the Argyn tribe was very c related to the Karluk union. The political history of the early middle ages connects the Karluk and Basmils. After the events of the XI century described by medieval authors, some researchers had linked the further fate of the Basmils with the eastern group Shary, which are known to be broken away from the bulk of the tribe, and moved to the east. «According

to sources, in XI century, one of the groups of Shary separated from the main group that were migrating to the West of Kipchak tribes and moved to the Talas valley. Then, being feared of the massacre tribe went to the eastern purlieus of the Karakhanid's state. In this area after inclusion in its ranks tribes of Basmils, Chumulov, Yabagu, tribe moved to the Zhetysu... In the era of Katakitaits and Mongols, Basmils were not representing any political force, as it was before, what mainly indicates about the final loss of their political independence. «[7, c. 166] This group of tribes, i.e. East Shary group is mentioned in the Kara-Khitans period (from the writings of N.Aristova), who calls them Sa-li-ya (Mid of. XII.) and informs that they, along with the Kangly tribes begged to be in subjection to the Jurchen. [8, c. 288] T.Akerov, researcher of the Kyrgyz early history also believes that the tribes that were mentioned are those who were living in the eastern purlieus of the Karakhanid khanat, where in the neighborhood with Chigilyams there were located two other regions such as Sahry (Sa-li-ya) and Bugu. The first of these two was founded Kypchaks Shary, which got mingled with Basmil in the XI century. s. «[7, c. 130]

The Mongol conquest entailed not only the migration of tribes, but also the unification of some tribes to protect their territories and the formation of new tribal alliances and «the emergence of new ethnonyms.» In this sense, as noted by the famous ethnographer M.Mukanov, « the carrier of the new ethnonym, which were Argyns in this case, was undoubtedly a new ethnic community and new tribal alliance. «... A new tribal alliance was very «numerous», and very «may» and the neighboring tribes might respectively give it name« arqun ». Since the carrier, the object of the ethnonym consisting of various sorts in origin, because of their

multiplicity became known in the history of the Kazakh as Argyn tribe. «[9, c. 49]

R.G.Kuzeev made interesting assumption about Kipchak Bashkir tribe, in which Jet-uru genus is presented. According to the researcher, the latter « ethnically goes back to the Kazakh's Junior Horde's Zhetyru genus.» Kuzeev tells a story of P. Nebolsin: «... that the Bashkirs Dzhidiru ... descendants of the several f Kyrgyz families from Kypchak genus, a very long time ago had passed from Siberia trough Urals, and entered into kinship with the Bashkirs.» [10, c. 116] Thus, on this basis it is possible to suppose that the ancestors of the Zhetyru tribal alliance were really in the Kipchak Union XI-XIII centuries and indirect evidence of this is the presences of the same name of genus among the Bashkirs, whose ancestors apparently had moved from the territory of medieval Kazakhstan. «Since the migration in to the Urals and in to the southern Urals, they (Kipchak – HG) were represented not as tribe, but the complex of genera and generic groups, whose ethnic history dates back to medieval Dasht-i-Kipchak... At the same time Dzhete-Uru genus is historically and ethnically closely connected with the Dasht-i-Kipchak tribes.» [10, c. 113, 115]

Based on the theoretical derivation of the famous scientist R.Kuzeeva we can see that « multistage and mobile tribal structure of Turcic nomads, based on the principles of continuity and genealogical ties, was a peculiar resistance mechanism of transition of many attributes of tribal life (in the first place ethnonyms and tamgas) from the ancient and medieval times. «[10, c. 118]. This allows us to draw a conclusion about the possibility of presence of the great number of Turcic tribes as part of Kipchak union, which history from the beginning of the second millennium BC was obviously closely linked to the territory of Western Kazakhstan.

Литература

- 1 Шаниязов К. К этнической истории узбекского народа. – Ташкент, 1974.
- 2 Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности // Живая старина. – СПб., 1897. – Вып. 3-4.
- 3 Толстов С.П. Города гузов//Советская этнография. – М., 1947. – №3.
- 4 Бартольд В.В. Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии// Бартольд В.В. Соч. – М., 1968. – Т. 5.
- 5 Ахинжанов С.М. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. – Алма-Ата, 1989.
- 6 Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. – Алматы, 1998. – Т.1.
- 7 Акерев Т. Древние кыргызы и Великая степь (по следам древнекыргызских цивилизаций). – Бишкек, 2005.
- 8 Аристов Н.А. Усуни и кыргызы или кара-кыргызы. – Бишкек, 2001.
- 9 Муканов М. Этнический состав и расселение казахов Среднего жуза. – Алма-Ата, 1974.
- 10 Кузеев Р.Г. Происхождение башкирского народа. – М., 1974.

References

- 1 Shaniyazov K.K. To the Ethnic History of Uzbek people. – Tashkent, 1974.
- 2 Aristov N.A. Notes about ethnic structure of Turkic tribes and ethnic groups, and data about their population // Live antiquity. – SPb., 1897. – vyp.3-4.
- 3 Tolstov S.P. Guze's Cities // Soviet Ethnography. – M., 1947. – № 3.
- 4 Bartold V.V. Twelve lectures on the history of the Turkish peoples of Central Asia // VV Bartold V.V. Soch. – M., 1968. – V.5.
- 5 Ahinzhanov S.M. Kipchaks in the history of medieval Kazakhstan. – Almaty, 1989.
- 6 Bichurin N.Y. Collection of Data on peoples in Central Asia in ancient times. – Almaty, 1998. – Vol.1.
- 7 Akerov T. Ancient Kyrgyzs and the Great Steppe (after the footsteps of ancient kyrgyz's civilizations). – Bishkek, 2005.
- 8 Aristov NA. Usuns and Kyrgyz or Kara-Kyrgyz. – Bishkek, 2001.
If even the successor to Gengizkhan had to strictly follow Yassa, then for ordinary citizens observance of the law was compulsory. That generated many difficulties. Yassa was based on the nomadic lifestyle, and the sedentary population of Turkestan, Persian lands whose life practices were different could not easily adapt to legal requirements of Yassa, as it did not cover their life specifics. Contradictions over Yassa interpretations and implementation between local rulers and Gengizkhan successors caused many conflict situations. The ruling khan Chagatai was very persistent in introducing Yassa in Turkestan, and Juveini described that in the following way: «He frightened the subject peoples by Yassa, as its non-observance was punishable by his army, that always was ready to do that at first order; any woman with a plate full of gold could walk without fear. He took some small decrees, but they were hard for Muslims

to observe it. For instance, it not permitted to slay a sheep openly in Horassan. He forced them to eat meat of the dead animal (cattle)» [10].

Yassa was very strict legal code. Any wrong act was interpreted as a crime, and strictly persecuted. Despite that the western part of the Mongol empire adopted the Muslim culture, and gradually yassa establishments were not followed strictly. That was written by Hamdallah Kazvini. By Yassa it was prohibited for Mongols to live in urban areas, but descendants of Chagatai and Jochi soon forgot about those bans.

It is not clear how long Yassa establishments worked in Mongol lands. In the state in Mawerennahr set up by Timur and his successors «tore» in Turkic language was interpreted as the law of Gengizkhan. In Syria and Khorezm, Timur and his descendants were accused in putting «tore» above Sharia, and people under his control were not viewed Muslims. During the rule of Timur's son Shahruh (1409-1447) was adopted a decree to follow only Sharia and annul 'Bilik» of Gengizkhan and his legal practices. But son of Shahruh, Ulugbeg viewed that it was correct to observe all laws of Gengizkhan. The last Timurid, Babur, wrote: «Our ancestors implicitly obeyed the laws of Gengizkhan. At the kurulai, parties and feasts, before taking a meal, or any acts, I did nothing against «tore». All people by the decrees of Gengizkhan must follow the words of God. Whoever it is to leave those valuable words/laws, must be not forgotten. If your father left a good law, its must be observed. If he left a bad law, it must be replaced by a good one» [11]. In XV-XVI centuries in Mogolistan basic articles of Yassa were still in force. Eastern Desht-I-Kipshak Kypshaks followed Yassa in settlement of complex problems. As the th descendants of Gengizkhan ruled the lands for a long time, then Yassa was seen as the supreme law. But it is wrong to state that all the territories of former Gengizkhan Empire observed Yassa. The subject people practiced their own legal codes along with Yassa. Part of the law provisions of Gengizkhan adopted with the aim to strengthen his state, were kept in the criminal code of nomads.

In the customary law of nomads Biliks (procedural interpretations of Yassa) left by Gengizkhan played big role. In the oral spiritual legacy of Kazakhs are kept numerous references to it. In the opinion of the expert on medieval nomadic history T.Sultanov, the researchers of XIV century made a mistake when mixed Bilik with Yassa [12]. After through analysis of Bilik and Yassa, in 1901 P.Melioransky came to conclusion that there are different in many points.

Yassa clearly identifies types of crimes and how they in due way must be persecuted. Bilik provides legal procedure and its stages, and also punished those who disobeyed Yassa. In the process of state governance by Yassa, administration of public affairs, the successors of Gengizkhan followed Bilik. Gengizkhan left to his descendants and people not only the laws, but also the rules of their correct implementation. Full text of Bilik is given by Rashid-ad-Din in his work's chapters: «The best praiseworthy quality of Gengizkhan is to leave legal knowledge of Bilik». Rashid-ad-Din employed many evidences on Mongol legal code from various sources – historical narratives and memoirs. In the historical narratives Gengizkhan who conquered the world is depicted as the one who founded a state out of scattered Mongol tribes, set up a unified system of governance instead of tribal rule, introduced a system of administrative bureaucracy as well as wise statesman. On the other hand, his invasions and plunder of the occupied territories led to disappearance of their cultural and economic wealth, postponed for centuries the development and formation of big people out of Turkic tribes. Assessment of Bilik from various sides allows us to understand what role his laws, and legal establishments, provisions of how to rule conquered peoples, played in the state he left for his descendants. The Gengizkhan's establishments were promoted by Kazakh zhuraus, poets, biis, oral folk art- proverbs and sayings. For instance: «Where sons do not listen to father, younger brother do not respect the elder ones, husband is not backed by his wife, and wife dose not follow her husband, mother-in-law do not like their daughters-in-law, senior did not protect the youngsters, and youngsters did not

follow the seniors, and the nobles being close to god could not influence the public, and having a lot of wealth could not build a wealthy country for the people and ignored the customs (uisun), and law (Yassa), and people fought against the state; in that state grow thieves, robbers, enemies, cheaters, and offenders, they inflict big damage to people, steal their horses and cattle, and if the army launches a campaign, its exhausted horses would die halfway, and both- army and horses would die» [13].

Bilik of Gengizkhan taught the statecraft, gave useful advises on governance – what to do in various spheres, and which are the priority. It teaches that the rulers must care about the people close to power, families, and how to manage family affairs, lead an army, control international affairs, what qualities are desirable in peacetime, etc. and gives full answers to all these questions.

Here we should refer to the extract from Bilik: «The content of the Bilik is that at that time the demands of the Kazakh khanate society were fully responded by it».

The nomadic states were interested in codification of their legal establishments, and Gengizkhan timely reacted to that, and although within time the situations changed, in general Yassa addressed most of the problems on the way. Further on Kazakhs adopted the Laws of Kassymkhan (The direct path of Kassym khan), Legal Code of Hak-Nazar khan (Just path of Hak Nazar khan), the legal code of Yessim khan and Jety Jargy of Tauke khan. In 1640 Oirtas adoped «Tsaadjin bichikte»- legal code of Jungars. There is much in common between them as they all are based on the Mongol legal practices, and represent the stage by stage evolutionary changes.

References

- 1 Bichurin I.Y. Collection of information about the peoples living in Central Asia in ancient times. – Almaty, 1996, Vol. I. – 234 pages.
- 2 Klyashtorny S.G., Sultanov T.I. States and peoples of the Eurasian steppes. St. Peterbourg, 2004. – p. 189.
- 3 Rashid ad-Din. collection of chronicles. Vol. I, book 1. – Moscow-Leningard, 1952. – 259-269 pp.
- 4 Abuseitova M., Baranova Y. Written sources on history and culture of Kazakhstan and Central Asia in XIII-XVIII centuries. – Almaty, 2001. – pp.19-25.
- 5 Abuseitova M., Baranova Y. Written sources on history and culture of Kazakhstan and Central Asia in XIII-XVIII centuries. – Almaty, 2001. – pp.19-25.
- 6 Erenzhen Khara-Davan. Gengizkhan as a warlord and his legacy. – Almaty, 1992. – pp. 183-185.
- 7 Kinayat-uly Zardykhan. Kazakh state and Jochi-khan. – Astana, 2004. – 249 pages.
- 8 Kinayat-uly Zardykhan. Kazakh state and Jochi-khan. – Astana, 2004. – 249 pages.
- 9 Rashid ad-Din. collection of chronicles. Vol. I, book 1. – Moscow-Leningard, 1952. – 259-269 pp.
- 10 Rashid ad-Din. collection of chronicles. Vol. I, book 1. – Moscow-Leningard, 1952. – 259-269 pp.
- 11 Babur-name. – Tashkent, 1958. – 219 pages.
- 12 Klyashtorny S.G., Sultanov T.I. States and peoples of the Eurasian steppes. – St. Peterbourg, 2004. – p. 189.
- 13 Rashid ad-Din. collection of chronicles. Vol. I, book 1. – Moscow-Leningard, 1952. – 259-269 pp.

Кәрібаев Б.Б.
**XV ғ. соңы мен XVI ғ.
басындағы Қазақ хандығы
тарихының мәселелері**

Автор бұл мақаласында XV ғ. соңғы – XVI ғ. алғашқы жылдарындағы Қазақ хандығы тарихының кейбір өзекті мәселелерін қарастырады. XV ғ. соңғы ширегінде Қазақ хандығының Сыр бойы үшін жүргізген күрестері жемісті болып, қазақ билеушілері Сыр өңірінің біршама бөлігіне биліктерін орнатады. Негізінен, Сыр бойындағы қалалар Жәнібек хан ұлдарына тиесілі болады. Осы тұстан бастап Жәнібек хан ұлдары мен Бұрындық хан арасындағы қатынастарға жік түседі. Бұл қатынас XVI ғ. алғашқы жылдарында одан әрі жалғасын табады. 1505/6-1510 жылдары Мұхаммед Шайбани ханның жорықтары қазақ билеушілері арасындағы қатынасты шиеленістіреді. 1510 жылғы Қасым ханның Шайбани ханды жеңуі – Жәнібек хан әулетінің билігін біржолата Қазақ жерінде орнықтырады.

Түйін сөздер: Қазақ хандығы, Бұрындық хан, Қасым хан, Сыр бойы үшін күрестер, Мұхаммед Шайбани хан.

Karibaev B.B.
**The problems of the history of
Kazakh Khanate at the end of XV-
in the beginning of XVI centuries**

In this article the author considers the essential problems of the history of Kazakh Khanate at the end of XV – in the beginning of XVI centuries. In the last quarter of the XV century as a result of the successful struggle of Kazakh Khanate for the Syrdarya region Kazakh rulers established their power. In particular the cities along the Syrdarya river is subordinated to the sons of Zhanibek khan. Since that time there are disagreements between the sons of Zhanibek khan and Buryndyk khan. These relations are aggravated at the beginning of the XVI century. Military campaigns of Mohammed Shaibani khan made disagreements between Kazakh rulers in the 1505/6-1510 years. Victory of Kasim khan over Shaibani khan finally set the power of the descendants of Zhanibek all over Kazakh land.

Key words: Kazakh Khanate, Burundik Khan, Kasim Khan, The battle for the near Syr Darya region, Mohammed Shaibani Khan.

Карибаев Б.Б.
**Проблемы истории Казахского
ханства в конце
XV – начале XVI вв.**

В данной статье автор рассматривает актуальные проблемы истории Казахского ханства в конце XV-начале XVI веков. В результате успешной борьбы в последней четверти XV века Казахского ханства за Присырдарьинский регион казахские правители устанавливают свою власть. В частности, города, расположенные вдоль Сырдарьи, подчиняются сыновьям Жанибека. С этого времени появляются разногласия между сыновьями Жанибека и Бұрындық ханом. Эти отношения усугубляются в начале XVI века. Походы Мухаммеда Шайбани хана в 1505/6-1510 годах вносят разногласия между казахскими правителями. Победа Касым хана над Шайбани ханом окончательно устанавливает власть потомков Жанибека на всей казахской земле.

Ключевые слова: Казахское ханство, Бұрындық хан, Касым хан, борьба за Присырдарьинский регион, Мухаммед Шайбани хан.

**XV Ғ. СОҢЫ МЕН
XVI Ғ. БАСЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ
ТАРИХЫНЫҢ
МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Қазақ хандығының тарихында әрбір кезеңнің алатын орны ерекше. Хандық дәуірдің әр кезеңіндегі аса маңызды оқиғалар мен үдерістер алдыменен, сол кезеңдегі тарихи дамуды анықтаса, екіншіден, келесі кезеңнің алғышарттары болып табылады. XV ғасыр ортасында қалыптасқан Қазақ хандығы сол ғасырдың 70-жылдарынан бастап, жаңа кезеңге, өзінің күшею, нығаю кезеңіне көше бастайды. Күшею факторларына Сыр бойындағы қалалар мен өңірлердің қайтарылуы, қазақ сұлтандарының осы аймақтағы қалалар мен өңірлерде билігінің орнауы және тағы басқалары жатты. XV ғасырдың соңғы жылдары мен XVI ғасырдың алғашқы жылдарында қазақ қоғамының билеуші топтары арасындағы қарым-қатынастар – Қазақ хандығының одан кейінгі тарихына көп ықпал етті. Оның ең бастысы, осы қарым-қатынастардың қорытындысы ретінде хандықтағы билік біржолата Жәнібек ханның ұлдарына ауысады. Біз төменде осы мәселені қарастырып, XV ғасырдың соңы мен XVI ғасыр басындағы Қазақ хандығының билеуші әулеті ішіндегі күрделі саяси мәселелердің жауабын іздестіріп көреміз. Бұл өз кезегінде биліктің Керей хан әулетінен Жәнібек хан әулетіне ауысуының себептерін түсінуге жол ашады.

Қазақ хандығының күшеюінің басы XV ғасырдың 70-жылдарының ортасынан Сыр бойындағы жеңісті күрестерден басталады. Түркістан аймағы үшін күрестің алғашқы кезеңдерінде Керей хан ұлы Бұрындық хан мен Қасым сұлтан және Жәнібек ханның басқа да ұлдары дерек мәліметтерінде үнемі бірге айтылады немесе авторлар олардың бәрін жинақтап қазақтар деп жазады. Мұхаммед Хайдар мырза Дулати осы жылдардағы Бұрындық хан мен Қасым сұлтанның арасындағы қарым-қатынас туралы былай деп жазады: «Қасым хан Жәнібек ханның ұлы. Ол әкесі секілді, барлық жағдайда Бұрындық ханға бағынды және оны тыңдады» [1, 222]. Түркістан аймағы үшін күрес барысы жылдарында Жәнібек хан ұлдары біртіндеп жаңа жерлерге ие болып, саяси-экономикалық, әскери күштері өсе бастайды. Олардың күшейгендігінің дәлеліне кейбір жағдайлардағы Жәнібек хан ұлдарының Мұхаммед Шайбани ханмен өз беттерінше, өз ұлыстары төңірегінде жеке ұрыстар жүргізуі жатады [2, 105, 106-107].

XV ғасырдың 90 жылдарының соңына таман Қазақ хандығының билігі, оның ішінде Жәнібек хан ұлдарының билігі Түркістан аймағының басым бөлігіне орнығады. Сол жылдардағы оқиғалар барысы көрсеткендей, Бұрындық хан мен Жәнібек хан ұлдары арасындағы қарым-қатынастарға алғашқы жіктер түсе бастайды.

Дерек мәліметтерінде қазақ қоғамының билеуші топтары арасындағы алғашқы жік немесе сызат XV ғасырдың соңында Түркістан аймағы үшін жүргізілген күрестің соңғы кезеңінде болады. Сауран қаласында қолға түскен Мұхаммед Шайбани ханның туған інісі Сұлтан Махмұд сұлтанды қала тұрғындары тұтқындап, Қасым сұлтанның қолына тапсырады [3, 30]. «Шайбани-нама» дерегінде «Қасым сұлтан мен Сұлтан Махмұд сұлтан арасында жақын туыстық қатынас болды, олардың аналары апа-сіңлілер. Бұрындық хан оны өлтіруге бұйырғанымен, Қасым сұлтан оны орындамады және оған үлкен құрмет көрсетті», – деп баяндалады [2, 117]. Тіпті Сұлтан Махмұд сұлтанның тұтқыннан оңай қашып шығуы Қасым сұлтанның көмегі арқасында болса керек.

Жәнібек хан ұлдары ықпалының арта бастауы тікелей Бұрындық ханның көз алдында болып жатты. Жалпы, хандықтың күшеюі Бұрындық ханға атақ-даңқ әкелгенімен, туысқан әулет өкілдерінің күшеюі оған қауіпті бола бастайды. Сол себепті ол Шайбани ханды Жәнібек хан ұлдарына қарсы одан әрі өршіту, болып жатқан күреске басқаша сипат беруді ойластырады. Сөйтіп, бір-біріне қарсы екі күшті қанға-қан қағидасы сияқты қақтығыстарға апару арқылы Жәнібек хан ұлдарының қуатын әлсіретуден туындаған еді.

Қасым сұлтанның Шайбани хан інісін өлтірмей, керісінше оған зор құрмет көрсетуі, оның қашуына жәрдем беруі бірнеше жағдайдың бетін ашуға көмектеседі.

Біріншіден, хан бұйрығын орындамай, оған қарсы шешім қабылдап, оны жүзеге асыруы, сондай-ақ Мауереннахр мен Моғолстан билеушілеріне арқа сүйеп отырған Мұхаммед Шайбани ханмен қатынас жасауы мемлекетаралық қатынастар дәрежесіне жатады. Қасым сұлтанның бұл қатынас бойынша ресми хан шешімінен тыс, өз бетінше шешім қабылдауы – оның Қазақ хандығы мен Шайбани хан арасындағы қатынастарға өз бетімен, дербес араласа бастағанын көрсетеді.

Екіншіден, бұл әрекет Қасым сұлтанның және басқа Жәнібек хан ұлдарының күшейіп, қуатты саяси күшке айналғандығын көрсетеді.

Үшіншіден, Бұрындық хан өзінің бұйрығының орындалмағанын көре тұра, ешқандай қарсы әрекет жасамайды, бұл оның жағдайының XV ғасырдың соңғы жылдарында қандай болғандығын көрсетеді.

Төртіншіден, Бұрындық хан Сыр бойы үшін күресте Жәнібек хан ұлдарының қуатының артып отырғанын көре, шибанилық сұлтанды Қасым хан қолымен өлтіру арқылы күрестің сипатын өзгертуді ойластырады. Қасым сұлтан мұны алдын-ала аңғарып, хан бұйрығын орындамайды. Сол арқылы ол жалғасып жатқан күрестің сипатын, яғни Сыр бойындағы жерлерді қайтару үшін күрестің сипатын сақтап қалады.

Тағы бірде Шайбани ханның інісі XV ғасырдағы оқиғалар барысында Моғолстан ханы Сұлтан Махмұд ханның қолына тұтқынға түскенде, Жәнібек хан ұлдары басқаша позиция ұстайды [2, 124]. Бұл кезде Жәнібек ханның ұлы Әдік сұлтан Моғолстанда болатын. Ол шибанилық сұлтанның тағдыры шешілетін хан кеңесіне қатысып, Шайбани ханның інісін өлтіруді қолдайды [3, 32]. Моғолстан ханы да Қасым сұлтан секілді Шибани ханның інісін өлтіру онымен қандай қатынастарға апарарын біліп, біраз уақыт тұтқында ұстап босатып жібереді. Әдік сұлтанның шибанилық сұлтанды өлтіруді талап етуін – Моғолстан билеушісі мен Шайбани хан арасындағы қарым-қатынасты ушықтыру және Шайбани ханның Түркістан аймағындағы күшін Моғолстанға қарсы аудару, сол арқылы негізгі қарсыластың күшін Сыр бойынан әкету үшін жасалған деп санаймыз.

Бұрындық ханның Жәнібек хан ұлдары ықпалының одан әрі күшейе түсуін қолдамайтындығын аймақ үшін жүргізілген күрестің төртінші кезеңіндегі әрекеттерден байқалады. Төртінші кезеңдегі оқиғалар негізінен аймақтың Шайбани хан бекінген орталық бөлігіндегі Яссы және Отырар қалалары түбінде өтеді. Қазақ хандығының Моғолстанмен Шайбани ханға қарсы одақ құруы оны Сыр бойынан біржола толық қууға қолайлы жағдайлар туғызған еді. Бірақ та моғол ханы Шайбани ханның Түркістаннан толық қуылуына ынталы емес еді, тек ол Шайбани ханның одан әрі күшеюіне ғана қарсы болды. Моғолстанға күшейіп келе жатқан Қазақ хандығына Түркістан аймағында қарсы тұрар күш қажет болатын. Ол Мұхаммед Шайбани хан еді. Оның тым күшеюі қауіптірек те болды. Сондықтан моғол ханы Шайбани хан әлсірегенде оған әскери көмек беріп, ал ол күшейе бастағанда оған қарсы шығып отырады.

Бұрындық хан да Шайбани ханға қарсы моғол ханының саясатын ұстанады. Жәнібек хан ұлдарының тым күшеюінен сескенген ол Шайбани ханның Түркістанда қалуын қалап, онымен бейбіт келісімшарт жасау бастамасын өзі көтереді [3, 32]. Жасалған келісімшарт бойынша Жәнібек хан ұлдарына аймақтың солтүстік өңірлері, ал Мұхаммед Шайбани ханға орталық бөлігі қарады. Осылайша, Жәнібек хан ұлдарының Түркістан аймағын одан әрі иеленуіне қарсы Шайбани хан иелігі қарсы қойылады. Бұрындық ханның Жәнібек ұлдарына қарсы әрекеті мұнымен ғана шектелмейді. Ол Шайбани ханмен бейбіт келісім шарт жасасқаннан кейін, өзінің екі қызын шибанилық сұлтандарға ұзатады. «Шайбани нама» авторы Камал ад-дин Бинай ол жөнінде былай деп баяндайды: «Бірін – Сұлтан Махмұд сұлтан, екіншісін Шайбани ханның ұлы – Мұхаммед Темір сұлтан алды» [2, 121]. Осылайша, туыстық қатынастар орната отырып, Бұрындық хан өзіне болашақ одақтас табады.

Өз кезегінде Бұрындық ханмен одақтасу арқылы Шайбани хан Түркістан аймағына Қазақ хандығының одан әрі тереңдеп енуін тоқтатып, Мауереннахр ісіне араласып кетеді.

Жәнібек хан ұлдары да қарап қалмай, Бұрындық хан мен Шайбани ханның туыстық қатынастар арқылы жақындасуына қарсы шаралар қолданады. XV ғасырдың 90-жылдар ортасында жасалған келісім бойынша Сырдың оң жағалауындағы оңтүстік бөлік – Сайрам өңірі Моғолстанға тәуелді болып саналатын. Моғолстан билеушісі де Шайбани ханның Сыр бойында күшеюін қолдамайтындардың бірі еді. Бұрындық хан мен Шайбани ханның жақындасуы Жәнібек хан ұлдары мен моғол ханының өзара жақындасуын туғызады. Жақындасу туыстық қатынастардың орнатылуымен жүзеге асырылады. XV ғасыр соңы – XVI ғасыр басындағы қазақ қоғамындағы ең беделді сұлтандардың бірі, Жәнібек ханның ұлы Әдік сұлтан моғол ханының қарындасына үйленеді [4, 353]. Ал ол туралы Бабыр нақтырақ жазады: «Жүніс ханның бір қызының есімі – Сұлтан Нигар ханым, ол Сұлтан Махмұт мырзаға атастырылған. Сұлтан Махмұт мырза өлгеннен кейін, Сұлтан Нигар ханым ешкімге айтпастан, ұлын алып Ташкенттегі бауырларына кетіп қалады. Бірнеше жыл өткеннен кейін, ол Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошының ұрпағы, қазақ сұлтаны Әдік сұлтанға ұзатылады» [5, 32]. «Бабыр-намада» Сұлтан Махмұт мырзаның 1494/1495 жылы қайтыс болғандығы дәл баяндалған [5, 47].

Бабырдың «бірнеше жыл өткеннен кейін» деген сөзіне қарағанда Әдік сұлтан моғол ханының қарындасына 1497-1498 жылдары үйленген дегуге болады.

«Шайбани нама» мен «Таурих-и гузида-ий нусрат нама» еңбектеріндегі мәліметтерде Бұрындық ханның шибанилық сұлтандарға қызын ұзатуы, яғни олармен жақындасуы Мауереннахр билеушілерінің 1494/1495 жылдары қайтыс болуынан бұрын айтылады [3, 32; 2, 121]. Олай болса, Жәнібек хан ұлдарының моғол ханымен жақындасуы, Бұрындық хан мен Шайбани хан арасындағы туысқандық қатынастар орнатылғаннан кейін болған, яғни Бұрындық ханның одағына Жәнібек хан ұлдары өзіндік одағын қарсы қояды. Махмұд бен Уәли Жәнібек хан ұлдары мен моғол ханының жақындасуы туралы: «Екі жақ одақ және достық жіптерін ұштастырды және нығайтты», – деп жазады [4, 353].

Осылайша, XV ғасырдың соңында Қазақ хандығының Сыр бойы үшін Мауереннахрмен күресі барысы қазақ қоғамының билеуші топтары арасында екі топты қалыптастырады. Бірінші топ – Керей хан ұрпақтарының тобы, оның жетекшісі – Бұрындық хан. Екінші топқа Жәнібек хан ұлдарының тобы жатады. Оның басында Қасым, Махмұт, Әдік, Иренші, Қамбар сұлтандар тұрды.

XVI ғасыр басындағы Қазақ хандығының ішкі саяси өмірінің одан әрі дамуына оның осы кездегі Мауереннахрмен, Моғолстанмен саяси қарым-қатынастары тікелей әсер етті. Мауереннахрдың саяси билігіне келген Мұхаммед Шайбани ханның моғол хандарымен Ташкент аймағы үшін XVI ғасыр басындағы күресі Қазақ хандығын, қазақ қоғамындағы билеуші топтарды бұл оқиғалардан тыс қалдыра алмады. Екі топтың ұзақ өмір сүруі мүмкін емес еді. Олардың біреуінің саяси өмірден кетуі заңды құбылыс болатын. Шиеленіскен саяси жағдайдың шешілуіне Мауереннахрмен саяси қарым-қатынастың XVI ғасыр басындағы барысы, яғни Мұхаммед Шайбани ханның 1505/06-1510 жылдарындағы қатарынан Қазақ хандығына 4 рет жорық жасауы көп әсер етті. Біз басқа жұмыстарымызда бұл жөнінде қарастырғандықтан, бұл мәселеге тоқталмай, тек оның қорытындыларына ғана назар аударамыз.

XVI ғасырдың басында біз дерек мәліметтерінен Қасым сұлтанның Моғолстан ісіне араласа бастағанын көреміз. Қасым сұлтан XVI ғасыр басында Жәнібек хан ұлдары ішіндегі ең беделді тұлғаға айналады. XV ғасыр соңындағы

Түркістан аймағы үшін жүргізілген күрестерде есімдері жиі кездесетін Иренші, Махмұт, Қамбар сұлтандар есімдері XVI ғасыр басындағы оқиғаларда кездеспейді. Жәнібек хан ұлдары ішіндегі беделі зор Әдік сұлтан 1504 жылы қайтыс болғаннан соң, оның жесірі – Сұлтан Нигар ханымды Қасым сұлтан әменгерлік жолымен алады [1, 222; 9. 32]. Осыдан кейін Қасым сұлтанның қазақ қоғамындағы рөлі бұрынғыдан да жоғары көтеріледі [1, 222]. Ол енді XVI ғасыр басында Қазақ хандығындағы билеуші күштердің бір тобының басында, яғни Жәнібек хан ұлдары тобының басында тұрады.

«Тарихи Рашиди» авторы XV ғасыр соңындағы оқиғалар кезін баяндағанда «Қасым сұлтан әкесі секілді Бұрындық ханға бағынды және оны тыңдады», – деп жазса, XVI ғасыр басындағы қазақ қоғамындағы қалыптасқан ішкі саяси ахуалды былай деп баяндайды: «Қасым хан әлі де хан лауазымын қабылдамаса да, оның билігінің зор болғаны соншалық, ешкім Бұрындық хан туралы ойламады. Ол Бұрындық ханның жанында болғысы келмеді, егер де ханның қасында болып, оған құрмет көрсетпесе, онда ол ханға қарсы шығу болар еді. Ал Қасым ханның оған бағынуға жаны қаламады, сондықтан да ол ханнан алыстау болуға тырысты. Бұрындық хан Сарайшықта, Қасым хан одан алыстап Моғолстан шекарасына жақындау жердегі Қаратал қыстауын таңдап алды» [1, 222-223]. Мұхаммед Хайдар мырза Дулатидың осы бір тарихи мәліметі XVI ғасыр басындағы қазақ қоғамындағы ішкі саяси жағдайды түсінуге көп жәрдем береді. Біріншіден, ішкі саяси жағдайға байланысты Бұрындық хан мен Жәнібек хан ұлдары, оның ішінде Қасым сұлтан арасындағы қарым-қатынастың ең шырқау шегіне жеткені байқалады. Автордың Қасымды «хан» деген лауазыммен көрсетуіне қарағанда, «оның билігінің Бұрындыққа қарағанда зор болуы» хандықта екінші бір хан билігінің пайда болғандығын көрсетеді. Екіншіден, дерек мәліметі Қазақ хандығының, оның ішінде Жәнібек хан ұлдары билігінің Жетісу жеріне ене бастауынан хабардар етеді [1, 223]. Т.И. Сұлтанов дерек мәліметіндегі Қара-Талды Жетісуда болған деп түсіндіреді [7, 273]. Қасым сұлтанның Моғолстан шекарасына жақындауы, бізше 1503 жылғы оқиғадан кейін болған. Осы жылы Ташкент аймағы Мауреннахр құрамына кіреді де, Моғолстанның Жетісу өңірін Шайбани ханның жаулап алу қаупі туады. Қасым сұлтанның Бұрындық ханнан алыстау отыруы, оның дербестігін көрсетсе, екінші

жағынан Жетісуды Шайбани ханның қолына бермеу үшін, соған жақындау отырудан туындайды.

1506-1509 жылдардағы Моғолстанның ішкі өміріндегі саяси жағдай біздің ойымызды дұрыстығын дәлелдей түседі. Сұлтан Ахмет ханның ұлдары мен Сұлтан Махмұт хан арасында билік үшін күрес өрши түседі де, жеңілген Сұлтан Махмұт хан Мауреннахрдан көмек іздеп, Мұхаммед Шайбани ханға келеді. Бірақ Шайбани хан оны ұлдарымен бірге өлтіруге бұйырады. Негізгі қарсылас жойылғаннан кейін, Сұлтан Ахмет хан ұлдары арасында күрес жалғасады. Осы кезде Қасым сұлтанның Жетісуға келуі және онда өз ықпалын таратуы өзінен-өзі түсінікті.

Дерек мәліметіндегі «Бұрындықтың Сарайшықта болуы» біздің ойымызша, шындыққа сай емес сияқты. Автор мұнда Бұрындықтың хандықтың батыс жағында, Сарайшық жағында болғандығын көрсетпек ойда болған.

Сонымен, Қазақ хандығында XVI ғасыр басында бір-біріне бағынбайтын екі билеуші қатар өмір сүреді. Бірақ бұлайша ұзақ болуы мүмкін емес еді. Екі билеушінің біреуінің саяси өмірден кетуі заңды құбылыс болатын. Шиеленіскен саяси жағдайдың шешілуіне Мауреннахрмен саяси қарым-қатынастың XVI ғасыр басындағы барысы, яғни Мұхаммед Шайбани ханның 1505/06-1510 жылдарындағы қатарынан Қазақ хандығына 4 рет жорық жасауы көп әсер етті. Біз басқа жұмыстарымызда бұл жөнінде қарастырғандықтан, бұл мәселеге тоқталмаймыз.

Шайбани ханның төртінші жорығы Қасым ханның толық жеңісімен аяқталады [7, 133-134; 1, 217-218].

Қасым ханның бұл жеңісінің маңызы өте зор болды. Халықаралық қатынастарда бұл жеңіс – Шайбани ханның «ең шырқау биікке көтерілген билігін құлдыратады» [7, 133-134]. Ал қазақ қоғамының ішкі саяси өмірінде Қасым ханның беделін Дешті Қыпшақтың көп бөлігіне жаяды. «Тарихи Рашиди» авторы: «Қасым ханның билігі Дешті Қыпшаққа таралды», – деп жазады [1, 195]. Қасым ханның бұл жеңісі, сонымен бірге Жәнібек хан ұлдарының қазақ қоғамындағы ішкі саяси бақталасы, қарсыласы Бұрындық ханды толық және түпкілікті талқандауымен бірдей болды. Қасым хан бүкіл Дешті Қыпшаққа өз билігін орнатқаннан кейін, Бұрындық ханның Дешті Қыпшақта қалуы мүмкін болмады.

Осылайша, XV ғасырдың соңғы және XVI ғасырдың алғашқы жылдарындағы қазақ

қоғамындағы билеуші әулет өкілдері арасындағы саяси қатынастардың дамуы Қасым хан бастаған Жәнібек хан ұлдары билігінің орнығуымен аяқталады. Олардың билігі бірнеше ғасырға созылып, ХІХ ғасырдың ортасына дейін жалғасады.

Әдебиеттер

- 1 Тарих-и Рашиди // Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений) / сост.: С.К. Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, К.А. Пищулина, В.П. Юдин. – Алма-Ата, 1969. – 652 с. (Одан әрі МИКХ.)
- 2 Шайбани-наме.//МИКХ.
- 3 Таварих-и гузида-йи нусрат-наме //МИКХ.
- 4 Бахр ал-асрар фи манакиб ал-ахйар // МИКХ.
- 5 Захир ад-дин Мұхаммед Бабыр. Бабырнама. Толықтырылып, екінші басылуы / Аударған Б. Қожабекұлы. – Алматы, 1993.
- 6 Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан: Летопись трехтысячелетий. – Алматы, 1992. – 384 с.
- 7 Зубдат ал-асар. //МИКХ.

References

- 1 Tarih-i Rashidi // Materialy po istorii Kazaxskih hanstv XV-XVIII vekov (Izvlačeniya iz persidskih i tyurkskih sočineniy) / Sost.: S.K. Ibragimov, N.N. Mingulov, K.A. Pischulina, V.P. Yudin. – Alma-Ata, 1969. – 652 s. (Odan äri MIKH.)
- 2 Şaybani-name //MIKH.
- 3 Tavarix-i guzida-yi nusrat-name //MIKH.
- 4 Bahr al-asrar fi manakib al-ahiyar // MIKH.
- 5 Zaxir ad-din Muhammed Babir. Babirnama. Tolyqytyrylyp, ekinşi basyluy. Audařan B.Qozhabekuly. –Almaty, 1993.
- 6 Klyaştornyi S.G., Sultanov T.I. Kazahstan: Letopis trextysyaçiletiiy. – Almaty, 1992. – 384 s.
- 7 Zubdat al-asar. //MIKH.

Искакова Ғ.З.,
Байдавлетова М.Д.

**Ерте ортағасырларда
түркі қағанаттары орналасқан
территорияда қалыптасқан
климаттық жағдай**

Бұл мақалада ерте ортағасырларда түркі қағанаттары орналасқан территорияда қалыптасқан табиғат жағдайы сипатталады. Ерте ортағасырларда климаттың жер бетінде жалпы өзгеру тенденциясы мен ерекшеліктері қарастырылып, зерттеліп отырған территориядағы климаттық өзгерістер талданады. Табиғи жағдайлардың өзгерісі түркілер тұрмысына, шаруашылығына әсері көрсетілген. Сонымен қатар аталған мақалада тарих, археология, геология, палеоклиматология, т.б. салада ғалымдардың жүргізген зерттеулер нәтижелері пайдаланып, қорытындылар жасалған.

Түйін сөздер: табиғат, климат, климаттық оптимум, аридтік зона, түркі қағанаттары.

Iskakov G.Z.,
Baydavletova M.D.

**Climatic conditions in the
territory of the turkish kaganates
in the early Middle Ages**

This article describes the natural conditions on the territory of the Turkish Kaganates in the early Middle Ages. Climate change study area are analyzed in the context of the general trends and patterns of the climate of the globe in the early Middle Ages. Attracted the effect of changes in natural conditions of life, the economy of the Turks. Also, the article based on the results of the research of scientists such sciences as history, archeology, geology, paleoclimatology, etc.

Key words: nature, climate, climatic optimum, arid zone, Turkic khanates.

Искакова Ғ.З.,
Байдавлетова М.Д.

**Климатические условия
на территории тюркских
каганатов в раннем
средневековье**

В данной статье описываются природные условия на территории тюркских каганатов в раннем средневековье. Климатические изменения исследуемой территории анализируются в контексте общей тенденции и особенности климата земного шара в раннее средневековье. Показано влияние изменения природных условий на быт, хозяйство тюрков. Так же в статье используются результаты исследования ученых таких наук, как история, археология, геологи, палеоклиматология и т.д.

Ключевые слова: природа, климат, климатический оптимум, аридная зона, тюркские каганаты.

**ЕРТЕ
ОРТАҒАСЫРЛАРДА
ТҮРКІ ҚАҒАНАТТАРЫ
ОРНАЛАСҚАН
ТЕРРИТОРИЯДА
ҚАЛЫПТАСҚАН
КЛИМАТТЫҚ ЖАҒДАЙ**

Бүгінгі күні тарих ғылымның дамуының сатысында тарихи процестерді палеоэкологиялық жағдайларынан тыс қарастыру мүмкін емес. Табиғи жағдайлар жайында ақпарат ортағасырлардағы этникалық және саяси бірлестіктердің тарихын толықтырып, жаңа тұжырымдар жасауға алып келеді. Әсіресе хронологиялық шеңбері нақтыланған этникалық және саяси бірлестіктердің палеоэкологиясы қызығушылық туғызатыны анық. Аталған мәселелер әлемде тарих, археология, этнология, палеонтология, геология, география, палеоклиматология, т.б. ғылымдар тоғысында қарастырылып, ғалымдармен пәнаралық байланыста зерттелуде [1, 358 б.].

Ортағасырлардағы табиғи орта туралы мәліметтерге анализ жасайтын болсақ, олар жалпы ақпарат береді. Себебі жаратылыстану ғалымдары үлкен уақыт аралығындағы және өте кең географиялық кеңістікті қамтитын голоцендегі табиғи ортаның даму тенденциясын қалпына келтіруге тырысады. Одан алынған нәтижелер оларды дәлелдей түсетін қосымша деректі қажет етеді.

Климат (гр. *κλίμα* (klimatos) – еңкейіс) – белгілі бір жердегі ауа райының көп жылдық режимі, яғни осы жерде болуға тиісті ауа райы жағдайларының жиынтығы мен оның бір ізбен өзгеріп отыруы [2, 206 б.].

Климаттық алуан түрлілік жер бетіндегі барлық тіршілік иесіне және жердің өзіне ықпалын тигізеді. Адамға әсері адамның экономикалық әрекетіне, адам денсаулығына, жер бетінде таралуы мен рухани және саяси өміріне әсері бар. Сондықтан кез келген зерттеуді мемлекеттің жер шарында орналасуын зерттеуден бастау қажет. Тарихи зерттеулер үшін мемлекеттің жер бетінде орналасу ерекшеліктерін зерттеу климат әсерінің жан-жақтылығы мен ауқымдылығын көрсетеді.

Жердің климаты оның тарихында үздіксіз өзгергені белгілі палеоклиматтық зерттеулер нәтижелері оны дәлелдей түседі. Аталған мәліметтерді соңғы б.з.б. 20 мың жыл бұрыннан бастайық.

Әлемде климаттық оптимум б.з.б. II мың жылдықта аяқталды. Одан соң суыту басталып, ол шамамен б.з. IV ғасырына дейін жалғасты. Осы кезеңнен бастап жылыну басталды. Ол IV-XIII ғасырлар аралығына тұспа-тұс, ерте ортағасырларға

сәйкес келді. Алайда ортағасырлардағы жылыну қазіргі климаттық оптимумның аз ғана пайызын құрады. Бұл уақыт аралығы ғалымдармен жақсы зерттеліп, кіші климаттық оптимум атауына ие болды.

Ортағасырлық климаттық оптимум бұл X-XIII ғасырлары солтүстік жарты шардағы салыстырмалы жылы климат кезеңі. Қысы жылы, салыстырмалы ауа-райының жылы және біркелкі болуымен сипатталады. Ортағасырларда ортағасырлық климаттық оптимум (викингтер дәуірі IX-XIII ғасырлар) мәселесі, табиғи жағдайлар ғалымдардың зерттеу тақырыптарына айналған болатын. Еуропада климаттық оптимум кезде атмосфералық ылғалдылықтың өсуі VIII ғасырда басталып, X-XII ғасырларға дейін жалғасты [3, 99 б.].

Еуразия даласында жаратылыстану және тарих ғылымдарының негізінде аридтік (б.з. V-XI ғ.ғ.) климаттық кезең бөліп қарастырылады. Осындағы аридтік климаттық кезең ретінде бөліп қарастыру Ортаорыс қыратының солтүстік орманды аймақтарын зерттеуге негізделген [4-6]. Ал ерте ортағасырлардағы оңтүстік аймақтар, далалы, шөл, шөлейтті аймақтардағы климаттық жағдай туралы мәліметтер өте аз және әртүрлі болып келеді. Волга маңы қыраттардағы ортағасырлық қорғандар астында табылған топыраққа зерттеу жүргізу нәтижесінде ғалымдармен олардың бүгінгі күнгімен сәйкес келетіндігі анықталды [7, 275 б.]. Ерте ортағасырларда (VIII-IX ғғ.) топырақтың аридтік кезеңдегі жағдайы төменгі Поволжьеде бүгінгімен сәйкес келеді [8].

Адамзат тарихында көшпеліліктің қалыптасуына көптеген факторлар ықпал еткені белгілі. Соның ішінде табиғи-климаттық және тарихи аспектілердің рөлі орасан зор.

Аридтік зонаның ерекше, экстраспецификалық климаттық жағдайы мезгілдік өсімдік дүниесі құрылымының өзгеруіне және қолжетімді ылғалды бөлуге негізделген қолайлы шаруашылық түрлерінің пайда болуына алып келген болатын.

Аридтік зона (аймақ) – (лат. Arid zone құрғақ) – егіншілік тек қолдан суару арқылы ғана дамуы мүмкін, ылғалдылығы аз географиялық зоналардың (шөл және шөлейт) жинақтама атауы [2, 90 б.]. Еуразияның аридтік зонасы Еуроазиялық континенттің Карпат шөлдерінен солтүстік Қытайға және шығыстағы моңғол шөлдеріне дейінгі аймақты қамтиды. Осы кеңістікте Қазақстанның кең байтақ территориясы ортаңғы бөлігі болып табылады. Аридтік климат

– температурасы жоғары және оның тәуліктік ауытқуы үлкен, атмосфералық ылғалдылығы жеткіліксіз, ал буланғыштық мөлшері жылдық жауын-шашын жиынтығы мөлшерінен артық болған жағдайда қалыптасатын құрғақ климат. Аридтік климат шөл мен шөлейт белдемдерге тән. Топырақта ылғал аз болғандықтан өсімдік өте сирек өседі, ауа мен жер беті күндіз қатты қызып, түнде едәуір салқындауы салдарынан тау жыныстары үгіліп құмға айналады. Мұндай аймақтарда егін тек қолдан суландыру жолымен ғана егіледі. Қазақстанның қоңыржай ендіктегі шөлдері мен шөлейттері мұхиттан алыс жатқандықтан және одан келетін ылғалды ауаға тау жоталары тосқауыл болатындықтан, ондағы ауа райы ғылымда Аридтік климат деп аталады [2, 90 б.].

Батыс Түрік, Түргеш, Қарлұқ қағанаттары орналасқан аймақтың қазіргі кездегі белдеулік-зоналарға бөлінуі келесідей: Ұлы даланың солтүстігінде 55-параллельден солтүстікке қарай орманды дала зонасы, бұдан оңтүстікке қарай жартылай орманды дала. Ары қарай құрғақ шөл дала шамамен 50-параллельге дейін шөлмен шектесіп жатыр. Шөлейт зона жазықтық рельефті болып, күрт континенталды климатпен сипатталады. Атмосфералық жауынның басым бөлігі (жылдық мөлшердің 50%) жаз айында түседі. Температураның ауытқуының жылдық орта көрсеткіші 37-43°.

Ылғалдану мөлшері оңтүстікке қарай бағыттала азаяды. Шөлді зонада жауын-шашын мөлшері 200-300 мм-ге дейін азаяды. Жартылай шөлейт зоналарда бұл көрсеткіш 160-220 мм-ді құраса, шөлейт зоналарда жылына 180-80 мм [9, 240 б.].

Ауаның құрғақ болуына қарай шөп шығымы солтүстіктен оңтүстікке бағыттала азайып шөлейт зонада 0,5-3,5 ц/га, жартылай шөлейт зонада 2-3,5 ц/га, дала және орманды дала зонасында 3,5-12 ц/га құрайды. Таулы және тау маңы сызығында шөп шығым мөлшері мына көрсеткішке жетеді: тау маңы шөлдерде 2,5-5 ц/га, тау маңы далада 3-17 ц/га, биік таулы аймақтарда 8-25 ц/га [10].

Біз қарастырып отырған уақыт аралығындағы климаттық жағдайды мүмкіндігінше жан-жақты сипаттау, өзгерістердің қаншалықты болғандығын айқындау мақсатында алдыңғы және кейінгі дәуірлердегі климаттық жағдайға шолу жасауды жөн көрдік. Мұнда Б.Ж. Аубақеров, С.А. Нигматова, т.б. сияқты ғалымдардың соңғы жылдары жүргізген палинологиялық анализ негізінде алынған зерттеу нәтижелері қолданылды.

Палинологиялық анализ негізінде шөгінділерден алынған өсімдік тозаңы мен споралары арқылы өсімдікті қалпына келтіріп, осы арқылы зерттеліп отырған уақыт кеңістігіндегі климаттық ерекшеліктерді сипаттауға мүмкіндік береді [11, 49 б.]. Палеопалинологияның негізгі мақсаты флораны, өсімдіктерді және климатты қалпына келтіру, стратиграфия мен геологиялық шөгінділердің корреляциясы [12].

Қола дәуірінде таулы аймақтарда климат салқын әрі салыстырмалы құрғақ болды. Қыс жылы болып, қарлы болмады. Жазы ұзаққа созылып, өткелдер ерте ашылып, кеш жабылатын болған. Таулы жерлерде жыл бойы тұруға қолайлы жағдай туды. Сондықтан да биік таулы платода және тау аралық кеңістікте қола дәуірі ескерткіштері көптеп кездеседі (Баянжүрек тау етегі). Яғни, адамдар өмір сүруі қолайсыз болып келген шөлдерден тауларға қоныс аудара бастады.

Таулы жерлерде өмір сүруге қолайлылығы адамдар жадысында сақталып, ерте темір дәуірінде суық әрі ылғал климат жағдайына қарамастан, адамдар (бұрынғыдай жыл бойы емес) жазда тауға қоныс аударуды қолайлы санаған еді. Климат жағдайы аккумуляция мен денудация процесіне ықпалын тигізді. Аккумуляция – геоморфологияда: құрлық бетінде немесе су алабында, өзенде минералдық заттардың немесе органикалық қалдықтардың жиналуы. Денудация (лат. Denudatio – ашылма) – уатылған тау жыныстарының жер бетінің ойпаң бөліктеріне сырғу немесе тасымалдану (сумен, желмен, мұздықпен, ауырлық күшінің тікелей әсерімен) процестерінің жиынтығы. Денудацияның қарқыны мен сипатына тектоникалық қозғалыстардың тербелу шегі және жылдамдығы әсер етеді [13].

Қола дәуірінде аккумуляция процесінің баяулауы тау баурайларында жерлеу орындарын орнатып, соның маңайында қоныстарын орналастыруға мүмкіндік туды. Ерте темір дәуірінде эрозиялық шайып кету күшейіп некропольдер мен жерлеу орындарын тегіс жерлерге (терассалар) ауыстыру басталды. Субатлантиктің басталуы (2500 жыл бұрын) ерте темір дәуіріне, сақ-үйсін кезеңіне сәйкес келеді.

Ортағасырлардағы Батыс Түрік, Түргеш, Қарлұқ қағанаттары аймағында тұрақсыз континенталды климат орын алды. Кейде мұнда ылғалдылық жеткілікті дәрежеде болып, қолайлы жағдайлар да қалыптасты, сол сияқты құрғақшылық және сонымен байланысты өрттер де көрініс тапты. Үйсін-ғұн кезінде (1900-1800 жыл бұрын) қолайсыз климаттық жағдаймен

сәйкес келеді. Қыста температура күрт төмендеп, қары аз болып, аязды қыс ұзаққа созылатын болды. Таулы жерлерде температураның төмендігі мен жауын-шашын мөлшерінің көптігі осы уақытта адамдардың жазықтыққа қоныс аударуына септігін тигізді. Тау етегінде, дала және шөлейт зоналарда шөптің қалыңдығы мал басын ұлғайтуға және ұзақ қашықтыққа көшуге мүмкіндік туғызды. Ылғал және салқын ауа райы жаз бойы дерлік көшіп қонуға мүмкіндік береді. Өзен сулары артып, шөп қалың шығады. Осыған байланысты оазистерге тәуелділік жойылады.

Біз қарастырып отырған уақыттағы климаттық жағдай екіге бөліп талданады. Біріншісі, бұл VI-VIII ғасырлар аралығы болса, екіншісі IX-XII ғасырлар. Максимум ылғал мен суыту бүкіл Қазақстан территориясында ерте ортағасырларда басталады (көне түркі кезеңі (VI-VIII)) [14, 145 б.]. Адамдар алдыңғы дәуірлерде өздері үшін қауіпсіз әрі жайлы қоныс есептелген таулардың біртіндеп күннің суытуына қарамастан солардың етегін паналауды қауіпсіз санады. Тау жоталарының вертикалды белдеулеріне қарамастан олар негізінен біркелкі аймақтар ретінде қарастырылады. Себебі белдеулер бірыңғай географиялық шаруашылық комплексті құрайды. Сол себепті халықтар таулы аймақтардың өзінде емес, олардың шеткері аймақтарында қалыптасты [9, 132 б.]. Мәселен, түркілердің ашина тайпасының генеологиялық аңызында тоғыз жасар баланы құтқарған қасқыр Алтайға барып жасырынып, одан тараған ұрпақтар Жужандарға темір балқытты [15, 109 б.]. Осыған байланысты аңыздан үзінді қарастыратын болсақ: «Олардың арғы аталары Батыс теңіздің жоғарғы жағында мемлекет құрып еді. Кейін оны көршілес мемлекеті талқандады да, адамдарын ер-әйел, кәрі-жас демей түгел қырды. Тек бір ер баланы өлтіруге қимай аяқ-қолын кесіп иен далаға апарып тастайды. Бір қаншық қасқыр үнемі ет әкеліп беріп тұрды, соны өлжал еткен бала өлмей аман қалды. Кейін келе, ол қасқырмен жақындасып оны буаз қылды. Көршілес мемлекеттің ханы бұл баланы өлтіруге қайта жіберген адамы баланың қасынан шықпайтын әлгі қасқырды байқап, оны да өлтірмекші болды. Сол тұста әлгі қасқыр құдіретше қалықтап отырып, теңіздің шығыс жағына келіп тоқтады да, бір тауға келіп түсті. Бұл тау Котеңнің солтүстік-батысына тура келуші еді. Қасқыр оның астындағы үңгірге кіріп, ондағы аумағы екі жүз лидер келетін шалғынды кең жазыққа кезікті. Осыдан кейін қасқырдан он ұл туды. Солардың біреуінің әулет есімі Ашна еді. Өте ақылды болғандықтан елі оны хан көтер-

ді. Тегін ұмытпағандығын білдіру үшін ол бөрі басы айшықталған туын қақпасына іліп қойды. Ағын шад деген адам өз ұлысын бастап, таудағы үңгірден шығып Нөнеге бағын болды».

Ал кейінгі түркі дәуірінде (IX-XII ғғ.) климат күрт өзгеріп, температура көтерілді және ылғалмен қамтамасыз етілу деңгейі төмендеді. Параметрлері бойынша климат қазіргіге өте ұқсас болды. Алайда алдыңғы кезеңмен салыстырғанда климаттық жағдайдың нашарлағандай болғаны. Мүмкін халықтардың қоныс аударуына да әсерін тигізген шығар. Осы кез өрттердің қайталанбалы болуымен де ерекшеленді. Моңғол кезеңінде климаттық жағдай өте қолайлы болды. Көрсеткіштері бойынша көне түркі кезеңіне өте ұқсас болды [11, 55 б.].

Түйіндей келе, жоғарыда аталған зерттеулер нәтижесінде VI-VIII ғасырлар аралығында ауа-райы суытып, ылғалдылық жоғарылады, суытуына қарамастан, көшпелілердің малшаруашылығы үшін қолайлы болғанын атап өтсек болады,

ал IX-X ғасырлары ауа-райы жылып, ылғалдылық деңгейі төмендеді.

Жоғарыда айтылған мәселелердің Н.А. Хотинскийдің таблицасымен температурадағы өзгерістерімен сәйкес екенін көруімізге болады. Мұнда Қазақстан голоценін кезеңдеу мен хронологиясын жасау мақсатында Н.А. Хотинский модернизациялаған Голоцен кезеңдерінің климаттық сипаттамасына схема қолданылды (1-кесте). Бұған сәйкес Н.А. Хотинский дала мен орман шекарасындағы климаттық өзгерістердің жалпы көрінісін сипаттай келе, бүгінгі күнге температуралық режимі бір шама жақын SA-1 соңында шамамен 1600 жыл бұрын жауын-шашын мөлшерінің азайғанын көрсететеді. Алайда келесі кезеңдерде мөлшермен 1000-1100 жыл бұрын жалпы жылдық температура мен жауын-шашын мөлшері синхронды ұлғайып, ол аридизация мен суутуға SA-2 соңында ұласып, бүкіл кейінгі субатлантикалық кезеңде жалғасын тапты [16, 50 б.].

1-кесте – Голоценті периодизациялау схемасы (Блит Сернандер схемасы негізінде)

Геологиялық дәуірлер	Климаттық кезеңдер	Тозаң аймағы	Датировка	Климат
Голоцен	Субатлантик	X	Б.з дейінгі 450 жж. – қазіргі уақытқа дейін	Салқын және ылғал
		IX		
	Суббореал	VIII	Б.з дейінгі 3710 – 450 жж.	Жылы және құрғақ
	Атлантик	VII	Б.з дейінгі 7270 – 3710 жж.	Жылы және ылғалды
		VI		
	Бореал	V	Б.з дейінгі 8690 – 7270 жж.	Орташа жылы
Пребореал	IV	Б.з дейінгі 9610 – 8690 жж.	Салқын және құрғақ	
Плейстоцен	Кейінгі дриас	III	Б.з дейінгі 10730 – 9700 ± 99 жж.	Суық

1988 жылдан бастап Климат өзгерісі бойынша үкіметаралық эксперттер тобы (ағылшын тілінде Intergovernmental Panel on Climate Change, IPCC) соңғы климатологиялық нәтижелерге баға береді. Осы күнге дейін аталған топтың соңғы климатологиялық нәтижелер бойынша 4 толыққанды баяндама жариялаған болатын. Бұл баяндамалар әр мемлекет тарапынан ұсынылған мамандармен дайындалады. Баяндаманың проектiсi ашық рецензілеуден өтеді.

Әр баяндама үш эксперттер тобының жұмыс нәтижесі ретінде үш томда шықты. Бүгінге дейін жарияланғандары:

Бірінші баяндама (ағылшын тілінде) орыс тілінде (1990)

Екінші баяндама (ағылшын тілінде) орыс тілінде (1995)

Үшінші баяндама (ағылшын тілінде) орыс тілінде (2001)

Төртінші баяндама (ағылшын тілінде) орыс тілінде (2007)

Бесінші баяндама (ағылшын тілінде) орыс тілінде (2014) [7].

IPCC өзіндік зерттеулерін жүргізбейді. Жетекші мамандар жарияланған материалдар негізінде ақпаратқа баға береді. Мекеменің ұстанымдарына сәйкес рецензиядан өткен жұмыстарға басымдық беріледі. Сол сияқты рецензиядан өтпеген сапасы жоғары материалдарды да қолдану фактілері кездеседі. Бұндай мате-

риалдар қатарына мемлекеттік агенттіктер мен мемлекеттік емес мекемелердің есептерін, модельдердің нәтижелерін жатқызуға болады.

Климат өзгерісі бойынша үкіметаралық эксперттер тобы – техногенді факторлар себебінен пайда болатын жаһандық климат өзгерістерінің қаупін бағалайтын мекеме. Бұндағы эксперттер тобы 1988 жылы Дүниежүзілік метеорологиялық мекемемен (WMO) және БҰҰ қоршаған орта бойынша бағдарламамен (UNEP) құрылған болатын. Бұл мекемеге 195 мемлекет мүше, соның ішінде Қазақстан Республикасы да бар. Бірінші төрағасы Швед метеорологы Берт Рикард Йоханнес Болин (1997 жылға дейін) болды. Ал 2002-2015 жылдар аралығында бұл қызметті Үндістан тұрғыны, профессор Раджендра Кумар Пачаури атқарған еді. 2015 жылы Хёсон Ли төраға ретінде тағайындалды. Климат өзгерісі бойынша үкіметаралық эксперттер тобы (IPCC) Альберт Гордың жетекшілігімен Бейбітшілік саласындағы Нобель сыйлығын 2007 жылы 12 қазан күні иеленген болатын. Олардың ортақ жетістігі адам қызметінен пайда болатын жаһандық климаттық өзгерістерді зерттеп, оларды алдыналу шараларын жасауында еді.

Бесінші бағалау баяндамасы туралы айтар болсақ, (Assessment Report 5 немесе AR5) ол баяндамалардың соңғысы 2014 жылы аяқталған

болатын. Бұл жұмыс үш баяндамадан және бір жалпылау баяндамасынан құралады. Біз қарастырып отырған VI-X ғасырлар аралығындағы климаттық өзгерістерге 5-тарау арналған. Солтүстік жарты шардағы (экватордан солтүстікке қарай орналасқан жер бөлігі) ауа-райының құбылуы қолданылған 15 әдістер нәтижелері негізінде 1983-2012 (1963-2012) жылдармен салыстыра қарастырылады. Мұндағы баяндамада ұсынылатын диаграммалар мен кестені жұмысымызда пайлануды жөн көрдік [7].

2-кестеде 1899 жылдан бергі температура өткен ғасырлардағы температуралық мәндер жарты шарлар және ғаламдық деңгейде түрлі зерттеу тәсілдерінің бағалауларымен салыстыра отырып берілген. Әр қалпына келтірілген N жылға, 1900 жылдан кейінгі орташа температуралық мәнмен салыстырылған (N-30, N-50 жыл). ■ – көк символ қалпына келтірілген температура, 1900 жылдан кейінгі инструменталды кезеңге қарағанда, үлкен ықпалдылықпен төмен болғандығын көрсетеді. (*) – символ, 1900 жылдан бергіге біршама жақын болғанын, ал (⊗) салқынырақ болғанын, □ – символ, қалпына келтірілген өткендегі температуралық мәндер 1900 жылдан кейінгі инструменталды температурадан көбінесе жылы не суық болғандығын көрсетеді.

2-кесте – Соңғы 2000 жыл ішіндегі Солтүстік жарты шардағы климаттық өзгерістер

Аймақ	Солтүстік жарты шар														Оңт. жарты шар			Ғаламдық		
	Жер және теңіз					Жер беті				Тропиктік белдеулерден тыс					Жер беті			Жер беті		
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	7	6	9	7	9	15
50 жыл																				
1600-1899	■	*	*	■	*	■	*	■	■	■	■	■	■	■	*	■	■	*	■	■
1400-1899	■	*	*	■	*	■	*	■		■	■	■	■	■	*	■		*		
1200-1899	■	*	*	■	*	■	*	*		■	■	*	■	■	*	*		*		
1000-1899	*	*	*	*	⊗	■	*	*		*	■	*	■	*	*	*		*		
800-1899	*	⊗	⊗		□	■	*			*	□	*	■		⊗	*		*		
600-1899	*	⊗	⊗		□	■	*			*	□	*			⊗	*		*		
400-1899	*	⊗	□		□	*	*			*	□				□					
200-1899	*				□	*				*	□				□					
1-1899	*									*	□									
30 жыл сайын																				
1600-1899	■	*	*	■	*	■	*	■	■	■		■	■	■	*	■	■	*	■	
1400-1899	■	*	*	■	*	■	*	■		■		■	■	■	*	■		*		
1200-1899	■	*	*	■	*	■	*	■		■		■	■	■	*	*		*		

Аймақ	Солтүстік жарты шар														Оңт. жарты шар			Ғаламдық		
	Жер және теңіз					Жер беті				Тропиктік белдеулерден тыс					Жер беті			Жер беті		
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	7	6	9	7	9	15
1000-1899	*	*	*	*	*	■	*	*		*		■	■	*	*	*		*		
800-1899	*	*	*		☒	■	*			*		■	■		*	*		*		
600-1899	*	*	*		☒	■	*			*		■			*	*		*		
400-1899	*	*			☒	*	*			*					*					
200-1899	*				☒	*				*					*					
1-1899	*									*										

Ескертпе. Кестедегі символдар 1900 жылдан кейінгі инструменталды жылы кезеңмен салыстырғанда одан ерте кезеңдердің қалпына келтірілген (қалпына келтіру жарияланған зерттеулерден алынған) температуралардың төмендігін түрлі ықтималдылығымен берілген.

■ – аздаған ықтималдылықпен 1983-2012 немесе 1963-2012 жж. инструменталды температурадан суық болған.

* – үлкен ықтималдылықпен 1983-2012 немесе 1963-2012 жж. инструменталды температуралардан суық болған.

☒ – үлкен ықтималдылықпен 1983-2012 немесе 1963-2012 жж. инструменталды температуралардан суық болған, сонымен қатар инструменталды кезеңнің ең жылы 30-50 жылдық мәннен суық болған.

□ – қалпына келтірілген N – жылдың кем дегенде біреуі 1983-2012 немесе 1963-2012 жж. инструменталды температуралардан суық немесе жылы болғандығын көрсетеді. Символдың болмауы ол кезеңдер толығымен қалпына келтірілмегендігін көрсетеді.

Инструменталды температура – жер бетінің температурасының 1850 жылдан бері әр аймақтарда жүйелі түрде тіркеліп келе жатқан орташа мәні. Біздің жағдайда инструменталды температураның орташа мәні ретінде ғаламның 1983-2012 және 1963-2012 жж. аралығындағы температуралар алынған екен.

Әр зерттеу бойынша ақпарат қосымшада берілген. 1 = Mo05wave; 2 = Ma08eivf; 3 = Ma09regm; 4 = Ju07cvm; 5 = LM08ave; 6 = Ma08cpsl; 7 = Ma08eivl; 8 = Sh13pcar; 9 = LO12gla; 10 = Lj10cps; 11 = CL12loc; 12 = He07tls; 13 = Da06treecps; 14 = Fr07treecps; 15 = PS04bore.


На призыв Кенесары откликнулись шаруа, которые были движущей силой восстания. В борьбе за восстановление Казахского ханства приняли участие все слои казахского общества: рядовые кочевники, старшины, бии, батыры и султаны. Батыры были проводниками идеологии Кенесары в борьбе против иноземных захватчиков, за свободу и независимость, разъезжали по аулам и пропагандировали идеи хана, мобилизовали казахов на восстание.

По свидетельству участников восстания, в отряды Кенесары люди шли в надежде на лучшую жизнь. Их привлекали требования Кенесары о возвращении казахских земель, уничтожении возведенных укреплений [3, с. 102].

Представители казахской знати воспринимали трансформации, происходящие в Казахстане, как покушение на их права и социальный статус, потеря независимости и самостоятельности. Общие цели и задачи по восстановлению национальной государственности способствовали консолидации всех слоёв и родов казахского общества в борьбе с колониальной властью.

Как и его дед Аблай, Кенесары опирался на батыров, являвшихся управителями родов, его приближенными, а в военное время возглавлявших родовые дружины [4].

Кенесары воспитал целую плеяду выдающихся батыров своего времени. Подлинным народным вождём является тот, кто собирает вокруг себя знаменитых людей из народа, биев, батыров, независимо о происхождения. Этим искусством прекрасно владел его далекий предок Чингиз-хан, хорошо по-

нимал и дед Аблай. Если рядом с ханом Аблаем были такие известные во всей степи батыры как Кабанбай и Богенбай, другие батыры, то и его внук Кенесары выдвинул целую когорту знаменитых батыров [4].

В составе войск Кенесары находились наиболее влиятельные, пользующиеся всеобщей известностью, батыры всех казахских жузов. Соратниками Кенесары были такие батыры, как Агыбай из рода шубыртпалы (Средний жуз – Каркаралинск), Жанайдар-батыр из рода суюндук (Средний жуз – Баян-Аул), Иман Дулатов (дед Амангельды) из рода кипчаков (Средний жуз – Тургай), Жоламан Тленчиев из рода табын (Младший жуз – Сыр-Дарья), Бугубай-батыр из рода дулат (Старший жуз – Джеты-Су), Ангалбатыр из рода атыгай (Средний жуз – Кокчетай), Басыгара-батыр из рода кипчак (Средний жуз – Акмолинск), Жеке-батыр из рода аргын (Средний жуз), Джауке, Суранши и Байсеит-батыр из рода дулат (Старший жуз) [5, с. 184].

Предводителями родов Среднего жуза, присоединившихся к восстанию, стали батыры: из племени аргын рода шубыртпалы Маса-батыр – один из главных предводителей отрядов Кенесары, из рода шапрашты Бугбай-батыр, из рода арган – Шакир, Жайке, Толыбай и Танасты, Базар, Кобек, Байгары, Бирджан, Балкай, Бижан, Жолды-Аяк, известный наездник Тунгатарской волости Айдарбек и Джубай-батыры [6, с. 79].

Батыры Агыбай, Иман, Тулебай были преданными сподвижниками Кенесары. Так, батыр Агыбай участвовал в посольстве Сарджана, Есенгельды и Ержана к Ташкентскому кушбеки в 1836 году. К восстанию Кенесары он примкнул уже зрелым батыром, прошедшим суровую жизненную школу. Агыбай был ровесником Кенесары и первым его военным советником. Кенесары никогда не звал его по имени, всегда шутливо звал его «Косе» (безбородый) и очень любил и уважал его [5, с. 186].

Среди восставших Агыбай батыр был весьма уважаем, а имя его со временем превратилось боевой клич. Часть войск хана Кенесары шла в атаку с кличем «Агыбай», что являлось, вышей наградой для знаменитого батыра. Агыбай батыр до последнего поддерживал Кенесары и участвовал во всех его битвах и столкновениях. Вместе с ним эту участь разделили семеро его братьев, прозванные в народе «семеро волчар из шубыртпалы»: Танабай, Колебе, Мендибай, Дулат, Жауке, Толыбай, Шынбай. После гибели Кенесары, Агыбай с родом Шубартпалы откочевал в пределы нынешней Акмолинской

области и 83-х лет умер в местечке Кайракты. Его памяти посвящена народная поэма «Агыбай-батыр», сложенная во второй половине XIX века [5, с. 187].

Другим знаменитым батыром Кенесары был дед Амангельды – Иман. Он родился в 1780 году в Тургайском уезде, в местечке Дулат Кзылжары [5, с. 187]. Легендарный герой казахского народа Кобланды-батыр, Иман-батыр, его внук Амангельды-батыр были из племени кипчака. Род Бегимбета был примером героизма в восстании Кенесары [6, с. 78].

Иман присоединился к Кенесары в 1839 году. Во время осады отрядом Кенесары крепости Кок-Алажар на берегу р. Есиль, гарнизон долго отстреливался, не допуская повстанцев. Тогда, незаметно подкравшись с небольшим отрядом, Иман-батыр ударил с тыла, ворвался в крепость и этим решил исход боя. После окончания боя Кенесары, собрав своих сарбазов, выразил свое восхищение подвигом Имана. Он сказал: «Очень я доволен, что со мной был Аякен, превзошедший по своей силе тигра, по хитрости – лисицу». С тех пор Кенесары в знак уважения звал батыра – «Аяке». Иман, как старший по возрасту, также входил в военный совет Кенесары [5, с. 187].

В восстании Кенесары принимали участие все четыре сына Имана – Бердалы, Ержан, Балык и Удербай (последний был отцом Амангельды). Бердалы и Ержан вместе с батыром Иманом погибли в тяжелых боях в 1847 г. [6, с. 78].

В Кокчетавском районе самый многочисленный род по составу населения – это род караул из племени аргына, который присоединился к восстанию Кенесары и начал кочевать вглубь степи вместе с повстанцами до района Кара-Тау в волость Кунград и дальше по направлению Сарысу. Руководителями их являлись известные батыры Бугенбай, Амалдык, Кенжебай, Ерлан, Шамай Шауыпкелов, Мулда Баубек, Елубай и Кубебай, Жаксылык Серкешбий и др. [6, с. 78].

Предводителем восставших казахов Турткульской волости Баян-Аульского окружного приказа был Таймас Бектасов, ставший одним из ближайших советников Кенесары по военным вопросам, пользующийся его уважением и любовью [5, с. 229].

Наряду с батырами – выходцами из народных низов (Агыбай, Бухарбай, Жеке-батыр и др.) в составе кенесаринских батыров находились прославленные батыры, в частности Наурызбай – выходец из среды феодальной аристократии, султан, батыр Жоламан Тленчиев – бий Табынского рода, по словам председателя Оренбургского

кой Пограничной Комиссии ген. Генса, имел 800 лошадей, 2 000 баранов и 50 верблюдов [5, с. 184].

Героизмом выделялись братья Кенесары – Наурызбай и Абулгазы, племянник Ержан. Особенно известным в степи батыром славился Наурызбай, обладавший громадной физической силой, мастерским владением всеми приёмами единоборства, не раз побеждавший врага в поединках. О его умении владеть пикой ходили легенды, он был весь покрыт боевыми ранами, несмотря на свою молодость [4].

Наурызбай возглавлял особый отряд, действовавший на самых опасных участках, и был одним из ближайших советников Кенесары. Наурызбай был грозой своих противников. ни один киргиз не видел, чтобы он хоть раз действовал пикой двумя руками. Как правило, громадной тяжелой пикой он управлял при всяких условиях только лишь одной рукой, что говорило за его действительно богатырскую силу» [5, с. 213].

Среди прославленных батыров была сестра Кенесары Касымова – Бопай. С первых дней восстания она стала активным участником борьбы. Она призвала своего мужа Самеке, и его родственников – султана Сортека и Досана Абульхайыровых – принять участие в восстании. Получив отказ, она в 1837 г. покинула своего мужа с родственниками и навсегда связала свою судьбу, вместе со своим 17-летним сыном, с судьбой восставшего народа [7, с. 334].

Бопай возглавила особый отряд в 600 человек, который занимался сбором закята и реквизицией имущества и продовольствия у султанов, отказавшихся примкнуть к восстанию. Она участвовала во всех крупных сражениях Кенесары Касымова и совершала отдельные партизанские рейды в тыл врага, присутствовала на всех совещаниях Кенесары, и он внимательно прислушивался к ее советам [5, с. 214].

Понимая, как важно упрочить свой авторитет в Степи, заставить людей поверить и пойти за собой, Кенесары со своими отрядами решил взять штурмом форпост царской России в казахских пределах – Акмолинскую крепость. Так, в августе 1838 г. крепость была вначале обстреляна горящими стрелами, начался пожар. На штурм укрепления пошли отряды батыров Имана, Агыбая и Наурызбая, отличился Васыгара-батыр, который ворвался в крепость и погиб в уличном сражении. Комендант крепости Карбышев и султан Коныр-Кулжа Кудаймендин бежали, Кенесары захватил пленных и оружие,

укрепление было сожжено. Эта победа подняла боевой дух джигитов [4].

Казахи Среднего жуза под предводительством Кенесары стали переходить в районы Тургая и Иргиза, к восточной части Оренбургского ведомства. Влияние Кенесары значительно возросло. К Кенесары присоединились казахи многих племён Младшего жуза (шекты, тама, торткара, шомекей, табын) под руководством батыра Жоломана Гленшиева [8, с. 278].

В состав войск Кенесара входили со своими отрядами прославленные народные батыры из казахов Малого жуза: Бухарбай батыр из рода табын (Сыр-Дарья), Жанхожа-батыр, из рода шекты (Сыр-Дарья), батыр Жоломан Гленшин из рода табын (Иргиз-Ак-Тюбе), Курман-батыр из рода тама (Эмба) и др. [6, с. 81-82].

Батыры-лазутчики в тылу врага получали сведения о движении оренбургского и сибирского отрядов и координировали действия казахских отрядов. Сарбазы Кенесары пользовались повсеместно поддержкой номадов, отрывались от противника и перебазировались на заранее согласованный батырами район. Российские войска постоянно наталкивались на враждебное отношение большей части казахского населения, которое дезориентировало карателей о месторасположении восставших. Не располагая свежими лошадьми для продолжения преследования, казаки вынуждены были возвращаться в свои станицы или же в окружные приказы, не добившись задуманных целей. Используя главное преимущество – манёвренность, Кенесары решил укрепиться в Улутау и Кишитау, сделав эти пункты центром восстания.

В ставке Кенесары находилось постоянно около 500 лучших джигитов. Общее число повстанцев колебалось в разные периоды от 4 до 6-10 тыс. человек, а в период наивысшего подъема – в 1841– 1845 гг. – достигло 20 тыс. [9, с. 8].

Кенесары проявил себя как одарённый государственный деятель и военачальник. В своей деятельности он опирался на проверенных и преданных ему людей. Так, социальную основу ханской власти составляли батыры, игравшие важную роль в восстании. Батыры были непосредственными участниками создания феодального государства казахов. Они возглавляли ведомства ханства: дипломатическое, судебное, финансовое, военное и ведомство, занимающееся реквизицией имущества.

Кенесары хан провёл преобразования 20-тысячной казахской армии, соединив элементы традиционной кочевой военной системы,

российской и среднеазиатских военных организаций. Продуктом реформирования явился обновлённый вариант десятичной системы, построенной на строгом подчинении руководителю войск, командирам подразделений, суровой дисциплине и выучке. Основу войск Кенесары Касымова составляли тюленгуты в количестве 1000 кибиток, сарбазы различных казахских родов, отдельными отрядами которых руководили члены военного совета и знаменитые батыры. В пик восстания армия, во главе которой находился Кенесары, состояла из двадцати тысяч джигитов.

Планы военных наступлений, стратегия и тактика боевых операций рассматривались на военном совете, в который входили сподвижники-батыры: Наурызбай, Сайдак-Кожа Оспанов, Кенже, Таймас Бектасов, Джеке, Агыбай, Жоламан Тленчиев и др.

Кенесары сформировал особые отряды, которыми руководили его ближайшие родственники и самые преданные сподвижники: сестра Бопай, брат Наурызбай, батыры Жоламан Тленчиев, Саржан Саржанов, Джеке и другие. Задачей этих отрядов, обладавших большой манёвренностью и отвагой, было проведение опасных рейдов в тыл врага, реквизиция имущества родоправителей, которые отказались присоединиться к восстанию.

В казахской армии регулярно проводились военные учения: обращение с оружием, меткой стрельбе, искусству пикирования, солдатским манёврам и строю. Беглые русские солдаты и башкиры обучали военному искусству повстанцев.

Воины Кенесары Касымова были вооружены традиционным оружием кочевников – луком, копьями, пиками, ножами, саблями, огнестрельным оружием, захваченным у неприятеля и производимым в лагере восставших. Все боеприпасы содержались в охраняемых кибитках, выдавались только на время военных компаний. Из фольклорных данных по вооружению воинов-батыров известны толгамалы ак найза, емен сапты найза, алты кулаш найза, всего 13 типов, а пик 5 типов [10, с. 58]. В военном арсенале командиров-батыров имелись бухарские или златоустовские сабли. Так, у знаменитого батыра Кенесары – Агыбая была девятиузловая пика, сабля и кривой короткий меч. Родовой уран «Аблай!» был общим боевым ураном воинов Кенесары.

Оружие в войсках Кенесары приравнивалось к разряду почётных и высших воинских

подарков, получаемых за героизм в боевых операциях независимо от происхождения и родovitости. Значимость награды повышалась в определённой последовательности: «после обыкновенного древка или укрюка выдается пика с наконечником; потом большой прямой нож... потом кривая сабля» [5, с. 296]. Доблестным батырам присваивались именные звания – «Жеке-батыр», «Акжолтай-батыр» и др.

Успехи казахской армии были связаны с жёсткой дисциплиной, которая держалась на воинском долге, строгом порядке, авторитете и неограниченной власти хана, полном ему повиновении и подчинении, соблюдении военной тайны, зоркости и предусмотрительности.

Незначительный проступок или провинность сурово карались. Самым распространённым наказанием было нанесение раны на голове саблей или кинжалом, которая называлась «чик», являлась своеобразным клеймом, олицетворяющим бесславие воина. Прощение Кенесары снимало с джигита его принижённое положение, суждение со стороны окружающих о его бесчестности, возвращало право участвовать в каких-либо делах государства. Трусость, предательство наказывались смертью.

Укреплению дисциплины и порядка способствовали знаки воинского различия, введённые в казахской армии. Так, рядовые воины имели нашивки из материала красного и синего цвета на груди и плечах. Знаком отличия командиров-батыров являлись сабли в чехлах из красного сукна. Кенесары, по воспоминаниям участников восстания, одевался в форму офицера российской армии с эполетами полковника. Укреплению дисциплины, поднятию боевого духа и патриотизма сарбазов содействовали военные смотры.

Забота Кенесары о воинах проявилась в предоставлении им походной палатки, провианта, фуража и запасной лошади, организации временного постоя во время военных походов.

Полководческий талант Кенесары проявился в стратегических и тактических действиях его армии. Ему удалось синтезировать тактику ведения боя кочевников с передовыми методами того времени, связанными с выполнением военных операций. Так, во вражеских схватках казахские сарбазы использовали знание местности, засады с естественными укрытиями, такими как кустарники, заросли, камыши, обходные пути, внезапное тыловое нападение на противника. Успешно использовался приём введения заблуждения неприятеля о мнимых кочёвках, пути следования и пускал его по ошибочному следу.

Атака на военные крепости и укрепления осуществлялась чередованием тактики рассыпного строя, отклонения от огня артиллерии, а затем соединения, нападения на фортификации со всех сторон, окружения противника. Тактика отступления проводилась путём отвлечения мощи противника силами мелких партизанских групп, которые с успехом обходили заставы и аванпосты и изматывали неприятеля. Действенной преградой продвижения российских войск в районы Казахстана, преследования казахских отрядов являлась тактика степной войны [5, с. 331], которая заключалась в откочёвке казахов при приближении войск, порчи колодцев и водоёмов, уничтожении кормов, выжигании степи. Так, неудачи российских формирований были связаны не только с упорным сопротивлением казахских отрядов, но и с отсутствием фуража и воды, массовой поддержкой местного населения восставших.

Немаловажным фактором боеспособности армии Кенесары явилась налаженная работа военно-полевой и агентурной разведки в тылу противника, которая доставляла такую важную информацию, как планы, направление, состав и количество, военное снаряжение, распреде-

ление сил противника, настрой населения к восставшим, выявление пособников царской власти и их намерения. Полученные данные помогали выстраивать дальнейшие тактические шаги казахов. На страже ставки и аулов Кенесары находились дозорные заставы и посты. Результатом явился потенциал лагеря Кенесары к быстрой передислокации, проведению боевой операции в тылу противника, отражению любого натиска противника. Кенесары в ходе проведения восстания, восстановления казахского ханства опирались на батыров. Костяк армии Кенесары составляли влиятельные и известные батыры всех казахских жузов, которые проявили героизм, отвагу, смелость в ходе восстания, остались верными до конца своему хану и военачальнику. Участвуя в создании независимого государства казахов, батыры возглавили дипломатическое, судебное, финансовое, военное ведомства ханства и ведомство, занимающееся реквизицией имущества. Прославленные и уважаемые батыры входили в Ханский совет, выполняли при нём совещательную функцию, участвовали в обсуждении и принятии важных вопросов внутренней и внешней политики государства.

Литература

- 1 История Казахстана с древнейших времен до наших дней: очерк. – Алматы: Дәуір, 1993. – 416 с.
- 2 Вениуков М. Опыт военного обозрения русских границ. Артиллерии полк. М. Вениукова, действительного члена Императорского Русского географического общества: в 2 вып. – СПб., 1873-1876. – 144 с.
- 3 Галиев В. З. Движущие силы народно-освободительной борьбы под предводительством К. Касымова // Абылай хан. Кенесары: (ұлт-азаттық қозғалыс мәселелері). – Алматы: Гылым, 1993. – С. 100-110.
- 4 Абдиров М. Воин степей: о полководческом искусстве Кенесары // <http://lib.kazsu.kz/libr/vestnik/TEXT%5Ckenes3.TXT> (дата обращения 14.02.16)
- 5 Бекмаханов Е. Б. Казахстан в 20-40 годы XIX в. – Алматы: Казахстан, 1992. – 400 с.
- 6 Дильмухамедов Е. Д Восстание казахов под руководством Кенесары Касымова в 1837-1847 гг. / Е. Д. Дильмухамедов; сост. О. Е. Дильмухамедов, Э. Е. Дильмухамедова. – Алматы : Print, 2010. – 200 с.
- 7 История Казахской ССР с древнейших времён до наших дней. Алмата. – 3-е изд.; переработ. – Алматы, 2011. – 670 с.
- 8 Артыкбаев Ж. О. Казахское общество в 19 веке: традиции и инновации. – Караганда: Полиграфия, 1993. – 329 с.
- 9 Смирнов Е. Султаны Кенесары и Садык. Переработка рассказа Ахмета Кенесарина. – Ташкент, 1883.
- 10 Кушкумбаев А.К. Военное дело казахов в XVII-XVIII веках. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 172 с.

References

- 1 Istoriya Kazahstana s drevnejshih vremen do nashih dnei: ocherk. – Almaty: Dәuir, 1993. – 416 s.
- 2 Venyukov M. Opyt voennogo obozreniya russkikh granic. Artillerii polk. M. Venyukova, dejstvitel'nogo chlena Imperatorskogo Russkogo geograficheskogo obshchestva: v 2 vyp. – SPb., 1873-1876. – 144 s.
- 3 Galiev V. Z. Dvizhushchie sily narodno-osvoboditel'noj bor'by pod predvoditel'stvom K. Kasymova // Abylaj han. Kenesary: ult-azattyk kozgalys maseleleri). – Almaty: Gylym, 1993. – S. 100-110.
- 4 Abdirov M. Voin stepej: o polkovodcheskom iskusstve Kenesary // <http://lib.kazsu.kz/libr/vestnik/TEXT%5Ckenes3.TXT> (data obrashcheniya 14.02.16)
- 5 Bekmahanov E. B. Kazahstan v 20-40 gody XIX v. – Almaty: Kazahstan, 1992. – 400 s.
- 6 Dil'muhamedov E. D Vosstanie kazahov pod rukovodstvom Kenesary Kasymova v 1837-1847 gg. / E. D. Dil'muhamedov; sost. O. E. Dil'muhamedov, E'. E. Dil'muhamedova. – Almaty: Print, 2010. – 200 s.
- 7 Istoriya Kazahskoj SSR s drevnejshih vremyon do nashih dnei. Almata. – 3-e izd.; pererabot. – Almaty, 2011. – 670 s.
- 8 Artykbaev ZH. O. Kazahskoe obshchestvo v 19 veke: tradicii i innovacii. – Karaganda: Poligrafija, 1993. – 329 s.
- 9 Smirnov E. Sultany Kenesary i Sadyk. Pererabotka rasskaza Ahmeta Kenesarina. Tashkent, 1883.
- 10 Kushkumbaev A.K. Voennoe delo kazahov v XVII-XVIII vekah. – Almaty: Dajk-Press, 2001. – 172 s.

Мекебаев Т.Қ.,
Құмғанбаев Ж.Ж.

**Алаш зиялылары: ұлттық
тәуелсіздік идеясының
қалыптасуының
кейбір мәселелері**

Мақалада қазіргі кезеңде заман талабына сай ұлт тарихының ұлттық сана мен ұлттық рухты насихаттайтын өткен ғасырдағы Алаш зиялыларының қызметіндегі мемлекеттілік идеясының қалыптасуы қарастырылады. Қанша уақыт бойы тарих, филология және басқа бағыттарда жазылып келсе де, әлі де зерттелуді толыққанды қажет етеді. Сондықтан авторлар мақалада кеңестік кезеңде тыйым салынған ұлттық идеяның қалыптасуы мәселесіне біршама тоқталады. Сонымен қатар мақалада Отандық тарихшылардың еңбектері ғана емес, қазіргі кезеңдегі шетелдік тарихшылардың жиырмасыншы ғасырдың басындағы Алаш қозғалысының ұлттық автономия алу жолындағы идеялары туралы объективті көзқарастағы пікірлері жете қарастырылған. Ұлттық тәуелсіздік идеясы туралы ұлт зиялыларының мерзімді баспадан жарық көрген еңбектері мен тұжырымдамаларына ғылыми талдаулар жасалынған.

Түйін сөздер: Ұлттық идея, Алаш қозғалысы, қазақ зиялылары, Кеңес Одағы.

Мекебаев Т.Қ.,
Кумғанбаев Ж.Ж.

**The Alash intelligentsia: Some
questions of formation of the
idea of national independence**

The article deals with the formation of the ideas of national statehood in the activities of intellectuals of Alash in the key of modern research. This topic has long studied by historians, philologists but has not lost its relevance. Therefore, the authors analyze the problems of formation of the national idea, which in Soviet times was on the ban. Also, the article describes the works of not only local historians and the study of foreign scholars on the issue of acquisition of Alash movement for national autonomy. An analysis of the scientific works of the representatives of the national intelligentsia

Key words: National idea, the movement of Alash, the Kazakh intelligentsia, the Soviet Union.

Мекебаев Т.Қ.,
Кумғанбаев Ж.Ж.

**Алашская интеллигенция:
некоторые вопросы
формирования идеи
национальной независимости**

В статье рассматривается формирование идеи национальной государственности в деятельности Алашской интеллигенции в ключе современных исследований. Эта тема давно исследуется историками, филологами, но не потеряла свою актуальность. Поэтому авторы проводят анализ проблемы формирования национальной идеи, которая в советский период была под запретом. В статье рассматриваются труды не только Отечественных историков, а также исследования зарубежных ученых по проблеме движения Алаш за обретение национальной автономии. Проведен научный анализ трудов представителей национальной интеллигенции.

Ключевые слова: национальная идея, движение Алаш, казахская интеллигенция, Советский Союз.

**АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫ:
ҰЛТТЫҚ ТӘУЕЛСІЗДІК
ИДЕЯСЫНЫҢ
ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ
КЕЙБІР МӘСЕЛелЕРІ**

Қазіргі кезеңде заман талабына сай ұлт тарихының ұлттық сана мен ұлттық рухты жоғары деңгейде дамытуға қызмет көрсетуі заңдылыққа айналып отыр. Ұлттың бірегейлігі мен біртұтас келбетін сомдайтын тарих ғылымы болып табылады. Сондықтан да тарихшылардың тарих алдында уақыт арқалатқан жауапкершілігі зор. Ұрпақ арасындағы білім мен біліктілікке негізделген тарихи сабақтастықты жалғастыру және дамыту арқылы ұлттың рухы биіктей түседі. Кеңестік қоғам тұсындағы ұлт мүддесінің аяқ асты болған тұстарын объективті түрде зерттеп, шынайы зерделеу, тәуелсіздік жылдарында қазақ зерттеушілерінің басты нысанына айналды. Өйткені кеңестік кезеңде қазақ халқының қайғы-қасіретке толы болған тарих беттерін ашуға мүмкіндік болған жоқ.

XX ғасырдың бірінші жартысында жазықсыз қудаланған қазақстандық зиялы қауымның тағдыры кеңестік кезеңде айтылмады және жазылмады, оның себебі қазіргі уақытта баршамызға мәлім. Еліміз егемендікке қол жеткізгеннен кейін бұл мәселені зерттеу қолға алынды, алайда мәселе әлі де толықтай зерттеле қойған жоқ. XX ғасырдың басында қазақ қоғамында орын алған күншілдік, сатқындық секілді жаман, жат қасиеттер қазақ ұлтының зиялы қауымы өкілдерінің арасында да белең алып, соның салдарынан кеңес билігі одан сайын күшейе түсті. Мұны пайдаланған сталиндік үкімет қазақ зиялыларының басым бөлігін қудалауға ұшыратты. Қуғын-сүргін шаралары ой еңбегінің рухани болмысын меңгерген зиялылар үшін өте ауыр болып, олар рухани жағынан адам айтып түсіндіре алмас азап шекті.

Бүгінгі таңда қазақ қоғамының тарихи санасын жаңғырту бағытында жүйелі жұмыстар атқарылуда. Өйткені өз еліміздің тарихын тану арқылы ғана өткен ғасырдың соңында қол жеткізген тәуелсіздігіміздің қадіріне жете аламыз. Қазақ халқының тарихына үңіліп қарасақ, еліміздің азаттық пен тәуелсіздік жолындағы күресі ешқашан толастамағанын аңғарамыз. Өз дамуының белгілі бір жетістікті кезеңіне жеткен кез келген ел ұлттық идеясын қалыптастыруға деген қажеттілікті сезінеді. Әлемдік тәжірибе көрсетіп бергендей, ұлттық идея ел дамуының түбегейлі жаңа сатысына көтерілудің орасан зор мақсаты жолындағы қоғам мен мемлекеттің саяси, әлеуметтік,

экономикалық, мәдени, рухани және тағы басқа барлық күштерін біріктіру міндеті туындаған тұста пайда болады. Ұлттық идея этностық, діни, мәдени және өзге де қауымдастықпен біріккен адамдар тобының бөлісетін ұжымдық мақсат-мұраттары, дүниетанымының көзқарастары мен құндылықтарының кешенді жиынтығын білдіреді. XX ғасырдың бас кезінен өрістей бастаған қазақ қауымына тән қоғамдық қозғалыс өз алдына буржуазиялық-демократиялық мәні бар жалпыұлттық мақсат-міндеттерді: ұлттық тең құқылық, халықтың мәдениетін көтеру, оқу-ағарту ісін жетілдіру, әйел теңдігін қамтамасыз ету, көшпелілерді отырықшыландыру сияқты міндеттерді қойды. Басқа сөзбен айтқанда, бұл істің басы-қасында болған жаңадан қалыптаса бастаған қазақтың ат төбеліндей аз ғана тұңғыш интеллигенттері жалпы ұлттық сұраныстарға жауап беруге және оларды шешуге тырысты.

Ұлттық идеяның мәні мәңгілікке ұмтылуда. Оның мазмұнына көз жүгіртсек, екі бөліктен тұрады. Бірі – ұлт, екіншісі – идея мәселесі. XX ғасыр қазақ тарихына ұлы өзгерістер әкелді. Олардың ішінде ұлтты ұлықтағандары да, ұлттың қасіретіне айналғандары да бар. XX ғасырдың алғашқы екі он жылдығы ұлттық идея тарихына терең із қалдырғанын байқамау мүмкін емес. Торлаған тұманнан жол таппай тұрған халқын өрге сүйреген күш Алаш қозғалысы еді. Саяси мәдениетті әлемдік деңгейге көтерген, кәсіби даярлығы заманның сұранысына сай, адамгершілік-имандық қасиеттері ұлы даланың сан ғасырлық қастерлі құндылықтарымен суғарылған Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Тынышпаев, Ж. Ақпаев, С. Лапин, Б. Қаратаев сияқты дүлдүлдер бастапқыда осынау қозғалыстың тұңғалық-интеллектуалдық әлеуетін сомдаса, іле-шала Х. Досмұхамедов, М. Жұмабаев, С. Сейфуллин, Т. Рысқұлов, С. Сәдуақасов, М. Әуезов, Ж. Аймауытов, М. Шоқай, тағы басқалар әрлендірді.

Бұдан, әрине, XX ғасырдың басындағы қазақ зиялылары шетінен періште болды деген ой-түйін шықпауы керек. М. Дулатов жазғандай, «ұлтшыл болуға жарамай, өз басының қамын ойлап, жылтыр түйме таққанына мез болып, переводчик болып пара алып, пристав болып халықтың қанын сорып, болыс болып ел бүлдіріп, тыңшы болып, шағым жүргізіп жүрген соғылғандар» қай аймақтан да табылатын. Мұндайлар тарихи прогрестің өзегінде тұрған жоқ [1, 219-220 б.].

Аса ірі тарихи оқиғалар, біріншіден, инерциялық сипатта болса, екіншіден, ұзаққа созылатын саяси салдарға ие болады. Осыған байланысты

Алаш тарихы мен Қазақстанның мемлекеттілігі арасында өзара тарихи байланыс пен сабақтастық бар. Ол, біріншіден, XX ғасырдың басы империялық және кеңестік мемлекеттілік дағдарысқа ұшырады. Осының өзі қоғамның белгілі бір бөлігінің, атап айтқанда, Алашорданың идеялық дем берушілері мен кеңестік және посткеңестік Қазақстанның саяси жетекшілерінің шешуші қимылдар жасауына түрткі болды. Екіншіден, екі жағдайда да ұлттық қозғалыстар саны арта түсті. Үшіншіден, алашордалықтар қазақтардың мемлекеттік құрылымының түрін, еуразиялық геосаяси кеңістіктегі орнын, өкілеттігі мен мәртебесін өз көзқарастары тұрғысында дамыта білді. XX ғасырдың басында саяси қайраткерлер де саяси сауаттылық, күрделі міндеттерді шешуде шапшаңдық таныта білді. Өйткені Кеңес Одағы деп аталатын аса қуатты империя дамып жатты. Осы кезде қоғамды сақтап қалып, жаңа мемлекетті, ұлттың ілгері дамуы үшін қажетті жағдайларды жаңадан құру керек болды. Бұдан бөлек, аталған жағдайда мемлекеттілік – ұлттық мәселелерді шешетін және оны шешудің кілті жатқан негізгі құрал болатын [2, 22 б.].

Жапониядағы Хоккайдо университетінің Славян зерттеу орталығының Орталық Азия бойынша маманы, профессор Уяма Томохиконың пікірінше: «Алашордада әлдебір идеология болды деп айтпас едім. Бұл қозғалысқа қатысушылардың әртүрлі идеялары болды. Егер олардан нені үйрену керек деген әңгіме туса, онда адамгершілікті, азаматтылықты және қарапайымдылықты деп жауап беруге болады. Олардың идеясы – халыққа қызмет ету болатын. Патша тұсында олар алашордалықтар халық игілігі үшін жұмыс істеген адамдардың жақсы үлгісі ретінде қала бермек. Автономиялы үкіметті құрған кезде өздерін министр деп емес, жай ғана Алашорда мүшелері деп атады. Алашордалықтардың қазақтардың мәдени деңгейін дамытуға талпынысы мен жапондықтардың өз халқының мәдени және экономикалық деңгейін көтеруге ұмтылыстары арасында әлдебір ортақ дүниелер бар деп ойлаймын» [3, 12 б.], – десе, ал тарихшы-ғалым М. Қойгелдиев: «1917 жылы Алаш автономиясын құру туралы хабарлама ұлттық мемлекеттілікті жаңғыртудың әрекеті болды. «Ресей империясының құрамындағы Алаш автономиясы» деген сөзді айта отырып, Әлихан Бөкейханов қазақтар өз мемлекетін құруға әлі даяр емес дегенді білдіргісі келді. Ол жеке мемлекеттілікке өту үшін даярлық кезеңі қажет, тәуелсіздік туралы мәселені болашақта айтуға болады деді. Желтоқсанның сол бір күн-

дерінде бір кездері Алаш қозғалысы өз алдына қойған мәселелер көтерді. Қазақстанның 1991 жылы мемлекеттілік алуы Алашорда идеясының заңды жалғасы деп есептеймін», – деп ойын білдіреді [4, 3 б.].

Әрине, XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының мақсаты ұлттық еркіндік жолындағы күресі мен іс-әрекеті болатын. Айталық, 1905-1907 жылғы бірінші орыс революциясы қазақ даласындағы ұлттық қозғалыстың белең алуына да өз септігін тигізді. Бірінші орыс революциясының дүмпуі Ресей империясының құрамындағы шет аймақтарындағы елдерде де ұлт-азаттық қозғалыстың өрши түсуіне әсер еткені белгілі. Осы жылдары қазақ зиялылары жалпы ұлттық мүдде арнасында іс-әрекеттерге көшіп, ұлттық бірлікті орнықтыруға әрі тәуелсіздік жолында ұлттық, мұсылмандық, түркішлдік идеясы негізінде діндес, бауырлас, тағдырлас елдер өкілдерімен бірлесе кіріскен болатын. Олардың саяси көзқарастарының қалыптасып, қоғамдық-саяси қызметке араласуына бірінші орыс революциясы белгілі дәрежеде ықпал жасады. 1905 жылғы революциядан кейін қазақ зиялыларының белсенді қайраткерлері қазақ халқының саяси санасын қалыптастыру жөнінде жүргізген жұмысы ұлт-азаттық қозғалысын ұйымдық жағынан рәсімдеу идеясына әкелді [5, 4 б.].

Өткен тарихымызда қазақ ұлтының дамуына үлестерін қосқан, өздерінің болмысы да, көзқарастары да дара туылған, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қалыптасқан қазақ зиялы қауым өкілдерінің рөлі ерекше болды. Өздерінің саяси бағыттары мен әлеуметтік базасы жағынан оларды үш топқа бөліп қарастыруға болады, сонымен бірге XX ғасырдың 1918-1929 жж. кеңестік билікке тартылған ұлт зиялыларын төртінші топ ретінде қарастырдық. Олар большевиктік көзқараста болғанымен елдің теңдігін ойлап, тұтас Түркістан идеясын көтеріп, тәуелсіздік үшін күрескен ұлт зиялылары еді. Аталған бұл топтағы зиялы қауым өкілдерімен екінші тарауда арнайы қарастырамыз. *Бірінші топқа* – «Алаш» партиясының либералды-демократтар тобы жатады. Партияны бұлай деп атап және оның негізін салған адам, ол қазақтың көрнекті саяси қайраткері Әлихан Бөкейханов болатын. Оның мақсаты Ресей аясында қазақтардың автономиялық тәуелсіздігіне қол жеткізу. Алаш зиялылары сұлтан, бай, билер мен ауқатты малшылар мен жериеленушілер отбасынан шыққан адамдардан құралған. Олардың басым көпшілігі Санкт-Петербуркте, Мәскеуде және т.б. Ресейдің орталықтарында

жоғары білім алған, сонымен бірге отаршыл әкімшілікте – дәрігер, мұғалім, қорғаушы, т.б. болып қызмет атқарған еді. Бұл топты («батыстықтар» деп атаған) мынадай жарқын адамдар құрайды: А. Байтұрсынов – «Қазақ» газетінің бас редакторы, ақын, жазушы, лингвист тілтанушы; Ж. Ақаев – заңгер; М. Тынышпаев – инженер; М. Дулатов – ақын, жазушы; М. Жұмабаев – ақын, жазушы; Х. Ғаббасов – жазушы; Ж. Аймауытов – жазушы, ақын; Х. Досмұхамедов – дәрігер; Ж. Досмұхамедов – экономист; А.К. Кенжин – мамандығы мұғалім; И. Мустамбаев – геолог; А.Ә. Ермеков – ұстаз, ғалым, математик және сол секілді көптеген, т.б. [6, 1-24 п.].

Ұлт зиялы қауым өкілдерінің *екінші тобын* мұсылман қозғалысының өкілдерімен қарым-қатынаста болған ұлт зиялылары құрайды, олардың көбі кейін Түркияға бағыт ұстанады және соған байланысты «түрікшілдер» атауын алған болатын. Бұл топтың өкілдері М. Шоқай, С. Лапин, У. Хожа, А. Махмұд, Х. Юрғули-Ағаев, С. Герцфельд, Ш. Шағиахметов, Ә. Оразаев, К. Қары, С. Ақаев, А. Бадин, Кішкенбаев, Кәрімбаев, М. Бехбуди [7, 52 б.] және тағы басқа өкілдер бар.

Үшінші топты, саны жағынан аз және әлсіз топты көзқарастары социалистік бағытты ұстанушы ұлт зиялылары құрады, оларда тек сирек ерекшелік болмаса, көбі кедей малшылар мен жериеленушілерден шықты. Олар: Мұқан Әйтпенев, Көлбай Төгісов, Шаймерден Әлжанов, Қасен-Қожа Бекхожин, Махмұт Уәлиханов, Қазы Торсанов, Байсейіт Әділов, Әлиасқар Қуанышев, Үсен Қосаев, Нұрғали Құлжанов, Ыбырай Төлебаев, Сұлтан Аблаевтар және т.б. болды [8, 10 п.].

«Алаш» партиясының көшбасшысы, ақсүйектер (сұлтан) отбасынан шыққан Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов Омбыдағы техникалық училищені, 1894 жылы Санкт-Петербурктегі Императорлық Орман шаруашылығы институтының экономикалық факультетін тамаша бітіріп шыққан болатын [9, 137 б.]. Мұғалім, журналист, этнограф, публицист және әлеуметтанушы ғалымның маңдайына ауыр және өте қиын тарихи миссия – қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысының өкілі және ең алғашқы қазақ автономиясының басшысы болу жазылыпты. Ә. Бөкейхановтың ең принципті саяси мұрасы – ұлттық-мемлекеттік өз-өзін ұйымдастыру идеясы. Бұл идеяны ол және оның жақтастары өздерінің бүкіл күш-қайратын іске асыру үшін жұмсады және Алаш-Орда мемлекетін жариялаған соң, сол үшін ақырында өмірлері құрбан болды.

Ұлт зиялыларының атқарған жұмыстарында қазақ халқының арасына беделді оқығандарды ел ішіне, ауылдарға шығара отырып, үгіт-насихат жұмыстарының нәтижелі болуына қазақ комитеті үлкен мән берген болатын. Осындай үгіт-насихат, ұйымдастыру істерінің нәтижесінде көпшілік уездер мен ауылдарда комитеттер мен ұйымдар ашылып, қазақ мүддесі үшін сан-салалы қызметтер атқарды. Ұлт зиялы қауымы өкілдері осындай ұйымдастыру, түсіндіру, насихат жұмыстарын атқару жолында кездескен әртүрлі кедергілерге отарлық саясатқа деген ызасы мен кегін, өмірден есесі кетіп жүргендегі өкінішін естеріне түсіріп, көкірегінде ұлттық намыс отын жағу үшін халықтың сана-сезіміне психологиялық әдіс арқылы әсер еткен болатын. Айтар болсақ «Сарыарқа» газетіндегі «Күш бірлікте» деген мақалада: «...құлдыққа көніп, жем болудан қашатын болсақ, мына ұлы орыстың өзімен-өзі алысып, әлі құрып тұрғанда Алаш туын көтеріп, ақ орданы тігу жөн. Дәл осы кез – іздегенде таба алмайтын, автономияны алып қалатын кез. Ұлы орыс есін жиғанда оңайлықпен автономияны бере қоймас. Тиісті мезгілін өткізіп алып, баяғыдай аңсап жүрмелік! Ұлы орыстың тұзағына алынып, ебіне еріксіз көнгеніміз жетер, мұны есімізден шығармалық. Елдігімізді кетіріп, береке, бірлігімізді жойып, қолқамызға қол салған заманды ұмытпалық!» – деп [10], кешегі тепкі көрген өмірін әлі ұмыта қоймаса да, дүркін-дүркін есіне түсіріп, автономия аларлық сәтті кезеңді өткізіп алмас үшін намысқа шақырады. Ал Омбыдағы Алаш партиясының Бас комитеті «Жас Азамат» газетінде жарияланған «Алаш азаматтарына!» арнаған үндеуінің мазмұнына

зер сала қарайтын болсақ, халыққа рух пен жігер беру үшін: «Ақсақалдар, Ағалар! Ақыл айтып, жол бастаңыздар! Баяғы еркін дәуреннен сөз қозғап, жастардың жүректеріне қызулық жалынын салыңдар! – деп еркіндік, азаттықтың нарқын түсіндіруге тырысса, «Алаш Ордаға жәрдем қылмасаңдар, ұранға қызбасаңдар, сол көңілсіз қор күндерің алдарыңда даяр. Ардақты азаматтар! Алаш тілегі иманымыз болсын, бәріміз соған ұйыйық», – деп [11, 37 б.] езгіде өткен күндерін еске түсіріп, үрей сезімін тудыру арқылы ықпал етуді көздеген. Идеологиялық жұмыс жүргізгенде қазақ зиялылары халықтың көз алдына «көңілсіз кер күндерін» әкелсе, үрейі ұшқан соң ел намыстанар, жігерленер деген ойда болғаны анық.

Алаш идеясы – бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның да басты идеяларының бірі болуы тиіс. Ал бүкіл қазақ даласын осыдан бір ғасырдай уақыт бұрын Алаш рухына бөлеген ұлы қазақтар аманатының жөні бөлек. Біздің ата рухы алдындағы адалдығымыз бен перзенттік парызымыз Алаштың аманатын санамызға сіңіру, соған лайық еңбек ету, өткенге құрмет көрсету. Ал құрметтің негізгісі – Алаш идеясын ұрпақ бойына сіңіру. Алаш идеясы – ұлтты біріктіруші, тұтастырушы идея ретінде қашан да қазақпен бірге жасайды. Алаштың жолы, Алаш қайраткерлері қалыптастырған ұлттық санамызды жаңғырту сапары – бүгінгі тәуелсіздігімізді тұғырлы етер берік ұстанымдардың бірегейі болатынын естен шығармағанымыз абзал.

Алаш идеясы – қазақ идеясы. Демек, «Керегеміз – ағаш, ұранымыз – Алаш» дейтін біз үшін ол әрқашан қазақ идеологиясының темірқазығы болып келді, бола береді де.

Әдебиеттер

- 1 Сейдімбек А., Әбжанов Х., Салғараұлы Қ. Ұлттық идея: тарихи тағдыры мен болашағы. – Астана: Фолиант, 2012. – 248 б.
- 2 Аманжолова Д.А. Алаш – исторический смысл демократического выбора. – Алматы: Таймас, 2013. – 400 с.
- 3 Томохико Уяма. Переосмысление этнической истории казахов (Rethinking Ethnic History of the Kazakhs // Chiiki Kenkyu Ronshu ICAS Review. – 1999. – Vol. 2, №1. – P. 37-41.
- 4 Қойгелдиев М.Қ. Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры (XVIII – XX ғғ.): зерттеулер. – Алматы: Жалын, 2004. – 400 б.
- 5 Бисенова Ф. Бірінші орыс революциясы тұсындағы қазақ азаттық қозғалысы: тар. ғыл. канд.... автореф. – Алматы: Ғылым, 2002. – 32 б.
- 6 ҚРПМ. 811-қор, 23-тізбе, 171- іс. 1-24 п.
- 7 Қыдырәлиев Д.Қ. Мұстафа Шоқай. – Астана: Фолиант, 2007. – 320 б.
- 8 ҚРПМ. 811-қор, 23-тізбе, 218-іс. 10 п.
- 9 Қойгелдиев М.Қ. Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры (XVIII – XX ғғ.): зерттеулер. – Алматы: Жалын, 2004. – 400 б.
- 10 Күш бірлікте // Сарыарқа. – 1918, қаңтар 2. – №27.
- 11 Алаш азаматтарына! // Жас Азамат. – 1918, шілде 30. – №1.

References

- 1 Seidymbek A., Abjanov H., Salgarauly K. Ul'tykydeya: tarihtagdyry men bolawagy. – Astana: Foliant, 2012. – 248 b.
- 2 Amanjolova D.A. Alash – istoricheskii smysl demokraticheskogo vybora. – Almaty: Taimas, 2013. – 400 s.
- 3 Tomohiko Uyamo. Pereosmyslenye etnicheskoi istorii kazakhov (Rethinking Ethnic History of the Kazakhs // ChiikiKenkyuRonshu ICAS Review. – 1999. – Vol. 2, №1. – P. 37-41.
- 4 Koigeldiev M.K. Ul'tyksayasyelita. Kyzmety men tagdyry (XVIII – XX gg.): zerteuler. – Almaty: Zhalyn, 2004. – 400 b.
- 5 Bisenova G. Birinwy orys revoluciasy tusyndagy kazkah azattyk kozgalysy: tar. gyl. kand.... aftoref. – Almaty: Gylym, 2002. – 32 b.
- 6 KRPM. 811-kor, 23-tyzbe, 171- is. 1-24 p.
- 7 Kydyraliev D.K., Mustafa Shokai. – Astana: Foliant, 2007. – 320 b.
- 8 KRPM. 811-kor, 23-tizbe, 218a -is. 10 p.
- 9 Koigeldiev M.K. Ul'tyksayasyelita. Kyzmety men tagdyry (XVIII – XX gg.): zerteuler. – Almaty: Zhalyn, 2004. – 400 b.
- 10 Kush birlikte// Saryarka. – 1918, kantar 2. – №27.
- 11 Alash azamattaryna// Zhasazamat. – 1918, shilde 30. – №1.

Байдавлетова М.Д.,
Искакова Ғ.З., Өскенбай М.Ә.

**Қазақ зиялыларының
мектептегі оқыту мәселелеріне
байланысты көзқарастары**

Бұл мақалада XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ. басындағы қазақ зиялыларының Қазақстандағы өзекті мәселелердің бірі болып табылатын мектепте оқыту ерекшеліктеріне байланысты көзқарастары қарастырылады. Мұнда мектептердегі алғашқы оқу жылдарындағы міндетті оқыту тілінің қазақ тілі болу қажеттігі талданады. Себебі орыс тілінің мектептердің алғашқы сыныптарында көп оқытылуы және оған басымдық беру қазақ ұлтының болашағына, рухани мәдениетіне кері әсері ететінін зиялылардың еңбектерін қарастыруда анық байқалады. Сондай-ақ жаңа әдіспен оқытатын мектептерде ислам діні негіздерін үйретудің маңыздылығы көрсетіліп, оқыту пәндерінің жас ерекшеліктеріне қарай енгізілу қажеттілігі жазылған. Мақалада авторлар қазақ зиялыларының көзқарастарын жан-жақты талдай отырып, қарастырып отырған кезеңнің өзекті мәселелерін шешудегі олардың қызметі бойынша қорытындылар жасаған.

Түйін сөздер: мектеп, білім беру, ислам, қазақ тілі, оқытылатын пәндер.

Baidavletova M.D.,
Iskakova G.Z., Oskembai M.A.

**Kazakh intellectuals views on the
problems of school education**

This article considers the views of the Kazakh intelligentsia of the second half of XIX – the beginning of XX centuries on one of the essential problems—peculiarity of teaching in schools of Kazakhstan. Moreover analyzed compulsory teaching of the mother tongue in primary schools. Preference learning Russian language could be detriment not only to the native language, but also the spiritual culture of the Kazakh people, and these points can be seen by considering the works of Kazakh intelligentsia. In the article is shown the importance of learning the basics of Islam in new methods schools and the teaching of different subjects depending on the age of the pupils. In article the authors examine the Kazakh intelligentsia ideas and make conclusions about their activities in solving important issues of the discussing period.

Key words: school, education, islam, kazakh language, disciplines.

Байдавлетова М.Д.,
Искакова Ғ.З., Өскенбай М.Ә.

**Взгляды казахской
интеллигенции на проблемы
обучения в школах**

В данной статье рассматриваются взгляды казахской интеллигенции второй половины XIX – нач. XX вв. на одну из актуальных проблем Казахстана – на особенности обучения в школах. Так же сделан анализ обязательного преподавания казахского языка в начальных классах. Потому что предпочтение обучения русскому языку могло быть во вред не только родному языку, но и духовной культуре казахского народа, и эти моменты можно увидеть, рассматривая труды казахской интеллигенции. Так же показана важность обучения основ ислама в новометодных школах, и преподавание разных предметов в зависимости от возраста учеников. В статье авторы, рассматривая взгляды казахской интеллигенции, делают выводы об их деятельности в решении важных вопросов рассматриваемого периода.

Ключевые слова: школа, образование, ислам, казахский язык, дисциплины.

**ҚАЗАҚ
ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ
МЕКТЕПТЕГІ ОҚЫТУ
МӘСЕЛЕЛЕРІНЕ
БАЙЛАНЫСТЫ
КӨЗҚАРАСТАРЫ**

XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ. басындағы Қазақстандағы өзекті мәселелердің бірі – мектептерде білім беру болып табылады. Ресейдің отарлауынан, кеңестік биліктің қуғын-сүргінінен көз ашпаған қазақ халқы үшін аса ауыр кезеңдерді басынан өткеріп жатқан еді. Осындай заманда қазақ ұлтын, халқын сақтап қалудың, тәуелсіздікке қол жеткізудің бірден-бір жолы – қазақ жастарына сапалы білім беру болды. Мұндай маңызды мәселелерді, оны шешудің жолдарын қазақ зиялыларының еңбектерінен табамыз. Сондықтан осы мақаламызда біз қазақ зиялыларының Қазақстандағы оқыту ісіне байланысты көзқарастарын қарастыра отырып, ондағы оқыту тілі, пәндер құрамы сияқты мәселелерді талдаймыз.

XIX ғ. екінші жартысы мен XX ғ. басындағы Қазақстанда білім беру ісі күрделі мәселелердің бірі болатын. Себебі қазақ балалары көбінесе жергілікті ауыл молдаларынан сауатын ашса, көрші елдерге, әсіресе Ресейге барып оқитындары аз болды. Ал алғашқы мектептер қазақ балаларына орыс тілін үйретіп, христиан дінін уағыздап, тек патшалық әкімшілікке қызмет ететін шенеуніктерді дайындау мақсатында ашылған еді. Қазақстандағы білім беру ісіне сүбелі үлес қосқан ағартушы, педагог Ы. Алтынсарин мектепте оқытудың бағдарламасын жасап, тек қана жазу-сызуға үйретумен шектелмей, оқушыларға орыс тілін, жаратылыстану пәндерін де оқытуға көңіл бөлген болатын [1, 273 с.]. Ал М. Дулатов: «Қазаққа орысша, мұсылманша оқудың екеуі бірдей керек. Біріне артықшылық, біріне кемшілік беру қате» [2, 69-70 б.], – десе, А. Байтұрсынов «Бастауыш мектептен оқығандар ең әуелі қазақша толық хат білетін дәрежеде болуы керек», – дей отырып, әуелгі үш жылда балалар кілең қазақша оқу керек, соңғы екі жылда кілең орысша оқу керек» [3, 245 б.], – деп ана тілді оқытуға көп уақыт бөлуді жазады. Мұнан байқайтынымыз, әрине, бірнеше тіл білу қай заманда болмасын маңызды. Дегенмен бастауыш сыныптарда ана тілінде ғана оқыту өте қажетті іс. Ана тілін бойына сіңіріп өскен адам, кез келген уақытта өзге шет тілдерін оқып, үйрене алады. Мұны зиялыларымыздың пікірлері де, қазіргі заманғы зерттеулер нәтижесі де дәлелдейді. Тіпті XX ғ. басында өткізілген Қызылжар уезіне қараған учительдер съезінің қаулысында: «Бұрат аналар школында оқу ана тілінде болсын;

орыс тілі 3 жылдан бұрын кіргізілмесін...» [2, 389 б.], – деген шешім шығаруы біздің пікірімізді қуаттай түседі. Сондай-ақ «Қазақ» газетінде жарияланған мақалалардың басым көпшілігі мектептегі алғашқы оқу жылдарының ана тілде (қазақ тілінде – авт.) болуын жақтаған [2, 376 б.]. Бұл жоғарыда айтылған пікірлерден байқап отырғанымыздай, зиялы қауым өкілдері қазақ мектептерінде орыс тілін оқытуды қолдағанымен, алғашқы екі-үш жыл ана тілінде болуын міндеттейді. Себебі ана тілін білмеген жас ұрпақтың мәңгірттеніп, өз тілі мен мәдениетін жоғалтып алуынан сақтанған болса керек.

Қазақ зиялылары мектепте оқытылатын пәндерге және оны оқытудың жолдарына қатты назара аударған. Оны Байтұрсыновтың: «Бастауыш мектепте кілең қазақ тілінде үйретілетін нәрселер: оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, жағрафия, шаруа-кәсіп, жаратылыс жайлы» [2, 98-100 б.], – болуы дұрыс деген пікірінен көреміз. Ал Ж. Аймауытов: «Балаға жалаң білім үйрету, басқаша айтқанда, баланың басын түрлі көп мағлұматпен тығындап толтыра беру ақылын күшейтуге себеп болады деу – қате. Бүйтіп білім үйреткенде баланың басы неше түрлі білімді жинап, сақтап қоятын бір қойма іспетті болады. Ондай мектеп, ондай оқыту, тек ақылды олай-бұлай қозғап, созылғаннан басқа, балаға ешбір тәрбие бере алмайды... Сондықтан мектеп балаға пайдалы білімдерге негіз салып, келешекте ол білімін өркендету үшін ақылын күшейту жағын ескеру керек; екінші түрлі айтқанда, білім көбейту мен нақыл күшейту мақсұты қатар көзделу керек» [4, 299-301 б.], – деп жазады.

Сонымен қатар қазақтарды христиандандыру саясаты жүргізіліп жатқан уақытта, ислам діні негіздерін мектептерде арнайы оқыту маңызды істердің бірі болып табылады. Мұсылманша оқуға байланысты Ы. Алтынсарин өз жазбаларында: «Мен кейбір оқытудан бос уақыттарымда оларға ресми түрде молда да болып қоям; сөйтіп, оларға дін тарихынан білгенімді айтып, оған басқа да пайдалы және түсінікті әңгімелерді де қосып айтатын [1, 274 с.], – деп оның себептерінде көрсетіп өтеді: «біріншіден, қазақ жастарының дін жөніндегі түсініктері теріс бағытқа түсіп кетпеуі үшін, ал, екіншіден, қазақтың жазба тілінде татар тілі орынсыз ете қалуына жол бермеу үшін мен соңғы кезде Мұхамбет шаригатын үйрене бастап, осыған қоса жіберіліп отырған оқу құралын құрастыруға кірістім. Менің бұл іске кірісуіме тағы бір себеп болған нәрсе – қазақ молдаларының өздері де қолдарындағы кітаптарының қолайсыз екендігін мойындайды» [1, 323-324 с.].

Бұл жерден байқап отырғанымыздай, Ы. Алтынсарин қазақтардың діни сауатын ашып, теріс жолға түсіп кетпеуін, сонымен қатар басқа тілдердің, әсіресе татар тілінің ана тілімізден басым түспеу жолдарын қарастырған. Осыған байланысты Ы. Алтынсариннің Н. Ильминскийге жазған хаттарынан ислам діні негіздерін қазақ балаларына оқыту керектігі жөнінде және сол үшін арнайы кітап жазып, оны баспаға шығарып беруін сұрағандығын көреміз. Бірақ та кейінгі жазбаларынан байқағанымыздай, ол кітабына 3-4 рет сұрау салса да кітабының қайтарылмай, не дұрыс жауап ала алмай, оны баспаға шығармақ түгілі, жоғалып кеткендігін оқимыз [1]. Әрине, Н. Ильминский миссионер болғандықтан, оның Ы. Алтынсариннің осындай мазмұндағы кітабын шығарып беруі мүмкін емес еді. Дегенмен Ы. Алтынсарин мұнымен тоқтап қалмай, көлемі аздау болса да қазақ балаларына ислам діні негіздерінен хабар беретін кітапшасын жазып, шығарған болатын.

Патша өкіметі қазақ мектептерінде ислам діні бойынша сабақ берілуін әрдайым бақылап отырған. Оның дәлелі ретінде мұрағаттың мына мәліметтерін келтіруге болады: «Копия секретного предложения Семиреченского областного Правления от 18 февраля 1912 г. За №294 Верненскому Полицейстеру. Областное правление предлагает доставить заведующему Розыскным пунктом в г. Верном сведения – 1) о существующих в городе новометодных мусульманских школах, лицах, преподающих в них и учебниках, по которым ведется преподавание, с указанием времени и места их издания; 2) об имеющихся на лицо мусульманских обществах просветительного, благотворительного и т.д. характера и о лицах, входящих в состав таковых; 3) о наличных книжных лавках, торгующих мусульманской литературой и о личностях книгонош, получивших разрешение вести торговлю этими книгами. Для немедленного доставления самых точных и подробных сведений 23 февраля 1912 г.» [5, л. 105]. Бұл XX ғ. басында жаңа әдіспен оқытатын мұсылман мектептерінде оқылатын кітаптар, олардың мазмұны, шыққан жері мен жылы, ағартушылықпен, меценаттықпен айналысатын мұсылман қоғамдастықтары және оның құрамына кіретін адамдар, ислами кітап сатылатын орындар мен оны сатуға рұқсат алушылар патшалық Ресейдің қатаң қадағалауында болғандығын анық байқаймыз.

«Алаш қозғалысы» құжаттар мен материалдар жинағында Ішкі Істер Министріне қазақтардың құқықтарын кеңейту туралы пети-

цияны бекіту туралы өтінішінде: «В школах было бы обязательным условием: сначала преподаванием киргизским ученикам магометанского духовного молитвенного урока, пяти главных обязательных уроков для богослужения до совершеннолетия учеников, а затем уже преподавались русские грамоты с тем, чтобы преподавание мусульманских духовных уроков не оставалось до оставления учеником школы» [6, с. 41-42], – деп алдымен міндетті түрде ислам діні негіздерін, кейіннен орыс тілін оқытуға мән берген.

Өз кезегінде М. Дулатұлы: «Мұсылманша оқушыларға шаһарларда қазаққа арнаулы медреселер жоқ. Қазақтан оқушы талапкерлердің көптігі соңғы жылдарда көріне бастады. Школдарға қазақ балаларының 10-нан тоғызы орын жоқтықтан кіре алмай, қайда барарын білмей, қаңғырып жүр» [2, 69-70 б.], – деп мектептердің аздығын сөз қыла отырып, мұндай мектептердің керектігін жазады. Бұл қазақтарға мұсылманша оқудың қажеттігін көрсетіп, басқа дінге немесе теріс жолға түсіп кетпеуіне байланысты жасалған шаралар болатын.

Сондай-ақ ХХ ғ. басында Жетісу өңірінде қызмет еткен, қазақ зиялылары білім алған оқу ордасы «Мамания» медресесінде оқылған пәндер құрамына тоқталсақ, төмендегідей тізімді көреміз:

Қазақ тілі («оқу, жазу») – 1-кластан бастап оқытылады.

Есеп (арифметика) – 1-кластан бастап оқытылады.

Иман-шарт – 2-кластан бастап оқытылады.

Құран – 2-кластан бастап оқытылады.

Орыс тілі – 3-кластан бастап оқытылады.

Пайғамбарлар тарихы – тек 3-кластан бастап оқытылады.

Жағрапия – 3-кластан бастап оқытылады.

Зоология – 4-кластан бастап оқытылады.

Ислам діні тарихы – 5-кластан бастап оқытылады.

Татар тарихы – 5-кластан бастап оқытылады.

Хадис (Пайғамбардың өсиеті) – 5-кластан бастап оқытылады [7, 70-71 б.].

Оқудың алғашқы жылы сауат ашу, жазу және есеп шығаруға арналса, екінші жылында иман-шарт, құран бойынша пәндер кіргізілген. Осы жерден тағы бір байқайтынымыз, орыс тілін тек 3-сыныптан бастап оқытуы, ана тілінің басты орынға қойылуы деп білеміз. Ары қарай тізімге назар аударсақ, біртіндеп жаңа пәндер енгізіліп отырған. Олардың құрамында жаратылыстану

пәндерімен қатар ислам дінін ары қарай тереңдетіп оқытқан. Сондай-ақ бұл пәндер бір жыл оқытылумен шектелмей, сыныптан-сыныпқа жалғасып отырғандығын байқаймыз. Яғни ХХ ғ. басындағы қазақ зиялылары оқушылардың ана тілін бойына сіңіріп, ислам негіздері бойынша дұрыс білім, бағыт-бағдар алуын қадағалаған және жаратылыстану пәндерін де назардан тыс қалдырмаған.

Сонымен Қазақстандағы мектептерде оқыту мәселелеріне байланысты ұлт зиялыларының көзқарастарын қорытындылар болсақ:

– өз ұлтының болашағы жолында аянбай қызмет еткен ұлт зиялылары ана тілінің болашағына алаңдап, мектептегі оқу тілінің алғашқы екі-үш жылын міндетті түрде қазақ тілінде болуын насихаттап, жиналыстарда арнайы күн тәртібіне қойып, осы мәселені шешуге тырысты;

– мектепте қазақ балаларына ислам діні негіздерін оқыту мақсатын көздеген зиялылардың ұсыныстары билік тарапынан қолдау таппағандығын көрсетті, дегенмен қазақ меценаттары ашқан мектептерде халық болашағына қажетті бағдарлама бойынша білім берілді;

– жаратылыстану пәндерін оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай оқытуды ұсынды.

ХІХ ғ. екінші жартысы – ХХ ғ. алғашқы онжылдықтарындағы Қазақстандағы оқыту мәселесіне байланысты қазақ зиялыларының көзқарастарын талдау барысында, олар бастауыш мектептердің алғашқы екі-үш жылы міндетті түрде қазақ тілінде болуын насихаттағандығын және оны съездерде арнайы мәселе ретінде қарастырғандығын, осылайша, мұндай мәселелерді бірден шешуге тырысқандығын көреміз. Ал мектептерде оқытудың қарапайым халыққа қиындық тудыратынына байланысты қазақ байлары мен қажылары, жергілікті мекемелер қаржы жинап, қазақ балаларының оқып, білім алуына жәрдемін тигізіп отырған. Мұның барлығы қазақ оқығандарының болашақ ұрпақтың білімді болуы, халқының дамуы жолында қосқан ерекше үлесі деп білеміз. Қазақстандағы білім беру ісінің қазақ зиялылары еңбектерінде қарастырылуы, олардың халқының болашағы жарқын болуы үшін күрескендігін, үлкен еңбек еткендігін көрсетеді. Дегенмен бұл көтеріліп отырған мәселе бірден шешімін тауып кетпесе де, зиялылардың белсенді қызметінің нәтижесінде ана тілінде білім алған, ислам негіздерін үйреніп өскен білімді қазақ жастарының қалыптасуына өз септігін тигізді.

Әдебиеттер

- 1 Алтынсарин И. Избранные сочинения. – Алма-Ата: Изд. АН КазССР, 1995. – 414 с.
- 2 «Қазақ» газеті / құраст. Ү. Субханбердина, С. Дәуітов, Қ. Сахов. Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. – 560 б.
- 3 Байтұрсынов А. Шығармалары: өлеңдер, аудармалар, зерттеулер / құраст. Ә. Шәріпов, С. Дәуітов. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.
- 4 Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы.– Алматы: Ғылым, 1998. – Т.4. – 316 б.
- 5 Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архиві. Ф.73. оп.2. д.2. л.105.
- 6 Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1901 ж. – желтоқсан 1917 ж. – Алматы: Алаш, 2004. – Т.1. – 552 б.
- 7 Мамания. Тарихи деректер, естеліктер, өлеңдер, құжаттар, пікірлер / құраст.: Ж. Қалиұлы. – Алматы: Атамұра, 1999. – 272 б.

References

- 1 Altınсарin I. Izbrannіe soçineniya. – Alma-Ata: Izd. AN KazSSSR, 1995. – 414 s.
- 2 «Qazaq» gazetі / qurast. Ü. Subhanberdina, S. Däuitov, Q. Sahov. Bas redaktor Ä. Nısanbaev. – Almatı: Qazaq enciklopediyası, 1998. – 560 b.
- 3 Baytursinov A. Şıǵarmaları: öleñder, audarmalar, zertteuler / qurast. Ä. Şäripov, S. Däuitov. – Almatı: Jazuşı, 1989. – 320 b.
- 4 Aymaıtov J. Bes tomdıq şıǵarmalar jınaǵı.– Almatı: Ğılım, 1998. – T.4. – 316 b.
- 5 Qazaqstan Respublikası Ortalıq Memlekettik Arhivi. F.73. op.2. d.2. l.105.
- 6 Alaş qozǵalı. Qujattar men materialdar jınaǵı. Säuir 1901 j. – jeltoqsan 1917 j. – Almatı: Alaş, 2004. – T.1. – 552 b.
- 7 Mamaniya. Tarixi derekter, estelikter, öleñder, qujattar, pikirler / qurast.: J. Qaliuli. – Almatı: Atamura, 1999. – 272 b.

Мекебаев Т.Қ.,
Құмғанбаев Ж.Ж.

**XX ғасырдың алғашқы
ширегіндегі Қазақстандағы
қоғамдық-саяси ұйымдармен
Уақытша үкіметтің
қарым-қатынасы**

Мақалада Уақытша үкіметтің Қазақстандағы құрылған билік орындарының қоғамдық-саяси ұйымдармен қарым-қатынасы қарастырылған. Уақытша үкімет саясаты Қазақ комитеттеріне, Мұсылмандар комитеті және тағы басқа қоғамдық негіздегі ұйымдарға сүйенді. Ал осы ұйымдардың ішінде негізінен Уақытша үкіметтің ұлттық тірегі болған Қазақ комитеттері мен мұсылман комитеттері, сондай-ақ ұйғыр-дүнген (Тараншы-дүнген), Қырғыз уездік комитеттері сияқты ұлттық және діни негізде құрылған ұйымдар еді. Бұл ұйымдар кейбір зерттеу еңбектерінде оқшау ұлттық құрылым, Уақытша үкіметтің сойылын соғып, көзсіз қолшоқпары болды деген сипатта көрсетіп айтып келді. Бірақ бұл ұйымдардың негізінен Уақытша үкіметпен қарым-қатынасы жағымды сипатта болған, мақалада олардың өзара байланысына талдау жүргізілген. Сонымен қатар мақалада Уақытша үкімет мекемелері үшін Жетісуда 1916 жылдан кейін қалыптасқан халықтар арасындағы өшпенділікті мүмкіндігінше басқа арнаға түсіру, ымыраластыру, өзара ынтымақ пен келісімге келтіру міндеті туралы айтылады. Уақытша үкіметтің Түркістан комитеті де 1917 жылы 25 сәуірдегі мәжілісінде Жетісу облысындағы ұлтаралық шиеленістің зардаптарын талқылай келе, көтерілістің ауыр салдарын жою шаралары да қарастырылған.

Түйін сөздер: Уақытша үкімет, Түркістан комитеті, Ақпан төңкерісі, Қазақ комитеті, Мұсылман комитеті.

Mekebaev. T.K.,
Kumganbaev Zh.Zh.

**The relationship of the
Provisional Government with the
socio-political organizations of
Kazakhstan in the early of XX th
century**

The article discusses the relationship of the authorities of the temporarily government in Kazakhstan with political organizations. To carry out its policy of the temporarily government was based on the Kazakh Committee and the Committee of Muslims. From these basic structures of the organization supporting the authority of the temporarily government were Kazakh Committee and the Committee of Muslims, as well as such national and religious organizations, such as Uighur, Dungan (Taranshy-Dungan), Kyrgyz county committees. Some researchers describe these organizations as separate national entities, which serve as an instrument of power of the temporarily government. But the relationship between the temporarily government and these organizations have been positive, the article provides an analysis of the process. Also, according to the tasks of the temporarily government in Zhetysu in 1916 to resolve the ethnic conflict and the conclusion of peace and harmony. Turkestan Committee also at the meeting of temporarily government April 25, 1917 raised the issue of inter-ethnic conflicts in Zhetysu and considered measures to eliminate the consequences of heavy uprising.

Key words: Temporarily government, Turkestan Committee, February revolution, Kazakh Committee, Committee of Muslims.

Мекебаев Т.Қ.,
Құмғанбаев Ж.Ж.

**Взаимоотношение Временного
правительства с социально-
политическими организациями
Казахстана в начале XX века**

В статье рассматривается взаимоотношение органов власти временного правительства в Казахстане с политическими организациями. Для осуществления своей политики временное правительство опиралось на Казахский комитет и комитет Мусульманов. Из этих организаций основными структурами, поддерживающими власть временного правительства были, Казахские комитеты и комитеты мусульман, а также такие национальные и религиозные организации, как уйгурские-дунганские (Тараншы-дунган), Киргизские уездные комитеты. Некоторые исследователи описывают эти организации как обособленные национальные структуры, которые служили орудием власти временного правительства. Но взаимоотношения между временным правительством и этими организациями были положительными, в статье дается анализ этого процесса. А также, говорится о задачах временного правительства в Жетысу в 1916 году по урегулированию межнационального конфликта и заключению мира и согласия. Туркестанский комитет также на заседании временного правительства 25 апреля 1917 года поднимал вопрос о межнациональных конфликтах в Жетысу и рассматривал мероприятия по ликвидации последствия тяжелого восстания.

Ключевые слова: Временное правительство, Туркестанский комитет, Февральская революция, Казахский комитет, Мусульманский комитет

**XX ҒАСЫРДЫҢ
АЛҒАШҚЫ
ШИРЕГІНДЕГІ
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ
ҰЙЫМДАРМЕН
УАҚЫТША ҮКІМЕТТІҢ
ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ**

Ақпан төңкерісі елде саяси жүйені өзгертіп, республикалық құрылысқа көшуге жағдай жасаумен қатар, империяның орталығында да, сондай-ақ кең байтақ жерлерде созылып жатқан ұлттық отар аймақтарда да барлық саяси күштердің, қоғамдық ұйымдардың жанданып, бұқаралық сипат алып, әрекет етуіне өз ықпалын тигізді. Осының нәтижесінде елде азаматтық келісімге келуге белгілі бір мүмкіндіктер туды. Алайда Қазақстанда жергілікті өкімет биліктері туралы мәселе күрделі әрі ұзаққа созылған процесс болды. Жергілікті өкімет органдарының құрылу уақыты жергілікті өзгешеліктерге де байланысты жүрді. Бұл өзгешелікті жалпы белгілі бір уезд, облыстағы тұрғындардың саяси белсенділігімен, халықтың ауыз бірлігінің мықтылығымен, оқыған, зиялы азаматтардың (ел басқаруға жарайтын) басымдылығымен тағы басқа байланыстыруға болады. Мәселен, Қазақстанның Семей облысында Сырдария облысына қарағанда қазақтардың үкімет органдарына, өзге де саяси қоғамдық ұйымдар құруға қатысуы қызу жүрді. Сырдария, жалпы Түркістандағы саяси ахуалға М. Шоқайдың берген бағасы бұл жағдайдың себебін аша түседі: «Революция бізге еркіндік пен ұлттық белсендікке жол ашатындай көрінді. Бірақ ұзақ жылдар қараңғыда отырған кісінің жарыққа шыққанда көзі қамасатыны сияқты талай заманнан бері патшаның отарлық саясатының қапасында тұншыққан біз революция алып келген бостандықтың жарығына шыққанда көзіміз қамасып, бірден жол тауып кете алмадық. Санамыздың қараңғылығы да көзімізді одан сайын қарақтырып, көп саңдалдық. Дәрменсіздігіміз бір тобымызды орыс революцияшыл демократиясына еруге мәжбүр етті... екінші тобымыз, көпшілігіміз, саяси табысқа дұғамен жетеміз дегенге сенетін... Әрине, мұның екеуі де қате еді» [1]. Жөн біледі деген оқыған азаматтардың бір пікірге келе алмауы, бірлесіп күреспеуі нәтижесінде көп партиялар, түрлі ұйымдар құрылып, Түркістандағы азаттық үшін күреске кері әсерін тигізді. Енді 1917 жылы Ақпан төңкерісінен кейін түрлі ұлттық, қоғамдық негізде құрылған ұйымдар мен үкімет органдарының қарым-қатынасы мәселесіне келейік.

Ақпан төңкерісі Ресей империясының барлық саяси жүйесіне тән дағдарыстың заңды нәтижесі болды. Патшалық тәртіптің құлауы елде сапалық тұрғыдан жаңа саяси жүйе құруға мүмкіндіктер туғызды. Империяда бұрыннан орын алып кел-

ген «біртұтас және бөлінбес Ресей» идеясы мен соған негізделген мемлекеттік саясатқа сызат түсе бастады. Ақпан жеңісінен кейін жаңа таптық, әлеуметтік, ұлттық және партиялық мақсат-мүдделерді, көп жағдайда бір-біріне қарсы болған мақсат-мүдделерді, жақтайтын күштер саяси күрес аренасына шықты. [2] Елдегі шешімін күткен ұлттық автономия, жер, азық-түлік, оқу-ағарту, тіл, дін тағы басқа толып жатқан мәселелерді өз міндет-мақсаттарына, бағыт-бағдарламаларына арқау еткен қоғамдық-саяси ұйымдар, ұлттық құрылымдар өкімет органдарымен өз мүдделерін жүзеге асыруда қарым-қатынасқа түсті. Бүкіл империя көлемінде Ресейде халық бұқарасын көптеп қамтыған демократияның қалыптасуына осы мезгілде жол ашылған еді. 1917 жылғы ақпан мен наурыз айларында қазақ қоғамында Уақытша үкіметтің өз билігін толық жүргізуге заңды құқы да, не күші де болған жоқ, ал қазақ басшылары тәуелсіз аймақ орнату мақсатында кең қолдауға ие болып, экономикалық тұрғыдан өзін-өзі басқару мәселесін шеше алмады. [3] 1917 жылы осылайша Қазақстанда қалыптасқан саяси вакуумды толтыруға түрлі саяси топтар ұмтылды. Себебі Уақытша үкімет бар билікті Құрылтай жиналысына қалдырып, толық мағынасындағы заңды үкімет орны бола алмады. Осыған байланысты жергілікті үкімет билігі де үлкен қиындықтармен шешіліп жатты. Орталықта да, жергілікті жерлерде де, өкімет орындарының құрамы үздіксіз өзгеріс күйін кешіп, ол үшін әртүрлі ұйымдар мен құрылымдар, саяси партиялар өзара күресті жандандыра түсті.

Орталықта қатаң әрі жүйелі құрылған билік жүйесінің болмауын мына жағдайлардан көреміз. 1917 жылы наурызда Уақытша үкімет жаңа заңдар жобасын шығаратын, үкімет пен министрліктер арасында тұрған дәнекер іспетті заң мәжілісін (юридическое совещание) құрды, 25 мамырда Құрылтай жиналысына сайлау заңын әзірлейтін Ерекше мәжілісін (Особое совещание) құрып, оның төралығына белгілі заңгер Ф.Ф. Кокошкинді сайлады. Күзге қарай Уақытша үкімет конституция жобасын жасау үшін заң мәжілісінің Ерекше комиссиясын құрып, оның төралығына профессор Н.И. Лазаревскийді тағайындады. 1917 жылдың мамыр айында үкімет жаңадан 4 министрлікті құрды: еңбек, азық-түлік, мемлекеттік бақылау, почта және телеграф. Тамыз айында оған дін министрлігі қосылды. Осылайша көктем мен жазда мемлекеттік аппарат толықтырыла түсті. Оның қатарына экономикалық Кеңес және экономикалық Бас комитет, Қорғаныс комитеті, Бүкілресейлік кітап палатасы, милиция істері жөніндегі Бас басқарма,

Әскери министрлік комитеті, шетелдермен қатынас Бас басқармасы қосылды. Тамыз айында Уақытша үкімет «армия мен флоттың өмірінде саяси жұмыстың маңыздылығын ескеріп», әскери министрліктің құрылымындағы қызметкерлер санын үш есеге көбейтті [4]. «Ресей тарихында бірде-бір патша өкіметі Уақытша үкімет сияқты шығын шығаруға соншама қолы ашық болған емес», [5] – деп мәлімдейді орталықтағы Мемлекеттік мәжілісте қаржы министрі Н.В. Некрасов. Орталықта болып жатқан басқарудағы тұрақсыздық, көп жүйелілік жергілікті жерлердегі ахуалдарға да әсер етпей қоймайды. Халық уақыт өте, әрбір қадамын басқан сайын қала комиссары, милиция комиссары, ұлттық топтардың тағы басқа комиссарларға жолығатын болды. Комиссарлар мен комитеттер Уақытша үкімет тұсында ең сәнді әрі танымал атауға болады. 1917 жылғы Ресей жалпы мемлекеттік, қоғамдық, жеке адамдардың бірлестігі және басқа жіктелуі қиын институттардың тізбегін дүниеге келтірді. Олардың барлығы өзара күрделі байланыста болып, қоғамдық-саяси өмірге үлкен әсерін тигізді [6]. Ал Қазақстанда Уақытша үкімет өзінің саясатын жүзеге асыруда Қазақ комитеттеріне, Қазақ комитеттеріне, Мұсылмандар комитеті және тағы басқа қоғамдық негіздегі ұйымдарға сүйенеді. Ал осы ұйымдардың ішінде Уақытша үкіметтің ұлттық тірегі болған Қазақ мемлекеттері мен мұсылман комитеттері, сондай-ақ ұйғыр-дүнген (Тараншы-дүнген), Қырғыз уездік комитеттері (Прижевальск, Пішпек уездері Жетісу облысы құрамында болды) сияқты ұлттық және діни негізде құрылған ұйымдар еді. Кейбір кеңестік зерттеушілер бұл ұйымдарды оқшау ұлттық құрылым, Уақытша үкіметтің сойылын соғып, көзсіз қол шоқпары болды деген сипатта көрсетіп келеді. 1917 жылдың наурыз айынан бастап жер-жерлерде бой көтере бастаған Қазақ комитеттері, мәселен, Уақытша үкіметке барынша қолдау көрсетті. Алайда Қазақ комитеттері өкілдері Уақытша үкіметтің жергілікті органдары болған облыстық және уездік атқару комитеттеріне мүше болып кіріп, ұлттық мүддені қорғады. Себебі оның ұлттық саясатын қазақ съездері бекітіп, бағыт-бағдарлама беріп тұрды. Орал облыстық Қазақ атқару комитетінің Жарғысында ұйымның мақсаты қазақ халқын жаңа құрылыстың негіздерімен таныстыру және оны жүзеге асыру, Құрылтай жиналысына әзірлеу делінеді. Осы құжатта Қазақ комитеттерінің Уақытша үкіметтің жергілікті ұйымдармен қарым-қатынасы былайша айқын көрсетілген: «Комитеттер (қазақ) өзінің қызметіне қатысты мәселелер бо-

йынша өзара, сондай-ақ басқа мекемелермен және ұйымдармен қарым-қатынаста болды. Облыстық Қазақ комитеті өзінің өкілдерін Оралдағы атқару комитетіне, болыстық және ауылдық комитетке екі өкілден делегат жібереді. Облыстық Қазақ атқару комитеті Орал облыстық атқару комитетімен, уездіктер – уездік атқару комитетімен қарым-қатынаста болады» [7]. Қазақ комитеттерінің ұсынуы бойынша үкіметтің жергілікті органдары құрамына кіргендер қазақ қоғамына байланысты мәселелерге тікелей араласып, көбіне істің қазақтың пайдасына шешілуіне септігін тигізді. Семей облыстық Делегаттар Кеңесі құрамына Қазақ комитеті атынан өкіл болып кірген Х. Ғаббасов, Ә. Ермеков, Б. Сәрсеновтар қазақ арасындағы шешілмей жатқан мәселелерді көтеріп, түйінін табуға талпынды. Мәселен, Алаш қаласының дербестік мәселесін, астық жинауға жіберілген қазақ жігіттеріне төлем ақы белгілеу, ел ішінде уездік комиссариаттар құру үшін қазақ комиссарларын жіберу тағы басқа күн тәртібіне қойды [8]. Отарлық аппарат шеңберіндегі мен ұлттық интеллигенция өкілдері арасында қырғи-қабақтық пен келіспеушіліктер де болмай қойған жоқ, мұндай жағдайлар Орал, Қостанайда, Қарқаралыда тағы басқа жекелеген қалаларда орын алды [2]. Комиссарлар мен атқару комитеттері қазақ комитеттері қойған талаптарға жүрдім-бардым қарап, уақытында шешпей, созбаққа салды, шешсе де негізінен өздеріне қолайлы тұрғыдан шешті. Әйтсе де жергілікті халық өзінің талап-тілегін осы қоғамдық негізде құрылған мекемелер арқылы іске асыруға ұмтылды. Жетісу, Сырдария Қазақ комитеттеріне жергілікті халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігіне, әсіресе жер мәселесіне байланысты шағымдары қардай борады [9]. Уақытша үкімет мекемелері үшін Жетісуда 1916 жылдан кейін қалыптасқан халықтар арасындағы өшпенділікті мүмкіндігінше басқа арнаға түсіріп, ымыраластыру, өзара ынтымақ пен келісімге келтіру – бірінші кезектегі міндет болатын, мұны жергілікті халықтың Қазақ комитеті сияқты қоғамдық ұйым және мұсылмандар комитеті де жақсы түсінді. Уақытша үкіметтің Түркістан комитеті де 1917 жылы 25 сәуірдегі мәжілісінде Жетісу облысындағы ұлтаралық шиеленістің ауыр оқиғаларға соқтырып отырғанын талқылай келе, көтерілістің ауыр салдарын жою шараларын қарастырады. Осы мәселеге байланысты Түркістан комитетінің жергілікті халықтың жайын жақсы білетін 2 мүшесі – М. Тынышбаев пен О. Шкапский Жетісуға жіберіледі. Оларға халықтар арасында өзара сенімді орнату, қалыпты тұрмыс жағдайын жасауға ықпал ету тапсы-

рылады. О.А. Шкапский Жетісуді жақсы білетін, тәжірибелі түркістандық еді. Ол 1905 жылы Алматыда құрылған қоныс аудару мекемесінің бастығы болып қызмет те істеген. Жерге орналастыру басқармасының меңгерушісі Шванебахқа Жетісу облысында қазақтардың басы артық жері жоқ екендігін қызмет орны мен мансаптан айырылып қаламын деп қорықпай алғаш ресми мәлімдеген де осы О.А. Шкапский еді [10]. Ал М. Тынышбаев осы Жетісу өлкесінде туып өскен, білім алған, жергілікті тұрғындардың әдет-ғұрпы, тұрмыс жайын жете білетін азамат тұрғын М. Тынышбаевты тек жергілікті қазақтар ғана емес, орыс тұрғындары да жақсы білетін, сыйлайтын. М. Тынышбаевтың екі халықтың да сеніміне ие болғандығына орыс халқы атынан комитет төрағасы Зиминнің М. Тынышбаевты тұтқындар мәселесін шешуге арнайы жіберілуін сұраған жеделхаты [11] да дәлел. Жетісудағы 1916 жылы көтеріліс зардаптарын жою Уақытша үкімет органдары қызметкерлеріне де, Қазақ комитеті сияқты ұлттық негіздегі қоғамдық ұйымға да оңай соққан жоқ. Мысалы, 1917 жылы Ақпан төңкерісінен кейін 24 наурызда құрылған Жетісу қазақтарының атқару комитеті Қытайдан қайтқан қазақ-қырғыздың жағдайымен санаспастан, олардың мүддесін ескерместен, тек біржақты талаптар қойып, «Қазақ халқы 1916 жылғы көтерілістің шағындарын өтемесе және ендігері орыстарға қазақтардың тимеуіне кепілдік берілмесе, осы айтқан орындалмаса, бейбітшілік тек жаңа ұрпақтар кезінде ғана болуы мүмкін» дегенді ашық қойды [12]. Жетісу қазақ комитеті Ресейдің қазақтар партиясы бағдарламасын қуаттап, қазақтардың томаға-тұйық, сословиелік ұйымын сақтауға, қазақтардан «әділетсіз» алынған жерлерді қайтаруға, қазақтар автономиясының жеріне ешкімнің қолы тимеуіне тағы басқа қол жеткізу қажеттігін негіздеп жатты.

1917 жылы Жетісу казак әскерлері құрамында 45 мың адам, 681 мың десятина жер бар еді. Комитет Уақытша үкіметті жақтады және палаталы атқарушы билігі бар, парламенттік республиканы жақтады [13]. Қазақтар арасында саяси дифференция өте жай жүрді, еңбекші казактардың көбі офицер-казак билеушілері ықпалында болды.

Уақытша үкімет органдары қазақтар комитетімен, жалпы олардың құқықтарымен санасып отырды. Талай жылдар бойы отарлық тонаушылық пен зорлық-зомбылық жағдайында тәрбиеленген орыстық азшылдық санасында жергілікті халықтан гөрі ұлттық үстемдік жөнінде пікір енгізіліп, бұратана халықтан қажет нәрсенің бә-

рін тартып алуға болады деген сенім қарапайым құқық дәрежесіне жетті [14]. Расында, Уақытша үкіметтің жергілікті басқару орындарында, мысалы, переселен мекемелерінде патша үкіметі тұсында отарлық саясаттың қолшоқпары болған чиновниктер аз емес тұғын. Олар жаңа үкімет тұсында да бұрынғы «бұратана есебінен шешу» позициясын жалғастыра берді. Жаркент уезінде қоныс аудару мекемесін басқарған Войшивилло деген чиновник Уақытша үкімет тұсында да ескі әдетінен айырылмай, қазақтардың жерін заңсыз орыс тұрғындарына беріп, жергілікті тұрғындарды астық пен пішеннен қаққан [15]. Кереку уездік комиссары Кайдалов та майданнан қайтып келе жатқан қазақ жігіттерін орынсыз тексеріп, жеке заттарын жөнсіз алып, олардың жеке бас құқықтарын бұрмалауға жол берген. Семей облыстық атқару комитеті бастығы Ляшкевичтің (қазақ комитетінің өтініші бойынша) жасаған ескертпесіне қазақтардың өтірігінің бірі деп кекесінмен жауап қайтарады [16]. Үкімет тарапынан ешқандай қағажу көрмеген солдаттар Пішпек уезіне қарасты Георгиевке селосында да өз беттерінше тінту жүргізіп, елдің дүние-мүлкін тонап, ақшаларын тартып алып, бірнеше адамды бір түнде қырып салған [17]. Жетісудағы қанды оқиғаларға байланысты облыстық қазақ комитетінің төрағасы И. Жайнақов бастаған қазақ зиялылары қанішірлердің жазаға тартылуын талап етіп, облыстық, одан қалды, Түркістан комитетіне сұраулар салды. Жетісудағы жағдайға байланысты 1917 жылы қазанда Пішпекте 4 мұсылман ұйымы: Пішпек уездік Қырғыз-қазақ комитеті, «Щури-и-ислам» мұсылмандар комитеті, дүнгендердің «Егінші» одағы және «Бұқара» одағы мүшелері бірігіп Кеңес өткізіп, уақытша үкіметтің жергілікті өкімет органдарының барлық ескерту шараларына қарамастан, орыс азаматтарының зорлық-зомбылық әрекетінің тоқтамай тұрғандығын баса көрсетті. Солдаттардың соңын ала шаруалар да, былтырғы төгілген қанның кегін аламыз деп, қарулы тобыр құрып, жүгенсіз қимыл-әрекеттердің аумағын кеңейте түскенін ашына мәлімдеді. Жүгенсіздікке қарсы күресуге өкімет органдары мен ұлттық ұйымдардың шамасы келмей тұрғандығы әскери шенділердің қарама-қайшы іс-қимылынан деп көрсетті [8]. Қоғамдық ұйымдардың бұл біріккен Кеңесі Түркістан өлкелік комитетінің О. Шкапский мен әскери комиссар Ивановтан көмек сұрап, облыстағы мұсылмандар мәселесіне жауапкершілікпен қарауға шақырады. Уақытша үкіметтің жергілікті билік органдары мен ұлттық, мұсылмандық ұйымдар, өзге қоғамдық-саяси бірлестіктер бас

қосып, күш біріктіре жол табуға тырысқан әрекеттері орталық өкіметтің қолдауын таппады.

Мысалы, селолық комитет мүшелерінен Уақытша сот құрып, орыс бандасын ауыздықтауды тездетейік деген Түркістан өлкесі комиссары М. Тынышпаев пен О. Шкапскийдің ресми 2 рет жасаған ұсынысына Юстиция министрлігі еш жауап қатпады.

Осылайша, барлық, маңызды, ұлттық мәні бар істердің орталыққа барып тұйықталып қала беруі ұлттық ұйымдарды мәселені дербес шешуге итермеледі. Мұндай дербестікке ұмтылу Жетісу жағдайында өз адамдарынан тұратын сот құрылымдарын құруға талпынушылықтан байқалады. Пішпек уездік қырғыз-қазақ комитетінің төрағасы К. Әлімбаев комитет төралқасы өзінің құрамынан білімді де тәжірибелі адамдарын шығарып, халыққа жайлы сот жасауды қажет деп тапқанын, сөйтіп әкімшілікке қоса сот қызметін қатар алып жүруді өтінсе, жаркенттегі тараншы-дүнгендердің уездік мұсылман комитеті шариғатты білетін әрі білімді азаматтардан сот билігін құруға рұқсат сұрады [8]. Бірақ Түркістан комитеті: Пішпек уездік қырғыз-қазақ уездік комитетінен өкімет органын жасауға соғады», [18] – деп жауап қайтарады.

Облыстық көлемде қазақ арасындағы мәселелерді қарау үшін Семейде облыстық қазақ соты құрылды. Жергілікті жерлерде қазақ соттарын құруға талпынушылық дербестікке ұмтылудан әрі қазақ мәселесінің шешілуі ұзаққа созылудан, немесе мүлдем жауапсыз қалудан туындаған еді.

Әйтсе де ел арасындағы кей жұмыстар Уақытша үкіметтің атқару комитеті мен ұлттық құрылымдардың күш біріктіруімен шешімін тауып жатты. Үржар уездік атқару комитеті ат ұрлау мәселесін шешу үшін барлық болыстардан 2 делегаттан және Үржар бөлімшелік қазақ комитетінен өкілдер қатыстыра отырып шешуге алғашқы ұсынысты жасап, біршама істерге ұйытқы болады. Аталған мәселені шешуге Үржар мұсылмандарының біріккен комитетінің төрағасы Салық Аманжолов өзін заңгер ретінде әрі халықтық тәжірибені жақсы білетіндігімен көзге түседі [19].

Уақыт өте келе Уақытша үкіметтің қолынан саяси билік біртіндеп ұзай берді. Пәрменді биліктің болмауынан құрамына әртүрлі қоғамдық ұйымдар кірген делегаттар Кеңесі, қоғамдық қауіпсіздік комитеті, Кеңестердің Кеңесі тағы да басқа құрылымдар жергілікті өкімет билігін жүзеге асыруға тырысты. Барлық ұйым өкілдері бас қосқан ортада жергілікті мәселелер бойынша түрлі істер қаралып, тиісті шешімдер қаралып жатты. Алайда қазақ халқы үшін өмір-

лік маңызы бар жер, автономия, тіл тағы басқа мәселелер құрылтай жиналысына дейін қалдырыла берді. Уақытша үкіметтің қазақстандағы жергілікті билік органдары мен қазақ комитеттері, мұсылмандық комитеттер, қазақ комитеттер тағы басқа ұйымдардың қарым-қатынасы өзара үйлесімге әрі қайшылыққа толы еді. Мұндай екі жақты байланыстың себебі, біріншіден, аталған ұйымдардың бәрі де Уақытша үкіметті қолдады, қуаттады, екіншіден, жергілікті мәселелерді, нақтырақ айтсақ, ұлттық зәру мәселелерді шешуде қайшылықтар, талас-тартыстар көп болды, ортақ тұжырымдар жасау қиынға соқты. Уақытша үкіметтің жергілікті билік орындарындағы комиссар Кайдалов, Войшивилло сияқты кертартпа күштер билікті қолға жиып ұстағысы келсе, жер-

гілікті халықтан тұратын қоғамдық негіздегі ұлттық ұйымдар өздеріне тиісті істерді дербес шешуге ұмтылды. Осындай қайшылықтан туындаған өмірлік мәні бар мәселелердің құрылтай жиналысы қарауына қалдырыла беруі халықтың тағатын тауысты. Қазақтың ұлттық мәселелері, уақыт өте келе, тек автономияға қол жеткізгенде ғана шешілетіндігі айқындала түсті.

Уақытша үкімет мекемелері үшін Жетісуда 1916 жылдан кейін қалыптасқан халықтар арасындағы өшпенділікті мүмкіндігінше басқа арнаға түсіріп, ымыраластыру, өзара ынтымақпен келісімге келтіру – бірінші кезектегі міндет болатын, мұны жергілікті халықтың Қазақ комитеті сияқты қоғамдық ұйым және мұсылмандар комитеті де жақсы түсінді.

Әдебиеттер

- 1 Шоқай М. Түркістанның қилы тағдыры / құраст. Б. Серікбайұлы Қошым-Ноғай. – Алматы: Жалын, 1992. – 184 б.
- 2 Нұрпейсов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. – 256 б.
- 3 Олкотт М. Қазақтар // Есмағамбетов К. Қазақтар шетел әдебиетінде. – Алматы, 1994. – 124 б.
- 4 Сенин А.С. Либералы у власти. История повторяется? – Кентавр. – 1993. – №2.
- 5 Государственное совещание 12-15 августа 1917 года. Стенограф. Отчет. – М.-Л., 1930. – С.34
- 6 Общественные организации в политической системе России 1914-1918 гг. – М. – С.4.
- 7 ҚР ОММ. 14-к., 3-т., 2-іс, 21-п.
- 8 Махаева А.Ш. Қазақ комитеттері: құрылуы мен қызметінің тарихы (наурыз 1917 ж. – маусым 1918 ж.): тар.ғыл. канд... афтореф. – 1995. – 29 б.
- 9 Бөкейханов Ә. Шығармалар. – Алматы: Қазақстан, 1994. – Т.1. – 384 б.
- 10 Тынышпаев М. Великие бедствия... С.105.
- 11 ҚР ОММ 9-к., 1-т., 99-іс, 1-п
- 12 ҚР ОММ. 39-к., 2-т., 243-іс, 46-49-п.
- 13 Абдиров М.Ж. История качества Казахстана. – Алматы, 1994. – С. 132.
- 14 Сафаров Г. Колониальная революция (опыт Туркестана). – М., 1921. – С. 62.
- 15 ҚР ОММ. 9-к., 56-іс, 1-п.
- 16 ҚР ОММ. 992-к., 1-т., 3-іс, 3-10, 215-216-п
- 17 ҚР ОММ. 9-к., 1-т., 90-іс, 51-п.
- 18 ҚР ОММ. 9-к., 1-т., 86-іс, 26-п.
- 19 ҚР ОММ. 22-іс, 67-70-п.

References

- 1 Shokai M. Turkistannyn kyly tagdyry / kurastyrgan B. Sreikbaiuly Koshym-Nogai. – Almaty: Zhalyyn, 1992. – 184 b.
- 2 Nurpeisov K. Alash ham Alashorda. – Almaty: Atatek, 1995. – 256 b.
- 3 Olkot M. Kazakhtar // Esmagambetov K. Kazakhtar shetel adebietynde. – Almaty, 1994. – 124 b.
- 4 Senin A.S. Liberaly u vlasti. Istoria povtoryatsya? // Kentavr.1993. №2.
- 5 Gosudarstvennoe sovechaniye 12-15 avgusta 1917 goda. Stenograf. Otchet. – M.-L., 1930. – S. 34
- 6 Obchestvennyye organizacii v politicheskoi sisteme Rossii 1914-1918 gg. – M. – C. 4.
- 7 KR OMM. 14-k., 3-t., 2-is, 21-p.
- 8 Mahaeva A. Sh. Kazakh komitetteri: kuryly men kyzmety tarihy (nauriz 1917 zh. – mausym 1918 zh.), 29-bet
- 9 Bokeyhanov A. Shygarmalar. – Almaty: Kazakhstan, 1994. – T.1. – 384 b.
- 10 Tynyshbaev M. Velikie bedstvyia... C.105.
- 11 KR OMM 9-k., 1-t., 99-is, 1-p
- 12 KR OMM. 39-k., 2-t., 243-is, 46-49-p.
- 13 Abdiro M.Zh. Istoria kachestva Kazakhstana. – Almaty, 1994. – C. 132.
- 14 Safarov G. Kolonyalnaya revolyucia (opyt Turkestana). – M., 1921. – C. 62.
- 15 KR OMM. 9-k., 56-is, 1-p.
- 16 KR OMM. 992- k., 1-t., 3-is, 3-10, 215-216-p
- 17 KR OMM. 9- k., 1-t., 90-is, 51-p.
- 18 KR OMM. 9- k., 1-t., 86-is, 26-p.
- 19 KR OMM. 22-ic, 67-70-p.

Бақторазов С.У.

**Түркістан өлкесіндегі кеңестік
биліктің алғашқы жылдары
қалыптасқан әлеуметтік-саяси
ахуал**

Ұсынылып отырған мақалада Түркістан аймағында Кеңес үкіметі құрылған алғашқы жылдардағы әлеуметтік-саяси жағдай сипатталады. Автор Түркістан өлкесі большевиктердің ішкі саясатында жетекші орын алғандығы және осының нәтижесінде большевиктерге кез келген қарсылық қатал жазаланғандығы көрсетілді. Аталған жұмыста аймақта большевиктер саясатының қайғылы нәтижелері сарапталған.

Сол сияқты Кеңес үкіметі платформасында большевиктер партиясының жетекшілік ролін мойындауы міндетті болатын. Сондықтан да Түркістандағы Кеңестерге саяси қысым жасаудың барлық әрекеттері қару қолдану арқылы қатал басылып тасталынғандығы мақалада тұжырымдалады.

Түйін сөздер: Түркістан, большевиктер, Кеңес Үкіметі, репрессия, Қоқан үкіметі, Сырдария облысы.

Baktorazov S.U.

**The socio-political situation
established in the first years of
Soviet power in Turkestan**

This article examines the socio – political situation established in the first years of Soviet power in Turkestan. Author publication shows that the Turkestan Region occupied an important place in the internal politics of the Bolsheviks, and as a consequence any opposition to Bolshevik influence was brutally suppressed. The paper disclosed the tragic consequences of the Bolshevik policy in the region.

As stated in the platform of Soviet power was necessary to adopt the leading role of the Bolshevik Party and based on that it was customary to use force in the implementation of the party and plans crackdown.

Key words: Turkestan, the bolsheviks, Soviet government, repression, Kokand government, Syrdarya region.

Бақторазов С.У.

**Социально-политическое
положение, установленное
в первые годы Советской
власти в Туркестанском крае**

В данной статье рассматривается социально-политическое положение, установленное в первые годы Советской власти в Туркестанском крае. Автор в публикации показывает, что Туркестанский край занимал значительное место во внутренней политике большевиков и как следствие этого всякое противодействие большевистскому влиянию было жестоко подавлено. В работе раскрыты трагические последствия политики большевиков в крае.

Так же указано что в платформе Советской власти было обязательным принятие ведущей роли партии большевиков и на основе этого было привычным использование силы в реализации планов партии и подавлении волнений.

Ключевые слова: Туркестан, большевики, Советское Правительство, репрессия, правительство Коканд, Сырдарьинская область.

**ТҮРКІСТАН
ӨЛКЕСİNДЕГІ
КЕҢЕСТІК БИЛІКТІҢ
АЛҒАШҚЫ ЖЫЛДАРЫ
ҚАЛЫПТАСҚАН
ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ
АХУАЛ**

Түркістан өлкесінде Кеңес үкіметі орнауы алдында түрлі идеологиялық ұстанымдардағы күштер іс-қимылда болды. Ішкі күштер санатына құлатылған патшалық-отарлық режим шенеуніктерін, патша армиясы офицерлерін және провослав шіркеуі өкілдерін жатқызуға болатын еді. Бұл әлеуметтік топтар стагнациялық жағдайда болып көпшіліктің қолдауына ие бола алмағанымен, өңірлік масштабтағы саяси жетекшілік тәжірибесімен ерекшеленді.

Уақытша үкіметті және олардың Түркістанға жіберілген комиссарлар үкіметін қолдаушылар – негізінен интеллигенция өкілдері мен отарлық-әкімшілік шенеуніктерінің бір бөлігі, солшыл эсерлер партиясының мүшелері, сонымен қатар переселендік кулактар мен орташалар болды.

Ұлттық саяси күштер негізінен Петербургтің, Москваның және басқа да Ресейдің ірі қалаларындағы жоғары оқу орындарында білім алған алдыңғы қатарлы білімді жастардан тұрды. Ұлттық саяси интеллигенция өзінің іс-қимылдарын жергілікті халықпен байланыстыра отырып жүргізді. Сырдария облысының қазақтары Қазақстанның басқа өңірлеріне қарағанда ислам қағидаларының ықпалын көбірек сезінді, сондықтан да бірінші кезекте интеллигенция арасында либералдық жәдиттер қозғалысы етек алды, мұның өзі пантүркілік ұстанымдарды Түркістандық нұсқасында жүзеге асыруды, яғни Түркістан өлкесіндегі түркі халықтарының бірігуін қалау еді.

Дегенмен Петроградтағы Қазан төңкерісі барысындағы большевиктердің жеңісі мен осыдан кейінгі Ташкенттегі қарулы көтеріліс нәтижесінде 1917 жылдың 1 қарашасындағы Кеңес үкіметінің орнауы Сырдария облысының территориясында Уақытша үкіметтің толықтай құлатылуына алып келді. Өз кезегінде большевиктердің жергілікті халық арасындағы әлсіз әсері елдің және өңірдің орталықтарындағы биліктің харизматикалық мазмұнда болуымен реттелінді. Тіпті қарсылық көрсетуге мүмкіншіліктері бар күштердің өзі Кеңес үкіметінің орнауын ұрыскеріссіз мойындады.

Түркістан өлкесінде билік жасауға ұмтылған үміткерлердің арасындағы күрестің келесі кезеңі қазан-қараша оқиғаларынан кейін-ақ басталып кетті.

Большевиктердің коалициялық Түркістан комитетін құруға келісім бермеулерінен кейін жәдидтердің бастамасы бойынша Түркістан халықтарының Кеңесі құрылып, онда өңірлік автономияның өмірге келгендігі белгілі болады, ол съездің өткен жеріне, байланысты Қоқан автономиясы деп аталынады. Оның негізін қалаушылар – М. Тынышбаев пен М. Шоқай ұлттың өзін-өзі билеу құқы принципіне негізделген, Ресей халықтарының автономиясы туралы лениндік Декретке сүйенді. Айта кету керек, автономия және өзін-өзі билеу мәселесі Ленин үшін де, большевиктер партиясы үшін де абстрактілік мағынада болған жоқ, ол нақтылы мазмұнға ие еді – мемлекеттіліктің барлық формасы Кеңес үкіметі платформасында болып, большевиктер партиясының жетекшілік ролін мойындауы міндетті болатын. Сондықтан да Түркістандағы Кеңестерге саяси қысым жасаудың барлық әрекеттері ә дегеннен-ақ қару қолдану арқылы қатал басылып тасталынды.

Қоқанға Ташкент Кеңесі құрамындағы әскери құрылымдар осы мақсатта тез жеткізілді. Осының нәтижесінде Қоқан автономиясы жақтаушыларымен болған 64 күндік ұрыстан кейін 1918 жылдың 13 ақпанында Қоқан автономиясы өзінің өмір сүруін тоқтатты.

Осылай саяси қарсыласына әскери күш қолдану тәсілі алғаш рет жүзеге асты, мұның өзі саяси күрес бұдан былай еш кешірімсіз, еш келісімсіз өтетіндігін көрсетті.

Большевиктердің Түркістан мемлекеттігін қалпына келтіру әрекетін кесіп тастауы, көршілес Қоқан және Хиуа хандықтарында, Бұқар әмірлігінде белсенді оппозиция – Түркістан әскери ұйымының құрылуына алып келді, оған бұрынғы патша армиясының офицерлері, отаршыл шенеуніктер, орыс және ұлттық буржуазия өкілдері кірді [1, с. 22].

1918 жылдың сәуірінде Кеңестердің өлкелік съезі «Түркістан Кеңес Республикасы туралы Ереже» қабылдап, осыған сәйкес Түркістан Ресей Кеңес Федерациясы құрамындағы Кеңестік социалистік республика болып жарияланды.

Алмасып отырған әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени жағдайларға сәйкес қоғамдық, саяси және ұлттық сана формалары да өзгерді. Дәстүрлі әдет-ғұрып бүліншілікке ұшырап, жаңа түсініктер қалыптасты, ол өз кезегінде тіпті де жаңа түсініктермен ауыстырылған еді. Осындай жағдайда адам санасы өтіп жатқан өзгерістерді түйсініп үлгері алмауы себепті жылдам ауытқып отырған тұрмыс салтына ілесе алмады.

1918 жылдың көктемінде Кеңес үкіметіне өз армиясы мен қалаларда шоғырланған мемлекеттік қызметкерлерін және осындағы «пролетариаттарды» азық-түлікпен қамтамасыз ету аса үлкен маңызға ие болған еді. Большевиктерге бұл жағдайдан шығудың екі мүмкіндігі болды: не қираған экономиканы ілдебайлап қалпына келтіру үшін ептеп нарықтық қатынастарды енгізу немесе күштеу шараларын қолдану. Олардың екінші жолды таңдағаны белгілі. 1918 жылдың 29 сәуірінде БОАК-тың мәжілісінде сөйлеген сөзінде Ленин: «Иә, майда шаруа қожалықтары, майда меншік иелері бізге, пролетарийлерге помещиктер мен капиталистерді құлатуға көмекке келуге даяр екендігі рас, бірақ біздің одан арғы жолымыз олардан бөлек. Олар ұйымдасуды, тәртіпке бағынуды ұната бермейді, олар – оның қас жауы. Дәл осы жерде біз осындай меншік иелерімен, осындай қожайынсымақтармен барынша ашық және аяусыз күресуіміз керек», – деген болатын [2, с. 89].

Осыдан бірнеше күн өткеннен кейін азық-түлік халық комиссары дәл сол аудиторияда: «Мен барлық жауапкершілікпен мәлім етемін, сөз соғыс тұрғысында болып отыр – тек қолға қару алып қана азық-түлік мәселесін шеше аламыз», – деді [2, с. 89].

Петроградтағы мұндай кесепатты саясаттың салқыны Оңтүстік Қазақстан өңіріне тез-ақ жеткен болатын. Бүкіл елді қамтыған саяси дағдарысты экономикалық құлдырау күшейте түсті. 1917 жылғы құрғақшылық нәтижесінде жылдың соңына қарай аштыққа ұшыраған жеке қожалықтардың саны: Әулиеата уезінде 44307, Ақмешіт уезінде 24810, Түркістанда 12296, Шымкент уезінде 33618 еді [3, с. 226].

1918 жылдың ортасында-ақ Түркістан Республикасында азық-түлік жағдайы мүлдем қиындап кетті. Түркістанға Солтүстік Кавказдан, Россиядан, Сібірден тасылатын астық бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында аса ауыр жағдай мен темір жол транспортының жүйесіз жұмысы кесірінен мүлдем доғарылды. Өлкенің өз ішінде астық даярлау ісін жүйелі тәртіпке келтіру мақсатында атқарылған шаралар нәтижесіз аяқталды.

Республиканы сұрапыл аштық жайлады. Күн көрудің барлық көзінен айырылған халық баудай түсе бастады. Көшпенділер арасында өлім ересек тұрғындардың 30 пайызын қамтыса, ал кейбір аудандарда халықтың 75 пайызы қырылған. Әулиеата уезінде халықтың қатты қырылғандығы соншалық бұрынғы бірнеше болысты біріктіріп бір болыс ұйымдастыруға тура келді

[4, 46-б.]. Осындай жағдайда ашаршылыққа қарсы күресті күшейтуге бағытталған БОАК-тың 1918 жылдың 9 мамырындағы «Азық-түлік Халық Комиссариатына нанның қорын жасырып және оны саудаға салғандығы үшін деревня буржуазиясына қарсы күресте төтенше өкілеттіліктер беру туралы» декретінің 7 бабында: «Қолында артық наны бар және оны станциялар мен жинау және құю (себу) орындарына жеткізбегендер халық жаулары болып табылады және барлық мүлкі кәмпескеленіп, 10 жылдан кем емес уақытқа түрмеге жабылады», – деп көрсетілген [5, с. 98].

Осыдан кейін-ақ Түркістан республикасы ОК төрағасы үшін – Солькин, Түркістан республикасы Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы – Колеев, Азық-түлік комиссары – Казаков қолдарын қойған Қаулыда нанды өз пайдасы үшін саудаға салып жүргендердің ісі революциялық соттардың трибуналына берілетіндігі ескертіледі [6].

Дегенмен негізгі құрбандығы мұсылман халықтары, оның ішінде көшпелі халықтар болған сұрапыл аштықпен күресуге құрамына бірде-бір жергілікті халықтардың өкілі енгізілмеген жаңа үкімет селқостықпен қарады. Тіпті жоғарыдағы қаулыға қолы қойылған Азық-түлік комиссары – Казаковтың кейіннен Түркістанның ашыққан халқы үшін Бұқарадан сатып алынған шәйді 3 млн сомға Бұқаралық саудагерлерге қайта сатып, ақшаны қымқырып кеткендігі туралы да айтылады [4, 48-б.].

Жергілікті жерлердегі мұндай берекесіздіктерді мына құжаттардан да көруге болады. «Әулиеата Депутаттар Кеңесі Атқару Комитетінің 1918 жылдың 7 қазанындағы, Хмелевскийдің төрағалығымен өткен мәжілісінде Қаракөл болысының қырғыздары (қазақтары) қырғыз (қазақ) Депутаттар Кеңесінің мүшелері Шолпанқұлов пен Кутенеевтің арызын тыңдап, онда алыпсатарлардың малын реквизициялауға жіберілген Шевяков пен Кольчугин басқарған қызыләскерлердің малы бар барлық қырғыздардың (қазақтардың) малдарын тартып алып жатқандығы айтылады. Депутаттар сонымен қатар Айдаралы Берденовтың сол қызыләскерлермен бірге жүрген аты-жөні белгісіз сарттың (өзбектің) Қаракөл болысының қырғыздарына (қазақтарына) егер 5000 сом ақша берсендер малдарыңа тимейміз дегендігін айтады».

Бұл жерде іс тергеуге жіберілгенімен, большевиктер өздері қолдан ұйымдастырған аштықпен күресу барысында мұндай басбұзарларды сол кезде құртып жібермегені анық [7].

Ары қарай... «1918 жылдың 12 қарашасында Әулиеата уезінің аштарды тамақтандыру жөніндегі эмиссары Нұршанов Ақыртөбедегі аштар орналасқан киіз үйлердегі жағдайға тоқтала келе, олардың сол күні тамақ ішпегенін анықтағандығын айтты. Осы орайда, Әулиеата қаласының тегін нан кәртішкелерін пайдаланып отырған қызметкерлер тізімінде (барлығы 34 адам) тек еуропалық нәсілдегі адамдардың аты-жөндері жазылғанына мән беруге болады. Бәлкім, осы қаладағы жоғарыдағы және басқа да тізімге кіргендерді тамақтандыру ниетінде болса керек «500 қой қабылдаған ет дайындау бөлімінің төрағасы Ярувельский мен агент Столяров бұл іске белсенділікпен кірісіп, сатып алу құнын өздері белгілей отырып, етке және салоға (ол үшін шошқа майын да іздеттірген болар) қажеттілерін бөлек реттеген. Ауылдардағы аштықтан діңкелей бастаған қазақтарды «өз аштарын» қамтамасыз ету мақсатында одан әрі діңкелеткен белсенділердің бірі, Әулиеата уезінің солдаттар, жұмысшылар, шаруалар, депутаттар комиссиясының мүшесі Мечиков Үшбұлақ станциясынан қайтып келе жатқанда 15 атты қырғыздың (қазақтың) қуып жетіп, ақша талап еткенін, одан өзінің төрт рет мылтықтан оқ атып, әрең құтылғандығын жазады [8].

Саяси күштердің аталған өзіндік ерекшеліктері, қоғамдық санада, әсіресе азамат соғысы тәжірибесінде, кез келген мәселе тек күш қолдану негізінде шешімін таба алады деген саяси түсініктің берік қалыптасуына алып келді. «Құқық күшін күштің құқына» айналдыру формуласы үстем болып шықты. Сол жылдары қалыптасқан осындай ахуалды мына құжаттан да көруге болады. Онда Әулие-Ата уезі Алмалы болысының бес тұрғыны – Нурманбет Шакелов, Қалмұрза Тұяқов, Махамбет Жетпісбаев, Сейдуалы Рахметов және Кемелбековтер уездік депутаттар Кеңесіне: «Осы жылдың 14 июнінде біздің болыстан жылқыларды мобилизациялау кезінде оларды жылқыларының саны 100-ден асатын бакуат адамдардан емес, өздерінің соңғы жылқысын берген кедейлерден тартып алды», – деп арыз түсіреді [9]. Бұл жерде арыз берушілер мәселесінің сиырқұйымшақтанып кеткені өз алдына, кедейлерге бостандық әперуші большевиктердің заңсыз әрекеті тайға таңба басқандай көрініп-ақ тұр. Мұндай оқиғалар, әрине, аз болған жоқ, оларды кездейсоқ болды деп те айта алмайсың.

Осындай жағдайда қалыптасқан экономикалық альтернатива – не нарыққа еніп шаруашылық жүйесін өзгертуге не дәстүрлі эко-

номикалық укладты төніп тұрған қауіпті өзгерістерге қарамай, сақтап қалуға тырысу – саяси альтернативалардың негізі болды, мұның өзі Кеңес үкіметі орнағаннан кейін большевиктер мен дәстүршілдер арасындағы идеялық қарама-қайшылықтарға негіз болды.

Дәстүрлі өмір сүру жүйесін жақтаушылар дамудың қалыптасқан этномәдени және діни системасының бұзылмауын қалады, олардың аздаған өзгерістерге ұшырағанымен, бабалар дәстүрін бұзбай, бастапқы қалыптан ауытқымағандығын қажет деп есептеді. Большевиктер қарастырылып отырған өлкеде мұндай жағдайдың болуын тіпті де қаламады. Түркістан өлкесінің, соның ішінде Сырдария облысының геосаяси маңызы, Қазан төңкерісінен кейін еш төмендеген жоқ, қайта оның Қытайға, Индияға және Орта-Шығыс елдеріне барынша жақын тұруы және соңғы аталғандардың әлемдік революциялық қозғалыстың маңызды резерві екендігі еске алына отырып, үлкен мәнге ие болды.

Аталған себептерге байланысты Түркістан өлкесінің территориясы Орталықтың қырағы көзқарасы жағдайында болды. Осылай, 1918 жылдың сәуіріндегі Түркістан өлкесі Кеңесі мен Түркістан Халкомының Тәшкендік съезіне Ленин мен Сталиннің жіберген телеграммасында: «Жолдастар сіздер Кеңхалкомның өлкелеріңіздің автономиясын кеңестік тұрғыда қолдайтынына шүбә келтірмеулеріңізге болады, біз сіздердің бастамаларыңызды қолдаймыз және өлкенің барлық бөлігін Кеңестік тормен жабатындарыңызға үлкен сенімдеміз», – [10, 27-б.] делінген. Орталық Түркістанның Кеңестердің автономиялық республикасы ретіндегі болашақтағы

саяси құрылысына осындай анықтама берді.

Экономикалық тұрғыда Орталық органдардың шешімдері кең маңызға ие болып, ол – өнеркәсіп кәсіпорындарын национализациялау туралы қаулыларынан бастап, өлкенің шаруашылықтарын басқару үшін жаңа ұйымдар құрғанға дейін жалғасты, осылай, Лениннің Түркістан Кеңхалкомына жіберілген телеграммасында мақтаны дайындау мен сатып алу орталықтандыру туралы мәселені шешуді Орталықтың құзырына тапсыру ұсынылады. Тіпті азамат соғысының қиын-қыстау жағдайларының өзінде Түркістанда суару жүйелерін жүргізу жұмысы туралы Декрет қабылданады [11]. Осы аталған және басқа да көптеген құжаттар көрсеткеніндей, Түркістан өлкесі большевиктердің ішкі саясатында маңызды орын алып, осы себепті большевиктердің өлкедегі ықпалына қарсы делінген кез келген көрініс, Кеңес үкіметі тарапынан олардың қандай әлеуметтік және идеологиялық реңкте болғанына қарамай, тез арада басылып тасталынды.

Азамат соғысы кезеңіндегі Түркістан айналасындағы сыртқы саяси интригаларда Англия, Германия, Түркия және тіпті Ауғанстан да қатысып отырды. Бұл акциялардың жалпы мағынасы, белгілі деңгейде Кеңестік Орта Азия өңіріне бақылау жасап, Кеңестік Ресейге қысым көрсету мақсатында плацдарм құру болып табылатын.

Осылай алдағы аласапыран уақыттағы кездесер одақтастар мен қарсыластардың сұлбасы біліне бастады. Түркістандағы қалыптасқан саяси күштердің болашақтағы қатал да қанқұйлы қарама-қайшылықтары алда еді.

Әдебиеттер

- 1 Садыкова Б. История Туркестанского легиона в документах. – Алматы: Кайнар, 2002. – 248 с.
- 2 Стефан Куртуа, Николя Верт, Жан-Луи Панне, Анджей Пачковский, Карел Бартошек, Жан-Луи Марголен. Черная книга коммунизма. Преступление, террор, репрессии / Пер. с франц. – М.: «Три Века Истории», 1999. – С. 708.
- 3 Елеуов Т. Установление и упрочение советской власти в Казахстане. – Алма-Ата, 1961. – С. 226.
- 4 Каримов Р.Х. НЭП в Узбекистане: закономерности и специфика // «Общественные науки в Узбекистане». – 1998. – №3. – 24 с.
- 5 Политика партии большевиков по отношению к крестьянству в период установление и упрочение Советской власти. – М.: Полит. лит., 1953. – 98 б.
- 6 «Советский Туркестан» 16 август. 1918 г. – №53.
- 7 Жамбыл облыстық мемлекеттік мұрағаты (бұдан әрі ЖОММ. 50 – қор 2- тізбе, 17 – іс, 2 -п.
- 8 ЖОММ 50 – қор. 1 – тізбе, 9 – іс, 32-34, 58п.п.
- 9 ЖОММ 50 – қор. 1 – тізбе. 17 – іс. 45 – п.
- 10 Шетелдік соғыс интервенциясы және Орта Азия мен Қазақстандағы азамат соғысы. – Алматы, 1963. – 1 том.
- 11 Туркестанская правда 1923. 5 августа.

References

- 1 Sadykova B. Istorija Turkestanskogo legiona v dokumentah. – Almaty: Kajnar, 2002. – 248 s.
- 2 Stefan Kurtua, Nikolja Vert, Zhan-Lui Panne, Andzhej Pachkovskij, Karel Bartoshek, Zhan-Lui Margolen. Chernaja kniga kommunizma. Prestuplenie, terror, repressii / Per. s franc. – M.: «Tri Veka Istorii», 1999. – S. 708.
- 3 Eleuov T. Ustanovlenie i uprochenie sovetsoj vlasti v Kazahstane. – Alma-Ata, 1961. – S. 226.
- 4 Karimov R.H. NJeP v Uzbekistane: zakonomernosti i specifika // «Obshhestvennye nauki v Uzbekistane». – 1998. – №3. – 24 s.
- 5 Politika partii bol'shevikov po otnosheniju k krest'janstvu v period ustanovlenie i uprochenie Sovetskoj vlasti. – M.: Polit. lit., 1953. – 98 b.
- 6 «Sovetskij Turkestan» 16 avgust. 1918 g. – №53.
- 7 Zhambyl oblystyk memlekettik muragaty (budan ari ZhOMM. 50 – kor 2- tizbe, 17 – is, 2 -p.
- 8 ZhOMM 50 – kor. 1 – tizbe, 9 – is, 32-34, 58p.p.
- 9 ZhOMM 50 – kor. 1 – tizbe. 17 – is. 45 – p.
- 10 Sheteldik sogys intervencijasy zhane Orta Azija men Kazakstandagy azamat sogysy. – Almaty, 1963. – 1 tom.
- 11 Turkestanskaja pravda 1923. 5 avgusta.

Сыздыкова А.М.

**Охрана окружающей среды
на промышленных
предприятиях СССР
(на примере Павлодарского
промышленного объединения
«Химпром»)**

Cities with population of 200 thousand inhabitants are: Kostanay, Petropavlovsk, Uralsk, Temirtau, Atyrau, Kyzylorda.

Cities with population of 100 thousand inhabitants are: Turkestan, Aktau, Ekibastuz, Kokshetau, Rudny, Zhezkazgan, Taldykorgan.

Other cities have a population of less than 100 thousand people: Ridder, Baikonur, Balkhash, Satpayev, Kentau, Stepnogorsk, Zhanaozen, Shakhtinsk.

14 cities are regional centers: Kokshetau, Aktobe, Taldykorgan, Atyrau, Ust-Kamenogorsk, Taraz, Uralsk, Karaganda, Kostanay, Kyzylorda, Aktau, Pavlodar, Petropavlovsk, Shymkent. The two cities have the status of republican significance: Alma-Ata (Almaty), Astana (the capital). Other large cities are the cities of regional subordination: Stepnogorsk in Akmola region; Zhanaozen in Atyrau oblast; Semey and Ridder of the East Kazakhstan region; Balkhash, Zhezkazgan, Satpayev, Temirtau, Shakhtinsk Karaganda region; Baikonur in Kyzylorda oblast; Rudny in Kustanai region; Ekibastuz in Pavlodar region; Kentau and Turkestan in South Kazakhstan region [6].

Table 2

M	Name of cities	Region	Population	Place	Name of cities	Region	Population
1	Almaty	-	1 507 737	12	Kyzylorda	Kyzylorda	213 165
2	Astana	-	814 401	13	Petropavl	North-Kazakhstan	207 402
3	Shymkent	South Kazakhstan	683 273	14	Atyrau	Atyrau	196 494
4	Karaganda	Karaganda	484 596	15	Aktau	Mangystau	181 526
5	Aktobe	Aktobe	377 520	16	Temirtau	Karaganda	175 632
6	Taraz	Zhambul	351 476	17	Turkestan	South Kazakhstan	155 549
7	Pavlodar	Pavlodar	329 901	18	Kokshetau	Akmola	140 846
8	Ust-Komenogorsk	East Kazakhstan	314 014	19	Taldykorgan	Almaty	135 217
9	Semipalatinsk	East Kazakhstan	312 065	20	Ekibastus	Pavlodar	130 903
1	Ural	West Kazakhstan	227 385	21	Rudnyi	Kostanay	114 170
1	Kostanay	Kostanay	221 970	22	Zhanaozen	Mangystau	106 221

So, still the largest largest city in Kazakhstan is Almaty, which today is the home to more than half a million people. In the near future, one million people will become the center of the capital Astana and South Kazakhstan region – Shymkent. For example, the population of Astana during the intercensal period increased from 328,300 people – in 1999 to 613 thousand people – in 2009, ie, population increased by 1.9 times, while the total population

of the republic the share of Astana city population increased from 2.2% – in 1999 to 3.8% – in 2009 and had one of the highest growths in comparison with other regions of the republic. Thus, at the present moment the Republic of Kazakhstan is a country with a fairly high level of urbanization, the urban population as a whole is close to 60% of the total number. In some regions, such as in the center and east of the urbanized population share exceeds 80%.

References

- 1 Calculated on the Summary of the RK 1999 census. – Almaty, Agency for Statistics, 2001, Volume 1, 290.
- 2 The analytical report. The results of 2009 Kazakhstan National Population Census. Ed. Smailova AA / Astana, 2011 – 65.
- 3 Comp. According to the website of the Committee on Statistics ministetsva the national economy of the Republic of Kazakhstan. <http://www.gov.stat.kz>
- 4 Ethnodemographic Yearbook of Kazakhstan. / Stat. Sat, Astana, 2013 -. 466 p.
- 5 Build. on the 2009 census results gg.; information about the population of the RK Statistics Agency for the 2003-2014 bien-nium.
- 6 Ethnodemographic Yearbook of Kazakhstan. / Stat. Sat, Astana, 2013 -. 466 p.

Ахметова Ш.К.
Қазақстандағы жоғары білім беру жүйесіндегі шетелдік тәжірибесі: тарихы мен тағылымы

Мақалада жоғары оқу орындарында болып жатқан өзгерістер біздегі білім беру жүйесінің халықаралық стандарттарға көшуіне байланысты, Еуропа елдерінің жоғары білім саласындағы тәжірибесін қазақстандық мамандардың қолданып, мамандық бойынша оқыту сапасының үлгілері, бұқаралық тұтыну жағдайында дәстүрлі ғылыми стандарттарды сақтап, студенттер мен оқытушылардың өзара әрекет-тестігін нығайту мен жоғары білімнің сапасы туралы қарастырылады. Тәуелсіз Қазақстан Республикасы жоғары білім жүйесін жетілдіруде және оқыту сапасын көтеру мен жоғары білікті мамандар даярлауда қазіргі заман ағымында жұмыс жасау арқылы көптеген бағыттарда ізденіс шараларын жүргізу жайында болмақ.

Түйін сөздер: жоғары білім, сапа, жүйе, стандарт, мамандық, нығайту.

Akhmetova Sh.K.
The history of international experience and lessons in the system of higher education in Kazakhstan

This article discusses changes in higher educational institutions of our country and transition of education system to international standards. In this connection, research experience in the area of higher education in Europe calling interest of Kazakhstani specialists draws attention to important directions as the quality of higher education, for examples, the quality of training of specialty, conservation of traditional scientific standards in conditions of mass consumption, strengthening mutual assistance between students and teachers and quality of higher education.

To improvement of quality of training of specialists and highly skilled system of the higher education of the republic of independent Kazakhstan and training during many a бақытырд about improvement of work modern through search carrying out actions will happen.

Key words: higher, education, quality, of system, standards, specialty, consolidation.

Ахметова Ш.К.
Зарубежный опыт в переменах высших учебных заведений Казахстана: история и традиции

В статье рассматриваются перемены в высших учебных заведениях нашей страны и переход системы образования к международным стандартам. В этой связи исследование опыта в области высшего образования стран Европы, вызывая интерес у казахстанских специалистов, обращает внимание на важные направления, как качество высшего образования, примеры качества обучения по специальности, сохранение традиционных научных стандартов в условиях массового потребления, укрепление взаимопомощи между студентами и преподавателями и качество высшего образования.

Ключевые слова: высшее образование, качество, система, стандарт, специальность, укрепит.

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ
ЖҮЙЕСİNДЕГІ
ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІ:
ТАРИХЫ МЕН
ТАҒЫЛЫМЫ**

Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесі қазіргі білім беру саласын жетілдіру бағытындағы үнемі ізденуді керек ететін аса маңызды буыны. Еліміздің жоғары оқу орындарында болып жатқан өзгерістер біздегі білім беру жүйесінің халықаралық стандарттарға көшуіне байланысты болып отыр. Бұл тұста Еуропа елдерінің жоғары білім саласындағы тәжірибесін зерттеу қазақстандық мамандардың едәуір қызығушылығын тудырады.

Ең алдымен, бұл проблеманың ең маңызды бағыттарын анықтап алған жөн, олардың ішінде мына мәселелерге ерекше көңіл аудару қажет: жоғары білімнің сапасы, мамандық бойынша оқыту сапасының үлгілері, бұқаралық «тұтыну» жағдайында дәстүрлі ғылыми стандарттарды сақтау, студенттер мен оқытушылардың өзара әрекеттестігін нығайту және т.б. Бұл Қазақстан жұртшылығының мүдделерін де қозғайтын мәселелер, өйткені мамандарды даярлаудың халықаралық жүйесіне (бакалавриат – магистратура-философия докторы, несиелік оқыту жүйесі) көшкен кезде осындай проблемалар Қазақстанның жоғары білім беру саласында да туындайды.

Қазақстанда туындаған жоғары білім жүйесінің ең маңызды мәселелерінің бірі жоғары білімнің жоспарлы үлгісі мен нарықтық үлгісін салыстырмалы талдау болып табылады.

Қазақстандық ЖОО-лары үшін жоғары мектептегі сапаны бақылау ерекше маңызды болып отыр. XX ғасырдың 70-80-жылдары бұл түйткіл мәселені батысеуропалық зерттеушілер кеңінен зерттеген. Мысалы, Голландия ғалымы Питер Дж. Д. Дрент Нидерландыдағы оқыту сапасына көп көңіл бөледі. Бұл тұста зерттеуші «Жоғары білім: дербестік пен сапа» деген баяндаманы жариялаған Нидерландының Білім министрлігінің қызметін талдайды. Питер Дж. Д. Дрент бұл баяндамада министрлік тарапынан бақылау мен араласуды шектеп, университеттерге көбірек еркіндік және дербестік беру керек екендігі туралы идея құпталады деп санайды [1].

XX ғасырдың соңғы он жылдығында жоғары мектеп жастардың едәуір бөлігін қамтитын білім беру жүйесінің неғұрлым жедел қарқынмен дамыған маңызды буынына айналды. Дамыған елдерде өмірге нәресте әкелу көрсеткіштерінің төмендеуі мектеп оқушылары санының азаюына апарып соққанына

қарамастан, жоғары оқу орындарындағы студенттердің саны ұдайы өсіп келеді.

1971-1994 жылдар аралығында жоғары оқу орындары студенттерінің саны Америка Құрама Штаттарында 6,2 млн-нан 8,9 млн-ға дейін,

Ұлыбританияда – 0,2-ден 0,5 млн-ға, Францияда – 0,7-ден 1,4 млн-ға, Италияда – 0,7-ден 1,4 млн-ға, Жапонияда – 1,5-тен 2,5 млн-ға өсті. Халықтың жалпы санына шаққанда студенттердің үлес салмағы да көбейді [2]

1-кесте – 100 мың адамға шаққандағы студенттер саны

Елдер	1980 ж.	1990 ж.	1993 ж.
АҚШ	5311	5486	5546
Ұлыбритания	1468	2192	2788
Франция	2125	2995	3623
Италия	1981	2547	2944
Жапония	2065	2340	-

Жоғары білім беру бұқаралық сипат алуда. Сандарға жүгінейік. 1960 жылы әлемдегі барлық жоғары оқу орындарында 13 млн студент, 1980 ж. – 51млн, ал 1995 ж. 82 миллионнан астам студент білім алды. Бұл тек сандық көрсеткіш қана емес, бұдан мемлекеттер арасындағы зияткерлік әлеуетінің арақатынастары өзгеріп жатқанын, демек, соған сәйкес олардың күш-қуаты да қалай бөлінетінін көруге болады.

2005 жылы әр 10 мың тұрғынға шаққанда Ресейде 495 студент, АҚШ-та – 445, Германияда – 240, Ұлыбританияда – 276, Жапонияда – 233 студент болды [3]. Демек, студенттер саны жөнінен қазір Ресей алда келеді, Қазақстан екінші орындағы АҚШ-тан сәл артта қалуда. Қазақстанда 90 жылдары студенттер саны азайып, кейін өсе бастады. 2000/01 оқу жылынан бастап олардың саны 10000 адамға шаққанда 297-ден [4], 2005/06 оқу жылында 510 адамға дейін өсті [5].

Жоғары білім деңгейі дамыған шет елдерде жұмыссыз қалмаудың сенімді кепілі болып саналады. Негізінен жоғары білімді мамандар жұмыс орындарымен қамтылады, жаңа жұмыс орындары ең алдымен соларға арналады. Рас, көптеген елдердегі еңбек нарығындағы жағдай жұмыссыздардың белгілі бір бөлігі мамандығы мен кәсібіне сәйкес өз мүмкіндіктерін жүзеге асыра алмаған дипломды мамандар болатынын көрсетіп отыр. Сөйтсе де, ең алдымен білім деңгейі төмендеу мамандар, әсіресе жастар көбіне жұмыссыздық құрбаны болады. Айталық, жастар қатарындағы жұмыссыздар ересек тұрғындармен салыстырғанда әдетте 2-3 есе көп тіркеледі.

Тұрғындардың ауқатты топтарынан шыққан жастар үшін де білімді көтерудің маңызы арт-

ты, бұл батыс қоғамында таңдаулы топтың (элитаның) қалыптасуының жаңа тәсілдеріне байланысты болып отыр. Бұрынғы замандарда жекелеген белсенді де тапқыр адамдар еңбекқорлығы, жұмысқа қабілеттілігі, өнертапқыштығы арқасында білім деңгейі төмендеу болса да әлеуметтік сатыда жоғары баспалдақтарға көтеріле алатын еді. Американың аса ірі өнеркәсіп-қаржы империясының негізін қалаған Форд, Дюпон, Морган, Карнеги өздерінің төменгі топтардан шыққанын, балалық шақта жақсы мектептерде оқудың орнына газет тасып, ас үйлерде жұмыс істеп өскендерін жиі айтуды ұнататын. Әр американдық қанық болған бұл мысалдар кең тараған «тең мүмкіндіктер қоғамы» туралы идеяны қуаттай түсті.

Бірақ бүгінгі таңда жағдай өзгерді. Әлбетте, белсенділік пен еңбекқорлық өмірде табысқа жетуге көмектеседі. Байлық, шыққан тек, пайдалы байланыстар секілді факторлардың да маңызы зор. Дегенмен қазір бұл жағдаяттар жеткіліксіз. Экономикалық және саяси истеблишмент құрамына енудің аса маңызды шарты беделді және қымбат тұратын университет дипломын иелену болып табылады. Жоғары мектептің жаңа міндеттері мен өзгерген әлеуметтік функциялар студенттер санының көбеюімен бірге ауқымды құрылымдық өзгерістерді қажет етеді. Жедел қарқынмен жүргізіліп жатқан реформалардың мақсаты бәрінен бұрын орта мектептен кейінгі білім беру жүйесінің оңтайлығы мен көп нұсқалығын күшейту болып табылады. Олар әр түрлі үлгідегі оқу орындарын және болашақ мамандар даярлаудың сан қырлы бағыттарын дамытуды көздейді.

Дамыған елдерде орта мектептен кейін тұрақты білім берудің үш сатылы үлгісін жаппай

енгізу іс жүзінде аяқталды. Ол «бакалавр – магистр – доктор» сызбасы бойынша біршама дербес және сонымен қатар өзара байланысты оқытудың үш түрінен құралады. Мұның өзі студенттердің жеке дара қабілеттерін ескере отырып, оқудың бағытын жедел түрде оңтайлап отыруға мүмкіндік береді және сонымен бірге халық шарушылығының біліктілік деңгейі әр түрлі мамандарға мұқтаждығын өтейді, жұмыспен қамту саласындағы өзгерістерді де ескереді. Бұл оқыту процесіне белгілі бір бәсекелестікті енгізеді, өйткені оқудың кезекті циклы аяқталғаннан кейін озық студенттер келесі сатыға іріктеліп алынады да, бұл мамандар даярлаудың сапасына оңды ықпалын тигізеді. Мәселен, егер сөз инженерлерді даярлау жөнінде болса, онда, сөз жоқ, өндіріске баратын практик маман мен болашақта жаңа құрылғылар және технологиялар ойлап шығаратын ғылыми қызметкер дайындауға бағытталған оқытуды дифференциялаудың үлкен мәні бар.

Қазақстанда 2000 жылдардың басында бес ірі аймақтық университет педагогикалық институттар болып қайта құрылды. Сонымен бірге, Қазақстанның тұңғыш жоғары оқу орны Абай атындағы Қазақ педагогикалық институты ұлттық мәртебе алды.

Жоғары мектеп реформасын жүзеге асыру аясында оқу орындарын аккредитациялауды жетілдіру жөнінде мақсатты жұмыстар жүргізілуде. Білім берудің орталықтандырылған жүйелері бар елдерде аталған міндеттерді тиісті мемлекеттік ведомстволар жүзеге асырып келеді. Францияда жоғары білім беру туралы заңмен (1984) мемлекеттік ғылыми және мәдени мекемелерді бағалау жөніндегі Комитетті құрудағы басты міндет жоғары оқу орындарының қызметін бағалау болды. Бұл Комитет қандай болмасын басқару құрылымдарынан тәуелсіз, тек президентке ғана есеп береді. Тексеру нәтижелері мен берілген бағалар кеңінен жарияланып, белгілі бір жоғары оқу орнының академиялық деңгейі туралы пікір қалыптастыруға толық мүмкіндік беріледі.

Америка Құрама Штаттарындағы жағдай бұдан мүлдем басқаша: мектептен кейінгі оқу орындарының сан алуандығы олардың жұмыс сапасына мемлекеттік бақылаудың әлсіздігімен ұштасып жатады. Сол себепті аккредитациялауда дәрігерлер, заңгерлер, инженерлердің және т.с.с. үкіметтік емес кәсіби ассоциациялары айқындаушы роль атқаруда. Олар мамандықтардың жоғары беделі мен оның өкілдерінің мәртебесін сақтап, қолдап отыруды өздерінің аса маңызды міндеттерінің бірі деп есеп-

тегендіктен, жоғары оқу орындары қызметінің нәтижелерін бағалауда асқан қаталдық танытып, олардың жоғары оқу орындары иерархиясында алатын орнын анықтайды.

Аккредитация оқу орындары қызметінің сапалық деңгейін арттыруға ынталандырады. Ол оқу курстарының мазмұнын жаңғырту, оқу процесінің белсенділігін арттыру, оқытудың ең жаңа техникалық құралдарын кеңінен пайдалану мақсатымен сан алуан шаралардың жүзеге асырылуын қолдайды.

Соңғы жылдары жоғары оқу орындарының қызметіне баға беру өлшемдері өзгеру үстінде. Бұрын негізінен студенттердің дәрістер мен әдебиетте айтылғандарды қаншалықты берік меңгергені бағаланатын. Енді басты назар меңгерілген білім көлеміне ғана емес, қажетті ғылыми ақпаратты іздестіре білу қабілетіне, алда тұрған міндеттерді шешудегі шығармашылық көзқарасқа, әр түрлі оқу курстарының немесе осы курстың әр түрлі тарауларының материалдарын талдау білігіне, қарапайым ғылыми зерттеу жүргізуге қатысу үшін әзірлік деңгейіне аударылатын болды.

Жоғары мектептегі мамандардың бастапқы даярлығы сөзсіз табыстарға қол жеткізгенімен, ол одан әрі жетілдіре түсуді қажет етеді. Көптеген оқу орындарында оның деңгейі онша биік емес. Алайда ең үздік оқу орындарының өзі де «барлық кезеңдерге» мамандар даярлауды қамтамасыз ете алмайды. Батыс елдердегі іскери әлемнің өкілдері мамандардың едәуір бөлігінің білімі жедел дамып келе жатқан ғылым мен техника деңгейіне ілесе алмай отырғанын, сондай-ақ әлеуметтік саладағы үдемелі өзгерістерді тиісті мөлшерде бейнелей алмайтынын жиі сөз етуде.

Айталық, Батыстағы озық университеттер бұрыннан ірі ғылыми орталықтар болған және солай болып қалуда; мәселен, АҚШ-та, Ұлыбритания, ФРГ-де барлық ғалымдардың жартысынан астамы шоғырланған. АҚШ-та ең беделді ғылыми әдебиеттің 2/3 бөлігі университет профессорларының еншісіне тиеді. Бұған қоныс аударған профессорлардың зор үлес қосатынын да айта кеткен жөн; 70-80 жж. олар Америкадағы барлық Нобель сыйлығы иегерлерінің 30-50%-ын құрады. Ғылыми жұмыста іргелі зерттеулерге басты назар аударылады. Олардың нәтижелері көбінесе тікелей тәжірибеде қолдануды көздемейді, ал бөлінген қаржыдан тікелей қайтарым талап етілмейді. Бірақ университет әкімшіліктері іргелі зерттеулердің дамуын ынталандыра отырып, қызметкерлердің ғылыми мүмкіндіктерін дамытады, озық студенттерді зерттеу жү-

мыстарына тартады, университеттің жұмысына ірі отандық және шетелдік ғалымдарды қатыстырады. Сайып келгенде, ғылыми жұмысты бұлайша ұйымдастыру оқу орнының мәртебесін көтереді, ал бұл өз кезегінде қосымша қаражат көзін табуға мүмкіндік береді.

Халықаралық деңгейде салыстырулар жүргізетін болсақ, біздің жоғары мектепте ғылымды дамытудың маңызын жете бағаламай отырғанымыз анық байқалады. Қазақстандағы жоғары оқу орындарының көпшілігі тек оқу орындары ғана; олардың «үлкен» ғылымға қосатын үлесі әзірше тым мардымсыз. Бұл жайт ғылымның даму болашағына да, сондай-ақ жоғары оқу орындарындағы оқу үрдісінің нәтижелеріне де кері әсер етеді. Дәл осындай жағдай Ресей жоғары оқу орындарында да қалыптасқан. «Қазір әлемнің барлық жетекші университеттерінде, – деп жазады РФА академигі Ю.С.Кукушкин, – бүкіл жұмыс өзара байланысқан ғылыми зерттеулер мен оқытудан тұратын біртұтас процесс болып табылады. Ғылым мен білім берудің байланысы берік болса, университет табысты дамуын жалғастырады. Ал осы байланыс әлсіреген жерде университеттердің ғылыми да, педагогикалық та қызметінің деңгейі төмен түсе бастайды».

Үкіметтік деңгейде жоғары білім жөнінде Бүкілдүниежүзілік конференция өткізу идеясы 90-шы жылдардың ортасында, әлемнің көптеген мемлекеттерінде жоғары білімнің қоғамдағы рөлі мен орны, жұмыстың мазмұны мен әдістерін түбегейлі қайта құру, халықаралық ынтымақтастықтың жаңа формаларын қалыптастыру қажеттігі айқын сезілген кезде пайда болды. Мұны көптеген елдердегі қарқыны мен мән-мазмұны жөнінен бұрын-соңды болып көрмеген іргелі әлеуметтік-саяси өзгерістер, көз алдымызда құрылып жатқан өнеркәсібі дамыған жаңа ақпараттық қоғам, бұрынғы әлеуметтік-экономикалық даму ілімдерінің дағдарысы, моралді-этикалық құндылықтарды қайта қарау талап етті. Мұны әлемдік шаруашылық, қаржылық, ғылыми, мәдени, туристік және басқа да байланыстардың жаһандануының жоғары қарқыны, шекаралардың жойылуы талап етті. (40 млн-нан астам белсенді пайдаланушылары бар интернетте қазір аумақтық шекаралар жоқ деуге болады, қашықтықтан білім беру мен виртуальді университеттер де осы бағытта жұмыс істейді).

ЮНЕСКО-ның бастамасымен тәуелсіз мемлекеттер ынтымақтастығына мүше елдердің аймақтық дайындық конференциясы жоғары деңгейде Мәскеуде (Ресейдің халықтар досты-

ғы университетінде), Еуропа елдерінің осындай конференциясы «Еуропадағы жоғары білім беруді қайта құру – ХХІ ғасыр бағдарламасы» деген тақырыппен Палермода, Латын Америкасы елдерінің конференциясы «Латын Америкасы мен Кариб бассейні елдеріндегі қайта құрулар саясаты мен стратегиясы» деген тақырыппен – Гаванада, Африка елдерінің конференциясы «ХХІ ғасырдағы Африка жоғары білім беру жүйесі» тақырыбымен – Дакарда, араб елдерінің жиыны «ХХІ ғасырдағы жоғары білім берудің аймақтық мәселелері» деген тақырыппен – Бейрутта, Азия-Тынық мұхит аймағы елдерінің конференциясы «ХХІ ғасырдағы жоғары білім беру саласындағы ұлттық стратегия мен аймақтық ынтымақтастық» деген тақырыппен Токиода өтті, жер шарының әр түрлі аймақтарында бірқатар сарапшылық мәжілістер өткізілді. Жоғары білім беру саласындағы неғұрлым беделді үкіметтік емес халықаралық ұйымдардың конференциялары ұйымдастырылды. Осы өкілеттілігі жоғары кездесулерде әр аймақ үшін жоғары білім беруді дамытудың саяси басымдылықтары мен стратегиялық бағыттары айқындалды, үкіметтердің атына, сондай-ақ ЮНЕСКО-ға бірлескен ауқымды ұсыныстар жолданды. Аталмыш конференция 1998 жылдың қазанында өткізілді. Оның жұмысына 182 елдің, соның ішінде Қазақстанның делегациялары қатысты. ЮНЕСКО-ның бас директоры Ф.Майор жоғары мектеп болып жатқан оқиғаларға селқос қарап отырмауы тиіс, ол жаңа қоғам орнату процесіне белсенді қатысып, ертеңгі күннің мамандарын ғана емес, лайықты азаматтарын да тәрбиелеп шығаруы тиіс екенін атап көрсетті. Жоғары білім беруде қаражатты үнемдеп қалғысы келетіндерге тоқталған Ф. Майор мұндай адамдар Лафонтен ертегісіндегі ақыры қолындағы бар қазынасынан айрылып қалған сараңды еске түсіретінін айтты. Ол одан әрі жоғары мектептің моральдық-адамгершілік негіздерін сақтап, молайту жөнінде пікір айтып, жоғары оқу орындарының ересек тұрғындар үзіліссіз білім алатын және қайта даярланатын орталықтар міндетін атқаруын қолдады [6].

«ХХІ ғасырға арналған жоғары білім туралы Бүкілдүниежүзілік Декларация: көзқарастар мен практикалық шаралар» деп аталған қорытынды құжатта барлық жерде ұлттық ерекшеліктерді сақтай отырып, ортақ ұстанымдар мен өлшемдерді (жас ұрпақты бейбітшілік пен өзара түсіністік рухында тәрбиелеу, мораль мен этиканың ролін арттыру, жоғары білімге қол жеткізуде дискриминацияға жол бермеу, академиялық ұтқырлыққа жәрдемдесу және т.б.) басшылыққа

алып, оларды мемлекеттік деңгейдегі саясатқа негіз ету қажеттігіне назар аударылды. Құжатта ең алдымен білімге қол жеткізу кеңістігін кеңейту жөнінде шаралар қабылдау қажеттігі, «шыққан тегі, жынысы, тілі, діні, жасы немесе басқа да экономикалық не әлеуметтік айырмашылықтарына немесе дене бітіміндегі кемістіктерге қарай» ешқандай дискриминацияға жол бермеу керектігі атап көрсетілген. Мұнда, сондай-ақ, жоғары білімге оқытудың барлық жүйесінің катализаторы ретінде қарап, пайдалану, ғылыммен байланысты нығайту, жоғары оқу орындарының үзіліссіз білім беру орталықтары ретінде дамуын қамтамасыз ету, ЮНЕСКО-ның жоғары оқу орындарының оқытушылар құрамының мәртебесі туралы Ұсынысын қолдану, профессор-оқытушылар құрамының ұтқырлығына жәрдемдесу туралы қағидалар бар [7].

Жоғары білім беруді реформалау мен интеграциялауда 1999 жылдың 19 маусымында 29 Еуропа елінің Болон Декларациясын қабылдауымен басталған Болон процесі аса маңызды роль атқарды. Ол Еуропа жоғары мектебін дамытуда бетбұрыс болды және жоғары білім берудің ортақ мәселелерін шешуде бірлескен Еуропалық көзқарасты іздестіру ниетін білдіреді. Одан бұрынырақ қабылданған екі құжат: Университет хартиясы (Magna Charta Universitatum) мен Сорбон декларациясы Болон декларациясымен тығыз ұштасады [8].

Болондағы кездесудің Қазақстандағы жоғары білімнің дамуына орта және ұзақ мерзімді ықпалын барынша қуатты және оңды деп бағалаған жөн. Білім берудегі интеграция элемент-

тері оқыту ісін жетілдіру бағытының маңызды құрамдас бөлігіне айналып, біздің еліміз үшін әлемдік оқу кеңістігіне ену жолдарының бірін ашуға көмектесетіні даусыз.

Осы тұрғыдан Болон процесінің пайда болу себептерін, мәні мен бағытын түсінудің үлкен маңызы бар. Бұл процесс ХХІ ғасыр талаптарына Еуропа елдерінің лайықты жауабы болды. Қазір қазақстандық ЖОО-ларда сапаны басқару жүйесі (СБЖ) кеңінен енгізілуде. Біздің ойымызша, СБЖ AMOS жүйесі сияқты колледждер мен университеттердегі ішкі бақылаудың және оқыту сапасын көтерудің икемді де тиімді құралына айналуы тиіс. Қазақстандық ЖОО-дарындағы оқыту жүйесінде көптеген жақсы дәстүрлер бар. Батысеуропалық тәжірибені соқыр сеніммен қайталау біз үшін кесірлі болуы мүмкін. Көп сандаған батысеуропалық жарияланымдарды зерттеу көрсеткеніндей, әр ұлттық жоғары білім жүйесінің өз «келбеті» бар, сонымен қатар ол заман талабынан қалмай ілесіп келеді, яғни басқа елдердің тәжірибесінен тиімдінің, пайдалының бәрін өз бойына сіңіреді. Бұл тұста Еуропаның АҚШ жоғары білім жүйесіндегі оң нәтижелерді мұқият зерделейтінін, ал АҚШ өз кезегінде жоғары білім жүйесіндегі Еуропаның тәжірибесін ескеріп отыратынын атап өткен жөн. Ендеше, тәуелсіз Қазақстан Республикасы жоғары білім жүйесін жетілдіруде, әсіресе оқыту сапасын көтеру мен жоғары білікті мамандар даярлауда қазіргі заман ағымында қызмет жасап, көптеген бағыттарда тынымсыз ізденіс шараларын жүргізуі тиіс.

Әдебиеттер

- 1 Дрент Питер. Контроль качества в высшей школе // Высшее образование в Европе. – 1987. – № 4. – Т. XII. – С. 24-33.
- 2 UNESCO. Statistical Yearbook. 1996.
- 3 Национальная доктрина образования в Российской Федерации // – Поиск. – № 44.
- 4 Образование в Республике Казахстан: статистический сборник. – Алматы: Агентство РК по статистике, 2002. – 148 с. (106);
- 5 Қазақстан Республикасындағы білім беру: статистикалық жинақ. – Алматы: ҚР Статистика агенттігі, 2006. – 108 б. (69).
- 6 Ирсалиев С.А. Система высшего образования Германии // Высшая школа Казахстана. – 2003. – №1. – С. 33-37.
- 7 Всемирная декларация по Высшему образованию для XXI века. – Париж: ЮНЕСКО, 1998.
- 8 www.bologna-berlin2003.de/pdf/bologna_declaration.pdf

References

- 1 Drent Piter. Kontrol kachestva v vysshei shcole//Vysshyye obrazovanie v Europe. – 1987. – № 4. – Т. – XII. – S. 24-33.
- 2 UNESCO. Statistical Yearbook. 1996.
- 3 Nacionalnaya doktrina obrazovaniya v Rossiiskoi Federacii // – Poisk. – № 44.
- 4 Obrazovanie v Respublike Kazakhstan. Statisticheski sbornik. – Almaty: Agentstvo RK po statistike, 2002. – 148 s. (106);
- 5 Kazakhstan Respublikasyndagy bilim beru. Statistikalık jınak. – Almaty: KR Statistika agenttigi, 2006. – 108 b. (69)
- 6 Irsaliev S.A. Sistema vysshego obrazovaniya v Germani // Vysshaya shkola Kazakhstana. 2003. – №1. – S. 33-37.
- 7 Vsemirnaya deklaraciya po vysshemu obrazovaniyu dlya XXI veka. – Paris: UNESCO, 1998.
- 8 www.bologna-berlin2003.de/pdf/bologna_declaration.pdf

Iskakova G.Z.,
Ahmetzhanova A.T.,
Tasilova N.A.

The practice of using game technologies of training in the study of the problems of imperial governance in Kazakhstan

The authors reveal the positive experience with the game of learning technologies in the study of the students one of the important themes in the history of Kazakhstan of XIX – XX centuries. The main objective – a comprehensive study of the historical events of the imperial period, the activities of well-known personalities in the struggle for freedom and independence of the native people and the analysis of the work of representatives of the imperial power of Tsarist Russia and the Soviet state. Also emphasizes the role of gaming technology in teaching practice and significance in the spiritual development of students, promotion of morality, honesty, generosity, and cultural growth of students. The authors believe that currently the main form of motivation is the ability of teachers to interest students make learning meaningful, but at the same time interesting and entertaining. Therefore, considering the practice of using gaming technology, as one of the methods of the monitoring of students' progress.

Key words: Practice, game technology, student, empire, government, Kazakhstan, training, technique, spiritual development.

Искакова Г.З.,
Ахметжанова А.Т.,
Тасилова Н.А.

Қазақстандағы империялық басқару мәселелерін зерделеуді оқытуда ойын технологияларын пайдаланудың тәжірибесі

Бұл мақалада авторлар XIX – XX ғғ. Қазақстан тарихындағы өзекті мәселелердің бірін оқытуда студенттердің зерттеулерінде ойын технологияларын пайдаланудың тиімді тәжірибесі анықталған. Негізгі мақсаты – империялық кезеңнің тарихи оқиғаларын, туған халқының еркіндік пен тәуелсіздік жолындағы күресіндегі танымал тұлғалардың қызметін жан-жақты зерделеу және патшалы Ресейдің империялық билігі мен Кеңестік мемлекеттің өкілдерінің жұмысын талдау болып табылады. Сонымен қатар педагогикалық тәжірибе мен оқытушылардың рухани дамуындағы, студенттердің адамгершілік, жомарттық, шыншылдық, мәдени дамуын насихаттауда маңызды ойын технологияларының рөлі нақты көрсетілген. Авторлардың пайымдауынша, бүгінгі таңда оқытушылардың студенттердің қызығушылығын ояту қабілеттілігі, оқыту үрдісін мазмұнды, сонымен қатар қызықты және ойын түрінде болуы мотивацияның негізгі формасы болмақ. Сондықтан, студенттердің үлгерімін ағымдағы бақылау жүргізу әдістерінің бірі ретінде, ойын технологияларын пайдалану тәжірибесі қарастырылады.

Түйін сөздер: тәжірибе, ойын технологиялары, студент, империя, басқару, Қазақстан, оқыту, әдістеме, рухани даму.

Искакова Г.З.,
Ахметжанова А.Т.,
Тасилова Н.А.

Практика использования игровых технологий обучения при изучении проблемы имперского управления в Казахстане

В статье авторы раскрывают положительный опыт применения игровых технологий обучения при исследовании студентами одной из актуальных тем в истории Казахстана XIX – XX вв. Главная цель – всестороннее изучение исторических событий имперского периода, деятельности известных личностей в борьбе за свободу и независимость родного народа и анализ работы представителей имперской власти царской России и Советского государства. Также подчеркивается роль игровых технологий в педагогической практике и значимость в духовном развитии обучающихся, пропаганде нравственности, честности, благородства и культурного роста студентов. Авторы считают, что в настоящее время основной формой мотивации является способность преподавателей заинтересовать студентов, сделать процесс обучения содержательным, но в то же время интересным и занимательным. Поэтому рассматривают практику использования игровой технологии как одну из методик осуществления текущего контроля успеваемости студентов.

Ключевые слова: практика, игровые технологии, студент, империя, управление, Казахстан, обучение, методика, духовное развитие.

**THE PRACTICE
OF USING GAME
TECHNOLOGIES
OF TRAINING IN
THE STUDY OF THE
PROBLEMS OF IMPERIAL
GOVERNANCE IN
KAZAKHSTAN**

Our country needs a healthy, economically wealthy intellectuals. Studying the history of the native people, the study of the life and work of individuals, scientific work on the cultural and educational growth of students – on the formation of the patriotic spirit of students, are important strategic objectives of the teachers of the Faculty of History, Archaeology and Ethnology. The organization of the educational process, we have to consider that a «new political and economic course» of our country «is aimed at to give... young people the best education, and therefore even more worthy future», open in front of her «new opportunities» [1].

For the bachelor students of the history, archeology and ethnology faculty offered a course «Imperial control in Kazakhstan (XIX-XX centuries.)» Study of the subjects will help to develop the students' ability to analyze events related to the period of colonial dependence of Kazakhstan in the XIX-XX centuries. It is based on the principle of historicism, compare and identify general and special metropolitan policy. Also, to improve the skills of writing scientific reports and to justify their conclusions by analyzing studies of imperial control in the period of the Russian Empire and the Soviet state. Empires ruled the Kazakh territory during the XIX – XX centuries, before the formation of independent Kazakhstan were a single, centralized, strong state. Therefore, knowledge of the history of formation and improving governance in the known empires is necessary not to repeat the mistakes of history, to preserve their freedom and national independence. Students leaning on the knowledge gained in the study of the discipline will have an idea about the main approaches to the study of the history of empires, the various interpretations of «empire» concept in modern historiography, the stages of formation of the Russian Empire, on the peculiarities in the management practices of the imperial power in Kazakhstan and the process creation of imperial ideology. The main purpose – depth study of Russian History of the imperial period. Therefore, the practical effect of the students in the teaching-learning process will deepen their skills in the organization of independent work [2]. In any activity it is important to obtain knowledge and understanding of the process, the ability to apply in practice, be able to analyze and evaluate their work.

In the introductory lecture, the lecturer discusses with students the relevance of the theme and the importance of the study period covering XVIII – XIX century, as severe for the life of the Kazakh population, associated with such historical events as the accepting of Kazakh zhuzesthe protectorate of the Russian Empire, the measures of the tsarist government to expand the sphere of influence in Kazakh steppe, colonization, folding the difficult relations between the metropolis and the colony and as a result – the loss of Kazakh political, economic and cultural autonomy. Currently published works of famous scientists, which are available in scientific libraries of our country [3].

As we know, part of the teaching technologies are gaming technology. In the studying process of university education is possible to use role-playing, entertaining, business, computer and other games. The game is one of the well-known and long-used educational learning tools. The need for improvement and the widespread use of this technology lies in its special role in the spiritual development of the individual, the promotion of morality, honesty, generosity, and cultural growth of students. As rightly pointed out the head of state: «Particular attention should be paid to the patriotic education of the younger generation. In this overall effort of the education system should be focused, education, culture, media, ethnic and cultural associations. We can say more, people are tired of the abundance of bad taste, soap series about «cops», about the crime, from the consumer entertainment and so on. It plays an important role in our intelligentsia, as the driving force to strengthen national values. People are waiting from the theater, cinema, painting, works of art and cultural products, showing nobility, honor, dignity and compassion. The Ministry of Culture and Sports, investment and development in conjunction with the Assembly is necessary to develop and implement special projects in the media and internet «[4]. In the XXI century it is very important to study well, develop skills, to deepen and expand knowledge and skills. Now it is time of competition, globalization and integration.

For study the of characteristics of imperial control in Kazakhstan, we use role-playing, intellectual and business games. The reason is the specifics of the investigated issue, necessity of understanding the role of representatives of the imperial power, the control hierarchy of the Russian and the local administration. For example, when we research title : «The introduction of the 1867-1868 provisions of the interim in Kazakhstan «we play a situation in which the whole seminar group

could participate. Given the task: to show the position of the various officials of the innovations of the Russian Empire in Kazakhstan. Students with knowledge of the activities of the parent, (governor-generals, military governors, district chiefs) and downstream (township stewards, aul elders) officials will be able to enter into the role of one of the figures. You may use a fictitious representative of authority or a specific, well-known in the history of modern Kazakhstan. It is not difficult, because nowadays, a huge source published [5]. Role situation, depending on the time and activity of students, it is possible to develop in to intellectual game between experts in the history of the Russian Empire and the Soviet Kazakhstan. Students would discuss different questions: the integration of the Kazakh Khanate to the Russian Empire, with the use of political and military measures; solution to the problem of economic and cultural relations between the metropolis and the colonies; definition of the role of language policies of governments of Tsarist Russia and the Soviet state, and others. Currently, the main form of motivation is the ability of teachers to interest students make learning meaningful, but at the same time interesting and entertaining. Therefore, the use of game technology as one of the methods of the monitoring of students' progress is necessary and useful. [6]

For example, many students are interested in the problem of survivability administration officials of the Russian Empire and the Soviet Kazakhstan. Having examined their position at the beginning of the XX century, have come to believe that the solution of this issue depended on their rank, position and areas where they served as the definition of a special «status of Russian officials in the steppe area» [7]. As it is known, in 1722 introduced the Table of Ranks, which established 14 classes (the highest – grade 1) the military, civil and court ranks, operating until 1917. The bureaucracy in Russia is «a privileged layer of the population, is the civil service and specialized in management and clerical work [8, p. 429]. All persons who had ranks, wore uniforms, according to their service, and class rank. «Ranks of I and IV had in their overcoats red lining. Ranks of the imperial entourage wore shoulder straps and epaulettes with imperial monogram and aiguillettes «[8, p. 432]. Administrative reform of the first quarter of the XVIII century, completed the formation of absolutism in Russia, where the king's power was based not on the Class Institutions, and extensive bureaucratic- system. In the XIX century, most of the higher authorities, organized the royal administration, has been transferred to the Kazakh

region. Moreover, for officials wishing to work in Kazakhstan, special conditions were created. The most important thing – empowerment, land, benefits.

The titles mean official and tribal caste status of their owners, legally defined by their legal status. According to provisions of 1886 and 1891 main Office entrusted to General-Governor which «identified and dismissed by the direct discretion of the Emperor», by his «registered the highest government decrees and orders of the Senate in the general procedure» [9, p.157]. The practice of using gaming technology in the study of this discipline shows that students are interested in and the party nomenclature of the Soviet period. The ascent to power of personalities, origin, education, personality, party affiliation, etc. Especially concerned young people moral side of the issue. For example, a bright, visible and patriotic leader of the Soviet era – JumabekTaschenev. The study of its role in the history of our country helps students uncover his ability and talent manager in difficult 60th years of the twentieth century. With great patriotic fervor students play his role as Chairman of the Kazakh SSR Council of Ministers. And it is gratifying that the students come to the conclusion that it is a real leader, was symbol of freedom and independence of the native people.

A summary of the knowledge is carried out in the form of business discussion games. Two teams would form. One protects the position of representatives of the supreme administrative authority, the other – analyzes the activities of local officials. The goal – to find the general and particular in human activity, provided by the state of the material and also in positions of authority. Students are required to show the role of managers in the development of government institutions, and understanding of the importance of studying critical opinions of Alash intelligentsia expressed by them in the course of solving the accumulated problems of the Kazakh people, as a result of the colonial power. For example, in 2016 in the framework of UNESCO marks the 150th Anniversary of the birth of the outstanding statesman and public figure, scientist, journalist AlikhanBukeikhanov. The history is very rightly identified the anniversary of a true patriot of the Kazakh people AlikhanBukeikhanov and celebrating all the people of Kazakhstan of the 25th anniversary of Independence of our country in this landmark year. His name is equivalent to the value of words: homeland, government, independence, nation, freedom, bright future. Therefore, it is important to understand the students conducting the country's 100 scheduled events. As noted by the Secretary

of State of Kazakhstan G.A.Abdykalykova «Celebration of the anniversary of independence will be based on the following» anchor values «: freedom, unity, stability, creativity, prosperity. Each month, the celebration will be held under the auspices of the achievements of independence and « Mangilik El « values [10]. The study of the life and work of the well-known personality – one of the most active advanced people of the early twentieth century, opposing the supreme power during the Tsarist and Soviet empires, will help the student to realize that he, as a citizen and patriot was perfect, honest, conscientious and noble. Also, analysis of the role of AlikhanBukeikhanov in the national liberation movement of the Kazakh people will give great thought-provoking and committing acts of patriotism, to understand the meaning of struggle of alash intelligentsia who gave their lives for the bright future of the native people. Students enjoy learning livelihoods of heroic individuals, and then to show in the form of a game its importance in the history of Kazakhstan. This interest in the disclosure of the issue shows the students' understanding of the need for knowledge of the imperial essence of the policy of Tsarist Russia, the political, economic and spiritual colonization causes revolts Kazakh population in XYIII-XIX centuries and to intensify the fight of Alash intellectuals in the early twentieth century for freedom, equality and brotherhood of the peoples of the Russian and Soviet empires. In the course of studying the discipline, students explore not only the life and work of AlikhanBukeikhanov and his associates, but also of their rich spiritual heritage. It is gratifying that the works of well-known figures of Kazakhstan actively published in our country [11], as alash researchers scientists continue their search in the archives of our country, and abroad.

For prepared and intellectual student with the knowledge to play the role of the subject matter and to reveal the content of the theme using their ability of transformation, and perhaps because students are based on the experience of studying at school and in high school they did improve and intensify. When using this form of learning is carried interaction principle, the activity of the students, the reliance on the group experience and the obligatory feedback. Realize the creation of an environment of educational communication, which is characterized by openness and interaction of the participants, equality of their arguments, the accumulation of knowledge sharing, the possibility of a mutual evaluation and monitoring [12].

Also, using the method of intellectual games during study the problems of imperial

governance in Kazakhstan it is contemporary and modern study of the consequences and impact of administrative reform on modern Kazakhstan. Students, by analyzing and comparing the imperial laws in Kazakhstan and in other regions of the Russian Empire and the Soviet state, will be able to summarize their research and submit a game scenario of historical events. Sets conditions: keep the chronological framework, to compare the imperial nature of governance in the nineteenth and twentieth centuries and the emphasis is on the consequences of the Independent Kazakhstan. Study of management activity of leaders at different stages of historical development of our country and actually dictated by the need to improve the efficiency of governance at all levels for industrial and innovative strategic programs. Using the game form in the study of this issue stimulates students' ability to free and creative thinking, develop their system of personal properties and qualities that form their self-development, it helps to assimilation of knowledge and skills necessary for their normal life in society. It is important to folding free and creative personality now, in the organization of the educational process, to further each student could usefully use the acquired knowledge and skills [2; 6; 12].

The practice of using gaming technology training in the study of an elective course topics, the preparation of experts – historians, does not mean that we only use this form of organization of the educational process. Kinds of educational technology, the views on the content of the term,

classification, nature, innovation, etc. a bunch of. Our goal is to develop and implement improved methods and forms of learning, based on the account of the individuality of each student, which could contribute to the free disclosure and the development of creative thinking of the student's personality, awakening them to a noble, honest, and helpful to society acts. As we have warned in their edification great AbaiKunanbayev: «A lot of our people who are trying to achieve the mercy of the strong and knowledgeable, cringing and groveling before them. These ignorant people are able to sell their father and mother, relatives and friends, faith and honor, just to graciously patted on the shoulder. For the sake of that cause approving laughter «authorities [13]. During the organization of the educational process, we must remember that in their address to the Nation «Kazakhstan's way-2050: Common goal, common interests, common future», Elbasy N.A.Nazarbayev to Kazakhstanis have the main goal: by 2050, become one of the 30 most developed countries in the world [14]. In our opinion, each of us can contribute to the innovative development of the Republic of Kazakhstan. A special role is the younger generation»[15, p. 10].

In order to justify the confidence of the President of the Republic of Kazakhstan N.A.Nazarbayev is necessary to work hard and try by all means to be a person capable of innovation in business and thought. Also, to be a true patriot, and as a teacher and educator, to believe in the natural ability of students and their ability to acquire historical knowledge, which they can use in everyday life.

References

- 1 Message from the President of the Republic of Kazakhstan N.A. Nazarbayev to people of Kazakhstan «Strategy» Kazakhstan – 2050 «New political course of established state». December 14, 2012. – Almaty: Publishing house «Lem», 2013. – S. 53-60.
- 2 Isaeva Z.A., A.K. Mynbayev, Sadvakasova Z.M. Active methods and forms of teaching in higher education: teaching manual. – Almaty: Kazakh University, 2005. – 122 p. Mynbayev A.K., Sadvakasova Z.M. Teaching Art: concept and innovative teaching methods. – Almaty Kazakuniversity, 2011.-198. Akhmetov G.K. et al. in Education. – Almaty, Kazakh University, 2010, and others.
- 3 Enter the Russian Empire in comparative perspective. – M., 2004. The new post-imperial history.- Kazan, 2004. Russian Empire in foreign historiography. M., 2005. Bekmahanov E.B. Zhetitomdykshygarmalarzhinagy. 1-7 min. – Pavlodar, 2005. «Kazakh» gazetі. – Almaty: «Kazakh entsiklopediyasy» Bass redaktsiyasy, 1998. Amanzholova D.A. Essays on the History of Alash. Monograph. Aktobe, 2009. Alash movement. / Collection of documents and materials /. Alashkozgalysy. / Kuzhattar changed Materials collection/. The 3 volumes. 1-3 min. – Almaty, 2004, 2005, 2010. Omarbekov T.S. Holodomor in Kazakhstan. Reader. – Almaty, Kazakh University, 2013. Ksenzhi G.N. Historical Geography of the steppe regions of Kazakhstan in XIX – early XX centuries. Monograph. Almaty, Publishing house «, 2015. – 406 p. and etc.
- 4 Statement by the President of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev at the XXII session of the Assembly of People of Kazakhstan. April 23, 2015. Mangilik El: one nation, one destiny. Kazakhstanskaya Pravda, 24 April 2015.
- 5 Kazakhstan tarihyorysderekerinde. T. 1-9. – Almaty, 2007. Kazakhstan tarihyturaly Chinese Super derektemeleri. T. 4-5. (XYIII.-XX). G.E. Otepova Chronological index of legislative acts of the Russian empire in the history of Kazakhstan XYIII – early XX century.: Textbook. – Pavlodar: PSPI, 2009. -168 p. Kazhstantarihy. Hrestomatiya.- Almaty Atamua, 1994. History of Kazakhstan. Collection of documents and materials. – Almaty: Kazakh University, 2000. Materials for the introduction of the Russian

political management system in Kazakhstan. – Almaty: Kazakh University, 1999. Readings in the modern history of Kazakhstan (1917-1939.). V.1. – Almaty: Sanat, 2002.- 408 p. and etc.

6 Higher education today. Peer reviewed Russian edition of VAK in the field of psychology, pedagogy and sociology, number 10, 2014.

7 Steppe Region Eurasia: historical – cultural interaction and modernity // Theses of reports and messages of the IV International scientific conference devoted to 170 th anniversary of the birth of G.N.Potanin and Ch. Ch.Valikhanov. – Omsk: Omsk State University, 2005.- 290 p.

8 Russian statehood in terms of: IX – beginning of XX century.Dictionary. M: Kraft +, 2001. – 456 p.

9 A.T.Ahmetzhanova Reforms to enter the Russian Empire 60-90th of the XIX century in Kazakhstan. – Almaty: Kazakh University, 2013 -S.157.

10 Kazakhstanskaya Pravda, 2016, April.

11 Bukeikhan A. Complete Works in 9 volumes. – Astana Saryarkabaspassy, 2013.Alashorda.Photo album.-Almaty «Orkhon» BaspaUiy, 2012. – 284 b. Alash movement. Collection of documents and materials. / Alashkozgalysy. Kuzhattarzhanematerialadarzhinagy /. In 3 volumes. 1-3. – Almaty, 2004, 2005, 2010. A. Baytursynuly Alta tomdykshyǵarmalarzhinagy. – Almaty: «El shezhire» Alash 2013. Kosemsozi.10 tomdyk.- Almaty «Oner» 2010-2011.Mirzhakyp Dulatyly.Alytomdykshyǵarmalarzhinagy. – Almaty Mektep, M. 2013. ShokayShyǵarmalarynyntolykzhinagy.12 vol. -Almaty; Dyke-Press, 2012, and others.

12Innovations in Education.№ 11, 2014 E.E.Vyazemsky, Strelkova O. Theory and methods of teaching history. – M.: 2003. Tosh D.The quest for truth.How to master the skills of the historian. – M.: 2000.

13Abay.Words of edification. – Almaty: Oner, 2005. – S. 49.

14Message from the President of the Republic of Kazakhstan N.A.Nazarbayev to people of Kazakhstan «Kazakhstan’s way-2050: Common goal, common interests, common future.» January 17, 2014 Almaty: LAWYER, 2014. – S. 5.

Омейядтар Еуропада 20 жыл соғыс жүргізді, 711 жылы Пиреней түбегіндегі вестготтар корольдігін жайлап алудан басталып, бұрынғы Рим империясының провинциясы Галлия жеріне дейін созылды. Омейядтар әскері солтүстікте Аквитания мен Бургундияға жетті. Кейбір тарихшылар Мартеллдің жеңісін Еуропада омейядтықтардың үстемдігіне тоқтау жасады және христиандықты сақтап қалды деп есептейді [6]. Ал, басқалары шайқасты ешқандайда өтпелі кезең болмағанын, тек сол жердегі жаулап алушылардың жеңілісі ғана болды дегенге келеді [7].

Тур түбіндегі шайқастың нақты болған жері белгісіз. Осы уақытқа дейін жеткен мұсылман және еуропалық деректер кейбір тұстарында сәйкес келсе, басқа жерлерінде бөлініп кетеді. Көп тарихшылардың ойынша, екі жақтың әскері Тур мен Пуатье арасында Клен және Вьена өзенінің тоғысында кездеседі.

Екі әскердің саны да белгісіз. Ерте мұсылман деректері Омейядтар әскерінің саны 80 мыңнан асқан деп хабарлайды. 1999 жылы Пол К. Дэвис өзінің еңбегінде араб әскерлерінің саны 80 мың, франк әскерлерінің саны 30 мың болған деп көрсетеді де, қазіргі тарихшылар Омейядтар күшін 20-80 мыңға шығарып отырғанын да айтып кетеді [5; 105]. Эдуард Шонфилд (оған дейінгі араб жауынгерлерінің саны 60-400 мың болды, франктер 75 мыңға жуық деген пікірден бас тартып) былай дейді: «Омейядтар әскерінің санын 50 мыңнан аса деп көрсету жабдықтау жағынан қарағанда шындыққа сай келмейді» [1]. Тағы бір әскери тарихшы Виктор Дэвис Хансонның болжауынша, екі әскер саны да 30 мыңға жуық, шамамен бірдей болған дегенді айтады [8]. Қазіргі тарихшылар ортағасыр тарихшыларына қарағанда дәлірек болуы да мүмкін, өйткені қазіргі мәліметтер адамдар мен жануарларды жабдықтау үшін материалды-техникалық мүмкіндіктерді ескеруге негізделіп отыр.

Дэвис және Хансон, екі әскер де жақын

аймақтардан азық-түлікпен жабдықталу керек еді, өйткені оларда тиімді шаруашылық қоймалары болмаған деп көрсетеді. Ұрыс кезінде екі әскер де неше жауынгерін жоғалтқандары да белгісіз, бірақ кейінгі хроникаларда, Мартелл шамамен 1500 жауынгер, Омейядтар 37,5 мың адамға дейін жоғалтқандығы айтылады [8]. Бірақ тура осы мәліметтер Liber Pontificalis еңбегінде кездеседі, онда Тулуза түбінде (721) герцог Эвдон (Эда) Аквитанский жеңісі жөнінде айтылған. Павел Диакон өзінің Historia Langobardorum (785 ж. жазылған) еңбегінде, Liber Pontificalis бұл мәліметтерді Тулуза түбіндегі Эвдон жеңісіне қатысты айтылғандығы (Карл Мартелл Эвдонмен бірге соғысқандығы) белгілі, ал одан кейінгі авторлар, мүмкін «Фрадегар Жалғастырушыларының ықпалымен, сарациндердің шығындарын тек Карл Мартеллдің еңбегі етіп көрсеткен және шайқасты да тек Пуатье түбінде болғанын» айтады [9; с.85]. VIII ғасырдың ортасында жазылған Vita Pardulfi, шайқастан кейін Абдэль Рахман әскери күштері Лимузен арқылы әл-Андалусияға қарай өздеріне қарудың күшімен жол салған, яғни олар Фрадегар Жалғастырушылары айтқандай соншалықты әскери шығынға ұшырамаған болу керек [9; с. 88].

Испанияға, артынан Галлияға шапқыншылықты Омейядтар әулеті басқарды. Турдағы шайқас кезінде омейядтар халифаты мықты әскери күшті пайдаланды. Омейяд әулеті тұсында халифат шекарасы біраз өсті. Мұсылмандар VII ғасырдың соңында Тарик ибн Зиада қолбасшылығымен Солтүстік Африка мен Парсы жерінен өтіп, Гибралтар бұғазынан өтіп, Пиреней түбегіне әмірлігін орнатты. Ал әскерінің екінші бөлігі Синд жерін қазіргі Пәкістанды ұстап отырды. Омейядтар империясы көп халықтың басын қосқан үлкен мемлекетке айналды. Омейядтар екі үлкен мемлекет: Сасанидтер империясын талқандап, өзінің құрамына қосып алды және Византияның көп бөлігін өзіне қаратты, яғни Сирия, Армения, Солтүстік Африканың үлкен бөлігін қосып алды. Тек Омейядтардың соңғы әулеті тұсында 739 жылы Лев III Исавр Акраион шайқасында Анатолияны аман алып қалды.

Әл-Андалусия билеушісі әл-Самха ибн Малик басқарған Омейядтар әскерлері 719 жылы Септиманияны жаулап алды. 720 жылы әл-Самх өзінің астанасын Нарбонна етіп жариялайды, олар оны Арбу-на деп атады. Нарбонна портына түгел ие болып алған арабтар енді басқа, әлі де визиготтар графтарының бақылауында отырған Але, Безье, Агд, Лодев, Магелон және Ним қалаларын да жаулап алады.

Герцог Эд Аквитанский арабтардың әл-Самха ибн Малик басқарған әскердің Тулузадағы қоршауын кенеттен шешкеннен кейін, Аквитанияға арабтардың жорығы уақытша тоқтап қалады. Бұл ұрыста әл-Самха ибн Малик қатты жараланып, қайтыс болады. Бірақ бұл жеңіс арабтардың Галлияға жорығын тоқтатпады, Нарбоннада мықтап тұрақтанған олар, теңіз арқылы барлық керек-жарақтарын ала отырып күштерін солтүстікке қарай жұмсайды да, 725 жылы Бургундиядағы Отёнға дейін жетеді.

Оңтүстікте Омейядтар жағынан, солтүстікте Франктерден қауіптенген Эвдон 730 жылы берберлік әмір Осман ибн ниссамен одақтасады. Оны франктер Мунуза деп атаған, кейін Каталония деп аталған жерлердің вице-губернаторы. Одақты нығайту үшін Мунузаға Эданың қызы Лампагия қалыңдыққа беріледі, осымен арабтардың да Пиреней арқылы Эданың оңтүстік жақтарына шабуылдары тоқтатылады. Бірақ келесі жылы Осман әл-Андалусияның билеушісі Абд әл-Рахманға қарсы шығады. Абд әл-Рахман бұл істі тез шешіп, енді бар қаһарын Эдаға қарсы шашады. Еуропаны Пиренейден солтүстікке қарай жаулап алу үшін Абд әл-Рахман араб кавалериясының зор күшін, берберлердің жеңіл кавалериясын, сонымен қатар халифаттың барлық провинцияларындағы әскерлерін жинайды. Герцог Эд өзінің әскерін Бордода жинайды, сол жерде оны арабтар тасталқан қылып қиратып, Бордоны тонайды. 754 жылғы Мосарабтық хроникада, Гаронна түбінде христиандардың қырғынға ұшырағаны айтылған, онда былай делінеді: «*Solus Deus numerum morientium vel pereuntium recognoscat*», (Қаза болғандардың санын бір Құдайдың өзі біледі) [10]. Осыдан кейін Омейядтардың атты әскерлері Галлияның бұл ауданын түгелімен ойран қылады, жылнамашылар ол жөнінде былай деген: «Мұсылмандар таулар, төбелер, далалар арқылы өтіп, франк жерлерінің түкпіріне дейін жетіп, ойрандатты, Гаронаға келген Эдтың өзі әрең қашып құтылды» [10].

Жеңілістен кейін Эвдон франктерден көмек сұрайды. Карл Мартелл көмекті тек Эвдон франктердің үстемдігін мойындағанда ғана көрсететіндігін білдіреді.

Арабтар франктердің әскери күшімен таныс болмаған болу керек. Олар герман тайпаларына, соның ішінде франктерге де қызығушылық танытпаған, араб хроникалары, сол кезеңнің тарихи іс-қағаздарында, франктердің қуатты әскери күш екендігі Тур маңындағы шайқастан кейін ғана жазыла бастаған.

Мұнымен қоса арабтар солтүстікте барлау жұмыстарын да жүргізбеген болу керек, егер жүргізген жағдайда Карл Мартеллдің 717 жылдан бастап Еуропада жүргізіп келе жатқан үстемдігін байқаған болар еді.

11 жыл бұрын Тулуза түбінде үлкен жеңіске жеткен Эвдон, неге Бордо түбінде және Гаронна маңында жеңіліске ұшырады деген сұраққа, әскери көзқарас тұрғысынан жауап беру оңай. Тулуза түбінде Эвдон өзіне-өзі тым сенімді, дайындықсыз болған жауды кенеттен алды. Эвдон, қорғаныс құрылыстарының бәрі ішкі жаққа бағытталған қарсыластарына сырт жақтан соққы береді. Оның үстіне арабтардың негізгі күші жаяу әскерден тұрған, ал атты әскерлерін олар уақтысында жұмылдыра алмаған. Әл-Андалусия тарихының аудармасын жасаған Каринтиядан шыққан Герман деген жазушының айтуынша, Эвдон қоршауды сәтті ұйымдастырған, сол арқылы андаусызда қалған қарсыластарын күйреткен.

Ал Бордо мен Гаронна түбіндегі шайқастарда арабтардың әскерлері негізінен кавалериядан тұрды, шайқасқа да олар дайын болды. Оның үстіне, Эвдонның атты әскерлерінде (сол кездегі барлық еуропалық әскерлерде солай) үзеңгілер жоқ болғандықтан, ауыр атты әскері де болмады. Оның армиясы түгелімен жаяу әскерден тұрды. Арабтардың ауыр атты әскерлері христиандардың жаяу әскерін бірінші қақтығыста-ақ талқандайды, содан кейін жеке-жеке тағы да соққы береді.

Одан кейін жаулап алушылар оңтүстік Галлияны ойсыратуды жалғастырды. Фредегар хроникаларын жалғастырушылардың мәліметтеріне сәйкес, олардың оңтүстік Галлияға жылжуының себебі, қасиетті Мартиннің тур аббаттығының байлығы болу керек [11]. Осыны естіген Австризия майордомы Карл Мартелл әскер жинап, күтпеген жерден араб әскеріне тап беру үшін ескі Рим жолдарын айналып өтіп оңтүстікке жылжиды. Ол фалангыны пайдалануды ұйғарғандықтан, шайқас алаңын таңдау қажет болды. Оның жоспарының сәттілігі – орманды биік жазық жерді тауып, адамдарын керек жерге тиімді орналастырып, мұсылмандарды шабуыл жасауға мәжбүрлеу, яғни тұтқиылдан шабуыл жасауға байланысты болды.

Сонымен, мұсылмандар әскері Карл Мартеллдің қақпанына түседі. Араб деректеріне қарағанда, атты әскердің кез келген соққысына төтеп беру үшін франктер шаршы түрінде ағаштар арасына және төбелерге орналасады.

Жеті күн барысында екі жақ әскерлері де бетпе-бетке түспей, шамалы қақтығыстарға

ғана түседі. Арабтар негізгі қолды күтумен болды, көп ұзамай олар да жеткенімен, бірақ бұл да айтарлықтай нәтиже әкелген жоқ. Оның үстіне Абд әл-Рахман жаудың әскер санын да бағалай алмады, себебі Мартелл оны жасыру үшін орманды пайдаланды. Мартеллдің ұрыс орнын таңдауы да дұрыс келді, өйткені мұсылмандардың ауыр қаруланған атты әскері шабуыл жасау үшін көп кедергілерден өтуі қажет еді.

Аң терілерін жамылған франктер суыққа төзімді болды, сонымен қатар сол өңірлерді де жақсы білді. Ал арабтарда суықтан қорғану үшін шатырлары болғанымен, солтүстіктен келген Еуропа қысына ол жарамсыз болып шықты. Франк әскерлерінің саны өздерінікіне қарағанда басымырақ деп ойлаған арабтар, бірінші болып шайқасқа да түскілері келмеді. Араб қолбасшысы франктерді тосқауылдан ашық алаңға шығарғысы келді, сонда атты әскерге ұрысқа түсу ыңғайлы болатын, ал франктер керісінше олардың өрге қарай шығуын қалады. Бұл бірін-бірі күту ойынын Мартелл жеңіп алды: шайқас жетінші күні басталды, Абд әл-Рахман жақындап келе жатқан қақаған қыстың уағына түсуді жөн көрмеді.

Кавалериясының тактикалық басымдылығына сенімді болған Абд әл-Рахман, оны ұрысқа қайта-қайта жіберді. Бірақ оның бұл сенімі бекер болып шығады.

Қатаң тәртіпті сақтаған франк жаяу әскері бірнеше дүркін соққыға шыдады, дегенмен деректерде араб кавалериясы франк отрядтарынан жасалған шаршыны әлденеше рет жарып өткендігі жайлы да айтады.

Мартеллдің әскерлері сол кезде мүмкін емес жетістікке жетті: жаяу әскер омейяд кавалериясын жеңді. Пол Дэвистің айтуынша, Мартелл әскері қатаң тәртіпке бағынған жауынгерлерден тұрған, сонымен бірге халық жасақтарын азық-түлік жинауға, яғни әскерді жабдықтауға пайдалануы дұрыс қадам болғанын айтады [5; с.105].

Фалангіге кірген араб әскерлері Мартеллді өлтіруге тырысады, бірақ оны жан-жақтан қоршаған вассалдары бұған жол бермейді. Франк тарихшыларының айтуынша, ұрыстың ең қызған кезінде, араб әскерлерінің арасында, франк барлаушылары арабтардың Бордо түбінде соғыстан түскен олжасын тонауда деген лақап жүреді. Араб әскерлерінің бір бөлігі шайқас алаңын тастап, табыстарын қорғау үшін лагерге қайтады. Мұсылман әскерлерінің шайқас үстінде қалған тобына, бұл жаппай артқа шегіну

болып көрінген болу керек. Мұсылман деректеріне сәйкес, шайқастың екінші күні (франк деректерінде шайқас тек бір күнге ғана созылған), Карл жіберген барлаушылар лагерді тонауын бастайды.

Осыған қарағанда, Карл барлаушыларды мұсылмандардың лагеріне әдейі хаос орнату үшін жіберген болу керек. Мартелл бұл мақсатына қол жеткізеді. Араб және батыс деректері бірауыздан, қашқан әскерді тоқтатуға тырысқан Абд әл-Рахман қоршауда қалып содан қаза табады дегенді айтады. Франктер шайқастың ертеңгі күнін ойлап, фалангілерін орнына келтіреді.

Келесі күні арабтар шайқас алаңына келмейді, ештеңеден хабары жоқ франктер олардың бұл қадамын айла-әрекет деп ойлайды. Тек барлау жұмыстарынан кейін ғана арабтар түн жамылып, лагерлерін тастап, Пиреней жартыаралына қайта оралғандығы анықталады.

Сонымен, шайқас ұзақ емес, қарқынды, маңызды болды. Бұл болжамды растайтын дәлелдер аз емес. Ең алдымен бізді араб авторлары қолдайды. Олар атаған шайқастың орны – «нанымы (ислам) үшін азап шегушілер жолы» – әлбетте, жай ғана қақтығыс екенін емес, Ибн Идари атағандай дін үшін мерт болғандардың санының көптігін көрсетеді. Әл-Маккари бұдан да кесімді шешім айтады: «Ашынған жолбарыстай олар қан төгіп, тонады, осылары үшін Алланың қарғысына ұшырады» [12].

Осы жерде тағы бір сәйкестік бар. Хроникалардың бір анонимді авторы (бұл хроникадан тек бірнеше фрагменттер ғана қалған) былай деп жазады: «Періштелер мен аруақтар бұл қорқынышты ұрысқа төбеден қарады», ал бір араб прозаигі былай дейді: «Бұл оқиға болған жазықтықты өте бере, сол жерде табынып жатқан періштелердің қанаттарының сыбдырын естуге болатын еді, онда қасиетті өлімге басын қиып, мәңгілікке көз жұмғандар көп...» [12].

Бұл, шайқастың жай ғана қақтығыс еместігін білдіретін пікірлердің бір жерден шығуының көрінісі деуге болады. Осындай ортақтықты бір уақытта, біреуі Кордовада немесе Толедода, екіншісі Парижде өмір сүрген Аноним мен Хильдебрандтың әңгімелерінен көруге болады.

Бірақ осымен ғана тоқталсақ, біздің дәлелдер сенімсіз болар еді. Карл әскерінің басына да өзі тұрады және ол үшін алдымен Германиядағы соғысын тоқтатады. Бұл әрине, оның шекарасына төнген қауіпті шешу үшін жасалған маңызды қадам. Егер елдің тыныштығын бір топ тонаушылар ғана бұзған болса, ол ондай шешім қабылдамайтын еді. Себебі дәл сол уақытта

Карлдың барлық күші мен назары герман жерлеріне аударылған болатын. Хлодвигтан бастап меровинг корольдары, бұрын Рим императорлары сияқты, германдықтарға қатысты қорғаныс позициясын ұстанды. Карл осы дәстүрді сақтап, ол тынымсыз халықтарды ұстап тұру үшін, олармен үнемі соғысып отырды. Мұндай ойлар, бастап қойған соғысты неліктен тоқтатып қойғандығын дұрыс бағалауға мәжбүрлейді, яғни ол соғыстан да күшті қауіпті бетпе-бет қарсы алуды жөн көргендігін көрсетеді. Оған қоса, ол адамдарды әскери қызметке шақыру жөнінде жарлық шығарған. Эд Аквитанскийдің Карлға алып келген хабары да жақсы болған жоқ, сондықтан ол Карлға бас иіп басшылықты оған береді. Осы жәйттердің бәрін ескерсек, жағдай күрделі болды деуге тұрады.

Сондай-ақ зерттеуші Берль қолдайтын тағы бір аргумент бар, ол шайқас орнында оссуарий, қорымдар мен молалардың жоқтығы: «Ол жерде археологтар қазба жұмыстарын жүргізді ме, Құдай білсін!» – дейді ол [13]. Бұл жерде ешкім, ешқашан мұқият қазба жұмыстарын жүргізбеген. Ұзақ уақыттар бойы зерттеулерді жергілікті әуесқойлар ғана жүргізген. Олар тапқан көптеген сүйектердің ішінен қаза болған әскерлердің сүйектерін табу мүмкіндігі белгісіз. Рене Луи жасаған зерттеулерге сенсек (ол Пуатье тарихы жөнінде актілерде, меровингтік бейіттерді зерттеу туралы жазған) – ол пайдасыз әуре. Рене Луи былай дейді:

«Шынымен, ортағасырларда шайқастан кейін қаза болған жауынгерлерді жерлеу қалай жүрді? Көз алдына елестетіңіздер, әс-

кербасшылар, княздер, ірі жериеленушілер арасында айырмашылықтар болды, олардың денелерін туыстары, вассалдары мен құлдары алысқа, монастырлар мен шіркеулерге құрметпен жерлеу үшін алып кетіп отырды, ал ортақ қабірлер мен оссуарийлерде бір-біріне тығыз жерленген қатардағы жауынгерлер немесе төменгі шендегі әскерлер қалды. Апай-топай, ретсіз көмілген денелер ұзақ уақыт сақтала алмайды. Сондықтан да, бірнеше рет болған қазба жұмыстарына қарамастан, ортағасырлық шайқастардың белгілі біреуіне қатысты қабірлер бірде бір рет табылмаған. Менің ойымша, олар ешуақытта табылмайды да, себебі олар болған да емес. Ол уақытта ешкім соғыста әрбір қаза болған жауынгерге қазіргідей қабірлер жасауды қамтамасыз еткен жоқ. Ортағасырларда ондай жерлеулердің бар болғанын болжау, анахронизмге түсу деген сөз. Осы көзқарас тұрғысынан қарағанда, *Песнь о Роланде* (Ронсевальдық аңғарда жауынгерлердің қабірін сипаттайды), менің болжауымша, XI ғасырда, оған дейін де, одан кейін де осы жағдайда қандай әрекеттер жасалғаны жөнінде көріністі жақсы береді. Карл басқарған француздар ұрыста қаза тапқан, қару ұстаған жолдастарының денесін жинап ортақ қабірге көмеді де, епископтар, аббаттар, монахтар, дін қызметкерлері олардың күналарын жіберіп ырымын жасайды» [13].

Сонымен, шайқасқа қатысты көптеген мәтіндер, оның маңыздылығы жөнінде әсер қалдырады және жиырма ғасыр бойы ең көрнекті тарихшылар осы шайқасқа қатысты қателесті дегенге сену де қиын.

Әдебиеттер

- 1 Schoenfeld, Edward J. (2001). *Battle of Poitiers*. In Robert Cowley and Geoffrey Parker (Eds.). (2001). *The Reader's Companion to Military History* (p. 366). Houghton Mifflin Books. ISBN 0-618-12742-9. – Шонфилд, 2001. – С. 366.
- 2 Fragmentum chronici fontanellensis // M. G. H. SS. T. VII. P. 301-304. (Здесь мы выставляем оглавления томов серии Monumenta Germaniae Historica) (Фонтанель хроникасы, шамамен 834 жылы қайтыс болған белгісіз автормен жазылған, дерек).
- 3 Gibbon, Edward *The Battle of Tours, Decline and Fall of the Roman Empire* Упадок и падение Римской империи Эдуарда Гиббона, Глава LII.
- 4 Ранке, Леопольд Фон. «История Реформации», т. 1, 5.
- 5 Davis, Paul K. (1999) «100 Decisive Battles From Ancient Times to the Present» ISBN 0-19-514366-3 Дэвис, 1999, с. 106.
- 6 Oman, Charles W. (1960). *Art of War in the Middle Ages A. D. 378–1515*. Cornell University Press. ISBN 0-8014-9062-6
- 7 Cowley, Robert and Parker, Geoffrey (Eds.). (2001). *The Reader's Companion to Military History*. Houghton Mifflin Books. ISBN 0-618-12742-9 Коули и Паркер, 2001, с. xiii.
- 8 Hanson, Victor Davis. *Carnage and Culture: Landmark Battles in the Rise of Western Power*. Anchor Books, 2001. Published in the UK as *Why the West has Won*. Faber and Faber, 2001. Хансон, 2001, с. 141.
- 9 Fouracre, Paul (2000). *The Age of Charles Martel*. Pearson Education. ISBN 0-582-06476-7 Фуракр, 2002, с. 87, цитата из *Vita Eucherii* под ред. В. Левисона, Monumenta Germani, Historica, Scriptores Rerum Merovingicarum VII, с. 46-53, гл. 8, с.

49-50; *Gesta Episcoporum Autissiodorensium*, выдержки под ред. Г. Вайтца, *Monumenta Germaniae Historica, Scriptores XIII*, с. 394–400, гл. 27, с. 394.

10 Wolf, Kenneth Baxter (2000). *Conquerors and Chroniclers of Early Medieval Spain*. Liverpool University Press. ISBN 0-85323-554-6 Вольф, 2000, с. 145.

11 Riche, Paul (1993). *The Carolingians: A Family Who Forged Europe*. University of Pennsylvania Press. ISBN 0-8122-1342-4 Ричи, 1993, с. 44.

12 Davis, Paul K. (1999) «100 Decisive Battles From Ancient Times to the Present» ISBN 0-19-514366-3 Дэвис, 1999, с. 106.

13 Девиосс Жан, Руа Жан-Анри. Битва при Пуатъе (октябрь 733 г.). Перевод А.В. Саниной. – СПб.: Евразия, 2003. – 288 с.

References

1 Schoenfeld, Edward J. (2001). *Battle of Poitiers*. In Robert Cowley and Geoffrey Parker (Eds.). (2001). *The Reader's Companion to Military History* (p. 366). Houghton Mifflin Books. ISBN 0-618-12742-9 Shonfield, 2001, s. 366.

2 Fragmentum chronici fontanellensis // M. G. H. SS. T. VII. P. 301-304. (Zdes my vystavlyаем oglavleniya tomov serii *Monumenta Germaniae Historica*) (Fontanel' xronikasy, shamamen 834 zhyly kaitys bolgan belgisiz avtormen zhazylgan, derek).

3 Gibbon, Edward *The Battle of Tours, Decline and Fall of the Roman Empire Upadok I padenie Rimskoi imperii Eduarda Gibbona, Glava LII*.

4 Ranke, Leopold Fon. «Istoriya Reformasii», t. 1, 5.

5 Davis, Paul K. (1999) «100 Decisive Battles From Ancient Times to the Present» ISBN 0-19-514366-3 Devis, 1999, s. 106.

6 Oman, Charles W. (1960). *Art of War in the Middle Ages A. D. 378–1515*. Cornell University Press. ISBN 0-8014-9062-6 Oman, Charles W. *Art of War in the Middle Ages A. D. 378–1515*. – P. 167.

7 Cowley, Robert and Parker, Geoffrey (Eds.). (2001). *The Reader's Companion to Military History*. Houghton Mifflin Books. ISBN 0-618-12742-9 Kouli I Parker, 2001, s. xiii.

8 Hanson, Victor Davis. *Carnage and Culture: Landmark Battles in the Rise of Western Power*. Anchor Books, 2001. Published in the UK as *Why the West has Won*. Faber and Faber, 2001. Xanson, 2001, s. 141.

9 Fouracre, Paul (2000). *The Age of Charles Martel*. Pearson Education. ISBN 0-582-06476-7 Furakr, 2002, s. 87, sitata iz *Vita Eucherii* pod. red V. Levisona, *Monumenta Germani, Historica, Scriptores Rerum Merovingicarum VII*, s. 46-53, gl. 8, s. 49-50; *Gesta Episcoporum Autissiodorensium*, vyderzhki pod red. G. Vaitsa, *Monumenta Germaniae Historica, Scriptores XIII*, s. 394–400, gl. 27, s. 394.

10 Wolf, Kenneth Baxter (2000). *Conquerors and Chroniclers of Early Medieval Spain*. Liverpool University Press. ISBN 0-85323-554-6 Vol'f, 2000, s. 145.

11 Riche, Paul (1993). *The Carolingians: A Family Who Forged Europe*. University of Pennsylvania Press. ISBN 0-8122-1342-4 Richi, 1993, s. 44.

12 Davis, Paul K. (1999) «100 Decisive Battles From Ancient Times to the Present» ISBN 0-19-514366-3 Devis, 1999, s. 106.

13 Devioss Zhan, Rua Zhan-Anri. Bitva pri Puat'e (oktyabr' 733 g.). Pervod A. V. Saninoi. – SPb.: Evrazia, 2003. – 288 s.

Шоқатова А.Қ., Беделова Г.С.,
Нұсқабай П.Н.

**Карл Мартеллдің
ішкі саясатының мәні**

Карл Мартелл жалпыеуропалық құрылыстың негізі болған феодализм атты жүйенің пионері болды. Франк мемлекетінде жүргізген аграрлық төңкерістің нәтижесінде басталған феодалдық қатынастардың тез дамуы, феодалдық меншіктік формалардың өзгеруі, феодалдандырылып жатқан қоғамның саяси заңдық мәртебесіне өзгерістер енгізуді талап етті. Аллодтық меншік феодалдық меншіктің неғұрылым жетілген түріне орын беруге тиісті болды. Мұндай меншіктің түрі бенефиция еді. Бенефиций реформасын Карл Австризия мен Нейстрияның алдыңғы билеушілеріне қарағанда дәйекті түрде жүргізді. Карл Мартелл әскерге жауынгерлерді алу жолын жаңартты. Карл Мартелл жүргізген әскери реформаның әлеуметтік маңыздылығы да зор болды. Бенефициялық реформаны жүзеге асыру арқылы Карл Мартелл орталық өкіметтің позицияларын нығайтуға тырысты.

Түйін сөздер: феодализм, бенефициялық реформасы, әскери реформа, шіркеу.

Shokatova A.K., Bedelova G.C.,
Nuskabay P.N.

**The essence of the internal policy
of Charles Martel**

Charles Martel was a pioneer of the system, which was to become the basis of a pan-European system called feudalism. He was the first in the West dared to resort to what previously was viewed only occasionally and accidentally: a constant practice benefices. «Benefice» (from the Latin. «Bene» and «facio») literally means «deed». Such a «good deed», often in the form of land, was given by supreme authority to free man for certain services; not forever, but as a conditional ownership for a period of service. Karl benefice were military. He was first who created a stable efficient army in the Frankish state. That's why the reform was continued and expanded by his son and grandson of Charles.

Key words: feudalism, benefice reform, military reform, the church.

Шоқатова А.Қ., Беделова Г.С.,
Нұсқабай П.Н.

**Сущность внутренней
политики Карла Мартеля**

Карл Мартелл явился пионером системы, которой предстояло стать основой общеевропейского строя, названного феодализмом. Он первый на Западе отважился прибегнуть к тому, что раньше просматривалось лишь sporadически и случайно: к постоянной практике бенефициев. «Бенефиции» (от лат. «bene» и «facio») дословно переводится как «благоденствие». Подобное «благоденствие», чаще всего в виде участка земли, давалось высшей властью свободному человеку за те или иные услуги; давалось не навечно, а как условное владение на срок несения службы. Бенефиции Карла были военными. Именно он первый создал во Франкском государстве устойчивую боеспособную армию; недаром реформа была продолжена и расширена при сыне и внуке Карла.

Ключевые слова: феодализм, бенефицийская реформа, военная реформа, церковь.

**КАРЛ МАРТЕЛЛДІҢ
ІШКІ САЯСАТЫНЫҢ
МӘНІ**

Корольдық, одан кейін императорлық таққа алып келген Пипинидтер күш-қуаты Пипин Геристальскийдің ұлы Карл Мартеллден басталады. Оның жарқын болашағын жастық шағында ешкім болжаған да емес. Ол тіпті, заңды мұрагер де болмады, Пипиннің заңсыз некесінен туылған еді. Бірақ тағдырдың талабы солай, майордомның заңды некеде туылған екі ұлы да қайтыс болып, тек немерелері ғана қалады. Немерелерінің атынан мемлекетті Пипиннің жесірі билегісі келеді, осыны көздеген Плектруда Карл Мартеллді зынданға қамайды. Қиын жағдайға түскеніне қарамастан, Карл түрмеден қашып, айналасына өз жақтастарын жинап, Плектруданы әкесінің байлығы мен билігін беруге мәжбүр етеді. Карлдың басқа магнаттармен де күресі сәтті болды. Біреулерді жері мен суверенитетінен айырып, екіншілерін өзіне бағындырған ол, франктердің ортақ майордамы (814–841) болғанын бәріне мойындатады. Бір уақытта бірнеше сыртқы жорықтарды жүзеге асырған Карл, Рейн мен Галлия аймақтарындағы жоғалтқан жерлерін қайтарады. Аквитанияға басып кірген арабтарды жеңеді (Пуатье түбіндегі шайқас 732 ж.). Әрине, мұндай ауқымды іс-шараларды жүзеге асыру үшін бір адамның ғана күш-қуаты жетпейді, оған көп көлемде ресурстар қажет. Бұл ресурстарды ол қайдан алды? Осыны ашып қарастырайық.

Карл Мартелл жалпыеуропалық құрылыстың негізі болған феодализм атты жүйенің пионері болды. Франк мемлекетінде жүргізген аграрлық төңкерістің нәтижесінде басталған феодалдық қатынастардың тез дамуы, феодалдық меншіктік формалардың өзгеруі, феодалдандырылып жатқан қоғамның саяси заңдық мәртебесіне өзгерістер енгізуді талап етті. Аллодтық меншік феодалдық меншіктің неғұрылым жетілген түріне орын беруге тиісті болды. Мұндай меншіктің түрі бенефиция еді.

Карл Мартеллдің бенефициялық реформасының мәні мынада болды. Бұрын Меровингтер жерді аллод ретінде толық жеке меншік етіп сыйлыққа берген болса, енді оның орнына феодалдық жер иеленудің жаңа шартты түрі орнатылды. Бұл – «бенефиция», яғни сыйлық деп аталынды. Бенефиция белгілі бір қызметтерді атқару үшін, көбінесе атты әскер қызметін атқару шарты бойынша мәңгі пайдалануға сыйлық ретінде берілді. Екі жақтың бірі, яғни жерді сыйлыққа беруші немесе

алушы қайтыс болған күнде, бенефиция меншік иесіне, оның артында қалған мұрагерлеріне қайтарылып берілетін болды. Сондықтан бенефиция мұрагерлікке жатпайтын сыйлық еді. Егер де бенефицияның қойған шарттары орындалмаса немесе жерді сыйлыққа алушының шаруашылығы кедейленсе, онда бенефиция қайтарылып алынатын болды. Уақыт өте келе бұл ережелерді сақтау тоқтатылып, бенефиция мұрагерлік жолмен пайдалануға айналды және IX-X ғасырлар шенінде феодал, яғни әскери қызметінің міндеттерін атқарумен байланысты жерді мұрагерлік жолмен ұстаушылық сипатын ала бастады. Карл Мартелл жерді сыйлыққа үлестіріп беруді мейлінше кең қолданды [1; 43].

Бенефиций реформасын Карл Австразия мен Нейстрияның алдыңғы билеушілеріне қарағанда дәйекті түрде жүргізді. Қызметтерге бұрын қойылған адамдарды өз туыстарымен немесе жақын адамдарымен ауыстырды. Осы мақсатпен ол кең көлемде қызметтерді біріктіруді пайдаланды, әсіресе бұл шіркеулік ортада кең қолданылды. Мұндай қызметтерге ол өзіне сенімді адамдарды қойды. Мысалы, оның өгей ағасы Гуго Жюмьет және Фонтенель аббаттықтарынан басқа Руанадағы, Байёдағы, Мезьёдағы, Авранштағы және Париждегі епископтықтарды алды. Венси түбінде Карлмен іргесі тиіп тұрып күрескен, оған адал болған Милон, Лютвиндегі архиепископтықты, Трирдағы епископтықты және Меттлахтағы аббаттықты ғана әкесінен мұрагерлікке алып қалған жоқ, сонымен қатар сыйға Реймстағы епископтықты, ол жердің архиепископы Ригоберді құрғаннан кейін алады. Рагенфредке бақылауды күшейту үшін, Карл граф Ротгар (Роже) және оның ұлдары Шариве (Эрве) мен Гозеле әулеттерінің Мендегі биліктерін растайды, сол жерде олар графтық және епископ қызметтерін бірге жүргізеді. Арморикандық шекараларда, Нанта мен Реннеде тағы бір майдан шебі өтіп жатты. Бұл жерде Карл 690 жылдан бастап графтық функцияларды атқарып жатқан және епархияны басқарған Агатайге сүйенді.

Тек кейбір маңызды лауазымдар ғана мұндай күшпен тартып алуға ұшырағын жоқ. Каролингтердің орталық иеліктерін құрған Мец пен Льеж епархияларында тұрақтылық сақталынды, өйткені ол жерді басқарған Карлдың ескі жақтастары еді. Қалған басқа жерлердегі шіркеу инстанцияларының бәріне өкімет қол сұқты, өзінің адамдарын қойды – бұл сол уақыттың саяси өмірінде жаңа құбылыс болды. II Пипиннің шіркеулік саясатымен салыстырғанда (католик дінін

қабылдап, шіркеу институттарына ерекше сый көрсеткен), Карл саясаты арсыз болып көрінуі мүмкін. Бірақ, шын мәнінде ол епископтық және аббаттық функциялардың терең саясаттануының салдары еді.

Карл Мартелл әскерге жауынгерлерді алу жолын жаңартты. Буленвилье өзінің «Histoire de l'ancien gouvernement de la France» («Францияны билеу») атты кітабында келесі тұжырымды береді: «Каролингтік деп аталған екінші династияның басшысы Карл Мартелл, бірінші династия корольдарынан жоғары көтерілді және екі тәсіл арқылы олардың тағдырларының иесіне айналды. Бірінші: оның әскерді шетелдіктерден немесе француздардан құрастыратын жаңа тәсілі. Ежелгі заңдардың сақталуы, гүлденуі олардың жеке тағдырын қаншалықты тиіп өтсе, соншалықты сол заңдарды, мемлекетке жалпы ешқандай қатысы жоқ бола отырып ұстанды. Екінші тәсіл Марс алаңдарында жиналыстарды тоқтатудан тұрды, онда оған дейін әскербасшылардың сайлауы, қызметтерді тарату және белгілі бір әскери операцияны жүзеге асыру жөнінде халық жиналыстары өтетін» [2; 252-253]. Карл Мартеллдің саясаты левдерді өзіне қарату үшін бағытталды, яғни жауынгерлерді, ерлерді пайда арқылы өзіне тарту. Нәтижесінде ол өзінің қолында мықты әскери күшті шоғырландырды.

Карл Мартелл жүргізген әскери реформаның әлеуметтік маңыздылығы да зор болды. Өйткені жер бенефициарийлерге бос емес, қоныстарымен берілетін еді, яғни ол жерлерде басыбайлы шаруаларға айналған тәуелді адамдар отырды. Осылай, әскери міндеттер атқаратын адам жер меншігіне де, жұмысшыларға да ие болды, нәтижесінде кейін олардан рыцорлық сословие қалыптасты. Рыцорлық сословие орталық биліктің ірі феодалдарға қарсы тірегіне айналды.

Сонымен, бенефициялық реформаны жүзеге асыру арқылы Карл Мартелл орталық өкіметтің позицияларын нығайтуға тырысты.

Біріншіден, ол ұсақ және орташа феодалдардың қалыптаса бастаған тобын нығайтты, бұлар маманданған жауынгерлер ретінде атты әскер жасағының, тіпті бүкіл әскери ұйымның негізі болып табылды. Олар болашақ рыцарлардың негізін құрушылар еді. Сонымен бірге франктердің ертедегі жаяу жасағының негізін құрған шаруалар енді негізгі әскери күш ретіндегі маңызынан айырылды және мемлекеттегі құқықтық жағдайы да айқын байқалды.

Екіншіден, жерді сыйлыққа берудің мейлінше кеңінен тарауы феодалдық жер менші-

гін барынша нығайтып, шаруаларды одан әрі басыбайлыларға айналдырды.

Үшіншіден, бенефициялық тартулар, бенефицияны беруші мен алушының арасындағы жер мәселесі жөніндегі байланыстарды және олардың арасындағы вассалдық қарым-қатынастарды орнатуға көмектесті. Сонымен, феодалдық мемлекеттің бенефициялық реформасы франк қоғамын феодалдандырудың нәтижесі бола тұра, қоғамдағы феодалдық қатынастардың нығаюына мүмкіндік туғызды.

Ал енді сыйға берілген жерлерге келсек, оны Карл Мартелл қайдан алды деген сұрақ туындайды. Әрине, ол өз жерлерін, яғни Пипинидтер-Арнульфингтер иеліктерін таратуға болатын еді. Бірақ ол ондай қадамнан бас тартты. Өйткені Карл өзіне дейінгі билеушілердің дәл осындай қадамы, оларды кедейлікке алып келгенін есінен шығармады. Сондықтан басқа жол табу қажет болды. Мұндай жол табылды: шіркеу жерлерін тәркілеу.

Карл Мартеллдің мұндай қадамының өз тарихы бар. Ертеректе, Рим империясында пайда болған жаңа христиан діні, тез қарқынмен қуғындалған діннен үстем дінге айналғаны белгілі. Үстемдік алғаннан бастап шіркеу өз жер иеліктеріне де ие бола бастады. Және мұндай жер иеліктері күннен-күнге өсу үстінде де еді. Ерте ортағасырлар кезеңінде Батыста шіркеу жерлерінің үлесі бүткіл өңделетін жерлердің үштен бір бөлігін құрады. Дәл осындай жерлерді майордом тәркілей бастады (секуляризация). Оның бұл қимылына қарсы болған шіркеу иелеріне ол келесідей түсіндірді: Ертеректе корольдар мен майордомдар шіркеулер мен монастырларға жер иеліктерін мәңгілікке емес, уақытша пайдалануға берді. Иеліктер мемлекетке қажеттілігі туындағанда қайтарылуы керек. Мемлекетті қорғау және күшейту үшін әскер қажет, ал оны ұстау үшін қорлар керек, сондықтан шіркеу осыны қамтамасыз етуге міндетті, өйткені дәл сол шіркеу алғашқылардың бірі болып қорғауды қажет етеді [3; 223]. Осылай, секуляризация бенефициялық бағдарламаның екінші сырт жағына айналды.

Әрине, мұндай қадамдарды шіркеу элитасы ықыласпен қарсы алған жоқ, мемлекет билеушілерінің түсіндіруін де олар қажет етпеді. Көптеген прелаттар Австрияның шет аймақтарына қуылды; Ошер Орлеанский, мысалға, Кёльнды паналады. Бізге дейін әртүрлі сатыдағы шіркеу иелерінің Карлға қарсы жазған іс-қағаздары да жеткен. Фонтенель монахтарының «тонады» деген шағымдары, операцияның кеңдігі жөнінде түсінік береді.

Дегенмен, секуляризациямен қатар Карл шіркеудің беделін көтеру мақсатын да көздеді. Фризияны жаулап алғаннан кейін, ол осы елде миссионерлік қызметті кең жолға қойды. Бұл саясатты майордом Аламанияда, Тюрингияда, Баварияда және басқа да герман жерлерінде жүзеге асырды. Сонымен қатар, шіркеулік иерархияның құрылымын реттеді. Бұл бағытта оның көмекшілері мен агенттері жұмыс істеді, солардың ішінде ерекше англо-сакс Винифридті атап кетуге болады (кейін ол Рим папасының рұқсатымен Бонифаций деген атқа ие болған). Бонифаций бұл істе белсенділік көрсетті, герман жерлерінде көптеген жаңа монастырлар мен бірге епископтықтар ашты (олардың қатарында – Вюрцбург, Эрфурт, Зальцбург, Регенсбург және Пассау). Жаңа апостол майордомның бұл істе маңызды рөлін жар қылып жүрді: «Франк билеушілерінің қамқорлығысыз – деді ол, – мен шіркеу қызметшілерін басқара алмайтын едім, оның бұйрығысыз дін адамдарын қорғай да алмайтын едім, мен тіпті пұтқа табынушылыққа тыйым сала алмайтын едім» [5; 95].

Осы жағдайдың бәрі Карл Мартеллдің бенефициялық саясатына қарамастан, Франк мемлекеті мен Рим папасының жақындасуына септігін тигізбей қойған жоқ. Бұл жағдайды толыққанды ұғыну үшін, оның түп-тамырына тоқталуды жөн көрдік.

Яғни, папалық батыс христиандық шіркеуді басқаратын орталық ретінде, Рим империясы әлсіреген сайын, күшейе берді. Ал оның пайда болуы байқалмай да қалды деуге болады. Бастапқыда Рим қаласының епископы шіркеу округтерінің көптеген басалқышылары мен әкімшіліктерінің бірі болды. Әрине, Рим басты қала болғаннан кейін, рим епископының ықпалы басқа аймақтардың шіркеу әкімшілігіне қарағанда жоғары болу керек еді. Бірақ, папалықтың саяси-юрисдикалық категория ретінде танылуы тек V ғасырдың ортасында жүзеге асты, яғни Ұлы атанған понтифик Лев I тұсында (440-461). Римді вандалдардың тонауынан құтқарған (455) әлемге аты әйгілі бұл прелат, қасиетті Августиннің оқуларын өмірге келтіргісі келді. Ол Валентиниан III-ті эдикт жариялауға мәжбүр етті, онда «Қасиетті Петрдің ерен еңбегін ескере отырып, апостолдық тақтың біріншілігі болу керек, осыдан әрі ешкім римдік кафедраның беделіне қарсы тыйым салынған істі жасай алмайды» – делінген [5; 104-105]. Жалпы әлемдік бейбітшіліктің шарты ретінде папаның билігі жарияланды. Ол епископтардың жоғарғы соты болып есептелді, сонымен бірге оның шығарған

өкімі императордың санкциясын қажет еткен жоқ, ал оған қарсы айтылған ойлар дінді қорлау болып есептелді және ең бастысы орталық биліктің органдары папа еркінің таратушысына айналды. Бірақ бұл жерде, қаншалықты папалық билікке қатысты мұндай заңдар мен ережелер сақталды деген сұрақ туады. Бұл жерде әрине, бәрі біржақты болмады, көп жәйттер өмірдің белгілі бір жағдайына сай шешілді. Қалайда, папалық биліктің негізін қалаған понтифик Лев I мен осы негізді нығайтқан және кеңейткен Григорий I (590-604; оны да Ұлы атаған) билігінің арасында, Константинопольдің жоғары билігі тарапынан реваншистік тенденцияға толы бір жарым ғасыр жатты. Император Юстиниан (527-565) ежелгі Рим империясын реставрацияға ұшырату мақсатымен бірнеше әлсіз қадамдар жасады, тіпті бұл бағытта өзінің талантты әскербасшыларының көмегімен кейбір жетістіктерге де жетті, яғни остготтардан Италияны, вандалдардан Солтүстік Африканы, вестготтардан оңтүстік Испанияны жаулап алды. Ол, канондардың маңыздылығы заңдардан кем емес және Рим папасының билігі басқа діншілдердің арасында бірінші орында деген тұжырымдарын жарияласа да, шын мәнінде тек өзі ғана биліктің басында тұрғысы келді. Біраз уақыт тұрды да. Бірақ, бұл «цезарепатизм» ұзаққа созылған жоқ: Константинопольдің рухани билігі, Юстинианның жорықтары сияқты эфемерлі болып шықты. 568 жылы Италияның солтүстігінде жаңа варварлар – лангобардтар пайда болды, олар тез қарқынмен Апеннин жартыаралының түкпіріне қарай жылжып, оны 573 жылы византия наменгері (экзарх) отырған Равенна аймағы мен папаның билігіндегі Рим және төңірегіндегі қалалардан басқа жерлерін түгелімен жаулап алды. Бұл жаңа жәйт папалардың позицияларының өзгеруіне алып келетін болды. Константинопольдық империя римдік тақты қорғай алатын күш бола алмады. Императорлар бұрынғыдай Римде өз биліктерін сақтағысы келгенімен, шын мәнінде билік лангобардтардың қолында болып қалды және мұнымен қоса, папалыққа да қауіпкәтер төндірді. Осы жәйттерді ескере отырып, Рим архипастырлары тез арада бағытын өзгерту керек болды. Католик шіркеуіне бас иетін, қуатты қорғаушыға мұқтаж бола отырып, олар Шығыстан жүзін Батысқа аударды. Сол жақтан, Константин мен Юстинианның міндетін атқара алатын, сонымен бірге олардың билігіне қол сұға алмайтын мықты қорғаушыны тапқысы келді. Ал ондай қорғаушы, Хлодвиг заманынан бері католиктік болған және күннен-күнге күш-

қуат жинап отырған Франк мемлекеті бола алды. Осыған қарағанда, дәл Григорий I бұл жаңа идеяны ұғынған сияқты. Ол, Франк корольдеріне бұл бағытта жағымпаздық мағынада хаттар да жазып үлгереді: «...Патша абыройы жай адамдардың мәртебесінен қаншалықты жоғары тұрса, Сіздің патшалығыңыздың ұлылығы соншалықты басқа халықтардың патшалықтарының даңқынан жоғары. Басқа корольдер сияқты король бола отырып, бірақ сонымен бірге нағыз католик бола білу екінің бірінің қолынан келе бермейді – бұл ұлы іс» [6; 115-116.]. Әрі қарай: «Біз аса мұқтаждықта отырмыз, көзімізден күндіз де түнде де жас ағылуда, өйткені Құдайдың Шіркеуі оны қорғайтындармен мүлде қалдырылып ұмытылды, енді мұнда лангобардтар королі Лиутпрад пен Гильпрад Равеннада отпен, қылышпен бар нәрсені қиратып, былтырғы тонаудан кейін қалғанның бәрін жоюда. Олар тіпті рим иеліктеріне де жетті, өздерінің әскерлерін де осында жіберіп зиян келтірді және әлі де келтіруде: олар қасиетті Петрдің табалдырығын түгел қиратып болды, тапқандарының бәрін өздерімен алып кетті. Ал сенен, біздің құрметті перзентіміз, арқа тұтып көмек сұраған едік, бірақ ешқандай көмекті әлі көрмедік. Ең болмаса бұл корольдерді, біздің жерлерден әскерін алып кетуге мәжбүр етіңіз. Енді олар бізге күліп, былай деп жүр: «Сендер көмек күтіп отырған Карлдарың өз франк әскерлерімен келе берсін, шамасы келсе сендерді біздің қолымыздан жұлып көрсін». Біздің құрметті перзентіміз, сен олардың өтірік хабары мен кеңестеріне сенбе; сполетский және беневецкий герцогтары олардың алдында жазықты деп, саған жазғандары да жалған. Олардың бар кінәсы, Қасиетті Рим Шіркеуіне және оның халқына қарсы соғысқа алдымен келісіп, одан кейін бас тартуында, сол үшін олар қазір езгіге түсуде. Екі герцогта, ежелгі дәстүр бойынша, корольдарға адалдық анттын беруге дайын. Бірақ бұл корольдер, оларды да бізді де құртудың жолын іздеуде, осы ізетті герцогтарды қуып, орындарына шіркеуді одан әрі қыспаққа ұшыратып, оны қасиетті Петрдің бар мүлкінен айыратын, халықты құлдыққа айдайтын өз қатыгез адамдарын қоймақшы.

Істің бар мән-жайын өзіңнің көзіңмен көргендей болу үшін, сен біздің ең христианин перзентіміз, бұл жерге сенімді деген адамыңды жібер, ол осындағы бар нәрсені көріп, саған тұп-тура жеткізсін, сонда Шіркеудің қорлығын көреді, саған жеткізеді. Сенен Құдай үшін және біз саған жіберіп отырған Қасиетті Петр қабірінің кілті үшін өтінемін, апостол князінің

махабатынан гөрі лангобард корольдерінің дос-тығын артық көрме, сен біздің құдайдан кейінгі құтқарушымыз екендігіңді дәлелде; сонда сенің сенімің де жақсы атың да барлық халыққа әйгілі болады, ал біз пайғамбармен бірге былай дейміз: Сені мұқтаждықта Құдай естісін, Иаков Құдайының аты сені қорғасын». Папа Григорий III.» [7; с. 273-274].

Осылай, лангобардтар тарапынан басына қауіп төнген папа Григорий III Карл Мартеллден тікелей көмек сұрайды. Өзінің хатын, «қасиетті Петр қабірінің кілті» (символикалық ишарат) қосылған құнды сыйлықтармен қоса жібереді. Карл рим елшілігін үлкен құрметпен қарсы алып, бірақ папаға сыпайы ұстамды жауап қайтарады. Ол сол кезде одақтық қарым-қатынаста болған лангобардтарға қарсы күресе алмайтынын Григорийге білдірді. Римнің жоспары тек кейін Карл қайтыс болып, Пипин III таққа келгенде ғана жүзеге асты.

Біраз жасқа келген Карл Мартелл қайтыс болар алдында қажетті өкімдерінің бәрін шығарып үлгереді. Ол, соның ішінде, өзін Сен-Дени аббаттығында жерлеуді бұйырады, яғни Меровингтер корольдері қойылған нейстриялық монастырде. Бұл парадоксальды көрінуі мүмкін, бірақ мұндай таңдау оның шынайы күштарлығын көрсетті. Ондай күштарлық Карл-

дың бойында ертеректе, екінші баласы Пипинді Сен-Дени монахтарының тәрбиесіне бергенде, оларға принципатың соңғы уақыттарында жиі және мол сыйлар беруінен байқалды. Секуляризацияны шектен тыс жүргізу, аббаттық және епископтық қызметтерді тек саяси мақсатта тарату, Карлдың діншілдігін ұрпақтарының алдында әшкереледі. Карл Мартелл 741 жылдың 22 қыркүйегінде қайтыс болады.

Сонымен Карл Мартелл алғаш рет солтүстікке оңтүстіктің көп бөлігін бағындырды, өзі шыққан Австразияны және өзі тұрған Нейстрияны бітістірді, амал-әрекеттерді шектемей қатаң тәртібімен Каролингтермен елді біріктіруді дайындады. Сонымен қатар ол, корольдар тәрізді, иелігін балаларының арасында бөлінуін қалады. Ең жақсы қамтамасыз етілген оның заңды әйелі Кродтруда балалары болды: Үлкені Карломан, Австразияны және Рейннің арғы жағындағы Германияны иеленді; кіші ұлы Пипин – Нейстрияның көп бөлігін, Бургундияны, Провансты иеленді. Свангильдамен заңсыз некеден туылған ұлы Грифонға келетін болсақ (725 жылы бавария жорығынан әкелінген), ол үш корольдықты: Австразияда, Нейстрияда және Бургундияда шашыраған бірнеше территорияға ие болды. Бұл ісі Карл Мартеллге жерін сақтаудың тура жолы болып көрінген болу керек.

Әдебиеттер

- 1 Жұмағұлов Қ.Т., Мырзабекова Р.С. Орта ғасырлар тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 245 б.
- 2 Henri de Boulainvilliers. Histoire de l'ancien gouvernement de la France, t. 1-3, La Haye – Amst., 1727. – P. 280, Part II, pp. 252-3
- 3 Лебек С. Происхождение франков. – М.: Скарабей, 1993. – 348 с.
- 4 Мажуга В.И. Королевская власть и церковь во франском государстве // Политические структуры эпохи феодализма в Западной Европе VI-XVII вв. – Л., 1990. – С. 46-71.
- 5 Lutz E. Bonifatius. Missionar und Reformier. – München: Beck 2003. – 128 s.
- 6 Историческая хрестоматия. Средняя история. – СПб. – Киев, 1912. – С. 115-116.
- 7 Письмо Григория III к Карлу Мартеллу // Опыт тысячелетия. Средние века и эпоха Возрождения: Быт, нравы, идеалы. – М.: Юрист, 1996. – С. 273-274.

References

- 1 Zhumagulov K.T., Myrzabekova R.S. Orta gasyelar tarixy. – Almaty: Kazka universiteti, 2015. – 245 b.
- 2 Henri de Boulainvilliers. Histoire de l'ancien gouvernement de la France, t. 1-3, La Haye – Amst., 1727. – P. 280, Part II. – Pp. 252-3
- 3 Lebek S. Proisxozhdenie frankov. – M.: Skarabey, 1993. – 348 s.
- 4 Mazhuga V.I. Korolevskaya vlast' I serkov vo franskom gosudarstve // Politicheskie struktury epoxy feodalizma v Zapadnoi Evrope VI-XVII v. – L., 1990. – S. 46-71.
- 5 Lutz E. Bonifatius. Missionar und Reformier. – München: Beck 2003. – 128 S.
- 6 Istoricheskaya xrestomatiya. Srednaya istoriya. – SPb. – Kiev, 1912. – S. 115-116.
- 7 Pis'mo Grigoria III k Karlu Martellu // Opyt tysyachaletiya. Srednie veka i epoxa Vozrozhdeniya: Byt', nrvy, ideally. – M.: Yurist', 1996. – S. 273-274

Зулпыхарова Э.Ө.,
Утепбергенова Г.Ш.

Осман мемлекетімен Бұхара хандығы арасындағы дипломатиялық байланыстар

Орта Азия мемлекеттері мен Осман мемлекеті арасындағы дипломатиялық байланыстар XVI ғ. басталып XX ғ. басына дейін жалғасқан. Орта Азия хандықтары сияқты Бұхара хандығы да Осман мемлекетімен дипломатиялық байланыс орнатқан. Осман мемлекеті ислам өлкелерінің халифаты (мирасқоры) ретінде танылғандықтан Орта Азиядан Меккеге баратын әрбір адамның Ыстамбұл арқылы өткендегі мәлім. Бұл жағдай хандықтармен Осман мемлекетінің арасындағы діни байланыстардың да өрбуіне кең мүмкіндік берді. Мақалада Осман мемлекеті мен Бұхара хандығының Шайбани әулеті билеушілерінің басқаруы жылдарындағы дипломатиялық байланыстардың бағыттары және бұл байланыстардың нәтижелері сияқты мәселелер қарастырылған. Сонымен қатар мақалада Осман мемлекеті мен Бұхара хандығы арасындағы дипломатиялық байланыстарды растайтын деректердің, жарияланған мұрағат құжаттарының ақпараттарын осы саладағы зерттеулерді пайдалана отырып, олардың арасындағы дипломатиялық байланыстарды талдауға әрекет жасалған.

Түйін сөздер: Орта Азия, Осман империясы, Халифат, Ыстамбұл, Бұхара хандығы, Шайбани әулеті, сыртқы саясат, дипломатиялық байланыстар.

Zulpykharova E.U.,
Utepbergenova G.Sh.

The diplomatic relationship between Ottoman Empire and Bukhara Khanate

The Diplomatic relationship between Central Asian countries and Ottoman Empire began in the 16th century and continued until the beginning of the 20th century. As all Central Asian khanates Bukhara khanate had the diplomatic relationship with Ottoman State. The Ottoman State was known as Islamic caliphate (successor) and all the Muslims from Central Asia go to Mecca though Istanbul. This situation gives an opportunity to strengthen the religious relationship between the Ottoman Empire and the Khanates. In this article is considered the directions and the results of diplomatic relationships between Ottoman State and Bukhara khanate under the Shaibani dynasty rule. As well as attempted to analyze the data and published archive documents confirming the diplomatic relationship between Ottoman State and Bukhara khanate.

Key words: Central Asia, Ottoman State, a Caliphate, Istanbul, Bukhara khanate, the Shaybanids, foreign policy, diplomatic relations.

Зулпыхарова Э.Ө.,
Утепбергенова Г.Ш.

Дипломатические отношения между Османской империей и Бухарской ханством

Дипломатические отношения между странами Центральной Азии и Османской империей начались в XVI в и продолжались до начала XX века. Бухарское ханство как и все Среднеазиатские государства имела дипломатические отношения с Османской империей. Османская империя была известна миру как преемник исламского халифата и большинство мусульман из Средней Азии проезжали в Мекку через Стамбул. Такое положение дало возможность усилению религиозной связи между Среднеазиатскими государствами и Османской империей. В этой статье рассматриваются основные направления и результаты дипломатических отношений между Османской империей и Бухарским ханством под властью династии Шайбанидов, а также попытка проанализировать данные и опубликованные архивные документы, подтверждающие дипломатические отношения между Османской империей и Бухарского ханством.

Ключевые слова: Средняя Азия, Османская империя, Халифат, Стамбул, Бухарское ханство, Шайбаниды, внешняя политика, дипломатические отношения.

**ОСМАН
МЕМЛЕКЕТІМЕН
БҰХАРА ХАНДЫҒЫ
АРАСЫНДАҒЫ
ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ
БАЙЛАНЫСТАР**

Осман мемлекеті мен Бұхара хандығы арасындағы алғашқы дипломатиялық байланыстар Бұхара хандығының тарих сахнасына шығуы кезеңінен бастау алды. Осман мемлекеті Ұлы Ислам мемлекеті және Осман мемлекетінің басшылары Суннит мұсылмандарының Халифасы саналғандықтан мұсылман мемлекеттерінің бірқаншасы бұл мемлекетке үлкен құрмет көрсетті. Осы себептен ислам мемлекеттері арасында орын алған түсінбеушіліктер кезінде және қажетті жағдайларда дұшпандарына қарсы күресте көмек алу мақсатында Осман мемлекетіне жиі-жиі өтініш жасайтын [1].

Бұхара хандығы Орта Азия хандықтарымен салыстырғанда оның табиғи ресурстары, географиялық орналасуы және ғылым-білімнің дамуы жағынан алдында болды. Көптеген орта ғасырлық ғұлама ойшылдардың Бұхара қаласынан білім алғандығы бізге мәлім [2]. Осман мемлекеті мен Бұхара хандығы арасындағы саяси және мәдени байланыстар Бұхара әмірлігінің Патшалық Ресей үкіметінің отаршылдық саясатын жүргізуі нәтижесінде Бұхараның орыстардың қоластына өтуіне дейін, тіпті одан кейінгі Осман империясының құлдырауы тұсында орын алған ұлттық күрес жылдарында да жалғасын тапты. Осман мемлекеті мен Бұхара хандығы арасында дін бірлігі және белгілі бір дәрежедегі тіл жақындығы болды. Бұл ұқсастық екі мемлекеттің жақындасуына елеулі ықпал етті.

Осман мемлекеті мен Бұхара хандығы арасындағы дипломатиялық байланыстар XVI ғасырдан бастау алды. Бұл кезде Иранда Шах Исмаил (1499-1524) шиизмды құрал ретінде пайдаланып, билікті қолына алған болатын. Өзбектер мемлекетінің билеушісі Әбілхайыр қайтыс болған соң оның немересі Мұхаммед Шайбани кезінде өзбек халқы Самарқандпен бірге бүкіл Мауереннахрде тәуелсіздікке қол жеткізді. Шах Исмаил 1510 жылы әскер жинап, Мерв түбінде Шайбани ханның әскерін талқандап, Хорасанды иеленіп өзбектерге соққы берді. Мұхаммед Шайбанихан Сефевилер тарапынан өлтіріледі. Бабыршах Шах Исмаилдің көмегін пайдалана отырып Орта Азияны жаулап алуға тырысады. Дегенмен 1512 жылы жеңіліп, Орта Азия аймағын тастап Үндістанға қарай шегінуіне тұра келеді. 1510 жылы Шах Исмаилден жеңіліс табуы және артынша Бабыр басқыншылығына ұшырауына байланысты өз-

бектер өздерін жинақтап, топтасқанымен де, өз араларындағы бөліністі тоқтата алмады [3].

Осылайша Осман мемлекеті мен өзбектер арасындағы қарым-қатынастардың жақсы дамуының негізгі ең басты себебі де Иран мемлекетімен байланысты болды. Осман мемлекеті Иранның шекараларын бақылауы мен қорғауында ең маңызды фактордың Өзбектер болғандығын жақсы түсінді. Осы себептен жиі өзбек халықтарына көмек көрсетті және олар арасындағы туындаған мәселелерде татуластырушылық қызметін атқарды.

Сонымен қатар Шах Исмаил Шығыс Анадолыда дінді құрал ретінде пайдаланып, Осман мемлекетіне нақтырақ, Явуз Селимге 1514 жылы Шалдыранда үлкен соққы береді. Дегенмен бұл соғыста Осман мемлекетінің әскери күшқуаты басымырақ түсіп, Иран шахы Исмаил жеңіліс тапты. Осы сәттен бастап өзбектер мен османлылар арасында бірлесу қажеттілігі ортаға шыға бастады. Иранда шиизмнің мемлекет дәрежесіне көтерілуі Осман мемлекеті мен Түркістан хандықтарының өзара күштерін біріктіруге үндеді. Құрылатын одақтың да басты мақсаты Ирандағы шиизмге қарсы күресу болды. Бұл күрестер және соғыстарда өзбектер мен османлылар бір-біріне әскери көмек көрсетті [4].

Бұхараның хандық дәрежесіне көтеріліп Бұхара хандығы аталуы 1533 жылында Убайдуллаханның (1533-1539) билігі кезеңіне тура келді. Оның билігі тұсында мемлекет күшейіп, мемлекеттің астанасын Самарқандтан Бұхара қаласына көшіреді. Осы сәттен бастап мемлекет Бұхара хандығы деп атала бастайды. Убайдуллахан Мухаммед Шайбани ханның інісі Махмұт Сұлтанның ұлы болды. Ол Бұхара қаласын атасынан қалған мұра ретінде бағалады. Өйткені Шайбани хан тірі кезінде Бұхара билігін інісі Махмұт Сұлтанға, яғни Убайдуллаханның әкесіне берген болатын. Осылайша Шайбанилердің Мауереннахрда құрған мемлекеті осы сәттен бастап ресми түрде Бұхара хандығы деп атала бастады. Дегенмен Убайдуллахан Бұхараны 1512 жылдан басқарып келген болатын [5].

Бұхара хандығы өзінің өмір сүруі барысында Шайбани әулеті, Аштарханийлер әулеті және Маңғыттар әулетінен (мемлекет Бұхара Әмірлігі деп атала бастады) үш әулеттің билеушілері тарапынан басқарылды.

Ғасырлар тоғысында екі халық өкілдері ғұламалар, ғалымдар, ақындар, өнер адамдары медреселерде бірге білім алып, сауда-саттық байланыстары және өзара достық қатынастар орнатқан. Екі мемлекет арасындағы байланыс-

тарда мемлекет басшылары тарапынан жүргізілген елшілік қатынастары басты рөл атқарды. Жоғарыда атап өткендей, Сефеви мемлекетіне қарсы күресте екі мемлекет бірігіп соққы беру үшін одақтасты.

Бұл жөнінде Феридун Бей жазбасында Жауыз Сұлтан Селимнің Убайдуллаханға жіберген бір хаты және бұл хатқа жазылған жауабы бар. Сонымен бірге Жауыз Сұлтан Селимнің жібергендігін айғақтайтын бір басқа хат та орын алып, бұл жерде де басты тақырып сол кездегі өзекті болған және сол ғасыр ішінде орын алған мәселелер қатарынан еш түспеген Сефеви мәселесі болатын. Осман мемлекетінің маңайындағы орын алып жатқан оқиғаларға байланысты дайындалған мәлімдемелері Османлы мұрағаттарынан табылады. Олардың бірі Осман мемлекетінің тыңшысы болған Мехметтің Сұлтан Селимге жолдаған хабары болып табылады. Бұл хабарда «Ubeyd Sultan, Ab-ı Amu suyun geçür, Heri'yi (Herat'ı) alup, beği Zeynel Han'ı ve Kõr Emir Beğ'i çikarup, Merv'i dahi hisar etmiş durur» деп жазылған. Яғни, Убайдуллаханның Амудариядан өтіп, Хератты жаулап алғандығы Мервты бекініс жасап, тұрақтанып қалғандығын Сұлтанға хабарлаған [6].

Убайдуллахан Сефевилерге қарсы күресіп олардың Мауереннахрдағы басқыншылығын тоқтатты. Оның тұсында мемлекет аумағы Шайбани хан дәуіріндегі территорияны қайта иеленді. Ол Хератты алып қызыл бастыларды (сефеви әскерлері бастарына қызыл шалма орағаны үшін қарсыластары оларды солай атаған) бірнеше рет жеңіліске ұшыратты. Айрықша Убайдуллахан Қорасанның үлкен бөлігін жаулап алды. Ол 1515 жылдың 8 қыркүйегінде елшісі Әмір Саид Мұхаммадты Ыстамбұлға жібереді. Елші Сұлтан I Салиммен келісімдер жүргізеді. Осман мемлекеті бұл елшіге жауап қайтарып еліне шығарып салады. Сұлтан I Салимнің елшісі Мұхаммадбек осы жылы Бұхара хандығына Сұлтанның хатын алып келген. Осман мемлекетінің билеушісі өз хатында Убайдуллаханды «қызыл бастыларға» қарсы бірлесіп күресуге шақырған [7].

Осман сұлтаны I Селим 1520 жылы 22 қыркүйекте қайтыс болғаннан кейін таққа ұлы I Сүлейман отырады. Ол Осман мемлекетінде 1520-1566 жылдары билік жүргізеді. Сефеви себебіне байланыста Осман мемлекетімен Бұхара хандығы арасындағы байланыстар Жауыз I Селимнен кейін Сұлтан Сүлейман (1520-1566), II Селим (1566-1574), III Мұрат (1574-1595) билігі тұсында да өз жалғасын тапты [8].

Бұхара ханы Убайдуллахан 1539 жылы қайтыс болғаннан кейін Шайбани әулетінде тақ үшін күрес басталып, хандық кішігірім бөліктерге бөлініп кетеді. Самарқандта Көшкінші ханның ұлы I Абдуллахан 6 ай билік жүргізіп, 1540 жылы қайтыс болады, ол қайтыс болғаннан кейін Бұхарада Убайдуллаханның ұлы Абдуллазизханның (1540-1550), ал Самарқандта жиені Абдуллатифханның (1540-1552) билігі орнайды. Абдуллатифхан Бұхарадағы Абдуллазизханның билігін мойындамады [9]. Бұхара хандығында ішкі тұрақсыздық күн өткен сайын нығая түсті. Бұл тұрақсыздық пен өз ішіндегі бытыраңқылық тіпті сыртқы саясатына да кері әсерін тигізе бастады.

Сұлтан I Сүлейман 1548 жылында Човуш Ахмет есімді елшіні Азақ-Астрахань жолымен Абдуллатифханға жібереді және жазылған хатта, бұл жолы жүргізетін соғысында Өзбектердің де Мауереннахр тарапынан соғыс ашуларының тиімділігін айтады. Дегенмен хандықтың ішкі тұрақсыздығы жағдайында Өзбектер Сұлтан I Сүлейманның Екінші Шығыс сапарында бірде бір іс-әрекет жасай алмады. 1550 жылында Сұлтан I Сүлейманның жазған хатында бұл әрекетсіздікке сын айта отырып, Өзбектердің де әбігерге түсіп, шынайы ықыласпенен тойтарыс беруінде ғана Иран елінің берекесін қашырып, жойып тастау мүмкіндігін білдіреді. Хатта екі жылға жуық уақыттан бері Осман мемлекеті әскерінің Иранға сапары кезінде Өзбектердің келмегендігі, қолдау көрсетпегендігі ескертілді [10].

Абдуллатифхан 1552 жылы қайтыс болғаннан кейін, билікке Наурыз Ахмед хан (1552-1556) келеді. Ол ең жоғарғы Өзбек ханы болып жарияланды. Наурыз Ахмедхан тұсында өзбектер мен османлылар арасындағы қарым-қатынастар жақсы дамыды. Сұлтан I Сүлейман мен Наурыз Ахмедхан ортасында Иран шахы I Тахмаспке (1524-1576) қарсы одақ жасалынады. 1551–1556 жылдарда Мауереннахр үшін Шайбанилер ортасында билік үшін қырқысулар орын алады. Аталмыш жылдарда түрік әскерлері Наурыз Ахмедхан тарапында күрес жүргізеді. Осман мемлекеті Өзбек сұлтандарын мылтық, қару-жарақ, оқ-дәрімен қамтамасыз етіп отырған. Сонымен қатар әскерлерге заманауи қаруларды пайдаланудың қыр-сырын үйреткен.

Осы кезеңде атақты түрік саяхатшысы Сейди Али Реис Ташкентте болып Наурыз Ахмед ханмен кездескен. Бұл кездесу жөніндегі өз естеліктерін ол өзінің «Миратул Мемалик» (Мемлекеттер айнасы) еңбегінде жазып қалдырған.

Бұл кезеңмен байланысты болған маңызды деректерден бірі болып табылатын Сейди Али Реистің «Миратул Мемалик» атты шығармасында Наурыз Ахмет ханға арналған бөлім орын алған. Осман билеушісінің Наурыз Ахмет ханға қару жібергендігін ұғындырған Сейди Али Реис соңында Наурыз Ахмет ханның оларға баруы үшін рұқсат сұрауы кезінде мына сөздерді айтқандығын айтады: «Падишах Хазіреттерінің қандай да бұйрығы болса, онымен бағынамыз». Бұл кезде қарастырылған басты мәселе де Осман мемлекетінен алынған қару-жарақтарды өзбектердің өз ішіндегі билік үшін күрестерде қолданылуында еді. Тіпті Сейди Али Реистің адамдарының жанындағы қарулар да осы ішкі күрестер себебімен өздерінен сұралды [11].

Сонымен қатар Хафыз Бухарийдың «Абдулламама» атты еңбегінде бұл одақтастық жөнінде қызықты деректер бар. 1557 жылы Абдуллахан Бұхара қаласын бекініс жасағанда қала әкімі Бұрхан түрік әскерлерін қаладан алып шығады. Бұл оқиға еңбекте былайша сипатталынады: «(Бұрхан сұлтан) екі мыңға жуық румдық түрік әскерімен Хожа Нақшбандий атымен белгілі танымал болған Мұхаммад ибн Мұхаммад Бухорий мазары қақпасынан шықты. Олардың өнері мылтық ату болып, тіпті қараңғы түнде де көздеген нысанына сөзсіз тигізер еді. Олар аттарына мініп соғыс майданына аттанды...».

Түркістан аймағындағы өзара тақ үшін тартыстар, үш хандық ортасындағы тоқтаусыз соғыстар Осман мемлекетімен Бұхара хандығы арасындағы дипломатиялық байланыстарға сызат түсірді. Түркістан аймағына жіберілген түрік әскерлері де хандықты сыртқы жаудан қорғаудан гөрі ішкі қақтығыстарға қатысумен әлек болды.

Мауереннахр және Шайбани әулеті ішінде тақ үшін күресте Искандар Сұлтаннның ұлы Абдуллахан жеңіске жетеді. Ол Шайбани әулетіндегі билеушілер арасындағы ең атақты билеуші болды. Оның тұсында Бұхара қаласы сөзсіз мемлекет астанасы болып қалды. Абдуллахан II тұсында (1557–1598) Мауереннахрда бытыраңқылыққа нүкте қойылып, орталықтанған мемлекет құрылды [12].

Осман мемлекетінде I Сүлейманның 1566 жылы қайтыс болуынан кейін билікке II Селим келді. II Селим кезінде Бұхаралы шейхтер Орыстардың Мұсылман халықтарына жасаған қысымдарын Осман билеушілеріне түсіндірді. Осыған байланысты Осман билеушілері, бұл мә-

селе бойынша Орыстарға Мұсылман халыққа жаман пиғылдарын жүзеге асырмауы жөнінде ескертетін болды. 1569 жылдағы Астрахань жорығының айқын себептерінен бірін де, осы оқиғалар құрады.

Астрахань сапарының сәтсіздігі себебімен Осман Сұлтаны Мұсылмандардың құқықтарын қорғау мақсатында дипломатиялық талпыныстар жасауға уәде берді. 1569 жылында Орыс елшісі Новосилтиев Ыстамбұлға келгенінде II Селим осы тақырыпқа байланысты шағымдарын айтып, қандай да бір шара қолдануларын атап айтты [13].

Осман билеушілерінің мұндай дипломатиялық әрекеттері Өзбек хандықтарына және ханға байланысты болған түзу ниетін көрсету жағынан өте маңызды болды. II Абдуллах Хан өз хандығының біртұтастығын қамтамасыз еткеннен кейін 1574 жылы Осман мемлекетімен дипломатиялық байланыстар орнатты. Екі тарап ортасында екі жақты елшілер жіберілді [14].

1578-1590 жылдарда екі ел арасындағы дипломатиялық байланыстар өз жалғасын тапты. Осман Сұлтаны III Мұрат (1574-1595) II Абдуллаханға (1583-1598) елші жіберіп, Иранға қарсы бірігіп күресуге шақырды. Бұхара хандығының билеушісі бұл ұсынысты қуана қарсы алды. Өйткені Сефевилерге қарсы күресте одақтас керек болатын. Тез арада ол Хорасанға шабуыл жасап, Машхад пен Нишапурды иеленеді.

1589 жылы Осман мемлекеті мен Бұхара хандығы арасындағы байланыстар мен қарымқатынастар әлсіздене бастады. Оның үстіне Өзбектер Иранды арадан шығарып күштерін

Осман мемлекетінің шекарасына дейін жеткізуге тырысты. Бұл жағдай және Өзбектердің мақсаттары Осман мемлекеті тарапынан жағымды қабылданбады. Соғыста ауыр жағдайға түскен Иран, Шах Аббас Осман мемлекетімен келісім жасауға тырысады және бұған қол жеткізеді. 1590 жылы Осман мемлекеті Иранмен келісім жасады. Бұдан кейінгі орын алатын жағдайларда да келісімді орындайтындығын көрсетті.

II Абдуллах Хан, Осман билеушісіне Машхадты басып алғаннан кейін өзінің жеңістерін жазған бір хат жолдайды. Бұл хат арқылы II Абдуллах Ханның қалауы Осман билеушісі мен бірдей дәрежеде болғаны анықталды. Айрықша, II Абдуллах Хан, Осман басқаруындағы Тебризге дейін жеткенін айта отырып, бюрократтық әдепті де үмітті. Бұл жағдай Осман билеушісін ашуландырды. Дегенмен II Абдуллах хан Осман мемлекетімен арақатынасты түп тамырымен ұзу мүмкін еместігін де бір жағынан түсінді.

1597 жылы Шах Аббас Өзбектерден мықты әскери күшпен Хорасанды тартып алды. II Абдуллаханның ұлы әкесіне қарсы бүлік жасады. 1598 жылы II Абдуллаханның қайтыс болуынан кейін билікке келген ұлы Абдулмөмін алты айдан кейін өлтіріледі. Бұл жағдай Шайбани әулетінің соңы болды [15].

1598 жылы билік Аштарханийлер билеушісі Баки Мұхаммед қолына өгіп, Бұхара хандығында билік Аштарханийлер әулетіне тиесілі болды. Осман мемлекеті мен Бұхара хандығы арасындағы дипломатиялық байланыстар Аштарханийлер кезеңінде де өз жалғасын тапты.

Әдебиеттер

- 1 İsmail Hakkı Uzunçarşılı, Osmanlı Tarihi, III.cilt, II. Kısım. – Ankara, 1977. – S. 252.
- 2 Азамат Зиё. Ўзбек давлатчилиги тарихи. – Тошкент: «Шарқ», 2000. – 244-б.
- 3 P.Sykes, A History of Persia. – London, 1930, II, 161
- 4 I.H.Uzunçarşılı, Osmanlı tarihi. – Ankara; 1949, III. – S. 254;
- 5 O‘zbekiston tarixi: Ma‘ruzalar kursi / Hasanov B.V. va boshq. – Toshkent: O‘zbekiston Respublikasi IIV Akademiyasi, 2005. – 251 b.
- 6 Türkler, VIII Cilt, Yeni Türkiye yayınları. – Ankara, 2002
- 7 Носир Мухаммад, Туркистон ва Туркия: Маънавий кўприклар. – Тошкент, 2011. – 62 б.
- 8 Kılıç, R. (1999). Osmanlı padişahı III. Murad ve Özbek hükümdarı II. Abdullah Han dönemi Osmanlı-Türkistan dayanışması. Bilig Dergisi. – S. 10. – Ankara. – S. 49-59.
- 9 История Узбекистана в источниках. Составитель Б.В. Лунин. – Ташкент, 1990.
- 10 M. Fahrettin Kirzioğlu, Osmanlıların Kafkas Ellerini Fethi(1451-1590),T.T.K.B. – Ankara, 1993. – S. 259-260.
- 11 Seydi Ali Reis, Mir‘at-ül Memalik, baskıya hazırlayan: Necdet Akyıldız, İstanbul. – S. 94-96.
- 12 Ozbekiston tarixi. II qism. – Toshkent, 1993. – 32 б;
- 13 Audrey Burton, «Relations Between the Khanate of Bukhara and Ottomon Turkey 1558-1702», International Journal of Turkish Studies, 5. – S. 87.
- 14 Марузалар туплами, Узбекистан тарихи ва маданияти. – Тошкент, 1992. – S. 95.
- 15 Rene Grousset, Bozkir İmparatorluğu, Terc. – M.: Rethorn‘at Uzmen,İstanbul,1980. – S. 448.

References

- 1 İsmail Hakkı Uzunçarşılı, Osmanlı Tarihi, III.cilt, II. Kısım, Ankara, 1977. – S. 252.
- 2 Azamat Ziya. Uzbek davlatchiligi tarihi. – Tashkent: «Sharq» 2000. – 244-b.
- 3 P.Sykes, A History of Persia. – London, 1930, II, 161
- 4 I.H.Uzunçarşılı, Osmanlı tarihi. – Ankara, 1949, III. – S. 254;
- 5 O‘zbekiston tarixi: Ma‘ruzalar kursi / Hasanov B. V. va boshq. – T.: O‘zbekiston Respublikasi IIV Akademiyasi, 2005. – 251 b.
- 6 Türkler, VIII Cilt, Yeni Türkiye yayınları. – Ankara, 2002
- 7 Nasir Muhammad, Turkistan va Turkiya: Manaviy kupriklar. – Tashkent, 2011. – 62 b
- 8 Kılıç, R. (1999). Osmanlı padişahı III. Murad ve Özbek hükümdarı II. Abdullah Han dönemi Osmanlı-Türkistan dayanışması. Bilig Dergisi. – S. 10, Ankara. – S. 49-59.
- 9 İstoriya Uzbekistana v istochnikah. Sostavitel B.Lunin. Tashkent, 1990.,
- 10 M.Fahrettin Kirzioğlu, Osmanlıların Kafkas Ellerini Fethi(1451-1590),T.T.K.B. – Ankara,1993. – S.259-260.
- 11 Seydi Ali Reis, Mir‘at-ül Memalik, baskıya hazırlayan: Necdet Akyıldız, İstanbul. – S. 94-96.
- 12 Ozbekiston tarixi. II qism. – Toshkent, 1993. – 32 b;
- 13 Audrey Burton, «Relations Between the Khanate of Bukhara and Ottoman Turkey 1558-1702», International Journal of Turkish Studies, 5. – S. 87.
- 14 Maruzalar Toplami, Uzbekistan Tarihi va Madaniyati. – Taşkent, 1992. – S. 95.
- 15 Rene Grousset, Bozkir İmparatorluğu, Terc. M. Rethorn‘at Uzmen. – İstanbul, 1980. – S. 448.

Мырзабеков М.С.,
Қуатбекова С.Д.

**Орталық Азиядағы
сәуенергетикалық мәселелер:
себептері, қиындықтары мен
шешім жолдары**

Әлемде сураныс тек мұнай мен газға ғана емес, суға да күн санап артып келеді. БҰҰ-ның зерттеуіне қарағанда «аймақта су ресурстарының тапшылығы, әсіресе климаттық жағдайдың өзгеруіне байланысты күшейе түседі» деп көрсетілген. Бұл дегеніміз жекелеген аймақтардың ғана емес, сондай-ақ бүкіл Орталық Азияның тұрақты дамуына қатер төндіреді дегенді білдіреді. Орталық Азияда су жеткіліксіздігі артып отыр. Қазірдің өзінде Түркменстан мен Өзбекстан адам басына шаққандағы су тапшылығын сезіп отыр. БҰҰ-ның есептеуі бойынша, суға деген осындай көзқарас сақталған жағдайда, ғасырдың ортасында аймақта су тапшылығы орын алады. БҰҰ болашақта су, мұнай мен газға қарағанда маңызды стратегиялық қорға айналуы мүмкін. Сондықтан суды ретсіз пайдалана бермей, Орталық Азияның республикалары гидрокорлардың бағасын анықтауы қажет. Орталық Азиядағы су мәселесі екі жақты шешілмейді деп көрсетеді сарапшылар. Көптеген елдердің экономикалық дамуын анықтаудағы жетекші фактор су болып отыр, себебі, суды әлемдік пайдалану, егер судың ластану деңгейін ескеретін болсақ, судың қол жетімсіздігі артып келе жатқан елдер қатары көп болып отыр. Қазіргі таңда орын алып отырған климаттық өзгерістер де су тапшылығын арттыра береді. Осы жағдайлардың барлығы су мәселесіне қатысты ішкі қақтығыстар мен халықаралық қақтығыстарға алып келуі мүмкін.

Түйін сөздер: Орталық Азия, су ресурстары, экология, су энергиясы, қауіпсіздік.

Myrzabekov M.S.,
Kuatabekova S.D.

**Water-energy problems in
Central Asia: reasons, difficulties
and ways of resolving**

There is growing demand not only for oil and gas, but also for water in the world. One of key conclusions of the report «Water resources of Kazakhstan in the new millennium» prepared with assistance of the UN demonstrates that «deficiency of water in the region will increase, especially taking into account climate change» that will put at risk sustainable development not only separate zones, but also all region of Central Asia. In Central Asia, growing water scarcity. Already, Turkmenistan and Uzbekistan are included in the top ten countries in which per capita water falls less likely. The UN estimates that by mid-century, the region will experience a serious shortage of water in the event that will continue its predatory and uncontrolled consumption. UN experts predict that in the 21st century water will become an increasingly important strategic resource than oil and gas. In terms of increasing water scarcity, of course, it becomes a commodity. gratuitous use of its time passes, and the Central Asian republics have to determine the value of water resources. Experts agree that the issues of water use in Central Asia can not be solved only in a bilateral format.

Key words: Central Asia, water resources, ecology, water energy, safety.

Мырзабеков М.С.,
Қуатбекова С.Д.

**Водно-энергетические
проблемы в Центральной Азии:
причины, трудности и пути
разрешения**

В Центральной Азии растёт дефицит воды. Уже сейчас Туркмениция и Узбекистан входят в первую десятку стран, в которых воды на душу населения приходится меньше всего. По оценкам ООН, к середине века регион будет испытывать серьёзный недостаток воды в случае, если будет продолжаться хищническое и бесконтрольное её потребление. Эксперты ООН прогнозируют, что в XXI веке вода станет более важным стратегическим ресурсом, чем нефть и газ. В условиях нарастающего дефицита вода, безусловно, становится товаром. Времена безвозмездного её использования проходят, и республикам Центральной Азии придется определить стоимость гидроресурсов. Эксперты едины во мнении, что вопросы водопользования в Центральной Азии не могут быть решены только лишь в двустороннем формате. Вода стала одним из главных лимитирующих факторов экономического развития многих стран и отдельных регионов, поскольку рост мирового потребления воды, наряду с увеличивающимся уровнем её загрязнения, приводит к росту числа стран, в которых снижается доступность водных ресурсов. Климатические изменения также будут усиливать контрасты, в особенности засухи и наводнения, которые будут более интенсивными. Все это будет порождать новые конфликты вокруг воды, как внутренние, так и международные.

Ключевые слова: Центральная Азия, водные ресурсы, экология, водная энергия, безопасность.

**ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ
СУЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ
МӘСЕЛЕЛЕР: СЕБЕПТЕРІ,
ҚИЫНДЫҚТАРЫ МЕН
ШЕШІМ ЖОЛДАРЫ**

ООН бағалауы бойынша ХХІ ғасыр басында ғаламшар тұрғындары 85 млн адамға көбейеді [1]. Судың тұтынуы жан басына шаққанда артып келеді, әр екі жылда ол еселенеді. Халық санының өсуі, урбанизация, индустриялық дамуы және ауыл шаруашылық үшін су ресурсына сұранысы күшейіп отыр. Бірақ бұның өзіндік шегі бар. Әлемдегі көптеген елдерде су ресурстары іс жүзінде толық игерілген. Өзен-көл және су жиектері, көбінесе трансшекара ресурсы судың жоқтығын сезіп жатыр, елдер су жоқ аумақтарда орналасқан. Көптеген көрші мемлекеттер аумағы су ағынына бағынышты. Мысалы, Кувейт (100%), Түрікменстан (97,1%), Египет (96,9%), Мавритания (96,5%), Венгрия (94,2%), Молдавия (91,4%), Бангладеш (91,3%), Нигер (89,6%), Нидерланды (87,9%) [2].

Орталық Азияның ортақ жүйе ағыны табиғи аумақтық құрылым болып табылады. Күз және қыс мезгілдерінің жауыншашыны мен таудың мұзды қары жиналып, судың қайнар көзін қалыптастырады. Өзбекстан, Қазақстан, Түрікменстан аумағына қарай көбінесе ұзын сектор бағытталады. Мысалы, Қытай еліндегі су ресурсының бір бөлігі Шығыс Қазақстанға барып түседі. Көптеген сарапшылардың бағалауы бойынша, посткеңестік Орталық Азия елдерінің тұщы суының қоры жылына 170-180 куб км құрайды.

1-кесте – Орталық Азия аумағының су ресурсының қамтамасыз етілуі

Қазақстан	100,5	34,2	16,4	6485
Қырғыстан	44,1	–	13,0	8480
Тәжістан	80,2	16,2	18,7	13500
Түрікменстан	24,7	23,4	0,4	4089
Өзбекстан	50,4	34,1	8,8	1874
Барлығы	299,9	–	57,3	5667

Халықаралық су шаруашылық комиссиясының дерегі бойынша, жарты жылдық тұщы судың халық басына шаққандағы есебі, Орталық Азия елдері 1870 куб м құрады. Оның ішінде

Тәжікстан – 1801, Өзбекстан – 1647,9 куб м. Мамандардың пікірі бойынша су тапшылығы жылына адамның су қажеттілігі бойынша 1700 куб м құрайды [3]. Осылайша, Орталық Азияда ішінара таулы жерлер мен құрғақ климатқа қарамастан, су тұтыну деңгейі экономика дамуына кедергі келтірмейді.

Су ресурстары Орталық Азияда жаңартылған жерүсті және жер асты суларынан тұрады, сондай-ақ антропогендік су өтелуі, одан бұрын бірнеше трансшекаралық өзендер ағысын беткі байланысты, бірнеше елдер және шекаралық екі мемлекет арасындағы аумақ ағыны; Амудария және Сырдария (Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Өзбекстан), Талас және Шу (Қазақстан және Қырғызстан), немесе (Қазақстан және Қытай), Тарим (Тәжікстан, Қырғызстан, Қытай), Ертіс (Қытай, Ресей және Қазақстан), Тобыл, Орал, Есіл (Ресей, Қазақстан). Негізгі су ресурсы Сырдария және Амудария бассейні болып табылады. Соңғысы және ең ірісі Орталық Азияда, негізі құрғақшылық Тәжікстанда қалыптасқан. Содан кейін Ауғанстан, Өзбекстан шекарасы бойымен ағады, Түрікменстанды кесіп, қайтадан Өзбекстанға қайтып келіп, Арал теңізіне құйылады. Көбінесе еріген қарлы және мұзды сулармен қоректенеді, сондықтан максималды ағыны жазда қаралады. Сырдария – Орталық Азияда су көздері бойынша екінші, ұзындығы бойынша бірінші өзен болып табылады. Оның көздері Орталық (Ішкі) Тянь-Шань, Қырғызстан аумағында орналасқан. Нарын мен Қарадария өзені біріккеннен кейін «Сырдария» деп аталды. Өзеннің қорегі мұзды және қарлы су. Сәуір айынан бастау алатын, су режимі үшін тасқын көктем және жазға тән. Көбінесе құрғақшылық шілде айында келеді. Негізгі құрғақшылық Қырғызстан аумағында қалыптасқан. Өзен Өзбекстан және Тәжікстанды кесіп өтіп, Қазақстан аумағындағы Арал көліне барып құяды. Арал теңізі бассейні жылына 100 куб км құрайды [4].

Арал көлінде 60-дан жоғары су қоймасы құрылған, пайдалы өлшеммен оның әрқайсысының 0,1 куб км жоғары. Оның қысқаша көлемі 64,5 куб км құрайды, оның ішінде пайдалы өлшемі 46,5 куб км, Сырдария бассейн қосқанда 26,3 куб м, Амудария бассейнін қоспағанда 20,2 куб км. Су ресурсы бұл аумақтарда әртүрлі аспектілермен ұлттық және аумақтық қауіпсіздікті анықтайды, олар экономика аумақтарының барлық саласында қолданылады. Су қолданатынының өлшемі соңғы жылдары 131,3-155 куб м бағаланады, яғни су қолданатыны-

ның режимі шиеленіскен. Су аздығы жылына су пайдаланатынының өлшемін гидрологиялық ресурстан асады, ол су қолданатынының қайталануын кәуәландырады. Бұл аумақта судың негізгі пайдаланушысы егін шаруашылығын суландыру болып қалады. Арал көліндегі бар ресурстардың суландырудың қажеттеліктері 90% бөлінеді. Барлық алаңның аумақтық егістік жер (39,975 млн гектар) суландыру бөлігі 10,219 млн гектарды құрайды, соның ішінде Өзбекстан – 42,5%, Қазақстанда – 22,7%, Түрікменстанда – 17,21%, Қырғызстанда – 10,6% және Тәжікстанда 7,1% орналасқан. Ауылдық шаруашылық экономикада, әлеуметтік қарым-қатынаста және қоршаған орта аумағының жағдайы үлкен рөл атқарады, ол халықты жұмыспен қамтамасыз етеді, ауыл шаруашылығының ЖІӨ 8,5 құрайды, Қырғызстан – 34,1, Тәжікстан – 24,2, Түрікменстан – 28,8, Өзбекстан – 21,7 [5].

Ауыл шаруашылығының маңызды рөлі былай түсіндіріледі: барлық Орталық Азия елдерінің халқының жартысынан көбі ауылды жерлерде өмір сүреді; негізіне сатылымдағы тауар ішкі елдерде қолданылады; ауыл шаруашылығы шикізат пен өнеркәсіп үшін жабдық болып табылады; ауыл шаруашылығы халыққа әлеуметтік-демографиялық даму болып табылады. Сонымен қатар ауыл шаруашылығындағы экономикалық, әлеуметтік, экологиялық, демографиялық мәселелерді шешеді.

Экологиялық тұрғыда, бұл аумақта ХХ ғасырдың екінші жартысында қолайлы жағдай сақталған. Бірақ, кейінірек халық санының өсу нәтижесінде, көлік санының көлемі, өндірістік шарасы, ауыл шаруашылығының химияландыру, антропогендік қысым өсуі, жүйенің салыстырмалы балансы «табиғат-адам» байланысын бұзды. Соңғы жылдары Орталық Азияның үлкен бөлігі жайсыз экономикалық аймаққа кірді. 1960-2000 жылдары суландыру жерлердің аумақтарындағы алаңы 1,8 есеге көбейді. Бірақ Орталық Азия елдеріндегі халық санының өсуі 6,2-7,2 млн адамға дейін өсті, ал 1950 – 4 есеге, бұл егістік жердің суландыру алаңына әкеп соқтырады, жан басына шаққандағысы ұдайы төмендейді. Егер 2007 ж. басында, жан басына 0,6 гектар берілсе, 2011 бұл көрсеткіш орташа 0,2 гектарды құрады [6]. Жақын болашақта Қазақстан мен Түрікменстанда ұлттық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жерлер жеткілікті болады, ал қалған 3 елдерде жердің жетіспеушілігі байқалады. Қазақстанда, Қырғызстанда, Тәжікстанда ауыл шаруашылық жерлердің аздап ұлғаюы болжамдалды (450-500 мың га). Тү-

рікменстан мен Өзбекстан 2025 жылға қарай суландыру аумағын 6 млн-нан 11 млн-ға көбейтуді жоспарлауда [7]. Тиісінше, суландыру үшін Өзбекстан, Қазақстан және Түрікменстан су көлемін көтеруге мәжбүр. Атап өтетін жайт, бүгінгі күні бұл аймақтардың су ресурстары толығымен экономикаға интеграцияланған. Бұл жағдай, табиғи алғышарттарды және қайшылықтарды мемлекеттік аумақтардың арасында ғана емес, мемлекеттің ішінде де халық тығыздығының дәлдігі бағаланбайды.

Алайда, Орталық Азия аймағындағы су ресурстарының шектеулілігіне маусымдық және территориялық әркелкілік тән. Өзен сағасында орналасқан Орталық Азия елдері, ағыстың жоғары жағында орналасқан тұтынушыларға тікелей тәуелді. Судың жетіспеушілігі мен оның ластануы аймақ мемлекеттерінің арасында үлкен проблемаға ұласуы мүмкін. Өсіп бара жатқан су тапшылығы халықтың азық-түліктік

және жұмыспен қамту деңгейін азайтады. Су ресурстарының таусылуы мен ластануы экологиялық жағдайдың нашарлауына әкеледі.

Суды пайдаланудағы қазіргі және болашақ қажеттіліктерді тұрақты және әділ түрде қамту, су айрығы мемлекет шекарасына сәйкес келмейтін өзендердің су ресурстарын трансшекаралық басқару саласында Орта Азия елдерінің өзара экономикалық қатынас жасауын керек етеді. Халықаралық тәжірибе бойынша ортақ су ресурстарының болуы халықаралық таластарға себеп әрі көршілес мемлекеттердің бірігуіне де қосымша экономикалық негіз болуы мүмкін. Орын алған жағдай осы салада серіктестіктің орнықтылығын жоғарылату мен аймақ елдерінің экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз ететін мемлекетаралық институттарды құруға бағытталған су ресурстарын бірге басқарудың сенімді механизмі мен экономикалық саясатты түзетуді қажет етеді.

Әдебиеттер

- 1 http://www.undp.kz/library_of_publications/files/2496-16076.pdf – Обзор «Водные ресурсы Казахстана в новом тысячелетии».
- 2 <http://www.talascu.kz/> – официальный сайт совместной комиссии Казахстана и Кыргызстана по водопользованию рек Талас и Чу.
- 3 <http://www.undp.org/water/> – официальный сайт Программы Развития ООН (UNDP).
- 4 <http://www.caresd.net/iwrm/ru/Prodoc-%20Feb%2010%20rus.doc> – Национальный план по интегрированному управлению водными ресурсами и водосбережению для Казахстана.
- 5 http://www.duma.gov.ru/cnature/expert_info/analit_vodresurs.htm – Аналитический обзор Комитета Госдумы РФ по природным ресурсам и природопользованию «Актуальные вопросы использования водных ресурсов в странах Центральной Азии».
- 6 Тендерные аспекты интегрированного управления водными ресурсами. – Ташкент: GWP, 2005. – 146 с.
- 7 Глобальное экологическое обозрение (ГЭО-3). Национальные доклады Центральной Азии (1972 2002 гг.) SIC ISDC, UNEP. – Ашхабад, 2001.

References

- 1 http://www.undp.kz/library_of_publications/files/2496-16076.pdf – Obzor «Vodniye resursy Kazakhstana v novom tysyacheletyi».
- 2 <http://www.talascu.kz/> – ofitzial'nyi sait sovmestnoi komissii Kazakhstana i Kyrgysstana po vodopl'zovaniyu rek Talas i Chu.
- 3 <http://www.undp.org/water/> – ofitzial'nyi sait Programmy Razvitiya OON (UNDP).
- 4 <http://www.caresd.net/iwrm/ru/Prodoc-%20Feb%2010%20rus.doc> – Natzional'nyi plan po integrirovannomu upravleniyu vodnyvi resursami i vodosnabzheniyu dlya Kazakhstana.
- 5 http://www.duma.gov.ru/cnature/expert_info/analit_vodresurs.htm – Analiticheskii obzor komiteta Gosdumy RF po prirodnym resursam i prirodopolzovaniyu «Aktual'nyie voprosy ispol'zovaniya v stranakh Tsentralnoi Asii ».
- 6 Tendernye aspekty integrirovannogo upravleviya vodnymi resursami. – Tashkent: GWP, 2005. – 146 s.
- 7 Global'noe ekologicheskoe obozrenie (GEO-3). Natzinal'nyie doklady Tsentralnoi Asii (1972 2002 gg.) SIC ISDC, UNEP. – Ashkhabad, 2001.

Мырзабеков М.С.,
Темірбеков Б.

Қазақстанның Орталық Азия аймағындағы интеграциялық бастамаларына әсер етуші ішкі және сыртқы факторлар

ТМД-дағы, сондай-ақ Орталық Азия аумағындағы интеграциялық үдерістердің негізі бастамашысы, әрине, Қазақстан болып табылады. Осыған орай, президент Н. Назарбаев Орталық Азия елдерінің басшыларын аймақтағы ресурстарды біріктіру, өзара байланысты тиімді экономика құру арқылы әлемдік шаруашылықтан аймақтық орын алу, сонымен қатар осы үдерістер арқылы халықтың тұрмысын жақсарту идеяларын бірнеше рет ұсынған болатын. Орталық Азиядағы интеграцияны құру және жүзеге асыру бойынша Қазақстанның бастамасы тарихи, географиялық, саяси-экономикалық, мәдени, тілдік, діни сынды іргелі уақытпен тексерілген болжамдарға негізделген болатын. Аумағы 3,5 млн ш. км болып табылатын Орталық Азия аумағы халқының саны 56 миллионға жуықтайды, ол өз кезегінде ТМД халқының 18%-ы болып табылады. Сонымен қатар аймақтағы елдердің экономикасы да өзара байланысты, табиғи және географиялық ерекшелігімен қоса Орталық Азия мемлекеттері энергетикалық, транспорттық, суармалы жүйелер мен газ бен су ресурстарының ортақ қолданушылары екендігі де белгілі.

Түйін сөздер: Орталық Азия, Қазақстан, интеграциялық үдеріс, геосаясат, стратегия, қауіпсіздік, бәсекелестік.

Myrzabekov M.S.,
Temirbekov B.

Internal and external factors exerting impact on integration initiatives of Kazakhstan in the Central Asian region

The main initiator of integration processes both within the CIS, and in the Central Asian region, certainly, is Kazakhstan. So, the President of Kazakhstan N. A. Nazarbayev repeatedly urged the countries of CA to unite resources, to create effective and interconnected economies which cumulative potential and its results would allow to gain recognition in world economy, to provide a worthy standard of living for our people. The initiative of Kazakhstan of creation and realization of CA integration union of the states is based on fundamental prerequisites – a historical, geographical, political, economic, cultural, linguistic, religious community of the people of this region. In the territory of CA covering over 3,5 million sq.km live more than 56 million people – 18% of all population of CIS. Economies of the states are highly interconnected, owing to natural and geographical features of region of CA of the state are joint users of power, transport and irrigational networks, systems gas and water supply.

Key words: Central Asia, Kazakhstan, integration process, geopolitics, strategy, safety, competition.

Мырзабеков М.С.,
Темірбеков Б.

Внутренние и внешние факторы, оказывающие влияние на интеграционные инициативы Казахстана в центральноазиатском регионе

Главным инициатором интеграционных процессов как в рамках СНГ, так и в центральноазиатском регионе, безусловно, является Казахстан. Так, Президент РК Н.А. Назарбаев неоднократно призывал страны ЦА объединить ресурсы, создать эффективные и взаимосвязанные экономики, совокупный потенциал которых и его результаты позволили бы получить признание в мировой экономике, обеспечить достойный уровень жизни для наших народов. Инициатива Казахстана по созданию и реализации интеграционного союза ЦА государств базируется на фундаментальных предпосылках – исторической, географической, политической, экономической, культурной, языковой, религиозной общности народов этого региона. На территории ЦА, охватывающей свыше 3,5 млн. кв. км, проживают более 56 млн. человек – 18% всего населения СНГ. Экономики государств в высокой степени взаимосвязаны, в силу природных и географических особенности региона ЦА государства являются совместными пользователями энергетических, транспортных и ирригационных сетей, систем газо- и водоснабжения.

Ключевые слова: Центральная Азия, Казахстан, интеграционный процесс, геополитика, стратегия, безопасности, конкуренция.

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ОРТАЛЫҚ АЗИЯ
АЙМАҒЫНДАҒЫ
ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ
БАСТАМАЛАРЫНА
ӘСЕР ЕТУШІ
ІШКІ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ
ФАКТОРЛАР**

Бүгінгі таңдағы халықаралық қатынастар жүйесінде Орталық Азия елдерінің болашақта алатын орны өте маңызды және өзекті болып отыр. Өйткені аймақ елдерінің болашағы мен басымдылықтарын дамыту дүние жүзінің, оның ішінде Азия аймағының тұрақтылығына байланысты. Аймақтық және халықаралық саясатта тең құқылы мемлекет болу үшін Орталық Азия елдері серіктестіктің, ынтымақтастықтың, қауымдастықтың тиімді жолдарын таңдағаны дұрыс.

Сондықтан Қазақстанның Орталық Азия мемлекеттерімен саяси-экономикалық ынтымақтастығы қалыптасуының даму жолдарын көрсету, бұл ынтымақтастықтың қандай дәрежеде дамып отырғандығын, оның болашағы мен бағыттарын айқындауда Қазақстан мен Орталық Азия мемлекеттері арасында қол қойылған екі және көп тарапты саяси-құқықтық, нормативтік құжаттар аймақ елдерінің интеграциялануға құлшыныс танытатындығын білдіреді.

Осы орайда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев: «Жалпы аймақтық мүдделерді ескермей, тар ауқымда ұлттық мүдделерді ғана көздейтін ұлттық мемлекет құру жолындағы кез-келген агрессиялық әрекет Орталық Азиядағы стратегиялық тепе-теңдікті бұзады деген қағиданы біз, Орталық Азия елдерінің басшылары, күні бүгіннен бастап түсініп, сонымен жарактануымыз керек... Біздің аймақты интеграциялау үшін барлық алғышарттар бар, оларға мәдени тарихи тамырлардың, діннің, экономикалық проблемалардың ортақтығын жатқызуға болады. Экономика саласында біз атқаруға тиісті шаралар мынандай: қазіргі қолданып жүрген экономикалық аймақты нығайту; Ортазиялық даму банкінің ролі мен мәртебесін көтеру; көп салалық кедендік одақ құру; ортақ ауыл шаруашылық нарығын құру; бірыңғай сыртқы экономикалық саясат жүргізу; бірыңғай транспорт жүйесін қалыптастыру; ұлтаралық компанияларды нығайту; ортақ нарық қалыптастыру және ең соңында болашақта бірыңғай валюта жүйесін құру», – деген болатын [1].

Бүгінгі таңда Орталық Азия кеңістігіндегі мемлекеттердің өзара ынтымақтастығы, біртұтас интеграциялық кеңістіктің қалыптасуы өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Саяси және экономикалық жүйелерді түбегейлі реформалау жолына

түскен Орталық Азия мемлекеттерінің сыртқы ортамен серіктестікті ұлғайтуға бағыт алуы, еліміздің жаңа үлгідегі ынтымақтастық пен қарым-қатынастарды қалыптастыру үдерісін жалғастырып жатқандығын білдіреді. Осы үдерісте төмендегідей тенденциялар қалыптасты, ол халықаралық аренада Орталық Азия мемлекеттерінің орнын анықтауға келгенде олардың тарихи дамуы, мәдениеті және әлеуметтік ұқсастығын айқындай келе, жаңа аймақтық қауымдастық ретінде қалыптасуға ұмтылыс жасауы және одан әрі дамуы болып табылады.

Орталық Азия аймағындағы интеграциялық үдеріске әсер етуші ішкі және сыртқы факторларды келесідей тұжырымдауға болады:

Біріншіден, Азиядағы аймақтық және халықаралық қатынастар жүйесі қазіргі кезеңде мемлекеттер назарында. Ал тәуелсіз Орталық Азия мемлекеттеріне келетін болсақ, олардың өткендегі тарихының ортақтығы территориялық жағынан қазіргі кезде олардың аймақтық державалар болып табылатын, Ресей мен Қытайдың сыртқы саяси мүдделерінің басым бағыттарына айналуы сияқты ортақ мәселелер бұл елдерді қазіргі кезде өзгеріске ұшыраған халықаралық қатынастар жүйесінде бірге болуға, өзара ынтымақтасуға итермелеп отыр. Сонымен қатар көршілес екі ірі держава – Ресей мен Қытайдың географиялық жағынан жақын орналасуы Орталық Азия мемлекеттерінің аталмыш елдермен қарым-қатынастарындағы жекелеген проблемаларды шешуде де оларды өзара ынтымақтасуға ықпал етеді және сыртқы саясаттың барлық саласындағы орын алатын мақсат-мүдделерінің ортақтығын көрсетеді.

Екіншіден, Орталық Азия елдерінің араб және Пакистан мен Иран сияқты мұсылман мемлекеттеріне жақын орналасуы, АҚШ және оның НАТО бойынша әріптестері болып табылатын Батыс Еуропаның жетекші мемлекеттерінің тарапынан үлкен алаңдаушылық тудыруда. Сонымен қатар АҚШ және Батыс Еуропаның бірқатар елдері Орталық Азияны өздерінің стратегиялық мүдделері бар аймақ ретінде жариялап үлгерді. Бұл өз кезегінде Орталық Азия аймағын бір жағынан Ресей мен Қытай, екінші жағынан АҚШ және Батыс Еуропа елдері арасында мүдделер тоғысының қайшылығы пайда болатын аймаққа айналдыруы мүмкін. АҚШ пен Батыс Еуропа елдері әлі күнге дейін Орталық Азияға деген стратегиялық және экономикалық мүдделерін ашық білдіріп келеді. Аталмыш аймақтың табиғи байлықтары және басқа да ресурстардың қорына иелік етуге

ұмтылып отырған әлемнің алпауыт елдерінің ынтымақтасуын күн санап арттыруда. Бұл аталған факторлардың барлығы Орталық Азия елдерінің әлемдік экономикадағы маңызын арттыра түсті және сонымен бір мезетте аймақ мемлекеттерінің алдында өздерінің экономикалық және саяси дамуының қажеттіліктеріне орай белгіленген басымды бағыттарды дамытып, іске асыруда серіктестері мен одақтастарын таңдап алу міндетін қойды.

Үшіншіден, XX ғасырдың 1990-шы жылдары Орталық және Шығыс Еуропа мемлекеттерінде ерекше көрініс тапқан түбегейлі саяси, әскери, экономикалық, идеологиялық трансформациялық өзгерістер, сонымен қатар, КСРО-мен бірге әлемдік социалистік жүйенің ыдырауы бұрынғы кеңестік мемлекеттерде ауқымды саяси және экономикалық өзгерістердің орын алуына әкеліп соқты. Аталған үдерістің нәтижесінде тәуелсіз мемлекеттер ретінде халықаралық қатынастардың жас субъектілері болып табылатын Орталық Азия аймағы елдері, өздерінің ішкі және сыртқы саясатынның стратегиялық бағыттары мен міндеттерін айқындауға мәжбүр болды.

Осылайша Орталық Азия аймағында ұстанымды түрде жаңа геосаяси жағдай қалыптасты, ол бірінші кезекте территориялық тұтастық пен тәуелсіздікті сақтау және күшейтуге қатысты міндеттер, сондай-ақ, саяси тұрақтылыққа қол жеткізу, демократияны дамыту, жаһандық даму үдерістеріне қосылу жолымен пәрменді ұлттық экономиканы қалыптастыру сияқты мәселермен байланысты болды. Посткеңестік аймақта қалыптасқан жаңа мемлекеттердің тәуелсіздігін әлемдік халықаралық қауымдастықтың ресми мойындауы және оларды қолдауы маңызды әрі ықпалды қадам болып табылды. Сонымен қатар Орталық Азияның посткеңестік мемлекеттері қысқа әрі шектелген мерзімде шешуді қажет ететін көптеген мәселелерге тап болды. Олардың ішіндегі ең маңыздысы ұлттық және аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету болып табылды. Сондықтан Орталық Азия мемлекеттері бірыңғай геосаяси және геоэкономикалық кеңістікте орналасқандықтан етене бірлесуге ұмтылыстар жасады. Осы аталған факторларға байланысты бірлесудің түрлі жоспарлары, идеялары, жобалары іске асырылды. Орталық Азия мемлекеттерінің қазіргі заманғы ынтымақтастықтың соңғы үлгісі ретінде интеграциялық бірігу жолын таңдауы кездейсоқтық емес. Орталық Азия мемлекеттері орта азиялық интеграцияны объективті қажеттілік ретінде мойындап, бұл үдеріс-

ті (*интеграцияны*) территориялық тұтастықпен, сол сияқты экономиканың ең маңызды, ең басты салаларымен байланыстырды [2]. Сондықтан тарихи қалыптасқан тығыз шаруашылық-экономикалық байланыстары мен аймақтың ұтымды геосаяси жағдайының Орталық Азия мемлекеттерін өзара ынтымақтасуға жетелейтін қосымша фактор болғандығын, қазіргі кездегі аймақ елдерінің бір-біріне ұмтылыстарынан көруге болады. Сол сияқты аймақтағы газ, су-энергетика ресурстарын, экологиялық мәселелерін бірлесе отырып шешу, көлік-коммуникация жүйелерін бірлесе отырып ортақ пайдалану, соңғы жылдары күшейіп келе жатқан есірткі саудасы мен әртүрлі экстремистік, террористік топтар мен ағымдарға бірлесе отырып күрес жүргізу сияқты маңызды шараларды іске асыру үшін де аймақтық интеграция қажет екендігі дау тудырмайды. Сондықтан Орталық Азия мемлекеттерінің нарықтық экономикаға өтуі мен ынтымақтастықтың жаңа жолын таңдап алуын және оның жаһандану жағдайында іске асуын әлемдік саясатта елеулі оқиға деп бағалауға болады. Сонымен қатар, бүгінгі күні Орталық Азия мемлекеттері үшін маңызды болып отырған мынадай ортақ мәселелер бар. Біріншіден, территориясының кең-байтақ болуы, халық санының өсімі, табиғи байлықтың мол қоры, оларды әлемдік нарыққа тасымалдаудың жолдары, саяси құрылымы т.с.с. Бірақ осы мәселелерді шешуде Орталық Азия мемлекеттерінің ішінде елеулі өзгешеліктер мен қарама-қайшылықтар бар. Бұл өз кезегінде Орталық Азия елдерінің ынтымақтастығына кедергілер келтіруге.

Орталық Азия мемлекеттерінің интеграциялық үдерісіне қатысты ортақ құқықтық-нормативтік базаның бар екендігін де айтқан жөн. Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан мемлекеттерінің арасында мәңгілік достық және ықпалдастық пен өзара көмек жөніндегі келісім бар. Ал, 1994 жылы 30 сәуірде аталған мемлекеттер арасында Бірыңғай Экономикалық Кеңістік жөніндегі келісімге қол жеткізген. Бұл құжат Орталық Азия өңіріндегі экономикалық ықпалдастықтың қалыптасуының іргетасы бола отырып, келісілген ортақ есеп, бюджеттік, салықтық, тарифтік, кедендік және валюталық саясаттың қалыптасуының негізі бола білді. Бұл құжатты нақты тәжірибеде жүзеге асыру барысында мемлекет аралық деңгейде, Бірыңғай экономикалық кеңістікті қалыптастырудың бағдарламасы жасалынған болатын. Онда интеграциялық үдерісті жетілдірудің шаралары мен қатысушы елдердің экономиканың барлық

саласындағы ықпалдастықты жетілдіруін қарастырады. Ал, әлеуметтік салада еңбек күшінің еркін қозғалысы үшін құқықтық, экономикалық және ұйымдық жағдай жасау, көші-қон саласындағы ынтымақтастық бағдарламасын бекітті. Осы жобаларды жүзеге асыру болашақта ортақ еңбек нарығын қалыптастырады.

Орталық Азия елдерінің ықпалдастығы мен қатынастарын жетілдіру мақсатындағы ұйымдастыру құрылымы жасалынған. Бірыңғай экономикалық кеңістікті қалыптастыру келісімі негізінде Мемлекетаралық кеңес құрылып, олардың құрамына мемлекет басшыларымен қатар, министрлер кеңесі, сыртқы істер мен қорғаныс министрлерінің де кеңесі кірді.

Ал шешімін таппаған проблемалардың қатарына мыналар жатады:

Қабылданған шешімдерді жүзеге асыру механизмдерінің болмауы. Орталық Азияда, ТМД-дағы сияқты көптеген сұрақтар төңірегінде мүше елдердің мемлекет басшыларының мүдделерінің сай еместігі көрінеді. Қабылданған шешімдердің орындалу деңгейінің төмен болуы сол құжаттардың тек ұсыныстық сипатқа ғана ие екендігімен түсіндіріледі. Сонымен қатар, Орталық Азияның негізгі проблемасы болып аймақтағы су және энергетикалық ресурстардың тиімді пайдалануы күн тәртібінен түспеген мәселе. Жоғарыда айтылған келісім негізінде Қазақстан мен Өзбекстан Қырғызстанға көмір және мұнай-газ ресурстарын жеткізуге міндеттеледі, өз кезегінде Қырғызстан егін науқаны кезеңінде аталған елдерді су ресурстарымен қамтамасыз етуге келіседі. Көптеген проблемалардың ортақ шешімінің болмауымен қатар ортақ іс-әрекеттің негізгі жүйесінің болмауы, транспорт саласындағы интеграцияны да тежеп отырғаны анық. Нақтырақ айтар болсақ, Орталық Азия аймағында Халықаралық транспорт канцорциумының жобасы әлі күнге дейін жүзеге асырылмаған. Ол жоба іске асқан жағдайда Орталық Азияның ортақ көлік саясатын қалыптастырып, мемлекеттердің транзиттік әлеуетін арттыратыны сөзсіз.

Орталық Азия елдерінің экономикалық деңгейінің әртүрлілігі. Орталық Азия елдерінің экономикасы көп деңгейлі әрі көп сатылы болып табылады. Бұл фактор аймақтағы интеграциялық үдерістердің негізгі тежеуіші болып табылады. Өткен жылдардың нәтижесінде экономикалық өсудің ең тұрақты қарқыны тек Қазақстанда байқалып отыр. Еліміз аймақтағы ЖІӨ өсімінің ТМД аумағындағы ең жоғарғы деңгейіне ие. (ҚР ЖІӨ 2005 жылы 57 млрд доллар болса, бұл жеңі

2007 жылы 8.6%-дық өсім көрсетіп, 101.7 млрд долларға жетеді деп болжануда) [3].

Орталық Азия аймағындағы мемлекеттер арасындағы өзара сауданың нашар дамуы. Экономикалық дамудың ауқымы мен қарқынының айырмашылығы, мемлекеттер арасындағы экономикалық ықпалдастықтың төмен деңгейі, аймақтағы сауданың дамуы жолындағы негізгі тежеуіш болып табылады. Айта кетерлік жайт Орталық Азия мемлекеттерінің экономикасы көптеген секторда бірін-бірі толықтырып отырады, бұл өз кезегінде елдер арасындағы тауар номенклатурасын кеңейтіп, Орталық Азиядағы сауданың дамуына септігін тигізбек. Қазіргі таңдағы қалыптасқан жағдайда мемлекет аралық ықпалдастықты дамытуда көптеген сұрақтардың шешімі табылмағаны анық, оның ішінде қабылданған шешімдердің жүзеге асырылу деңгейінің төмендігін айта аламыз. Аймақтық ынтымақтастықты дамытудағы негізгі тежеуіш факторларға Орталық Азия елдерінің экономикалық трансформациясының түрлі қарқыны мен өзара сауда-саттыққа шектеулер енгізумен қатар, саяси және инвестициялық тәуекелдерінің жоғарғы деңгейінің әсері.

Орталық Азия халықтарының заңсыз көші-қон мәселесі. Аймақтағы жұмыссыздық деңгейінің жоғары болуымен байланысты, Орталық Азия елдері арасындағы заңсыз миграция мәселесі негізгі тұрақсыздық факторы болып табылады. Осыған орай, Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық саладағы дамуы мен аймақтағы жетекші елге айналуы көршілес Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстаннан жұмыс табу мақсатымен ағылған заңсыз мигранттардың пайда болуына әкелді. Дүниежүзілік банктің есебіне сәйкес, Қазақстанның мигранттарды қабылдауы әлем бойынша тоғызыншы орынға ие, сонымен қатар мигранттар саны жылына 300-500 мың адамға жетіп отыр. Көші-қон органдарының есебіне сай, ай сайын елімізден мыңдаған заңсыз мигранттар отанына қайтарылады, оның басты себебі ретінде еліміздің еңбек нарығының тұрақтылығына жағымсыз әсерімен түсіндіріледі. Эксперттердің пікірінше, бұл үдерістер шектелмеген жағдайда халықтың табысының айырмашылығының артуымен қатар, тіпті елдегі әлеуметтік-саяси жағдайдың ушығуы мен қауіпсіздігіне нұқсан келтіруі мүмкін деп саналады. Сонымен қатар, Орталық Азия аумағына Ауғанстаннан келетін заңсыз есірткі трафиінің де қауіп-қатерін өсіруі мүмкін. Аймақтағы мигранттардың мәртебесін анықтау мен орын алып отырған проб-

лемаларды шешу, аймақ елдерінің негізгі ортақ шаруасы болып табылады. Дегенмен аймақ мемлекеттерінің ықпалдастық бағдарламаларының бар екендігіне қарамастан, елдер арасында негізгі саяси заңнамалардың жоқтығы мигранттар жағдайын қиындатып отырғаны анық. Орталық Азия мемлекеттерінің көші-қон заңнамаларының көп жағдайда кем тұстары байқалады, сонымен қатар жергілікті органдардың да бұл тұста мигранттарды өз мүдделеріне сай пайдалану фактілерін де жоққа шығара алмаймыз. Аймақтағы елдердің миграциялық саясатының кедергілеріне қарамастан азаматтардың жол тауып, заңсыз жолмен көшіп-қонуы мемлекеттердің бұл проблеманы шешуі қажет екендігінің айқын дәлелі. Жоғарыда аталып өтілген проблемалардың негізгі шешімі, аймақтағы интеграциялық процестерді дамыта отырып Орталық Азия елдері арасындағы заңмен қорғалған бірыңғай еңбек нарығын қалыптастыру болып табылады [4].

Интеграциялық үдерістердің алғышарттары ретінде Орталық Азия аймағындағы мемлекет аралық ынтымақтастықты дамытудың негізгі стратегиясын қалыптастырып, ал ол өз кезегінде Орталық Азия Мемлекеттерінің Одағы (ОАМО) қалыптасуына септігін тигізіп, экономикалық ықпалдастықтың негізгі проблемаларын шешудің жолдарын табуға жол ашады. Әрине, экономикалық ықпалдастықты қалыптастыру табысты интеграцияның алғашқы сатысы ғана болып табылады. Дегенмен көршілеріңді оларда жоқ қажетті, бас тарта алмайтын тиімді ұсыныстармен қамтамасыз ету арқылы ғана аймақта мүдделер полюсінің қалыптасуына жол ашуға болады. Орталық Азия интеграциясының негізгі басымдықтарына аймақтағы ортақ энергетикалық ресурстардың нарығын қалыптастыру, көлік жолы мен елдердің транзиттік әлеуетін арттыру, су ресурстарын тиімді пайдалану, суармалы ауыр шаруашылығын жоғарғы технологиямен қамтамасыз ету арқылы өнімділікті арттыру болып табылады. Сондықтан Орталық Азия Мемлекеттерінің Интеграциялық Одағын қалыптастырудағы Қазақстанның бастамасы, алдымен нақты жұмыс істей алатын еркін сауда аумағын қалыптастыру, кәсіпкерлік пен инвестициялық әріптестікті дамыту, Орталық Азия мемлекеттерінің ортақ кеден, салық, тарифтік саясаты мен үйлесімді ақшанесие нарығын қалыптастыру арқылы ұлттық заңнамаларды ыңғайластырумен ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

Әдебиеттер

- 1 Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 269-270 бб.
- 2 Послание Президента РК Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Казахстан на пороге нового рывка вперед в своем развитии» от 01.03.2006 г.
- 3 Назарбаев Н.А. Критическое десятилетия. – Алматы: Атамұра, 2003. – 240 с.
- 4 Исингарин Н.К. Таможенный союз: дела и планы. – Алматы, 2001. – 216 с.

References

- 1 Nazarbayev N. Tarikh tolhynynda. – Almaty: Atamura, 1999. – 269-270 bb.
- 2 Poslanie Presidenta RK N.A. Nazarbayeva narodu Kazakhstana «Kazakhstan na poroge novogo ryvka vpered v svoem razvtii» ot 01.03.2006 g.
- 3 Nazarbayev N.A. Kriticheskoe desyatiletiya. – Almaty: Atamura, 2003. – 240 s.
- 4 Isingarin N.K. Tamozhennyi soyuz: dela i plany. – Almaty, 2001. – 216 s.

Суйнова А.Т., Токсанбаев А.К.,
Акынова А.П.

**Каспий теңізінің құқықтық
мәртебесін анықтау мәселесіне
ретроспективалық шолу**

Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін анықтау ежелден бері маңызды мәселелер қатарында болды. Қазіргі кезде Каспий теңізі өзінің географиялық орналасуына қарай бірнеше мемлекеттердің өзара қарым-қатынастарына тікелей әсер етуде. Сондықтан Каспийдің құқықтық мәртебесін анықтау қазіргі әлемдік экономика мен халықаралық қатынастарда аса маңызды рөлге ие. Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін анықтаудың даулы мәселеге айналуының басты себебі – Каспий теңізінің географиялық орналасу ерекшелігі, теңіздің әлемдік мұхитқа шыға алмауы, негізінен шекаралық көл ретінде есептелуі болып табылады. Сонымен бірге, Каспий бассейніндегі бай энергетикалық қор аймаққа таяу жатқан елдермен қоса әлемнің жетекші елдерінің де қызығушылығын тудырды. Өйткені мұнай – энергия көзі ретінде қазіргі әлемдік экономика мен халықаралық қатынастарда аса маңызды рөлге ие. Бұл жағдайлардың барлығы да қазіргі әлемдегі тұрақтылық пен ынтымақтастықты сақтап қалуға Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін анықтаудың маңыздылығын арттырып отыр.

Түйін сөздер: Каспий теңізі, Құқықтық мәртебе, халықаралық қатынастар, энергия көзі, келісім-шарт.

Suinova A.T., Toksanbaev A.K.,
Akynova A.P.

**A retrospective review of the
Caspian Sea legal status**

The definition of legal status of Caspian Sea for a long time been an urgent problem for the Caspian countries. Caspian Sea by geographic location affects the relationship between several states. Therefore, the definition of the legal status of the Caspian Sea plays an important role in contemporary international relations and the world economy. Today, the definition of the legal status of the Caspian Sea is a contentious issue, the reason for this geographical location, remoteness from the world's oceans. In addition, the rich energy resources of the Caspian basin attracted the attention not only of the Caspian countries, but also the world's leading countries, as oil is a key energy raw materials. All this proves that the determination of the Caspian legal status is important for the preservation of stability and cooperation in the world today.

Key words: Caspian Sea, legal status, international relations, source of energy, agreement.

Суйнова А.Т., Токсанбаев А.К.,
Акынова А.П.

**Ретроспективный обзор
по определению правового
статуса Каспийского моря**

Определение правового статуса Каспийского моря с давних времен было актуальной проблемой для прикаспийских стран. Каспийское море по географическому расположению влияет на взаимоотношения нескольких государств. Поэтому определение правового статуса Каспийского моря играет важную роль в современных межгосударственных отношениях и мировой экономике. На сегодняшний день определение правового статуса Каспийского моря является спорным вопросом, этому причина географическое расположение, отдаленность от мирового океана. Наряду с этим богатые энергетические ресурсы Каспийского бассейна привлекают внимание не только прикаспийских стран, но и ведущих стран мира, так как нефть является ключевым энергетическим сырьем. Все вышесказанное доказывает, что определение правового статуса Каспийского моря важно для сохранения стабильности и сотрудничества в современном мире.

Ключевые слова: Каспийское море, правовой статус, международные отношения, источник энергии, договор.

**КАСПИЙ ТЕҢІЗІНІҢ
ҚҰҚЫҚТЫҚ
МӘРТЕБЕСІН АНЫҚТАУ
МӘСЕЛЕСІНЕ
РЕТРОСПЕКТИВАЛЫҚ
ШОЛУ**

Каспий теңізі ежелден бері геосаяси тұрғыда маңызды, сол себепті зерттеліп, жазылып келеді. Кейбір ғалымдар мен саяхатшылар, кезінде аргонавтар Каспий теңізіне Қара теңізден Маныч бұғазы арқылы өткен деп есептеген. Ал одан кейінгі кезеңнің Гегатей Милетский, Геродот, Аристотель, Эротосфен сияқты географтары мен ғалымдары Каспийді «жабық бассейн» немесе «мұхит шығанағы» деп жазған.

Қазіргі кезде Каспий теңізі өзінің географиялық орналасуына қарай, бірнеше мемлекеттердің өзара қарым-қатынастарына тікелей әсер етуде. Әсіресе бұрынғы Кеңестер Одағының жойылуы, осы аймақта геосаяси теңсіздікке әкелді. Оның негізгі мәні ХХ ғасырдың 90 жылдарына дейін Каспий теңізі екі мемлекеттің ғана иелігінде болуында. Ендігі бес мемлекеттің пайда болуы, аймақта осы мемлекеттердің мүдделерінің тоғысуына алып келді. Осыған орай Каспийдің ендігі болашағы оның құқықтық мәртебесінің анықталуымен тікелей байланысты болып отыр.

Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін анықтаудың даулы мәселеге айналуының басты себебі – Каспий теңізінің географиялық орналасу ерекшелігі, теңіздің әлемдік мұхитқа шыға алмауы, негізінен шекаралық көл ретінде есептелуі болып табылады. Сондықтан теңіз статусы бойынша бірнеше көзқарастар қалыптасқан. Тараптардың бір тобы Каспий теңізіне қатысты 1982 ж. БҰҰ Конвенциясы қолданылмайды, Каспий теңізі ірі көл, тек тарихи қалыптасу бойынша теңіз аталуда деп есептейді. Екінші бір топ Каспий теңізі жабық теңіз ретінде қарастырылуы қажет деп есептейді. Осылайша, Каспийдің құқықтық мәртебесі зерттеушілермен екі категория бойынша, яғни жабық теңіз немесе жабық көл ретінде қарастырылып келді.

Сонымен бірге, Каспий бассейніндегі бай энергетикалық қор аймаққа таяу жатқан елдермен қоса әлемнің жетекші елдерінің де қызығушылығын тудырды. Өйткені мұнай – энергия көзі ретінде қазіргі әлемдік экономика мен халықаралық қатынастарда аса маңызды рөлге ие.

Бұл жағдайлардың барлығы да қазіргі әлемдегі тұрақтылық пен ынтымақтастықты сақтап қалуда Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін анықтаудың маңыздылығын арттырып отыр.

Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі жөнінде Ресей империясы мен Парсы арасында да кейіннен Кеңес Одағы мен Иран арасында да келісімдер жүргізілген, алайда олардың ешқайсысы айтарлықтай нәтиже көрсеткен жоқ.

Каспий теңізі бойынша құқықтық негіздің қалыптасуы 1556 жылы Астрахань хандығы құлап, орыстар Қазан мен теңізге дейін балық аулау құқығын алған кезден бастап айтуға болады. Одан кейінгі кезеңде, 1569 жылы алғашқы орыс-түрік соғысында теңіздің солтүстік бөлігі Ресейге өткен болатын [1]. Қазіргі «Каспий» атауы теңізге XVI ғасырда берілген, ал теңіздің алғашқы нақты картасы 1720 жылы жасалынды.

Ал, Каспий теңізінің саяси-құқықтық мәртебесі жөнінде мәселелер Петр I (1722-23 жж.) Парсыға жорықтары және орыс-иран соғыстары (1804-13 жж., 1826-28 жж.) кезінде пайда болған болатын. Петербург (1723 ж.), Решт (1729 ж.), Гюлистан (1813 ж.) және Туркманчай (1828 ж.) ресей-парсы трактаттары Ресейге «мәңгілік уақытқа» Каспий теңізінде әскери флот ұстауға мүмкіндік берді. Парсылар тек сауда кемелеріне ғана құқық алған болатын. 1813 жылы Каспий теңізінде кеме жүзу құқығы бойынша алғашқы келісімге қол қойылды. «Гюлистан» келісімінің V бабында Каспий теңізінде Ресей және Парсы кемелеріне сауда жүргізу негізінде еркін жүзуге мүмкіндік беретіндігі айтылған. Сонымен қатар, осы бапта «Ресей державасынан басқа ешқандай мемлекет Каспий теңізінде әскери флот ұстауға құқығы жоқ» делінген. «Гюлистан» келісімінен кейіннен «Туркменчай» келісімімен ауыстырылды. «Туркменчай» келісімі бойынша Ресей империясы мен Парсы арасында шекара Оданабазар өзені бойынша өтті. Джиколир шыңынан Каспий теңізіне қарай ағатын барлық сулар Ресейге тиесілі, ал Парсы жаққа қарай ағатын сулар Парсыға тиесілі болды [2]. Ресейдің Каспий теңізіндегі ерекше құқықтары 1881 жылы 9 желтоқсанда Тегеранда қол қойылған Каспий теңізінің шығыс бөлігін шектеу жөнінде Конвенцияда және 1828 жылы 10 ақпанда Түркіменстанда жасалынған сауда жөніндегі ерекше актіде көрсетілген. Ресейде, осы бойынша халықаралық-құқықтық деңгейде зерттеу жүргізген алғашқы авторлардың бірі Ф.Ф. Мартенс былай деп жазған: «Ашық теңізбен салыстырғанда мүлдем басқа жағдайлармен ерекшеленетін жабық теңіздер территориялармен қоршалған және ашық мұхитқа жолы жоқ болады. Мұндай теңіздер өзі орналасқан мемлекет құзыретінде болады. Осы негізге сүйенсек, Каспий теңі-

зі жабық теңіз болғандықтан орыс иелігі деп есептелуі тиіс» [3].

Халықаралық қатынастар жүйесінде көпжақты дипломатиядан гөрі екіжақты қатысушы тараптардың өзекті мәселелерге қатысты келіссөздерде ымыраға келу мүмкіндігі жоғары болатындығына Каспий мәселесі дәлел бола алатын іспетті. Себебі, өткен ғасырларда Каспий мәселесі Ресей империясы мен Парсы арасындағы шарттармен, кейіннен Кеңес Одағы мен Иран арасындағы шарттармен реттелген болатын. Алайда, осыған дейін жасалынған орыс-парсы құқықтық келісімдеріне қарамастан, Қазан төңкерісіне дейін Каспий теңізінің халықаралық құқықтық мәртебесі заңды түрде жасақталған жоқ деп есептеледі.

Қазан төңкерісінен кейін Кеңестік Ресей біржақты негізде Иранмен жасалынған бұрынғы келісімдерінің барлығын жоққа шығарды. 1921 жылы 26 ақпанда қол қойылған, Кеңестік Ресей мен Иран арасындағы Келісімде Ресей мемлекетінің Иранмен қол қойылған бұрынғы келісімдер мен конвенциялар, актілерді жоққа шығаратындығы айтылған. Осы келісім бойынша тараптар Каспий теңізінде өз туының астында еркін жүзе алатын болды. Ресей мен Иран белгілеген еркін кеме жүзу тек осы екі мемлекетке ғана арналды және әскери кеме жүзу де қарастырылды. Басқаша айтқанда, Иран Каспий теңізінде әскери флотының жүзуіне мүмкіндік алды. Келісімде сонымен бірге, еркін кеме жүзу мен балық аулау еркіндігі қарастырылды. Сонымен бірге, балық аулау жөнінде 1927 жылы Ресей мен Иран арасында келісім жасалынды. Ол бойынша екі ел арасында 1953 жылға дейін жұмыс істеген ортақ «Шипат» компаниясы құрылған болатын.

1921 жылғы келісім бойынша, Ресей мен Иран арасында кеңістіктік шектеу болған жоқ, Теңіз екі елге ортақ қолданыстағы объект деп жарияланды. Теңіздегі ұлттық қандылық бөлінген жоқ, яғни бұл келісім бойынша ұлттық секторларға бөлінбеді. Ал Астра-Гасан-Кули сызығы ешқашан КСРО мен Иран арасындағы шекара сызығы деп белгіленген емес. 1921 жылғы келісімде бұрынғы трактаттардың барлығы күшін жояды делінгенімен, аталған келісімде 1828 жылы келісілген Ресей мен Парсы арасындағы ерекше сауда актісі жойылған жоқ.

1921 жылы 26 ақпанда қол қойылған келісім арқылы КСРО мен Иран Каспий теңізінің құқықтық жағдайын қарастыруға тырысты. Осы келісімдегі ережелер Кеңестік уақытқа теңіздің құқықтық режимін анықтап берді. Алайда, ол келісім бойынша, Каспийдің не теңіз не көл

екендігі анық емес. Деректер бойынша, сол кезеңде Каспий теңізі тараптармен жабық теңіз ретінде қарастырылған [4].

1927 жылы 1 қазанда КСРО мен Иран арасында алдыңғы келісімді растайтын кепіл мен нейтралитет жөнінде келісім жасалынды. 1927 жылғы келісім негізінде Каспий теңізі тек кеңес-парсылық теңіз ретінде танылды.

Бұл құқықтық базаға 1926 жылғы шекаралық сулар мен көлдерді өзара пайдалану жөнінде келісімі мен 1927 жылы келісілген Каспий теңізінің оңтүстік жағалауында балық аулау кәсібін пайдалану туралы келісімді қосуға болады [5].

КСРО мен Иран арасындағы түрлі қатынастар, оның ішінде кеме жүзу мен балық аулау жөнінде байланыстар, Каспий теңізін пайдалану жөнінде кеңес-иран арасында Конвенция жасақталуын талап етті. 1931 жылы «Қоныстану, сауда, және теңізде жүзу» жөнінде Конвенцияға қол қойылды. 1931 жылғы Конвенцияда 1921 жылғы Келісімдегі қағидалар бойынша, Каспий теңізінде тек келісуші тараптардың кемелері мен сауда кемелері жүзуіне рұқсат. Сонымен қатар, тараптар Каспий теңізінде жүзетін кемелердегі азаматтар тек осы келісуші тарап елдерінің азаматтары болуы тиіс деген шартқа келісті. Осы келісімде 10 мильдік балық аулау зонасы белгіленді. Алайда, бұл Каспийдің құқықтық мәртебесін анықтауға септігін тигізбеді.

1935 жылы 27 тамызда «Сауда, теңізде жүзу және қоныстану» жөнінде келісім жасалынды. Ол тек алдыңғы Конвенцияның ережелерін бекітті. 1940 жылы «Сауда және кеме жүзу» жөнінде келісім жасалынды. Ол бойынша, Каспий теңізінде тек келісуші тараптар кемелері мен сол елдер азаматтары ғана жүзе алады. Тек КСРО мен Иран ғана Каспий маңы елдері ретінде Каспий теңізінде ерекше құқықпен теңіздік қызмет жүргізе алады.

1940 жылы жазылған Келісім бойынша Тараптар Каспий теңізін Кеңестік Ресей және Иранның иелігі деп және олар теңізде ерекше мүддеге ие екендігін, сонымен бірге осы теңізде жүзетін кемелердегі басқа ел азаматтары өз қызметтерінен тыс жұмыс жүргізбеу керектігі ерекше аталып өтілген. Жоғарыда аталған келісімдер әлі күнге дейін Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін анықтаушы келісімдер болып табылады. Алайда, бұл келісімдерде заңды түрде КСРО мен Иран арасындағы теңіздік шекара белгіленбеген. 1935 жылы КСРО НКВД-ның құпиялы ішкі ведомстволық актісінде шартты түрде КСРО мен Иран арасында Астара-Гасан-Кули сызығы бойынша шекара белгіленді. Алайда, бұл сызық

КСРО-мен біржақты негізде ғана айқындалған болатын, екі мемлекет те заңды негізде бірдей бұл сызықты теңіздік шекара ретінде мойындамаған, сәйкесінше ол сызық халықаралық құқықтық негізде бөлінбеген болып есептелінеді.

Алайда, Кеңестік Ресей «ресейлік ішкі суқойма» атауынан, «жабық кеңес-ирандық суқойма» статусына келіскенімен, бұл келісімдерде шекара белгілеу жөнінде және территориялық суларды шектеу бойынша ешқандай ескертпе жоқ, тек 1935 жылғы 10 мильдік балық аулау зонасы ғана белгіленген. Айта кететін бір жайт, Каспий теңізінің кеңес-ирандық заңды құқықтық базасын қалыптастыру кезінде, яғни 1921-1991 жылдар аралығында Иран да КСРО да барлық ресми кездесулер мен келісімдерде, ресми құжаттарда ішкікаспийлік шекараның жоқтығын атап отырған. Онымен қоса, 10 мильдік жағалаулық балық аулау зонасы да барлық құжаттарда расталмаған. 1940 жылғы сауда жөніндегі келісімдерде екі ел де Каспий теңізінің барлық территориясында балық аулауға құқықтық делінген. 10 мильдік балық аулау зонасы тек тараптармен шартты түрде сақталып отырды.

Алайда, тәжірибе жүзінде барлық иран-кеңес келісімдері орындалған жоқ. Әрбір тарап біржақты негізде өз қайраңын өз қалауы бойынша пайдаланып отырды. Иран мен Кеңестік Ресей ешқашан бірігіп Каспий теңізін пайдаланған жоқ. Астара-Гасан-Кули сызығы 1934 жылы әуе бойынша 1953 жылы суда КСРО-ның әскери әуе және әскери теңіз күштерімен Иран мен КСРО арасындағы сызықты белгіледі. Иран кемелері бұл сызықтан өту үшін арнайы рұқсат алуы тиіс болды. Алайда, бұл шекара сызығы ешқашан тараптармен демаркация нүктелері бар халықаралық келісімдік шекара ретінде қабылданған емес.

КСРО-ны 1949 жылы тең құқылық нормасын бұзып Әзербайжан территориясында 10 мильдік зонадан асып мұнай өндірісі деп айыптауға болады [6]. Кейіннен, Кеңес Одағы біржақты негізде 1982 жылғы КСРО мемлекеттік шекарасы заңы бойынша Астара-Гасан-Кули сызығын мемлекеттік шекара деп белгіледі. Бұл келісім де факт түрде Каспий теңізін КСРО мен Иран арасында осы сызық бойынша бөлді. Бұл бөліс бойынша КСРО-ға теңіздің 88%, ал Иранға 12% тиесілі болды. Алайда, халықаралық құқықтық негізде Астара-Гасан-Кули сызығын шекара ретінде емес, КСРО мен Иранның балық аулау кәсібінің бөліс контуры, Кеңестер Одағының біржақтылығы негізде қабылдаған ішкі әкімшілік өлшемі ретінде түсіндіруге болады. Кейін-

нен КСРО, Иранның келісімінсіз 1990 жылы шетелдік компаниялармен Каспийдің Кеңестік бөлігіндегі мұнайды барлау мен өндіру жөнінде келісімге қол қояды. Иран өзінен күшті көршісінің әрекеттеріне байсалды қарауға тырысқанымен КСРО-ның біржақтылы әрекеттерін құптамады. Тіпті 1921 жылғы келісімді денонсациялау мәселесін көтерді. Алайда, Каспий теңізінің мәртебесі «жабық суқойма» ретінде халықаралық қауымдастықпен мойындалып, халықаралық құқық доктринасында белгіленді. Кеңес-ирандық келісімдерде «кондоминиум» сөзінің қолданылмайтындығын атап өткен жөн, алайда, құқықтық жағынан Каспийде шекара болмағандықтан кондоминиум қағидасы деуге болады, яғни теңізді және оның ресурстарын бірлесіп қолдану қағидасы. Осы кондоминиум арқасында Каспий жер шарындағы ерекше суқойма ретінде сақталып отыр. Каспийлік кондоминиум бәсекелесуші аймақтық елдер, Шығыс пен батыстың, Оңтүстік пен солтүстіктің арасындағы геосаяси кеңістіктің, әлемдік діндердің арасында буфер ролін атқара отырып, әлемдегі тұрақтылықты сақтап отыр деуге болады.

1813 және 1828 жылдардағы орыс-парсы шарттарының негізі де, 1921 және 1940 жылдардағы шарттар да каспийлік қайраңдағы 10 миль шебіндегі балық аулау аймағынан тыс өңірдегі көмірсутек қорын игеру мәселесін реттемейді. Кеңес Одағы мен Иран арасындағы келісімде Каспий теңізі «кеңес-ирандық» теңіз деп белгіленіп, шет мемлекеттердің қатысу мүмкіндігінің жоқ екендігін айқындайды. Шет елдер үшін Каспий теңізі жабық болды [7].

1991 жылы Кеңестер Одағы ыдыраған соң, Каспий теңізіндегі геосаяси жағдайдың түбегейлі өзгеруі, жаңа каспийлік елдердің толыққанды қатысушысы ретінде Ресей, Иран, Қазақстан, Әзербайжан және Түркіменстанды таныды.

Бұрынғы кеңестік республикалар КСРО-ға тиесілі болып келген Каспий суларын өзара бөлісіп, ал Иранға сол кездегі иеліктерін қалдыру ұсыныстарын да талқыға салған болатын. Бұл ұсыныстың негізінде, Иран қазіргі Каспийдің оңтүстігін қамтитын 11% ғана иеленер еді. Алайда, бүгінгі геосаяси жағдайда Иран бұл бөлістің нәтижесінде өзіне тиетін үлестің аз болуын алға тартуда.

Осы ретте Иран өзіндік ұсыныс білдірді. Ол ұсыныстың негізгі мәні: тепе-теңдік қағидасына сай каспийлік бес елдің жағалаулық шебіне қарамай, Каспий аймағын тең бөліске салу, яғни 20%-дан бөлу. Қандай 20% екенін анықтауда Иран өзінің бөлігін айқындап алған. Ол Астар

Атре сызығы бойынша шектелген. Ал басқа бөлікті қалған мемлекеттер өзінше бөлісуіне қарсы емес.

Осыған орай КСРО мен Иранның Каспийге қатысты қабылдаған келісімін, КСРО ыдырағаннан кейін Иран жоққа шығарды, ондағы негізгі себебі – КСРО деген мемлекеттің қазір саяси картада жоқтығы.

Бірақ бұл халықаралық құқық өлшемдеріне қайшы келеді, себебі Ресей КСРО-ның негізгі мұрагері болып танылды, олай болса екі субъекті де саяси картада бар болып табылады. Халықаралық құқықтың негізгі өлшемдері мен қағидаларын негізге алатын болсақ, Каспий жағалауындағы жаңа тәуелсіз бес мемлекет мұрагерлік қағидаларына сай бұрынғы кеңес-ирандық келісімдерді жоққа шығармайды. Каспийдің қазіргі геосаяси жағдайына орай жаңа саяси мәртебесін айқындауда оның бұрынғы мәртебесі негізге алынуы тиіс екендігі хақ [8].

Жалпы бүгінгі күнгі геосаяси жағдайға орай, ең алдымен, Каспийдің мәртебесін айқындау үшін оның теңізге әлде көлге жататындығын айқындау мәселесі туындады. Бұл жерде Каспийдің географиялық тұрғыдан көл ме, теңіз бе екені емес, оның БҰҰ-ның теңіз құқығы жөніндегі Конвенцияларына түсе ме деген мәселесі тұр. Бұл тұрғыда Каспийдің тарихи негізде теңіз болғаны және оның үлкен өлшемдері де бұл мәселені шешуге көмегі болмайды.

Теңіздің көлге немесе теңізге жатуын БҰҰ-ның теңіз құқығы жөніндегі конвенциялары оның Әлемдік мұхиттарға қашықтығымен байланыстырады. Осыған байланысты Каспий теңіз болмайды. Бірақ бұл оның теңіз деген статусына ие болуына кедергі емес. Ол үшін барлық каспийлік мемлекеттердің келісімін алған жеткілікті.

Егер оған «теңіз» статусы берілсе, оны кез келген жағалауда орналаспаған мемлекет қолдана береді. Оны теңіз кеңістігі деп атаса, оған автоматты түрде БҰҰ-ның 1958 және 1982 жылғы континенталды шельф және теңіз құқығы жөніндегі Конвенциялары таралады. Бұл вариант бойынша әр каспийлік мемлекет 12 мильдік территориялық зонаға және 200 мильдік экономикалық зонаға егеменді құқықтары бар. Каспийдің ені 200 мильден аспағандықтан, оны мемлекеттер арасында, орта сызық бойынша тең бөлу қарастырылады. Бұл жағдайда, басқа да мемлекеттер, АҚШ та, Ұлыбритания да теңізге кеме жүзуге, үстінен ұшуға, кабельдер мен құбыр салуға, ғылыми зерттеу жұмыстарын басқа да қызмет атқаруға құқылы. Және де әр каспий-

лік мемлекет өзінің шельфін игеруге сырттан келген компанияларды шақыра алады.

«Ашық теңіз» нұсқасын Ресей, Иран мен Түркіменстан қолдады және әрине, шет елдер де оны қолдайды.

Ал «көлдің» заңды мағынада ешқандай экономикалық зона, шельф, территориялық сулар деген категориялары жоқ. Ол жағалаудағы мемлекеттердің ішкі суларына жатады және оған халықаралық құқық тәртібі таралмайды. Сондықтан, мұндай сәтте БҰҰ-ның мемлекеттердің ішкі істеріне араласпау қағидасының іске асуы білінеді. Көлдің құқықтық режимін анықтау, жағалаудағы мемлекеттердің ғана құзырына кіреді. Халықаралық заңдарға сай бірнеше мемлекеттің ортасында орналасқан көлдер олардың келісімі бойынша немесе мемлекеттік шекаралар негізінде және көлдің орталық нүктесінен өзара бөлінуі қажет. Сондықтан шекаралық көлдің бөлінісі жөнінде жалпы қабылдаған нормалары жоқ. Тек бір ғана норма – көлдің құқықтық статусын анықтау жағалаудағы мемлекеттер құзырына жатады деген қағида ғана бар.

Мұндай жағдайда Каспийде кеме саудасының, балық аулау, сондай-ақ теңіздің басқа биоресурстарын сақтау және тиімді пайдалануда қиындықтар туғызатыны анық.

Осыған орай, Ресей Каспий теңізі кондоминиум негізінде ортақ пайдаланылуы тиіс дейді. Яғни ол Каспийдің табиғи ресурстары теңіздің түбіндегі минералды ресурстарымен қоса барлығына таралуы қажет. Дегенмен, Ресей Каспий теңізі, тек жағалаудағы мемлекеттердің «жабық теңізі», деген ұстанымды ұсынып, оның толық мәртебесі анықталғанша бұрынғы кеңес-иран шартын басшылыққа алуды да қолдап отыр [9]. Каспий теңізінің әлемдік деңгейдегі өзектілігі туралы 1998 жылы 28 қыркүйекте Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас ассамблеясының 53 сессиясында, Қазақстан Республикасының сол кездегі Сыртқы істер министрі Қ.К. Тоқаев: «Каспий теңізінің заңнамалық мәртебесі жөніндегі мәселені де қазіргі кезеңдегі өзекті мәселелер қатарына жатқызуға болады», – деп атап өткен болатын [10].

Қазақстан жағы Каспийдің ерекшеліктерін ескере отырып, оны пайдалануда 1982 жылы БҰҰ Конвенциясының теңіз құқы ережелерін Каспий теңізіне тарату позициясын ұстануда. Теңіз түбі мен ондағы ресурстарды барлық Каспий жағалауындағы мемлекеттер арасында халықаралық тәсіл және әлемдік тәжірибелер бойынша, ортақ

сызық негізінде делимитациялауды ұсынуда. Минералды ресурстарды игеру мен барлауды әр мемлекет өз еркінше өз зонасында айқындауға тиіс. Каспий теңізіндегі Қазақстанның мемлекеттік шекарасы Каспиймен шектесетін барлық мемлекеттердің шекаралары арасындағы ең ұзыны 1700 шақырымнан артық. Жағалаудағы мемлекеттердің саяси және экономикалық мүдделерін тиімді қамтамасыз ету мақсатында, Қазақстан БҰҰ-ның көрсетілген Конвенциясының ережелеріне сәйкес Каспийде аумақтық теңіз, балық аулау аймағын және ортақ су кеңістігін орнатуды ұсынады.

Сонымен қатар осы аймақтарда тиісті режимдерді анықтау қажет. Аумақтық теңіздің сыртқы шекарасы оның шегінде, жағалаудағы мемлекет барлық егеменді құқықтарды толығымен пайдаланатын, мемлекеттік шекара болып табылуы қажет. Бұл аумақтық тұтастық пен шекаралардың мызғымастығы аясында қауіпсіздіктің қосымша кепілдеріне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Каспий теңізінің құқықтық мәртебесінің мәселелері екі және үш жақты консультацияларда да келісілуде.

Сонымен қатар, келіссөздерде Каспийдің экожүйесін сақтап қалу мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, кеме қатынасын дамыту, минералдық және биологиялық ресурстарды игерудегі өзара іс-қимыл да сөз болады.

Салалық халықаралық шарттарды келісу үшін тараптардың тиісті мемлекеттік органдарының уәкілдері деңгейінде, Каспий маңы мемлекеттері сарапшыларының кездесулері өткізіліп тұрады.

Каспий маңы елдері Каспийді не көл немесе теңіз ретінде құқықтық түрде бекіткен жоқ. Тек Әзербайжан Респубикасы 1995 жылы өзінің Конституциясында Каспий суқоймасын шекаралық көл ретінде бекітті. Сондықтан бүгінгі таңда Каспий теңізінің энергоресурстар қорын дұрыс пайдалану, бірегей экожүйені сақтап қалу және транзиттік мәселелер бойынша дауларды болдырмау мақсатында, Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін анықтаудың маңызы қор.

Ендігі жердегі Каспий аймағындағы жалпы жағдай Каспий маңы елдерінің шешіміне байланысты болып отыр. Яғни, мүдделі мемлекеттер арасындағы қарым-қатынасты заманауи үлгіге сай қалыптастыру үшін ең алдымен, халықаралық құқықтың қағидаларына сай теңіздің құқықтық мәртебесін анықтап алу қажет.

Әдебиеттер

- 1 Гаджиев К.С. Геополитика Кавказа. – М.: Международные отношения, 2003.
- 2 Туркманчайский мирный договор Ст.7 (Документы Российского МИДа. Серия первая. – М., 1970. – Том 7. – С. 429-437) <http://www.lawmix.ru/abro.php?id>.
- 3 Мартенс Ф.Ф. Восточная война и Брюссельская конференция 1874-1878 г. – СПб., 1879 г. in 8 (стр. VIII + 596 + 46) http://www.litres.ru/static/or3/view/or.html?art_type=4&file
- 4 Ст. 14 Российско-иранского Договора от 26 февраля 1921г. (Документы внешней политики СССР. – М., 1959. – Т. 3. – С. 536-544) <http://www.lawmix.ru/abro.php?id>.
- 5 Вылегжанин А.Н. Проблемы формирования международно-правового режима Каспия // Войтоловский Г.К., Арбатов А.А., Вылегжанин А.Н., (колл. авт.). Море проблем: Опыт системного исследования Каспийского региона. – М.: СОПС, 2001. – 133 б.
- 6 Мамедов Р.Ф. Международно-правовая делимитация Каспийского моря. – Баку, 2001. – 9-10 б.
- 7 Мальшева Д. Многостороннее соперничество на Каспий // Центральная Азия и Кавказ. 2002. – №2 (20). – 29 б.
- 8 Шаймергенов Т. Геополитика и энергетическая дипломатия в Каспийско-Центральноазиатском регионе // Центральная Азия и Кавказ. – 2006. – №5 (47). – 9 б.
- 9 Декларация между Российской Федерацией и Республикой Казахстан о сотрудничестве на Каспийском море. – Астана, 9 октября 2000 г. (http://www.kremlin.ru/interdocs/2000/10/09/0000_type72067_128392.shtml?type=72067)
- 10 <http://el.kz/m/articles/view/content-831>

References

- 1 Gadzhiev K.S. Geopolitika Kavkaza. – M.: Mezhdunarodnye ot-nosheniya, 2003
- 2 Turkmanchajski mirnyj dogovor St.7 (Dokumenty Rossijsko-go MIDa. Serija pervaja. Tom 7. – M., 1970. – S. 429-437.) <http://www.lawmix.ru/abro.php?id>.
- 3 Martens F.F. Vostochnaja vojna i Brjussel'skaja konferen-cija 1874-1878 g. – Spb., 1879 g. in 8 (str. VIII + 596 + 46) http://www.litres.ru/static/or3/view/or.html?art_type=4&file
- 4 St. 14 Rossijsko-iranskogo Dogovora ot 26 fevralja 1921g. (Dokumenty vneshnej politiki SSSR. – M., 1959. – T. 3. – S. 536-544) <http://www.lawmix.ru/abro.php?id>.
- 5 Vylegzhanin A.N. Problemy formirovaniya mezhdunarodno-pravovogo rezhima Kaspija // Vojtolovskij G.K., Arbatov A.A., Vy-legzhanin A.N., (koll. avt.). More problem: Opyt sistemnogo issle-dovaniya Kaspijskogo regiona. – M.: SOPS, 2001. – 133 b.
- 6 Mamedov R.F. Mezhdunarodno-pravovaja delimitacija Kaspij-skogo morja. – Baku, 2001. – 9-10 b.
- 7 Malysheva D. Mnogostoronnee sopernichestvo na Kaspij // Central'naja Azija i Kavkaz. 2002. – №2 (20). – 29 b.
- 8 Shajmergenov T. Geopolitika i jenergeticheskaja diplomatija v Kaspijsko-Central'noaziatskom regione // Central'naja Azi-ja i Kavkaz. 2006. – №5 (47). – 9 b.
- 9 Deklaracija mezhdru Rossijskoj Federaciej i Respublikoj Kazahstan o sotrudnichestve na Kaspijskom more. – Astana, 9 oktjabrja 2000 g. (http://www.kremlin.ru/interdocs/2000/10/09/0000_type72067_128392.shtml?type=72067)
- 10 <http://el.kz/m/articles/view/content-831>

Джакубаева С.Т.

**Иран мен Қазақстан
арасындағы экономикалық
және саяси байланыс**

Бұл мақалада Иран Ислам Республикасы мен Қазақстан арасындағы экономикалық және саяси байланыстар қарастырылады. Автор бір-біріне тиімді қарым-қатынастардың даму мүмкіндігін беретін интеграциялық факторлар мен оларды шектейтін аспектілерді де қарастырады. Екі ел арасындағы қарым-қатынастың орнатылу тарихы мен оның даму эволюциясына талдау жасалады. Тауар алмасу, атом мен мұнай салаларындағы елдердің екіжақты серіктестігі зерттеледі. Халықаралық және аймақтық ұйымдар шеңберіндегі және одан тыс екі елдің тығыз байланысы зерделенеді.

Түйін сөздер: ынтымақтастық, экономика, саясат, мемлекет, халықаралық қатынастар.

Dzhakubaeva S.T.

**Economic and political relations
between Kazakhstan and Iran**

This article is devoted to the analysis of bilateral cooperation between Kazakhstan and Iran in the economic and political spheres. The author considers the integrating factor, enabling the development of mutually beneficial relations, positive and restricting negative aspects. In particular, studied the history and dynamics of development of mutual relations, joint activities in the nuclear and oil fields as well as trade between the two countries. Also is considered the dialogue between the two countries within and outside the international and regional organizations.

Key words: cooperation, economy, policy, country, international of mutual relations.

Джакубаева С.Т.

**Экономическая и политическая
связь Казахстана и Ирана**

Данная статья посвящена анализу двустороннего сотрудничества между Казахстаном и Ираном в экономической и политической сфере. Автор рассматривает как интегрирующие факторы, дающие возможность развития взаимовыгодных отношений, так и негативные аспекты, ограничивающие их. В частности, исследуется история и динамика развития взаимоотношений, совместная деятельность в атомной и нефтяной сферах, а также товарооборот между двумя странами. Рассматривается диалог двух государств в рамках и вне международных и региональных организации.

Ключевые слова: сотрудничество, экономика, политика, государства, международные взаимоотношения.

ИРАН МЕН ҚАЗАҚСТАН АРАСЫНДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ БАЙЛАНЫС

Қазақстан өз тәуелсіздігіне жиырма бес жыл бұрын ғана қол жеткізсе де, осындай қысқа мерзім ішінде әлемнің көптеген мемлекеттерімен жақсы қарым-қатынас орнатты. Таяу және Орта Шығыс мемлекеттерімен, оның ішінде қазақ халқымен терең өркениеттік, экономикалық және саяси байланыста болған Иран елінің біз үшін орны ерекше. Соңғы 2-3 ғасырда түрлі саяси жағдайларға байланысты мәдениеті мен діні, ділі жақын екі туысқан халықтың арасындағы байланыс үзілсе де, халық жадынан шығыстық көне өркениеттер қалдырған мәдени естеліктер ұмытылмады. Орта ғасырларда бастауын Қытайдан алатын Ұлы Жібек Жолы бойындағы көршілес елдердің сауда-экономикалық, мәдени және рухани қарым-қатынастары нығая түсті. Иран, Орталық Азия мемлекеттері және Қазақстан Шығыс пен Батысты байланыстырушы көпір рөлін атқарды. Әрбір мемлекет өз жетістіктерімен бөлісіп, басқа елдермен мәдени, экономикалық, саяси салаларда тығыз байланыста болуға тырысты.

XX ғасырдың соңында, яғни 1991 жылы КСРО ыдырағаннан кейін Орталық Азиядағы мемлекеттер өз тәуелсіздігіне қол жеткізді. 1992 жылдың қаңтар айында Иран Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін мойындап, дипломатиялық қарым-қатынас орнатты. Сол уақыттан бері Қазақстан мен Иран арасындағы тығыз байланысты айқындайтын жүздеген маңызды келісім-шартқа қол қойылды. Екі ел басшылары арасында саяси байланыс орнатылып, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев пен Иранның басшылары А.Хашеми-Рафсанджани, М.Хатами, М.Ахмадинежад, Х.Рухани мемлекеттер арасындағы экономикалық, мәдени, саяси аспектілердегі мәселелерді мемлекеттік іс-сапарлар барысында шешті.

Экономикалық байланыс. Екі ел арасындағы экономикалық байланыстың елеулі нәтижеге жеткеніне келесі фактілер дәлел. Егер 1992 ж. Қазақстан мен Иран арасындағы тауар алмасу көлемі 229 мың долларды құраса, 1995 ж. 58,9 млн долларға дейін ұлғайған, 2005 ж. 900 млн доллар көлеміне жетіп, ал 2007 ж. 2,495 млрд доллар көрсеткішіне дейін өсті. Әлемдік қаржылық-экономикалық дағдарыс әсерінен тауар алмасу көлемі 1,3 млрд дейін төмендеп, соңғы 2015 жылы 360 млн долларды құрады, бұл 2014 жылмен салыстырғанда 37%-ға кем [1]. Алайда 2015 жылдың 14 қазанында 14-ші үкіметаралық комиссия шеңберінде екі ел арасында сауда-экономикалық, ин-

вестициялық және банк сферасында серіктестік туралы келісім мен меморандумға қол қойылды. ҚР-дың Инвестиция мен Даму министрі Әсет Исекешев Иранның ауыл шаруашылық министрі Махмуд Хаджати бастаған делегациясымен кездесу барысында, Қазақстан мен Иран арасындағы тауар алмасу көлемін 4 млрд долларға дейін жеткізу жоспары туралы мәлімдеді. Қазақстанда 400-ге жуық ирандық компаниялар жұмыс істеуде, қазақстандық кәсіпкерлер де Иран нарығын белсенді игеруде [2]. Ортақ ірі жобалар да аз емес. Мысалы, Иран Қазақстаннан мұнай өнімдері мен металдарды сатып алады, Түркменстан мен Қазақстанға дейінгі аралықтағы темір жол құрылысының жұмысы бірге жүргізілуде. Иранның Каспий теңізінің жағалауында орналасқан Амирабад қаласында, Қазақстанның астық терминалы ашылды, бұл өз кезегінде Қазақстанның Иранға және Парсы шығанақ елдеріне жылына 5 млн тоннаға дейін астық экспорттауына жол ашты. Ислам әлемінде экономикалық дамыған мемлекеттердің бірі Иран қазақстандық тауар өндірушілерге болашағы зор, тиімді нарық көзі болып табылады. Логистика саласында Иран Қазақстан үшін теңіз порттарына, бүкіл таяу шығыстық аймаққа, сонымен қатар Пәкістан мен Үндістанға апаратын ең жақын жол болып табылады. Жоғарыда келтірілген мәліметтерге сүйене отырып, екі ел арасындағы серіктестіктің белсендендірілуі заңды құбылыс болып табылатыны анық.

Саяси байланыс. 1992 ж. Иран, Түркия, Пәкістан мемлекеттері Орталық Азия мен Таяу Шығыстағы интеграциялық мәселермен айналысатын Экономикалық Серіктестік Ұйымына (ЭСҰ) Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзербайжан, Ауғаныстан мемлекеттерінің кіруіне қолдау көрсетті.

Қазақстан өз кезегінде Иранның Азиядағы Өзара Ықпалдастық және Сенім Шаралары жөніндегі Кеңес (АӨСШК) мүшесіне айналуына күш салды. Кеңесті шақыру жөніндегі идеяны алғаш рет Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев 1992 жылғы қазанда өткен БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-сессиясында ұсынған болатын. Қазақстан басшысы бастаманың негізгі мәні әлемнің өзге өңірлеріне карағанда әлі тиісті тетігі қалыптасып болмаған Азия құрлығында қауіпсіздікті қамтамасыз етудің ықпалды, әрі әмбебап құрылымын қайта құруға деген ұмтылыс екенін алға тартты.

2004 ж. Қазақстан Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына бақылаушылар институтын құру идеясын қолдады, ал бір жылдан кейін Иран, Пәкістан, Үндістан, Монғолия осы ұйымға

бақылаушы елдер санатында қабылданды [3, 162 б.]. Иран қазіргі таңда Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына бақылаушы ел ғана болғанымен, оның болашақта осы ұйымға мүше болуы да мүмкін. Осы уақытқа дейін санкциялар күрмеуінің әсерінен, ШЫҰ-ы Иранды өз қатарына мүше етіп қабылдай алмаған болатын. Қазақстан мен Иран Ислам Конференциясы Ұйымына мүше болғандықтан, осы ұйым шеңберінде де белсенді қарым-қатынаста.

Иран мен Қазақстан Каспий теңізінің жағалауындағы елдер саммитінде мүше елдер болып табылады. Бұл саммитте басқа саммиттерге карағанда, Каспий теңізінің территориялық бөлінуі, теңіз тағдыры, оның байлықтарын қолдану, шекарасын анықтау төңірегіндегі пікірталастар әлі жалғасып келе жатыр [7].

«Каспийлік бестіктің» экономикалық ықпалдастығын арттыру үшін Қазақстанның да ұсыныстары аз емес. Нұрсұлтан Назарбаев «Каспий еркін сауда аймағын» құру туралы сөз қозғап, Қазақстан арқылы ашылған бағыттарды назарға ала отырып, Қазақстан оларды Каспий маңы мемлекеттерінің тауарларын басқа елдердің нарығына, бірінші кезекте Қытайға жеткізу үшін транзиттік көпір ретінде пайдалануды ұсынатынын айтты. Есесіне, Қазақстанның да ашық теңізге шығуға мүмкіндіктері қарастырылуы тиіс [4, 64 б.].

Каспий теңізінің мәртебесін белгілеп, оның байлығын игеруге тараптар ортақ мәмілеге келе алмай жүргені жасырын емес. Ұстанымдары мен ұсыныстары әрқилы. Мәселен, Тегеран теңізді теңдей бөлуге шақырып отыр. Ол бес мемлекетке 20 пайыздан тиесілі болу керектігін айтуда. Не болмаса, теңіздің табанын теңдей игеруге ниетті. Бірақ бұл ұсынысты қолдауда басқа жағалаулық елдер тарапынан белсенділік байқалмады. Қалған төрт мемлекет те теңіз құқығы бойынша БҰҰ-ның 1982 жылғы конвенциясын ұстанады [6]. Ал Иранның айтары басқа, Иран Ислам Республикасының Президенті Хасан Рухани құқықтық тәртіп халықаралық құқық қағидаларына сәйкес болуы тиістігін, қару-жарақ қолданудан тартынып, шетелдік қарулы күштердің Каспийге келуіне жол берілмеуі керектігін баса айтуда.

Қазақстан мен Иран әлем мен аймақтағы қауіпсіздік, аймақтағы шиеленісті шешуде күш қолданбай, бейбіт жолмен шешу сияқты өзекті саяси мәселелерде ұстанымдары ұқсас [8].

ҚР Президенті Н. Назарбаев 2006 ж. Иранның бейбіт атомды қолдану талпынысын қолдаған болатын [5, 157 б.]. Қазақстан өз территориясында ядролық полигоннан бас тартқан алғашқы мемлекет. Дүниежүзі бойынша,

күш-қуаты бойынша төртінші орында тұрған ракеталық-атомдық арсеналдан да бас тартқан болатын. Қазақстан Республикасының басшылығы барлық елдерді ядролық қаруды қолданудан бас тартуға шақыруда. Барлық елдер ядролық энергияны бейбіт мақсатта ғана қолдану керек. Осыған орай, Қазақстан Иранның атомды бейбіт мақсатта, халық шаруашылығында қолдануға бағытталған ядролық бағдарламасына түсінушілікпен қарайды. Иранның Бушердегі АЭС-сының құрылысы мен оның іске қосылуы осы бағдарламасының бастамасы, Иран әрі қарай уранды байыту мақсатында тағы бірнеше АЭС салуды көздеп отыр. Ядролық бағдарламасына қатысты дау-дамай Иранның жиырма жылға жуық уақытқа созылған санкциялар құрсауында қалуына себепкер болды. Алайда Иран МАГАТЭ шарты бойынша барлық міндеттерін орындап, санкциялардан арылды, бұл өз кезегінде Иран мұнайының әлемдік нарыққа еркін шығып, мұнай бағасының одан әрі төмендеуіне алып келді [9].

Қорыта келсек, Қазақстан мен Иранның арасындағы байланыс болашақта одан әрі экономикалық және саяси, мәдени тұрғыда қарқынды дамиды дегеніміз сөзсіз. Еліміздің көпвекторлы

саясатының нәтижесінде, Қазақстан барлық мемлекеттермен тығыз қарым-қатынаста. Санкциялар құрсауында қалған Иранмен байланысымыз еш үзілген емес. Санкциялар шартында экономикасын құлдыратпай, керісінше ауылшаруашылық, инженерлік-технологиялық, білім беру, тоқыма өнеркәсібі салаларын дамытып, өзінің ішкі нарығын толық өзі қамтамасыз етіп, қиыншылықтардан басын тік көтеріп, жеңіп шыққан Иран біз үшін үлгі болары сөзсіз. Санкция шартында үкіметтің көреген, ұтымды саясатының нәтижесінде, қазіргі таңда Иран инженерлік-технологиялық, нанотехнологиялық салаларындағы ғылыми жаңалық ашуда әлем бойынша тоғызыншы орында тұр. Білім беру деңгейі өте жоғары, халықтың басым бөлігі ағылшын тілінде еркін сөйлейді. Иран ішкі нарығын 90%-ға қамтамасыз етеді, тек 10%-ды шетелден алады. Азық-түлік өндірісі мен құрылыс материалдарының өндірісінде талаптың жоғарылығына байланысты өнімдері де сапалы болып келеді. Санкциялар шартында мемлекет өз бейнесін абыроймен сақтап қалған, өз дегенінде тұра білген Иран мемлекетінің даму үлгісі, «ирандық даму моделі» Қазақстан үшін үлгі болары анық.

Әдебиеттер

- 1 Официальный интернет-ресурс Министерства Иностранных дел РК. Сотрудничество Республики Казахстан с Исламской Республикой Иран // <http://mfa.gov.kz/>.
- 2 Интернет-ресурс. Казахстан и Иран намерены увеличить товарооборот // www.kazpravda.kz (дата обращения 14.10.2015)
- 3 Месамед В.И. Казахстанско-иранские отношения: итоги и проблемы. Ближний Восток и современность. – М., 2008. – 340 с.
- 4 Накашидзе Д. Нефть Каспия и международные отношения // Власть. – М., 2002. – №6. – С. 64.
- 5 Назарбаев Н.А. Сборник документов и материалов в трех томах. – Алматы, 2010. – Том III. – 344 с.
- 6 Svante E. Iran and the Caspian Region: The Domestic and International Context of Iranian Policy. Cornell Caspian Brief. № 15. – 2001, May.
- 7 Caspian Sea Energy and Big Powers. Shana, 2007, September 15, <http://www.shana.ir/114449-en.html>
- 8 Kazakhstan Is Ready to Swap Caspian Oil Rights With Iran. Shana, 2008, October 22, <http://www.shana.ir/135367-en.html>
- 9 Интернет-ресурс. В МИД Казахстана прокомментировали снятие санкции с Ирана // tengrinews.kz/kazakhstan_news/ (Дата обращения 17.01.2016)

References

- 1 Official'nyj internet-resurs Ministerstva Inostrannyh del RK. Sotrudnichestvo Respubliki Kazahstan s Islamskoj Respublikoj Iran // <http://mfa.gov.kz/>.
- 2 Internet-resurs. Kazahstan i Iran namereny uvelichit' tovarooborot // www.kazpravda.kz (data obrashhenija 14.10.2015)
- 3 Mesamed V.I. Kazahstansko-iranskie otnoshenija: itogi i problemy. Blizhnij Vostok i sovremennost'. – М., 2008. – 340 s.
- 4 Nakashidze D. Neft' Kaspija i mezhdunarodnye otnoshenija // Vlast'. – М., 2002. – №6. – С. 64.
- 5 Nazarbaev N.A. Sbornik dokumentov i materialov v treh tomah. – Almaty, 2010. – Tom III. – 344 s.
- 6 Svante E. Iran and the Caspian Region: The Domestic and International Context of Iranian Policy. Cornell Caspian Brief. № 15. – 2001, May.
- 7 Caspian Sea Energy and Big Powers. Shana, 2007, September 15, <http://www.shana.ir/114449-en.html>
- 8 Kazakhstan Is Ready to Swap Caspian Oil Rights With Iran. Shana, 2008, October 22, <http://www.shana.ir/135367-en.html>
- 9 Internet-resurs. V MID Kazahstana prokomentirovali snjatie sankcii s Irana // tengrinews.kz/kazakhstan_news/ (Data obrashhenija 17.01.2016)

Тулешова Ұ.Ж.

**Қазіргі тарихи зерттеулердегі
географиялық фактордың
орын алу маңыздылығы
(географиялық детерменизм
теориясы негізінде)**

Қазіргі жаһандық даму, уақытқа сай технологиялық дамудың белең алып келуі – осының барлығы да адамзат баласын табиғи факторды ескеруден алшақтата түскендей болады. Дегенмен адам – табиғат туындысы, қаншалықты даму деңгейінде болғанменен, адамзаттың табиғатқа тәуелділігі жойылмайтыны анық. Ежелден бері барлық қоғамдық ғылымдарда, соның ішінде тарих ғылымында, географиялық ортаның тарихи даму мен адамның саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени, тіпті психологиялық ерекшеліктеріне ықпал етуін зерттеп, бақылады. Алайда, бір заманда географиялық факторға аса назар аударушылықтан соң, қазіргі таңда бұл мәселе лайықты назарда болып отырған жоқ. Оның бір себебі – географиялық детерменизм позициясына қайта оралу қорқынышы. Ұсынылып отырған мақалада географиялық детерменизмді абсолютті дәрежеге жеткізбей отырып, тарихи зерттеулерде географиялық факторға мән беру қажеттілігі айтылып, қоршаған ортаның қоғам мәдениетіне әсер етуін зерттеудің маңыздылығы мен географиялық фактордың бүкіл адамзат қоғамына, оның экономикалық-әлеуметтік дамуы мен діни көзқарастарының қалыптасуындағы рөлі қарастырылады. Сонымен қатар мақалада географиялық детерменизмнің жақтаушылары деп саналатын ғалымдардың әлі күнге дейін өзектілігін жоғалтпаған ойларына талдау жасалынады.

Түйін сөздер: табиғи фактор, географиялық детерменизм, өркениет, микротарих, тарихи даму процесі.

Tuleshova U.Zh.

**The importance of application of
a geographical factor in modern
historical researches**

Modern global development, strengthening of technological developments in compliance with time all of these would seem distanced humanity to pay need attention to a natural factor. But nevertheless, the person is the creation of the nature and what kind of development stage wouldn't be the person, he never stops being dependent on nature. Since the most ancient times in all social sciences including historical science, influence of a geographical factor on political, social, economic, cultural, and even psychological features of human society caused a particular interest. However, after the greatest attention on a geographical factor once, problem now is to give insufficient attention on it. One of the reasons is fear of return to a geographical determinism. In this article the importance taking into account of a geographical factor, not absolutely, in historical researches. In the article is considered the role of a geographical factor in formation of the economic-social relations and religious views of human society. Also in the article are analyzed views of supporters of a geographical determinism which leave actual at present.

Key words: natural factor, geographical determinism, civilization, micro history, historical process of development.

Тулешова У.Ж.

**Значимость применения
географического фактора в
современных исторических
исследованиях**

Современное глобальное развитие, усиление технологических разработок в соответствии с временем: все это казалось бы отдалило человечество принимать во внимание природный фактор. Но тем не менее, человек – создание природы, на каком бы стадии развития не находился человек, он никогда не перестанет быть зависимым от природы. С древнейших времен во всех социальных науках, в том числе и в исторической науке, влияние географического фактора на политические, социальные, экономические, культурные, и даже психологические особенности человеческого общества вызывали особый интерес. Однако, после крайне большого внимания на географический фактор когда-то, в настоящее время данной проблеме недостаточно уделяется внимания. Одной из причин является боязнь возвращения к географическому детерменизму. В данной статье объясняется значимость учитывать географический фактор, не абсолютизируя этот фактор, в исторических исследованиях. В статье рассматривается роль географического фактора в формировании экономических-социальных отношений и религиозных взглядов человеческого общества. А также в статье анализируются актуальные и по сей день взгляды сторонников географического детерменизма.

Ключевые слова: природный фактор, географический детерменизм, цивилизация, микроистория, исторический процесс развития.

**ҚАЗІРГІ ТАРИХИ
ЗЕРТТЕУЛЕРДЕГІ
ГЕОГРАФИЯЛЫҚ
ФАКТОРДЫҢ ОРЫН
АЛУ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ
(географиялық
детерменизм
теориясы негізінде)**

Жиырма бірінші ғасыр бүкіл адамзат тарихының прогрессивті дамуына куә болып отырған ақпараттық техниканың даму уақыты болғанына қарамастан, адамның табиғат пен қоршаған орта әсерлеріне еш қарсы келе алмайтыны, тіпті әлі күнге дейін белгілі бір дәрежеде тәуелді екені күн сайын дәлелденіп келеді. Бүгінгі таңда адамзат тарихы мен мәдениетіне географиялық жағдайдың әсері әлі де болса жеткілікті назарда болып отырған жоқ. Оның бір себебі – географиялық детерменизм позициясына қайта оралу қорқынышы. Бұл құбылыс көп уақыт бойы сынға ұшырап келгенмен, өзінің бастапқы кезеңінде прогрессивті сипатқа ие болып, қазіргі ғылымдағы көптеген бағыттардың дамуына әсер еткен. Алайда, қазіргі жағдай түбегейлі өзгеріске ұшырады. Батыста дәл осы географиялық жағдайлардың адамзаттың белгілі бір қоғамына әсер етуі тұрғысынан көптеген мәселелерді түсіндіруге тырысушылық байқалады.

Қазіргі қоғамдағы адам өмірі ғылым мен өркениеттегі орасан зор жетістіктеріне қарамастан, әлде де табиғатпен (тағам, су, ауа, микроағзалар және т.б. арқылы) өте тығыз байланыста және оған тәуелді. Не дегенмен, қазіргі адам иелік етіп отырған нәрселер, білім мен ақпараттан басқа, табиғи материалдан жасалынады. Табиғат пен қоғам арасындағы өзара әсер етулерін зерттеу өткен уақытта да, қазір де тарих және басқа ғылымдардың ең маңызды мәселелерінің бірі [1].

Географиялық фактор үнемі назарда болып отыратын мәселе. Оның себебі, бұл факторларды қарапайымдау етуде немесе расистік, империалистік, детерминизмдік формалардан қашу емес, керісінше, сол өткендегі тәжірибені де назарға ала отырып, географиялық фактор кеңістіктегі мәселелерді шешудегі түсіндірудің міндетті бөлігі бола отырып, зерттеулердегі ерекше маңызды рөлін көрсетуде болып отыр [2].

Микротарихи зерттеулерде әсіресе, мақалада қозғалайын деп отырған менталитет, діни көзқарастар және білім беру мен ғылым мәселесінде, қоршаған ортаның ықпалы болатындығы айқын. Оның барлығы да еріксіз табиғат жағдайының әсеріне ұшырайды. Климат, географиялық орта, табиғаттағы жануарлар мен өсімдіктер әлемі, осының барлығы тарих ғылымында бұрыннан назарда болып келе жатқан факторлар және олар теріске шығарылмайды. Алайда, адамзат қоғамының рухани өміріне

бұл факторлардың қаншалықты деңгейде әсер еткені толыққанды тарихи зерттеулерде орын алмады деп айтсақ болады.

Бұрынғы уақыт сияқты қазір де адам табиғаттан бөлек өмір сүріп, дами алмайды. Тіпті, алғашқы табиғатқа деген тәуелділіктен құтылғанмен, қазіргі техника мен ғылым қуатына ие болғанмен, адам табиғат алдында дәрменсіз әрі табиғи байлықтар мен жағдайларға тәуелді. Адамзат табиғаттың географиялық және қоршаған орталары сияқты бөлігімен тығыз байланыста. Өсімдік пен жануарлар әлемін, су, топырақ, Жер атмосферасын өзіне жинақтай отырып, географиялық орта адамзат өмірінің алуан түрлі жақтарына маңызды әсер етеді. Сол табиғат алуандылығы тарихтағы еңбек бөлінісіне, яғни аңшылық, балық аулау, мал бағу, пайдалы қазбаларды өңдеуге негіз болды. Қазіргі таңда да географиялық факторға байланысты нақты бір елдерде адам қызметінің белгілі бір бағыттары өмір сүруде. Географиялық ортаның алуандығына қатысты әрбір қоғамдағы дамушылық үдерісі тарихи кезеңдерде әр түрлі жүргендігі белгілі. Қоршаған орта белгілі бір қызмет түрін таңдау мен қоғамдық тұрмысқа ғана емес, сонымен қатар тікелей немесе жанама түрде саяси құрылымның түріне де әсер етеді. Географиялық ортаның ғылыми жаңалықтар мен техникалық ойлап табушылыққа, діни көзқарастарына да әсер ететіні анық. Мысалы, кең далада жол табу қажеттілігі көшпенділердің жұлдыздарға және басқа да космостық құбылыстарға назарын аударды. Осыдан келе көшпенділер арасында аспан денелеріне қарап, белгілі бір құбылыстарды болжау қалыптасты. Мұндай түрдегі мысалдар жеткілікті.

Қоршаған ортаның діннің идеялық мазмұнына әсер етуін дәлелдеу қиын болғандықтан, ол ғалымдар тарапынан жоққа шығарылады. Алайда, дін табиғатына географиялық фактордың түсіндіре алатын мынадай құбылыстар бар: этникалық діндерде Құдайлары тауларда, су көздерінде және ормандарда болады, ал су жағалауындағы халықтарда көбіне суда тіршілік етеді, көшпенділерде Аспанда немесе шексіз далада, аңшы тайпаларда аңдар арасында [3].

Бүгінгі таңдағы тарихи зерттеулерде осы бір ұзақ уақытқа алшақтап кеткен мәселеге қайта оралу қажеттілігі туындап отыр. Адамзаттың тарихи аренада саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени дамуынан географиялық фактор әсерін алып тастау, ғылыми зерттеудің өнімді болмауына алып келеді. Әсіресе біздің еліміздің тарихында қоршаған орта факторының рөлі аса

зор маңызға ие болмақ. Себебі, Қазақстан территориясын ғасырлар бойы мекендеген көшпенді тайпалар географиялық жағдайларға барынша бейімделіп, олардың материалдық та, рухани да мәдениетінде табиғат орнының ерекше болғанын байқау қиын емес.

Адам мен қоғамға географиялық фактордың әсер етуі туралы екі тұжырымдама бар: біріншісі, адамзат дамуын қоршаған орта факторынан мүлдем бөлек қарастырса, екінші көзқарас бойынша, географиялық орта адам баласының тарихи үдерісінің дамуындағы негізгі қозғаушы күш. Екінші тұжырымдаманы ұстанушылар «географиялық детерменизм» деп аталған ғылымдағы бағытты қалыптастырды. Аталған бағыттың белгілі өкілдері болған және географиялық фактордың тарихи үрдістің негізі болды деген қағиданы ұстанған бірнеше ғалымдардың көзқарастары бүгін де заманауи тарихшының зерттеу жұмысында ескерілуі жұмыстың одан әрі ауқымдала түсуіне ықпал етеді деген ойдамыз. Тарих және адамзат дамуындағы географиялық ортаның рөлі туралы алғаш антикалық грек философтарының еңбектерінде кездеседі. Геродот, Гиппократ, Фукикид, Протагор, Полибий еңбектерінде осы сарындағы бірқатар ойлар орын алады. Алайда, бұл көзқарастар аталған мәселедегі тек қана бастамалар болды [4].

Географиялық факторды адам өміріне әсер етуші ықпалдардың маңыздысы ретінде сипаттаған араб ғалымы Ибн Халдун болған. Ғалым географиялық фактор мен оның адамдардың тіршілік үшін керек қаражатты табу кезіндегі экономикалық белсенділігі әсеріне ерекше назар аударды. Ибн Халдун «адамның географиялық ортасының мүмкіндіктеріне қарай оның қажеттіліктері дамиды, – ең алдымен азығында, үйінде, оларды қанағаттандырған соң – ғылым мен өнердегі рухани сұраныстары анықталады» – деп көрсетеді. Ең ықпалды араб тарихшысы ретінде (кейбір Батыс тұрғындары жағынан тарихнама мен әлеуметтанудың шынайы атасы деп қарастырылған) Ибн Халдун батыстық философия ойлауына әсер етті. 1812 ж. Бэрн Джозеф фон Хаммер Пургшталь Ибн Халдунды «араб Монтескьесі» деп атаған. Ибн Халдун әрбір халықтардың, жабайы тобырлардан бастап, көшпенділер және ұйымдастырылған халықтардың (оның көрсетуі бойынша «отырықшы халықтар») өзіндік географиялық фактордың әсеріне ұшырағанын суреттейді. Тарихшы осы халықтардың әрқайсысының қоршаған ортасына, климатына, топырағына, азығына байланысты тіршілік ету салты мен дүниеге де-

ген көзқарасы қалыптасатынын тұжырымдайды. Олар дәл сол нақты географиялық орта беретін тіршілік түрінен шет кете алмайтынын айтқан, себебі адамдар тіршілік көзіне мұқтаж болады. Осы фактілерді назарға ала отырып, Ибн Халдун шын мәнінде, адам топтарына климаттық әсер жөніндегі атақты теориясы бойынша, Монтоскьенің ізашары болды деп айту әбден орынды [5].

Ибн Халдунның мұндай тұжырымдамаларымен келіспеу қиын, тіпті осындай ойларды дәлелдейтін тарихи мысалдар да жеткілікті. Мысалы, көшпенділердің өмір сүрген табиғи жағдайларына байланысты сол табиғаттың ықпалы байқалатын тұрмыстық салт мен мәдениеті қалыптасты. Көшпенділер мәдениеті өзіндік сипаттарға ие: ерекше қонақжайлылық, табиғатпен гармонияда болу, материалдық қажеттіліктердің қарапайым болуы, қиыншылықтарға төзімді әрі жауынгер болуы. Көшпенді халықтар менталитеті мен дүниетанымдық көзқарастары да қоршаған орта ықпалына аздықтатып ұшырағаны белгілі.

Географиялық детерменизмнің идеялары дамуының келесі кезеңі Ұлы географиялық ашулар ғасырымен байланысты. Бұл мәселеге деген қызығушылықты 16 ғасырда француз мемлекеттанушысы Жан Боден қайта жаңғыртты. Алғашында географиялық детерменизм идеялары прогрессивті болды, себебі қоғамдық заңдардың құдайшылық сипатын алмастырған болатын. Жан Боден өзінің «Методы легкого познания истории» (1566 ж.) атты еңбегінде қоғам адам еркінен тәуелсіз, қоршаған ортаның ықпалымен қалыптасатыны жайлы көзқарасын негіздеді. Боден өзінің «Шесть книг о государстве» (1577 ж.) атты шығармасында мемлекеттік құрылымдағы айырмашылықтарды үш себептермен түсіндірді: Құдай Еркімен, адамның өктемдігі және қоршаған орта әсерімен. Алайда, Құдай Еркінің даму танымы үшін түсініксіз болған соң, ал адамның ойлары өте құбылмалы әрі қалай болса солай болғандықтан, ғылыми жүйелеуге бағынбады. Сондықтан Боден елдер мен халықтар арасындағы айырмашылықтарды географиялық себептер арқылы түсіндіру қажет деп есептеді. Ғалымның ерекше назар аударған аспектісі климат болды. Ол бүкіл жер шарын үш климаттық аймаққа бөлді: ыстық экваторлық, суық полярлық, орташа қоңыржай. Боден халықтардың ұлттық мінез-құлқы осы халықтардың өмір сүретін климаттық орта жағдайларына тәуелді деп есептеді [6].

Боденнің көзқарастарында, оның антикалық ізашарлары сияқты аңқау әрі дұрыс емес ойлары көп болды. Алайда, ол алғаш рет табиғаттың қоғамға әсері жайлы мәселені жеткілікті дәрежеде және жүйелі түрде қарастырып, келесі идеяларды алға тартты:

1. Халықтың дамып отырған табиғи географиялық жағдайлары мен сол халықтың психикалық ой-өрісі біртұтас жиынтық ретінде қарастырылады. Боден, негізінен, белгілі бір адам қоғамының темпераменті кеңдік пен ұзақтылыққа байланысты деп көрсетті. Халықтарды солтүстік, оңтүстік және ортасында өмір сүретіндері бойынша бөле отырып, соңғыларының психикалық ой-өрісін дұрыс деп есептейді. Сонымен қатар ол климаттың ылғалдылығы мен теңізге жақындылық сияқты ықпалдардың да болатынын айқындайды.

2. Заңдар мен мекемелердің климатқа тәуелділігі. Боден халықтардың темпераменті заңдылықтар мен дәстүрлерге әсер ететінін ескерді. Осылайша, көбіне заңнамалар көп жағдайда географиялық факторларға тәуелді, себебі, алуан түрлі табиғат алуан түрлі әлеуметтік-саяси мекемелерді талап етеді.

3. Табиғат жағдайларының ықпал ету ерекшеліктері Боденнің тұжырымдамасы бойынша, белгілі бір әлеуметтік факторлармен, немесе адам қалауы және тәрбиесі арқылы әлсіздендіріле алады немесе жойылады. Осы мағынада, Боден абсолютті детерменист ретінде көрініп тұрған жоқ [1].

Шын мәнінде, географиялық жағдайы қатаң болған аудандарда халқы неғұрлым төзімді әрі қайсар болады, ал көптеген таулы қыраттар мен қоршалған немесе жеке орналасқан халықтардың менталитетінде тұйықтылық байқалады. Сонымен қатар француз ғалымы географиялық факторлардың да жайсыздығын адамдық ойлардың жетілдірілуі арқылы жеңуге болатынын тұжырымдаған. Бұдан Боденнің бұл факторды абсолюттік дәрежеге жеткізбегенін, тек маңызды әрі ерекше екенін байқатуға тырысқанын айтуға болады.

Географиялық және әлеуметтік-саяси факторлардың өзара ықпалдасуы жайлы маңызды зерттеу жүргізіп, географиялық детерменизмнің теориясын алғаш жасап шығарған Шарль Монтескье болды [7]. Егер тарихшы өз зерттеуінің барынша барлық аспектіде ашылғанын және толығымен түсінікті болуын қаласа, ол географиялық факторды зерттеу жұмысы шегінен тыс шығармауы қажет. Әрбір адамзат қоғамы белгілі бір табиғи ортада қалыптасып, дамиды және сол

ортада ары қарай мәдениет пен өркениет дамуы орын алатыны сөзсіз. Бұның барлығы тарихшы үшін біртұтас үлкен кешен сияқты болуы тиіс. Белгілі бір қоғамда ғылым мен білімнің дамуын қарастыруды көздеген болсақ, онда еріксіз оның саяси-әлеуметтік жағдайымен байланысу қажет болады, ал ол өз кезегінде географиялық факторға да мән беруді талап етері анық. Ондай болса, Шарль Монтескьенің осы жайындағы бірнеше маңызды идеяларына тоқталып өтелік. Шарль Монтескьенің осы тақырыпқа арналған ең атақты еңбегі «О духе законов» деп аталады.

Монтескьенің осы еңбегінің негізінде жатқан басты идея – барлық жер шарындағы адамдарды заң басқарады әрі ол адамзат санасының көрінісі. Заңдар елдің физикалық қасиеттеріне, оның суық, ыстық немесе қоңыржай климатына, топырақ сапасы мен орналасқан жеріне, аумағына, сонымен қатар ондағы халықтың шаруашылығына – егіншілер, аңшылар немесе бақташылар, – еркіндік деңгейіне сәйкес келуі керек [7]. Яғни, автордың пікірінше, адам қоғамының қалыптасуы мен дамуына қатынасатын барлық факторлар біртұтас жүйе ретінде қарастырылуға тиіс. Монтескье әр климатта адамдардың мінез-құлқы, сипаты мен мақсаттары алуан түрлі болатынын айтады, ал олардың барлығын заңдардың ескергені абзал. Адамдардың мінезі мен менталитетіне климаттың ықпал етуін Шарль Монтескье әр климаттағы биологиялық өзгешеліктер арқылы көрсетеді. Ол солтүстікте суық климатта өмір сүретін адамдар физикалық жағынан күшті болса, керісінше, жылы аймақта тіршілік ететін қоғамның адамдары сезімдік, рухани құндылықтарға жақын болатынын дәлелдеуге тырысады. Бұл тұжырыммен белгілі бір дәрежеде келісуге де болады. Мысалы, ерте заманнан бері Үндістан өте діни адамдардың мекені, онда салттар мен ғұрыптар үнемі бір тәртіпті сақтап келеді. Араб елдері жайлы да осыны айтуға болады. Дегенмен бұл мәселеде аса абай болып, географиялық ықпалдан басқа да онымен бірігетін факторларды да ұмытпаған жөн.

Ментальды аспектіде қызығушылық тудыратын Монтескьенің келесі идеясы – қоршаған орта бере алмаған байлықты адамдар еңбек арқылы алу қажет, ал ол үнемі заңдар арқылы реттеліп отыруы қажет [8]. Егер заңдар бүкіл халықты еңбекке баулып, табиғаттың қолайлығына қарамастан соған жетелеп отырса, адамзат қоғамы ешбір географиялық қолайсыздықтарға қарамастан алға дами береді. Автордың пікірінше, егіншіліктің, өндірістің де дамуы осы бағыт арқылы кемелдене алады.

Шарль Монтескье сонымен қатар адам қоғамының мүшелерінің адамгершілік қасиеттеріне қарай, ондағы рухани құндылықтарды қастерлеу деңгейіне қарай сол қоғамда заңдар жасалынады деп тұжырымдайды. Егер де халықтың адамгершілік қасиеті мен оған деген сенімділік аз болса, заңдар әлдеқайда қатаң әрі көп болады, ал егер халықтың адамгершілігі мен түсінушілігі мол болса, ондағы заңдар жеңіл әрі қысқа болары анық деген тұжырым жасайды [8]. Монтескьенің көп әйелділік, отбасы, әйелдің қоғамдағы орны және үйшілдік, отбасылық қарым-қатынастар мәселесі бойынша жасаған идеялары да тарихшының қызығушылығын тудыратыны сөзсіз. Автор мұның ерекшеліктерінің себебін тек географиялық әсерге беттемейді, дегенмен бұл фактордың да басымдылығын көрсетуге тырысады. Шарль Монтескье барлық тұжырымдарын географиялық фактордың адамға әсерін психикалық тұрғыда қарастыра келе жасағаны айқын көрініп тұр. Ал негізінен қоршаған орта әсері тікелей психикалық қана емес, адамның белгілі бір шаруашылық түрімен айналысуы арқылы анықталатынын да айтқан жөн.

Біздің рухани мәдениеттің ерекшелігіне географиялық фактордың ықпалы болған мәселемізге байланысты Монтескьенің жоғарыда аталып өткендей тұжырымдамалары бар. Алайда тарихшы үшін оны одан әрі дамытып, талдау жаңаша көзқарастарды тудыратыны анық.

Біздің пікіріміз бойынша, географиялық детерменисттер қатарына жатқызылған ғалым Л. Мечниковтың идеялары қазіргі таңда өзекті болып отырған мәселелерге жанасатын әрі аса қызығушылық тудыратын концепциялар. Сондықтан осы еңбегімізде біз оның көзқарастарына ерекше көңіл аударамыз. Ең алдымен айтарымыз, Мечников өзінің алдындағы ізашарларға қарағанда детерменист болды деп тұжырымдау қиын. Себебі, ол өз еңбектерінде географиялық орта әсерін абсолютті жағдайға жеткізбейді және географиялық фатализмнен өзін алшақ ұстайтынын да ескереді.

Мечников географиялық факторларды қалыптастыратын жағдайларды – астрономиялық, физикалық, климаттық, антропологиялық деп бөліп қарастырады. Бұлардың ішінде кейбір жағдайлар тұрақты немесе өте баяу және байқаусыз жүріп отырады, дегенмен кейбіреуі салыстырмалы түрде өте жылдам өзгеріске ұшырап, дәл солар адам мен адамзат қоғамына әлдеқайда көп ықпал етеді. Бұл ықпалдастықтар тікелей немесе көптеген басқа факторлармен бі-

ріге отырып, алуан түрлі комбинациялар арқылы жүзеге асып отырады. Жер бетінің әр жерінде географиялық орта өзгереді, ал онымен бірге адам да өзгере бастайды. Алайда, қоршаған орта тек қана кеңістікте өзгеріп қоймайды, сонымен қатар ол уақытқа да байланысты өзгеретіні анық. Ғасырлар бойы әрбір жердегі жағдай өзгереді және онымен бірге адамзат үшін маңыздылығы да өзгереді [9, с. 230-239].

Географиялық орта өз әсерін үнемі және бір мөлшерде тигізбейді. Адамның әлеуметтік құрылысы мен өркениеттің дамуында ең басты себеп пен сипатты біз толығымен географиялық ортаның ықпалында іздемеуіміз керек. Бұл сонымен қатар осы бір халықтың ұстанатын қоршаған ортаға бейімделушілік тәсіліне де байланысты. Қоршаған ортаға бейімделе отырып, осының өзін өркениет деп атауға болады, адам мынадай қабілеттіліктерге ие болады: біріншіден, қоршаған ортаға абсолютті тәуелділігінен босатылады; екіншіден, осы уақытқа дейін ол үшін пайдасыз әрі қауіпті болған мыңдаған табиғи жағдайларды пайдалануды үйренеді [9, с. 243-247].

Мечников тұжырымы бойынша, халықтардың тарихи және әлеуметтік тарихында мыналар ерекше маңызды болып табылады:

1. Астрономиялық ықпал. Жер бетіндегі әрбір тіршілік иесі белгілі бір жылу мен жарық көмегімен қалыптасады және өмір сүреді. Олардың жалғыз көзі Күн болып табылады. Алайда жер бетіндегі әр жерде күннің өмірлік қуатын түрлі мөлшерде алады. Автор пікірінше, органикалық тіршілік пен тарихи процестердің дамуы үшін қолайлысы – қоңыржай климат.

2. Физикалық орта ықпалы. Тікелей әсер етумен қатар, күрделі физикалық жағдайлар адамдардың әлеуметтік өміріне алуан түрлі жолмен ықпал етіп, адамдар арасындағы келісушілік пен өзара жәрдемдесудің дамуын қиындата түседі немесе оған жағдай жасайды. Көптеген жағдайларда белгілі бір елдің кездейсоқ табиғи ерекшеліктері ондағы адамдардың тағдырына шешуші ықпал етуі мүмкін. Мысалы, Жапонияның Куро-Сиво теңізінің ағыны мен су асты тастары жапондықтарды қалған жер бетінен бөлек ұлттық ерекшеліктеріне себепші болды. Физика-географиялық ортаның факторлары жер шарының әрбір жерінде өте алуан құндылықтарға ие болатынын естен шығармау қажет.

3. Өсімдік және жануарлар әлемінің ықпалы. Антропологиялық жағдайлардың әсері. Бұл ықпал да адамзат баласының тарихи және әлеуметтік дамуында маңызды орын алады.

Жануарлар мен өсімдіктер түрінің көп болуы адамның да ары қарайғы дамуын жылдамдатады. Жануарлар әлемінің ішінде тек адам ғана жер бетінің барлық жеріне таралды және адам ғана қоршаған ортаға бейімделу қасиетіне ие. Адам бейімделу қасиетіне ие бола отырып, қоршаған ортаны керісінше өзіне бағындыра алады. Адамзаттағы бұл қабілеттілік ғылым, мәдениет пен өнердің дамуына ілесе отырып, мәңгілік дами алады [9, с. 272-280].

Географиялық орта әсерін абсолюттендірмегенмен, Мечников қоршаған ортаны адамзат қоғамында қалыптасқан мұрагерлік әсерінен әлдеқайда қуатты деп есептейді. Осы қоршаған ортаның өзгерістеріне байланысты адамзат қоғамындағы өркениеттер ошағы өзгеріп отырады. Кейбір кездерде тарихи үрдісте географиялық фактор жағымды рөл атқарса, кейде тіпті ұлы өркениеттердің де құлдырауына алып келеді [9, с. 331-332].

Ерекше назар аударуды талап ететін Мечников тұжырымдамасы мынада: бір жағынан климаттық өзгерістер шынымен тарихта маңызды орын алғаны орнықтырылса, екінші жағынан, бұл өзгерістер өте тар шектеулерде жүзеге асқаны белгілі болды. Әрине, бұны тарихи оқиғалардың жылдамдығымен салыстырғанда, адамның, топырақтың және климаттың өзгерістері әлдеқайда баяу жүретінімен түсіндіруге болады.

Өз еңбегінде орыс ғалымы адамзат тарихының дамуында өзендерге ерекше мән береді. Оның пікірінше, ең алғашқы өркениеттер ошағының барлығы дерлік үлкен өзендердің аңғарында қалыптасып, дамыды. Көптеген ғасырлардан соң өркениет өзен ағыны арқылы теңіз жағалауына келіп, енді оның аңғарына тарала бастады. Осылайша, тарихи дамудың екінші сатысы, теңіздік деңгейі пайда болады. Бұрындағы өзендік өркениетті қалыптастырған адамдар жоғалады немесе одан да үлкен өркениеттің құрамына еніп кетеді. Осылайша, бір-біріне бүкіл жинақталған тәжірибені бере отырып, тарихи үрдіс дамиды. Мұндай өзгерістер бір жағынан табиғи жағдайларға байланысты болса, екінші жағынан сол өркениет адамдарының да интеллектуалды әрі көрегендік қасиеттерінің жоғалуы мен қаналуынан да болады. Соңғы өркениеттің деңгейі – мұхиттық. Бұл сатыда барлық әлемдік мәдениеттер мен өркениеттер бірігіп, біртұтас жүйеге айналады [9, с. 333-339]. Қазіргі уақыттағы жаһандану үрдісімен салыстыруға болады.

Мечниковтың тұжырымдамаларында тарихи зерттеу үшін маңызды идеяларды кездес-

тіруге болады. Оның еңбегі бір жағынан, жаңа ойлардың қалыптасуына итермелесе, екінші жағынан, географиялық факторды басқа да ықпалдармен ұштастыруға мүмкіндік береді.

Қорыта келе, жалпы географиялық фактордың адамзаттың тарихи дамуындағы рөлін жоғары деңгейде деп бағалауға болады. Әлі күнге дейін тарихи зерттеулерде бұл фактордың ықпалы жеткілікті бағаланбай келеді. Дегенмен қазіргі уақытта елімізде бұл аядағы мәселелерге ақырындап бет бұрылып келеді. Бұл мақала да осы бастамадағы тек кішігірім бөлігі деп атасқ болады. Ең бастысы, әрине, географиялық детерминизм идеяларын қайта жаңғырту емес,

олардың арасындағы бүгін де орын алып, кейін де өмір сүре алатын тарих ғылымын жаңарту бағытында пайдаға асатын идеяларды іріктеп алу.

Ұзақ уақыт бойы бір бағытта жүріп, жеткілікті дәрежеде жан-жақты дами алмаған еліміздегі тарих ғылымы, қазір бұғаудан босағанмен, әлі де елеусіз күйде қала беруде. Оның еленуі үшін, қоғамда қажетті ғылымға айналуы үшін тарих ғылымының басқа да барлық ғылымдармен ұштасып жұмыс жасауы аса маңызды. Әсіресе, тарихи қоғамдағы адамның рухани өмірі, оның ішіндегі интеллектуалды ойлауы мен дамуы жекелей еңбек етуді қажет етеді.

Әдебиеттер

- 1 Гринин Л.Е. Лекция: Природный фактор в аспекте теории истории // *Философия и общество*. – 2011. – №2. – С. 168-198.
- 2 Ballinger, Clint Why Geographic Factors are Necessary in Development Studies // *MPRA Paper*. – 2011. – No. 29. – P. 95-101.
- 3 Самарова Л.Р. Географический детерминизм в современных религиоведческих // *Культура народов Причерноморья*. – 2006. – № 79. – С. 134-138.
- 4 Allyn Rickett (1998), in *Guanzi: Political, Economic, and Philosophical Essays from Early China: A Study and Translation*. Volume II. – Princeton: University Press, 1998. – P.106.
- 5 Warren E. The Spread of Ibn Khaldūn’s Ideas on Climate and Culture Gates // *Journal of the History of Ideas*. – Vol. 28. – No. 3.(Jul. – Sep.). –1967. – P. 415-422.
- 6 Зюганов Г.А. География победы: Основы российской геополитики. – М., 1997. – 304 с.
- 7 Кучеренко Г.С. Исследования по истории общественной мысли Франции и Англии 16 – первая половина 19 в. – М.: Наука, 1981.
- 8 Монтескьё Ш. Избранные произведения. – М., 1955.
- 9 Мечников Л. Цивилизация и великие исторические реки – М., 1995. – 461с.

References

- 1 L.E. Grinin Lekciya: Prorodnyi factor v aspekte teorii istorii // *Filosofiya i istoriya*. – 2011. – №2. – S.168-198.
- 2 Ballinger, Clint Why Geographic Factors are Necessary in Development Studies // *MPRA Paper*. – 2011. – No. 29. – P. 95-101.
- 3 Samarova L.P. Geograficheskiy determinizm v sovremennyh religiovedcheskih // *Kultura narodov prichernomorya*– 2006. – № 79. – S. 134-138.
- 4 Allyn Rickett (1998), in *Guanzi: Political, Economic, and Philosophical Essays from Early China: A Study and Translation*. Volume II. – Princeton: University Press, 1998. – P.106.
- 5 Warren E. The Spread of Ibn Khaldūn’s Ideas on Climate and Culture Gates // *Journal of the History of Ideas*. – Vol. 28. – No. 3.(Jul. – Sep.). –1967. – P. 415-422.
- 6 Zyuganov G.A. Geografiya pobedy: Osnovy rossiskoi geopolitiki. – М., 1997. – 304 s.
- 7 Kucherenko G.S. Issledovaniya po istorii obshestvennoi mysli Francii I Anglii 16 – pervaya polovina 19 v. – М.: Nauka, 1981.
- 8 Sh. Montesk’е. Izbrannye proizvedeniya. – М., 1955.
- 9 Mechnikov L. Civilizatsiya I velikie istoricheskie reki – М., 1995. – 461s.

5-бөлім
АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ

Раздел 5
АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ

Section 5
ARCHEOLOGY AND ETHNOLOGY

Omarov G.K.
**New archaeological sites of
Kurchum**

In the course of archaeological research conducted on the territory of South-West Altai we have accumulated sufficient amount of materials that demonstrates the development of archaeological cultures of nomads in ancient and medieval times. As a result of the comprehensive archaeological research conducted last year sources of archaeological monuments in the region were extracted and replenished, also the exact location was determined. The article introduces to previously unknown archaeological sites belonging to the Turkic period. A brief description of the mound and descriptions of artifacts are given. Also the article covers information found as a result of exploration work to identify monuments of Turkic-time three sculptures – Duanali, Baliktibulak and Kolchilyk, previously unknown to science, discovered in the initial position. A description of these sculptures are given. The stone sculptures date back to the VI-VIII centuries.

Key words: archeology, mound, burial, Turkic time, Duanali, Baliktibulak, Kolchilyk, balbal.

Омаров Ғ.Қ.
**Күршімдегі жаңа
археологиялық орындар**

Қазіргі таңда жан-жақты археологиялық зерттеулер нәтижесінде Оңтүстік-Батыс Алтайда ежелгі және ортағасырлар көшпелілерінің археологиялық мәдениеттерінің дамуын паш ететін материалдар мен өлкенің тыңнан ашылған археологиялық ескерткіштерімен толығуда. Мақалада бұрын белгісіз түркі кезеңінің археологиялық ескерткіштері қарастырылып, қорғандар мен табылған заттардың қысқаша сипаттамасы берілген. Сондай-ақ барлау-іздеу жұмыстары кезінде табылған бұрыннан ғылымда белгісіз түркі уақытының бастапқы қалпында табылған VI–VIII ғасырлармен мерзімделетін Дуаналы, Балықтыбұлақ және Көлшілік тас мүсіндері қарастырылады.

Түйін сөздер: археология, қорған, қорым, түркі дәуірі, Дуаналы, Балықтыбұлақ, Көлшілік, балбал.

Омаров Г.К.
**Новые археологические
места Курчума**

К настоящему времени в результате археологических исследований на территории Юго-Западного Алтая накоплен определенный материал, который демонстрирует развитие археологических культур кочевников в древности и средневековье. В результате всесторонних археологических исследований последних лет были добыты и пополнены источники об археологических памятниках данного региона, определено точное место их расположения. В статье рассматриваются ранее неизвестные археологические памятники, относящиеся к тюркскому времени. Дается краткая характеристика кургана и описания артефактов. Также в статье рассматриваются найденные в результате поисково-разведочных работ по выявлению памятников тюркского времени три изваяния – Дуаналы, Балықтыбулак и Колшилик, ранее неизвестные науке, обнаруженные в первоначальном положении. Дается описание данных памятников. Каменные изваяния датируются VI–VIII вв.

Ключевые слова: археология, курган, могильник, тюркское время, Дуаналы, Балықтыбулак, Колшилик, балбал.

NEW ARCHAEOLOGICAL SITES OF KURCHUM

The territory of South-Western part of Altai has captured the eye of many researchers in terms of exploring the historical sites. S.S. Chernikov was the first who studied the region and conducted exploration and pilot work to reveal the archaeological sites in the 30 s of the last century [1; 2; 3; 4], Then this territory explored A.M. Orazbayev which in addition to exploration and excavations conducted [5; 6], A.A. Charikov and F.H. Arslanova conducted mainly archaeological researches in order to identify the ancient Turkic significant sites [7, p. 147-155], another researcher Z. Samashev tried to study petroglyphs [8]. In 1980s and later in 2005s the exploration and pilot works were performed by staff members of the East Kazakhstan regional museum [9, p. 115-116; 10].

The joint Kazakh and Russian Markakol archeological expedition studied the archaeological sites beginning from the Mesolithic to the Middle Ages in 1998-2000 in Kurchum region [11; 12, p. 183-190].

The archaeological site research was carried out in the burial grounds of Alkym 1, 2, 3, located 4 km to the north-east from the village Kalzhir of Kurchum region of the East of Kazakhstan oblast in 2012 by the author of the given article [13]. The burial grounds located in different upland fringes of the right bank of Kalzhir river. Kalzhir river begins from Markakol lake, running through Kurchum range flows to the Zaysan hollow. The burial ground was located at the outfall of the river from the mountain range. The Kalzhir is the right channel of Black Irtysh.

The studied burial ground Alkym 2 located in the third upland fringe, it is washed by Kalzhir river with its rocky banks in the east, there are Karasengir mountain ranges in the west. The territory of the burial ground is a triangular shaped which sharpens at the mouth, and broadens at the outfall. The length from the north to the south is 800 m, the width from the east to the west is 150 m. The height of the place is 500-515 m above sea level. The soil of the place is flinty. The location of mounds has no definite system. The diameters of the mounds range from 5 to 20 meters. Judging by the surface of structures and the results of the study the burial grounds appeared at different times. Along the foot of the mountain on the west line of burial ground one could see mounds belonged mostly to early medieval nomads, as for mounds on the main square they belonged to early nomad tribes. Construction of mounds mostly destroyed by

treasure hunters, later the stone fill of mounds was used to build dams, dikes and construction works. The construction of some mounds located on the edge of the fringe were destroyed by a landslide washed away by floods as well.

In general, the geographical location and hydrological situation of the area is very favorable for life sustaining activity from the earliest times. That is why the nomads have sacralized the territory since ancient times.

We can assume that the ancient inhabitants of this area were engaged not only with nomadic pastoralism, but with seasonal agriculture, as the lower reaches of Black Irtysh and Kalzhir rivers were favorable for irrigated agriculture.

The burial ground Alkym II located to one fringe upper in the south of the burial ground Alkym I. There are about 70 mounds in this burial ground. The ground constructions of all mounds of burial ground consist of a stone fill, some of them consist of gravel.

The mound Alkym I is located in the southern part of the burial ground, its ground construction was destroyed by the result of building of dam, which is located nearby the burial ground. So it is impossible to define the real height and original construction of the mound, according to stones that form the basis of the ground structure we can define the diameter of the mound: it is 10.9 m from the south to the north and 9.5 m from the east to the west. In the course of the cleaning of turf it turned out that the remaining stones were preserved only in one layer and across the ground construction. There were rare or even no stones in the central part. Above the bone chamber were a great many of stones, the edges of which had collapsed inward, it should probably be the trace of predatory manhole. By clearing the bone chamber layer by layer the filling of stones was fixed in the northern part, which is a clear sign of the work of robbers. The shape of the bone chamber became clear, the size of which is 2 m from the east to the west and 1.5 m from the north to the south. In the process of cleaning of the bone chamber at a depth of 0.7 m large slabs were seen which formed walls of the stone box, the size of which is 1.56 m from the east to the west, 0.85 m from the north to the south. By clearing the inside of the stone box in the western part at a depth of 0.73 m and 0.15 m from the north-west wall the bone ornaments were found. The detected ornament made of bone represents the pendant of a belt set, which has a drop shape on one side and a rectangular shape slitted inside, the diameter of which is 6 mm. Total length of it is

4 cm and 3 mm. The ornament is a dome shaped on one side, and on the other side is a flat polished.

At a depth of 1.1 m ornaments made of bronze were found. There was an oblong shaped item, the length of which is 4 cm and 1 mm, and 1 cm and 4 mm wide, which represents a piece of a belt set, i.e. a belt buckle. On the flip side there are two flanges for riveting. On the front side in the middle part there were deep lines in the shape of arrow with sharp end directed to the round side. At this depth the scattered bones of the buried man can be seen as well. Then at a depth of 1.2 m from the surface the remains of the buried man were fixed oriented to the west. The skull and lower limbs were remained, ribs and vertebrae were broken and scattered around as a result of activity of robbers. The preservation of bones could be valued as satisfactory.

Let us to describe the artifacts in details. Triangular stick metal head of an arrow was kept in a good condition. Its total length is 7 cm and 6 mm. Only two sides preserved at the moment, and one side subjected to a strong erosion. The length of the arrowhead is 3 cm and 6 mm, the rest is 4 cm stick. The remains of pole were saved on the stick.

Rectangular shaped black metal buckle, size of which is 2,1x1,2 cm was preserved in a pretty good condition. The upper part is smooth, the edges are curved inwards. On the lower side there are two rivetings. This ornament could be a part of a belt set and is the end of the buckle.

A black metal clip which has a rectangular shape 2,2x1,3 cm kept in a good condition. The thickness of the metal rod is 3.5 mm. Perhaps it was also a part of a belt set.

A metal plate, it's size is 2,2x1,7 cm. The plate was subjected to a strong erosion and remained in bad condition. On one end there is a hole with a diameter of 2 mm. There is another metal plate similar to the first one in its structure. Probably, it is the part of the first one, unfortunately the fragments couldn't be joined because of a strong erosion to which they were subjected.

A metal item, one part of a jewel, has a shape of a finger ring. The upper part is round with a diameter of 1 cm, the ring base is 1.2 cm, with a hole of 4 mm. This item has a poor condition because it underwent to severe erosion.

So, examining the artifacts, found in this burial ground Alkym 2, the named item could be dated to the Turkic period.

As a result of the exploration and pilot work aimed at identifying the ornaments of the Turkic time in the territory of the Kazakh Altai we have fixed three sculptures previously unknown to science

discovered in the original position. The description of these ornaments are given below.

In Duanaly, that is 4 kilometers to the north-west from the village Karoi of Kurchum region of the East of Kazakhstan oblast, the first stone sculpture was found. It was rested in a low lying land, bounded by low hills on all sides, overgrown with grass and shrubs. Stream runs about 700 m to the west from the found sculpture. The sculpture was rested on the east side of the rectangular wall, made of vertically dug stone slabs. The size of the wall: 4 m in the line Z-V, 3 m in the line S-Y. The front side of the sculpture was faced to the east. While preparing the sculpture the rectangular slab made of coarse-grained granite was used. The height above ground is 1.1 m. The width of the head at the bottom is 0.4 m, the width in the central part of the torso is 0.35 m, the width at the base dug in the ground is 0.28 m. The width of the side part in the area of the head and the base is 0.2 m, the central part of the sculpture is 0.21 m. The length of the nose is 0.1 cm, the width from the outer corners of eyes is 0.14 m. The head is clearly separated from the torso by a groove the width of which is 2 cm, in front part there is a chin. Eyebrows with a smoothly curved edges were marked out with thin lines above eyes, two parallel strips representing the strands of hair rested above the forehead. The sculpture has a moustache which is lined not so clear as the other details of the face, but it can be seen that the moustache is done with thin curved line with a slightly curled edges. The mouth is done as a mild shallow groove. Below the mouth there is a small, barely noticeable beard. The ears are slightly seen. On the ears there are drop-shaped earrings with pendants. Lapel of clothing can be clearly seen. In the middle of the lapel above the chest there is a lapel pin represented in the form of round-shaped pendants. The hands are not visible, poorly fixed.

The sculpture found in Duanaly is unique in its appearance. Sculptures with a stick figure of lines of face are common in Copa 2 of Sarykol region and Kabash in Tarbagatai region [14, pp. 109, 129]. Image of similarly made lapels of clothing is available on the sculptures located in the fund of museum EKRM and taken from Ulan region of the East of Kazakhstan oblast. According to A.A. Charikov the image of parallel lines at a chest level in the form of a rhombus could be a plastron [15, p. 224]. Apparently he viewed this form of image altogether. But if you look closely, you could see the merged triangular lapels. So the rhombic shape on the chest of the sculpture, drawn by parallel lines, could merely be the joint lapels of coat. According

to F.H. Arslanova the sculptures of this type date back to VII-VIII centuries [15, p. 224].

In Balyktybulak, 3 km to the south of the same named village (Vladimirovka) of Kurchum region of the East of Kazakhstan oblast a stone sculpture with the image of human face was found. Stone sculpture was rested to the east side of the mound among five stone walls dug into the ground with a stone embankment following the line C-U. This complex also includes about twenty mounds of various sizes. This area is rich in vegetation, all mounds are completely overgrown with grass and shrubs, that is why it is quite difficult to define the height and diameter of the mounds in summer time. The monument is located on flat ground surrounded by hills on all sides. The flat slabstone was used to make the sculpture and it has a rhombic shape. The height of the sculpture is 1.1 m above the ground level. The upper part of the sculpture has the following dimensions: the South-East side is 16 cm, the South-West is 17 cm, the North-West is 18 cm, the North-East is 20 cm. From eye level to the level of the end of the face there are side grooves on sculpture sides that separates head of the sculpture. The facial image on the sculpture is drawn by thin continuous lines. The face is oval, its size is 20x30 cm. The length of the eye is 2 cm each, the distance between the outer corners of eyes is 11 cm. The length of the nose is 6 cm, the width is 2 cm, the bottom of the nose expands and its width is 6 cm. Nostrils are shown by two points. Under the nose there is an oval shaped beard cut following straight line in one side. The size of beard: the length is 6 cm, the width is 5 cm. There is an oval shaped helmet on the head the diameter of which is 6 cm, with two oval shaped ears on both sides, with a diameter of about 2 cm. Two lines on the upper part show the eyes, apparently the sculptor wanted to use the whole upper part of the monolith, and only then he made an oval to depict the head on the front part. The stone sculpture installed facing the East and has a slight slope to this direction.

At a distance of 0.5 m to the South of the main sculpture there is a stone stele constructed from layered stone, round in section, slightly inclined to the East; its height is 1.25 m, the diameter of the upper part is 17 cm. A 0.55 meter tall straight standing stone was dug at 0.4 m to the South, the size of the stone in the section at the top is 30x20 cm. The stone is not tall, it is almost not visible among the vegetation.

The fourth stele is inclined, unlike the others, to the west, constructed of stone, it has a parallelepiped shape, the height is 1 m, a sectional size in the upper part is 20x21 cm. Near the fourth stele there

is another highest one constructed from round sectional layered stone which structurally reminds the tree trunk. Its height is 1.32 m, the diameter of the upper part is 0.25 m. Judging by the way of how the features of face of this sculpture was depicted, we can assume that the sculptor used a previously established stele, so the monument can be attributed to the late period of the Middle Ages.

The sculpture in Balyktybulak was made in the technique of the contour line. The image of the face and head-dress is unique. There was no any analogies to this sculpture in Kazakhstan. If we study the hat, it may be noted that such shape of helmet was used in the late Middle Ages.

Kolshilik is a plain area, located on the South-East side of the mountain Sarytau, it is 2646 meter tall and belongs to the Kurchum range.

Kolshilik sculpture has a square shape as a fence on the East constructed of vertically dug stone slabs, the size of which is 2x2 m. The fence is completely overgrown with grass, poorly seen. The sculpture is made of well-polished coarse-grained granite, the height is 1.45 m from the ground. Long thin eyebrows are smoothly connected with the nose. At the level of eyebrows begins a thin, straight nose, the width of which is 2 cm at the end. The large almond-shaped eyes with a slightly slanted edges made in the form of grooves with a small hollow in the middle, represents the eye sockets. Long moustache with raised ends is shown by thin line the width of which is about 2 cm. The small mouth was drawn by a shallow groove. Well modeled head is marked with a clear picture of a neck and chin. The ears are clearly shown on which there are earrings with spherical pendants. From the details of clothing it is only visible unbuttoned wide flap, it was probably

made of fur. The right arm, bent at a sharp angle, is holding a jug with a round torso and side handle at the level of chest. The left arm slightly bent, is resting on the hilt of the sword. The handle has a round end and direct crossguard, and a slightly bent blade faces down. The blade length is 0.5 m, the width is 4 cm. The kaftan has a belt, which is represented by a grooved 4 cm wide line. On the right side of his belt a round shaped bag is hung, it is kaptargak. Next to it there is a thin long pendent reminding the touchstone, the length of which is 35 cm. The back side of the sculpture is smooth, the outlines of a belt is barely visible.

According to J.A. Cher classification the similar sculptures belong to sculptures of the first type and date back to about VI-VIII centuries. [16, pp. 44] (Cher, 1966, p. 44). The similar images of jug with a loop-shaped handle attached to the side were found in the ancient Turkic complex Sarykol [17] (Abay region of EKR). The same jars were found in the bank of Yustyd river dated back to VI-VIII centuries as well [18, p. 29; 19].

Thus, the purpose of this article is an introduction to the scientific world the above mentioned sculptures of monumental art of the medieval nomads. The comprehensive study of ancient Turkic sculpture with burial and memorial monuments will fill the blank spots in the history of medieval nomads inhabited the territory of Altai. The studies of ancient Turkic sculpture of Western Altai always remain its topicality.

«Работа выполнена при финансовой поддержке гранта Комитета Науки МОН РК 1038/ГФД «Древние и средневековые кочевники Юго-Западного Алтая: междисциплинарные исследования».

References

- 1 Chernikov S.S. Rock carvings of upper Irtysh // CA – 1947 – V. IX. – P. 251-282.
- 2 Chernikov S.S. East Kazakhstan in the Bronze Age // MIA. – M. – L., 1960. – № 88. – 272 p.
- 3 Chernikov S.S. In ancient days // Sketches on the History of Rudny Altai. – Ust-Kamenogorsk: Obltipografiya, 1970. – P. 5-15.
- 4 Archaeological map of Kazakhstan / Publishing editor is K.A. Akishev. – Almaty, 1960. – 486 p.
- 5 Orazbayev A.M., Kusurgasheva A.P. Bukhtarma archaeological expedition. 1958. Excavation diary // Archive of IA KN MES RK. – F. 11 – Op. 2 – D. 518, 519.
- 6 Orazbayev A.M. Omarov G.K. Some results of the archaeological research of the East of Kazakhstan // The issues of study and conservation of historical heritage. – Almaty, 1998. – P. 9-71.
- 7 Arslanova F.H., Charikov A.A. Bronze pots from the museums of the East Kazakhstan oblast // Scythian-Siberian cultural and historical unity. The materials of I All-Union archeological conference. – Kemerovo, 1980. – P. 147-155.
- 8 Samashev Z.S The rock paintings of the Upper Irtysh. – Almaty: Gylym, 1992. – 288 p.
- 9 Suvorova G.I. Archaeological research in the upper reaches of Irtysh // Margulan readings (thesis). – Petropavlovsk, 1992. – P. 115-116.
- 10 Corpus of archaeological sites of the East of Kazakhstan oblast. – Ust-Kamenogorsk: State Fund for the Support of Culture and Arts. – 2006. – 264 p.

- 11 Dashkovsky P.K., Samashev Z.S., Tishkin A.A. Complex of Ainabulak archaeological sites in the upper Irtysh (East Kazakhstan). – Barnaul: Publishing house AGU, 2007. – 95 p.
- 12 Kovalev A.A., Dashkovsky P.K., Samashev Z.S., Tishkin A.A., Gorbunov V.V., Grushin S.P., Varenov A.V., Omarov G.K., Sungatay S. The study of archaeological sites in the East of Kazakhstan // Complex studies of ancient and traditional societies of Eurasia (collection of scientific papers). – Barnaul, 2004. – P. 183-190.
- 13 Omarov G.K., Tolegenov E.T. Archaeological sites of Kurchum (2012 zhylgy arheologiyalyk zertteu zhumystary). – Almaty: Kazakh university, 2014. – 148 p.
- 14 Samashev Z., Sapashev O., Oralbai E., Tolegenov E., Isin A., Saylaubay E. Sculptures of monumental art of the East of Kazakhstan (the ancients and the Middle Ages). – Almaty: REGRAPHICA, 2010. – 216 p.
- 15 Arslanova F.H., Charikov A.A. Stone sculptures of the Upper Irtysh // SA. – 1974. – № 3. – P. 220-235.
- 16 Sher Ya. A. Stone sculptures of Semirechye. – Moscow-Leningrad: Nauka, 1966. – 140 p.
- 17 Old Turkic complex «Sarykol» in 2008: Report on scientific-research work (Scientific supervisor is Samashev Z.). – Almaty, 2009.
- 18 Kubarev V.D. The stone sculptures of Altai. – Gorno-Altai: Ak-Chechek, 1997. – 184 p.
- 19 Turkic heritage of the Kazakh Altai: religion and philosophy / Report on the scientific-research work (scientific supervisor is Tolegenov E.T.). – Almaty, 2012.

Шалғынбаева С.Х.,
Егорова О.В.
**Қазақстан Республикасы
территориясындағы
чуваштардың сандық
динамикасы**

Мақалада авторлар Қазақстандағы чуваш диаспорасы жайлы қарастырады. Тарихи оқиғаларға байланысты чуваштар еліміздің түрлі аудандарында орналасқан. Қазақстан жеріне чуваштардың алғашқы келу мақсаты – индустрияландыру, яғни, тың игеру. Бірақ XX ғасырдың 90-жылдарында КСРО-ның ыдырауы және әлеуметтік-экономикалық жағдайдың өзгеруі және саяси ахуалдардың әсерінен Қазақстан Республикасында тұратын чуваштардың саны жылдан жылға кеміп келеді. Ал 90-жылдардың ортасынан бастап ҚР территориясында чуваштар қоныстанған жерлерде кішігірім мәдени орталықтар ашыла бастады, мәселен: Алматы, Павлодар қалаларында чуваштардың мәдениет орталықтары пайда болды. Тарихи Отанынан жырақта өмір сүріп жатқан кез келген этнос сияқты чуваштар да, өзінің тілін, салт-дәстүрін сақтап қалуға ұмтылады. Бүгінгі таңда чуваш диаспорасы, ҚР-дағы аз санына қарамастан, Чуваш Республикасымен тығыз байланыс орната отырып мәдениетін, тілін сақтап қалуға тырысуда. Мұндай ұмтылыстар тұрғылықты өмір сүріп жатқан, жерін ауыстыруды ойламайтын, чуваш диаспорасының егде жастағы адамдары арасында кеңінен таралған. Дегенмен де чуваштардың отбасылық табысы төмендеу жас буыны, көбіне оқуын жалғастырып, Ресей жерінде қалып, жұмыс жасауға тілек білдіреді.

Түйін сөздер: миграция, диаспора, сәйкестік.

Shalginbaeva S.H.,
Egorova O.V.
**Dynamics of the Chuvash in the
Republic of Kazakhstan**

The authors of the article describes Chuvash diaspora in Kazakhstan. Historically, the Chuvash were settled in the different regions of the country. The reasons of the relocation the Chuvash in Kazakhstan were several – industrialization and agriculture development. However, with the dissolution of the Soviet Union and changes in socio-economic and political conditions of life number of the Chuvash living in the Republic of Kazakhstan started decreasing every year. In the mid 90ines were opened cultural Chuvash centers in Almaty, also in Pavlodar were created Chuvash cultural centers. As any ethnic group living outside of their motherland they are aspiring to save their language, traditions and customs. Despite to the paucity of Chuvash diaspora in Kazakhstan today, they are trying to save their culture, language and liaise with the Chuvash Republic. This intention t mostly among older people in Chuvash diaspora who do not plan to relocate. However, young Chuvashia, with a low-income families having inherent desire to learn, work and live in Russia.

Key words: migration, diaspora, identity.

Шалгинбаева С.Х.,
Егорова О.В.
**Динамика численности
чувашей на территории
Республики Казахстан**

Авторы в статье рассматривают вопросы чувашской диаспоры в Казахстане. Исторически сложилось так, что чувашы расселились в разных областях республики. Причин переселения чувашей в Казахстан было несколько – индустриализация, освоение целины. Однако с распадом СССР и изменившимися социально-экономическими и политическими условиями жизни количество чувашей, проживающих в Республике Казахстан, с каждым годом уменьшается. С середины 90-х годов открываются культурные центры в местах компактного проживания чувашей на территории РК, в г. Алматы, Павлодаре были созданы чувашские культурные центры. Как и любой этнос, проживающий вне своей исторической родины чувашская диаспора стремится сохранить свой язык, традиции и обычаи. Сегодня чувашская диаспора, несмотря на свою малочисленность в РК, старается сохранить свою культуру, язык, поддерживает связь с Чувашской Республикой. Такое стремление сильно среди пожилой части чувашской диаспоры, которые не планируют менять место жительства. Однако молодым чувашам, в семьях с невысоким доходом, присуще желание уехать учиться, остаться работать и жить в России.

Ключевые слова: миграция, диаспора, идентичность.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТЕРРИТОРИЯСЫНДАҒЫ ЧУВАШТАРДЫҢ САНДЫҚ ДИНАМИКАСЫ

Қазақстан Орталық Азиядағы көп ұлтты халықтардың мекені ретінде ерекше орын алады. Бүгінгі таңда республикамызда жүзге тарта ұлт өкілдері өмір сүріп жатыр. Чуваштардың бірігуіне ауқымды жұмысты Қазақстан халықтарының Ассамблеясы мен облыстық Достық үйі атқарып жатыр. 2015 жыл Қазақстан Республикасында Қазақстан халықтарының Ассамблеясы жылы болды. Мұндай іс жүзінде ұлттық және мәдени қоғамдардың қызметі үшін қаржылық қолдау көрсету, қызметін бақылау, мемлекетіміздегі диаспоралардың түрлі процестерден туындайтын теріс пиғылдарын барынша азайту. Бұл мақаламыздың мақсаты – ХХ-ХХІ ғасырлар аралығындағы Қазақстан территориясындағы чуваш халқының сандық көрсеткіштерінің құбылыстарын сараптау.

Тарихи оқиғаларға байланысты, чуваш халқы еліміздің түрлі өңірлеріне қоныстандырылған. 2009 жылғы соңғы ұлттық (жалпы) халық санағының нәтижесінде чуваштар 456 мың адамды құрайтын 112 этностың құрамына кірді, немесе қазіргі кездегі Қазақстан халқының жалпы 2,7%-ын құрайды. Санақ қорытындылары бойынша чуваштардың жалпы саны 7,3 мың адамды құрады (0,05% үлесі) [1].

2014 жылғы 1 қаңтардағы мәліметтер бойынша, Чуваштардың саны – 6741 адам (0,04% үлесі) [2].

2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша, онда Чуваш – 6741 адам (0,04% үлесі). КСРО-ның ыдырауы нәтижесінде чуваштардың саны айтарлықтай азая бастады, көпшілігі басқа да орыс тілді ұлттар сияқты, өздерінің тарихи «кіші» отандары – Чувашияға көшіп кетті. Чуваштардың көшуінің мақсаты, әдетте зерттеушілер саяси-әлеуметтік және экономикалық мәселелердің мақсаттарының тізімін береді: тез арадағы қазақ халқының демографиялық өсуі, ауыл халқының қалаға көшуі, еңбек нарығындағы этностар арасындағы бәсекенің өсуі, мемлекеттік аппараттың, экономика және басқа да жетекші салаларының кадрларын ұлттандыру [3].

Отанына қайтқан чуваштар, КСРО-ның тұсындағы ауылдардағы жылы қарым-қатынастарды, ерен еңбектерді еске алады, ал кейін барлығы өзгерді, ең алдымен жұмыстарынан айырылды, өмір сүру үшін қажетті қаражатсыз қалды. [4]. Информаторлардың көбінің айтуы бойынша, «шет елде отанына

деген сезімі ерекше болады» және едәуір бөлігі ата-аналарына қайтуға мәжбүр болған. Чуваш Республикасының 1996 жылдың 1 қаңтарындағы көші-қон қызметінің есебі бойынша 2840 босқындар және мәжбүрлі босқындар тіркелген, солардың ішінде 2705-і жақын жердегі шетелден келген, оның ішінде 509-ы Қазақстан жерінен келгендер. 1994-1995 жылдардағы мәжбүрлі мигранттардың саны көп болған. [5]. Қазіргі таңда да Қазақстан жеріндегі кейбір чуваштар өздерінің отандарына қайтуға талпынады. 2014 жылы Чувашия өзге мемлекеттерде тұратын отандастарының, Ресей Федерациясына ерікті түрде көшуіне көмектесу үшін мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асырумен айналысқан. 2014 жылдың маусым айынан желтоқсан айына дейін 299 өтініш келіп түскен, соның ішінде 8-і Қазақстан жерінен. Сонымен қатар 17 өтініш шетелде тұратын азаматтардан келген (Қазақстан, Тәжікстан, Грузия) [6].

Көптеген чуваштар балалары мен немерелерін жоғары білім алсын деген мақсатпен РФ-ның қалаларына жібереді (Омск, Барнаул, Новосибирск және тағы басқа). Ақпарат берушілердің пікірінше, ол жерлерде білім деңгейі жоғары. Ата-аналары балаларының Ресейде

тұрақтап қалуына жағдай жасайды. Қазақстан Республикасында ЖОО-да білім алу үш тілде жүргізіледі: орыс, қазақ және ағылшын. Халық арасында жоғары білім алу маңызды орын алады. 2009 жылғы көші-қон мәліметтерінің көрсетуі бойынша, он жылдың ішінде ҚР-дағы 15 жас және одан үлкен жастағы чуваш халқының саны 36% азайған, жоғары білім алғандардың саны 14,2%-ға, аяқталмаған жоғарғы білімі барлардың саны – 5,8%-ға кеміген. Тұтас алғанда, егер аяқталмаған жоғарғы және жоғарғы білім алған халық санын және адамдардың мөлшерін салыстырсақ, мынандай қорытынды жасауға болады: Қазақстан жеріндегі чуваштардың арасында білім алған азаматтардың санының өсіп келе жатқанын байқаймыз (1-кесте) [7].

Тарихи отанынан айтарлықтай жырақта орналасып, чуваштар этникалық сана-сезімін және өзінің халқының рухани дәстүрін сақтап келе жатыр. Интервью кезінде «Чувашия жайлы естігенде қандай күйде боласыздар» деген сұраққа информаторлардың айтуынша, жүректері «селк етіп», «Отаным менің! Отаным», «О, менің жерлестерім», «Бері келіндер, Чувашияны көрсетіп жатыр!» деп айқалайды [8].

1-кесте – Білім деңгейіне байланысты халықтың құрамы

	15 жас және жоғарғы жастағы тұрғындар		Солардың ішінде:			
			Жоғары		Аяқталмаған жоғары	
	1999*	2009	1999	2009	1999	2009
Екі жыныста						
Чуваштар	10448	6690	801	688	87	82

Чуваштардың Қазақстанға көшірілуінің бірнеше себептері болды. 1939-1959 жылдардағы Қазақстан халқының құрамындағы чуваштардың абсолюттік санының ұлғаюы, тың игеру салдарынан және 1954-1960 жылдардағы жаппай Чуваштарды Шығыс Ресей мен Қазақстан жеріне көшіру болып табылады. Бірақ Чуваштардан осы кезеңдерде 100 мыңға жуық адамға кеміді. Тағы бір әлеуметтік-демографиялық фактордың өзгеруіне аймақтағы индустрияландыру, соғыстан кейінгі жылдары Қазақстан жеріне КСРО-ның еуропалық бөлігінен жұмыс күшінің келуі әсер етті. [9]. Сол жылдары жастар өз еріктерімен қуана Қазақстанға келген болатын. Қыздардың көп-

шілігі осы жағдай арқылы ауылдан кетуге, жаңа жерлерді көруге, паспорт алуға мүмкіндік көрген. XX ғасырдың 50-жылдарындағы кетуге ниет білдіргендер жолдама алу үшін комсомол райкомына жүгінген. Информаторлардың көпшілігі, сыныптас достары немесе туысқандарының артынан «қашып» кеткендері жайлы хабарлайды [10]. Қазақстанда комбайншының көмекшісі, аспазшы және тағы басқа түрлі мамандықтарды игерген. Мысалыға, олардың біреуі қарапайым жұмысшыдан (монтер) бірінші деңгейге дейін, кейіннен ЖШС «Компания MEGA-Z»-ның бастығы дәрежесіне дейін жеткен болатын [11]. Қазақстанда Ресейдің түрлі аудандарынан келген чуваштар кездеседі. Көп

қыздар ер балалармен танысып, Қазақстаннан өзінің жұбайының отанына көшіп кеткен.

2009 жылғы Халық санағының мәліметтері бойынша, чуваштардың құрамында, жас ерекшеліктеріне қарай ең көп сандық көрсеткішті (1304 адам) 50-59 жастағы адамдар арасында, ал 1999 жылы 2038 адам 40-49 жас мөлшеріндегі адамдар болғанын көрсетті. Бұл жерде 1950-1959 жылдар аралығында дүниеге келген адамдар жайлы сөз қозғалып отыр.

Біз жоғарыда жазып кеткендей, комсомолдық жолдамамен тың жерлерде, шахталарда жұмыс жасау үшін келген жастар болса керек. Алматыда тұратын чуваштардың көпшілік бөлігі, Красноярск өлкесінен, Кемеров облысы мен

Сібірдің өзге аймақтарынан келген. Қала оларды жылы климатпен, алмаға бай бау-бақшасымен, құнарлы топырақпен, әдемі ландшафты аудандарымен қызықтырды. Қазіргі уақытта чуваштардың саны айтарлықтай азайды.

Для материального обеспечения своей семьи матери приходится работать и за себя, и за отца. Постоянный материальный недостаток может негативно отразиться на светлых мечтах ребенка о будущем. Не все гладко в процессе социализации детей и подростков в неполных семьях, особенно в тех, где женщина остается без поддержки бывшего супруга. В данном процессе могут быть разные варианты, которые могут разрешаться неординарно.

I. Разведенная женщина отдает своих детей родителям, а сама живет раздельно от них. В таком случае при социализации ребенка проявляются следующие особенности: так как никто не может заменить ребенку собственных родителей, ему не хватает материнской заботы и отцовского тепла. Ребенок теряет навыки отношений с родителями, со временем его чувства притупляются. Нередко после смерти бабушки-дедушки ребенок уже не может сблизиться с родной матерью и начинает мучиться.

II. Разведенная женщина с разрешения мужа или без его ведома отдает детей на воспитание своим близким родственникам сестре или брату. В этом случае ребенок может ощущать следующие трудности: он испытывает мучения и трудности в связи с отсутствием истинного тепла и ласки, которую может дать только

родная мать или отец. Ребенок теряет навыки отношений с родителями, со временем его чувства притупляются. Значительные проблемы могут возникнуть при возвращении домой в результате разных обстоятельств, он может испытывать определенные трудности с матерью и испытывать психологические сложности.

III. Мать после развода с супругом испытывает значительный дискомфорт, становится алкоголичкой или попадает в психбольницу. Тем самым теряет родительские права. Ребенок может перейти к разведенному отцу, который проживает с новой семьей, где он воспитывается как пасынок. Это повторяет ситуацию как в первом типе разведенных семей. Теперь ребенку не хватает материнской любви, заботы и ласки. Отец ребенка много времени проводит на работе, поэтому не всегда может заняться воспитанием ребенка. В новой семье складывается такая ситуация: приемная мать-мачеха не может родить ребенка или она приходит с детьми от первого брака. Пасынок начинает испытывать психологический дискомфорт, трудности. Если ребенок – девочка, то ей придется еще сложнее, так как отец не сможет заменить ей мать.

IV. Ребенок никому не нужен. В случае смерти одного из родителей, другой родитель не занимается воспитанием ребенка. Здесь могут возникнуть две противоположные ситуации. Положительная сторона: а) ребенок остается со старшим братом или с сестрой; б) ребенок передается на воспитание близким родственникам. Отрицательным моментом является то, что: а) ребенок передается в детский дом; б) ребенок, оставшийся без попечения родителей, может сблизиться с криминальным миром.

Выше мы описали основные типы разведенных семей, но в реальности дети из разведенных семей могут попадать в различные жизненные ситуации. При анализе таких ситуаций мы можем выявить воздействие объективных и субъективных обстоятельств в социализации детей из таких семей [3].

Таким образом, существует множество путей и методов психологической помощи разведенным родителям в воспитании и коррекции поведения детей. Здесь не бывает раз и навсегда отработанных методов и приемов, могут быть и другие пути и подходы по данной работе.

Әдебиеттер

- 1 Әбілова З.Ә. Этнопедагогика. – Алматы: Қазақ Әлем Тілдері Университеті, 1997. – 230 б.
- 2 Жанқаззақова Қ. Отбасында баланы дұрыс тәрбиелеу жолдары // Бастауыш білім. – 2006. – № 1. – 23-24-бб.
- 3 Калыш А.Б. Дети и подростки в разведенных семьях // Вестник КазГУ. Серия историческая. – 2002. – № 2 (25). – С. 65-67.

References

- 1 Abilova Z.A. Etnopedagogika. – Almaty: Qazaq alem tilderi Universiteti, 1997. – 230 b.
- 2 Zhanqazaqova Q. Otbasynnda balany durus tarbileu zholdary // Bastauysh bilim. – 2006. – № 1. – 23-24-bb.
- 3 Kalysh A.B. Deti i podrostki v razvedennyh sem'jah // Vestnik KazGU. Serija istoricheskaja. – 2002. – № 2 (25). – S. 65-67.

Тургунбаев Е.М.
**Шежіретану саласының кейбір
өзекті мәселелері жөнінде**

Шежіре тарихымыздың алтын діңгегі болып табылады. Сонымен қатар, шежіре халықтың шығу тегін, таралуын баяндайтын тарихтың тармағы. Мақалада автор шежіретану саласының өзекті мәселелерін қарастырған. Оның ішінде шежіретану ғылымының қалыптасуын, даму тарихын сипаттап, ғұндар дәуірінен бастап Шыңғысхан бастаған моңғолдар үстемдік еткенге дейінгі Орталық Азия далаларында мекен еткен көшпелі тайпалардың шығу тегі мен ру-тайпалақ қатынастарына талдау жасалған. Автор қазақ қоғамының қалыптасуындағы шежіренің ықпалын қарастырып, шежіренің қазақ қоғамында атқаратын қызметіне аса көңіл бөлген. Ру, тайпалардың тарихын ұрпақтан ұрпаққа жеткізген, қалыптасқан ресми шежіре барлық түркі халықтарында кездеседі. Шежіре бүгінгі күнге дейін өзінің дәстүрлік мағынасын жоғалтпаған. Шежіредегі тарихи-генеалогиялық материалдар этнос пен қоғамның құрылымын бекемдейді. Мақалада автор қазақтардың генеалогиялық құрылысын сипаттап, әлі де шежіре саласын зерттеу жұмыстары, оның ақтаңдақ тұстарын анықтау, жаңа деректер іздеу өз жалғасын таба беруі тиістігіне аса көңіл аударған.

Түйін сөздер: жеті ата, шежіре, генеалогия, ру, тайпа.

Turgunbayev Y.M.
**Some actual problems in the field
of genealogy**

In the article the author affected in actual problems in the field of genealogy. The attitude of the Kazakhs to shezhire is sacred. Many modern Kazakhs are trying to recover their roots and learn their ancestry. The article describes the specific results of the study shezhire of Kazakhs, investigated by the author as a genealogical memory and historical source, as a cultural tradition and original forms of historical knowledge of the Kazakh people. In this article, shezhire represented as a set of historical and genealogical materials, which was used to study the law, tribal life and ethnic composition of the population of the steppe. The concept of «shezhire» means «family tree», «memory», «genealogy». In this article, the author describes a shezhire how the document, containing the most diverse historical information, which includes, primarily, folk genealogy.

Key words: seven generations, shezhire, genealogy, genus, tribe.

Тургунбаев Е.М.
**О некоторых актуальных
проблемах в области
генеалогии (шежи́ре)**

Отношение казахов к шежи́ре является сакральным. Многие современные казахи пытаются восстановить свои корни и изучают свою родословную. В статье описаны отдельные итоги изучения шежи́ре казахов, исследуемые автором в качестве генеалогической памяти и исторического источника, как культурной традиции и самобытной формы исторического знания казахского народа. В статье автор затрагивает актуальные проблемы в области генеалогии. Шежи́ре представлено как совокупность историко-генеалогических материалов, которая использовалась в целях изучения права, родового быта и этнического состава населения степи. Понятие «шежи́ре» означает «родословная», «память», «генеалогия». В данной статье автор описывает шежи́ре как документ, содержащий самую разнообразную историческую информацию, которая включает в себя, в первую очередь, народную генеалогии.

Ключевые слова: жети ата, шежи́ре, генеалогия, род, племя.

ШЕЖІРЕТАНУ САЛАСЫНЫҢ КЕЙБІР ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕ

Шежіре – көптеген халықтар тарихының аса маңызды бір қосымша құрамдас бөлігі болып табылады. Ол ертеде белгілі бір рудың ғана емес, тұтас тайпалардың генеалогиялық қолжазбасы мен тарихы рөлін атқарды. Шежіре түркі халықтарының рулық құрылысы мен дәстүрлі әлеуметтік құрылымын зерттеуде де басты тарихи-этнографиялық деректі құрайды. Кеңестік идеология үстемдік етіп тұрған кезде шежіре туралы жазуға тыйым салынды.

Шежіре дәстүрі – бұл негізгі көзін қазақтардың генеалогиялық аңыз-әңгімелері ауызша түрде таратылатын дәстүр болған кезеңдегі ерте заманнан бастау алып, XVII-XIX ғасырларда қызықты және ақпараттық қолжазба ескерткіштерінің біріне айналды. Шежіре семантикалық аспектіде «генеалогиялық негіз – бәйтерек» ретінде қарастырылады, ал көптеген жағдайларда шежірелерден феодалдық байланыстар кезеңіндегі қазақтардың қоғамдық құрылымы, экономикалық дамуы және саяси тарихы туралы да ақпараттарды табуға болады. Демек нақ осы ақпараттар бізге ежелгі дәуірдің қолжазбалары мен аңыз-әңгімелерін жеткізген деуге болады.

Шежіре арқылы түркі халықтарының рулық құрылысы мен дәстүрлі әлеуметтік құрылымын танимыз. Кеңес өкіметі кезінде бұл тақырып шынайы бейнесінен айырылды, себебі шежіре мәліметтері коммунистік партияның тапсырысымен жасалынған ресми тарихқа қарама-қайшы келді. Қазан төңкерісіне дейін Ресей империясында генеалогия (жеке адамның, рудың, әулеттің шыққан тегі мен туыстық байланыстары туралы ғылым) дворяндардың мүддесін бейнелеген тарихи пән болған. Төңкерістен кейін «генеалогия» деген сөз ауызекі сөйлеуде қолданылған жоқ. Генеалогияға Батыс елдерінде, әсіресе АҚШ-та баса назар аударылады. Бұл шетелдегі генеалогияның дамуының бір жағы. Екінші жағы мұрағаттың маңыздылығы және онда сақталған құжаттардың құндылығына баға берілуі. Мысалы, АҚШ үкіметі 1870-1899 жылдары елдегі әр азаматтың қолы жететіндей отбасылық тарих бойынша мұрағат деректерін алғаш рет жаппай шығара бастаған. Ғылымның дамуымен 1930 жылдары мұрағат құжаттары микрофильмге түсірілді, ал компьютер мен интернет жүйесінің пайда болуымен оның электронды түрлеріне қол жетті. Ресейде халықтың генеалогияға

деген қызығушылығы 10-15 жыл бұрын ояна, мемлекеттің генеалогиялық сипаттағы мұрағат құжаттарын компьютерлендіруге деген бағыты әлі жолға қойылған жоқ. Генеалогия (шежіретану) – шыққан тегі туралы білгісі келетін әр адамның сұранысын қамтамасыз ететін білім саласы. Арнайы компьютерлік бағдарламалар шежірені кәсіби түрде, жоғары сапамен және математикалық дәлдікпен құрастырады.

Шежіре тарату дәстүрі ерте замандардан көшпелі халықтар арасында кеңінен тарады. Көшпелі қоғамға тән белгі көп сатылы, дамыған ру-тайпалық ұйымның болуымен танылады. Көшпелілердегі рулық құрылымдардың екінші орында болатынын зерттеушілер көрсете отырып, ол жаңа қоғамдық-экономикалық қатынасқа ыңғайланады, ал өзінің өмір сүру жағынан қазақ рулары патриархалды-феодалдық қоғамның құралы болған [1, с. 516].

Бұл жүйе біртұтас генеалогиялық тамырмен өзара байланысты. Ал генеалогия қауымдастықтың шығу тегін идеологиялық жағынан негіздейді [2, с. 16]. Л. Крэдердің өзі көшпелі қоғам шоғырланған топты көрсетеді деп айтса да [3, с. 153], генеалогиялық ұйым қоғамдық санада болғанын ескерген жөн.

Шежіре көшпелілердің тарихи білімінің негізгі өзегі болып, ол ең әуелі нақты генеалогия бойынша қалыптасты. Екіншіден, шындыққа сай емес шежіре құрылымын ойдан да шығарды. Үшіншіден, тарихи мифологиядан, сонымен қатар тарихи аңыздар, эпикалық жырлардан қалыптасты.

Туыстықтың генеалогиялық жүйесі көшпелілерде үстем болған, себебі өмір сүрудің негізгі арнасы ақпарат пен меншікті берудің диахронды әдісі болғандығында. Адам өмір бойы өз бетімен дүние жинай алмайды, оны мұраға ғана ала алатын болған. Сонымен қатар адам өмір бойы табиғат мерзімі туралы қажетті білімді де жинақтай алмайды, оны тек игере алады және өз аталары жинақтаған тәжірибені қолданады. Көшпелі өмір салты мұраға қалған меншік (мал, дүние) негізінде ғана, алдыңғы ұрпақтан қалған тәжірибе негізінде ғана мүмкін болды. Осыдан келіп генеалогиялық туыстық және кеңістікте индивидтердің генеалогиялық принциптері жоғары болған.

Зерттеушілердің көпшілігі көшпелілерде әскери-потестарлы қатынас жүйесін реттеген функционалды ұйымның болғанын мойындайды [2, с. 20]. Қоғамды әскери және потестарлы ұйымдастыру бірдей және параллельді жүруі мүмкін, алайда бейбіт уақытта олар бірін-бірі

толықтыра отырып қоғамның бір иерархиялы құрылысы шеңберінде өмір сүрді.

Әскери-потестарлы ұйымды белгілеуде көбінесе тайпа ұғымы қолданылады. «Потестарлық тайпа» «генеалогиялық тайпаға» тең емес. Басқаша айтқанда, интеграция туыстық генеалогия қағидаттары негізінде болса, қауымдастық топтардың арнайы функционалды құрылымдарға бірігуі бір басқа деп түсінеміз. «Генеалогиялық тайпа» тайпаның «әскери-потестарлық» негізін құраса, ал бірлестік генеалогиялық туыстық қағидаттары негізінде жүзеге асады, бірақ бұл нұсқа тайпаның пайда болуы мүмкін болатын барлық жолдарын жоққа шығармайды. Көбінесе бұл керісінше болып жатқан. Саясатта түрлі топтар өз мүддесіне қарай әскери-потестарлық ұйымға интеграцияланды, тек кейіннен ғана бұл үрдіс идеологиялық жағынан ой елегінен өтіп, тұтас атау алып, біртұтас генеалогиялық тамырын жасады [4].

Көшпелі қоғамдағы әскери-потестарлық ұйым қоғамдық қатынасты реттеу үшін қажет болды. Қоғамдық қатынас жүйесінен саяси өмірге қатысты мәселелер жиынтығын реттеудің объективті қажеттігі шығады. Осы негізде түрлі қауымдастық топтар әскери-потестарлы құрылымға интеграцияланады.

«Жеті ата» құрылысы онда негізгі жүйе құрылысы және агнат типіндегі қандас топқа жататын реттеуші рөл жүзеге асатын генеалогиялық бәйтеректі көрсетеді. Ол барлық қауымның ата тегіне жақын генеалогиялық қатынасы бар арғы-бабасының діңгегінен тарайды. Сондықтан оның гентильдік байланысы тығыз және қарқынды болуымен сипатталады. «Ұрпақ діңгегі» туыстық-рулық қатынастағы әлеуметтік-мәдени, шаруашылық-экономикалық, экологиялық күрделі жүйеде жалпы ұйымдық-басқару қызметін жүзеге асырады. Соңғысы туыстық-рулық қатынастағы қоғамда ұрпақ діңгегінен тармақталатын «генетикалық қашықтықты» анықтау негізінде генеалогиялық сегментация түрінде жүзеге асады [5]. Генеалогиялық бәйтеректің негізгі бөлімдері – ұрпақ діңгегі, төменгі, жоғарғы, жанындағы тармақтар, шын мәнінде, қоғамдық қатынастардың түрлі типтері мен деңгейлерін реттейтін институционализацияланған бөліктерін көрсетеді. Нақ осы құрылыс аясында индивидтің де, отбасының да, қауымның да өмірі реттеліп, өсіп-өніп отырған.

Сондықтан «жеті ата» әлеуметтік құрылысы жоғарыда аталған барлық құрылымдық-функционалдық параметрлерді – әлеуметтік, экономикалық, этноэкологиялық, институционалдық

т.б. автономды түрде өмірді қамтамасыз ететін сапада қауымды ұйымдастырушы ретінде көрінеді.

Ру-тайпалық қатынас деңгейінде болған халықтардың рулық бөлінісі ерекше назар аударатыны даусыз. Рулық бөліну үрдісіндегі ең маңызды нәрсе демографиялық фактор болды, яғни халық табиғи жағынан өсіп, жаңа ру тармақтары пайда болды. Руға бөлінудегі екінші фактор экономикалық және саяси алғы шарттан келіп шығады. Тайпалар санының өсуімен экономикалық сұраныс та өсіп, көшпелі тайпалар жайылым жерлер үшін күресіп, әлсіз руларды ол жерден ығыстырады немесе әлсіздері күшті рудың құрамына еніп кетеді [26, с. 99]. Саяси себептерге байланысты жаңа рулар ру ішіндегі билік үшін болатын бақталастық күрестерге, сыртқы шапқыншылықтарға байланысты болады да, ру арасындағы топтар қайта құрылады және жаңа тайпалық одақтар құрылады, ал оның құрамында шығу тегі бір-біріне мүлдем бөтен рулар пайда болады. Кейбір тайпалық одақтарда басқа рудың өкілдері болатыны осыдан. Мұнда бөтен руды қабылдау ғана байқалмайды, біріне бірі бөтен бірнеше рудың күш қуаты мол рудың астына жиналады да, ол жаңа ру басшысы болып, келесі шежіренің негізі қаланады.

Қазақтарда ру-ұлыс аттары б.з.д. III-II ғасырлар арасында мәлім бола бастады (үйсін, қаңлы, т.б.). Ру-ұлыс аттарының басым көпшілігі жеке адамның, бір атаның есімінен шықпаған. Бұлар да – жиынтық аттар. Алайда бұлардың тым алғашқы тұстағы сақ, ғұн сияқты жиынтық аттардан айырмасы бар еді. Бұлар енді сөздің сыртқы дыбысының ұқсастығымен емес, оның ішкі мағынасымен атала бастады: қаңлы, үйсін, алан, дай, каспи, сармат, теле, сәнби және т.б. сияқты есімдер де сол тайпа тілдерінің қойнауларында бар болғаны көрінеді.

Ғұндар дәуірінен бастап Шыңғысхан бастаған моңғолдар үстемдік еткенге дейін Орталық Азия далаларында көшпелі тайпалар арасындағы суперэтностар түркілер мен моңғолдар болды. Біртіндеп түркілер мен моңғолдардан тұрған екі этносфера құрылды. Көшпелі халық ретінде олардың материалдық мәдениеті жақын болғанымен, олардың шығу тегі, тілдерінің әрқалай болуы бірінен-бірі алыстатты. Түркілер мен моңғолдардың шығу тегі бір деген аңыздар да бар. Олар Орталық Азия даласында мекендегендіктен осылай айтылса керек.

Қазақстанның оңтүстік-шығысы Жошы, Шағатай және Үгедей ұлыстарының түйіс-

кен жері болды. Шағатайға Рашид ад-диннің жазғанындай, Барулас, Қоңырат, Жалайыр, Найман тайпаларынан құралған 4 мыңдық, Үгедейге – Жалайыр, Сулдус және Конкоттан тайпаларынан тұратын мыңдықтар бөлініп беріледі. Бұл ұлыстарға бөлінген мыңдықтардың санын отбасымен қоса есептегенде, Жошы ұлысына бөлінгендермен бірдей. Бұлардың да жергілікті жердегі этникалық үрдістерге тигізген ықпалы әлсіз еді.

Осыған байланысты ойларымызды түйіндей келе, Шыңғыс ханның жаулап алған жерлерді ұлдарына бөліп беруіне байланысты моңғол тайпаларынан құралған әскери-әкімшілік негіздегі мыңдықтардың ұлыстардағы, оның ішінде Жошы ұлысындағы этноүрдістерге тигізген ықпалы елеусіз болды деп есептейміз. Сан жағынан олар өте аз болғандықтан көп ұзамай-ақ жалпы этноөмірге тез араласып, сіңісіп кетеді.

Шығыс Дешті Қыпшақ аумағына моңғол тайпаларының келесі бір келуін, сөйтіп, олардың бұл аумақтағы этнопроцестерге сандық жағынан әсер етуін біз, жалпы моңғол тайпалары келуінің үшінші кезеңіне жатқызамыз. Уақыт жағынан алғанда бұл кезеңге XIII ғасырдың 40-60 жж. аралығы жатады.

Бұл кезеңдегі тайпалардың бір орыннан екінші орынға, бір ұлыстан екінші ұлысқа қоныс аударуы, жылжуы деректерде арнайы түрде баяндалмайды. Рашид ад-диннің мынадай жазған бір дерегі ғана үшінші кезеңде тайпалардың қоныс аударғандығын дәлелдейді. Ол Жошы ұлысындағы төрт мыңдық тайпаның жайын баяндай келе, «[Одан басқа] алыс және жақын туыстардың арасындағы өзара қырқысулар кезінде [ака ва ини] олардың бір бөлігі сонда [Токтай мен Баянның иеліктеріне] кетеді» [7, с. 275]. Бұл жерде ирандық автор Үгедей мен Шағатай ұлыстарындағы 1240-1260 жылдардағы билік үшін жүргізілген күрестерді айтып отыр. Күрестердің барысы Рашид ад-динде жақсы баяндалғандықтан, біз оған тоқтап жатпай, тек оның негізгі қорытындыларын ғана атап өтеміз.

Ру-тайпалық қатынас деңгейінде болған халықтардың рулық бөлінісі ерекше назар аударатыны даусыз. Рулық бөліну үрдісіндегі ең маңызды нәрсе демографиялық фактор болды, яғни халық табиғи жағынан өсіп, жаңа ру тармақтары пайда болды. Руға бөлінудегі екінші фактор экономикалық және саяси алғы шарттан келіп шығады. Тайпалар санының өсуімен экономикалық сұраныс та өсіп, көшпелі тайпалар жайылым жерлер үшін күресіп, әлсіз руларды ол жерден ығыстырады немесе әлсіздері күшті ру-

дың құрамына еніп кетеді [6, с. 99]. Саяси себептерге байланысты жаңа рулар ру ішіндегі билік үшін болатын бақталастық күрестерге, сыртқы шапқыншылықтарға байланысты болады да, ру арасындағы топтар қайта құрылады және жаңа тайпалық одақтар құрылады, ал оның құрамында шығу тегі бір-біріне мүлдем бөтен рулар пайда болады. Кейбір тайпалық одақтарда басқа рудың өкілдері болатыны осыдан. Мұнда бөтен руды қабылдау ғана байқалмайды, біріне-бірі бөтен бірнеше рудың күш қуаты мол рудың астына жиналады да, ол жаңа ру басшысы болып, келесі шежіренің негізі қаланады.

Моңғол шапқыншылығы мен одан кейінгі жылдардағы кезеңде Шығыс Дешті Қыпшақ аумағына Моңғолия аумағынан негізінен түркі, сосын моңғол тілдес тайпалар келіп қоныстанды. Біз бұл тарихи процесті шартты түрде үш кезеңге бөліп қарап, бірінші кезеңге – 1209-1224 жж. дейінгі уақытты жатқызамыз. Бұл кезеңде Қазақстан аумағына Шыңғысханға бағынбай, онымен күрестерде жеңіліс тапқан Меркіт, Керейт, Найман тайпаларының келгендігін атап өтеміз. Ұлыстардың құрылуына байланысты Жошыға бағынған Сиджиут, Кингит, Хушин тайпаларының мыңдықтары – екінші кезеңде келсе, үшінші кезеңде – Үгедей мен Шағатай ұлыстарындағы өзара тартыстарға байланысты кейбір топтардың Жошы ұлысына келгендігі анықталды.

Бұл көшіп келгендер сан жағынан өте аз болғандықтан, бүкіл аумақтағы этнопроцестерге қатысады, бірақ оған ықпал ете алмайды. Бірнеше ұрпақтар ауыса келе, бұл келгендердің бәрі де Жошы ұлысындағы этнос құрамына сіңісіп кетеді, кейбірі өздерінің рулық, тайпалық құрылымын сақтап қалса, кейбіреулері басқа күштірек тайпалардың құрамына енеді.

Үшіншіден, моңғол жаулауына дейін Шығыс Дешті Қыпшақта өмір сүрген тайпалар мен жаулап алу барысында көшіп келген тайпалар көп ұзамай-ақ, бір-бірімен араласудың нәтижесінде ортақ этнониммен атала бастайды да, XV ғасырдың ортасында қазақ этносын қалыптастырады.

Тайпалардың туыстығы жөнінде қосымша мәліметті диалектика береді. Мысалы, Кіші жүз тайпаларының Ұлы және Орта жүз тайпаларымен диалектикасы қазіргі қазақ тілімен ұқсас. Кіші жүз тайпалары сөйлейтін Алшын диалектикасында ежелгі орхон, селенгі-талас түркілерінің, ежелгі ұйғыр тілінің және қыпшақ тілінің элементтері бар [8, с. 98-99]. Бұл заңды

құбылыс, өйткені алшындар, дулаттардың кейбір тайпалық тармақтары, негізінен Батыс Түрік қағанаты құрамында болды.

Бөліну және жаңа рулардың құрылу үрдістері қазақ руларының құрамында, сайып келгенде, бір-біріне туыс тармақтардың пайда болуына әкелді. Сөйтіп, біртұтас негіз қалыптасты, қазақ қоғамында тайпалық құрылыстың генетикалық туысқандығы қалыптасты.

XIX ғ. Қазақстанның этносаяси жүйесі қазақ қоғамындағы потестарлық құрылыс пен орыс өкіметі әкелген саяси құрылыс арасындағы байланыс ерекшеліктерімен анықталады. Орыстар қазақтардың потестарлық жүйесіне 1822-1824 жж. «Сібір және Орынбор қырғыздары туралы жарғы», «Орынбор қазақтарын басқару туралы ережені» қабылдағаннан кейін белсенді түрде араласа бастады. Бұл ережелерге жергілікті халық қарсы болғаны белгілі, сондықтан патша өкіметі дәстүрлі институттарды, әсіресе тайпалық одақтардың және қоғамдағы әскери-иерархиялық ұйымның басында тұрған төрелер мен сұлтандарды қолданды. Билік пен рулық қатынас сабақтасып жатты. Потестарлық жүйенің ерекшелігі де осы еді. Орыс отарлау әкімшілігі потестарлық билікті шектеуге тырысты. Ал XIX ғасырдың 60-жылдары Қазақстанның Ресейдің отары болғаннан кейін шығыс саясаты күшіне еніп, биліктің дәстүрлі институттары түбегейлі қайта құрылып, жойылды. Ресейдің күрделі саяси қатынастарында этникалық фактор негізгі орын алды. Оның саясатта көрініс табуы көп ұлтты Ресей үшін заңды еді.

XIX ғ. басында Батыс Қазақстан, Әмудария мен Сырдарияның төменгі жағын, Тамды құмдарынан Жайық пен Тобыл өзендеріне дейінгі жерді алып жатқан Кіші жүз территориясында Әлімұлы, Байұлы, Жетіру үш ұрпағының құрамына біріккен 25 тайпалық одақ өмір сүрді. Аумағы жақын, бірақ оларға туыс емес ноғай, арғын т.б. рулар орналасты. А.И. Левшиннің айтуынша, XIX ғ. басында Кіші жүзде 190000 түтін болған. Егер әр отбасында орташа есеппен 6 адам болса, онда халықтың саны 1140000 адам болған [3, с. 288].

Шығысында Қытай шекарасынан бастап, батысында Торғайға дейін, Ташкенттен оңтүстік Сібір орманды даласына дейінгі жерді алып жатқан Орта жүз аумағында алты ежелгі тайпа құрамына енген 1360000 адам тұрды [9, с. 288]. Левшиннің есептеуі С.Б. Броневскийдің мәліметімен сай келмейді. С.Б. Броневскийдің есебі бойынша Орта жүзде 84 болыс, 500000 үй жә-

не 3000000 халық тұрған [10, с. 185]. Бүкіл жер-аумақ кешенін және қоғамдық-саяси қатынасты реттеуде генеалогия анықтаушы рөлде болды. Территориялық қатынаста негізгі субъект ру еді. Осыған байланысты Н. Коншин былай деп жазған: «Рулық тұрмыстың қатаң ережелері кез келген «жаңалыққа», жеке адамның бастамасына кедергі болды. Әркім ежелден ру қалай өмір сүріп келе жатса, ата-бабасы қалай өсиет етсе, солай өмір сүруге тиіс болды. Румен байланысты жоғалтқан көшпелі өз құқығын да жоғалтты. Соңғының мәні әр туыс ру жерін басқамен бірдей тең дәрежеде мал жаюға да, қыстауға қолдануға құқылы еді» [11, с. 30].

Әр рудың өз аумағы болды, алайда араласу үрдісі еріктен тыс болып жатты. Сондықтан оңтүстіктегі рулар ішінде батыстың рулары және керісінше кездесетіні осыдан [8, с. 17]. Тайпалардың интеграциялануға қарай күресінде қарама-қайшы ағымдар күшейіп, рудағы әйгілі адамдар рудың күшін, тұтастығын сақтауға тырысса, басқалары бөлініп жатқан рудағы билікке таласты. Көбінесе бөлінуге деген талпыныс күшті болған. Әлсіз рулардан ірі рулық одақтар құрылғанымен олардың қандас туыстық байланысы әлсіз еді, сондықтан мұндай одақтар өте тез әрі жеңіл түрде ыдырап жатты.

Әр рудың өз аумағының маңында көшіп-қонып жүретін нақты қонысы болды. Көш кезінде тәртіпті сақтау үшін ауылдар өзара жайылым жерлер туралы алдын ала келісетін болған. Ру бүкіл көш жолына иелік етті, ол жолдар тіпті бірнеше жүздеген километрге дейін созылып жатты, сонымен қатар құдықтар, жайылым жерлер, шөп шабатын телімдер де ру қарамағында болды. Кейде көш маршруттарын көптеген рулар қолданған, ондай кезде рулық иерархия реттейтін механизм болды. Қоныстанатын жер үшін дау туғанда сословиелік және генеалогиялық иерархияның ролі ерекше еді. Мысалы, дауласушының біреуі сұлтан, екіншісі жай қарапайым қазақ болса, онда сұлтанның есебіне шешіледі; егер би мен рудың белгілі ақсақалы дауласса, онда ақсақал жеңеді; егер дау би мен қарапайым қазақ арасында болса, онда бидің есебіне шешіледі, егер екі қарапайым қазақ дауласса, онда жасы жағынан үлкеніне қоныстанатын жерді берген. Дау тең болған жағдайда рудың үлкендігіне қарай шешілген.

Көшпелі топтар үнемі дәстүрлі жол бойынша өз телімдерінің айналасында көшіп жүрді. Территориялық ұйым жерді уақытша иемдену фактісінен келіп туындайды және адамның ата-баба иелігімен тарихи идентификациялану негізінде қалыптасады, яғни туыстық байланыс линиясымен. Бұл байланыс рулық қатынас және потестарлы-саяси ұйым арқылы нақтыланады. Көшпелі – нақты бір ру ұжымының мүшесі, оның жеке мүддесі рулық байланыс арқылы шешіледі.

XIX ғ. ортасында негізгі ру топтары өз ата-бабаларының жеріне орналасты. Бір жерден екінші жерге көшіп жүрген көшпелілер өздерінің аз уақыттағы меншігі деп сол уақыттағы ауылын айтқан. Ру немесе оның бөлімшелерінің әкімшілік бірліктері сол телімдерді игерумен байланысты болды. Осыған байланысты руларда территорияны иемдену элементтері болды.

Көшпелі ауданнан, қоныстың негізгі жерінен ру мүшелерінің немесе ауыл қауымының шығып кетуі рудың, ұлыстың әкімшілік басқаруынан шығу деген сөз. Рулардың негізгі жайылым телімдерінен басқа сұлтанның қарамағына кетуі бұрынғы сұлтанға әкімшілік жағынан бағынбайтынын дәлелдеді. Солай бола тұрса да рулық байланысты, генеалогиялық қатынасты нақтылау керек болды, әрине, мұндай жағдайда ру туралы естелік, рудың атауы, өз руына қайтып келу жағы сақталды.

Адамдардан, туысынан тыс қазақтар тұра алған жоқ. Оған үнемі пікір алмасатын, әсерін білдіретін қоғам керек. Сондықтан қазақтар бұрынғы жерлеріне тығыз орналасып тұрып жатты, бұрынғы жерлерін қорғады, бөлді, түрлі табиғи және жасанды шекаралық белгілермен белгіледі.

XIX ғ. екінші жартысынан бастап жер қатынасында түбегейлі өзгерістер болды. Меншік мәселесі түрлі дау туғызды. Қазақтардың жеке топтарының нақты территориясы болып, оны иемденді. Бұл кездегі қазақ қоғамында күрделі үрдістер болды. Рулардың жерді пайдалануы дағдарысқа ұшырады. Осындай жағдайда дәстүрлі құқық көшпелілердің негізгі қорғау механизмі болды. Ол территориялық мәселелерді реттейтін механизм еді. Жер пайдаланудың түрлі формасының пайда болуы қоғамдық сананы жер мәселесін нығайтуға қадам жасау қажеттігін дайындады.

Әдебиеттер

- 1 Толыбеков С.Е. Кочевое общество казахов в XVII – начале XX века: политико-экономический анализ. – Алма-Ата: Наука КазССР, 1971. – 633 с.
- 2 Марков Г.Е. Кочевники Азии. Структура хозяйства и общественной организации. – М.: МГУ, 1976. – 319 с.
- 3 Krader, Lawrence. Social of the Mongol-Turkic pastoral nomads. IndianaUniversityPublication, 1963.
- 4 Кузеев Р.Г. Происхождение башкирского народа. Этнический состав, история расселения. – М.: Наука, 1974. – 571 с.
- 5 Алимбай Н. Община как способ жизнедеятельности кочевников: о механизме реализации социальных отношений в кочевой среде // Отан тарихы. – 1999. – № 1. – С. 59-69.
- 6 Хабижанова Г. Влияние родового быта на формирование родоплеменной структуры казахского общества // Алаш. – 2005. – №1(1). – С. 99-102).
- 7 Ракитов А.И. Историческое познание. – М.: Наука, 1982. – 220 с.
- 8 Аманжолов С.А. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Ч. 1. – Алма-Ата: АГПИ им. Абая, 1959. – 452 с.
- 9 Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. – Алма-Ата; Наука, 1996. – 656 с.
- 10 Броневский С. Записки генерал-майора Броневского о киргиз-кайсаках Средней Орды // Отечественные записки. – СПб., 1830. – №21. – С. 41-43.
- 11 Коншин Н.Я. К вопросу о переходе киргиз Семипалатинской области в оседлое состояние // ПСК на 1898 год. – Семипалатинск, 1898. – С. 29-54.

References

- 1 Tolybekov S.E. Kochevoe obshhestvo kazahov v XVII – nachale HX veka: politiko-jekonomicheskij analiz. – Alma-Ata: Nauka KazSSR, 1971. – 633 s.
- 2 Markov G.E. Kochevniki Azii. Struktura hozjajtva i obshhestvennoj organizacii. – M.: MGU, 1976. – 319 s.
- 3 Krader, Lawrence. Social of the Mongol-Turkic pastoral nomads. IndianaUniversityPublication, 1963.
- 4 Kuzeev R.G. Proishozhdenie bashkirskogo naroda. Jetnicheskij sostav, istorija rasselenija. – M.: Nauka, 1974. – 571 s.
- 5 Alimbaj N. Obshhina kak sposob zhiznedejatel'nosti kochevnikov: o mehanizme realizacii social'nyh otnoshenij v kochевой srede // Otantarihy. – 1999. – № 1. – S. 59-69.
- 6 Habizhanova G. Vlijanie rodovogo byta na formirovanie rodoplemennoj struktury kazahskogo obshhestva // Alash. – 2005. – №1(1). – S. 99-102).
- 7 Rakitov A.I. Istoricheskoe poznanie. – M.: Nauka, 1982. – 220 s.
- 8 Amanzholov S.A. Voprosy dialektologii i istorii kazahskogo jazyka. Ch. 1. – Alma-Ata: AGPI im. Abaja, 1959. – 452 s.
- 9 Levshin A.I. Opisanie kirgiz-kazach'ih ili kirgiz-kajsackih ord i stepej. – Alma-Ata; Nauka, 1996. – 656 s.
- 10 Bronevskij S. Zapiski general-majora Bronevskogo o kirgiz-kajsakah Srednej Ordy // Otechestvennye zapiski. – Spb., 1830. – №21. – S. 41-43.
- 11 Konshin N.Ja. K voprosu o perehode kirgiz Semipalatinskoy oblasti v osedloe sostojanie // PSK na 1898 god. – Semipalatinsk, 1898. – S. 29-54.

Тургунбаев Е.М.
**Қазақ тарихын зерттеудегі
шежіренің орны**

Мақалада, автор қазақ қоғамының қалыптасуындағы шежіренің ықпалын қарастырып, шежіренің қазақ қоғамында атқаратын қызметіне аса көңіл бөлген. Жалпы шежіре халықтың шығу тегін, таралуын баяндайтын тарихтың тармағы. Ру, тайпалардың тарихын ұрпақтан ұрпаққа жеткізген, қалыптасқан ресми шежіре барлық түркі халықтарында кездеседі. Шежіре бүгінгі күнге дейін өзінің дәстүрлік мағынасын жоғалтпаған. Шежіредегі тарихи-генеалогиялық материалдар этнос пен қоғамның құрылымын бекемдейді. Мақалада автор қазақтардың генеалогиялық құрылысын сипаттап, әлі де шежіре саласын зерттеу жұмыстары, оның ақтаңдақ тұстарын анықтау, жаңа деректер іздеу өз жалғасын таба беруі тиістігіне аса көңіл аударған.

Түйін сөздер: шежіре, генеалогия, ру, тайпа.

Turgunbayev Y.M.
**Place genealogical chronicles
«shezhire» in the study of the
history of the Kazakhs**

The article describes the specific results of the study shezhire of Kazakhs, investigated by the author as a genealogical memory and historical source, as a cultural tradition and original forms of historical knowledge of the Kazakh people. In this article, shezhire represented as a set of historical and genealogical materials, which was used to study the law, tribal life and ethnic composition of the population of the steppe. The concept of «shezhire» means «family tree», «memory», «genealogy». In this article, the author describes a shezhire how the document, containing the most diverse historical information, which includes, primarily, folk genealogy.

Key words: shezhire, genealogy, genus, tribe.

Тургунбаев Е.М.
**Место генеалогических
летописей (шежире) в изучении
истории казахов**

В статье описаны отдельные итоги изучения шежире казахов, исследуемых автором в качестве генеалогической памяти и исторического источника, как культурной традиции и самобытной формы исторического знания казахского народа. В данной статье шежире представлено как совокупность историко-генеалогических материалов, которая использовалась в целях изучения права, родового быта и этнического состава населения степи. Понятие «шежире» означает «родословная», «память», «генеалогия». В данной статье автор описывает шежире как документ, содержащий самую разнообразную историческую информацию, которая включает в себя, в первую очередь, народные генеалогии.

Ключевые слова: шежире, генеалогия, род, племя.

ҚАЗАҚ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ ШЕЖІРЕНІҢ ОРНЫ

Қазақ қоғамында тарихи сананың қалыптасуына шежіренің ықпалы зор. Шежіреде ержүрек қазақ батырларының, халықтың бірлігі мен берекесін сақтауда ерекше рөл атқарған, ел ішіндегі алауыздықты тоқтата білген, ел тәуелсіздігі үшін күресте рухани жағынан арқау болып, елге рух берген дана билердің бейнелері де болды.

Жалпы қай халықтың болмасын мифологиясында, батырлық жырларында, әулеттік аңыздарында өткен тарих туралы айтарлықтай ақпарат болады. Нақ сол ақпарат тарихи танымның ерекше рухани алғы шартын құрайды. Дегенмен де олардың арасында және өткен тарих туралы ақпаратта айырмашылық бар. Бұл жерде тарихи таным қоғамдық сананың функционалды бөлімшесі (подструктура) ретінде пайда болатынын білген жөн [1, с. 49].

Шежіредегі тарихи-генеалогиялық материалдар этнос пен қоғамның құрылымын бекемдейтінін Ш. Уәлиханов та байқаған. Қазақ халқының генеалогиялық құрылысын ол былай сипаттаған: «Самый порядок разделения, обуславливая собою, право старейшинства и силу племени, что и, по понятию киргиз выражается правом физического первородства предка, имеет большое значение в их родовом праве и принимается совершенно в генеалогическом смысле: посему форма отношений орд к ордам и родов одной орды между собою соответствуют правам кровного братства, а отношения родов к своей орде – отношению сына к отцу, к старшему роду старшей орды – отношением племянника к дяде; всего более характеризуется этот патриархальный родовой быт отношением в диспутах степных импровизаторов из разных родов о превосходстве и старейшинстве своего предка...» [2, с. 325].

Дәстүрлі қазақ қоғамында шежіре қоғамның өзегі болған генеалогиялық қатынасты реттеу механизмі ретінде қызмет етті. Туыстық қатынас өмірдің түрлі жағдайына нақты тәртіп орнатты. Этностың кеңістік пен уақыттағы қозғалысының нақты мағынасы мен тәртібі болды. Осы тәртіпті Құрбанғали Халиди былай деп жазған: «...Ұлы жүзден Үйсін, Кіші жүзден Алшын туады. Үйсін ұлдарының ішінде аршындысы Жалайыр, Алшын балаларының ақылдысы Жаппас болған соң, аталғанда аталарымен қатарластыра «Үйсін-Жалайыр», «Алшын-

Жаппас» деп қосарланып айтылады. Қазақта «құрбы, тұрғы» деген екі сөз бар, «құрбы» – жасы қатар, «тұрғы» – қарама-қарсы, тұтас, деңгейлес адамдар. Мысалы, Үйсін мен Алшын тұрғыда бірдей, Жалайыр Алшынмен бір жылда туып, туысқан құрбы деп аталады, тұрғылас демейді...» [3, 92 б.].

Генеалогиялық қатынас рулық байланыс пен иерархияға негізделеді. Қазақтардың рулық құрылысы этнос пен мемлекеттің шекарасымен шектеледі. Рулық жүйе әрекет ететін әлеуметтік-мәдени кеңістігі Орталық Азияның көшпелі өркениетінің негізгі құндылығы ретінде саяси-территориялық организмнен алысқа шығады [4, с. 13].

Қазақ қоғамының этноәлеуметтік ұйымы ретіндегі рулық құрылымның иерархиялық құрылысы саяси қауымдастыққа айналады. Р.Г. Кузеев көрсеткендей, рулық ұйымның «толық схемамен» құрылысын жасағанда жаңа замандағы түрлі тәртіптегі рулық құрылымдармен бірге иерархиялық бағыныштылықпен көп сатылы генеалогияны құрайды, ру-тайпалық иерархия және қоғамды ұйымдастырудағы генеалогиялық құрылыстың өзі бұрынғы генетикалық және саяси байланыстарды бейнелейтін идеологиялық қондырғы сияқты болды, сонымен қатар халықтың этникалық консолидациясы үрдістерін немесе оның құрамдас бөліктерін көрсетті [5, с. 21].

Ру-тайпалық құрылыс өте тетік, қозғалмалы болды. Әлеуметтік ұйымның ішкі құрылысына келсек, дәстүрлі этно-әлеуметтік ұйымның негізінде отбасылық-туыстық «ата баласы» тобы бар. Бұл экзогамды патронимикалық бөлім қандас туыстардың шағын тобы. Олар кең түрде әрекет етеді, өйткені жеті атаға дейінгі қандас туыстардың бірлігі болып табылады. Жалпы қоғамның қалыптасу қағидаты туыстардың осы деңгейінде қалыптасады [4, с. 14]. Бұл әлеуметтік топты ақсақалдар басқарады.

Туыстықтың келесі деңгейі ру – саяси бірлік болып табылады. Оны нақты бір отбасы басқарып, ол билікті мұраға қалдырып отырған. Бұл деңгейде қандас туыс өз орнын генеалогияға береді. Халқының санын азайтатындай немесе территорияға қатысты шектеу болмайды. Іс-әрекет саяси және территориялық жағдайға байланысты анықталады. Одан кейінгі этно-этноәлеуметтік ұйымда таксономикалық топ (арыс, тайпа, жүз) ерекше одақ пен қауымдастықты құрайды.

Бірқатар жағдайда рулық ұйымды тайпалық ұйымнан айыру қиын [26, с. 40]. Бұл схемада

классикалық үлгідегі рулық саты отбасылық-туыстық топқа сай келеді. Онда қандас-туыстық қоғамның барлық белгілері бар.

Жүзде көптеген субэтникалық топтар мен әлеуметтік страттар қауымдастыққа шоғырланады. Түрлі сословиелік топтардың мұндай жалпы этникалық интеграциясын тайпалардың ірі одағы деңгейінде байқаймыз (арғынның қожасы, үйсіннің төресі т.б.).

Шежіреде халық пен мемлекет бірлігінің іргелі бастамасы қаланады. Қазақ шежіресі мифтік сипаттағы аңыздардан тұрады. Оларда тарихи оқиғалар жоқ деуге болмайды. Әсіресе Алаша хан туралы аңыздарда қоғамдағы этносаяси және әлеуметтік тәртіп бейнеленген.

Шежіреде династиялық мәліметтер мен түрлі субэтникалық топтардың ата тарату кестелері бар екені белгілі. «Төре» (шыңғыстықтар) мен «қожа» (пайғамбардың ұрпақтары) топтарының генеалогиялық материалдары өз деңгейінде жасалған. Қазақтардың этноәлеуметтік ұйымына бұдан басқа сырттан келген этникалық топтар да кірген, ал олардың көп бөлігі түрлі сатыда ассимиляцияланып, негізгі үш сатылы жүйеге ыңғайланған. Осыған қарағанда шежіреде қазақтардың түрлі рулық сегменттер арасындағы, этностың негізгі бөліктерімен нақты құрылымды аралықтағы субэтникалық топтармен өзара қатынасты реттеуге мүмкіндік беретін механизм бар. Шежіреде төрелерге саяси міндетті артып, олардың артықшылығы бекемделген. Сондықтан Шыңғысхан туралы аңыздар қазақтар арасында көп.

Л.С. Толстованың айтуынша, тарихи дерек ретінде шежіре көпшіліктің назарын аударады (қарақалпақтарда – шежіре, башқұрттарда – шежере, түркмендерде – седжрей, қарғыздарда – седжере, т.б.) [6, с. 23-24]. Себебі, шежіре көшпенділерде кеңістік пен уақыт, тарих пен адамзат арасындағы қарым-қатынасты анықтайды. Қазақ шежіресі ғасырлар бойы жинақталған халықтың тарихи танымынан туындайтын дерек көзіне жатады.

Орта ғасырдағы Қазақстанда жеке адамның шыққан тегіне баса назар аударылып, қоғамдық қатынастар соған сай құрыла бастады. Жеке тұлғаның әкесі мен шешесі жағынан ақсүйек тұқымына немесе басқа ру-тайпаға жатуы, оның болашақтағы қоғамдағы орнын анықтады. Яғни, әркімнің орны әке-шешесінің, шыққан руының қоғамдағы орнымен анықтала бастады, өйткені кез келген қоғамдағы өзгеріс ұрпақтан ұрпаққа беріле бастады. Алғашқы кезде жеке меншікті қорғаған рулық қатынас уақыт өте

келе жеке отбасының иелігіне айналса, кейіннен жеке адамның меншігіне айналды. Шежіренің қоғамдағы орны да осындай өзгерістермен анықтала бастады. Шежіре ру аралық, отбасылық неке жүйесінде өзіндік орын алды, өйткені әркім өз әулетінің қан тазалығын, денсаулығын ойлап, өзіне лайықты әулетпен неке одағын құрды. Шежіредегі кесте тізіміне қарай отырып, әр тарихи кезеңдегі ру-тайпалардың даму көрсеткішін байқауға болады. Еуропалық ғалымдардың есептеуінше, әкесі мен бала арасындағы жас айырмасы 30-35 жас, шешесі мен баласы арасындағы жас – 20-25 жас. Ал түркі халықтарының шежіресінде ұрпақтардың орта жасы – 25-30 жас деп есептелінеді.

Қазақ шежіресіне кірмейтін төрелер мен қожалардың шежірелерінің сақталуы, ең алдымен Шыңғысханның көп тұқымдары өз әулеттерінің билікке деген қызығушылығы мен өздерін Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) тікелей ұрпақтары, таза мұсылмандар санатына енгізетін топтың қара халықпен араласпай, діни миссионерлік қызметтерін тікелей жалғауға арналған мүдделерінің арқасында тізбектелген. Бұл екі топтың шежіресі, ең алдымен идеологиялық және мұрагерлікті дәлелдеу қызметтерін атқарды. Қазіргі кезде де қожалардың да, төрелердің де шежірелер жиынтығы шығарылуда, ал ол ғылыми тұрғыда зерттелді деп айту қиын.

«Төрелер» өздерін «алтын ұрпақтанбыз» деп есептеген. Төреге сұлтандар мен оғландар кірді. «Сұлтан» – Сириядан келген араб сөзі. Басында «билеуші», «әмірші», сондай-ақ «өкімет», «үкімет» мағынасындағы жалпы ұғым ретінде пайдаланылып келді. Бірақ IX ғ. екінші жартысынан бері қарай сұлтан деп, дін өкілі – имамға қарама-қарсы қоғам ішіндегі өкілетті билік иесін атай бастады. Бұл сөзді алғаш рет ресми қолданысқа енгізіп теңге бетіне жаза бастаған Ұлы селжұқтар (1038-1194 жж.). Жошы ұлысы мен Шағатай ұлысында XIV ғасырдан бастап Шыңғыс әулетінің әрбір мүшесі сұлтан атала бастаған.

«Төрелер» – жүзге кірмеген және өздерін басқа қоғам мүшелерінен жоғары санап «ақсүйектермен» ғана қыз алысып, қыз берісті. Тағы да бір ерекшелігі олар туылғаннан мал басы, денсаулық жағдайы т.б. қарамастан, сұлтан атағымен бірге осы әлеуметтік топқа мұраға, Шалға барлық құқыққа ие болды.

Дала дәстүрі бойынша, ханды сұлтандардан ғана сайлады. Әкесі де, шешесі де төре тұқымынан шыққан «таза ханды» сұлтандар» нағыз төре» деп аталған. Олардың хандық билікке құ-

қығы шешесі Шыңғыс ұрпағынан шықпаған сұлтандарға қарағанда басым болды. Ал егер әйелі жағынан Шыңғыс ұрпағымен туыстық қатынаста болса, онда оған ешқандай артықшылық берілмеді. Өйткені хандық туыстық әке жағынан есептелді. Бірақ бұл дәстүр кейін өзгеріске ұшырап, XIX ғасырда «ақсүйектер», «қарасүйекпен» некелесе бастады. Мұндай төрелер – «қараман» деп аталды.

Жалпы орта ғасырдағы және соңғы дәуірлердегі жазба шежірелер (Шәкәрім, Қ. Халид, Әбілғазы, т.б.) төре немесе қожалардың шежіресінен тыс кете алмаған. Себебі, бұл екі топтың қазақтың ру-тайпаларының құрамына араласып кеткендіктен, көбінесе екі топтың шежіресі қазақ ру-тайпаларының шежіресімен қатар айтылатын болған. Қожалар дегенде сонау ортағасырдағы діни миссионерлік мақсатпен келіп, осында қалып қалған араб, парсы халықтарының өкілдерінің үрім-бұтағы ғана деп түсінеміз, сонымен қатар «қожаланып» кеткен кейбір ру-тайпалар да бар екені белгілі. Орта Азия қашанда болса араб пен қытай, қытай мен орыс мәдениетінің таласын тудырып, осы аймақтағы билігін жоғалтпауға тырысқан. Осы мақсаттарына жету үшін жергілікті халықтың басты ерекшелігі рулық-туыстық қатынасты пайдаланған. Міне, осы кезде қазақтың көптеген ұсақ рулары қожалар құрамына кіруі және қазақ шежіресінде Қарақожа, Аққожа, Қарасопы, Ақсопы, т.б. көптеген рулық атаулар пайда болса керек. Сондықтан исламдық өркениетке негізделген, пайда болу тегін араб әлемінен алған шежірелердің көбеюі де ғажап емес. Ал ислам өркениеті енгенге дейін қолдарында жергілікті рулардың билігін ұстап отырған ақсақал, билер өздерінің шежіресін аңыздық діни тұлғалардан шығаруға ұмтылуы, сол арқылы шежірені бұрмалауға тырысқан да болар. Оған XIII ғасырдағы моңғолдардың шапқыншылығы да қосылады.

Қоғамдық санада шежіре субэтноикалық топ – төрелер негізінде дәстүрлі қоғамның сакральды екенін бекемдеді. Осыған сәйкес төрелерге халық қоғамның саяси тұтастығын сақтайтын, этносты топтастыру қызметін орындау үшін қажетті топ деп қараған. Шежіренің негізгі нұсқалары аңызға айналған тарихи тұлғаларды өзекті етіп көрсетіп, солардың қызметі арқылы Азия сахарасындағы тарихи оқиғаларды көрсетеді.

Жалпы қазіргі қазақ жеріндегі қожалардың ата-бабасы шамамен VIII ғ. келген. Бүгін де осы қожалардың әулеттері 3 халифтан тарайды: 1. Әбу Бәкір Сыдықтан тараған Сунақ қожалар, Шәмші қожалар, Қылауыр қожалар, Сыйық

қожалар (жалпы атауы – Сунақ қожалар); 2. Омар Харуфтан тараған «қырық Садық қожалар» әулеті; 3. Хазірет (Әбу Әли) Әлі Тәліпұлынан тарағандар (Имам Хусейн ұрпағы – қожалар).

Қазақ шежірелерінің арасында сонымен қатар, Сейіт қожалар, Қылышты қожалар, Қарахандық қожалардың шежірелері бар. Олардың кейбіреуі түпнұсқа ретінде, кейбіреуі қолжазба көшірмесі ретінде сақталған.

Этникалық топ ретінде қожалар Мұхаммед пайғамбардың және оның ең жақын серіктерінің ұрпағы, мұсылман дінінің ең жоғарғы қызметшісі саналып, қазақ халқы арасында мұсылман дінін таратып, уағыздаушы ретінде саналған. Мұхаммед ұрпақтары ретінде сейіт, шейх, қожа, әмір деген атақпен діни бекзадалар сияқты жоғары дәрежелі тап болып отырды. Дін басылары ретінде танылған діндар халықтың шексіз құрметіне бөленіп, әміршілерге ықпалын жүргізіп отырған тұқым қуған дін басылары Мұхаммед ұрпақтары сейіттер мен қожалар және олармен бірге халифалар мен әртүрлі әулиелердің ұрпақтары (шейхтар) орын алды. Дін басыларының және бүкіл дін қызметкерлерінің басында бір қожа кәлән «ұлы қожа» – дін басыларының қызметін бақылап отыратын ең жоғарғы діни лауазым және суфизм орденінің басшысы ишан-накиб («накиб» сөзінің мағынасы саяси діни идеологиялық процестерде кең орын алған) және бас ишандардың бірі сүдірлер отырды.

Қазақ қоғамы құрамындағы қожалардың әлеуметтік және мәдени бітімдері ғасырлар бойы қалыптасқан жүйе. Оның әлеуметтік болмысы этнос құрамындағы қоғамның бірлік жүйесіндегі қарым-қатынасының нәтижесінде өзгерген дәстүрлі этноәлеуметтік құрылымға алып келді.

Келесі мәселе, қазақ шежірелерінде көптеп кездесетін – «софы», «қожа», «арыс», «шора» сөздері. Бұлардың мағынасына терең үңілсек, ол адамдар сонау Арабия түбегінен келген емес, қазақ жеріндегі рухани-діни қызметпен айналысқан адамдар есіміне құрметтік қоспа атау тәріздес болды. Демек, қазақ шежірелері жасалған «уақыттағы» ру-тайпа басында тұрған, сол бірліктерге басшы болған тарихи тұлғаларды көреміз. Яғни осы шежірелерді терең талдасақ, енді биліктен тікелей моңғол ханның ұрпағының құқығы емес, «Алладан келген, пайғамбар үмбеттерінің» құқығы бар адамдар үміттен бастады. Биліктің басқарылу және берілу жолы өзгеріп, басқа салаға бет бұрды, билер институты қалыптаса бастады. Шежіренің идеологиялық тұрғыда жазылғанының тағы бір көрінісі

– қазақ хандарының шығу тегіне қатысты мәселеде көрініс табады. Тарихта қазақ хандары – Жошының үлкен ұлынан (Орда Еженнен) немесе кіші ұлынан (Тұқай Темірден) тарату керек пе деген сұрақтарға жауап беру әлі күнге дейін өзекті мәселе болып отыр. Қазақ хандығы жөнінде жүйелі зерттеулер жүргізіп жүрген т.ғ.д., профессор Б. Кәрібаев өз зерттеулерінде бұл мәселенің басын біраз ашқандай болды. Әртүрлі ортағасырлық жазба деректерге және шежірелерге сүйене отырып, ол бірқатар ортағасырлық еңбектердің Орта Азиядағы Шайбанилық әулеттің билігін қалыптастыру, нығайту үшін жазылған саяси-идеологиялық сипаттағы шығарма болып табылатындарын көрсетті. Бір ғана әулеттің мүддесіне арнап жазылғандықтан, онда басқа әулеттің шығу тегі әдейі бұрмаланғанын ескеріп, қазақ хандарын Тұқай Темірден емес, Жошының үлкен ұлы – Орда Еженнен тарайтындығын атады. Бұдан көріп отырғанымыздай, шежіре көбіне саяси биліктің, ықпалды топтардың жетегіне жиі еріп кететіні шындық. Жалпы көптеген зерттеушілер билеуші әулеттердің, көбіне төрелердің шежірелерін жеке қарастыра отырып, оның сюжеттерінің үш кезеңнен тұратын өзгерістерден өтті деп тұжырымдайды: 1. Оғыз хан әулеті (түркі, ғұн дәуірі); 2. Шыңғысхан әулеті (моңғол дәуірі); 3. Едіге би ұрпағы.

Қазақ қоғамындағы саяси-шаруашылық-әкімшілік бірлік – ру, ал саяси-әлеуметтік-әкімшілік бірлестік – тайпа мен тайпалар одағы болды. Әдетте тайпа ұйытқысы бір атадан тараған адамдар тобы болды. Осындай топ немесе «ру» осы тайпада үстем жағдайда болды және әдетте тайпа көсемі де осы топтан шықты. Көптеген басқа рулар, «басты румен», қандас туыс болмауы да мүмкін. Олар тайпа құрамына ерікті түрде, ал кейде әр түрлі себеппен күшпен қосылып отырды (шежіреде «тоқал балалары»). Тайпалық бірлестіктердің пайда болуына саяси жағдайлар – басқа тайпалардың қорғану немесе басқа тайпалардың жерін басып алу басты рөл атқарды және тайпа көсемдерінің мүддесі де елеулі әсер етті.

Мұсылман діні мен ислам мәдениетінің ықпалында болған көптеген түркі халықтары сияқты қазақ елі де халық ауыз әдебиеті шығармашылығында айтарлықтай ірі ескерткіштерін қалдырған. Ол ескерткіштердің көпшілігінен жалпы сол заманның құқықтық тарихы мен қазақтардың қоғамдық ұйымы, әлеуметтік қоғамның құрылымы, этникалық тарихы, қоныс аударған жерлері және т.б. туралы материалдарды табуға болады. Бұл материалдар тари-

хи фольклорға арналған, әсіресе, біз қарастырып отырған шежіре, бірақ ол жүйелі түрде қандай да бір ақпараттардың қосымша көзі болып саналған емес. Белгілі этнограф М.С. Мұқановтың пікірінше, қазақ шежіресінің құндылығы ол – халық ауыз әдебиет шығармашылығының өнімі болып табылатындығы және XVIII ғ. соңында жазба түрінде сақталғанға дейін ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырғандығында. Нақты тарихи жазбалармен қатар, қытай, араб, парсы және батыс еуропалық авторлардың қолжазбаларында қазақ шежіресінің ірі тарихи құндылық болып табылатындығының себебі, онда қазақтар саналы түрде өздерін біртұтас халық ретінде санайтындығы айтылады. Дегенмен де, шежіре қазақ этнографтары мен этникалық мәселелермен айналысатын зерттеуші-тарихшылардың арнайы, әрі толыққанды қарастыруға тұрарлық объектісіне айналған жоқ.

Бәрімізге белгілі, шежіре – бұл негізгі көзі қазақтардың генеалогиялық аңыз-әңгімелері ауызша түрде таратылатын дәстүр болған кезеңдегі ерте заманнан бастау алатын, XVII-XIX ғғ. қызықты және ақпараттық қолжазба ескерткіштерінің бірі болып табылады. Шежіре семантикалық аспектіде «генеалогиялық негіз бәйтерек» ретінде қарастырылады, ал көптеген жағдайларда шежірелерден феодалдық байланыстар кезеңіндегі қазақтардың қоғамдық құрылымы, экономикалық дамуы және саяси тарихы туралы да ақпараттарды табуға болатын. Демек нақ осы ақпараттар бізге ежелгі дәуірдің қолжазбалары мен аңыз-әңгімелерін жеткізген деуге болады.

Қазақ қоғамында жазу дәстүріне негізделіп, жазба түрінде қолданылған шежірелермен қатар, ауызша айту дәстүріне негізделген шежірелер өте көп болған. Үш жүзге байланысты негізгі материалдар біріктіріліп, қомақты үлкен шежірелермен қатар, кішігірім жекелеген жүздің шежірелері өте көп. Бұларда сол жүзге жататын негізгі рулар талданған. Әр рудың ішіндегі кейбір аталары, тармақтары бүге-шігесіне дейін талданғандары кездеседі. Бір жүз туралы бірнеше шежірені салыстырғанда, біреуінде сол жүздің руы өте көп талданса, екіншісінде басқа біреуі солай таратылады. Бұдан сол шежірені айтушылардың өз жүзі, өз руы туралы мәліметтерді көбірек бергенін, ал айтушылардың келесі ұрпақтары оны ары қарай жалғастырып, өз кезеңінің мәлі-

меттерімен толықтырып бізге жеткізгендігін байқаймыз.

Шежіренің ішінде бір руды талдай отырып, сол рудың ішіндегі атакты адамдар, олардың басынан өткен кейбір оқиғалар туралы тарихи әңгімелерді көптеп кездестіруге болады. Ал, тарихи жырларда басты кейіпкерге байланысты, оның ата-тегі туралы шежірелік мәліметтер ұшырасады. Бұдан қазақтың ауызша тарих айту дәстүрі туындылары өзара тығыз байланысты болған деген қорытынды жасауға болады.

Шежіре – жазба дәстүрге негізделген жылнаманың қызметін атқарған. Бірақ, онда жылма-жылғы оқиғалар берілмегенмен, әрбір руға байланысты, кейін жүздерге байланысты шығу тектері, рудың өміріндегі, жалпы ел өміріндегі үлкен оқиғалар, өткен ұрпақ ішінен шыққан атакты адамдар туралы мәліметтер жинақталып, ұрпақтан-ұрпаққа таралып отырған. Кейінгі кезеңдерде, ауызша тарих айту дәстүрін тарихи жырлар мен тарихи әңгімелер жалғастырады. Бұл кезеңдерде тарих айту дәстүрі нақтыланып, таза тарихи мәліметке негізделген, тарихта болған тұлғалар туралы шығармалар пайда болды. Қазақ және басқа халықтардың шежіре айту дәстүрі ең бері дегенде үйсін, күндер (ғұн) дәуірінде-ақ болған сияқты. Оған дәлел үйсін тайпасынан жетім қалған жалғыз ұлды емізіп, аман алып қалған аналық қасқыр жайлы көне аңыз. Түркілерде шежіре айтудың дамығандығын осы елдердің тарихын зерттеуші парсы тарихшысы Рашид ад-диннің «Джаами-ат-тауарих» еңбегінен көруге болады.

Шежіре халықтың шығу тегін, жүріп өткен жолын, аса маңызды тарихи оқиғаларды жадта сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырудың көне замандардан қалыптасқан жолы. Қазіргі кезеңдегі бізді қызықтырып отырған мәселелердің қатарында, шежіре дерегі мен тарихи шындықтың арақатынасы, деректердегі шынайылық деңгейін анықтау, тағы басқа сауалдар бар. Әрбір халық ауыз әдебиетінің жанрлары өз құрамында белгілі бір дәрежеде шындыққа сай фактілер жиынтығын сақтайды. Шежіре өзінің дәстүрлік мағынасын ешқашан жоғалтқан емес. Ол белгілі бір рудың генеалогиялық қолжазбасы мен тарихы болып табылады. Осы себептерден шежіре саласын зерттеу, оның ақтаңдақ тұстарын анықтау, жаңа деректер іздеу жұмыстары өз жалғасын таба беруі тиіс.

Әдебиеттер

- 1 Ракитов А.И. Историческое познание. – М.: Наука, 1982. – 220 с.
- 2 Валиханов Ч.Ч. Киргизское родословие // Собр. соч. в 5 т. – Алма-Ата, 1985. – С. 148-166.
- 3 Құрбанғали Халиди. Тауарих хамса: Бес тарих. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 304 б.
- 4 Артыкбаев Ж.О. Значение исторического наследия Машхур Жусупа Копеева в контексте изучения проблем казахского шежіре // Краеведение, 2006. – № 2. – С. 11-18.
- 5 Кузеев Р.Г. Происхождение башкирского народа. Этнический состав, история расселения. – М.: Наука, 1974. – 571 с.
- 6 Толстова Л.С. Исторические предания Южного Приаралья. К истории этнокультурных связей народов Арало-Каспийского региона. – М.: Наука, 1984.

References

- 1 Rakitov A.I. Istoricheskoe poznanie. – M.: Nauka, 1982. – 220 s.
- 2 Valihanov S.S. Kirgizskoe rodoslovie // Sobr. soch. V 5 tomah. – Alma-Ata, 1985. – С. 148-166.
- 3 Kurbangali Halidi. Tauarih hamsa: Bes tarih. – Almaty: Kazakstan, 1992. – 304 b.
- 5 Artykbaev J.O. Znachenie istoricheskogo naslediya Mashxur Jusupa Kopeeva v kontekste izuchenie problem kazahskogo shezhire // Kraevedenie, 2006. – № 2.– S. 11-18.
- 6 Kuzeev R.G. Proishojdenie bashkirskogo naroda. Etnicheskii sostav, istoriya rasseleniya. – M.: Nauka, 1974. – 571 s.
- 7 Tolstova L.S. Istoricheskie predaniya Yujnogo Priaralya. K istorii etnokulturnyh svyazei narodov Aralo-Kaspiisko goregiona. – M.: Nauka, 1984.

6-бөлім
ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР

Раздел 6
ИСТОРИЧЕСКИЕ ЛИЧНОСТИ

Section 6
HISTORICAL PERSONALITIES

Примбетова Е.Ө.
**Дербісәлі Беркімбаев заманы,
ұлтжандылықты үйлестіре
алған тұлға**

Мақалада XIX ғ. ортасы – XX ғ. басында Ресей империясының қазақ елін отарлау әдістері арқылы кеңінен пайдалану үшін енгізген жаңа басқару жүйесі қарастырылады. Басқару жүйесінің бір жолы – желілер құру арқылы жүзеге асырылды. Ресей үкіметі жаңа жерлерді игеру барысында жергілікті ұлт өкілдерін пайдалану барысында белгілі нәтижелерге қол жеткізді. Міне, сондай азаматтың бірі – Батыс өңірінің қазағы Дербісәлі Беркімбаев болды. Бұл мақалада Д. Беркімбаевтың ақыл-парасатының арқасында шенеуніктік қызметті де абыроймен атқара отырып, өз халқына қамқорлық етуді үйлестіре алғандығы туралы айтылады. Мақала желісіне айналып отырған тұлғаның халқына сіңірген еңбегі қыруар, автор соның ішінде, сол заманда қазақ халқына дәрігерлік көмек, сауат ашу, халыққа білім беру сияқты ең қажетті салалардың қалыптасуына қосқан үлесін дәлелді келтіріледі.

Түйін сөздер: Империя, желі, фельшерлік бекеттер, бұратана балалар, этнография, екпе, пошталық белдемелер.

Primbetova E.U.
**Time Derbisali Berkimbaeva
and patriotism**

The article deals with new management methods in the colonial policy of the Russian Empire, middle of the 19th century early 20th century. One of the methods is the base of the remote control. During the development of new lands the Russian government had reached some success thanks to the representatives of the local population. One of them was a native of the western regions, Derbisali Berkimbayev. This article says not only about his activity in the management structure, but also about his great contribution to the development of people's healthcare. Also the attention in this article is focused on the elimination of illiteracy and the development of the educational system.

Key words: Empire, distance, feldsher's station, children indigenous dweller, ethnography, vaccination, post roads.

Примбетова Е.У.
**Время Дербисали Беркимбаева
и его патриотизм**

В статье рассмотрены новые методы управления в колониальной политике Российской империи середины XIX в. – нач. XX вв. Одним из методов является основание дистанционного управления. Российское правительство при освоении новых земель достигло определенных успехов благодаря представителям из местного населения. Одним из них был выходец из западных регионов – Дербисали Беркимбаев. В данной статье говорится не только о его деятельности в управленческой структуре, но и о его огромном вкладе в развитие здравоохранения для своего народа. А также акцентируется внимание на ликвидации безграмотности и развитии образовательной системы.

Ключевые слова: Империя, дистанция, фельдшерские пункты, дети-инородцы, этнография, вакцина, почтовые тракты.

**ДЕРБІСӘЛІ БЕРКІМБАЕВ
ЗАМАНЫ,
ҰЛТЖАНДЫЛЫҚТЫ
ҮЙЛЕСТІРЕ АЛҒАН
ТҰЛҒА**

Қазақ елі өз тарихында түрлі кезеңдерді бастан кешірді. Осындай қиын-қыстауда, елдің амандығын сақтауға үлес қосқан жеке тұлғаларды халыққа насихаттау әлде де толық шешілген жоқ. Сондай тұлғаның бірі – Дербісәлі Беркімбаев.

Дербісәлі Беркімбаевты оның замандас ақындары – Кердері Әбубәкір, Әкімәлі Қаржауов, Сарышолақ жыраулар жырлаған. Өзімізге мәлім, қазақ жырауларының ол тұстағы беделі оның сөзінің дәлдігімен, тенеулерінің ақиқатында жатыр. Бұл жыраулар шенеунік қатарында бола тұрып, халқының жағдайын ойлап, тығырыққа тірелгенде демеудің жолдарын қарастырған Дербісәлі Беркімбаевтың образын сомдап, ел арасында әділ пікір қалыптастыра алды.

Д. Беркімбаев қазіргі Ақтөбеге жақын Хромтаудағы Крылов ауылы (бұрынғы – Үрпия ауылы) Арыстанбай аймағында 1838 жылы дүниеге келіп, 1913 жылға дейін өмір сүрген. Байқап отырсақ, оның саналы өмірі патша үкіметінің қазақ жеріне жүргізген саяси-әкімшілік реформаларын жүзеге асыру кезеңіне тұспа-тұс келеді. Беркімбаев Дербісәліні жастайынан қасына ертіп, елдегі жай-күйді көзімен көріп, халқының тағдырына араша түсе алатындай сана қалыптастыра отырып тәрбиеледі. Ол өресі зор әке ретінде тікелей өмір мектебінен өту жолдарын тәжірибе жүзінде жинақтаудың негізін сала алды. Оның өзі ғұмырының басынан аяғына дейін билік басында болған адам. Дербісәлінің әке аманатын орындай отырып қалыптасуына қазақ жеріне келген орыс ғалымдары да ықпал етті.

XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ. басында қазақ даласына ғылыми ізденістермен келген әлемге танымал П.П. Семенов-Тянь-Шаньскийдің зерттеулерінің қорытындысы «Ресей. Біздің Отанымыздың толық географиялық жазбалары» деген көптомдық ғылыми жинақтан, оның ішінде «Қырғыз өлкесі» және «Түркістан – өлкесі» деген екі томы Қазақстан мен Орта Азияға арналған болатын. Қазақстанның географиясы, геологиялық сипатымен мен этнографиясына байланысты нақты деректер жинап, қалам тартқандардың келесі легі Н.А. Северцев пен И.В. Мушкетов, шығыстанушы Петербург академиясының академигі В.В. Радлов, түркітанушы, археолог, лингвист, академик В.В. Вельяминов-Зернов, қазақ өлкесінің тарихын зерттеуге зор үлес қосқан А.И. Добросмыслов, Н.Н. Аристов, М. Красов-

кий, В.В. Григорьев, А.Н. Бекетов, В.П. Васильев сынды ғалымдар да зерттеді. Аталып отырған ғалымдардың қай-қайсысының да зерттеулері Ресей мемлекетіне қыруар пайда әкелді, сонымен қатар қазақ қоғамын жаңа саяси ортада өмір сүруіне бейімделуіне ықпал етті. Аталып отырған орыс ғалымдары Ш. Уәлихановтың, Ы. Алтынсариннің, А. Құнанбаевтың т.б. өмірлік әрі ғылыми көзқарастарының қалыптасуында орны болды. Жоғарыда аталған ғалымдардың кейбіреуінің еңбегінің жануына Дербісәлі Беркімбаев та қомақты үлес қоса алған еді.

Осы тарихи мерзім аралығында өмір кешкен Дербісәлі 13-14 жасында Ресейдің әйгілі шығыстанушыларының бірі В.В. Вельяминов-Зерновпен (1830-1904) аз-кем бірге жүріп, оған атқосшы да болыпты. Ол – орыстың тарихшысы, этнографы, Ресей ҒА-ның академигі. В.В. Вельяминов-Зернов 1850 жылы Александров лицейін бітіріп, Ресей Сыртқы Істер Министрлігінің Азия Департаментінде қызмет атқарған. 1852 жылдың мамырында Орынбор генерал-губернаторы В.А. Перовскийге келіп жергілікті халықтың тарихын, тілін зерттеу үшін «қырғыз-қайсақтардың қалың ортасына ұсыныс хатпен» жіберуін өтінеді. Бұған қызығушылық білдірген генерал-губернатор сол сәтте Кіші Жүздің Орта бөлігіндегі Аға Сұлтаны Арыстан Жантөринге «Мына жас жігіттің құлшынысы құптарлық, әрі тиімді шара. Оған барлық жағдайды жасап, оның қырғыз-қайсақтардың тілін меңгеруіне жәрдем беріңіз...» – деп нұсқау береді [1].

В.В. Вельяминов-Зернов осы жылдың маусым айында Елек бойындағы аға сұлтан ордасына келіп, зерттеу жұмыстарына кіріседі. Аймақта бір жыл шамасында болып, біраз нәрсені қағаз бетіне түсірген. Зерттеуші Қобда, Елек одан ары асып Мұғалжар баурайына дейін барып этнографиялық маңызы бар мағлұматтарды, ел тарихына байланысты ескерткіштерді жинақтайды. Жас ғалым елдегі есте қалған аңыз-әңгімелерге ерекше көңіл бөліп, жазып алады. Ал, Беркімбайдың басқарып отырған дистанциясын өзінде бір жарым айдай зерттеу жұмысын жүргізген. Сондықтанда ғалымның еңбегінде Батыс өңірдің жер атаулары, қазақ ауыз әдебиетінде кездесетін кейбір образдар нақты аталады. Кіші жүз жеріне келген орыс ғалымының ақыл-білігіне риза болған Беркімбай В.В. Вельяминов-Зерновтың қасына, аңғарымды Дербісәліні қосып беріпті және орыс жігітіне «Дерішке тіл, білім үйрет, еліңде біз білмейтін не бар, соны айт» деп тапсырма берген екен. Бала Деріш қонағын ана ауылдан мына ауылға, бір

білгірден келесі білгірге алып барып аралатқан. Кейін В.В. Вельяминов-Зернов: «Маған, бақытыма қырғыз-қайсақтың өте пысық, алғыр, тіпті не ойлап тұрғанынды біле қоятын өте сезімтал баласы тап болды. Ол шамалап орысша сөйлейтін болды. Ал мен қырғыз-қайсақ тілін меңгере бастадым. Өз аймағының білгірлерінің айтқанын аудармашысыз-ақ түсінетін болдым. Көп дерек жинадым. Бұлар менің жазған тарихи еңбектеріме қайнар бұлақ болды. Беркімбайға бас иемін» – деп күнделігінде жазыпты [2].

Сондай-ақ, Дербісәлі Беркімбаевтың өрелі тұлға бола алғанын сонау XIX ғ. аяғы – XX ғ. басына дейінгі көпшілікке танымал орыс авторы А.И. Добросмысловтың «Торғай облысы. Тарихи очерк» деп аталатын еңбегінде, «Торғай облысы газеті», «Оренбургские ведомости», «Санкт-Петербургские ведомости» басылымдарда аталуынан да көруге болады. Осы тұста Орынборда Ресей Императорлық Географиялық қоғамының бөлімшесі, кейінірек Мұрағаттық Алқасы ашылған еді. Бұл жаңалықтың басы-қасына қазақтың арасынан білімді, саналы жастары топтаса бастады. Олар ғылыми-зерттеу істеріне қатысып, қазақ халқының тарихы, мәдениеті, этнографиясы жайлы материалдар дайындауға, баспасөз беттеріне жариялауға араласты. Соның ішінде Ыбырай Алтынсарин, Бейбіт Дауылбаев, Ахметкерей Асфендиярұлы, Мұхамедсалық Бабажанов, Мұқаш Баймұхаммедов, Әлмұхаммед Сейдалиев т.б. болған еді. Осылардың қатарындағы алғашқы үшеуі және Дербісәлі Беркімбаев Географиялық қоғамның Орынборлық бөлімшесіне және Орынбор Мұрағаттық Алқасына толық мүше болып сайланды.

Дербісәлі Беркімбаев Орынбор өлкесіне келген, Орталық Азияға ғылыми сапармен шыққан Ресейдің озық ойлы зиялыларының бірсыпырасымен кездесіп, оларға қолынан келгенінше көмектескен. Соның бірі – Николай Михайлович Пржевальский (1839-1888) болды. Ол орыстың атақты саяхатшысы, географы және Орталық Азияны зерттеуші, 1888 жылы Орталық Азияға жасаған бесінші саяхаты кезінде Ыстықкөлдің жағасында дүние салды. Н.М. Пржевальский 1870-1885 жылдар арасында Орталық Азияға төрт рет ғылыми-зерттеу сапар шеккен. Соның үшінші сапары барысында 1880-шы жылдың 19-шы желтоқсанда Орынборға тоқтап, қазіргі Ақтөбе, Қарабұтақ, Ырғыз арқылы Сырдарияны бойлап Ташкент қаласына дейін жеткен. Осы сапарда Дербісәлі Беркімбаев 22 күн бойы Н.М. Пржевальскийді Орынбордан Перовскіге дейін баруда жолбасшылық жасаған. Қыстың

нағыз суық күндерінде ғылыми экспедицияны аман-есен, ақпан айының ортасына таман, қазіргі Қызылордаға жеткізген. Н.М. Пржевальский Орынбор генерал-губернаторы Н.А. Крыжановскийге жазған хатында «Аса мәртебелі Николай Андреевич!... Сіздің сеніп тапсырған Дербісәлі Беркімбаевыңыз тамаша адамдық танытты. Егер бұндай жолбасшылық жасамағанда экспедицияға қауіпті еді. Оның үстіне ол қыстағы табиғат құбылысын жетік меңгерген, өз халқының тарихын терең білетін әрі көреген адам болып шықты. Сізге осындай қырғыз-қайсақты қоса жібергеніңіз үшін мың да бір тағзым. Дербісәлі Беркімбаевтың біздің экспедиция үшін жасаған жақсылығын жоғары бағалап империя-

лық марапатқа ұсынсаңыз деп тілек айтып басымды иемін. Сіздің жоғарғы мәртебеңізге шынайы берілген Н. Пржевальский» – деп жазыпты [3]. Оның парасаттылығына тәнті болған танымалдар көп болған. Оны Орынбор генерал-губернаторы А. Крыжановскийдің: «Степennyй Дербисали Беркимбаев, умный человек. Он любит свой народ и часто заступает за него и добивается своего...» деген сөздерінен, ал Торғай облысының әскери губернаторы Л. Баллюзек: «Я при решении многих вопросов, касающихся киргиз-кайсакам, прежде всего советуюсь с высокочтимыми нами Дербисали Беркимбаевым. Он пользуется у своего народа высочайшим уважением...» деп ерекше сипаттауынан да байқаймыз [4].



Сурет – Бірінші қатарда ортада Дербісәлі Беркімбаев
(Байдосұлы З. Алды кең, арты майса Дербісәлі.
Ақтөбе, 2007. 35-б.)

XIX ғ. екінші жартысындағы Ресей үкіметі үшін ең маңызды іс-шара қазақ сахарасындағы салық мәселесін жүйеге келтіру болатын. Осы есеппен Батыс Сібір генерал-губернаторлығындағы облыстарда Статистикалық комитеттер құрыла бастады. Комитеттердің мақсаты – об-

лыстарда экономикалық, әлеуметтік, мәдени бағыттарда есеп-қисап істерін нақты жүргізу болды. Сонымен қатар ол аймақ халқының тарихы, мәдениеті жайлы ғылыми негіздегі зерттеу жұмыстарын да жүргізуді жоспарлады. Бұған қазақ өмірін терең білетін адамдарды тартты. Дербісәлі

Беркімбаев осы комитеттің құрметті мүшесі болып сайланды. 1894 жылы Ресей Ішкі Істер Министрлігі шешімімен 1896 жылы Нижний Новгородта Бүкілресейлік өндіріс көрмесін өткізу туралы шешім қабылданды. Бүкілресейлік көрмеде «қырғыз-қайсақтар бөлімін» ұйымдастыруды Торғай облысы әскери губернаторы жанындағы ерекше істер жөніндегі аға чиновник Дербісәлі Беркімбаевқа жүктелді. Этнографиялық маңызы бар экспонаттарды жинақтап, Батыс өңірдің табиғи жетістігін көрсетуге біраз азамат атсалысты. Осы көрмеде патшалы Ресейді ерекше қызықтырған қазақтың бәйгеге қосқан 350 сәйгүлік аттары болған. Ат бәйгесінде Дербісәлінің торысы бірінші орын, екінші бәйгені Мырзағұлдың құласы, үшінші бәйгені Торғай уезінің болысы Бірәлі Бектасовтың шабдары алады. Бұл жерде Патшалы Ресейдің жүргізіп отырған ресми саясатына қарамастан, қазақтардың еуропалық мәдениетпен таныса бастағанын көреміз.

XVIII-XIX ғғ. қазақ елін індет жайлады. Шешек, соз және холера сықылды жұқпалы аурулар талай ауылды жалмады. Оған қарсы егу Батыс өңірде XIX ғасырдың 70-жылдары ғана қолға алынды. Шешек ауруы әрбір 2-3 жылда қайталанып, әсіресе қыс айында күшейген. Өлгені өліп, аман қалғаны шешектен беттері шотырланып, мұрындары, құлақтары ағып кететін болған. Осыны көріп-білгеннің өзінде қазақ жұртшылығы шешек ауруына қарсы егу ісіне үлкен сенімділікпен қараған. Олар егу арқылы «кәпірдің қанын құяды» деп қашқан. Міне, осындай жағдайда 1871 жылы Дербісәлі Беркімбаев Ырғыз уезінің би-болыстарын жинап, егудің пайдалы екендігін жариялап, әрбір болыстың, ауыл биінің халықты осыған көндіру керектігін, олай болмаса қазақ халқының шыбындай қырыла беретіндігін түсіндіреді. Осы ретте болыстардың біреуі «Дербісәлі, батыр болсаң өзіңе салдырып көрші. Біз нәтижесін бес күн күтейік» – депті. Дербісәлі жасқанбастан Ырғыз уезінің аға дәрігері Неймаркты шақырып алып, жұрттың көзінше оң қолының жеңін түріп: «Ал, ағайын! Өлсем көмесіндер, тірі болсам маған шешек тимейді» – деп естірген екен [5]. Жиналғандар зиян болмасына көздері жетіп, одан былай шешекке қарсы егу ісі жалпылық бағыт алған. Ол мәселені тек осымен ғана шектеп қоймай сол салада мамандар дайындауды ұйымдастырушы ретінде көп еңбек сіңірген. 80-90-шы жылдарда уездік, болыстық емханаларды, фельдшерлік бекеттерді қалыптастыру кезінде белсенділік танытқан. Осы әрекеттерімен Дербісәлі өзінің ұлтжандылығын тағы да танытты.

XIX ғ. аяғынан бастап Ресей империясы өз метрополиясындағы оқу-ағарту мәселесіне көңіл бөле бастады. Қазақстанға келетін болсақ, халыққа білім беру іс-шараларын жүзеге асыру ұлттық ерекшелікке орай жүргізілді. Ұлттық мектептер туралы 1870 жылы қабылданған «Ресейді мекендейтін бұратаналарға білім беру жөніндегі шаралар туралы» заң ұлттық мектептердегі және ұлттық шет аймақтардағы бүкіл ағарту жүйесін үш санатта жүргізуді бекітті: 1. Әлі аз орыстанғандар үшін, олар үшін мектептер салу жоспарланды; 2. Орыстар көп тұратын аймақтарда олармен бірге «бұратана балаларда» оқытылатын мектептер ашу; 3. Жеткілікті дәрежеде орыстанғандар үшін, оларды тек орыс тілінде оқыту көзделді [6]. Міне, осы заңға сәйкес қазақ даласында да жаңа бастамалар қолға алынып, білім мәселесіне бет бұрды. Оның басықасында қазақ ағартушысы Ы. Алтынсарин тұрды. 1876 жылы ағартушы Ы. Алтынсарин Орынбордан қайтар жолында Ақтөбе уездік басқармасына соғып, Дербісәлі Беркімбаевпен кездеседі. Дербісәлі Ақтөбеде орыс-қазақ училищесін ашып және оны қаржымен қамтамасыз ету үшін елден 7-8 тиыннан ақша жинауға болатындығын, дәл қазір бала оқытуға дайын ғимараттың болмауына байланысты, уақытша басқа жерде мектепті орналастыру туралы ұсыныс жасайды. Кейіндеу осы уездегі Бөрте елді мекенінде тастан салған, мешіт жанындағы ғимаратты пайдалану керектігі жайлы Ы. Алтынсаринге хабар береді. Бұл жайлы А. Алектров «Исторический очерк народного образования в Тургайской области» деген еңбегінде Дербісәлі Беркімбаев және «...киргизи Буртинской волости представили приговор о безвозмездной уступке под училища была составлена на 2310 рублей с интернатом на 25 учеников...» деп жазады [7].

Аталып отырған мектеп 1881 жылдың 23 қазанында ашылып, оған Дербісәлі бастаған уезд қазақтары жиналып, ат шаптырып үлкен той жасайды. Осы үлкен жиында Дербісәлі былай деп сөйлеген екен: «Ағайын! Халқымыздың оқуы кеміс, бірақ даналығы терең. Міне, қазақтың қазіргі жас болашақтағы ұрпақтарын біліммен сусындатып мектеп ашылып отыр. Орыстың ғалымдарындай ғұламалар бізден де шығады. Еліміз өседі, өркендейді». Сол заманда ауылдық мектептер қазақ қоғамындағы көшпелі өмірге бейімделген жаңа, ең төменгі әрі негізгі сатыдағы оқу орны болды. Ақтөбе уезіндегі ашылған ауылдық мектептердің бірі Дербісәлі Беркімбаевтың туып-өскен Аралтөбе болысындағы 1-ші ауылдағы Меңдібай мектебі бол-

ды. Бұл ауылдық мектептің арнайы ғимараты болмағандықтан Дербісәлі Беркімбаев 1889 жылы салдырған жеті бөлмелі өз үйін босатып берді. Бұл үй Орскіден 25, Ақтөбеден 140 шақырым жерде болатын. Мектеп бұрынғы атын сақтап «Меңдібай ауылдық мектебі» деп қалдырылды. Ақтөбе уезінде 1894-шы жылдың ақпан-наурыз айларында 7 ауылдық мектептер іске қосылды.

Қазақ өлкесіне біртіндеп капиталистік қатынастардың ене бастауын әкімшілік реформалар арқылы реттеу де қабат жүргізіліп жатты. Қалай болғанда да қазақ қоғамы жаңа экономикалық өмірге бейімделуге аяқ басты. Уақыт талабына сай бұл жаңалықтардан Батыс аймақ та тыс қалмады. Осыған сәйкес XIX ғасырдың 60-70 жылдары Орынбор генерал-губернаторлығында пошта тракттарын, соған сәйкес жол қатынастарын қалыптастыру мәселесіне айрықша мән берілді. Орынбордан шыққан тракт Орск арқылы Қарабұтақтың, Ырғыздың үстімен Қазалы-Түркістанды басып өтіп, оны Ташкентке жеткізу көзделді. Дербісәлі Беркімбаев дистанция бастығы, кейін Ырғыз уездік бастығының 2-ші көмекшісі ретінде қызу араласқан. Орск мен Ырғыз аралығына шыққан

зерттеу экспедициясын Дербісәлі басқарған. Оның анықтауынша Орскіден Қазалыға дейін 30 бекет ашу, олардың әрбіреуінде 3 аттан, бір күймелі арба, ал қыста шана ұстау керек болған. Дербісәлінің Ақтөбе әскери бекінісінің негізін салуда еліне араша түскені, кейін Ақтөбе қаласының өркендеуіне жасаған зейнеті айтуға тұрарлық. Реті келгенде айта кету керек, елін шоқырудан аулақтату үшін өлкесінде жеке қаражатына Орскіде екі мешіт салдырған. Алғашқысы тарлық еткесін, 1900 жылы екіншісін пайдалануға береді [8].

1913 жылдың 24 қарашасында Торғай облысы, Орскі, Орынбор, Батыс өңір қазақтарына қол ұшын беріп белгілі болған, билік басында жүріп, «Жарты патша» атанған Дербісәлі Беркімбаев сексенге қараған шағында дүниеден өтті. Марқұмның өсиеті бойынша қазақтың оқып жатқан жастарына 3 мың сом садақа, Орскідегі «Жәмиғат Хейрие» пайдасына бір ат, бір сиыр және бір қашар берілген екен [9]. Халқымен бірге болған ол өмірінің соңына дейін қамқорлық танытты. Оның көрегендігі мен ұлтжандылығы қазіргі дәулетті азаматтарға да үлгі боларлық жағдай.

Әдебиеттер

- 1 Байдосұлы З. Алды кең, арты майса Дербісәлі. – Ақтөбе, 2007. – 16 б.
- 2 Бұл да сонда, 17 б.
- 3 Бұл да сонда, 29 б.
- 4 Құлатаев Б., Тұрлыбаев Д. Есімі енді атала бастады // Егемен Қазақстан. 30 шілде, 2014 ж.
- 5 Байдосұлы З. Алды кең, арты майса Дербісәлі. – Ақтөбе, 2007. – 35 б.
- 6 Қазақстан тарихы. – Алматы, 2002. – 3-том. – 676 б.
- 7 Байдосұлы З. Алды кең, арты майса Дербісәлі. – Ақтөбе, 2007. – 37 б.
- 8 Қабақбаев Ж. Мәңгілік ғұмырдың ғасыры – электронды ресурс. www.wiripedia
- 9 Тоқтарбай Е. Дәулетімен ұлтқа қызмет еткен қазақ байлары//Қазақстан Заман 21қаңтар (№3). – 9 б.

References

- 1 Baidosuly Z. Aldy ken, arty maisa Derbisaly. Akhtube, 2007. P.16.// Baidosuly Z. Generous and humane Derbisaly. – Akhtube, 2007. – P. 16.
- 2 There is too, P. 17.
- 3 There is too, P. 29.
- 4 Kulataiev B., Turlybaiev D. Esimi endi atala bastady//Egemen Kazakhstan. 30 June, 2014. // The name we started to say/ 'Independent Kazakhstan' Newspaper, 30 June, 2014.
- 5 Baidosuly Z. Aldy ken, arty maisa Derbisaly. – Akhtube, 2007. – P. 35 // Baidosuly Z. Generous and humane Derbisaly. – Akhtube, 2007. – P. 35.
- 6 Kazakhstan tarihi. – Almaty, 2002. III Part. – P. 676. // Kazakhstan History. – Almaty, 2002. III Part. – P. 676.
- 7 Baidosuly Z. Aldy ken, arty maisa Derbisaly. – Akhtube, 2007. – P. 37 // Baidosuly Z. Generous and humane Derbisaly. – Akhtube, 2007. – P. 37.
- 8 Kabakhbaiev Zh. Mangilik gumirdin gasiry. www.wiripedia // Kabakhbaiev Zh. The sentury of eternal life/www.wiripedia
- 9 Tokhtarbai E. Dauletimen ultkha kizmet etken kazakh bailary//KazakhstanZaman, 21 January (№3), P.9// Tokhtarbai E. Dynasty of Rich kazakh people served country. 'KazakhstanZaman' Newspaper, 21 January (№3), P.9

Мәжиқызы Н.,
Сандықбаева Ө.Д.,
Аширбекова Қ.С.

**XX ғасырдың
30-40 жылдардағы Қытайдың
Шынжаң өлкесіндегі
әлеуметтік-саяси жағдай және
Нығмет Мыңжани**

Мақалада Қытай Халық Республикасының тәуелсіздік алудан бұрынғы, яғни XX ғасырдың 30-40 жылдарындағы күрделі қоғамдық саяси жағдай және оған Қытай қазақтарынан шыққан белгілі тарихшы, этнограф ғалым Нығмет Мыңжанидың белсене араласуы, осы кезеңдегі қоғамдық-саяси қызметі жайлы мәселе қарастырылады. XX ғасырдың 30-40 жылдары Қытайда Жұңхуа Минго үкіметі үстемдік етіп, қоғамдық қайшылықтар шиеленісіп, саяси салада күтпеген оқиғалар болып жатты. Шынжаңды 17 жыл билеген Яң Зыңшин қастандықпен өлтіріледі де, Жин Шурын билікке келді. Онан соң 1933 жылы 12 сәуірде Үрімжідегі саяси өзгерістердің нәтижесінде Шынжаң билігіне Шың Шысай келеді. 1937 жылдан бастап «Шынжаңдағы жапон тыңшыларын» және «түрікшіл, исламшыл, ұлтшыл» зиялы қауымды, қазақ және басқа да ұлттардың бетке ұстар адамдарын «Моңғол, қазақ, қырғыз құрылтайын» ашамыз деген желеумен жиналысқа шақырып жаппай қырғынға ұшыратты. Осындай күрделі кезеңде Н. Мыңжани өзінің қызмет қолайлығынан шеберлікпен пайдаланып, халық басына (Алтайдағы қазақ көтерілісшілеріне) түскен аяусыз қырғын мен жаныштауды жеңілдетуі, Гоминь Дань партиясының бақылауында болып жүрсе де, қиын-қыстау кездерде қазақ үшін аянбай еңбек еткен батылдығын, ол өмір сүрген қоғамның күрделілігі, қиындығы баяндалған.

Түйін сөздер: Жұңхуа Минго үкіметі, Шынжаң аймағы, Қытай қазақтары, Алтай көтерілісшілері, мылтық жию науқаны, ұлт-азаттық күрес.

Mazhikyzy N.,
Sandykbaeva U.D.,
Ashirbekova K.S.

**Nygmets Mynzhan and socio-
political situation of the Chinese
Sintzyan region in the 30-40
years of the 20th century**

This article discusses the people's Republic of China in the period before the independence, as well as the socio-political situation in the 20th century in 1930-1940 years, and the attitude of well-known historian, ethnographer and scientist Nygmets Mynzhan and his socio-political work. Government of Mingo rules in China in 1930-1940 years of 20th century, therefore the social condition worsened and there were many unexpected political situations. Zynchin was killed which rules 17 years and Gene Shurin came to the government. Then, in 1933 April 12 in consequence of the political changes in Urumchi on government Sintzyan came Chyn chisana airport. In 1937 the government collects a collection of influential elites people from all nations, under the pretext of discoveries «Mongolian, Kazakh, kirgiz Kurultai» and in this assembly lay charge all This collection of elite in the «Japanese spies», «Panturkist, Islamist, nationalist».». In such difficult situations Nygmets Mynzhani masterfully able used its position and help (Kazakh rebels in Altai) to his people in a ruthless massacre. Also considered a heavy political time and labor, and courage.

Key words: Jinhua Mingo, Sintzyan, Chinese Kazakhs, Altai uprising, picking up a gun, a national liberation uprising.

Мажиқызы Н.,
Сандықбаева Ү.Д.,
Аширбекова Қ.С.

**Ныгмет Мынжани и социально-
политическая ситуация
Китайского Синьцзянского
края в 30-40 годы XX века**

В этой статье рассматривается Китайская Народная Республика в период до получения независимости, а также общественные политические ситуации в 30-40 годах XX века, отношение известного историка, этнографа и ученого Ныгмета Мынжани и его общественные-политические работы. 30-40 годы XX века в Китае правила правительство Минго и общественное состояние ухудшилось, происходили много неожиданных политических ситуации. Ян Зыншин, правящий Синьцзян 17 лет, был убит и в правительство пришел Джин Шурин. Затем 1933 году 12 апреля в последствие политических изменений в Урумчи в правительство Синьцзяна пришел Чын Чисай. 1937 году правительство собирает собрание влиятельных элит – выходцев из всех народов, под предлогом открытий «Монгольского, казахского, киргизского курултая» и в этом собрании предъявляет обвинение всем собравшим элитам в «Японском шпионаже», и в «Пантуркистом, исламистом, националистом». В таких тяжелых ситуациях Ныгмет Мынжани мастерски смог использовать свое положение и помочь (казахским восставшим в Алтае) своему народу в беспощадной бойне. Также в статье рассматривается тяжелое политическое время и его труд и смелость.

Ключевые слова: Джинхуа Минго, Синьцзян, китайские казахи, Алтайское восстание, собиране ружье, Национально-освободительное восстание.

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

²Алматы технологиялық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*E-mail: Karlygash.ashirb@mail.ru

XX ҒАСЫРДЫҢ 30-40 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚЫТАЙДЫҢ ШЫНЖАҢ ӨЛКЕСİNДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ ЖАҒДАЙ ЖӘНЕ НЫҒМЕТ МЫҢЖАНИ

Кез келген тарихшы ғалым үшін маңызды мәселенің бірі – өз елінің, өз халқының саяси, қоғамдық, тарихи даму жолына қатынасы, соған баға беру болып табылады. Халқының жүріп өткен жолын, жиған тәжірибесін сарапқа салу, қоғамда болып жатқан жағдайлардың себеп-салдарына көз жеткізу олардың басты мақсаты. Қытайдың Шынжаң өлкесі 1 миллионнан астам қандастарымыз тұрып жатқан және тарихта көптеген күрделі тарихи оқиғалардың, соның ішінде біртұтас қазақ халқының тағдырына қатысты мәселелер орын алған күрделі аймаққа жатады. Сонымен қатар осы аймақта өмір сүріп, өзінің санаулы өмірін өз ұлтының иігілігіне арнаған қазақтың біртуар ұлдарының күрделі өмір жолы мен қоғамдық-саяси қызметін зерттеу, оған шынайы ғылыми баға беру бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып табылады.

Міне, осындай тұлғаның бірі – Нығмет Мыңжани 1922 жылы 22 наурызда Шынжаң өлкесі Толы ауданы Майлыжайыр ауылында туылып, 1993 жылы 22 маусымда Алматы қаласында өмірден өткен. Өмірінің көп бөлігі өте күрделі тарихи жағдайда өтті. Бірақ сол қиын заманның қатаң талаптары оның ғалым болып қалыптасуына, саяси қайраткер болып көрінуіне тікелей әсер етті. Сондықтан ғалымның ғылыми еңбектері мен қоғамдық-саяси қызметтерін тарихи кезеңдер бойынша қарастыруға тура келеді [1, 15 б.].

XX ғасырдың 30-40 жылдары Қытайда Жұңхуа Минго үкіметінің үстемдік еткен кезеңі еді. Бұл жылдар Шынжаң аймағында қоғамдық қайшылықтар шиеленісіп, саяси салада да күтпеген оқиғалар болды. 1927 жылы Чан Кайши бастаған Нанкин (Нанжин) үкіметі құрылып, Қытайда Гоминдан (Guo mindang – Гоминдан) партиясы билікке келеді. Шынжаңның билеушісі Яң Зыңшин Чан Кайши үкіметін қолдайтындығын, Шынжаңда оның саясатын жүзеге асыруға қызмет ететіндігін айтып, оған жедел хат жолдайды [2, 315 б.]. 1928 жылы Үрімжіде Шынжаңды 17 жыл билеген Яң Зыңшин қастандықпен өлтіріледі. Бұл оқиғаны қытайлықтар «сань ци шибянь» – «үш жетілік оқиғасы» деп атап кетті, себебі оқиға Республиканың 17 жылы 7-ші айдың 7-ші күні болады [2, 315 б.]. Осыдан кейін Шынжаңның «салыстырмалы тыныштық кезеңі» аяқталып,

буырқанған оқиғаларға толы ұлт-азаттық көтеріліс жылдары басталды.

Шынжаңның билігіне енді саяси өзгерістерді тыныштандырудағы еңбегіне арқаланып және бір бөлім әскерилердің қолдауында Жин Шурын келді. Ол Яң Зыңшиннің жақын адамдарының бірі болғандықтан, оның Шынжаңда ұстанған саясатын жалғастыру ниетінде болды. Бірақ, қаншама ұқсатқысы келсе де, ол Яңның қулығымен саяси шеберлігін дәл сол сияқты жасауға қабілеті де, ақылы да жетпейтін тұлға болатын. Ол Яң сияқты Шынжаңдағы маңызды деген азаматтық және әскери қызметтерді өзінің туыстары мен жерлестеріне бөліп берді.

Жин Шурын өзінің үкімет билігін күшейтуді көздеп қана қоймай, жерлерді иемдену мақсатында болды. Қытай ғалымдары: «Жин Шурын жергілікті халықтардың экономикалық жағдайының төмендеуіне ешқандай мән берген жоқ» [3, 241 б.] – деп тұжырымдайды. Ол өлкеде әскери қосынды көбейтті және оның басқаруымен орыс атты әскері құрылды. Сонымен қатар көп мөлшерде шетелден қару-жарақ сатып алды. Бұны қаржыландырудың барлығы жергілікті халықтың мойнында болды.

Қытайдың Гоминдаң үкіметі бұл өлкеде нақты басқару жүргізе алған жоқ. Сондықтан да Жин Шурын Гоминдаң орталық үкіметінің рұқсатынсыз-ақ шекараны ашып, Кеңес Одағымен сауда-саттық күшейтті әрі ықпалы да күшейе түсті.

Ол Шынжаң өлкесінде билік жүргізген кезде Шынжаңның қоғамдық құрылымы, қазына-ақша айналымы, мәдениет және оқу-ағарту, денсаулық сақтау сияқты салаларда үлкен өзгерістер болған жоқ. Оның билігіне қарсы Құмыл дихандарының көтерілісінен кейін соғыс алапаты бүкіл Шынжаңға жайылып, тоқырап қалған экономика, мәдениет және оқу-ағарту жұмыстары тіптен бүліншілікке ұшырап қазақ және басқа да жергілікті ұлттар ауыр халды бастарынан кешірді. Өлкедегі толқулар Жин Шурынды орнынан түсіріп тынды. 1933 жылдың сәуірінде ол Тарбағатайдағы Бақты шекарасы арқылы Кеңес Одағына қашып кетеді.

1933 жылы 12 сәуірде Үрімжідегі саяси өзгерістердің нәтижесінде Шынжаң билігіне Шың Шысай келеді. Ол билікті қолына алғаннан кейін көтерілісшілерге қарсы кең көлемде әскери қимылдар жүргізуді бірден қолға алады. Ол екі жүзділік саясат қолданды. Яғни Қытайдың Гоминдан үкіметімен де байланысын үзбеді. Бірақ, Шың Шысай орталық Қытай өкіметінің Шынжаңдағы өкілі болып тұрған кезде қиын

жағдайды бастан кешірді. Орталық Қытай өкіметі өз ішіндегі жағдайдың қиындығымен айналысып сол жылдарда Шың Шысайға ешқандай көмек бере алмады. Сондықтан осы кездегі КСРО-ның әскери, материалдық көмегінсіз бұл жерде билік құра алмайтын еді. Ал Кеңес Одағы өзінің мемлекеттік мүддесі тұрғысынан Шың Шысайдың Шынжаңдағы билігінің сақталуына мүдделі болды. Себебі, Шынжаңдағы ұлттардың қытай билігіне қарсы күресінің өршуі көрші жатқан шекаралас халықтардың қолдауына ие болуы мүмкін деген қауіптен сақтанды. Сонымен қатар Шынжаңдағы саяси биліктің әлсіздігін Кеңес Одағына дұшпандық көзқарастағы АҚШ пен Жапония сияқты басқа державалар, Шынжаңда мұсылмандық күшті мемлекетті орнатуы мүмкін деген қауіп одан да күшті болды. Осындай жағдайда Кеңес Одағы өзінің ішкі және сыртқы қауіпсіздігін ескере отырып, Қытай өкіметінің Шынжаңдағы билігін сақтап қалуына үлкен ықыласпен көмектесті.

Шың Шысай Мәскеуден үлгі ала отырып, 1937 жылдан бастап «Шынжаңдағы жапон тыңшыларын» және «түрікшіл, исламшыл, ұлтшыл» зиялы қауымды қырып-жоюда Кеңестік биліктен асып түспесе кем қалған жоқ. Ол қазақ және басқа да ұлттардың бетке ұстар адамдарын «Моңғол, қазақ, қырғыз құрылтайын» ашамыз деген желеумен жиналысқа шақырып, жаппай қырғынға ұшыратты. 1937-1942 жылдар аралығында Шың Шысайдың жазықсыз өлтірген адамы 4000-нан асқан [4, 289 б.]. Осы көрсетілген санның дені елдің игі жақсылары, халық көсемдері, ақын-жазушылар мен молда-қожалар болатын.

Нығметтің балалық шағы осындай күреске толы кезеңде өтті. Әкесі Мұхамедтүсіп жай ғана малшы емес ауыл медіресесінде көнеше оқыған сауатты, әдебиетке әуес болған, көрген-білгені көп, шешен, би болған адам. Текті ортада туылып, тәрбие көрген ол қаршадайынан алғыр болып, әкесінің және ауылдағы шешен, әнші, күйшілердің аузынан халық хисса-дастандарын жаттап өскен. Оның осындай зеректігіне риза болған әкесі оны алғашында ауылында ашылған бастауыш мектепке оқуға береді. Бастауыш мектепті үздік тамамдап, Шәуешек қаласына орталауға оқуға түседі. Бұл мектепті де үздік нәтижемен аяқтайды. Аталмыш мектептің қолдауымен 1939 жылы Шынжаңнан Кеңес Одағына оқуға баратын оқушылар үйрену курсының төрт мерзімдік емтиханына қатынасады, Шәуешек қаласы бойынша небәрі бөлінген екі орынның біреуін өз еншісіне алған жас талапкер

Үрімжі қаласына келіп, Совет Одағына оқуға баруды күтеді. Алайда сол кезде Шың Шысайдың кедергісі салдарынан бұл кезектегі шетелге шығып оқитын оқушылардың жолы кесіледі. Нығмет Шынжаң Өлкелік сақшы офицерлер мектебіне оқуға түсіп, екі жыл оқып үздік нәтижемен тәмамдап, Өлкелік қоғамдық қауіпсіздік мекемесіне барып аудармашы болады. Осы кездегі қоғамдық орта туралы Қабимолла Манжыбаев: «Нығмет Мыңжани 1930 жылдардың бас кезінде, Үрімжідегі өлкелік сақшы мектебінде оқып, оқу бітірген соң Шинжияң өлкелік қоғам қауіпсіздігін сақтау басқармасында істеген. Марқұмның өз сөзімен айтқанда: «жазда киетінім ұзын ақ торғын көйлек, жамбаста наған болатын. Қыста қара киім киетін едік. Кімді ұстау, кімдердің сыбысын тыңдау, кімдерді қалай сұраққа тарту туралы арнаулы адамдар нұсқау беретін еді». Міне, бұл сол кездегі қандықол Шың Шысайдың қол астындағы ұлттық кадрлерді халық жұртшылығына жексұрын етіп көрсету саясатының нәтижесі болатын. Сондықтан Нықан үнемі «оқығанымызда, істейтінімізде, істегенімізде осы бір кәсіп. Кімде-кім қабыл алмаса, бас тартса, солқылдақтық істесе, оған жақсылық жоқ еді», – дейтін. Сол себепті мектеп оқушылары болсын, мейлі мекеме кадрлары болсын, Үрімжі қаласындағылар болсын, қыр сахарасындағылар болсын сол жылдарда Нығметті көрсе әзірейілді көргендей одан тіксінетін, қорқатын, қашатын» [5, 59 б.], – деген деректер келтіреді. Біз бұдан сол кездегі Нығмет Мыңжанидың өскен ортасының қаншалықты күрделі, қиын кезең болғандығын көре аламыз.

Алайда осындай күрделі қоғамда саяси күрестерде де асқан тапқыр, шешен адам болған еді. Бұған дәлел 1940 жылы 2-ші айдың 1-ші күні Көктоғай халқы Есімқан, Брысқан, Сүлеймендердің басшылығында Оқан зәңгінің үйінде қонып жатқан Көктоғай ауданының әкімі Шүй Ырлин мен сақшы мекеме бастығы Ху Лин қатарлы 13 адамды өлтіріп көтеріліс жасағанда, бұған қатты ашуланып, от алып, қопаға түскен Шың Шысай қаз ашуын тырнадан алмақ болып, түрмеде жатқан барлық қазақты және моңғол-қазақ-қырғыз құрылтайына қатынасып жатқан Алтай уәкілдерін бірнеше күн ішінде түгел қырып тастауға бұйрық түсіреді. Бұл хабарды естіген Нығмет дереу кеуде керіп ортаға шығып, құрылтайды басқарып жүрген дубанның хатшысы Зың Гауфың, өлкелік сақшы мекеме бастығы Ли Быйнчи және Лю Бынділер арқылы Шың Шысайға пікір ұсынады. Бұл ұсыныстың негізгі жүйесі мынадай болатын:

Қазақ халқы арғы ата-бабасынан тартып тау соғысына жатылған жауынгер халық. Қолда баққан жылқы түгіл дала құландарын да шалмамен ұстап, жайдақ мініп жүре береді. Балаларын 5-6 жасынан ашамайға мінгізіп атқа жаттықтырады. 1933 жылы Баркөлде тұрған 16 туан туанжаны Жаң Пишу 200 әскермен барып Құлыншәріде бейғам жатқан Әліптің басын алып, ауылын шапқанда, әкесінің кегін алмақ болған Елісхан 300-дей атты жасақпен Баркөл, Шонжыда тұратын екі полк әскеріңізді қырғындап кетті. Ақыры Совет Одағынан 8 атты полкті алдырып, соның көмегімен Елісханды ішкі жаққа қарай қуып әрең құтылды.

Қазір өр Алтайда көтерілгендер екі ауданның адамдары. Олар адам өлтіріп, тартып алған қаруларымен барып Көктоғай қалашығына қауіп төндіруде. Егер олардың саны бірнеше мың адамға жететін болса, бүкіл Алтайды басып алып, екі дивизия әскеріңізге бой бермей, Үрімжіге қауіп төндіруі мүмкін.

Жанабыңыз Құмылдағы 8 атты полкке «Алтай бандыларын жаныштауға барындар» деп бұйрық түсіргеніңізде, олар: біздің міндетіміз – егер шығыстан Жапония империализмі басып кірер болса, соларға соққы беріп, Шинжиянды қорғау; Алтай мәселесі Шинжиянның ішкі ісі, біз оған араласпаймыз, – деп жанабыңыздың бұйрығын орындаудан бас тартты.

Совет Одағының Алтай консулындағы Кәрім Разиевтің Шәріпқанға айтқан сөздеріне қарағанда, Совет Одағы көріністе жанабыңызбек достық орнатып, астыртын Алтай көтерілісшілеріне ойысу ниетінде емес деуге болмайды. Егер Алтай дүрбелеңі Совет Одағының қолдауына ие бола қалса, одан келетін көргілікті мөлшерлеу қиын... Сондықтан Алтай мәселесін соғыс жолымен емес, саяси жолмен шешуді ойластыру керек. Соғыс жолымен шешудің қиыншылықтары көп әрі ауыр. Егер соғыс жолымен шешкенде немесе құрылтайдағы Алтай уәкілдері мен түрмедегі қазақтарды қырып тастағанда, бұл біз үшін емес, халыққа жанабыңызды жиркенішті етіп көрсетпек болып отырған Совет Одағы үшін пайдалы болып шығады. Алтай халқының барлық беделді адамдарын қырып тастағанда, олармен тілдесуге ырықсыз қаламыз...

Осылай талдау жасай келіп, Шың Шысайға бірнеше тармақ ұсыныс қойған.

1. Алтай мен басқа аймақтардағы дабыралы мылтық жию науқанын қазірше тоқтатып, кейін мылтығы бар адамдардың өзімен жекелей сөйлесіп, сақшы арқылы жиып алу;

2. Бүкіл солтүстік Шинжияндағы моңғол, қазақтан 1000 ат алу науқанын уақытша тоқтату;

3. Халыққа сөзі өтетін, елге беделі бар абыройлы қазақ басшыларын (түрмедегі және құрылтайдағы) қазірше өлтірмей, оларды алдағы саяси күрестің қымбат капиталы деп біліп, қорғау керек. Халыққа сөзі өтетін бұл беделді адамдарды тәрбиелеп иландыру арқылы және соларды бүлік шыққан жерге жіберіп, үгіт-насихат айтқызу арқылы мәселені тыныш саяси жолмен шешу қажет. Осылай істегенде, демократияға мән беріп, ырықты орындауға болады т.б. [6, 41 б.].

Нығметтің бұл ұсыныс пікірін алдымен бас хатшы Зың Гауфың, сақшы мекеме бастығы Лю Бынділер қолдап, Шың Шысайға апарып көрсетеді. Шың Шысай мұны көргеннен кейін, Нығметті қолынан іс келетін қабілетті әрі біздің болашағымызға өз болашағындай көңіл бөліп, көңіліндегісін қорықпай айта алатын үміті бар ақылды жігіт екен деп біліп, содан былай оны қолдан шығармай қатты бақылап, бір жағынан оны осы іске жұмсауды бұйырады.

Сонымен 1940 жылы 11 апрельдің түнінде Саяпыл күнгейінде дағарға салып апарылып тірідей көмілген 108 адамнан басқа қазақтар уақытша өлімнен аман қалады.

Ұсыныс қабылданғанымен, мұндай қиын іске ойламаған жерден Нығметтің өзі тартылады.

Лю Бынды қуанышты хабар ретінде мұны Нығметке жеткізіп, соңында осы ауыр міндетті тапсырады әрі Алтайға жіберілетіндерге кепіл боласың, өр Алтайға өзің барасың дейді. Нығмет ойлана келіп: мені Алтай қазағы танымайды. Танымаған баланың тілін олар алмайды. Олар ежелден ел ішіндегі беделді басшыларына бағынып келген ел дейді де, Алтай халқына сөзі өтетін, беделі бар Шәріпхан төре, Әлен уаң, Бұқат бейсі, Жанымхан қажы, Нәзір тәйжі, Қалман қазы, Дәлелхан Сүгірбаев, Әбілмайын гүң, Қабыл тәйжі, Қажы Нәби, Мұқаш Жакеұлы, Шәри зәңгілерді көрсетеді. Бірнеше күннен кейін Лю Бынды Нығметке Шәріпхан Алтайға барудан бас тартып, ерекше сот тергеушілерінің бастығы Жаң Гуанчанға қол тигізген. Оның болашағы қа-

уіпті. Одан үміт жоқ. Одан өзгелерін сөзге келтір. Егер өзің кепіл болған адам Алтайға барған соң бүлікшілерге қосылып кетсе не сөзін өткізе алмаса, сені ұстаймыз [6, 43 б.], – дейді.

Содан кейін Нығмет өзіне құтылмастай өте ауыр жүк артылғанын, егер бұл міндеттің үдесінен шықпаса, өз басынан айырылатынын сезеді де нартәуекелге келіп, түрмеде жатқан Бұқат бейсі, Жанымқан қажы, Нәзір тәйжілерді терген болып, олармен танысып әрі сөз тартады. Соңында Жанымқан құран ұстап қасам ішу арқылы Алтай халқын сөзге иландыратындығы жөнінде сенім білдіреді. Сонымен 1940 жылы 8-ші айдың соңына ала Жанымхан мен Нәзір тәйжі Шіңгілдегі Шақабай Ноғайбайұлы Ырысқанға барады. Ондағы халық Жанымқанның құран ұстаған қасамына сеніп, қару тапсыруға мақұл болады.

Бұл іс алғашында осылай шешілген соң, екінші ретте Бұқат бейсі, Қалман қазы, Дәлелхан Сүгірбаев, Шари зәңгілер, одан кейін Қабыл тәйжі қатарлылар Алтайға кепілдікпен босатылады.

Нығметтің бұдан басқа да еңбектері көп. Оның барлығын тізіп жазу мүмкін емес. Шың Шысай билігі кезіндегі өзінің қызмет қолайлығын шеберлікпен пайдаланып, халық басына (Алтайдағы қазақ көтерілісшілеріне) түскен аяусыз қырғын мен жаныштауды жеңілдетуі, Гоминь Дань партиясының бақылауында болып жүрсе де, қиын-қыстау кездерде қазақ үшін аянбай еңбек еткен батылдығын, өзі өмір сүрген қоғамның күрделі, қиындығын көре аламыз.

Қорыта келгенде, XX ғасырдың 30-40 жылдарындағы Шынжаңның саяси әлеуметтік жағдайы күрделі болды. Шың Шысай үстемдігінің алғашқы кезеңінде Кеңес Одағымен болған экономикалық жақтағы қарым-қатынас нәтижесінде Шынжаң қоғамы белгілі дамушылықтарға ие болды. Бірақ Шың Шысай өзінің екі беткей, жауыздық саясатын жергілікті халыққа, әсіресе қазақтарға қарата әсіре жүргізгендіктен бір бөлім қазақтар ата-мекенін тастап басқа жаққа қоныс аударса, қалған бөлігі қолдарына қару алып, көтеріліске шығып, өздерінің ұлт-азаттық күресін бастады.

Әдебиеттер

- 1 Мұқаметханұлы Н. Нығмет Мыңжани және оның қазақ тарихы жөніндегі концепциялары // Бекмаханов тағылымы. Халқаралық ғылыми конференция материалдары. 18-19 мамыр. – Алматы, 2004.
- 2 Алдабек Нұржамал. Тарихы талқыға толы Шыңжаң. – Алматы: Қазақ университеті, 2003.
- 3 Фаң Иыңже. Әр дәуірдегі Қытай орталық үкіметінің Шынжаңда ұстанған саясатына зерттеу. – Үрімжі: Шынжаң, 2006. – 263 б.

- 4 Оралтай Хасан. Елім-айлап өткен өмір. – Алматы: Білім, 2005. – 632 б.
- 5 Манжыбаев Қабимолла. Нықаңмен өткен бір дәурен // Мұра. – Үрімжі, 2004. – №1. – 59-64 бб.
- 6 Әкірами Кәрім. Бітімі бөлек дара тұлға // Шинжіяң қоғамдық ғылымы. – Үрімжі, 1994. – №2. – 38-42 бб.

References

- 1 Myhamethanyli N. Nygmet Mynzhani zhane oning Kazakh taryhi jonindegi kosepsialari // Bekmakhanov tagilimi. Halih-aralik gilimi konferensia materialdari. – Almati, 2004. 18-19 mamir.
- 2 Aldabek Nurjamal. Tarihi talhiga toil Shinjiang. – Almati: «Kazakh universiteti», 2003.
- 3 Pang Ingje. Ar daurdegi Kitai ortalik ukimetining shinjiangda usyangan saiasatina zertteu. – Urimji: Shinjiang halikh bas-pasi, 2006 j. – 263 b.
- 4 Oraltai Hasan. Elim-ailap otken omir. – Almati: Bilim baspasi, 2005. – 632 b.
- 5 Manjibaev Habimolla. Nihangmen otken bir dauren // Mura. – Urimji, 2004. – №1. – 59-64 bb.
- 6 Akrami Karim. Bitimi bolek dara tulga // Shinjiang hogamdik gilimi. – Urimji, 1994. – 38-42 bb.

7-бөлім
МУРАЖАЙ ІСІ

Раздел 7
МУЗЕЙНОЕ ДЕЛО

Section 7
MUSEOLOGY

Kozgambayeva G.B.
**Hazret-Sultan historical-cultural
be afraid museum**

The article discusses the museum of the country at the present stage, including historical, cultural, national history and the Kazakh people and other ethnic groups living in the country is rich in historical and cultural heritage is one of the natural open-air museums in promoting, preserving historical relics of the southern region and to promote the growing of Hazrat Sultan State historical and cultural Museum-reserve of history of the domestic stock systems, facilities, exhibits, etc. reported on numerous occasions. In addition, the museum of archeology and ethnology departments, especially in the museum, «GAR» The main exhibit room KA Yasawa underground layout of the room, «Qilwet» underground mosque KA Yasawa construction of the dome of the mosque on Friday that the family is considered to be a hammam. Article is about human's family shows up material and spiritual culture which plays an important role in researches' and museums' advancement. Kazakhstan's history museum and history-culture reservation in south region are closely related to studying of scientific and historical preservation of South region's legacy. Shows value of all historical materials, which are saved in Khazret Sultan's museum.

Key words: «Қылует» museum exhibits, equipment, historical and cultural reserve, layout.

Қозғамбаева Г.Б.
**Әзірет-Сұлтан тарихи-мәдени
қорық музейі**

Мақалада бүгінгі таңдағы елімізде түрлі салада жұмыс істеп жатқан музейлердің ішінде тарихи-мәдени, ұлттық тарихымыз бен қазақ халқы мен республика аумағында өмір сүріп жатқан басқа да этностардың тарихи-мәдени бай мұрасын сақтап, насихаттайтын табиғи қорық-музейлерінің бірі, Оңтүстік өңірінің тарихи жәдігерлерін көздің қарашығындай сақтап, насихаттап келе жатқан Әзірет сұлтан мемлекеттік тарихи-мәдени қорық музейінің тарихы, ішкі қор жүйесі, залдары, жәдігерлері т.б. көптеген іс-шаралары туралы баяндалады. Сонымен қатар, музейдегі археология және этнология бөлімдері, әсіресе музейдегі «Ғар» бөлмесінің негізгі экспонаты Қ.А. Ясауидің жер асты бөлмесінің макеті, «Қылует» жер асты мешітінің Қ.А. Ясауидің отбасымен тұрған жұма мешіті, күмбезді ғимарат Шығыс моншасы кеңінен қарастырылады. Мемлекеттік тарихи мәдени қорық-музейдің республика көлемінде археологиялық жәдігерлерді зерттейтін, қазба жұмысын жүргізетін, реставрациялық жөндеу арқылы ескерткіштерді сақтау барысын дамытатын бірден-бір мекеме екендігі баршаға мәлім.

Түйін сөздер: «Қылует», музей жәдігерлері, қор, тарихи-мәдени қорық, макет.

Козгамбаева Г.Б.
**Историко-заповедный музей
Азирет-Султан**

В статье рассматривается музей страны на современном этапе, в том числе исторической, культурной, национальной истории и казахского народа и других этнических групп, проживающих в стране богат историко-культурного наследия является одним из естественных музеев под открытым небом в содействии, сохраняя исторические реликвии южном регионе и содействовать растущей Хазрат Султан Государственный историко-культурный музей-заповедник истории отечественного фондового системы, залы, экспонаты и т.д. сообщили о многочисленных мероприятий. Кроме того, музей археологии и этнологии отделов, особенно в музее, «GAR» номер Главный экспонат К.А. Яссауи подземная компоновка комнате, «Qilwet» подземная мечеть К.А. Яссауи строительства купола мечети в пятницу, что семья по праву считается хаммам. В статье дается характеристика музеев, которые являются материальной и духовной культурой в жизни человека и играют большую роль в научных исследованиях. Написано о связи истории Казахстана с историко и культурный заповедниковый музей Азрет султана, сохранивший исторические наследия южного региона

Ключевые слова: «Қылует», музейные экспонаты, инвентарь, историко-культурный заповедник, макет.

**HAZRET-SULTAN
HISTORICAL-CULTURAL
BE AFRAID MUSEUM**

Despite some difficulties in the first years of independence has opened several museums have been repaired. Museums in the country and its development of the country depends on a number of seminars ötti.Semīnarlarda outdated material-technical base of the museums do not meet the requirements, etc. issues raised. In 1990, the Kazakh Statistics Agency of the Museum of just 96. At that time, there were seven types of museums. Local historical and revolutionary memorial -12 21 41 natural-2, -11 -3 literary art, industry – 6, -21 museums in rural areas. Above 96 years, the museum receives visitors by 81, 15 of them in particular: the local memorial 3 3 -6-art, literary, -1, 1, line 2 of the museum was temporarily closed, 139-140 p.].

At present more than 200 works of various museums. Historical exhibits in the museum in the country and their interest in the collection and storage is increasing from year to year. Today, the typical experience of the world's museums, public museums is one of the foundations of the museum. In particular, national, cultural, military and labor achievements, traditions, customs and the importance of traditional knowledge.Museums generated by the system is a long historical periods. Each of scientific disciplines in the field of art is classified as a museum. Several groups in terms of the profile of museums: the historical museum, the art museum, the museum of natural science and technology museum, the museum is a complex of museums and literature. Above, including museums, historical museums and historical knowledge and knowledge-based system: historical, archaeological, ethnographic, numismatic and historical museum (the history of sports, music, history) and is divided into [2, 15 p.]. Working in different areas of the country today, including historical and cultural museums, national history and the Kazakh people and other ethnic groups living in the country is rich in historical and cultural heritage, promotion of natural open-air museum. The history of such a wide range of historical and cultural museum reserve lands, the son of a well-known Kazakh glory aspandatkan person gets their umbilical cord blood, is closely related to the civilization of the ancient monuments in the good education. Preserving the historical relics of the southern region, which has been promoting the Museum of Hazrat Sultan of the state historical and cultural reserve. «Hazrat Sultan» state historical and

cultural reserve museum on September 30, 1978, Kazakh Soviet Socialist Republic (Kazakh SSR) for the resolution of the Council of Ministers on the basis of the mausoleum of Khoja Ahmed «The National Museum of the architectural complex Ahmed Yesevi,» is opened. August 28, 1989 (the Kazakh SSR), the Council of Ministers of the Kazakh Soviet Socialist Republic decree №265 «Hazrat Sultan» has been transformed into a museum of the State Historical and Cultural Reserve [3, 56, p.]. After the reconstruction of the museum in the area has increased significantly and the order of nature museum of the Mausoleum KAYassayu, Kultobe town, Qilwet underground mosque (XII century.), Hammam (XVI century.), Space Khan Mausoleum (XVII century.), the mausoleum of Sultan Rābiya Begim (XV c.), family KAYassawi in the house and later converted into a mosque Friday Mosque (XIX c.), a bastion of the city, as well as the Holy Father Qumşıq underground mosque, Alkozha parents, the mother of diamonds mausoleums 4,27p entry.]. The history of the first years of Soviet power in Turkestan in the Hazrat Sultan of the state historical and cultural reserve related to the protection and restoration of the complex was studied. It is mainly A.A.Semenovtiñ «Meçet Xodjī Ahmet» work [5, 78, p.]. Of the Mausoleum KAYassayu, and since 1922 for the implementation of measures to repair. created a special expedition. The expedition is part of the AA Semenov, DI Pechkin, AE Schmidt and engineer S. Orbeli. The expedition photographed mausoleum, its architectural criteria. In 1928, the first archaeological studies. Masson Citadel work carried out under the K. Baypaqov and M. Eleovtñ «Srednevekovie mountain of Kazakhstan to Great şolkovom pwti Turkestan» was in the works.

Up to the modern era of Tamerlane in the city of Turkestan work has revealed the existence of a large city in the XII-XIII centuries [6], [99 b.]. Kazakh medieval architectural masterpiece in the Turkish people's spiritual Idol – KA Yasawa St. mwzeylendirirde the mausoleum of the prominent state and public figure, étnograf- scientist Uzbekali Jānibektovtiñ work. The stock of the museum area of 563 hectares, of which 144 in the area of the protection of historical and cultural monuments. 65 archaeological sites, 14 of the 35 religious and archaeological monuments. One of the monuments at the international level, in particular, Mausoleum KAYassayu, included in the list of world heritage by UNESCO in 2003, is one of 50 national and 63 local dārejededigiler. The museum area of 88.7 hectares of land in the city is concentrated in the region and moreover historical and cultural monuments

mwzeylendirilip 8, the country has been working to promote awareness and 7. 37p.]. Museum exhibit will be divided into eight areas. Initially, the site of the mausoleum of the XII century, KA Yasawa mausoleum was built on the graves of the three-bedroom. At the end of the XIV century, built over the new order of the mausoleum of Tamerlane. XII century through the portal of the mausoleum in the northern part of the historical stratigraphy of the walls of the mausoleum. Next object Qilwet underground mosque mwzeyi. Ol XII century architectural monument, where scientists carried out archaeological excavations, archaeologists believe the mosque consists of 18 rooms. «Ĝar», it specially built KAYassayu., «Ĝar» the age of the prophet Kh.A.Yasavi room after dinner. In addition, a mosque here, the preparation of hot water, shower and toilet rooms were also taken into account. It is an object of historical research in 1940 by sculptor A.L.Şmıdttiñ layout will help a lot, now the Museum of the History of Turkestan, the original version of the layout is a valuable exhibit. Hazrat Sultan «state historical and cultural reserve funds directly to the Museum of the archaeological excavations carried out in 1996, the above-mentioned» Ĝar «room that they XII century, and K. Proven data existed Yesevi material [4, 28 p.].

This year, the opening of the mosque in order to show people mwzeylendirilip. «Ĝar» exhibit room KA Yesevi underground room layout. Commenting on the construction of the layout of the room, and researchers are taking a lot of value. «Qilwet» underground mosque in the XV century architectural monument, which is on the left side of KA Yasawa family in the mosque on Friday. Where tastuğır been turned into a museum and a mosque belonging to the medieval wooden carts and well. The object of the Museum of the XVI century architectural monument, which is the Hammam, a large domed building, consists of eight rooms. The exhibition includes a sauna, XVIII and XIX century masterpieces of bronze products ékspoziciyalanğan bath items. Bath moved to the bathroom as a place he worked until 1975. And is one of the historical and cultural monument in 1979, mwzeylendirilgen. A.Yasawı 60 meters away from the mausoleum of Sultan Rābiya Begim the mausoleum of the XV century architectural monument. The mausoleum was destroyed as a result of that the rest of the restoration work carried out since the 1980 s. At the present time the building of the mausoleum heritage A.L. Kwnnñ album was re-drawing [5, 64 b.]. Turkestan History Museum is located on the east side of the mausoleum. The museum building was built

in the XIX century barracks, worked as a sewing factory mounted under the Soviet government. And then turned into a monument of architecture of the building, the state has taken. This building was opened in 2000, the Museum of the History of Turkestan. The exposition of the museum consists of eight rooms placed in chronological order. The history of the Museum of the History of Turkestan oasis in the opening of a comprehensive natural monuments. Turkestan archaeological museum and the museum collection, forwarding the results of the research work. Next to the fortress wall and gate of the mausoleum in 1980 was made on the basis of old drawings and photographs. The museum is located in the collection of the Museum of the mound in a room is occupied. The main fund of the museum consists of archaeological and ethnographic exhibits found in the results of the excavations. The main exhibits Cedar Sauran and Syganak villages. The museum opened to the public in 2006. XIX century Turkestan street open-air museum. Visitors to the museum, go to the gate of the mound. East gate KA Yasawi experts on the basis of the data proving that the length of the street to the regeneration of the XVIII century as a result of street work. An open-air museum exposition food xwmdar pots and stored in accordance with the plan differ ékspoziciýalanğan [3 57p.]. Yasawa west of the mausoleum is located 12 meters south of the Tower of Esimkhan Mausoleum. Was destroyed in the rehabilitation of the mausoleum. It was destroyed at the beginning of the end of the XVIII century and XIX century is broken.

Be preserved wall width of 1.2 m high dome şidaytındıǵın increase. Saved in 2000, restored part of the mausoleum [7,79b.]. Another object of the X-XII centuries, the museum is St. Qumşıq-Ata mosque. Concerned the construction of a mosque elongated two-bedroom brick. St. Qumşıq-Ata mosque during the years 1973-1974 Kazakh Ministry of Culture and History of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR, researcher of the Institute of Archeology and Ethnography of the

expedition. In 1985, a monument to repair. In 2003, the restoration work is carried out, has been submitted to the state.

«Hazrat Sultan» state historical and cultural reserve since the opening of the Museum of the value of the promotion of the study of the preservation of historical heritage since atqaradı.1991 planned expeditions organized by the museum, the museum published more than 65 volumes of manuscripts and lithographic method collected 140 books. Including 25 of 50 in Arabic, Persian, and Turkish language [4,18p 7]. Special exhibitions organized by the Museum. In particular, they are: the collection of the Museum of gold and precious metals, «The Golden Man» exhibition, a «ticket» to the exhibition, the purpose of the exhibition is a valuable historical heritage of the famous scientist and archaeologist A. H. Margul as a result of the archaeological excavations of the Institute [8,29b.]. Museum of the fund on the basis of jewelry, including bracelets collection of «historical monument in the museum of the reserve» and «left an indelible mark Uzbekali» was the theme exhibitions. Museum exhibitions on various topics in the mobile exhibition will be organized. Distance of the museum, Suzak, Stockholm, Bayan-Aul, a traveling exhibition organized by the cities of Aktobe. Such exhibitions of propaganda and educational work among the population is considered to be one type. This museum is a member of the ICOM International Committee for museums to UNESCO, the world's museums 3,24b included in the directory.]. At present, there are more than 21 thousand exhibits the museum collection, presents 226 copies of the exhibition [4.23.]. «Hazrat Sultan» state historical and cultural reserve museum: Kazakh people are an invaluable historical heritage. About the history of the Kazakh people in the early history of the world-famous museum in the name of historical and cultural reserve Kh.A.Yasavi said, because the spiritual center of the Turkic world, the cradle of Muslims. And are proud of the quality of the entire Turkic world.

References

- 1 Rayımxanova K., D. Qatran Museum of the theory and practice. – Almaty, 2002. – 91 p.
- 2 Mustapaeva D.Ö. Tarixi. of the museum Turkestan: Turan Publishing, 2011. – 200 b.
- 3 Fear of Riskeldiev T. Āziret Sultan Museum // Qaz.mwzeyleri. – 2006. – №3 (9). – 27-31 bb.
- 4 Berdenova H. The history of the city of Turkestan. // Kazakh history. – 2004 – 3. – 77-79 bb.
- 5 Berdenova X. Türkistannıñ birth.// Journal of the Academy of the Humanities. – 1999. – 2 (4). 96-100 bb.
- 6 Tuyakbaev M. Mystery of Turkestan. – Almaty, 2000 – 87 p.

7 Khamitova M.A. Academician A. Margulan scientific importance in the heritage museum. // Abstract of a thesis for the degree of Doctor of Science in History. – Almaty, 2010. – 29 б.

8 Akhmetov S. Ancient sounded // Egeмен Kazakhstan. – 2009. – 2 July.

Әдебиеттер

- 1 Райымханова К., Қатран Д. Музей ісінің теориясы мен практикасы. – Алматы, – 2002. – 91 б.
- 2 Мұстапаева Д.Ө. Қазақстандағы музей ісінің тарихы. – Түркістан: Тұран баспасы, – 2011. – 200 б.
- 3 РыскелдиевТ.Әзірет Сұлтан мемлекеттік қорық музейі // Қаз. музейлері. – 2006. №3(9). – 27– 31 бб.
- 4 Берденова Х. Түркістанның шығу тарихы // Қазақ тарихы, – 2004. – №3. – 77–79 б.
- 5 Берденова Х.Түркістанның дүниеге келуі // ҚР Гуманитарлық ғылымдар Академиясының ғылыми журналы. –1999. – №2(4). – 96-100 бб.
- 6 Тұяқбаев М. Түркістан сырлары. – Алматы, 2000. – 87 б.
- 7 Хамитова М.А. Академик Ә.Х. Марғұланның ғылыми мұрасының Қазақстан музей ісіндегі маңызы. // Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2010. – 29 б.
- 8 Ахметов С. Көне заман күмбірі // Егемен Қазақстан. –2009. – 2 шілде.

Егізбаева М.Қ.

Музейдегі әртүрлі жастағы оқушылар және студенттермен жұмыс істеудің психологиялық-педагогикалық ерекшелігі

Отандық білім беру және қазіргі қоғам өміріндегі музей ролінің артуына байланысты музей мен білім беру мекемелерінде педагогикалық міндеттерді шеше алатын кәнігі мамандарды дайындаудың өзектілігі артып отыр. Мұндай жағдай тек біз үшін ғана емес, шетелдік музейлер үшін де маңызды болып отыр, себебі қазіргі мәдениет пен қоғам өміріндегі музей ролінің артуы музей қызметкерлерін оқыту және олардың білім беру қызметінің деңгейін көтеру мәселесін туындатып отыр. Себебі, музей – өзін мәдени-тарихи кеңістікте музей заты арқылы ақпаратпен қамтамасыз етіп отыратын ерекше жүйе. Алайда, бұл музейлердің қазіргі нарықтық кезеңдегі жағдайына ғана байланысты емес, бұл мәселенің себебі тереңде жатыр, яғни, музей қызметкерлерін оқытудағы ескірген тәсілдерді қолдану музей саласына кері әсерін тигізіп отыр. Жоғары оқу орындарының түлектері – олар көбінесе педагогтар, музейтанушылар, өнертанушылар музей жағдайындағы қызметке дайындықсыз келеді, яғни, пәнаралық негіз және концептуалдық түсініктері жоқ, оларда ғылыми және тәжірибелік дағды қалыптаспаған.

Түйін сөздер: музей, педагогика, психология, экскурсия, экспозиция.

Egizbaeva M.K.

Psycho-pedagogical specifics of working in a museum with different age schoolchildren and students

Modernization of the national education and strengthening the role of the museum in contemporary society necessitated the training of specialists capable of solving the problem pedagogical in a museum environment and the educational institution. This situation is typical for both domestic and foreign museums, because experience shows that the role of the museum in contemporary culture and is very important in the life of society behind the training and development of its educational activities. But it is unlikely the situation is a reflection of the problems of survival only museum in market conditions. Its roots lie deeper – in hopelessly outdated approach to education professional museum staff. of high school graduates – and it is primarily teachers, museum and art history – often come to the museum is functionally illiterate. We are talking about the amount of knowledge they receive, not adapted to work in museum conditions, deprived of interdisciplinary and conceptual understanding, and a complete lack of skills of scientific and practical work.

Key words: museum, education, psychology, excursion, exposition.

Егізбаева М.Қ.

Психолого-педагогическая специфика работы в музее с разновозрастными школьниками и студентами

Модернизация отечественного образования и усиление роли музея в жизни современного общества обусловили необходимость профессиональной подготовки специалистов, способных решать педагогические задачи в условиях музейной среды и образовательного учреждения. Данная ситуация типична как для отечественных, так и для зарубежных музеев, ибо практика свидетельствует, что возрастание роли музея в современной культуре и в жизни общества весьма существенно отстает от обучения персонала и развития его образовательной деятельности. Однако вряд ли сложившаяся ситуация является отражением лишь проблемы выживания музея в рыночных условиях. Корни ее лежат глубже – в безнадежно устаревшем подходе к профессиональному образованию музейных сотрудников. Выпускники высшей школы – а это прежде всего педагоги, музейведы и искусствоведы – зачастую приходят в музей функционально неграмотными. Речь идет о получаемой ими сумме знаний, не адаптированных к деятельности в условиях музея, лишенных междисциплинарной основы и концептуального осмысления, и о полном отсутствии у них навыков научной и практической работы.

Ключевые слова: музей, педагогика, психология, экскурсия, экспозиция.

**МУЗЕЙДЕГІ ӘРТҮРЛІ
ЖАСТАҒЫ ОҚУШЫЛАР
ЖӘНЕ СТУДЕНТТЕР-
МЕН ЖҰМЫС ІСТЕУДІҢ
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ЕРЕКШЕЛІГІ**

Қазіргі жаһандану үдерісінің даму кезеңінде білім беру жүйелерінің негізгі қызметі – жас ұрпаққа оқу мен кәсіби білім ғана беріп қоймай, жан-жақты жетілген, эстетикалық талғамы биік, рухани-адамгершілік мәдениеті жоғары, әлемдік мәдениеттен хабары бар, ұлттық құндылықтарды қадірлей білетін, отаншылдық рухтағы тұлға етіп қалыптастыру. Бұл бағытта өзінің зор мүмкіндігімен музейлердің атқаратын ролі жоғары деуге болады. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың: «Егемен еліміздің мәдени өмірінде музейлердің орны айрықша. Тарихымызды терең зерттеп, оның тәжірибесінен тағлым алу – Қазақстанда патриотизмді қалыптастырудың, Отанның лайықты азаматтарын тәрбиелеудің басты шарттарының бірі...» – деген сөздері музей педагогикасы қызметінің басты ұстанымы болуға тиіс [1, 5 б.].

Білім беру жүйелеріндегі музей педагогикасының қызметі де ерекше екенін айта кеткен жөн. Осыған орай, музейге келетін әртүрлі жастағы балалар және студенттермен жұмыс істеудің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктеріне де баса назар аударған дұрыс.

Музейдегі бастауыш мектеп жасындағы балалармен жұмыс туралы айтатын болсақ, балалар 6-9 жаста музейге жүйелі және жиі келуге, сонымен бірге оқытудың музейлік түрлеріне үйрене бастайды.

Бастауыш мектеп жасындағы балалардың мектепте алатын мәліметтері, түсініктері мен ұғымдарының саны ұлғайтылған сайын олардың танымдық үдерісі терең әрі мағыналы болады. Бұл жастағы балалар біртіндеп әртүрлі құбылыстардың себептері мен заңдылықтарын меңгере бастаса, ал білім алу ретке келтірілген сипат алады. Осыған байланысты бастауыш мектеп оқушыларына музейде білім беру олардың жадына ғана емес, өз бетінше алынған мәліметтерді ұғынуға және алдына қойылған сұрақтарға жауап іздеуге негізделу қажет [2, 58 б.].

Сонымен бірге қарастырылып отырған жастағы балалар көп жағдайда мектеп жасына дейінгілердің психологиялық сипаттарын сақтайды. Олай дейтініміз оларға қабылдаудағы зеректік пен пайымдаушылық әуестік тән. Олар қоршаған ортаны шынайы әуестікпен және анық байқалатын эмоциямен сезінеді. Оған қоса олардың ойлау жүйесі көрнекі сипатты сақтай отырып, сөздік қисын ала бастайды.

Оқыту үдерісі барысында бастауыш мектеп жасындағыларда қиял елесін жаңғырту мен шығармашылық дамиды. Бастауыш мектеп жасындағылардың назарлары еріксіз сипатта болып, тұрақсыздықпен ерекшеленеді. Сондықтан да оқыту барысында ерікті назарды дамытып, оның шоғырлануына септігін тигізетін дағдыларды дарыту керек. Алайда, бұл уақытта экскурсиялардың тартымдылық мазмұны мен өткізу формаларын сақтау маңызды. Өйткені бұл балалардың өнерге деген қызығушылығын оятудың басты себебі болып табылады [3, 21 б.].

6-7 жастағы балаларды оқиғаның желісі еліктіреді, соның соңына түскен олар көрсетілген құбылыс кейіпкерлерімен бірге жасап, өзіндік құлықтық баға береді. Оның барысында бағалаудың бір мағыналылығы мен кейіпкерлерді жағымды және жағымсыз («жақсы» мен «жаман») сипатына қарай бөлу принципі олардың қабылдауының ерекшелігі болып қала береді. Сонымен бірге оларда сюжеттен ғана әсер алушылық пайда болмай, бейнеленген оқиғаның ішкі атмосферасынан, портреттегі көңіл-күй мен пейзаждағы табиғаттың қалпынан әсер алу қалыптасады. Өздерінің қатынастарын олар сөздік формада білдіріп, бағамдайды.

Ал, 8-9 жастағы балалар өнер саласы бойынша аздаған көркемдік ақпарат пен терминологияны игеріп, көркемдік өмірдің фактілерін салыстырып, қарапайым талдаулар жасай алады. Олар оқыту материалдарын жүйелей алу жағдайына жеткендіктен, бұл экскурсияның тақырыптарын кеңейтуге мүмкіндік береді [4, 78 б.].

Бастауыш мектеп жасындағы балалармен көркемдік музейлердегі экскурсиялық жұмыстарда көрнекілік сауаттылығын қалыптастыру ерекше маңызға ие. Сонымен бірге кез келген шығарманың элементтерінің көркемдік ерекшеліктері жөнінде диалог жүргізуді қалыптастыру. Жалпы сипаттағы өнер жөніндегі мәліметтер тікелей қабылдауға сүйеніп, нақты көрнекі бейнеден алынған көру негізінде алынатын және эмоционалдық әсер арқылы бекітілуі керек [5, 36 б.].

Музейдегі орта мектеп жасындағы балалармен жұмыстың да өзіндік ерекшеліктері бар. Әлеуметтік зерттеулердің мәліметтеріне сүйенетін болсақ, бұл жас аралығындағы топ кез келген бейіндік бағыттағы музейлер аудиториясының басым көпшілігін құрайды – 30-дан 60% дейін. Музейдің негізгі іс-шаралары көбіне осы жастағы балаларға бағытталады. Орта мектеп жасындағы оқушылардың музеймен байланысы олардың жас ерекшеліктерімен, психологиясы мен санасының кейбір қырларымен сипатталады.

Жасөспірімдік жас шамасы балалықтан ересектік жағдайға өту кезеңі болып табылады. Бала өмірі мен қызметінің жағдайлары өзгереді, психикасында өзгерістер орын алып, адамдармен қарым-қатынас жасаудың қалыптасқан ескі формалары бұзылады. Ғылым негіздерін жүйелі түрде оқу олардан сана деңгейінің жоғары болуын, объектілер арасындағы аса күрделі және абстрактілі қатынастарды түсінуді, дерексіз ұғымдардың қалыптасуын талап етеді. Оқыту үдерісі барысында олардың ойлау жүйесі аналитикалық сипат алады, белсенді және өз алдына ойлау, салыстыру, терең тұжырымдар мен қорытындылар жасау қабілеті дамиды [2, 39 б.].

Жасөспірімдік уақытта тұлғаның қалыптасуындағы ерекшеліктердің ішінде адамгершілік сананың, өзіндік сананың, есейгендік сезімнің қалыптасуын және өзінің іс әрекетінде дербестікке ұмтылуды бөліп көрсетуге болады. Сонымен қатар осы жасқа «өзіндік қаһарманды» іздеу өте тән, соған ұқсауға тырысу сипат алады. Ол қандай да бір қоғамдық немесе саяси тұлға, қазіргі күнгі танымал музыка мәдениетінің өкілі, қоршаған ортасындағы адамдардың бірі болуы мүмкін. Ондай тұлға сүйікті суретшісі де бола алады. Экскурсия жетекшісінің суретшінің тағдыры мен тұлғасы жөніндегі қызықты әңгімесі жасөспірімді қызықтырып, өнер саласына деген терең қызығушылығының қалыптасуына септігін тигізуі мүмкін [4, 56 б.].

14-тен 18 жасқа дейінгі аралық жастық шаққа өту кезеңі. Бұл уақытқа өмірдің мақсаты мен мәнін іздеу, кәсіби тұрғыда өз тағдырын өзі таңдау, көркем шығарманың философиялық мәселелеріне, суретшінің дүниетанымына және қазіргі көркем өнердің мәселелеріне қызығушылықтың сипат алуы тән болып келеді. Жоғарғы сынып оқушылары өнердің кәсіби сұрақтарына қатысты материалды біршама саналы және қызығушылықпен қабылдайды, бұл экскурсия тақырыптарына көркем өнердің мәні мен мазмұнына байланысты тақырыптарды қосуға мүмкіндік береді.

Музейдегі студенттермен жұмыс кезінде аудиториямен жұмыс істеудің екі бағыты нақты белгіленді. Біріншісі, жастарға болашақ мамандығын игеруде көмектесумен байланысты дәстүрлі түрі. Әртүрлі бейіндік музейлермен бір жағынан және ЖОО-мен екінші жағынан түрлі бағыттағы қарым-қатынастар орнатылады. Оған кәсіби білім берудегі көмекті, болашақ мамандардың дағдыларын және қызығушылықтарын арттыруды жатқызуға болады. Студенттермен жұмыс істеудің екінші бағыты, ол

білімді гуманитарландырумен байланысты. Мәселен, шет ел мамандары шығармашылықта жұмыс істейтін маманды даярлау үшін, гуманитарлық мазмұнда тәрбие беру, эстетикалық ой-қабілетін дамыту, шығармашылыққа бейімдеу өте маңызды деген пікірге келген.

Бұл топтағы білім алушылар біршама алдыға басқан, саналы түрде бір мамандықты игеру жолына тұрғандар. Дегенмен студенттік жас шамасы үшін белгілі бір мөлшерде әлі де болса мектеп даму кезеңдеріне тәуелділік тән. Биологиялық және психикалық ерекшеліктермен анықталатын жасөспірімдердің физикалық және әлеуметтік дамуларының біртекті еместігін сонымен бірге әлеуметтік жетілуіндегі кейбір екі ұштылығын есепке алатын болсақ, оның жас шамасы белгілері нақты көрсетілмеген болып шығады [6, 58 б.].

Олардың мөлшері топтың жастық және зерделік ерекшелігіне қарай өзгеріп отырады. Студенттермен көркемөнер музейінде жұмыс істеуді педагогикалық үдеріс ретінде қарастыру барысында мынаны естен шығармау қажет. Тұлғалық қарым-қатынас жағынан алғанда бұл жас болмыстық және эстетикалық сезімнің белсенді даму, мінездің қалыптасуы мен тұрақталу, ересек адамның әлеуметтік қызметін толық мең-

геру (оның ішінде азаматтық, қоғамдық-саяси, кәсіби) кезеңіне сәйкес келеді.

Көркемөнер музейінің білім беру қызметі студенттердің ой-өрісін кеңейтеді, жалпы білімдарлығын байытуға мүмкіндік туғызады, өнер тарихы саласы бойынша белгілі бір білім береді және шығармаларды көркемдік жағынан талдай білу дағдыларын қалыптастырады [7, 45 б.].

Студенттік аудиторияға экскурсияны дайындау барысында топтың зияткерлік және көркемдік даярлық деңгейін міндетті түрде естен шығармау қажет. Ол үшін өзара зияткерлік және эмоциялық тұрғыда өзара ынталы шығармашылық жұмыс жағдайын қалыптастыру қажет.

Бүгінде музейдің мәдени-білім беру қызметі балалармен және жасөспірімдер, студенттермен жұмыс істеуінің басты бағыты болып отыр. Осылайша, музейлер халықтың кез келген санаты үшін білім беретін орталықтарға айналып отыр. Міне, осындай мәселелерді саралай келе, қазіргі кездегі білім беру жүйесіндегі музей педагогикасының қызметін, мектептер мен жоғары оқу орнындағы оқушылар мен студенттерге білім берудегі музеймен қарым-қатынастың маңыздылығын жан-жақты зерделеу бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің біріне айналып отырғанына көз жеткізуге болады.

Әдебиеттер

- 1 Музеи занимают особое место в культурной жизни страны. Поздравление Президента РК Н.А. Назарбаева работников музеев Казахстана с Международным днем музеев // Казахстанская правда. – 1998. – 19 мая. – С. 5-6.
- 2 Столяров Б.А. Музейная педагогика. – М., 2004. – 158 с.
- 3 Лысюк В.Г., Ефимов П.Г. Художественный образ и его пластическое воплощение: (Музейно-игровая методика). – СПб., 2001. – 87 с.
- 4 Майерс Д. Социальная психология. – СПб.: «Питер», 1999. – 113 с.
- 5 Макарова-Таман Н.Г. Проект «Дом: детский открытый музей» в Москве // Международный музейно-педагогический семинар «Здравствуй, музей!». – СПб., 1995. – С. 65-71.
- 6 Макарова-Таман Н.Г., Медведева Е.Б., Юхневич М.Ю. Детские музеи в России и за рубежом. – М., 2001. – 118 с.
- 7 Егізбаева М.Қ., Жұматаев Р.С. Музей педагогикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 110 б.

References

- 1 Muzei zanimayut osoboe mesto v kul'turnoj zhizni strany. Pozdravlenie Prezidenta RK N.A. Nazarbaeva rabotnikov muzeev Kazahstana s Mezhdunarodnym dnev muzeev // Kazahstanskaya pravda. – 1998. – 19 maya. – S. 5-6.
- 2 Stolyarov, B.A. Muzejnaya pedagogika. - M., 2004. – 158 s.
- 3 Lysyuk V.G., Efimov P.G. Hudozhestvennyj obraz i ego plasticheskoe voplo-shchenie: (Muzejno-igrovaya metodika). – SPb, 2001. – 87 s.
- 4 Majers D. Social'naya psihologiya. – SPb.: «Piter», 1999. – 113 s.
- 5 Makarova-Taman N.G. Proekt «Dom: detskij otkrytyj muzej» v Moskve // Mezhdunarodnyj muzejno-pedagogicheskij seminar «Zdravstvuj, muzej!». – SPb., 1995. – S. 65-71.
- 6 Makarova-Taman N.G., Medvedeva E.B., YUhnovich M.YU. Detskie muzei v Rossii i za rubezhom. – M., 2001. – 118 s.
- 7 Egizbaeva M.K., Zhymataev R.S. Muzej medagogikasy. – Almaty: «Қазақ universiteti», 2012. – 110 b.

Мейірманова Г.А.
**«Этнологиялық зерттеудегі
мәліметтерді саралау әдісі»
тақырыбын түсіндіру
әдістемесі**

Мақала авторы кез келген этнографтың далалық жұмыстарда қолданылатын жиналған мәліметтерді саралау әдісінің негізгі түрлерін қарастырған. Әлеуметтік сұрақтар негізінде жаңа деректер мен ақпараттар алу үшін этнографияның бақылау, ауызша сауалнама жүргізу зерттеу әдістері және т.б. әдістер қолданылды. Сонымен қатар, жаңа ақпараттық технологияларды қолдана отырып алынған ақпараттарға ғылыми зерттеулер әдісі мәселесі қарастырылды. Бұл этнограф мамандарды зерттеу әдістерін үйретуге көмектеседі.

Мақалада этнологиялық зерттеудегі мәліметтерді саралау әдісі жан-жақты көрсетілді. Мәліметтердің көбірек алынуы сұрақ қоюшының іс-әрекетіне байланысты. Далалық жағдайда этнограф жауаптың мағынасын түсініп тұрса да, керісінше білмегендей кейіп танытуы дұрыс, осының арқасында жаңадан келген адамға, оның сұрағына неғұрлым дәлірек әрі қызықтырып жауап айтуды іздейді, дәл осы қағиданың арқасында жақсы жауап алуға болатындығы айтылды.

Түйін сөздер: далалық зерттеулер, саралау әдісі, этнограф.

Meirmanova G.A.
**Methodology of teaching the
topic «Methods of analysis of
information in ethnographic
research»**

The author in the article examines the methodological and methodical approaches to the study of systemic content analysis in ethnography. Reviewed this issue, due to both the use of ethnographic methods: observation, oral prove and obtain a new source of information on the basis of a mass character of ethno sociological survey among the Kazakh people. In particular the use of modern information technology, which allowed to reach a detailed study of ethnology? The author was razrobotany four types of tasks and questions of tests characterizing traditsiionnye and innovative methods of ethnography. In the first task tests with which the two correct answers. In the second task it is necessary to fill in the gaps and omissions. In the third task the method of analytical review and leveled job. As a result, a new method to set the problem was created by the PC data.

Key words: content analysis, ethnography, fieldwork.

Мейрманова Г.А.
**Методология преподавания
дисциплины «Методы анализа
информации
в этнографических
исследованиях»**

Автор в статье рассматривает вопросы методологических и методических подходов к системному изучению контент-анализа в этнографии. Рассмотрение данной проблемы связано как с использованием этнографических методов: наблюдения, устного опроса, а также получения нового источника информации массового характера на основе проведения этносоциологического опроса среди казахского народа. В частности использовались современные информационные технологии, что позволило выйти на более детализированное исследование этнологии.

Автором были разработаны четыре вида заданий и вопросы тестов, характеризующих традиционные и инновационные методы этнографии. В первом задании тесты, у которых два правильных ответа. Во втором задании надо заполнить пробелы в пропусках. В третьем задании использовался метод аналитического обзора и уровневых заданий. В результате по компьютерной базе данных был создан новый метод по поставленной проблеме.

Ключевые слова: контент-анализ, этнографии, полевые исследования.

**«ЭТНОЛОГИЯЛЫҚ
ЗЕРТТЕУДЕГІ
МӘЛІМЕТТЕРДІ
САРАЛАУ ӘДІСІ»
ТАҚЫРЫБЫН
ТҮСІНДІРУ ӘДІСТЕМЕСІ**

Этнографияның басқа ғылым салаларымен ұжымдастырылу аймағының кеңеюі, пәнаралық зерттеулердің пайда болуы, әдістердің теориялық бірігуі мен этнография ғылымының өзіндік әдіснамасы арнайы зерттеулердегі пайдаланылатын әдебиеттер базасының дамуын талап етеді. Оқулық және әдістемелік әдебиеттер тікелей бақылау әдісін далалық жұмыстарындағы әдістеменің өзара байланысты тетік ретінде қарастырады, олардың негізгі қамтушылары: жеке бақылау, информанттармен жұмыс, талданған материалдардың қағазға түсірілуі, этнографиялық топтамаларды жинау, құжат көздерімен жұмыс [1, 56 б.].

Көп жағдайда тікелей бақылау әдісінің осындай кең түсіндірмесі бір жағынан алып қарағанда далалық этнографияның нысаны және пәні ретінде, екінші жағынан этнографиялық зерттеулерде қолданылатын этнографиялық көздердің басқа көздер түріне қатысты ерекшелігі ретінде сипат алады.

Біз респонденттердің бастамасына толығымен сүйене бермеуіміз керек. Мәселені талдамас бұрын ауызша, ал жаңа жұмыс бастаушыларға қағаз түрінде сұрақ жоспарын құрып, респонденттерге қойылатын сол сұрақтардың бір тобын міндетті түрде таңдау қажет. Бұл қағида сөзге келушіні жіберіп алмай, әңгіме құруға бағыттайды. Нақты түрде сұрақтарды ретімен қою емес, ең бастысы сұрақтардың жауапсыз қалмауы.

Әңгіме неғұрлым қызық болып өтсе, оның басты тақырыптан ауытқуына себеп жоқ. Сонымен қатар бұл әңгіме этнографтың ойын оның қызығушылығынан басқа құралдарға әкелуі мүмкін. Егер де әңгіме барысында қайта-қайта сұрақтар қою арқылы сөз бұзылатын болса, информатордың қызығушылығы жоғалып, жауаптары да мағынасын жоғалтады. Міне, жаңа жұмыс бастаушы осы жерде өзінің өнерін көрсетіп, дәл уақытында әңгімені өз бағытына келтіріп сұрақтарын қойып отыруы тиіс. Осыған байланысты әңгіме де табысты өтеді [2, 110 б.].

Кей кездері этнографтар сұрақ жауаптың кей жерлерін қабылдамай отырады, бұл жағдай сұрақ қоюшының да, оны қабылдаушының да демалуына әкеледі. Сұрақ барысында ең алдымен отбасы жайлы, одан кейін нақты тақырыпқа байланысты: салт-дәстүр немесе киім және тағы басқалары туралы сөз қозғаған жөн. Ол сұрақ алушының шаршағанын басып, ары

қарай әңгімеге қызығушылығын тудырады. Сұрақтарды негізінде нақты түрде жасамаған жөн. Сонымен қатар, сұрақ қабылдаушы ия немесе жоқ деп қана жауап беретіндей ыңғайсыз жағдайға қалдырмауға тырысу керек.

Әр ортаның өз тілі, өзінің сөз қолданысы, терминологиясы болады. Оны білмей этнограф тұрғындарға түсініксіз сұрақ қоюы мүмкін. Жұмыс барысында тұрғылықты терминдер жиналып, оның дәрежесі жоғарылайды. Сол үшін ең бастысы ортақ, түсінікті сұрақтарды қойып, содан соң жергілікті терминді қолдана отырып сұрақтар қойған жөн.

Мәліметтердің көбірек алынуы сұрақ қоюшының іс-әрекетіне байланысты. Далалық жағдайда этнограф жауаптың мағынасын түсініп тұрса да, керісінше білмегендей кейіп танытуы дұрыс, осының арқасында жаңадан келген адамға, оның сұрағына неғұрлым дәлірек әрі қызықтырып жауап айтуды іздейді, дәл осы қағиданың арқасында жақсы жауап алуға болады.

Әсіресе мазмұндаудың толықтығын қадағалаған жөн. Информатордан толық жауап алмай кетіп қалуға болмайды. Толықтыру жауаптарын қолындағы дәлелдеуші заттарымен түсіндіруіне болады.

Информатордың көршілері немесе туыскандарының көңілі қойылатын сұрақтарға жиі ауады. Осындай жағдайларда ол адамдар бір-бірімен саланып немесе түсіндіру әңгімеге кіріседі. Егер де бұл әдіс сәйкес келсе, онда этнограф оны өз мақсатында пайдалана алады. Бірақ әңгіме барысында түсініксіз жайттар болып жатса, қарама-қайшы түсініктер айтушылардың біреуін ғана мақұлдауға болмайды.

Әңгімені тура жолмен жазып отыру қиын: нақ айтқанда сөздің жартысы ғана жазылады. Сол үшін әңгіменің ең басты әрі тура айтылған жерлерін жазған дұрыс. Соның арасында жергілікті терминдер ғана толық, ал қалғандары қысқартылып жазылады. Тағы да этнографтың өз стилі, талаптары болады.

Әңгіме қысқартылып жазылғандықтан оны толықтыратын және сөз қосатын орындар қалдырылады. Толықтыруды сол жерде немесе сол күні жасау керек, себебі келесі не басқа күні толықтырулар енгізетін кезде олар есіңе түспеуі мүмкін. Сонымен қатар келесі күннің жұмыс жоспарын жасаған жөн.

Кез келген информатордың жұмысын тағы бір респондентпен тексеру қажет. Көп кездескен ұқсастықтар сол мәліметтің қанша дұрыс екеніне көз жеткізеді. Тексерілген мәліметтердің кө-

бісі жергілікті тұрғындардың жағдайы. Әрине, бұл жағдайда алынған жауаптар әдеби жолмен расталынған болады. Бірақ толық, әрі нақ жауап алмай ол ортадан кетуге болмайды. Экспедиция аяқталғанда, тексеріс көбіне мүмкін емес болып шығады.

Этнограф үлкен жастағы адамдармен әңгімелесе отырып та үлкен хронологиялық тереңдікке арқа сүйей алмайды, себебі адамның есте сақтау қабілеті 10 жастан басталады. Бірақ өткенді айта отырып ол өзінің көргенін ғана емес, сонымен қатар достарының, ата-анасының айтқанын жеткізеді. Әрине, дәлділік мұнымен төмендейді, көп нәрсе айтылмай, жауапсыз қалады.

Егер де информатор оқиғаларды айтып тұрса, олардың нақ қай уақытта болғанын анықтауға тырысу керек. Ол үшін информатор бұл жайтты қай жылы естігенін не көргенін білу керек, ол адам танитын кісілердің жас шамасын білу керек. Ұрпақтар арасындағы алшақтық 25-30 жас, ал кей жағдайларда 30-40 жас болады, бұл дегеніміз осы әдісті қолдану арқылы тарихтың 50-60 жылына ғана емес 100-150 жылына көз жүгірте аламыз.

Информаторлар сұрағын екеу болып жүргізген жөн. Зерттеу-сұхбатты өзің жалғыз жүргізсең де болады, бірақ бұл уақытта саған сұрақ қойып, жазып әрі келесі сұрақты қоюыңды ойланып отыру қажет. Бұл жұмысты қиындатып, уақытты көп алады. Екі адам болып жұмыс жасаған ыңғайлы, этнографтар жұмыстарын едәуір жеңілдетеді, біреуі жазып, екіншісі сұрақ қойып отырады. Бірі сұрақ қойған кезде, екінші этнограф (жазып отырушы) кедергі келтірмей, бір жақ шетінде отырған жөн. Сұрақ қойылғанда екеуі бір-бірінің тақырыптарын жазып отырады.

Мамандардың бір-бірімен ұзақ экспедицияға шыққандары тиімді болмақ: екеуі бір-бірін жарты сөзден түсініп, қай уақытта жазып, қай уақытта тыңдау керек екенін біліп отырады. Жақсы таныс серіктестер көп мәлімет жинап қана қоймай, оны тез жазып та үлгереді [2, 616 б.].

Бірақ әр кезде мәлімет жинау тиімді жүргізіле берілмейді. Кейбір жағдайларда информаторды сұрақтар ұялтуы мүмкін, тіпті ол сұраққа жауап айтудан бас тартатын сәттер де болады. Ол кезде сұрақты жазбасыз (еркін) жүргізіп, тыңдап алып, кейін жазады. Жазбаны бір-екі күнге қалдыруға болмайды, ізін суытпай жазса, барлық мәлімет толық жазылады.

Әр ортаның тілін білу маңызды, әр кезде этнографқа тілді үйреніп, одан соң ауызша айтуды көшу оңай емес. Сол себепті экспедиция жүр-

гізгенде аудармашы жалданылады. Аудармашы таңдау өте маңызды. Аудармашының жұмысы табысты болуы үшін ол келесі талаптарға сай болуы тиіс: 1. Сол ортаның және экспедиция жүргізетін адамның тілін білуі; 2. Ортаның сыйластығына бөленуі; 3. Жақсы білім алған, өзінің жұмысының мәнін түсінуі.

Ең бастысы аудармашыға жұмыс бастамасын анықтап алу. Өз жұмысын жақсы біліп тұрса, экспедиция сәтті болуы мүмкін. Сонымен қатар аударылған мағлұматтың дәлділігін қадағалау керек [3, 22 б.].

Нақты мәліметтерді белгілеудің тиімділігі. Бұл жұмысқа қойылатын басты талап құбылыстардың кездесетін ерекшелігі мен дәлділігі. Нақты материалдарды белгілеу өзіне:

Заттар немесе болмыстардың сипаттамасы. Сипаттама бойынша белгілі бір реттілігін ұстану керек; Егер де үй сипатталатын жағдайда оның ең бірінші негізі (фундаменті), қабырғасынан бастап есік, терезесіне көшеді.

Түсірілім жоспары: топографиялық машықтарды игеру керек. Жай топографиялық суреттерді бағыт-бағдар алу үшін қолдануға болады [3, 66 б.].

Этнографиялық жұмыстарын ешбір себепсіз жүргізуге болмайды. Оны жинаудың басты мақсаты оның өмірлік мәні мен белгілі бір салт-дәстүрдің ұмыт бола бастаған ұлттық құндылықтарды жаңғырту үшін қажет. Зерттеу барысында белгілі бір әмбебап экспонаттарды

жинауға емес, көзге көрінерлік заттарды табуға тырысу керек. Мұражайларда өзіндік құндылығы бар боялған, қымбат, мүлдем кездеспейтін, қолданыста жоқ заттар жеткілікті. Сонымен, ең бірінші талап ол – этнографиялық экспонаттардың сирек түрін жинау қажет.

Сол заттардың жасанды немесе дұрыстығын зерттеу барысында заманауи мәдениетінің өзгеруін байқауға болады. Трансформацияға ұшырауын зерттейді.

Коллекция жинау барысында оларды айырбастауға не сатуға келмейтін кездер болады. Бірақ этнограф қандай жағдай болмасын, ол заттың қай жақтан не қандай мағынасы бар екеніне қарамастан өзінің жинағында күрделі зат болғанын қадағалау керек.

Күрделі заттар ол – отандық мәдениетті айшықтай көрсететін заттар жинағы. Ондай жинақ сол жергілікті ортаның шаруасына келетіндей болуы тиіс. Бұл жинаққа ең алдымен мұражайға кірмейтін заттар жатады.

Жинақ барысында ол заттардың бір ауданнан, бір тұрғылықтан, ең бастысы бір отбасынан, бір қожайыннан келгендігін ескеру керек. Ешбір жағдайда аралас заттардың бір мәдениетте болғанына жол бермеу керек.

Қорыта айтсақ, қазіргі жүргізілген далалық зерттеулер жұмыстарының ерекшелігі белгілі бір халықтың дәстүрлі мәдениетінің трансформацияға ұшырауын талдау жасау арқылы талданатындығы зерттелді.

Әдебиеттер

- 1 Громов Г.Г. Методика этнографических экспедиций: учебное пособие. – М.: Изд-во Московского университета, 1966.
- 2 Этнографические субдисциплины. Школы и направления. Методы. Свод этнографических понятий и терминов / коллектив авторов под общей редакцией Ю.В. Бромлея и профессора Г. Штробаха. – М.: Наука, 1988.
- 3 Козмин В.А. Полевая этнография. – СПб.: Юарт, 2004. – 582 с.

References

- 1 G.G Gromov. Modos ethnographic expeditiones: Textbook. – M.: Moscua domus University Press, 1966.
- 2 Ethnographic sub disciplina. Scholis et partes. Ratio. Codex ethnographic conceptus et termini / coetus auctores YV in communi, de Bromley editorship et Professor Shtrobaha G. – M.: Nauka, 1988.
- 3 Kozmin V.A. Field ethnography. – SPb., 2004.

Шаухарова Г.К.
**История формирования
ювелирных изделий ЦГМ РК**

В данной статье рассматриваются ювелирные изделия из Центрального Государственного музея РК и их формирование. В экспозиции представлена также коллекция ювелирных украшений работ восточных мастеров XVIII в. Особенное внимание уделено необходимости, маркетинговой деятельности музея. Центральный Государственный музей является таким центром, потому что там работают профессионалы своего дела. Они систематично исследуют атрибуцию музейных предметов, научную основу экскурсионного дела, социально-культурную деятельность музея. Специальные коллекции дают возможность исследовать ювелирные изделия в качестве этнографического источника. Казахские народные мастера – зергеры, обладая большим художественным вкусом, умели изготавливать своеобразные самобытные украшения, используя традиционную технологию ручной обработки металла – литье, ковку, чеканку, инкрустацию, филигрань, чернение и т.п. Яркой полихромией цвета характеризуются ювелирные украшения Южного Казахстана, в них могут сочетаться ярко-красный коралл, зеленый хризопраз, голубая бирюза и желтый агат. Украшения мастеров Центрального и Восточного Казахстана привлекают благородной простотой форм и сдержанностью декора.

Ключевые слова: традиционная культура, изделия национального стиля, зергеры, перстень, кольца, браслеты, семантика.

Shaukharova G.K.
The history of jewelry CGM RK

The authors of this article describes the semantics and basic jewelry kazakh region. They view individual articles ethnographers who investigated decorations Kazakhstan and Central Asia. The article is devoted such ornaments, which are used both in everyday and holidays: Ring, ring, bracelets. In this paper are given names, types of bracelets and their purpose in life and in everyday life. Suggests characteristics of metals and precious stones, characteristic for the southern region. Highlights the ways of wearing a representative of the region on the wrists (whole cast bracelets on both arms). People widespread notion: that the meal was blessed on hand to cook are mandatory to be a ring. In general, women prefer silver rings.

Key words: Traditional culture, objects of national culture, ring, ring, bracelet, semantics, jewelry.

Шаухарова Г.К.
**ҚР ОММ зергерлік
бұйымдардың
қалыптасу тарихы**

Автор бұл мақалада Орталық мемлекеттік мұражайдағы әшекейлердің негізгі түрлеріне (коллекциясына) жан-жақты сипаттама жасаған. Қазақстан мен Орта Азия елдерінде кездесетін әшекейлерді зерттеген этнографтардың мақалаларына жете тоқталған. Мақалада ерте кезден қолданысқа ие, көп таралған ұлттық әшекейлер қарастырылған. Мақалада зергерлік туындылардың түрлері, олардың тұрмыста және күнделікті өмірде қолданылуы айтылады. Мақалада мұражай жиынтығына тән асыл тастардың, металдармен әшекейлену тарихы келтірілген. Сондай-ақ, білезікті білекке салудағы жергілікті ерекшеліктері (сыңар қолға немесе екі қолға екеуін, кейде бір қолға екеуін тағу) қарастырылған. Мақалада әшекей бұйымдар қазақ халқының рухани өмірі мен дүниетанымын бейнелейтіндігі айтылған. Сонымен қатар келтірілген фактілердің барлығы Орталық мұражайда орналасқан көп функционалды мағынасы бар екендігін, осы бұйымдардың қазақтардың ұғымында қасиеттілігін көрсетеді.

Түйін сөздер: Дәстүрлі мәдениет, ұлттық нақыштағы әшекейлер, жүзік, сақина, зергерлік өнер, әшекей бұйым, семантика, білезіктер.

ИСТОРИЯ ФОРМИРОВАНИЯ ЮВЕЛИРНЫХ ИЗДЕЛИИ ЦГМ РК

Фонды ЦГМ РК составляют предметы материальной и духовной культуры, отражающие историю Казахстана с древнейших времен до настоящего времени и насчитывают около 300 000 ед. хр. [1] XXI век считается веком инновационных технологий, поэтому мы должны освоить науку и инновацию. В музейном деле надо усилить научно-теоретическую базу и всегда связывать с практикой. На сегодняшний день в стране поставлена задача к инновационному развитию в сфере культуры. Центральный музей является таким центром, потому что там работают профессионалы своего дела. Они систематично исследуют атрибуцию музейных предметов, научную основу экскурсионного дела, социально-культурную деятельность музея и т.д.

Связь музея с окружающим обществом очень динамична, с помощью музейных предметов мы узнаем для себя новые знания. Например, зал казахской этнографии ЦГМ РК прошла реконструкцию по всем новым требованиям. В этом зале расположены интересные экспонаты казахского ювелирного искусства. В данной статье мы расскажем о них. Сначала остановимся на истории становления ЦГМ РК.

В основу формирования первой коллекции Центрального государственного музея Республики Казахстан было положено собрание Оренбургского музея. Создание музея в городе Оренбурге в 1831 году можно считать временем сложения фондовых и экспозиционных коллекций ведущего музея Казахстана. Первый музей в г. Оренбурге был учрежден в 1831 году оренбургским военным губернатором, генерал-адъютантом, графом Павлом Петровичем Сухтеленем.

В 1921 г. в связи с национальным размежеванием республик Советской Союза фонды Оренбургского историко-краеведческого музея были разделены на две части – коллекции, относящиеся к природе и истории Казахстана, были переданы Казахской АССР. По историко-культурному отделу: а) по археологии – 622; б) по нумизматике – 853 серебряных, медных монет и бумажных денег; 45 медалей; 14 жетонов; 18 кредитных билетов; в) по этнографии – 18 образцов национальной одежды, 62 головных убора и украшения и т.д. [1].

С середины XIX в. рукописи и редкие издания собирались краеведами, учеными-исследователями, сотрудниками музея.

Например, в 1921 г. исполнительный комитет Оренбургской губернии сдал изрядное количество материалов в Казахстанский комиссариат Народного просвещения. На основе этого фонда сформировалась нынешняя коллекция рукописей и редких изданий. Начиная с 1933 г. фонды музея пополнялись благодаря научным археологическим, этнографическим экспедициям и историко-этнографическим поискам. Большая часть этих поступлений связана с деятельностью ученых археологов, этнографов и историков: А. Байтурсынова, Н. Хлудова, А. Маргулана, М. Ауэзова, А. Жиренщина, К. Акишева, Х. Аргынбаева, М. Муканова, У. Жанибекова, Н. Алимбай, З. Самашева, Ж. Курманкулова, А. Подушкина и многих других [2].

Значительная часть коллекции предметов казахского прикладного искусства, в том числе коврово-войлочных изделий, изделий из кожи, дерева, кости, а также ювелирных украшений из серебра поступила в собрание музея в 1957-58 годах, когда республика готовилась к проведению в Москве декады казахской литературы и искусства. В этот период был организован ряд экспедиций и встреч с мастерами народного творчества, многие из которых приняли участие в работе декады, а их работы впоследствииполнили музейное собрание.

Более поздние коллекции музейного фонда были сформированы путем сбора экспонатов на

предприятиях и учреждениях, банках, выездов в экспедиции, дарения частных граждан, краеведов, закупа, случайных находок. Последние годы фонды пополнились предметами, связанными с историей Независимого Казахстана – с государственной символикой, денежными знаками, орденами и медалями, марками, предметами современного быта, материалами по развитию космонавтики, спорта, мемориальными комплексами героев войны и труда, изделиями декоративно-прикладного искусства современных художников и мастеров народного творчества.

The effective relationships between European Union and Central Asia play one of key roles in the multipolar globalized world at the present stage. It is caused by many factors. We observe the integration process in absolutely all areas – political, economic, cultural and humanitarian. Of course this process is very complex because countries with very different levels of economic development and fundamentally different mentality take part in it. They may have initially different goals, objectives and perceptions of their own role in a changing world. So that to achieve an effective level of interaction, sometimes even just to survive, a difficult and painstaking collaboration of all stakeholders is required.

Since the launch of the Strategy between the EU and Central Asia in 2007 [1] Central Asia and the EU continue to benefit from close co-operation and improved relations. Without a doubt, one of the key factors that significantly affect the formation of the relationship between the EU and Central Asia, has been and remains the upward trend of Islamization in the countries of Central Asia, the active role of currents of Islamic fundamentalism in the political life of most Central Asian countries. The terrorist attacks in France and Belgium in 2015 and 2016, the barbaric actions of the organization Islamic State of Iraq and the Levant, the international nature of Islamic extremism make the European Union, as well as other countries and regions of the world, to consider this issue as a priority in the context of the formation of foreign policy strategy and security policy.

In the article the author aims to consider the role of Islamic fundamentalism's currents in the Central Asia region in the post-independence period in the context of the involvement of Central Asian countries in global integration processes, particularly in building a relationship with the European Union.

Analyzing the development of relations between Central Asia and the EU, we can say that as a major destabilizing force in the region, the Islamic fundamentalism's factor played a role several times: during the civil war in Tajikistan (1991-1992), during the Batken events in Kyrgyzstan, when intrusion attempts IMU militants in Uzbekistan, during the growth of the threat posed by the Taliban, and (in the late 1990s.), in the Andijan events in Uzbekistan (2005), etc.

The grounds for Islamism were laid by the moral vacuum of the early independence period. As the Soviet system collapsed, the traditional Islamic clergy was often unable to offer guidance to the ethical dilemmas of the period of uncertainty and on how to interpret the new world. Islamism became more of a young people's pursuit, rather than that of their more conservative fathers. This is also related to a generational change. Central Asia is made up of younger societies – in Uzbekistan 36% of the population is below 16 years of age – who are less educated, less exposed to the outside world and tend to be more religious [2]. Very often jihadism gives young disoriented Muslims around the world a sense of self-righteousness in this historic battle between the «true» followers of Islam and all other «infidels».

The Fergana Valley has a reputation of being a cradle of Islamism and the birthplace of the Islamic Movement of Uzbekistan (IMU); its founding members originate from Uzbekistan's Naman-gan province. The IMU was established in about 1997. The Muslim fighters, who fought alongside the Tajik opposition, set up their own organization and embarked on a new crusade from their bases in Tavildara (Tajikistan) and in Afghanistan, targeted against the secular regime of the President Karimov. Since then, the IMU has undertaken a number of armed attacks and begun seizing hostages. Under considerable pressure from the Uzbek government, IMU fighters were persuaded to leave their bases in Tajikistan and moved to Afghanistan, where they eventually joined the Taliban in its fight against the US-led coalition. The IMU was put on the US Terrorist Designation List under Foreign Terrorist Organizations. [3] In early 2015 the movement's leaders claimed they joined the ISIL and will conduct a joint struggle for common goals.

Hizb-ut-Tahrir al-Islami ('Party of Islamic Liberation') is by far the main established actor which attracts hundreds of recruits throughout the region, despite being outlawed everywhere except in Kyrgyzstan. The party's goal is the establishment of a caliphate, i.e. an Islamic supra-state with no recognition of national borders. Islamic Jihad claimed responsibility for the March 2004 bombings in Tashkent and Bukhara where 45 people were killed, while Bayat ('Oath') which operates in the Sought province of Tajikistan, claimed responsibility for

the murder of a Protestant priest in 2004 and was involved in a failed attempt to blow up the police station in the town of Isfara [4]. Jama'at Mojahedin of Central Asia and other, more obscure groups, declared their existence via the Internet and leaflets. Tabliq, a movement originating from South East Asia, is increasingly gaining ground in Kyrgyzstan.

Islamism in recent years has lost its ethnic distinctiveness. In Tajikistan in February 2005 the authorities arrested a group of 22 Hizb-ut-Tahrir activists in Khujand and another one in Kulyab. They were mostly ethnic Tajiks and some were even relatives of officials in the city administration and prosecutor's office. In Kazakhstan, courts in Shymkent routinely sentence ethnic Kazakhs and Uzbeks for Hizb-ut-Tahrir activities, and ethnic Russian converts are appearing in the north. In Kyrgyzstan, two IMU members were sentenced for their role in a December 2002 explosion at a Bishkek market. In March 2006 Kyrgyz security services announced the arrest of eleven IMU members in the south in Osh and Uzgen.

At the present time EU Common Security Policy can note our region as sustainable [5]. But no doubt the EU is afraid of possible jihad actions, of the threat from the side of Islamic revivalism. It largely determines the development of relations with the region. Existing threats directly affect the investment climate in Central Asia.

According to our observations in the estimates of European analysts and the media there is a certain duality. On the one hand, they strongly condemn Islamic radicalism in all its forms. On the other hand, they condemn the Central Asian governments for rigid methods of dealing with internal threats, claiming that they are struggling with the «new threats» by «old methods». [6]

The European Union is interested in maintaining stability in Central Asia. The spread of radical Islamic movements in Central Asian countries can bring the threat of terrorism directly to the borders of the EU, can dramatically exacerbate the problem of refugees. Thus, the comprehensive development of cooperation between the EU and Central Asia is beneficial to both parties. It will create conditions for combating existing at the moment in the world common to all challenges, in particular the spread of Islamic radicalism and the threat of international terrorism.

References

- 1 Strategiya Evropeyskogo Soyuzа po Centralnoj Azii na 2007-2013 gg. // almaty. diplo. de/Vertretung/ almaty/ru/Seite EU inZA.html
- 2 Dali Eikelman and James Picastori. Muslim politics. – Princeton, Nj:Princeton University Press. – 1996 – P. 126.
- 3 Islamskoe dvizhenie Uzbekistana i «Hizb-ut-Tahrir». Doklad po Centralnoy Azii. – Osh/Bryussel, yanvar 2002.
- 4 Radical Islam in Central Asia: Responding to Hizb ut-Tahrir // ICG Asia Report. – Osh/Bruessels, 2003. – No. 58.
- 5 Annual report from the High Representative of the European Union for Foreign Affairs and Security Policy to the European Parliament on the main aspects and basis choices of the CFSP – 2013 // <http://data.consilium.europa.eu/doc/document/ST-12094-2014-INIT/en/pdf>
- 6 <http://www.dw.de/иг-в-центральной-азии-власти-по-старому-борются-с-новой-угрозой/a-18321461>

Литература

- 1 Стратегия Европейского Союза по Центральной Азии на 2007-2013 гг. // almaty. diplo. de/Vertretung/ almaty/ru/Seite EU inZA.html
- 2 Dali Eikelman and James Picastori. Muslim politics. – Princeton, Nj:Princeton University Press. – 1996 – P. 126.
- 3 Исламское движение Узбекистана и «Хизб-ут-Тahrir». Доклад по Центральной Азии. – Ош/Брюссель, январь 2002.
- 4 Radical Islam in Central Asia: Responding to Hizb ut-Tahrir // ICG Asia Report. – Osh/Bruessels, 2003. – No. 58.
- 5 Annual report from the High Representative of the European Union for Foreign Affairs and Security Policy to the European Parliament on the main aspects and basis choices of the CFSP – 2013 // <http://data.consilium.europa.eu/doc/document/ST-12094-2014-INIT/en/pdf>
- 6 <http://www.dw.de/иг-в-центральной-азии-власти-по-старому-борются-с-новой-угрозой/a-18321461>

Iskakova D.M.
**Evolution of the UN
peacekeeping system**

Peacekeeping activity of the United Nations has history and stages of development. Peacekeeping operations have appeared in the middle of the twentieth century, in the conditions of the «cold» war and the bipolar world. Therefore problems of United Nations peacemaking were others: they were limited by context of contradictory systems and reduced to prevention of escalation of the regional conflicts.

Today peacekeeping activity of the United Nations has no purely military character, it includes also civil component. Besides, operations of the UN became multipurpose. Globalization, multipolarity, regionalization and other factors have exerted impact on system of UN peacemaking at the present stage.

Key words: UN, peacekeeping, international cooperation, globalization, regionalization.

Искакова Д.М.
**БҰҰ-ның бітімгершілік
жүйесінің эволюциясы**

Біріккен Ұлттар Ұйымының бітімгершілік өз тарихы мен даму кезеңдері бар. Бейбітшілікті қолдау жөніндегі операциялар «суық» соғыс және биполярлық әлемнің басталуы жағдайында ХХ ғасырдың ортасында болды. Сондықтан, Біріккен Ұлттар Ұйымының бітімгершілік міндеттері әртүрлі болды: олар аймақтық қақтығыстарды ушықтыруға жол бермеу жүйелері мен төмендетілген қарсы контекстінде шектелді.

Бүгін Біріккен Ұлттар Ұйымының бітімгершілік операциялары таза әскери сипаттағы емес, ол азаматтық компонентті қамтиды. Сонымен қатар, БҰҰ-ның жұмыс істеуі көпфункционалды болды. Жаһандану, көпполярлықтың, аймақтандыру және басқа да факторлар қазіргі кезеңдегі БҰҰ бітімгершілік жүйесіне ықпалын тигізді.

Түйін сөздер: БҰҰ, бітімгершілік, халықаралық ісбірлігі, жаһандану, аймақтандыру.

Искакова Д.М.
**Эволюция системы
миротворчества ООН**

Миротворческая деятельность Организации Объединенных Наций имеет свою историю и этапы развития. Миротворческие операции появились в середине двадцатого века, в условиях начала «холодной» войны и биполярного мира. Поэтому задачи миротворчества Организации Объединенных Наций были другими: они ограничивались контекстом противоборствующих систем и сводились к недопущению эскалации региональных конфликтов.

Сегодня миротворческая деятельность Организации Объединенных Наций не носит чисто военный характер, она включает в себя гражданский компонент. Кроме того, операции ООН стали многофункциональными. Глобализация, многополярность, регионализация и другие факторы оказали влияние на систему миротворчества ООН на современном этапе.

Ключевые слова: ООН, миротворчество, международное сотрудничество, глобализация, регионализация.

EVOLUTION OF THE UN PEACEKEEPING SYSTEM

The two first missions have been created and directed to Palestine in 1948 and in a conflict zone between India and Pakistan in 1949. According to initiative of the UN Secretary General Trygve Lie since 1948 General Assembly of the United Nations has considered the plan of creation of the UN police forces with control functions of observance of a truce in conflict regions, maintenance of an order during the UN-monitored activities related to the elections and also in the cities with the international mode, protection of visiting missions and property of the UN. Extraordinary armed forces of the UN have been formed in 1956 and have been directed to the east for peaceful resolution of the Suez conflict. The UN Secretary General Dag Hammarskjold has determined these forces as peace and conciliatory forces of the UN. Important point in peacemaking history was making decision of the UN General Assembly on creation of Special Committee of peacekeeping operations where entered thirty three states in 1956.

Operation in Congo ONUK was the first peacekeeping operation of the UN with participation of police personnel. ONUK passed since 1960-1964. Originally, this operation pursued such aim as a conclusion of the Belgian troops and the help in development of the democratic device. However later, operation in Congo began to pursue other aims – peacekeeping and safety, a conclusion of all international military forces, work of consultants, supervision, etc. In total 19 828 people have been involved in this operation [1].

Historical Millennium Summit was in September 2000. Millennium Summit included important Millennium Declaration which provides target reference points and indicators of development of humanity in the following priority directions: safety, environmental protection, human rights and special needs of the lagging countries in development. The declaration contains quantitative-temporal an indicator of reduction of poverty, incidence, hunger, illiteracy, discrimination of women which can be used by the countries of the world as a reference point of their socio-economic planning. UN «Road map» was adopted in 2001 containing measures for implementation of the Millennium goals given in the Declaration on which results of performance [2] the UN reports annually.

Today traditional peacemaking is succeeded by the new direction – Peace-building. Peace-building was based on a number of parcels:

1) the sustainable development of the states can guarantee a preservation of peace therefore peacebuilding covers political and economic spheres – development of market economy, protection of human rights, democratization, improvement of judicial system; 2) the comprehensive retraction in the course of the population of the country which is in a condition of the internal conflict; 3) peacebuilding has to be attached to local conditions, opportunities, infrastructure and resources of the country; 4) the international, regional, local cooperation is necessary for implementation of the tasks of peacekeeping activity of the UN.

Basically, the new UN operation can be called successful. For example, with the help of the UN peacekeeping operations failed to achieve peace and agreement in Salvador and Mozambique. But some efforts have failed. As, in Cambodia and Mozambique there took place complex missions, and in Somalia peacekeepers didn't manage to reach ceasefire, for that simple reason for which it hasn't been reached consensus between participants of the conflict. Massacre in 1995 in Srebrenica (Bosnia and Herzegovina) and genocide in Rwanda in 1994 became the most unsuccessful moments of peacekeeping activity of the UN.

2004 year is a sharp escalation of the UN peacekeeping activity. In 2005 18 operations were headed by the Department of peacekeeping operations. Over 85 000 servicemen, who have exerted impact on life of 200 million people in host countries [3], participated in these operations. Also, the Department on political affairs controlled 8 special missions for peacekeeping in Iraq, in the Middle East, Central Asia, etc.

The UN General Assembly and the Security Council have adopted the resolutions in 2005 establishing the Commission of the UN on peacebuilding as «the advisory subsidiary organ of the UN». Accepted resolutions, at parallel meetings of the Security Council and General Assembly of the UN, contained several innovative ideas from which were distinguished the offer on replacement of the Commission on Human Rights with new principal organ of the UN taking into account the increasing importance of this sphere of the public relations [4].

V. Zayemsky allocates two tactics in evolution of peacekeeping activity of the UN. It is a «traditional» method which has been widespread in the years of interblock opposition and tactics gradual «occurrence and leaving» peacekeeping forces, widespread today. The essence of the first tactics is that this method is directed to studying of symptoms and consequences of the conflicts, than a

source of the conflict. The second method gradual «occurrence and leaving» peacekeepers consists in the following: ceasefire, the invitation to monitor observance of ceasefire and expansion of military observers or divisions for this purpose along with continuing efforts on political settlement.

The eighth UN Secretary General Ban Ki-moon which has entered a position on January 1, 2007 has begun the activity with strengthening of capacity of the UN in the sphere of peacekeeping activity and disarmament. In the sent letter to General Assembly Secretary General has suggested to reform Department of peacekeeping operations and to create on his basis two departments – Department of peacekeeping operations and Department of field support. The number of the peacekeeping operations which are carried out by the Organization has reached record-breaking high level with a number of personnel on places almost in 100 thousand people. In 2006, for example, the UN conducted negotiations with more than 100 countries, providing troops, has transported more than 800 thousand people and 160 thousand tons of freights by air transport [5].

Ban Ki-moon has proposed the creation of the Office for Disarmament Affairs on the basis of the abolished Department of Disarmament Affairs which will be headed by the High Representative. New Management directly submits to the Secretary General.

As shows experience of the UN peacekeeping activity, there are five main objectives which it is necessary to make further progress in implementation of peacekeeping activity.

The first consists in ensuring successful implementation of current missions and protection and safety of personnel. In a number of operations in which will develop military, police and civil personnel of the UN process of events not always answers these criteria. There are examples of aggressive behavior from groups of the former combatants, gangs of criminals and individuals. Presence of such «troublemakers» is accompanied by serious risks in respect of protection and safety of peacekeeping personnel of the UN. The second purpose consists in providing that high standards of the accountability and behavior weren't undermined as a result of weak supervision and lack of the management or discipline (cases of sexual exploitation and violations). The third consists in ensuring the most effective management of financial and other resources. The fourth consists in being ready to the solution of the forthcoming tasks in the field of peacemaking and to solve them more effectively.

It is also necessary to pay more attention to a question of increase of efficiency of work with local communities.

The fifth purpose is that UN missions have to be capable to work effectively together with the increased number of the parties, both connected, and not connected with the UN which participate in peace-building.

Thus, it is possible to draw a conclusion that peacekeeping activity of the UN has the

history and stages of development. Peacekeeping operations of the UN have suffered huge changes in the activity.

Besides, peacemaking as the independent direction of the international activity has been initiated by the UN, became one of the priority directions in its work and continues to develop within the Organization which is the only thing in the world the universal mechanism of coordination of mutually acceptable decisions.

References

- 1 Zavershennye operacii OON po podderzhaniyu mira // www.un.org/ru <http://www.un.org/ru/peacekeeping/missions/past/congo.htm>
- 2 Celi razvitiya tysyacheletiya // www.un.org/ru // <http://daccess-dds-ny.un.org/doc/undoc/gen/n00/559/53/pdf/n0055953.pdf?OpenElement>
- 3 Musin A.B. Etapy stanovleniya sistemy mirotvorchestva OON // *Izvestiya NAN RK, seriya obshchestvennykh nauk*, 2009. – №6. – S. 94.
- 4 Nikitchenko A.I. *Mezhdunarodnye otnosheniya: Uchebnik*. – M.: AST, 2010. – 290 s.
- 5 Pan Gi Mun predlagaet ukreplit potencial OON v sfere mirotvorcheskoy deyatel'nosti i razoruzheniya // www.un.org/ru http://www.un.org/russian/news/story.asp?newsid=7095#.vdsf9j_hasy

Литература

- 1 Завершенные операции ООН по поддержанию мира // www.un.org/ru <http://www.un.org/ru/peacekeeping/missions/past/congo.htm>
- 2 Цели развития тысячелетия // www.un.org/ru // <http://daccess-dds-ny.un.org/doc/UNDOC/GEN/N00/559/53/PDF/N0055953.pdf?OpenElement>
- 3 Мусин А.Б. Этапы становления системы миротворчества ООН // *Известия НАН РК, серия общественных наук*, 2009. – №6. – С. 94.
- 4 Никитченко А.И. *Международные отношения: Учебник*. – М.: АСТ, 2010. – 290 с.
- 5 Пан Ги Мун предлагает укрепить потенциал ООН в сфере миротворческой деятельности и разоружения // www.un.org/ru http://www.un.org/russian/news/story.asp?NewsID=7095#.Vdsf9j_hAsY

Манатова А.М.
**Қоныстанушылардың еңбек
етудегі күнделіктіліктің
ерекшелігі**

Мақалада автор орыс шаруаларының тұрмыстық құрылымын, кәсіптік қызметтерін және де қазақтармен шаруашылық байланыс орнату мәселелерін қарастырады. Орыс шаруаларының аймақ территориясына бастапқы орналасуы кезеңіндегі кейбір әлеуметтік-тұрмыстық және шаруашылық өміріндегі ерекшеліктерге сипаттама береді. Қоныстанушылардағы негізгі шаруашылық түрлеріне тоқталып өтеді. Автор қазақ жеріне қоныс аударып келген орыстардың бәрі бірдей жағдайда болмағандығын атап өтеді. Орталық Ресейдегі секілді, қазақ жеріне келіп орналасқан келімсектер де өзара жіктеліп, бір жағынан, казак-орыстардың жоғары топтары және кулактарға бөлінсе, екінші жағынан, төменгі кедей казактар мен орыс шаруалары болып қарама-қарсы топқа бөлінгендігін көрсетеді. Осындай жағдайда, олардың тұрмыс-жағдайлары да әркелкі болғандығын атап өтеді. Зерттеуші қоныс аударып келген орыс шаруалары мен жергілікті қазақтардың арасында белгілі бір дәрежеде шаруашылық және мәдени қатынастар қалыптасқанын көрсетіп, ол қатынастардың қазақтарға да, қоныс аударып келген орыс шаруаларына да, екі жаққа бірдей оңды ықпалы болғандығын мойындайды.

Түйін сөздер: орыс шаруалары, күнделікті тұрмыс, шаруашылық, қазақ даласы, еңбек ету.

Manatova A.M.
**Features of economic life in the
everyday life of immigrants**

In this article, the author considers the peculiarities of living arrangement peasant settlers, their employment, occupation and the establishment of business contacts immigrants and Kazakhs. In this regard, the researcher to highlight some of the features of the socio – economic structure of everyday life and the life of the main components of the Russian population in the period of initial placement in the region. And also gives a description of the main types of economy of the Russian peasants. And it points out that not all russian immigrants were in the same living conditions. As in central Russia, in the Kazakh steppes settlers were divided, on the one hand: Russian – cossack groups and fists, on the other hand: the poor cossacks and peasants. And it notes that, in this case, their living conditions were rough. The researcher makes the following findings that among Russian immigrants and the Kazakhs have developed to a certain degree of cultural and economic relations and these relations was equally positive on both sides.

Key words: Russian peasant, daily life, economy, Kazakh steppe, especially labor.

Манатова А.М.
**Особенности труда
в повседневной жизни
переселенцев**

В этой статье автор рассматривает особенности жизненного обустройства крестьян-переселенцев, их трудовую деятельность, занятия, а также установление хозяйственных контактов переселенцев и казахов. В связи с этим исследователь останавливается на некоторых особенностях социально-бытового уклада и хозяйственной жизни основных компонентов русского населения в период начального водворения на территории региона. Дает характеристику основным видам хозяйства русских крестьян. И указывает на то, что не все русские переселенцы были в одинаковых бытовых условиях. Как и в центральной России, в казахских степях переселенцы делились, с одной стороны, на русских – казачьи группы и кулаки, с другой стороны бедноту казаков и крестьян. Отмечает, что в этом случае условия их жизни были неровными. Исследователь делает выводы, что между русскими переселенцами и казаками в определенной степени сложились культурные и экономические связи и эти отношения был одинаково положительными с обеих сторон.

Ключевые слова: русский крестьянин, повседневная жизнь, хозяйство, казахская степь, особенности труда.

**ҚОНЫСТАНУ-
ШЫЛАРДЫҢ ЕҢБЕК
ЕТУДЕГІ
КҮНДЕЛІКТІЛІКТІҢ
ЕРЕКШЕЛІГІ**

Қазақстанның революцияға дейінгі тарихының әлі де болса толық зерттелмеген, ғалымдардың назарынан тыс қалып келе жатқан көкейкесті мәселелері мен кезеңдерін зерттеуге тарихшылар мен басқа да қоғамдық ғылым зерттеушілерінің көп көңіл бөле қоймағандығы байқалуда. Қазақ халқының қазақ төңкерісіне дейінгі тарихына байланысты ғылыми кітаптар жарық көріп, мерзімдік және ғылыми бағыттағы баспасөз беттерінде құнды мақалалар жарияланып, Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени дамуы жөнінде дұрыс ой-пікірлер айтылуда.

Дегенмен де XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басындағы қазақ ауылдары мен орыс шаруаларының қарым-қатынасы, күнделікті тұрмысы осы күнге дейін ғалымдардың арнаулы зерттеу объектісіне айнала қойған жоқ. Сол себепті, қазақ ауылының әлеуметтік өмірінің өзгеріске түсуіне әсерін тигізген әлеуметтік-экономикалық факторлар ашылмай келеді.

Ресей экономикасына тартылған қазақ ауылдарындағы әлеуметтік жіктелістің тереңдеуін, әлеуметтік топтардың арасындағы экономикалық және саяси байланыстарды, тауар-ақша қатынастарының қазақ даласында дамуына сәйкес, товарлы мал шаруашылығымен айналысқан қазақ байларының пайда болуын ғылыми тұрғыда зерттемей тұрып біз қазақ шаруаларының әлеуметтік-таптық көзқарастарын, «шет кәсіпке кетушілік» процесінің қазақ даласында да орын алу себептерін және жалдамалы жұмысшылардың пайда болуының экономикалық негіздерін анықтай алмаймыз. Осы тұрғыдан алғанда қазақ ауылының әлеуметтік өмірінде болған өзгерістерді жан-жақты зерттеудің аса зор ғылыми-практикалық және тарихи-танымдық маңызы болып отыр.

Қазақ жеріне қоныс аударып келген орыстардың бәрі бірдей жағдайда болған жоқ. Орталық Ресейдегі секілді, қазақ жеріне келіп орналасқан келімсектер де өзара жіктеліп, бір жағынан казак-орыстардың жоғары топтары (атаман, старшиналар) және кулактарға бөлінсе, екінші жағынан төменгі кедей казактар мен орыс шаруалары болып қарама-қарсы топқа бөлінді. Осындай жағдайда, олардың тұрмыс-жағдайлары да әркелкі болды. Бір жағынан, қоныс аудару әкімшілігіндегі шенеуніктер де «қоныс аудару қорындағы» ең шұрайлы деген жерлерді алдымен

казак-орыстардың жоғарғы үстем табына және кулактарға беріп, ал шаруаларға жарамсыз жерлер тиіп отырды.

Орыс ұлтының облыстың ұлттық құрылымындағы қалыптасу процесі оның сандық көрсеткішінің өсуімен ғана сипатталмады. Орыс халқының қалыптасуы олардың облыстың экономикалық және әлеуметтік құрылымына біртіндеп енуінде еді. Бұл жүйедегі орыс ұлтының қалыптасуына, орыс ұлтының басқа этникалық топтармен қарым-қатынасы ғана емес, сонымен қатар өз ұлттары ішіндегі қарым-қатынаста маңызды рөл атқарды. Аймақтағы орыс халқын «орыс казактары» және «орыс қоныс аударушылары» деп бөлу революцияға дейінгі кезеңде, тіпті Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында да сақталған. Бұл олардың белгілі бір айырмашылықтарына, яғни, әлеуметтік құрылымына, мәдени және шаруашылық өміріндегі ерекшеліктерге, локалды территорияларына байланысты болды.

Осыған байланысты, орыс халқын аймақ территориясына бастапқы орналастыру кезеңіндегі кейбір әлеуметтік-тұрмыстық және шаруашылық өміріндегі ерекшеліктерге міндетті түрде тоқтап өту керек.

Біріншіден, қоныс аударушылардың ауылды жерде тұратындарды және орталық елді-мекендерде тұрақтап қалғандарын анықтауымыз керек. Екіншіден, ауылды жерде тұратындар – негізінен жер шаруашылығына байланысты аңшылық, балық аулау, қолөнер кәсіпшілігі т.б. секілді түрлерімен айналысты.

Ал, қалалық жерде қоныстанып қалғандары – жүн жуатын, май қорытатын, тері илейтін, арақ-шарап және сыра, өсімдік майын қайнататын заводтар, т.б. секілді тұрпайы техникаға сүйенген ұсақ кәсіпшілік түрлерін салды.

Казактардың қызметінің негізгі бағыттарының бірі, олардың алғашқы қоныс аударған жылдарында, балық аулау шаруашылығы жатады. Жайыққа алғашқы енген кездерінде казактардың, басқа шаруашылық түрімен айналысуға мүмкіндіктері болмады. «Первые казаки были воинственные, они часто проводили время в походах», – деп жазды А.Б. Карпов. [1, 67 б.]. Балық аулау шаруашылығы казактар тарапынан кең жүйелі әрі жыл бойы жүрді. Сондықтан, оның төмендегі атаулары кездеседі: «весенняя плавня», «осенняя плавня», «багренья», «курхайское», «аханное», «култучное» және т.б. Әр түрдің өзінің ерекшеліктері болған, жүргізілу уақытына, су қоймаларының әртүрлілігіне байланысты. Орал казактарындағы балық аулау

шаруашылығы жүйесі қоғамдастық ұйымның түріне негізделген болатын. Әрбір казак әскері бірдей балық аулау құқығына ие болуы балық аулау тәртібін осындай жолмен ұйымдастырды. Әскер билігі балық аулаудың орнын, уақытын тіпті қандай құралмен аулау қажет екенін қатаң белгіліп отырды. Кейбір балық аулау түрлері (багорлау, балқыту) бір уақытта «соққы» арқылы жүргізілді, яғни, барлық казактар бір уақытта, бір мерзімде жүргізілді.

Сондай-ақ Перовск және Қазалы уездеріндегі қоныс аударушылардың басты кәсіптерінің бірі балық аулау болып табылады. Орынбор-Ташкент теміржолының салынуымен, бұл өлкеде өндірілген балықтарды Ресей империясының қалаларында да өткізуге мүмкіншілік туды. Соған байланысты балықшылар артельдері құрылып, Арал теңізі маңайынан Арал порты, балықшылар елді-мекендері салына бастады. Негізгі ауланатын балықтардың түрлері – сазан, жайын, шортан, судак, т.б. болды.

1876 жылы ұйымдастырылған «Ванюшиндер» фирмасы осы өңірде балық аулауды іске асыруда, өнімдерді жаратуды қолға алуда басты еңбек сіңірді. Орыс тарихнамасының өкілдерінің хабарларына қарағанда сол жылдардың өзінде «Ванюшиндер» мол пайдаға ие болып, жылына орта есеппен 2600 пұт балық аулап, оны жаратып отырған [2].

Балық аулау үлкен материалдық пайда әкелді. Балық аулаудың басты жетістігі – Арал теңізіндегі ауланған балық 1895 жылы – 100600 пұтқа жеткен, оның ақшалай құны сол кездегі Ресей ақшасымен 300000 сомға тең болған. Тек 1887 жылы әскерлер аумағынан қызыл балық – 123379 фунт, қара балық – 1.265.890 фунт, ұлдырық – 1167 фунт шығарылды. Кіріс, бір жылға шаққанда 1411224 рубль сомды құрады [3, 54 б.].

Сонымен бірге 1900 жылдары қазақ даласының әр уездерінде қоныс аударушылар және жергілікті тұрғындар да кәсіп еткен төмендегідей кәсіп түрлері болды.

Атап айтқанда, Қазалы уезінде 2 ағаш ұстаханасы болды, онда 2 жұмысшы істеді. Айлық табыстары 300 сом. Сондай-ақ, 3 кірпіш заводы, 14 темір ұстаханасы, 2 сабын қайнататын завод, 5 наубайхана, 22 диірмен (ат диірмені, су диірмені, жел диірмені) т.б. болды [4, 80 б.].

Әулиеата бойынша, 3 жүн жуатын мастерскойда 90 жұмысшы істеген, олардың айлық жалақылары 1350 сом болды. 5 киіз, байпақ жасайтын мекемеде 9 жұмысшы істеген, айлық жалақылары 1120 сом 39 темір ұстаханасында 85 адам жұмыс істеді, айлық жалақылары 2015

сом 30 аяқ киім шеберханасы, онда 40 адам жұмыс істеді, жалақылары 9400 сом болды, 2 тері илейтін шеберханасында 6 адам жұмыс істеді, жалақылары 3200 сом [4, 80 б.].

Ал, енді Ташкент қаласындағы қоныс аударушылар мекендеген бөлігіндегі жағдай төмендегідей болды. 5 мақта тазалайтын және тығыздап жинақтайтын завод, онда 285 адам еңбек етіп, 63000 сом айлық алды.

Сондай-ақ 2 жүн бояйтын шеберханада 2 адам жұмыс істеді, олардың айлық табысы 400 сом болды. Бұлардан басқа 137 кір жуатын мекеме, 57 ағаш ұстаханалары, 3 әшекей бұйымдар жасау шеберханасы, 47 аяқкиім шеберханасы, 13 наубайхана, т.б. болды [4, 81 б.].

Қоныс аударушылар санының көбеюі, әсіресе XIX ғасырдың екінші жартысында, аймақтың шаруашылық-экономикалық өміріне ықпалын нығайтты. Қоныс аударушылардың көп бөлігі өнеркәсіптік өндіріс және сауда арқылы өмір сүрді. Қоныс аударушылар санының көбеюі есебінен, әскери аумақтағы халықтың кәсібінен айырмашылықтарды анық байқаймыз. Қалалардың экономикалық дамуында қоныс аударушылардың рөлі жоғарылайды, ал негізгі кәсіп ауыл шаруашылығы мен балық шаруашылығы болып қала береді.

Қазақтарға және қоныс аударушыларға қарағанда, қоныс аударылған ауылдарда егіншілік дамыды. Бүкіл қоныс аударушылардың өмірі мен материалдық әл-ауқатының деңгейі жермен тығыз байланысты болды. Әлеуметтік-тұрмыстық жағдайының спецификалық ерекшеліктері болды.

Торғай облысының қоныс аудару учаскелерінде егіншілік бидай, сұлы, тары, бұршақ өсіруге негізделді. Өте кішкентай дәрежеде зығыр мен жасымдық өсірілетін. Жерді соқалармен өңдеді, ал түйесі барлар олар сабанмен өңдеген [5, 5 б.].

XIX ғасырдың екінші жартысында, әсіресе ғасырдың соңына таман отырықшылыққа көшіп, жер шаруашылығымен айналысқан қазақ

шаруаларының саны көбейе түсті. Егер Ақмола облысында 1860 жылы тек 175 қазақ шаруашылығы егіншілікпен айналысқан болса, ал 1896 – 1901 жылдарда 42 582 десятина егіншілік жері бар 20 949 қазақ шаруашылығы жер шаруашылығымен шұғылданды [6]. 1870-ші жылдары Орал уезінде егіншілікпен айналысқан қазақтар саны өте аз болған. Ал 1899 жылы осы уездегі қазақтардың 41 082 десятина егіншілік жері [7], 1906 жылы 71 724 десятина егін салатын жері болған [8].

Ақмола облысында 1896 – 1901 жылдарда шаруашылықтың 34 пайызында егіншілік жұмыстары жүргізілсе, ол көрсеткіш 1907 – 1909 жылдарды 41 пайызға жетіп, егістік жердің көлемі 51 716 десятинаға жетті [9].

Жалпы алғанда, XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басында қазақ ауылының шаруашылығының өзгеріске ұшырауы тікелей қазақ ауыл шаруашылығына ене бастаған капиталистік қатынастардың өлкемізде өрістей бастауымен тығыз байланысты. Қазақ даласында Ресейдің өнеркәсібіне қажетті шикізатты өндіру үшін салынған әртүрлі зауыттар мен фабрикалардың ашылуы, ол шикізаттарды орталық аудандарға тасымалдау үшін салынған темір жолдар мен ашылған су жолдарының көбеюі, сауданың дамуы, сол арқылы өлкедегі товар-ақша қатынасының дамуы қазақ қоғамына тән болып келе жатқан томаға-тұйық көшпелі мал шаруашылығының ыдырауына әкеліп соқты.

Шаруашылықта болған жаңа құбылыстар қазақ ауылының әлеуметтік құрылымын өзгертті. Қауымдық жерлерді иемденген, қоғамдық байлықты пайдаланған капиталистік өндірістік қатынастармен байланысқа түскен жаңа сипаттағы буржуазияланған байлар мен жері мен малынан айырылған қазақ шаруаларының арасынан шыққан қазақ жұмысшы табының алғашқы легі пайда бола бастады. Сөйтіп, шаруашылық өмірдегі болған ірі өзгерістер қазақ қоғамындағы әлеуметтік өзгерістерге әкеліп соқты.

Әдебиеттер

- 1 Карпов А.Б. Уральцы. Исторический очерк. – Уральск, 1911. – 1011 с.
- 2 Никольский А.М. О рыболовстве в водах Аральского бассейна. – СПб., 1987. – 35 с.
- 3 Есеева Г.Н. Русское население Западного Казахстана: историко-демографический анализ (1897-2009 гг.). – Уральск, 2012. – 214 с.
- 4 Меңлібаев Ғ.А. Қоныс аударушылар мекендері мен қазақ ауылдары арасындағы қарым-қатынастың өзекті мәселелері (1867-1917 ж.ж. Сырдария облысы бойынша).: т.ғ. кандидаты ғылыми дәрежесін алу дисс. – Алматы, 1995. – 120 б.
- 5 ҚРОММ. Ф. 318. оп. 1 д.18. Сведения о русских поселенцах среди киргизов Актюбинского уезда Тургайской области.

- 6 Материалы по киргизскому землепользованию. Акмолинский уезд. – 142 с.
- 7 Памятная книжка и адрес-календарь Уральской области на 1901 год. – Уральск, 1902. – 78 с.
- 8 Хозяйство казахов на рубеже XIX – XX вв. – Алматы, 1980. – 167 с.
- 9 Нұрпейісов Т.Ә. XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басындағы қазақ ауылы (Далалық облыстардың мәліметтері бойынша мәселенің әлеуметтік-экономикалық талдануы). – Петропавл, 2005. – 158 б.

References

- 1 Karpov A.B. Ural'tsy. Istoricheskiy ocherk. – Ural'sk, 1911. – 1011 s.
- 2 Nikol'skii A.M. O rybolovstve v vodakh Aral'skogo basseina.- SPb., – 1987. – 35 s.
- 3 Eseeva G.N. Russkoe naselenie Zapadnogo Kazakhstana: istoriko-demograficheskii analiz (1897-2009 gg.). – Ural'sk, 2012. – 214 s.
- 4 Menlibaev G.A. Konys audarushylar mekenderi men kazak auylдары arasyndagy karym – katynastyn ozekti meseleleri (1867-1917 jj. Sirdariya oblysy boiynsha) t.g. kandidaty gylymi darezhesin alu diss. – Almaty, 1995. – 120 b.
- 5 KROMM. F. 318. Op. 1. D. 18. Svedeniya o russkikh poselentsakh sredi kirgizov Aktubinskogo uyezda Turgaiskoi oblasti.
- 6 Materialy po kirgizskomu zemlepol'zovaniu... Akmolinskii uезд. – 142 s.
- 7 Pamyatnaya knizhka i address – kalendar' Uralskoi oblasti na 1901 god. – Ural'sk, 1902. – 78 s.
- 8 Khozyaistvo kazakhov na rubezhe XIX – XX vv. – Almaty, 1980. – 167 s.
- 9 Nurpeisov T.A. XIX gasyrdyn ekinshi zhartyсы – XX gasyrdyn basyndagy kazak auyly (Dalalyk oblystardyn malimetteri boiynsha maselenin aleumettik-ekonomikalyk taldanuy). – Petropavl, 2005. – 158 b.

Маканбаев Т.Д.
**Құжатталған ақпаратты
қорғаудың заңнамалық
негіздері**

Бұл мақалада құжатталған ақпаратты қорғау мен еліміздегі ақпаратты заңнамалық негізде қорғау жүйесі қарастырылған. Ақпараттық қауіпсіздік мәселесінің толыққанды зерттелмеуі және оған нақты анықтама берілмеуі – бүгінде көптеген түсініспеушілік пен өзекті мәселелердің туындауына себепші болып отыр. Құжатталған ақпараттарды қорғауды қамтамасыз ету тасымалданушы ақпараттардың түрі мен сипаттамасына тәуелді.

Ақпарат – ол Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 115-бабында қарастырылған азаматтық құқықтар нысандарының бір түрі деп қарастырылған. Ақпаратты қорғау – ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған шаралар кешені. Тәжірибе жүзінде ақпаратты қорғау деп деректерді енгізу, сақтау, өңдеу және тасымалдау үшін қолданылатын ақпарат пен қорлардың тұтастығын, қол жеткізудің оңтайлығын және керек болса, жасырындылығын қолдауды түсінеді.

Түйін сөздер: ақпараттық қауіпсіздік, ақпаратты қорғау, құпия ақпарат, ашылмаған ақпарат, мәліметтер, заң, мәселе, әдіс, ереже.

Makanbayev T.D
**Providing security system of the
documentary information**

This article consider security of the documentary information and security system of the law's basics in our country. An ineducable inspecting the problem of informational security and absence of its definition is the cause of nascensy basics problems and other disagreements. Providing security of the documentary information depends of type and character of data medium.

According to the clause 115 of the civil codex of the Republic of Kazakhstan an information considering as one of object of the civil law. Security of an information is the whole of measures directed to provide informational security. On practice, informational security meaning are entering of data, saving, processing and information using for transposition, integrity of funds, optimal accessibility, also providing privacy.

Key words: information security, data protection, confidential information, undisclosed information, data, law, question, method, rule.

Маканбаев Т.Д.
**Правовые основы защиты
документированной
информации**

В данной статье рассматривается защита документированной информации и система защиты правовой основы информации в нашей стране. Неполноценное изучение проблемы безопасности информации и отсутствие его определения – на сегодня является причиной возникновения основных проблем и многих разногласий. Обеспечение защиты документированной информации (документов) зависит от вида и характера носителей информации.

Информация, согласно 115 – статье Гражданского кодекса Республика Казахстан, рассматривается как один из объектов гражданского права. Защита информации – это комплекс мер, направленных на обеспечение безопасности информации. На практике, под защитой информации подразумевается ввод данных, хранение, обработка и информация, применяемая для переноса, целостность фондов, оптимальная доступность, даже при необходимости, обеспечение конфиденциальности.

Ключевые слова: информационная безопасность, защита информации, конфиденциальная информация, нераскрытая информация, данные, закон, вопрос, метод, правило.

**ҚҰЖАТТАЛҒАН
АҚПАРАТТЫ
ҚОРҒАУДЫҢ
ЗАҢНАМАЛЫҚ
НЕГІЗДЕРІ**

Ақпараттық қауіпсіздік мәселесінің толыққанды зерттелмеуі және оған нақты анықтама берілмеуі – бүгінде көптеген түсініспеушілік пен өзекті мәселелердің туындауына себепші болып отыр.

Ел Президентінің 1997 жылғы 10 қазандағы «Қазақстан – 2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» атты Қазақстан халқына Жолдауында ұзақ мерзімді басымдық ретінде ұлттық қауіпсіздік айқындалды, оның құрамының бірі ақпараттық қауіпсіздік болып табылады [1, 2 б.].

Бизнесті жүргізудің заманауи жағдайында ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында қандай да бір құжаттардың мазмұны туралы ақпарат құқықты түрде жабық, құпия немесе коммерциялық құпиядан тұратын болып жарияланады. Осыны ескере отырып, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында «ақпарат» және «коммерциялық құпия» деген түсінік нені білдіретінін білу керек [2, 10 б.].

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы № 217 «Ақпараттандыру туралы» Заңының 1-бабының 24 тармақшасында сәйкестендіруге мүмкіндік беретін деректемелері бар материалдық тасымалдағышта бекітілген ақпарат болып мойындалатын құжатталған ақпарат деген түсінік беріледі. Осы Заңның 1-бабының 25 тармақшасында мемлекеттік құпиядан тұрмайтын, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес немесе Қазақстан Республикасының заңдарымен қарастырылған жағдайда олардың меншік иесі немесе иелерімен қол жетімділігі шектеулі электронды ақпараттық ресурстар деп түсінілетін «құпия электронды ақпараттық ресурстар» түсінігі белгіленген. Электронды ақпараттық ресурстарды (электронды түрде сақталатын ақпараттар) және ақпараттық жүйелерді (ақпараттық үдерістерді іске асыруға арналған аппараттық-бағдарламалық кешендер) қорғаудың құқықтық реттелуі осы Заңның нормаларымен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 51 Қаулысымен «Мемлекеттік органдардың қызметтік ақпаратпен жұмыс істеу ережесі» (бұдан әрі – Ереже) бекітілді. Ол барлық мемлекеттік органдар мен ұйымдар үшін міндетті болып табылатын таратылуы шектеулі құпия емес мә-

ліметтерден тұратын құжаттарды есепке алу, көбейту және сақтау, пайдалану, сақтауға және жоюға бөлуге іріктеу тәртібін айқындайды. Таратылуы шектеулі құпия емес мәліметтерден тұратын құжаттарға, істерге және басылымдарға, бірінші бетіне (мұқабасына) оң жақ жоғарғы бұрышына «Қызметтік пайдалану үшін» («ҚПУ») белгісі, ал оның астына данасының нөмірі қойылады.

Осы Ережелерді негіз ретінде коммерциялық құпиядан тұратын құжаттармен жұмысты ұйымдастырғанда пайдалануға да болады, сол тәртіпте «коммерциялық құпия» («КҚ») белгісін қойып, оның астына данасының нөмірін қояды.

«ҚПУ» немесе «КҚ» белгілері бар құжаттың басылған данасының әрбір парағының қайырма бетінде тіркеу (есепке алу) нөмірі басылған даналардың саны, жөнелтілуі, орындаушының тегі мен әкесінің аты және атының бас әріптері, орындаушы жұмыс істейтін бөлімше, орындау күні және оның қашан басылғаны көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 1017-бабымен мазмұнына қарай жоғарыда қарастырылған «коммерциялық (қызметтік, банктік) құпия», «қол жетімділігі шектеулі ақпарат» және «құпия ақпарат» деген түсініктерге синоним «ашылмаған ақпарат» деген түсінік іскерлік айналымға енгізілді. Оны осы баптың мазмұны да растап отыр: техникалық, ұйымдық немесе коммерциялық ақпаратты, оның ішінде үшінші тұлғаларға белгісіз (ашылмаған ақпарат) өндірістік құпияларды (ноу-хау) заңды түрде иеленетін тұлғаның, егер осы Кодекстің 126-бабының 1-тармағында белгіленген талаптар сақталса, осы ақпаратты заңсыз пайдаланудан қорғауға құқығы бар.

«Коммерциялық (қызметтік, банктік) құпия» түсінігімен «құпия ақпарат» (*латынша confidential – сенім деген сөзден шыққан*) түсінігі байланысты. Конфиденциалды деп қол жетімділігі мен таратылуы нормативтік құқықтық актілермен немесе іскер серіктестердің арнайы келісімімен шектелген сенім білдірілген ақпарат мойындалады.

Ашылмаған ақпаратты заңсыз пайдаланудан қорғау құқығы осы ақпаратқа қатысты қандай да болсын шарттылықты орындауға (оны тіркеу, куәлік алу және т.б.) қарамастан туындайды [3, 8 б.].

Ашылмаған ақпаратты қорғау құқығы осы Кодекстің 126-бабының 1-тармағында көзделген талаптар сақталған жағдайда қолданыла береді».

ҚР АҚ 126-бабының 1-тармағында белгіленген талаптар мынандай:

1) үшінші жаққа белгісіз болуына байланысты ақпараттың нақты немесе потенциалды коммерциялық құны болады;

2) оған заңды негізде еркін қолжетімділік жоқ;

3) ақпарат иесі оның құпиялығын қорғауға шаралар жасайды.

Ақпараттық қауіпсіздікті басқарудың әкімшілік құралдарына қауіпсіздік жөніндегі корпоративтік саясат, парольдер саясаты, кадрлық саясат және тәртіп саясаты жатқызылады. Басқарудың бұл әкімшілік құралдары бірінші кезектегі маңызы бар мәселелер қатарында саналады [4, 12 б.].

Осыған байланысты ақпараттық жүйелерде ақпараттарды маңыздылық деңгейлеріне орай қауіпсіздік сипаттарына жіктеу талап етіледі. Қауіпсіздік сипаттарына жіктеудің мынадай негізгі ақпараттық категорияларын қолдану ұсынылады: қоғамдық, маңызды, жеке, құпия және осыған сәйкес қауіпсіздік сипаттарының тиісті грифтері салынады. Атап айтқанда: ашық, жабық, құпия және өте құпия. Ұйымдағы барлық қызметкерлерге жіктеу схемасы түсіндіріліп, олар қауіпсіздікті басқаруға қажетті құралдарды игеруі және ақпаратты құпияландыру мен қорғау процедураларын атқара алатын болуы тиіс. Құпияландырылған қорғауға алынған ақпараттарға қол жеткізу жолдарын шектеу қажет. Мұндай ақпараттарға рұқсатты тек ұйымның өкілетті қызметкерлері ғана алуы тиіс. Қауіпсіздік сипатына жіктелген ақпараттарға қол жеткізу кезінде сәйкестендіру және түпнұсқалығын анықтау процедуралары жүргізілуі тиіс [5, 9 б.].

Құпия құжаттармен жұмыс жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиясын қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның талаптарына және Мекеменің тиісті нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес айқындалады. Таратылуы шектеулі құпия емес мәліметтері және құпия ақпараты бар құжаттармен жұмыс істеу тәртібі Мекеменің тиісті нормативтік құқықтық актісімен белгіленеді [6, 12 б.].

Ақпарат қауіпсіздігін қамтамасыз ету – қымбат іс. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету – қазіргі таңда бүкіл әлемді алаңдатқан аса маңызды мәселенің бірі. Себебі, бүгінде жаһан жұрты ақпараттың – қуаты күшті, өте қауіпті қаруға айналып отырғанын жақсы түсінеді. Осыған орай қай мемлекет болса да бұл мәселені жіті назарда ұстап, барынша қырағы болуға талпынуда.

Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында туындайтын мәселелерді келесі топтарға бөлуге болады:

- геосаясаттық деңгейдегі ақпараттық қауіпсіздік;
- Ақпараттық қауіпсіздік саласында қызметті үйлестіретін органның жоқтығы;
- интернетке мемлекеттік саясаттың жоқтығы;
- ақпаратты қорғаудың сенімді механизмін қамтамасыз ету.

Құпияларды үш топқа бөліп қарастыруға болады: Заңмен қорғалатын құпиялар, мемлекеттік құпиялар және мұрағаттық ақпараттар.

Заңмен қорғалатын құпияларға: Арнайы ақпарат, отбасы және жеке өмірдің құпиясы, хат жазу, телефон, телеграф және тағы басқа хабарламалардың құпиясы, бала асырап алу құпиясы, медициналық құпия, коммерциялық және қызметтік құпия, банктік құпия, бағалы қағаздар рыногындағы қызметтік ақпарат, тергеу және

алдын ала тергеудің құпиялары, адвокаттық және нотариаттық құпия.

Мемлекеттік құпияларға: Әскери саладағы кейбір мәліметтер, экономика, ғылым және техника саласындағы кейбір мәліметтер, сыртқы саяси және сыртқы экономикалық саладағы кейбір мәліметтер, жедел іздестіру және қарауыл қызметі саласындағы кейбір мәліметтер.

Мұрағаттық ақпарат: Ашық пайдаланатын, мемлекеттік мұражайда болатын мұрағаттық ақпарат, белгіленген категориядағы жеке және заңды тұлғалар үшін анықталған құжаттарды пайдаланудың шектелуі, меншік құқығы сақталатын және тек меншік иесінің келісімімен ғана анықталатын мұрағаттық ақпаратты пайдалану.

Ақпараттық қауіпсіздік мәселесінің толыққанды зерттелмеуі және оған нақты анықтама берілмеуі – бүгінде көптеген түсініспеушілік пен өзекті мәселелердің туындауына себепші болып отыр. Ақпаратты қорғау әдістері төмендегідей болып жіктелінеді (2-сурет).



2-сурет – Ақпаратты қорғау әдістерінің жіктелуі

Қорғаныстың аппараттық әдістерін қолдану мынадай техникалық құралдарды пайдалануды ұсынады. Қорғаныстың аппараттық әдістері ресурстардың үлкен шығынын талап етеді.

Программалық әдістер есептеуіш алгоритмдер мен қатынауды шектеуді қамтамасыз ететін программаларды және ақпаратты рұқсатсыз пайдаланудан шығаруды ұсынады. Программалық әдістер келесі функцияларды іске асырады.

Ақпаратты қорғаудың криптографиялық әдісі – бұл ақпаратты шифрлаудың, кодтаудың немесе басқаша түрлендірудің арнайы әдісі, мұның нәтижесінде ақпарат мазмұнына криптограмма кілтінсіз және кері түрлендірмей шығу мүмкін

болмайды. Криптографиялық қорғау – ең сенімді қорғау әдісі, өйткені ақпаратқа шығу емес, оның тікелей өзі қорғалады (мысалы, әуелі тасушы ұрланған жағдайдың өзінде ондағы шифрланған файлды оқу мүмкін емес).

Ақпаратты қорғаудың ұйымдастырушылық әдісі келесі іс-шаралардың ұйымдастырылуы мен іске асырылуын қарастырады:

- 1) өртке қарсы қорғаныс;
- 2) жанбайтын сейфтерде аса қажетті құжаттарды сақтау;
- 3) өту жүйесі арқылы қатынау регламенті;
- 4) бақылау жүйесін ұйымдастыру;
- 5) қолданушылардың әр түрлі категорияларының қорғаныс объектілері мен олардың

орындалу талаптарына қатынауды регламентациялайтын көмекші нұсқамаларды даярлау;

6) мамандарды таңдау мен даярлау;

7) қауіпсіздік мәселесі бойынша семинарларға, конференцияларға қатысуды қамтамасыз ету мен ұйымдастыру.

Заңмен қорғалатын құпиялар:

– Арнайы ақпарат. Отбасы және жеке өмірдің құпиясы;

– Хат жазу, телефон, телеграф және т.б. хабарламалардың құпиясы;

– Бала асырап алу құпиясы;

– Медициналық құпия;

– Коммерциялық және қызметтік құпия;

– Банктік құпия;

– Бағалы қағаздар рыногындағы қызметтік ақпарат;

– Тергеу және алдын ала тергеудің құпиялары;

– Адвокаттық және нотариаттық құпия;

Мемлекеттік құпиялар:

– Әскери саладағы кейбір мәліметтер;

– Экономика, ғылым және техника саласындағы кейбір мәліметтер;

– Сыртқысаяси және сыртқыэкономикалық саладағы кейбір мәліметтер;

– Жедел іздестіру және қарауыл қызметі саласындағы кейбір мәліметтер.

Мұрағаттық ақпарат

– Ашық пайдаланатын, мемлекеттік мұражайда болатын, мұрағаттық ақпарат.

– Белгіленген категориядағы жеке және заңды тұлғалар үшін анықталған құжаттарды пайдаланудың шектелуі;

– Меншік құқығы сақталатын және тек меншік иесінің келісімімен ғана анықталатын мұрағаттық ақпаратты пайдалану [7].

Қорытындылай келе, ақпараттар мен мәліметтерді өңдеу компьютерлік жүйеде ақпаратты кепілге алып қорғауды қамтамасыз ету үшін, ең алдымен ақпаратты қорғау мақсатын тұжырымдау және қорғауды қамтамасыз ететін қажетті шаралар тізімін анықтау қажет. Ал бұл үшін ең алдымен, бастапқы ақпараттың бұрмалануына немесе жоғалуына әкеп соқтыратын барлық мүмкіншілігі бар факторларды (қауіп-қатерлерді) жүйелендіріп қарастыру керек. Қазақстанның қауіпсіздігінің негізгі мақсаттарын айқындау бүгінгі күндегі саясатшылардың, саясаттанушылардың халықаралық қатынастар бойынша зерттеу жұмыстарымен айналысатын журналистердің, сонымен қатар, жаңадан қалыптасып келе жатқан құжаттанушы мамандығы алдында тұрған басты міндеттердің бірі. Мемлекеттік және коммерциялық құрылымдар ақпараттандырудың құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық аспектілері ақпараттық ресурстардың қауіпсіздігін қамтамасыз етумен тығыз байланысты болады. Сол себептен де осы мақаланы жазу барысында құжатталған ақпаратты қорғаудың заңнамалық негізде қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі мақсаттарын анықтауға тырыстым.

Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы № 527-IV «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік туралы» Заңы.
- 2 Анатолий Л. Кәсіпорынның құпия ақпараты мен коммерциялық құпиясын қорғау // Құжат айналым мәселелері. – 2014. – №11. – 10-15 б.
- 3 Ақпараттық қауіпсіздік // <http://www.minber.kz/2011/10>
- 4 Закон Республики Казахстан от 21 мая 2013 года № 94-V «О персональных данных и их защите».
- 5 Қазақстан Республикасының конституциясы. 1995 жылы 30 тамыз.
- 6 Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы №107-11. 4-8 бап. «Әкімшілік рәсімдер туралы» Заңы.
- 7 «Ұйымдық және өкімдік құжаттама, құжаттарды рәсімдеуге қойылатын талаптар» стандарт. – Астана, 2002.

References

- 1 Kazakhstan Respublikasy 2012 zhilgi 5 qantardagi № 527-IV «Kazakhstan Respublikasynyn Ulttik qauipsizdik turali» Zani.
- 2 Anatoli L. Kasiporinnin qupiya aqparaty men komerciyalik qupiyasyn qorgau // Quzhat ainalim maseleleri. – 2014. – №11. – 10-15 b.
- 3 Aqparattik qauipsizdik // <http://www.minber.kz/2011/10>
- 4 Zakon Respubliki Kazahstan ot 21 maiya 2013 goda № 94-V «O personalnih dannyh i ih zashite»
- 5 Kazahstan Respublikasynin konstituciyasi. 1995 zhili 30 tamiz.
- 6 Kazahstan Respublikasyniyn 2000 zhilgi 27 qarashadagi №107-11. 4-8 bap. «Akimshilik rasimder turali» Zani.
- 7 «Uimdik zhane okimdik kuzhattama, kuzhattardy rasimdeuge koiylatyn talaptar» standart. – Astana, 2002.

Шакенов С.Т.
**Ойжайлау қорымында
жүргізілген археологиялық
зерттеулер**

Мақалада Ойжайлау қорымында жүргізілген қазба жұмыстарының барысы мен нәтижелері ұсынылған. Тақырыпты ашу барысында негізінен, Ойжайлау археологиялық экспедициясының жылдық қорытындылары алынған.

Қазба жұмыстарының нәтижелері ерте көшпелілердің архитектурасы, жерлеу ғұрпы және дүниетанымы бойынша алдын ала қорытындылар жасауға өзіндік септігін тигізеді. Автор аталған қорымда жүргізілген зерттеу жұмыстарының қорытындыларымен таныстыруға тырысады. Мақалада, қазба материалдарына сүйене отырып, аталған ескерткішті қалдырған ежелгі тайпалардың материалдық және рухани мәдениетіне тұжырымдама жасалады.

Түйін сөздер: қорым, зерттеу жұмыстары, ескерткіш, Ойжайлау.

Shakenov S.T.
**The archaeological researches
conducted in Oyzhaylau's burial
ground**

The article presents the progress and results of the excavations carried out in the Oyzhaylau's burial ground. The basic material, using to the disclosure of the theme are the annual reports of archeological expedition Oyzhaylau. The results of archaeological excavations make it possible to draw some conclusions about the architecture, burial grounds and the outlook of early nomads. The main aim of the author is to familiarize the reader with the findings of research in the above burial. Based on the excavation materials, the article revealed the concept of material and spiritual culture of the ancient tribes inhabited the area.

Key words: burial ground, archaeological excavations, culture, Oyzhaylau.

Шакенов С.Т.
**Археологические
исследования, проведенные
в могильнике Ойжайлау**

В статье представлены ход и результаты раскопок, проведенных в могильнике Ойжайлау. Основным материалом, использованным для раскрытия темы, являются годовые отчеты археологической экспедиции Ойжайлау.

Результаты археологических раскопок дают возможность сделать некоторые выводы об архитектуре, захоронениях и мировоззрении ранних кочевников. Основной целью автора является ознакомление читателя с выводами исследовательских работ в вышеуказанном могильнике. Опираясь на материалы раскопок, в статье выявлена концепция материальной и духовной культуры древних племен, заселявших местность.

Ключевые слова: могильник, археологические раскопки, культура, Ойжайлау.

**ОЙЖАЙЛАУ
ҚОРЫМЫНДА
ЖҮРГІЗІЛГЕН
АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ
ЗЕРТТЕУЛЕР**

Қазақстанның Жетісу аймағы табиғи-климаттық жағдайларына байланысты, өзінің географиялық ерекшеліктерімен орталық-азиялық және еуразиялық дала арасындағы байланыстырушы рөл атқарғанын білеміз. Соңғы зерттеулерге сүйене келе ерте замандардың өзінде адамдар аталған өңірді мекендегенін көреміз. Қазіргі таңда аталған аймақтағы тұрғындар жайлы тікелей және жанама деректер арнайы ғылыми әдебиеттерде көрініс берді. Алайда, тарихи-археологиялық, этнографиялық жағынан қазіргі күнге дейін аз зерттелген аймақтардың бірі болып табылады. Сондықтан да бұл тарихи-мәдени аймақтағы ескерткіштерді археологиялық тұрғыдан зерттеу өзекті болып табылады. Оның үстіне аталған аймақта Еуразия кеңістігіндегі Шілікті, Аржан, Бесшатыр, Есік, Берел т.б. тәрізді ескерткіштермен қатар тұратындай Үйгентас, Ойжайлау сияқты қорымдар бар.

Жетісудың да өзіндік тарихи тамыры сұрлеулі жолының болуы орынды. Әсіресе біздің тікелей зерттеу нысанымыз ретінде бағаланатын тарихи-мәдени мұралар, рухани жәдігерлер мен ежелгі ескерткіштер Жетісу өлкесінде жиі кездеседі.

Жетісу жеріндегі Ойжайлау-Үйгентас мәдени-ықшам ауданы археологиялық тұрғыдан тек қана тәуелсіздік алғаннан кейін жүйелі түрде зерттелді. 2008-2011 жылдардың жазғы маусымдарында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің археологиялық-этнологиялық орталығының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Әбдеш Төлеубаев жетекшілігімен «Үйгентас» археологиялық экспедициясы Ойжайлау бөктеріндегі қорғандарға зерттеу жүргізді [1, 49 б.].

Аталмыш оба Алакөл ауданы территориясында Лепсі ауылының батысында 1,5 км, Лепсі өзенінің сол жағалауында 200 м жерде, оңтүстігіндегі Белтерек тауынан 1 км жазық алаңқайда орналасқан. Солтүстігіндегі Бұжбан тауы, батысында Ешкіөлмес, одан әрі Шатыр төбе таулары бар. Қорғанның солтүстік-шығысында 46 м биіктігі – 0,2 м, диаметрі – 9 м кішірек қорған орналасса, солтүстігінде 150 м жерде Қара жол өтеді, одан әрірек ауыл адамдарын жерлейтін мұсылман зираты бар. Қорған ел ішінде «үйілген тас» деп аталып, оның табиғи еместігі ертеден мәлім болған. Бертінгі уақытта оба құрлысының тастары әртүрлі қажеттіліктерге байланысты алынған. Осындай әрекет-

тердің нәтижесінде тас алынған шұңқырларға желмен топырақ толып, бұталар өсіп кеткен. Мұндай шұңқырлардың жалпы саны – 15. Орта тұсындағы ірілеу шұңқырлардың үлкенінде қайың, терек сияқты төрт-бесеуі өсіп шыққан. Шұңқырлардың ені әртүрлі. Осы шұңқырлар обаның авариялық жағдайда екендігін сипаттай түседі [2, 5 б.].

Жалпы қорған өзеннің малта тастары мен таудың жақпар қара тастарынан құралған. Қорғанның көріністері қазбаға дейін түрлі бағыттардан фото және видеобейнелерге алынып, топографиялық сызбасы салынды. Қорғанның сыртын айналдыра теодолиттік жүріс жасалды. Қорғанның диаметрі: СО – 65,2 м, ШБ – 63,2 м. Биіктігі оңтүстік етегіндегі шартты түрде алынған нөлдік репермен есептегенде 1,7 м. Бетін шым қабаты басқан сыртқы айналма тас қоршаудың ені – 3,5-4 м. Қорғанның оңтүстік жағы солтүстік бөлігіне қарағанда әлдеқайда биік орналасқан. Зерттеу нысанының географиялық координатасы № 45° 31' 55,5" E 080° 34' 56,4" болса, теңіз деңгейінен салыстырғандағы биіктігі 970 м.

Қорғанды жоспарға түсіруге және қазба жұмыстарын жүргізуге ыңғайлы болу үшін көлемі 5x5 болатын шартты торлар жасалды. Соның негізінде солтүстік-оңтүстік және шығыс-батыс бағыттары бойынша қорғанның кескіні (профили) өлшеніп, сызбасы қағазға түсірілді.

Қазба жұмыстары қорғанның төрт бағытынан құрылыстың шеттерін анықтау мен қазба тілігін салу үшін қазу мен тазалаудан басталды. Қорғанның батыс жақ етегін аршу барысында шашылған бірнеше керамикалық ыдыстың сынықтары алынды. Ерте темір заманына жататын ол керамикалық сынықтардың түстері қызғылт, орнаменттері жоқ. Көлемдері 2x2x5, 2x1x2см, қалыңдықтары 0,8 см.

Қорғанды белгілеген шаршы торлардың шартты түрдегі Ж бағыты обаны шығысынан батысына дәл ортасынан 5 метр ендікте қиятындықтан осы Ж шаршысы негізгі кесінді болып таңдалды. Осылайша Ж1 және Ж12 (батыс және шығыс) қарама-қарсы бағыттары бойынша қазба салынды.

Шеңбер құрылысы қорғанның шамамен алғандағы етегінен орта тұсы 50-60 см биіктікте сары топырақ үйілген. Оның сыртынан әртүрлі көлемдегі өзеннің малта тастары мен таудың жақпар тастары 5-6 қатар етіп, топырақ араластыра қаланған. Шеңбердің биіктігі шамамен алғанда 70-80 см-дей. Құрылыстың көп ғасырлық отыруын есептегенде шеңбер-

дің алғашқы биіктігі 150-160 см болуы керек деген тұжырым жасалды. Тас қалаудың сыртын шым қабаты басқан. Жалпы бұл шеңбер обаның шекарасын анықтап тұр.

Одан кейінгі қазба жұмыстарының барысы Ж8 шаршысының батыс шетін және Ж7 шаршысын толығымен 15 см тереңдетумен жалғастырылды. Ұсақ тастар шоғырлары сол деңгейге дейін алынып, тазаланып бітті, әрі қарай байқалмады. Ж7 шаршысының ортасында СШ – ОБ бағытынан жіңішке сызық қана көрініп тұрды. Ұсақ тастың жоғарыдан опырылып түскендігі дәлелденді. Қабір дағын анықтау мақсатында Ж6 Ж7 шаршылары солтүстікке қарай кеңейтілді. Яғни Е6 Е7 шаршыларының тас қабаттары алынды. Жұмыс барысында аталған шаршыларды батыстан шығысқа дейін созылған шіріген ағаштар кездесті. Олардың өлшемдері алынып, фотосуретке түсірілді. Сонымен бірге кеңейту жұмыстары барысында Е7 шаршысының оңтүстік батыс бұрышынан БШ ұзындығы 3,40 см ағаш қалдығы ашылды. Е6 шаршысының ОШ бөлігінен бөрене алынғаннан кейін 4,8 см ұзындықта жылқының тісі шықты [3, 6 б.].

Қорғанның орталық бөлігінде ешқандай қабір орны анықталмағандықтан Ж, Е – 6 секторлары нөлдік деңгейден 2,5 метрге дейін тереңдеп қазылды. Топырақ қабатының құрамында материктік деңгейден төмен ешқандай өзгеріс байқалмады. Арасында тышқан індерінің әсерінен пайда болған қара топырақ кесектерінен басқы қабаты сары топырақтан тұрады. Е – 7 секторында 2,4 метр тереңдікте солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа бағытталған 2 метр ұзындықта ағаш құрылысқа пайдаланған бөрене қалдығы табылды. Қатты шіріген, сақталған диаметрі 4-8 см. Бұл ағашпен байланыса орналасқан басқа ағаш құрылыс қалдықтары қазба барысында табылмады.

Е–7 секторындағы материктің беткі қабаты құрылыс іздерін және қабір дағын анықтау мақсатында тағы да 0,4 – 0,5 метр тереңдетіле алынды. Е – 7 секторын кеңейткендегі қорған үсті тас үйіндісінің кимасында да ерекше құрылыс іздері байқалмады. Тастардың орналасуында өзгерістер жоқ. Барлығы бір деңгейде.

3–7 секторының батыс қабырғасының орталығында – 0,80 м тереңдікте ұсақ шірінді ағаш қалдықтары әр жерден шашыраңқы түрде кездесті. 3 – 7 секторының шығыс қабырғасы фотоға түсірілді.

Е – 6, 7 секторлары толықтай тазаланып бұрынғы жер бедеріне жеткеннен кейін, фото-

фиксация жасалды. Қазба солтүстікке, Д–6,7 секторларына қарай кеңейтілді. Д – 6,7 секторларының тас үйіндісі 1,6 м деңгейге дейін жетті. Бұл жердің тас қаландысында да ешбір ерекшеліктер байқалған жоқ. Сол себепті қазба жұмыстарын Д, Е – 4, 5 секторларында жалғастырдық. Қазба барысында Ж – 5 секторынан шыққан сырғауыл Е – 5, Д – 5 секторларына дейін жалғасатыны анықталды. Сырғауыл қалдығы Е – 5 секторында 0,8 м тереңдікте, Д – 5 секторында 1 м тереңдікте жатыр, сырғауыл қалдығы қатты шіріген, сақталған диаметрі 8-10 см. Барлық ұзындығы шамамен 13-14 метрді құрайды. Бұл сырғауылдың басқа ағаш құрылыс қалдықтарымен байланысы жоқ. Осы секторлар қабір шұңқырының іздерін анықтау мақсатында 1,5 м тереңдікке дейін қазылып, тазаланды. Д, Е – 4, 5 секторларындағы тастардың орналасуынан, ағаш қалдықтарынан ешбір ерекше құрылыс белгілері анықталмады. Қазбаны солтүстік бағытта кеңейттік, Г – 4, 5, 6 секторлары толығымен ашылып, тазаланды. Фото, видеофиксация жасалды.

Қорғанның ішінде ерекше конструкциялар, қабір орны байқалмағандықтан қазба жұмыстары тоқтатылды.

Ойжайлау қорымындағы №1 қорғанның үйінді тастарының алып жатқан аумағы тіпті кейінгі осы жерді мекендеушілердің құрылыс жұмыстарына алынғаннан қалған тас жамылғысы сақ билеушісі – ақсүйегіне, не қолбасшы, абызына тұрғызылған кешен екенін аңғартқандай. Қорған үсті тас үйіндісінің сақталған бөлігінде арнайы құрылыс конструкциясының жоқтығы, жерлеу орны мен артефактілердің кездеспеуіне байланыста қорғанның мерзімделу уақытын нақты айту мүмкін емес.

Осы ескерткіш тұрғызылған сол уақыттақ, тайпалас-руластары тарапынан-ақ қорған толықтай тонауға ұшыраған. Қорған үсті құрылысының бұзылуы зерттеушілерге тонау ізін анықтауға мүмкіндік бермеді, әрі жерлеу көне жер беті деңгейінде жүргізілген, қабір шұңқыр қазылмаған. Бұл қорған жерлейтін мәйттің жоқтығына байланысты (марқұмның сүйегі жау қолында немесе жанында ағып жатқан Лепсі өзеніне ағып кеткен себепті) тұрғызылған зираткенотаф болуы мүмкін деп болжауға болады [4, 9 б.].

Бұл ескерткішті ежелгі көшпелілер заманының арнайы тұрғызылған ғұрыптық-табыну кешені ме деген ойға қалдырады.

Қорғанның сыртқы құрылысы (тас үйінділер болуы) мен ағашты пайдалануына қарап қана Пазырық мәдениетімен байланыстыра, Пазы-

рық мәдениетінің алғашқы уақыты VI–V ғғ. тұрғызылған ба деп топшылауға ғана болады. Осы өлкедегі осыған ұқсас Үйгентас сияқты ескерткіштерді қазып зерттеу көптеген беймәлім сұрақтардың шешімін беруі мүмкін.

Ойжайлау қорымының далалық Еуразияның ерте темір дәуірі археологиясында алатын маңызы зор. Сақ дәуірінің патша қорғандары Қазақстан территориясында шығысында Шілікті, Ақсуат, Тарбағатай, Берел және тағы басқа ескерткіштерімен, ал Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу жеріндегі Бесшатыр, Есік, Түгіскен, Ұйғарак қорымдарымен белгілі. Алайда, осы екі аралықта 2008 жылға дейін аталған дәуір ескерткіштері мүлде зерттелмеді. Тек 1963 жылы Г. Кушаевтың Алакөл жағалауындағы ерте темір дәуірінің қарапайым қорғандарындағы қазбаларын ғана айтуға болады. Шығыс Қазақстан мен Жетісу сақтарының өзара байланысын антропологиялық мәліметтер арқылы ғана анықтауға болады. В.П.Алексеев «Палеоантропологиялық мәліметтерге қарап, Қазақстан мен Алтайдағы сақ тайпалары мәдениетінен Орталық Азиялық көптеген ерекшеліктерді көретін зерттеушілер көзқарастарын қолдануға болады» – дейді. Ерте сақ дәуірінде Арал маңы, Қазақстан мен Қырғызстан тұрғындары құрамына монголоидтардың енуі, А.И. Мартынов пен В.П. Алексеевтің пікірінше: «Алтай жақтан монголоидтық және аралас халықтардың орын ауыстыру есебінен де, моңғолдық топтардың Орталық Азиядан Жоңғар қақпасы арқылы Ертіс, Іле өзендері аумағымен қоныс аудару есебінен де болуы мүмкін» – деп ой тастайды. К. Ақышевтың пікірінше Орталық Қазақстан мен Оңтүстік Сібірден андрон мәдениетін қалыптастырушылар ұрпақтарының Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанға қоныс аударуы. Зерттеуші сақ тайпаларының шығыстан батысқа және батыстан шығысқа инфильтрациясының немесе миграциясының негізгі екі жолын көрсетті. Алғашқысы Алтай арқылы Шығыс, Орталық және Батыс Қазақстанға, ал екіншісі Шыңжан арқылы Орталық Тянь-Шань мен Памирге өтуі [5]. Ойжайлау және Үйгентас қорымдары дәл осы миграциялық маршруттың бойында орналасқан.

Біз екі жылдық қазбаларымыздың нәтижесінде тас обаның заманында жартылай бұзылып кеткен, жартылай бүтін тұрған бөліктерін толыққа жуық зерттедік.

Обаны саларда алдымен таудың өзенге жақын бөктерінен осы жерді таңдап алған. Бұл жер адам жерлеп, оба салуға өте қолайлы еді, таудан аққан су да келмейді. Себебі тау мен екі

ортада тағы бір жыра – ойпат бар. Ескерткішті салатын аумақ бір тегіс емес. Оның тау жақ бөлігі биіктеу, солтүстік-шығыс секторы жарты метрден астам ойыс болып келген. Алдымен обаның шекарасын анықтап, айнала шеңбер бойымен тастан жал салған. Содан соң тас-жал шеңбердің орта тұсынан адам жерлейтін орынды анықтап, оны сырғауылдан жасалған кіші шеңбермен белгілеп шыққан. Сырғауыл қоршаудың жекелеген сақталып қалған бөліктері қазбада анықталды. Тас обаның орта шенінде, тура жердің бетін-

де ағаштың шірінділерімен бірге жылқы сүйігінің фрагменттері шыққан еді. Біздің ғылыми болжамымыз бойынша, Ойжайлау сақтары өлген адамын жердің бетіне ағаш сырғауылдардан қабірхана жасап соның ішіне қойған. Заманнан заман ағаш қабірхана толығымен шіріп, қираған. Оның толық деградацияға ұшырауына кейінге тонаушылардың қабірхананың үстін ашып тастауы да себеп болған. Бізге қабірхананың, қабір қоршауының жекелеген ағаштары ғана жеткен.

Әдебиеттер

- 1 Төлеубаев Ә.Т., Байғабатова Н.Қ., Омаров Ф., Жұматаев Р.С., Исакаков Қ.А. Ойжайлау ерте темір дәуірі обасының зерттелуінің кейбір мәселелері // «Жансүгіров тағылымы» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Талдықорған, 2009. – 48-52 б.
- 2 Омаров Ф.Қ. Исследования Уйгентасской экспедиции на Могильнике Ойжайлау // Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті археология және этнология кафедрасының тарихы: Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті тарих факультетінің археология және этнология кафедрасының 40 жылдығына арналған жинақ. – 2011. – №1. – 1-6 с.
- 3 Ойжайлау. Археологиялық экспедициясының 2008 жылғы қорытындылары // КАЗАХСТАН. – Астана 2009. – 6-7 б.
- 4 Ойжайлау. Археологиялық экспедициясының 2009 жылғы қорытындылары // КАЗАХСТАН. – Астана 2009. – 9-10 б.
- 5 Левашова В.П. К вопросу о местных особенностях в погребениях тагарской культуры //СА. – 1958. – №1. – 171-174 с.

References

- 1 Toleubaev A.T., Bajgabatova N.K., Omarov G., Zhumataev R.S., Iskakov K.A. Ojzhajlau erte temir dauiri obasynyn zerteluinin kejbir maseleleri // «Zhansygirov tagylymy» atty respublikalyk gylymi-praktikalyk konferencija materialdary. – Taldykorgan, 2009. – 48-52 b.
- 2 Omarov G.K. Isledovanija Ujgentasskoj jekspedicii na Mogil'nike Ojzhajlau // Al-Farabi atyndagy Kazak ul'tyq universiteti arheologija zhane jetnologija kafedrasynyn tarihy: Al-Farabi atyndagy Kazak ul'tyq universiteti tarih fakul'tetinin arheologija zhane jetnologija kafedrasynyn 40 zhyldygyna arnalgan zhinak. – 2011. – №1. – 1-6 s.
- 3 Ojzhajlau. Arheologijalyk jekspedicijasynyn 2008 zhylygy korytyndylary // KAZAHSTAN. – Astana 2009. – 6-7 b.
- 4 Ojzhajlau. Arheologijalyk jekspedicijasynyn 2009 zhylygy korytyndylary //KAZAHSTAN. – Astana 2009. – 9-10 b.
- 5 V.P. Levashova. K voprosu o mestnyh osobennostjah v pogrebenijah tagarskoj kul'tury //SA. – 1958. – №1. – 171-174 s.

Асубаев М.К

**Ерте темір дәуірінің Базаршат
1 қорымындағы зерттеулер
(2009-2011 жылғы мәліметтер
бойынша)**

Мақалада Тарбағатай өңірінің ерте темір дәуірі археологиялық ескерткіштерінің зерттелуі және оның өзіндік ерекшеліктері сипатталады. Аталған аудан археологиялық тұрғыдан алғанда аз зерттелген аймақтардың қатарында. Кеңес дәуірінде мамандар тарапынан барлау мен картаға түсіру жұмыстары жүргізілді. Соңғы 25 жыл көлемінде зерттеу жұмыстары қайта жанданды. Шілікті өңірімен қатар, жалпы Зайсан, Тарбағатай аудандарының территориясында барлау жұмыстары жүргізіліп, соның нәтижесінде қола, ерте темір және түркі дәуірлерінің жүзге тарта қорған-қоршаулар тобы тізімге алынды және технологиялар бойынша координаталары түсірілді, орналасуына, көлеміне, сыртқы сипатына қарай топтастырылды. Қорымдардың жоспары мен археологиялық объектілер жеке-жеке фотосуретке түсірілді. Басты мақсатымыз: Тарбағатай теріскейі, соның ішінде Ақсуат аймағы Отандық тарихқа Берел, Есік сияқты сүбелі үлес қосатын, зерттеуге қызықты ескерткіштердің бар екеніне көз жеткізу.

Түйін сөздер: қорған, қоршау, Базар шаты, ерте темір, аспан асты мұражайы, Тарбағатай.

Assubayev M.K.

**Archeological monuments of
Bazarshat 1 iron age (based on
2009-2011 research works)**

The article describes the features and the level of research of Tarbagatay Archaeological sites of the Iron age. The region is rich with cultural and historical monuments. At the same time, the region was not explored sufficiently by researches. The appropriate complex archeological research expeditions were carried only in 25 years the reaching team. The topographic maps were drawn, and historical monuments of the region were documented as a result of those expeditions. The article indicates the historical role of Tarbagatay monuments in Kazakh History, interprets their uniqueness in a modern context, and suggests for their inclusion in further researches.

Key words: Fortress, yard, the Bazar location, Early Iron Era, under the sky museum, Tarbagatay.

Асубаев М.К

**Исследование могильника
Базаршат 1 раннего
железного века (по материалам
работ 2009-2011 годов)**

В статье рассматриваются археологические памятники Тарбагатай эпохи раннего жезеза, описываются его особенности и уровень изучения. Этот регион богат памятниками истории и культуры, но тем не менее с точки зрения археологических исследований регион все еще мало изучен. В советское время археологические раскопки специалистами были частично исследованы. Одним из наиболее комплексных исследований региона с археологическими раскопками и разведывательными экспедициями в местностях были проведены в последние 25 лет. В результате этих исследований была сформирована топографическая карта местности и были приняты охранные документы археологических памятников. В статье указывается место памятников Тарбагатай в отечественной истории, определение уникальности и введение его в научный оборот.

Ключевые слова: курган, Базар шаты, железный век, музей под открытым небом, Восточно-Казахстанская Археологическая Экспедиция.

**ЕРТЕ ТЕМІР ДӘУІРІНІҢ
БАЗАРШАТ 1 ҚОРЫ-
МЫНДАҒЫ ЗЕРТТЕУЛЕР
(2009-2011 жылғы
мәліметтер бойынша)**

Базаршат 1 ерте темір, ғұн-сармат заманының қорымы Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы, Көкжыра елді мекенінен батыс бағытында 18 км, көлік жолынан 25 шақырым жерде орналасқан. Тарбағатай тау жүйесінің солтүстіктегі бір шеті – Жағалбайлы тауларының оңтүстік-шығыста Түйемойнақ тауларына жалғасады. Түйемойнақ пен оның оңтүстік-шығысындағы Қарашолақ таулары солтүстік-батыстан Базар өзені мен оңтүстік-шығыстағы Қарғыба өзенінің таулы аралығында.

ҚазМУ-дың археологиялық экспедициясы әйгілі археолог Ә.М. Оразбаевтың басшылығымен 1989-1990 жылдары және 1996 жылы археолог Ә.Т. Төлеубаевтың басшылығымен 1997-1998 жылдары Тебіске, Базар, Қарғыба өзендерінің жағалауларынан бірнеше қорымдарды және ғұн-үйсін заманының 70-тен астам қорғандарын есепке алды [1, 24 б.].

Сондай-ақ, ҚазМУ-дың Шығыс Қазақстан экспедициясы 1989-1998 жылдары Тарбағатай ауданының 40-тан астам қола ғасыры қорымын есепке алған. Ескеалмас 3, Масалы 1 қазылған қоршауларының сипаттамалары, жоспарлары мен кейбір табылмалары жарияланған [2, 86 б.].

Базаршат 1 (ерте темір, сақ заманы) және Базаршат 2 (ғұн-үйсін заманы) қорымдары мен қазылған бес қорғанның материалдары Ғ. Омаровтың мақаласында сипатталды [3, 84 б.].

Базаршат 1, 2 қорғандарын зерттеуді Ә. Төлеубаев пен Ғ. Омаров 1996-1997 жж. бастаған. Әрі қарай зерттеу 2009 жылға дейін жалғаспай қалған. Тек 2009 жылы Семей Мемлекеттік Педагогикалық Институтынан жасақталған археологиялық экспедициясы 2009-2011 жылдары Базаршат 1 қорымында барлау және қазба жұмыстарын жүргізді. Барлығы 4 қорған зерттелді.

Қазба жүргізілген №3 қорғанның биіктігі 0,670 м, диаметрі СО-15,75 м, ШБ – 18,4 м. Орташа – 17,05 м. Қорған қорымының ішіндегі ірі құрылыстардың бірі. Беткі қабаты қиыршық тасты топырық. Әр тұсында ретсіз жатқан 10-15 см көлеміндегі тастар. Қорғанның топырақ беті аршылғаннан кейін қорғанның ортасында ені 4 м қаламасы және одан 1,5 м алшақ тас шеңбері бар. Тас шеңбердің ені (қалыңдығы) 1 м көлемінде. Орталық қаламаның С және Д секторларындағы тастары әр бағытта шеңбер аумағын және оның сыртына лақтырылған тәрізді.

Нәтижесінде орталық қаламаның және тас белдеу, тас шеңбердің конструкциясы өзгерістерге ұшыраған. Тас шеңбер қалыңдығы А секторында 2,40 м, В секторында 1,38 м, С секторында 2 м, д секторында 3,80 м. Орталық қалама көлемі солтүстік-оңтүстік бағытта 4,10 м, шығыс-батыс бағытта 3,75 м. Қабір шұңқыры дөңгелектенген төртбұрышты. Қабірдің 3,05 м тереңдігінен табылған адам сүйегі шығыстан батысқа қарай созылып жатыр. Сақталуы орташа және ірі көлемдегі тастармен жабылған. Ақыреттік заттар табылмады.

№38 қорған. Қорғанда былтырғы жұмысты жалғастырдық. Қорғанда биылғы маусымда қайта невилировка жасалды. Қорғанды тазалау барысында сақина етіліп орналасқан анықталды. Тастар қорғанның СШС-СБ бөлігінде тастар сирек, бірақ тас сақина белдігі айқын көрінеді. Ал О-ОШ-ОБ бөлігінде малта тастар жүйесіз әрі тығыз орналасқан. Тас сақина белдік айқын байқалмайды.

Қорған өлшемдері О-С 8 м; Ш-Б 8 м. Биіктігі – 50,9 м.

Қорғанның С-СБ бөлігінде топырақ түсі өзгеріп дақ байқалады. Дақ өлшемдері: ұзындығы 130; Солтүстік бағыттағы 105 см, 0 белгіден – 103 см.

Қорғанның тастары тазартылғанда ортасында үйілген тас шықты. Болжам бойынша ұрлықшылардың ізі болуы мүмкін.

Қорғанның батыс бөлігінің бас жағына өлшемдері: ені – 35см; ұзындығы 59 см, қалыңдығы 6 см жалпақ тас қойылған.

Мола шұңқырының – 85 см тереңдікте Шығыс қабырғадан 20 см Солтүстік қабырғадан адамның астыңғы жақ сүйегі шықты.

Мола шұңқырын 1м тереңдегенде ШБ бағыты бойында ұзындығы 245 см, 74 см болатын тастар шықты. Шығыс жақтағы тастар тығыз орналасқан. Шығыс жағындағы ең шетіндегі бір тас тігінен қойылған және дәл сондай тастардың қабырғасына қойылды. Мола шұңқырының Солтүстік жағына бел тұсынан екі тас тігінен қойылған. Сол жақтағы тізбектің орта тұсында тастар жоқ. Тек бір тас ғана бар.

Батыс жағында тастар жүйесіз орналасқан. Екі бір тас тігінен қойылған, бұл екі тастың шығыс және батыс бөлікте тігінен қойылды.

Мола шұңқырының шекарасын көрсетуі мүмкін. Орта тұсында тастардың болмауы қарақшылардың іс-әрекетімен байланысты болуы мүмкін.

Обаның оңтүстік жалының тас қалауда пішіні үшбұрышты тас шықты. Тастың ұз: 52 см, бұ-

рышы 49x29 см. Тастың бетінде төрт ойық бар, ал бүйірінде бір ойық.

Мола шұңқырының ортасындағы тігінен қойылған тас қалаулардың сол жағынан адам қаңқасы шықты. Адам қаңқасы қатты тоналған. Бас сүйегі, омыртқалары, екі қолдың біліктері жоқ. Жамбас сүйегі мүлде жоқ және сол аяқтың сан сүйегі жоқ. Мүрденің оң жақ бөлігінің сүйектері қозғалмаған анатомиялық тәртіппен жатыр. Қолының жілік сүйегі бар да, білек сүйегі жоқ. Кеуде тұсынан бастап сүйектердің жатысында жүйе жоқ.

1. Қабырға
2. Жауырын
3. Сегіз көз.
4. Жілік (қолдың)
5. Жілік кішкентай
6. Омыртқа

Мүрденің өлшемі аяқтан ең шеткі сүйекке дейін 188 см. Мүрденің бағытталуы ОБ бағыт. Мола шұңқырының сыртқы өлшемдері 310x193x160 0-дан 210. Тас жәшікпен солтүстік қабырғаның арасы 70-80 см. Мүрдемен қойылған ешқандай зат шықпады.

№24 қорған қыратты жерде орналасқан. Қорған топырақтан тұрғызылған. Шығыс бөлігі дөңес, созыңқы келген. Оңтүстік жағынан қараған өскен.

Қорған өлшемдері СО-27,12 см, ШБ-25,86. Дм 24,61 дм. Қорғанды тазалау барысында, қорған ортасынан ретсіз жатқан тастар анықталды. Тас үйіндінің ені 350 см. Тастар Оңтүстік және солтүстік жағында ірі де, орта тұсында ұсақтала бастайды. Тасты айнала күйенің іздері байқалады. Күйенің қалыңдығы 9-10 см, С-О бағытта 450 см, Ш-Б бағытында 720 см. Қорған ортасында үйілген тастардан оңтүстікке қарай 63 см тағы да үйілген тастар анықталды. Тас қалаудың мөлшерлері Батыс жағы 15x27x15 см; шығыс жағы 38x18 см.

Шығыс бөліктегі тас жалпағынан жатыр. Ал батыс бөліктегі тастар біріне бірі ентелей құлап жатыр. Бас жағындағы тастардан жүйелілік байқалмайды.

Тас қалаудың Ш-Б ұзындығы 128 см, ал О-С 68 см.

1. Бас сүйек фрагменті Солтүстік қабырғадан 32 см, шығыс: – 70 см.
2. Керамика оң жақ қабырғадан 20 см, Шығыс қабырғадан 104 см;
3. Жауырын сүйек. О 33 см, Бат 120;
4. Ұршықтың басы. Оңт 113; Шығыс 74 см, тереңдігі 1 м.

Обаның ортасындағы тас үймені тазартылған соң, күйе ізі бойынша екі мола шұңқыры

анықталды. Мола шұңқырлары СШ-ОББ бағытымен бағытталған. Біз алдымен ОБ-б бағыты бойынша жатқан мола шұңқырын қазудан бастадық. Мола шұңқырының – 25 см тереңдікте жамбас сүйек шықты. Мола шұңқырының – 85 (– 188 см) батыс қабырғадан 67 см, ал солтүстік қабырғадан 59 см, адамның бас сүйегінің фрагменті шықты. Ал шығыс қабырғасынан 25 см, ал солтүстік қабырғадан 45 см қашықтықта – 63 см тереңдікте адамның аяқ сүйегі шықты [4, 8 б.].

Жалпы адам жатқан бағыты солтүстікке қаратылған, аяқтары бүгіліп жерленген. Табылған ағаш күйген жаңқаларына қарағанда қабірдің үсті ағашпен жабылып, артынан өртелген болуы ықтимал.

Жалпы отпен аластау магиялық культі Жетісудағы үйсін ескерткіштерінің ерте б.з.б III–II ғғ. және де кейінгі б.з I–III ғасыр кезеңдеріне де тән. Ерте кезеңгі ескерткіштер (Қызыл-Еспе, Үңгір-Қара I, Бесшатыр II қорымдарында от культі қабір шұңқырында орындалған. Мұндай аластау екі мақсатқа көзделді – жаман рухтарды жерленген адам бойынан және қабір ішінен тазарту болды. Кейінгі кезең ескерткіштерінде (Тайғақ II, Қалқан I, IV қорымдары) қабір үстіне орындалған от культінің белгілері кездеседі. Бірақ осы кезеңде, отпен аластау ғұрпымен бірге құрбандық шалу культі кең таралды [5, 279 б.].

Осы типтегі ескерткіштер Базаршат 1 қорымындағы номер 24 қорғанда анықталды. Қорғанның қабір шұңқыры үстіне ағаш қималардың қойылуы мүмкін, өйткені қабір үстінен күйген ағаш жаңқалары анықталды. Қабір ішіндегі адам мүрдесі жартылай өртелген күйде шықты. Мүрденің үстінен ағаш қима қойылғаны анық. Қабір ішінен ағаштың жанған тақтайшалары анықталды. Ағаш қима қабірдің оңтүстік жағына қойылып артынан өртелген болуы мүмкін.

Топырақ үйінді, қабір ішінің ағашпен жабылуы, үйіндінің астына тас қоршаулардың болуы, бір немесе екі керамикалық ыдыстар және т.б. осындай типтегі ескерткіштердің керамикалық ыдыстардың өзгеруіне байланысты үш хронологиялық топқа бөледі: б.з.б III-I ғ.ғ., б.з I-III ғ.ғ және б.з. III-V ғғ [6, 35 б.] ; б.з.б III-II ғ.ғ., б.з.б I ғ.ғ – б.з. I ғ.ғ. және б.з. II – III ғ.ғ. [6, 147 б.].

Жерлеу дәстүрлері мен қорған құрылысындағы азғантай ғана өзгерістердің болуы то-

пырақ үйіндіге жерлеу дәстүрлерінің ерте сак кезеңінің дәстүрін жалғастыру мен дамытудың бір көрінісі. Іле өзенінің оң жағалауындағы қорғандардың көпшілігі топырақ үйіндісі болып келеді. Қабір шұңқырының үстіне және қабір ішіндегі мүрденің үстіне ағаш қималарды қою тән. Мұндай типтегі қорғандар ерте кезеңге, яғни б.з.б. III-II ғасырларға тән. Топырақ үйіндісінен тұратын қорғандар Базаршат 1 қорымынан жиі кездеседі. Осы типтегі қорғандардың конструкциялары Жетісудағы үйсіндердің қорғандарына ұқсас болып келеді. Табылған заттардың ішінде екі керамикалық ыдыстар құрады. Керамикалық ыдыстар Жетісу ескерткіштерімен жақындастырады. Алайда нақты пікірлер айтуға ерте, зерттеу жұмыстары жалғасын табуы керек, яғни бұдан да әлдеқайда көлемді тың материалдар жинақталуы қажет.

Бұл ескерткіштер Жетісудағы үйсін ескерткіштеріне ұқсас. Жетісудағы қорғандардың жекелеген топтарының этникалық құрамы туралы әртүрлі пікірлер бар. М.В. Воеводский мен М.П. Грязнов топырақ үйіндімен жерленген қорғандарды үйсін ескерткіштеріне жатқызады [7]. А.И. Тереножкин пікірі бойынша, ашылған қорғандардың жартысы үйсіндерге, басқасы – сә тайпаларына (сақтар) немесе юечжилерге жатқызады [8]. Жетісудағы катакомбды және ақымдап жерлеу ғұрыптарын А.Н. Бернштам ғұндарға тән дейді [9, 359 б.].

Г.В. Кушаев болса Іле даласындағы ақымдап жерлеу қорымдарын жергілікті тұрғындармен байланыстырады [5, 253 б.]. Тянь-Шандағы Соколовка мен Жергес қорымдарындағы қорғандардың ағаш жабылулар мен қыш ыдыстар болуын А.Н. Бернштам юечжилердің шығыс тобына жатқызады [10, 60 б.].

Тарбағатай теріскейінде Ә.Т. Төлеубаевтың пікірінше үйсін тайпалары мекендеген, ол мұндағы ескерткіштердің сыртқы құрылысы мен қабірлерден алынған заттар кешенінен де айқындауға болады деген тоқтамға келген [1, 23-38 б.].

Қайткенмен де, Тарбағатай теріскейіндегі ерте темір дәуірінің таңғажайып құрылыстары Қазақстанды мекендеген көне тұрғындар дүние танымын, шаруашылығын, рулық байланыстарын тануға септігін тигізери хақ.

Әдебиеттер

- 1 Төлеубаев Ә.Т. Ертедегі үйсіндердің Тарбағатайдың теріскейіндегі ескерткіштері // ҚазМУ хабаршысы. Тарих сер. – № 12. – 23-38 б.
- 2 Төлеубаев А.Т. Памятники эпохи бронзы Ескеалмас и Масалы в северных склонах Тарбагатая // Проблемы изучения и сохранения исторического наследия. – Алматы, 1998. – С. 83-103.
- 3 Омаров Ғ.Қ. Базар шаты қорғандары // ҚазМУ хабаршысы. Тарих сериясы. – №12. – Алматы, 1999. – 81-88 бб.
- 4 Исин А.И. Шығыс Қазақстан археологиялық экспедициясының есебі. – Семей, 2009. – 8-9 б.
- 5 Кушаев Г.В. Культура усуней правобережья р. Или (III в. до н.э. – III в. н.э.). – в кн. К.А. Акишев и Г.В. Кушаев. Древняя культура саков и усуней долины р. Или. – Алма-Ата, 1963.
- 6 Агеева Е.И. К вопросу о типах древних погребений Алма-Атинской области. – ТИИАЭАН КазССР, 1961. – Т. 12.
- 7 Воеводский М.В. и Грязнов М.П. У-суньские могильники на территории Киргизской ССР. К истории Усуней, – ВДИ, 1938. – № 3.
- 8 Тереножкин А.И., [рец. на ст.:] М.В. Воеводский и М.П. Грязнов. Усуньские могильники... – ИУзФАН СССР, 1941. – № 2.
- 9 Бернштам А.Н. Кенкольский могильник. – Л., 1940.
- 10 Бернштам А.Н. Историко-археологические очерки Центрального Тянь-Шаня и Памиро-Алтая. – М.-Л., 1952 (МИА, № 26).

References

- 1 Toleubaev Ә.Т. Erteдеgi үйсіндердің Tarbagatajdyn теріскейіндегі ескерткіштері // KazMU habarshysy. Tarih ser. – № 12. – 23-38 b.
- 2 Toleubaev A.T. Pamjatniki jepohi bronzy Eskealmas i Masaly v severnyh sklonah Tarbagataja // Problemy izuchenija i sohraneniya istoricheskogo nasledija. – Almaty, 1998. – S. 83-103.
- 3 Omarov G.K. Bazar shaty korgandary // KazMU habarshysy. Tarih serijasy. – №12. – Almaty, 1999. – 81-88 bb.
- 4 Isin A.I. Shygys Kazakstan arheologijalyk jekspedicijasynyn esebi. – Semej, 2009. – 8-9 b.
- 5 Kushaev G.V. Kul'tura usunej pravoberezh'ja r. Ili (III v. do n.je. – III v. n.je.). – v kn. K.A. Akishev i G.V. Kushaev. Drevnjaja kul'tura sakov i usunej doliny r. Ili. – Alma-Ata, 1963.
- 6 Ageeva E.I. K voprosu o tipah drevnih pogrebenij Alma-Atinskoj oblasti. – TIIAJeAN KazSSR, 1961. – T. 12.
- 7 Voevodskij M.V. i Grjaznov M.P. U-sun'skie mogil'niki na territorii Kirgizskoj SSR. K istorii Usunej, – VDI, 1938. – № 3.
- 8 Terenozhkin A.I., [rec. na st.:] M.V. Voevodskij i M.P. Grjaznov. Usun'skie mogil'niki... – IUzFAN SSSR, 1941. – № 2.
- 9 Bernshtam A.N. Kenkol'skij mogil'nik. – L., 1940.
- 10 Bernshtam A.N. Istoriko-arheologicheskie ocherki Central'nogo Tjan'-Shanja i Pamiro-Altaja. – M.-L., 1952 (MIA, № 26).

Salik A.J.
**Economic consequences of
Mongol invasion of Iran**

Mongol invasion of Iran caused to sustain very big economical losses in Iran. As the result of this attack many big cities were destroyed. After the loss of academic and cultural centers social mobility was wiped out. Decrease of population, capturing and sending Iranian industrialists to Mongolia caused economic downturn in Iran, and the destruction of aqueducts and streams that were made over the centuries caused agricultural recession. After the Mongol invasion, a number of scientists who had survived the attack, they moved to the secure areas such as Asia Minor and India. As well as since there was a single Mongol territory and security of ways, the trade between Iran, China and other western countries of Iran found good splendor.

Key words: Mongols, economy, agriculture, industry, trade.

Салик А.Дж.
**Ирандағы Моңғол
шапқыншылығының
экономикалық салдары**

Ирандағы Моңғол басқыншылығы, оларға өте үлкен экономикалық шығындар әкелді. Осы шабуыл нәтижесінде көптеген ірі қалалар қирап қалды. Академиялық және мәдени орталықтардың жоғалуынан кейін, әлеуметтік тұтастық та жойылды. Халықтың азаюы мен басып алу және ирандық өнеркәсіпшілерді Моңғолияға айдап жіберу Иранда экономикалық құлдырау туғызып, ғасырлар бойы жасалған каналдар мен бұлақтардың бұзылуы, ауылшаруашылығына экономикалық құлдырау әкелді. Моңғол шапқыншылығынан кейін тірі қалған бірқатар ғалымдар Кіші Азия мен Үндістан секілді қауіпсіз аймақтарға көшіп барды. Сондай-ақ бірыңғай Моңғол аумағы мен қауіпсіз жолдың болуымен Иранның сауда қызметі Иранмен, Қытаймен және басқа да батыс елдерімен арадағы жақсы тасымал көзін тапты.

Түйін сөздер: Моңғолдар, экономика, ауылшаруашылығы, өнеркәсіп, сауда қызметі.

Салик А.Дж.
**Экономические последствия
Монгольского вторжения
в Иране**

Монгольское нашествие в Иране принесло очень большие экономические потери. Так, в результате этого нападения многие крупные города были разрушены. После потери академических и культурных центров социальная мобильность была уничтожена. Уменьшение населения, захват и отправка иранских промышленников в Монголию вызвало экономический спад в Иране, и разрушение каналов и ручьи, которые были сделаны на протяжении веков, причинило сельскохозяйству экономический спад. После монгольского нашествия ряд ученых, которые выжили во время нападения, они переехали в безопасные районы, такие как Малая Азия и Индия. Поскольку существует единая Монгольская территория и безопасная путь, торговля Ирана нашла хорошее развитие между Ираном, Китаем и другими западными странами.

Ключевые слова: монголы, экономика, сельское хозяйство, промышленность, торговля.

ECONOMIC CONSEQUENCES OF MONGOL INVASION OF IRAN

Agricultural recession

Economy it is important to determine the fate of political power as well as the highest type of economy is urbanization. It, but urbanization was rejected in rules of the Mongol. Hence, the Mongol invasion left a devastating impact on the social and economic life of Iran. [1]

Mongols looked to sedentary people of Iran, at the perfunctorily and vested interests. Eventually plunder policy of Mongols and lack of a central government brought an ambiguous situation in the country, which its effects lasted even after Mongol domination there. Hvlakv eventually found mission to come to Iran and form a government. After coming Hvlakv to Iran and establishing the government, relative security and peace prevailed over Iranian territory and basis for economic growth in urban areas, and developed industry and commerce in a large part of Iran. [3]

In the Islamic era of Iran as ancient times, agriculture was the main economic activity of the population and farmers and villagers constituted a major part. Agricultural activities (agriculture and horticulture) not only had flourished in villages but also in suburbs and surrounding cities. Under normal conditions Iranian farmers were producing more than domestic consumption, and they were exporting excess of their crops to other areas. [5]

There is mentioned in history agricultural splendor in Neyshabur and many other areas of Iran. If there was a powerful economy in ancient Iran, its reason was not because of favorable natural conditions. Many fertile areas in Iran were not in course of juicy rivers or enough rainfall. But it was the result of long organized efforts of the resident of that areas who by excavating canals and digging streams and subterranean were able to develop their agriculture. As a consequence we say that duration of good agriculture belongs to presence of such a man-made system.

One of the deplorable results of Mongol invasion of Iran was the destruction of irrigation networks. Liodo Hartog Dutch historian in a part of his book (History of Mongol) under the title of «the destruction of centuries of development» writes that Iranians had built extensive irrigation networks in Khorezm region which Oxus water was transferred for agriculture through multiple channels to adjacent

areas. Naturally, such a structure had changed Khorezm as one of the most developed regions of Iran. And Gorganch its capital was disguised as one of the most important centers of commerce. But all of these vanished at the Mongol invasion. Another element that has endangered agricultural areas in Iran was Conversion of agricultural land to pasture for cattle mogul. Another factor was that agricultural stagnation that some residents of permanent settlements in terms of insecurity and chaos, left town or village and Followed nomads. Since agriculture requires permanent housing and care of the earth, this demographic changes left a devastating impact on agriculture in Iran. [2]

Decline in population

One of the important elements of the economic downturn after the Mongol invasion in Iran was decline in population of cities and permanent settlement areas. Resources do not show any comprehensive statistics of the population before and after the attack. Although the figures mentioned in the killings and massacres pro- and anti-Mongol sources for this attack are so macro-mentioned that even cities with a population of such big colonies at the time are unbelievable, however the same statistics are evidence of how people look at Mongol invasion. [6] Juwayni that is a pro-Mongol historians, writes: «Where hundred thousand had lived a hundred people did not stay alive». Apart from the massacres, it should be noted that many people were taken into captivity, and many of them lost their lives in effect of communicable diseases or hunger that happened in the wake of any foreign invasion. As well as the thousands of prisoners of war were moved by Mongol as civilian army in front of his troops and they were used to conquer new cities and places. In fact, this captives were used as human shields, spears and other weapons from the city's defenders to force the Mongol invasion was launched, it had hit prisoners. [3]

Brain Drain

After the Mongol invasion, a number of scholars who survived the attack were moved to safe areas. Asia Minor was one of the few safe areas where a number of scholars and some scientific works were salvaged from danger. Roma Seljuk Dynasty that still ruled a large part of Asia Minor kept safe this area from the Mongols. In Mosul and its territories, Badruddin Lulu first ruled by Ayoubian and after that independently and Mosul in the first half of the

seventh century was a thriving center of science and Islamic knowledge. Fars Atabakan that acceded to mandate Kharazmshahian and accepted the government of mongols with foresight could make a partly quiet area in the Fars region and south banks that sheltered the fugitives, especially scientists that fled from the Mongol's sword. [5]

A major part of the Indus Valley and the Indian subcontinent also had the same fate, Mamluk Sultans who had ruled from to 1328 over large areas of the country, were guards of Iranian culture and literature. Although Persian writers' migration to India started from the Ghaznavi era, but the most important reason for their migration into the Persian areas was Mongol invasion. During the attack, poets, writers, artists, princes, and etc, to save their lives came out of Transoxania(Mawara unnahr) and Iran and turned to Indian subcontinent. During this period not only increased the number of writer immigrants but in terms of knowledge and grace and art, Immigrants during this period were more outstanding than earlier periods, Among these immigrants can be named Mohammad'Awfi and Minhaj-i-Siraj. [2]

Take captive artisans

Mongols were aware about importance of craftsmen and those who had professional and technical knowledge and somehow involved in the production. In some massacres like the massacre of the people of Nishapur, Samarkand, Urgench and Merv, there is mentioned in historical sources that the Mongols before killing the artisans, they were separated from the rest of the captives and sent to Mongolia. Transmission and loss of thousands of Iranian industrialists who were captured in the attack, was another hurt the Iranian economy. [6]

Trade relations' splendor Before the invasion, Mongol had tried more in opening commercial routes, And after defeating Central Asia and western countries they strengthen this their long-standing policy. Coming a large part of Asia under Mongol domination in a single administration and governance, and respect of Genghisian Yasa caused removal of all obstacles against them, that formerly due to differences in governance and political borders and customs and moral was prevented direct intercourse of nations. [3] Due to foundation of a single Mongol single state and safety of a roads not only traffic between the two civilized ancient countries of China and Iran was held, But as a result of international politics Ilkhanate Iran, relations with Popes and Christian kings of Europe was established and also relations with Syria and Egypt was held. [5]

References

- 1 خواندمیر، غیاث الدین هماد الدین الحسینی؛ تاریخ حبیب السید، تصحیح محمد دبیر سیاقی، کتابفروشی خیام، 1363، چاپ سوم، جلد 3.
- 2 بناکتی، داوود؛ تاریخ بناکتی دروضه اولی الالباب فی معرفة التواریخ و الانساب، به کوشش جعفر شعار، تهران، انجمن آثار ملی.
- 3 . اشپولر، برتولد؛ تاریخ مغول در ایران، ترجمه محمود میرآفتاب، تهران، انتشارات علمی و فرهنگی، 1380، چاپ هفتم.
- 4 - بیانی، شیرین؛ مغولان و حکومت ایلخانی در ایران، تهران، انتشارات سمت، 1379، چاپ اول.
- 5 - شعبانی، رضا؛ گزیده تاریخ ایران، تهران، انتشارات بین المللی الهدی، 1381، چاپ اول.
- 6 <https://fa.wikipedia.org/wiki/%D8%A7%DB%8C%D9%84%D8%AE%D8%A7%D9%86%D8%A7%D9%86>.

References

- 1 khwand myr, ghyath aldyn hmad aldyn alhsyny; tarykh hbyb alsyr, tshyh mhmd dbyr syaqy, ktābfwrshy khyam, 1363, چاپ سوم, jld 3.
